

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІ**
«САРАЙШЫҚ» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ

**ІІІ «ТУҒАН ӨЛКЕНІ ЗЕРТТЕУ: ОНЫҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ
БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ»**
**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

Сарайшық, 2021 ж.

ӘОЖ 94(574) (063)

КБЖ 63.3 (5 Қаз)

T77

Жауапты редактор

Ә.Қ. Мұқтар - тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК директоры

Редакциялық алқа

А. Тұрарұлы - «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК ғылыми қызметкері

А.Ж. Жұмабаев - «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК ғалым-хатшысы

Н.Т. Нұғманова – «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК кіші ғылыми қызметкері

III ТУҒАН ӨЛКЕНІ ЗЕРТТЕУ: ОНЫҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ: Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы (12 сәуір, 2021 жыл) / Жалпы ред. басқ. Ә.Қ.Мұқтар. - Атырау; Сарайшық, 2021. - 378 б.

ISBN 978-9965-23-594-8

Жинақ 2021 жылғы 12 сәуірде Атырау облысы, Махамбет ауданы, Сарайшық ауылында өткен еліміздің тарихы мен туған өлкеге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған III «Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары» атты республикалық онлайн ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарынан құралған. Материалдар жинағында Ұлық Ұлыс (Алтын Орда) мұрасы, Қазақстандағы тарихи-мәдени ескерткіштер, Ортағасырлық Сарайшық қаласы, жалпы орта білім беру бағдарламасындағы «Өлкетану» пәнінің оқытылуы, өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру жолдары, өлкетанудағы этнография және тарихи тұлғалар мәселелеріне баса назар аударылады. Басылым мектеп мұғалімдеріне, тарихшыларға, өлкетанушыларға, студенттерге, оқушыларға және ғылыми көпшілікке арналған.

Ескеру: Мақалалар мен баяндамалардың мазмұны мен мәтініне жинақты дайындап, шығарушы жақ жауап бермейді.

ӘОЖ 94(574) (063)

КБЖ 63.3 (5 Қаз)

T77

ISBN 978-9965-23-594-8

© «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК, 2021

АЛҒЫ СӨЗ

Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының директоры

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында өткізіліп отырған III-ші «Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысып, көңілге қонымды болған жұмыстарыңызды ұсынған ғалымдарға, тарихшы-өлкетанушыларға, мектеп ұстаздарына, музей қызметкерлеріне, барша тарихтың жанашырларына шын жүректен алғыс білдіремін.

Бүгін ҚР ғылым саласы қызметкерлері күні онлайн форматта ұйымдастырылып жатқан шарамыз еліміздің тарихи-мәдени құндылықтары зерделенетін, республикалық және өңірлік маңызды мәселелер, ұсыныстар сараланатын интеллектуалды сұхбат алаңына айналуына тілектеспін. Ғылыми байланыстарымыз нығая берсін.

«Сарайшық» музей-қорығы туған өлкені зерттеу және оны ұйымдастыру жолдарын талқылау мақсатында халқымыздың аса бай тарихын бүгінгі күн талабымен жаңғыртуда, оны үлгі-өнеге алатын ұлттық байлығымызға айналуына ұмтылады.

Сарайшық – қазақтың әйгілі тұлғасы Қасым хан билік құрған киелі жер. Биыл Қасым ханның Сарайшықта жерленгеніне 500 жыл жыл толады. Біздің биылғы барлық жұмыстарымыз осы атаулы датамен байланысты өрбиді. Алдағы күндері мемлекеттің қолдауымен «Сарайшық» сапар орталығы құрылысы қолға алынбақ. «Хан моласы» қазба орнындағы зерттеу жұмыстарымыз жалғасын табуда. Осындай игі істердің жалғасы елімізде жаңа тарихи-мәдени серпілістерге ұласады деп үміт етемін.

Бүгінгі бас қосуға әр аймақтан ғалымдар, мектеп ұстаздары, музейшілер, түрлі ғылыми ұйымдардың өкілдері қатысып отыр. Сіздердің зерттеушілік, ғылыми бастамаларыңызға қолдау, жұмыстарыңызға жетістіктер тілейміз.

Конференция жұмысына сәттілік!

ПЛЕНАРАЛЫҚ МӘЖІЛІС

ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР

А.С. Байбулсинова – т.ғ.к, М.Өтемісов
атындағы БҚУ доценті,
Қазақстан Республикасының
тарихы кафедрасының меңгерушісі

Қазіргі таңда, егеменді еліміздің ұлттық тарихын, мәдениетінің жаңғыртылуы мен насихатталуы жаңа сара жолға қойылып отыр. XX ғасырдың басында халық үшін жан аямай қызмет еткен ұлт зиялыларын дәлелсіз айыптады, негізсіз жала жапты. Біршама жылдар бойы ғылым мен білімнің даму жолында жұмыстанған зиялылардың еңбектері бағаланбай келді. Қазақ зиялы қауымының ел үшін атқарған қызметі енді ғана, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана зерттеліп, айтыла бастады. Тіпті биылғы жылғы әлемге тараған жұқпалы індет - жаппай пандемия кезінде де XX ғасырдың бірінші ширегіндегі алғашқы қазақ дәрігерлерінің еңбегі - олардың жұқпалы ауруларды емдеудегі тәжірибесі қазіргі кезге дейінде аса өзекті екендігін көрсетіп отыр.

XX ғасырдағы 70 жыл үстемдік құрған Кеңес дәуірі кезеңінде денсаулық сақтау ісінің ұйымдастырылуының басында болған, халықтың саулығы үшін жан аямай еңбек сіңірген қоғам қайраткерлері, білікті ағартушылар мен дәрігер мамандар маңызды орын алады. Әрбір маманның еңбек жолы өз алдына үлкен тарих, зерттелуді қажет ететін үлкен жұмыс екені айтпасақ та белгілі. Солардың ішінде қазақ халқы арасынан шыққан алғашқы кәсіби дәрігерлердің еңбегі өлшеусіз. Олардың қатарында атап айтатын болсақ, Дәулетшах Кусепқалиев, Халел Досмұхамедов, Есенғали Қасаболатов, Мәжит Шомбалов, Ахмет Мәметовтар бар. Олардың өмір жолы мен қызметі туралы қазіргі кездің өзінде бірі білсе бірі біле бермейді. Өйткені, сонау XX ғасырдың басында Европалық білім алып, көкірегі ояу, зиялы азамат ел үшін қызмет жасап, мемлекеттік деңгейдегі лауазымды жауапты қызметтерді атқарып, кемелденген шағында 1930-40 жылдары саяси қуғын сүргіннің құрбанына айналды. Олар шығу тегіне, ауқатты әулетіне қарай, сол сияқты ел ішіндегі өзге қазақ зиялылары, әсіресе, Алаш зиялыларымен қарым-қатынастарына қарап сан түрлі жауаптарға тартылды. Дегенмен, ғұмырларының біраз бөлігін ұлт қамқорлығына арнаған қайраткерлер, дарынды алғашқы қазақ дәрігерлері туралы зерттеулер өзектілігі еш күман тудырмайды.

XIX ғасырда Ресей ғылымның алдыңғы қатарында болды. Ол кезде Бөкей Ордасы аумақтық тұрғыдан Қазан оқу өңіріне жататын. Қазан-университет қаласы мен оқу округінің орталығы болған. Сондықтан, Жәңгірдің назары Қазан қаласына ауды. 1826 жылы Бөкей Ордасының ханы

Жәңгір Ресейдің Николай I патшасының тәж кигізу шарасына Мәскеу қаласына шақырылды. Қайтар жолында ол Қазанға ат басын тіреді. Жәңгір Қазандағы өз сапарын университеттен бастады. Сол уақыттан бастап қазақ даласындағы, әсіресе батыс аймақтан шыққан қазақ жастары осы Қазань, Орынбор, Омбы, Санкт Петербург, Мәскеу қалаларындағы оқу орындарына қарай тартыла бастады. «Ақиқат» газетінің №7 санында «XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Жоғарғы оқу орнында оқыған қазақтар» атты мақалада Сейіт Кенжеахметовтың жинаған деректері жарияланған. Ол мақаланың аңдатпасында: Күні кешеге дейін Қазақстан бұрын жаппай сауатсыздық жайлаған, халқының жүзден бірі ғана хат танитын қараңғы ел еді деп келдік. Орысша оқып, жаза білетіндерді ғана сауатты деп санаса, бұл пікірдің жаны да болуы ықтимал. Өйткені Кеңес өкіметі кезінде қол жеткенді көпіртіп көрсету үшін араб әрпімен қара танып, хат білгендер тіпті ғұлама болса да есепке еніп, ілтипатқа ілінбеді ғой. Ол ол ма, Қазан төңкерісіне дейін жоғары оқу орындарын бітірген білікті де, білімді қазақ зиялылары болғанын қасақана айтқызбай ауызды қу шөппен сүрткізді. Зәуде бір құдай оңдап зиялылар болды деп қалса, олардың саны бес саусақтан әрі аспай жүрді. Сондықтан бұрынғы оқығандардан бүгінгі ұрпақ бейхабар қалды. Ал архивтерді ақтарып, деректерді сүзіп, ел ішінен іздестірсек ондай жоғары білімі бар зиялы, зерделі азаматтар саусақпен санарлық емес, тіптен көп болған тәрізді. Бір ғана, белгілі жазушы Сейіт Кенжеахметовтың жинаған деректері- ақ бұған дәлел. Әрине, төңкеріске дейін оқып, орталық қалалардан жоғары да жүйелі білім алып шыққан абзал ағаларымыз бен аталарымыздың тізімі мұнымен ғана шектелмесе керек - делінген екен. Және содан кейін бірнеше бетке Жоғарғы оқу орнында оқыған білімді қазақ азаматтарының деректері келтірілген. Сол тізімде қазақ жастары туралы қысқа ғана мәлімет бар [1, 16 б].

Сол кезде Қазан университеті Ресейдің ірі оқу орындарының бірі саналды. Бұл жерде жоғары медициналық білімді тек қазақ балалары ғана емес, сонымен қатар Ресейдің өзге аумағындағы басқа ұлттардың да балалары білім ала алды .

Ресей империясы кезінде қазақ ұлтының университет пен институтта білім алған жастары жайында зерттеліп, жинақталған мәлімет өте аз. Қоғам қайраткері, марқұм Ғалым Ахмедов жазғандай, кеңестік тарих ақпараттарында «1917 жылға дейін 22 қазақ ғана жоғары білімді болды» деген ұстанымда болды. Кеңес мемлекетінің XX ғасырдың 20- жылдардағы деректерде олардың еңбектеріне байланысты ақпараттар бар еді. Көптеген азаматтар сол кездері қазақ қоғамының белсенді мүшелері болғандықтан, олар туралы айтуға, жазуға болмайтын. Осы олқылықты жоюға тырысып, Қазақ медицинасы тарихы мұражайының қызметкерлері 1974 жылы Алматыда денсаулық саласындағы жоғары білімді зиялылар туралы «Алғашқы қазақ дәрігерлері» атты кітабын шығарды [2, 112 б]. Бірақ еңбек «Кеңестік компартиялық идеялогияның таразысына сыймайтын, ұлттың

ұлтшылдығын қайрайтын кітап» деген солақай шешіммен кітапханалардан жинап алынды да өртеліп кетті. Сол жылдары тақырыпқа Қазақстанда тыйым салынса, Татарстан Автономиялық Республиканың астанасы – Қазан қаласындағы мемлекеттік университеттің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Рафик Измайылұлы Нафигов өзінің ғылыми еңбектерінде университетте оқыған қазақ жастары туралы үнемі жазып жүрді. Батыс Қазақстандық жерлесіміз Р.И.Нафиговтің бұл тақырыптағы деректерін шәкірттері Савея Мұхамединқызы Михайлова, Алексей Геннадийұлы Циунчукте ғылыми еңбектеріне арқау ете білді. Қазақстан ғылымы тарапынан академик Салық Зиманов, ғалымдар Сәкен Созақбаев, Мұхтар Құлмұхамед құқық тарихына қатысты ғылыми еңберінде сол кезеңдерде жоғары білімді заңгер қазақ азаматтары туралы тарихи деректерді аз да болса, ғылыми айналымға түсіріп, Алаш елі үшін күрестерін халық санасына жеткізе алды. Абыз академик Салық Зиманов 1982 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан «Ресей және Бөкей хандығы» атты ғылыми кітабында Жәңгір ханның тікелей араласуымен Ресей әкімшілігінен қазақ жастарын жоғарғы оқу орындарына оқытуға келісім алғанын нақты тарихи құжаттармен дәлелдеген. Бұл деректермен Дәлелхан Толыбайдың «Қазандағы қазақ жастары» деген мақаласы арқылы танысып отырмыз. Сол замандарда қазақтың тек санаулы балалары ғана шетелде білім алды десек, сол азаматтар туралы деректердің де бірнеше жылдар бойы зерттеліп жүргенінің дәлелі бұл. Сол кезеңде, яғни, 19 ғасырдың аяғы мен 20 ғасырдың басында ғылым мен саясаттағы жаңа бағыттар көптеген студенттер мен оқытушыларды алаңдатты. Ресейлік оқу орындары, әсіресе, Қазан университеті студент жастардың революциялық қозғалыстарының ірі орталығы болды, сонысымен қала әкімшілігіне біршама ауыртпалық пен толқулар алып келген еді. Өзінің әлеуметтік шығу тегіне қарамастан, ауылдардағы аштық пен кедейлікке, саясаттың олқылықтарына куә бола отырып, сол халықтардың бостандығы мен тең құқығы үшін күрескен саяси ұйымдардың мүшесіне айналды [2, 114 б].


1899 жылдың ақпан айында бүкілресейлік студенттердің жаппай көтерілістері басталып кетті. Бұл көтерілістердің ұшқыны Қазан университеттеріне сәуір айларында жеткен болатын. Аталып отырған студенттердің манифестациясы көп зерттелмеген, көп жайттар белгісіз күйде қалып отырған себебі де осы. Бірақ, бір анығы қатысқан студенттер жазаланды, оқудан шығарылды немесе басқа қалаларға жер аударылды. Осы көтерілістерге өз көзқарасы бойынша қатысып, студенттерге жақтасқан М.Шомбалов, Е.Қасаболатов, А.Мәметовтарда болған болу керек. Бірақ, көп ұзамай оқуын жалғастыруға мүмкіндік алды.

Дәрігер Д.Кусепкалиев

Батыс Алашорда қайраткері, европалық үлгіде білім беретін Мәскеу императорлық университетінің түлегі, алғашқы жоғары білімді қазақ дәрігерлерінің бірі – Күсепкалиев Дәулетшах. Ол 1874 жылы 23

(25) тамызда Орал облысының Калмыково уезінде ақсүйектер отбасында дүниеге келген. Қазақ ССР Мемлекеттік Орталық мұрағатындағы Жымпитының құрылу тарихы және алғашқы профессор атағын алған қазақ Халел Досмұхамедов, Дәулетшах Жүсіпұлы Күсепқалиев жөніндегі естелік мәліметтер жазған. Сол естеліктердегі жақын туыстарының айтуы бойынша Дәулетшахтың әкесі Жүсіп Сібірге жер аударылады, сол жылы Дәулетшах дүниеге келген екен. Әкесі Жүсіп елге келгенде Дәулетшах 10 жасар бала болатын. Тегі - Төре, соның ішінде Нұралы хан тұқымы. Атасы Нұралының Орманынан туған. Дәулетшах Күсепқалиев болыстық орыс-қазақ мектебіне оқуға түсіп, хат таныған. Одан кейін 1887 жылы Орынбор қаласындағы классикалық ерлер гимназиясын оқып, оны күміс медальмен 1895 жылдың 8 маусымында аяқтайды [3].


Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайы қорындағы Дәулетшах Күсепқалиевтің жеке іс-парағында Орынбор классикалық гимназиясының ғылым курсы күміс медальмен бітіргендігі туралы жазылған. 1895 жылы 1 шілдеде Дәулетшах Күсепқалиев Орынбор классикалық гимназиясының ғылым курсы күміс медальмен бітірген соң, Мәскеу императорлық университетінің ректорына сол университеттің медициналық факультетіне қабылдауға өтініш жаза отырып, университеттің барлық ережелері мен қаулыларын қатаң ұстанатындығын айтады. 1895 жылдың 1-інші шілдесінде Император атындағы Мәскеу университетіне қабылданады.



Д.Кусепқалиевтің дәрігерлік кәулігі мен дипломының көшірмесі. Рухани жаңғыру музейі «Алашорда» бөлімінің құжаттар қорынан алынған.

Дәрігер Дәулетшах Күсепқалиев 1900 жылы 12 маусымда осы оқу орнын тамамдап, Мемлекеттік Кеңестің шешімі бойынша аса жоғары бағалауға ие болып, 1900 жылы 14 қазанда барлық артықшылықтар мен

құқықтарға ие лекарь атағын алады. Тарихта жеке тұлғалар қоғамдық саяси қайраткер ретінде барлық оқиғалардың ортасында жүріп, тарихи процесте маңызды роль алды. Мемлекеттік мәселелер көтеріліп жатқан кезде Күсепқалиев те сол қоғамдық саяси өзгерістерден шет қалмады [4].



Дәрігер Д.Кусепқалиевтің өзінің автобиографиясымен бірге өтініш хаты. БҚО ММ қорында сақталған [5].

1895 жылы Орал облысына қарасты Ілбішін уезіндегі 2-інші медицина-ауылдық учаскіге дәрігер болып бекітілді, Қарағаш, Өлеңті, Жымпиты, Соналы, Қалдығайты болыстарына дәрігерлік қызмет көрсетті.



Алғашқы қазақ дәрігерлері қызмет жасаған Калмыков уездік ауруханасы.

Дәулетшахтың дәрігерлік қызметі басталған кезеңдегі Қазақстандағы денсаулық ісінің жағдайы өте төмен еді. Себебі Қазақстан қазан төңкерісіне дейін экономикалық және мәдени жағынан мешеулеп, артта қалған ресей патшалығының шеткі аймақтарының бірі еді [6, 62-65 б].



Тұрмыстың ауыр жағдайы, қиыншылық өмір, медициналық көмектің жоқтығы - міне осының барлығы еңбекші бұқараның арасында алуан түрлі аурулардың көп таралуына себепші болды.

Ахмет Мамытұлы Мәметов

Аталған уақытта Алаш қозғалысының белді мүшелерінің арасында болып, олардың идеясын насихаттап, халықтың жаңа өкіметке деген сенімін арттыруға, жаңа өмірге талпынысын арттыруға үлес қосқан қайраткерлердің бірі – Ахмет Мамытұлы Мәметов.



Батыс алашорда қайраткері, ағартушы, ақын, журналист, дәрігер Мәметов Ахмет (Ахметғали) Мамытұлы 1895 жылы Астрахан губерниясы, Талов қисымы, Қойтоғыт ауылында дүниеге келген. Энциклопедиядағы дерек белгілі алаштанушы Мақсат Тәжімұраттан алынған. Ал, Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатында сақталған Ахмет Мәметовтың өз қолымен толтырған кадрларды тіркеу парағында 1895 жылы желтоқсанда Орда ауданында дүниеге келдім, ұлтым қазақ деп жазған.



БҚО ММ Ахмет Мәметовқа қатысты құжаттар [7].

Одан әрі отбасы туралы батрақтың (шаруаның-А.Б.) баласымын, әкем мал баққан, шешем 20 жыл бойы 1915 жылға дейін Жәнібек ауданындағы

танымал байдың жалшысы(в качестве прислуги у известного богача – деп жазыпты-А.Б.) (БҚОММ, Қор П-37, тізім-1, 282-іс, 1 парақ) болған деп көрсетеді. БҚО мемлекеттік мұрағатында сақталған келесі құжатта, яғни «Аспирантура курсына түсуші үміткердің анкетасыда» Ахмет Мәметовтың өз қолымен толтырылған екен (бұл құжат 1932 жылы толтырылған –А.Б.), ол Орал округі, Бөкей уезді, Орда ауданында 1895 жылы туылдым деп жазыпты. Яғни, әр түрлі құжаттарда туған жері туралы әрі түрлі мәлімет беріледі [7, 2 п].



А.Мәметов отбасымен.

Белгілі тарихшы Исатай Кенжәлиев А.Мәметовтың қызы, қазақтың шоқтығы биік батыр қызы Мәншүк Мәметова туралы жазған еңбегінде 1995 жылы ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінде мұрағатта болғанын, Ахмет Мәметовтың қылмыстық ісімен танысқанын жазады [8, 9 б.]. Ондағы құжаттан білгені Ахмет Мәметов «1895 жылы Орда ауданында, Жиеккүл ауыл советіндегі «Қойтоғыт» қонысында желтоқсанда дүниеге келдім» деп жазғанын айтады [8,20б.]. Айыпталушының анкетасының көшірмесі Орал қаласындағы Мәншүк Мәметова мемориалдық музей-үйінің қорында сақтаулы, онымен бізде таныстық. Сонымен, бұған дейінгі жоғарыда келтірілген әр түрлі жерлер болып көрінген мекендер Астрахань губерниясының құрамындағы Бөкей уезді, Орда ауданының Қойтоғыт ауылында дүниеге келген болып шығады. Сонымен қатар, бұл құжаттардың барлығында А.Мәметовтың өзінің қолтаңбасы қалдырылған, сондықтан, бұл шынайы мағлұмат екеніне күман жоқ. Ахмет Мәметов өте зерек, тез тілтабысқыш болып жетіледі. Барған жерінде өлең, жыр, әдеби, тарихи әңгімелерді қызыға тыңдап, жаттап, қайтадан аудармай айтуға машықтанады. Сол қабілетінің арқасында ол 14 жасында жеңге, құрбыларына арнап өлең шығара бастайды. Ал 18 жасында, яғни 1912 жылы Қазан қаласының Кәрімовтер баспаханасынан жасөспірім Ахметтің «Аберт» (орысша «Назидание») атты алғашқы жинағы жарық көреді. Осы жинағында барша қазақ жастарына арналған атақты «Тілегім» өлеңі басылып шығады. Бұл сол замандағы өте батыл, әрі жастардың жалынын, ұлтшылдығын оятатын, ерекше әсерлі туынды қазақ арасына тез тарап кетеді. Сонымен қатар, өзінің орыс тілін жетік білетінін көрсетіп, 1913 жылы Кәрімовтер баспаханасынан тағы бір кітабы, яғни, «Кеңес» атты жинағы орыс ақын-жазушыларының

шығармаларын қазақшаға аударып, басып шығарады. Оның алғы бетінде: «автор Ақмет-Али Маметов Букеевц. 47 страниц. Казань» деп жазылған. Орыс ақындарының шығармалары ішінде Крыловтың «Еңбекқор аю», «Қошақан» т.б. өлеңдері бар. Осы жылдары ол Орынбор қаласында шығатын «Қазақ» газетінің жұмысына араласа бастайды [9, 31 б].

1913 жылы Ахмет Мәметов Уфадағы атақты оқу орындарының бірі «Ғалия» медресесіне оқуға түседі. Бұл жерде жоғары білім беретін діне оқу орнын онымен бергі Бөкейліктегі Теңіз округінен Нұғыман Манаев пен бұдан бірер жыл бұрын Бейімбет Майлин оқыған. Артынан, медресеге Бөкейліктен Таловка қисымының азаматы Қажым Басымов- Орынбордан ауысып келеді. «Ғалия» медресесіндегі оқығаны туралы Ахмет Мәметовтың өзіде кадрларды тіркеу парағында жазып қалдырған. 1920 жылы жазда- 1921 жылдың көктемі аралығында Орал облыстық «Қызыл ту» газетінің редакторы болды. 1921 жылы көктемде Бөкей губерниясына қызметке ауысып, губатком төралқасына мүше болып сайланады. Сол жылғы маусым айында баламалы негізде Бөкей губерниялық РК(б)П комитетінің үгіт-насихат бөліміне меңгеруші болып тағайындалады. Сәл кейін бұл қызметтен босатылып, губерниялық партия комитетінің жаңадан ұйымдасқан органы – апталық «Сәуле» - «Рассвет» газетінің редакция алқасының мүшесі болып сайланады. 1921 жылы қыркүйектегі РК(б)П қатарын солшыл партиялар мен алашордашылардан тазарту саяси науқаны кезінде партиялық тазарту жөніндегі Бөкей губкомы комиссиясының шешімімен «Алаш» партиясында болғаны үшін РК(б)П қатарынан шығарылды. 1922 жылы Саратов қаласындағы жұмысшы факультетінің тыңдаушысы, 1923-1927 жылдары Саратов университетінің медицина факультетінің студенті, 1927 -1928 жылдары Маңғыстау өңірінде дәрігерлік қызметте, 1929 -1930 жылдары Семей округтік денсаулық сақтау бөлімінің кәсіподақ-сауықтыру жүйесінің инспекторы болған. 1930 жылы Алматы қаласында Қазақ тері және жұқпалы аурулар ғылыми-зерттеу институтын ұйымдастырып, осы институттың алғашқы директоры болады. Гигиена, тері-жұқпалы аурулар, олардан сақтану жөнінде жазылған 20-ға тарта кітапшаның авторы. 1931 жылдан бастап Орал облыстық денсаулық сақтау бөлімі меңгерушісінің орынбасары, 30 жылдың орта шенінен Алматы қалалық ауруханасында дәрігер қызметін атқарады. 1937 жылы ІХК органдары тарапынан тұтқындалып, «бұрынғы Алашорда қайраткері, антикеңестік тобының мүшесі» деген айыппен 1938 жылы 11 қарашада КСРО Жоғарғы соты Әскери коллегиясы көшпелі сессиясының (үштік) қаулысымен атылған [3].

Халел Досмұхамедов

Халел Досмұхамедов 1883 жылы 24-сәуірде Атырау облысы, Қызылқоға ауданы Тайсойған құмында дүниеге келген. Қазақстандағы Алаш қозғалысының қайраткері, дәрігер, ұстаз,ғалым. 1894 жылы Орал әскери-реалдық училищесінің дайындық класына қабылданып, оны 1902 жылы үздік бітірді. Осы жылы жоғары оқуорнына оқуға түсу үшін даярлық

класында оқыды. 1903 жылы Санкт-Петербургтегі Императорлық әскери медициналық Академиясына тәлімінен қосымша емтихан тапсырып оқуға түсті. Әскери қызметте жүріп, Х. Досмұхамедұлы халықтың дәрігерлік көмекке аса мұқтаж екенін ұғады. Қарапайым профилактикалық шараларды білмеуге байланысты түрлі жұқпалы ауру түрлерінен адам өлімі көп екенін көреді. Әсіресе халық арасында оба дерті өршіп тұрды. Халыққа дәрігерлік көмек көрсетіп, профилактикалық жұмыстар жүргізу үшін Досмұхамедов басшылығынан әскери қызметтен босатуды сұрады.

1913 жылы Орал облысының вице-губернаторы берген № 6618 куәлікпен әскери борышын өтеуден босап, Орал облысы Темір уезіне бөлімшелік дәрігер болып орналасты. 1913 жылы Орал облысының Темір уезіне учаскелік дәрігер болып жұмысқа тұрып, 1920 жылға дейін оба індетінің ошақтарын жоюға белсене қатысады. Темір уезіне бөлімшелік дәрігер бола жүріп, сол кезеңдерде «Қазақ» газетінде жұқпалы аурулардан қорғану, әр түрлі жалған емшілерге емделмеу сияқты пайдалы кеңестер ұсынады. Кітапша да шығарады.

1915 жылы Қазақстанның бірқатар аймақтарында, әсіресе, батыста оба эпидемиясы басталған кез болатын. Халел Досмұхамедов осы қатерлі аурумен күресуге көп үлес қосқан. 1912-1913 және 1915 жылдары оба індетінде қарсы күрес ісіне қатысты. Халел 1913-1920 жылдары Темір уезінде учаскелік дәрігер қызметін атқара жүріп, оба ауруын жою ісіне қатысады. Бұл еңбектері үшін Императорлық қола медальмен марапатталады. Басылымдарда жұқпалы ауру түрлері туралы қарапайым халыққа түсінікті тілмен әр аурудың сипатын, емдеу жолдары туралы еңбектер жазды. 1913-1918 жылдары «Қазақ» газетінде «Темір дәрі хақында», «Сары кезек-сүзек, «Жұқпалы ауру хақында» сынды кәсіби, әлеуметтік – саяси тақырыптарда мақалалар жариялап, өзіндік ой пікірін білдіріп тұрды. «Как бороться с чумой среди киргизского народа» деген кітабы өз кезінде оба індетіне қарсы әдіс-тәсілдерін түгел қамтыған еңбек болды. Х. Досмұхамедовтың «Оқушының денсаулығын сақтау» (1925 ж.), «Как бороться с чумой среди населения Киргизского края» (1918 ж.), «Табиғат тану» (1922 ж.) атты еңбектері сақталған.

1920 жылы «Алаш» партиясы таратылып, оның Батыс бөлімінің жетекшілерінің бірі Халел Досмұхамедұлына Кеңес үкіметі тарапынан кешірім жасалды. Осы жылы ол Ташкент қаласына келіп, Түркістан Республикасының Денсаулық сақтау және Халық ағарту комиссариаттарында жауапты жұмыстармен қатар, жоғары оқу орындарында ұстаздық және ғылыми-педагогикалық, шығармашылық жұмыстармен айналысты. Кейін 1937-38 жылдары ОГПУ Үштіктің шешімімен ату жазасына кесілген [3].


Алашшыл дәрігерлер ашқан жаңалықтар

Кеңес өкіметі орнағанға дейінгі қазақ халқының өмірінде мал шаруашылығы негізгі роль атқарды, халықтың тұрмыс жағдайлары мен еңбегі сол малды үнемі бағып-қағу, аман сақтап өсірумен тығыз байланысты

болды. Мұның өзі қазақтарды малға жайлы жер іздеп, үнемі көшіп-қонып жүруге, сөйтіп көшпелі өмірдің ауыр азабын шегуге мәжбүр етті. Ал қысы-жазы тыным таппай, аш-жалаңаш бай малының соңында жүрген кедейлердің өмірі бәрінен де ауыр, әрі аянышты болды. Сол себепті көптеген жұқпалы аурулар, соның ішінде малдан жұғатын аурулар қазақ халқын үнемі бақытсыздық жағдайларға душар етіп отырды. Мысалы, бурцуеллез, туберкулез, түйнеме, құтыру, туляремия т.б. аурулар қазақтар арасында кең етек алды. Мұндай аурулардың шығу себебін сол кезеңде өлкеде жұмыс істеген орыс дәрігерлері аурудың шығу себебін санитарлық-гигиеналық жағдайлардың сақталмауынан көрді. Оның үстіне бұл аурулардың кең етек алуына қарамастан оған тиісті дәрежеде медициналық көмектер де көрсетілмеді. Өйткені патша өкіметі өзінің отар аймағы ретіндегі қазақ даласында медицинаның дамуына мүлде көңіл бөлмеген еді. Медициналық көмек көрсетудің аралас жүйесі халықтың қажетін, әсіресе көшпелі мал шаруашылығымен айналысушылардың қажетін өтей алмады. Мысалы, 1898 жылы 585894 шаршы шақырым жер көлемі бар бүкіл батыс Қазақстанның территориясындағы 587446 адамға 11 дәрігер, 28 фельдшер, 7 акушер (кіндік шешелер) болды. Ал «Кең байтақ қазақ даласында 1913 жылы небары 1800 төсегі бар 98 аурухана, 96 емхана болды, яғни 14 мың шаршы километр жерге бір медициналық орыннан келді. Қазақстандағы барлық дәрігерлердің саны 200-ге жетпейтін, ал олардың басым көпшілігі тек қалаларда ғана жұмыс істейтін. Мұндай көрсеткіштер сол кезеңде дәрігерлік көмектің тиісті дәрежеде көрсетілмеуін дәлелдейді. Осыған орай елді көптеген жұқпалы аурулар шарлады, әсіресе балалар өлімі өте көп болды. Мысалы, 1913 жылы Орал өңіріндегі көшпелі қазақтар арасында бір жылдың ішінде 7654 бала туса, сол жылы өлген балалардың саны 7702-ге жеткен, яғни өлім саны туғандардан асып түскен». Себебі бұл кезеңде қазақ халқы арасында дәрігер мүлде жоқтың қасы еді, бар орыс дәрігерлер қазақтардың жағдайын ұға алмады, әрі олар халық арасына далаға барып жұмыс істеуге мүдделі болмады [9, 86-87 бб].



Тері-жұқпалы аурулары институтының қызметкерлері, ортасында қызылмен қоршап көрсетілген Ахмет Мәметов



Ахмет Мәметов пен профессор Павловский жұмыс үстінде, Алматы, 1934 жыл

Қазақ төңкерісіне дейін қазақстанның көпшілік аймақтары сияқты батыс өңірдің ауылдық жерлерінде санитарлық пункттер болмады. Тек ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап 1867-1868 жылдардағы реформалардан кейін алғаш рет халыққа қызмет көрсету мақсатында уездік дәрігер, уездік фельдшер және акушер лауазымы белгіленді. Бірақ уездік медицина мекемелері әр аймақта бірдей құрылған жоқ. Сондықтан сол кезде қалыптаса бастаған фельдшерлік пункттер «теңізге тамған тамшыдай» болды. Олар денсаулық саласындағы халықтың ең аз деген мұқтажын өтей алмады. Қазақстанның осындай ауыр кезеңінде Ресейдің орталығынан дәрігерлік

білім алып келген қазақ жастары өз халқына қызмет ету жұмыстарына белсене араласа бастайды. Нәтижесінде 1899-1915 жылдарда Орал облысы мен Торғай облысының екі уезін қосқанда дәрігерлік қызмет түрлерінің көлемі мынадай жағдайға жетеді:

Жылдар	Өлкедегі дәрігерлер саны	Оның ішінде селолық учаскелік дәрігерлер	Земстволық ауруханалар мен қабылдау бөлімдерінің саны	Ондағы кереуеттер саны
1899	35	17	9	60
1905	35	17	12	76
1908	33	15	13	106
1912	45	17	21	153
1913	48	16	21	168
1914	51	15	21	193
1915	67	19	21	204

Бұл кезеңде Батыс Қазақстан аймағындағы дәрігерлік қызметтің басты түрі земстволық медицина болды. 1898 жылдың 8 шілдесіндегі Мемлекеттік Кеңестің «Орал және Торғай облыстарының уездеріндегі дәрігерлік бөлімдерді дәрігерлік учаскелерге бөлу туралы» өкімінен кейін 1899 жылдан земстволық медицинаның дәрігерлік учаскелері Орал облысында да қалыптастырылады. Енгізілген штат санына қарай Орал облысы 1899 жылдың 1 қаңтарынан 11 дәрігерлік учаскеге бөлінеді. Әрбір учаскеге дәрігер, фельдшер және фельдшер-акушер бөлінеді. Ол кезде де жоғары білімі бар дәрігер болмаған учаскелерде орта буынды медицина қызметкерлері жұмыс жасаған. Халықтың өлімінің басты себебі безгек, оба, сүзек аурулары болды және ол аурумен ауырғандардың өліміне ең басты себептің бірі халыққа ауруханалық көмектің болмауы деп көрсетіледі. Тек Орал облысының өзінде 1899 жылы 1691 мерез ауруына шалдыққан жағдайлар тіркелген. «1899 жылдағы Орал облысына Шолуда» «бұл аурулардың өкінішке қарай қырғыз халқының арасында күшейіп отырғаны, оның тез таралуына: 1) көшпелі тұрмыс пен қырғыздардың өзара кең араласуы; 2) халықтың бұл аурудың пайда болуымен, оң жұқпалы кезеңімен таныс еместігі; 3) қырғыз даласында судың жеткіліксіздігіне орай үй тұрмысындағы қырғыздардың ластығы; 4) халыққа ауруханалық көмектің жеткіліксіздігі ықпал етіп отыр» деп көрсетілген. Сөйтіп бұл жылдары Д.Күсепқалиев өлке халқына дәрігерлік қызмет көрсету жұмыстарының бел ортасында жүреді. 1902 жылы өзінің туған жері Тайпақ ауылына дәрігер болып келіп, осы өңірде алғаш рет шағын аурухана ашуға ұйытқы болады. Алғашқы жылдары осы өзі ұйымдастырған ауруханада жемісті жұмыстар жүргізеді. Бүкіл Тайпақ өңірінде жалғыз дәрігер атанады. Кейін оның

әріптестерінің қатарына Халел Досмұхамедов, кейініректен Е.Қасаболатов, М.Шомбаловтар т.б. қосылады. Бұл жылдары алғашқы қазақ дәрігерлері тек дәрігерлік жұмысын атқарып қана қоймай, қара қазақтың сауатын ашуда өзінің үлкен үлесін қосады. Ол Керімақаста ІІ жылдық орыс-қырғыз мектебін ашуда белсенді қайраткерлердің бірі болады. Мұндай білім беру саласына қамқорлық етуі сол кезеңдегі өзге зиялы қазақтар сияқты жергілікті халықтың білімалуы қандай деген мәселені толық түсінуімен байланысты болды. Дәрігерлік қызметімен қатар олар қазақтар арасына орыс тілінің таралуына үлкен ықпал жасаған. Бұл жерде өзінің халыққа қызмет ету жұмысын жалғастырады. Оның жұмысының басты бағыты сол кезеңде қазақ халқының арасында белең алып отырған жұқпалы аурулармен күрес шаралары болды. 1915 жылы Батыс Қазақстанда оба ауруының 116, холераның 92 жағдайы тіркелген. Бұл аурулармен күрес жергілікті дәрігерлердің күшімен жүзеге асырылады. Сондықтан бұл бағытта Батыс Қазақстан аймағының бірқатар болыстарын қараушы дәрігерлердің еңбегі зор болды. Оған дәлел, дәрігерлік инспектор міндетін атқарушы, кейіннен Батыс Қазақстан денсаулық сақтау ісінің ірі қайраткерінің бірі және ұйымдастырушы А.В. Гекке 1915 жылы қазақ дәрігерлерінің облыс территориясында обаның өршіген уақытында қалай еңбек еткені жәйлі «Оба эпидемиясы кезеңінде медицина қызметкерлерінің тұрмыс жағдайы өте төмен дәрежеде болды, қажетті мебельдер жетіспейді. Күнделікті сапасыз даярланған тамақпен кермек су асқазан ауруына шалдықтырады. Бір орыннан екінші орынға жайдақ не арбамен жету осының бәрі дәрігердің денсаулығына үлкен әсер етеді. Медицина қызметкерлеріне жағдай туғызу төмен дәрежеде еді,-деп жазды. Саратовтық эпидемиолог-дәрігер Г.Кольцовпен бірге алғаш қазақ даласында обаға қарсы күресетін лаборатория ұйымдастырды, жұқпалы ауруларға қарсы егу жұмыстарын жүргізді. 1914 жылы Самара қаласында өткен облыстық обаға қарсы күрес съезіне қатысып, жан-жақты баяндама жасады. Бұл оқиғаға Міржақып Дулатов «Қазақ» газетінде мақала арнады. Ішкі (Бөкей) қырғыз ордасының дәрігерлері бірнеше рет Ресейдің көрші губернияларындағы обаға қарсы съездердің жұмысына қатысады. Оның «Орал облысындағы обаның шығуы» деп аталатын баяндамада аталған шаралар туралы жан-жақты жазылған [10, 718-726 бб].

Қорыта келе, ХХ ғасырдың 20-сыншы, 40-ыншы жылдарында оларға үлкен сын айтылды, еңбектері бағаланбады, тіпті керек десеңіз, «Халық жауы», «Космополит», «Ұлтшыл» тағы да басқа қисыныз айыптаулар тағылды, түрмелерге қамалды, ату жазасына да кесілді.

Қазақстандағы денсаулық сақтау ісінің негізін қалаушылар, қоғам қайраткерлері, Қазақстандағы алғашқы жоғары білімді кәсіби дәрігерлердің есімі де тек ғылыми ортаға ғана таныс. Әлі күнге дейін аты аталып өткенімен, елге сіңірген еңбектері нақты айтылмай, толық зерттелмей келеді. Олардың есімі көпшілікке танымал емес, тіпті еңбектерінде ұмытылып

барады. Дегенмен 2020 жылғы әлемге жайылған жаппай пандемия тарихта болған осындай қаралы кезеңдерден елді аман сақтап қалу жолында күрескен қайраткерлердің атын атып, қайта есімдерін жаңғыруға себеп болды. Дәлірек айтсақ олардың саяси қызметі емес, қарапайым дәрігерлік қызметтері мен кәсіби емдеу әдістерінің кереметтігі, сонымен бірге ұлттық-халықтық медицинаның күдіретін, тиімділігін таныту тактикасы.

Біріншіден, Батыс Алашорда құрамында болған Дәулетшах Кусепқалиев, Халел Досмұхамедов, Есенғали Қасаболатов, Мәжит Шомбалов, Ахмет Мәмбетов сияқты тұлғалар жастайынан білімге құштар болып өскен. Олардың тағдырының ұқсастықтары сол – олардың бәріде ата-аналарының қарсы болғанына қарамастан, алдымен, ауыл мектебінде білім алып, кейін жоғары білім алу үшін Ресейде білімдерін жалғастырған алғашқы жоғары білімді қазақ жастары;

Екіншіден, ХІХ ғасырдың соңы ХХ ғасырдың басындағы алмағайып заманда Қазақстанға, Ішкі Ордаға оралып дәрігерлік қызметпен айналысқан. Обаның өршіп тұрған кезінде арнайы құрылған экспедициялар құрамында болып зерттеулер жүргізген ғалым; бұған дәлел мұрағат құжаттарында көрсетілгендей, сол кездегі қазақ қоғамына жат жағдайда халыққа қырғындай тиген обаның себептерін анықтаумен айналысқан, аурудың емін табу үшін адамдардың өлі денелерімен жұмыс жасады. Сол кездегі обаға қарсы күрескен дәрігерлердің өздері де ауру жұқтырып көз жұмып жатты. Бірақ, олар еш ойланбастан обаның өршіп тұрған ошағына өз еркімен кірді. Халықты аурудан сақтау үшін, емдеп- жазу үшін барын салды;

Үшіншіден, дәрігерлік қызметтен бөлек, ол алдымен Алаш зиялылардың бірқатарымен араласып, кейін Кеңестер билігі орнағаннан кейін Большевиктік партия қатарында да болды, саяси мәселелерге де араласты. Батыс Қазақстан облысы аумағында Кеңестер билігінің орнығуына атсалысқан;

Төртіншіден, алқашқы қазақ дәрігерлері түрлі жұқпалы ауруларды емдеу үшін, әсіресе оба, туберкулез т.б. арнайы жылқы малдарын ұстап Батыс Қазақстанның әр түрлі аудандарында қымызбен емдеу орталықтарын ашқан. Олардың ішіндегі ең танымалы «Қымызбен емдеу орталығы, яғни Кумыска» деген атпен емдеу орталығы Орал қаласынан 70 шақырым жерде әлі күнге дейін жұмыс жасап отыр. Алғашында бұл орталықтарды Дәулетшах Кусепқалиев пен Шәңгерей Бөкеев ашқан. Кейін бұл орталықтардың жұмысын шәкірттері Е.Қасабулатов, А.Мәметовтар т.б. жалғастырған.

Бұл дәрігерлер өздері емдеу орындарының негізін қалап халықты аман сақтап қалу үшін күресіп жатқанда және өздері басқарған обаға қарсы станцияның ісін жүргізу барысында 1934 «антисоветтік қызметі үшін» айыпталып, соның нәтижесінде, 1937-1938 жылдары Батыс Қазақстан облысы НКВД органдары қамауға алады.

Өмір бойы қоғамға қызмет еткен қайраткерлер негізсіз айыпталып, түрменің ауруханасында дүниеден өткен. Тек өздері ғана зардап шегіп

қоймады, партияның негізсіз, дәлелденуін таба алмаған айыптаулары олардың отбасына да кері әсерін тигізді. Бірі институтында оқып жүрген кезінде, әкесінің түрмеге түскенінің кесірінен институттан шығарылады, екіншісі сол фамилияда болғаны үшін өмір бойы қашып пысып паналап жүруге мәжбүр болған. Ал үшіншілері 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысы жылдары халық жауларының балалары ретінде майданның алғы шебіне айдатылып, соғыс даласында ерлікпен қаза табады.

Тарихымызды жасаған тұлғаларды мәңгі есте сақтайық, өйткені олар біз үшін жан аямастан қызмет жасады. Біз, халықтың қамын ойлаған Алаш қайраткерлерінің еңбегімен мақтануымыз керек, еңбек жолдарын зерттеп, болашақ ұрпаққа тағлымды тарих ретінде жеткізе білуіміз қажет. Жастарға сол азаматтардың патриоттық сезімдері үлгі бола алатынын арқау етіп, ғылымды тарихты терең зерттеуге арнауымыз керек. Дана бабаларымызды қызметтік жолын үлгі етіп алып, әрдайым еске түсіріп тұруымыз қажет. Өйткені, біздің бүгінгі саяси тәуелсіз және бейбіт ашық аспан астында өтіп жатқан әрбір күніміз сол қайраткерлеріміздің арқасы, соны ұмытпайық, есте ұстайық.

Әдебиеттер тізімі.

- 1 Душманов С.Х. Видные медики Западного Казахстана. –Ақтөбе, 2001. 138 б.
- 2 Әлжанов А. Алғашқы қарлығаштар. А., 2007. -112 бет
- 3 Әнес Ғ., Смағұлова С. Алаш.Алашорда.Энциклопедия.А., 2009. -544.
- 4 Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. А., Атамұра, 2002. - 592 б.
- 5 БҚОММ қор №- 992, тізбек- 1, іс- 5, байлам - 2.
- 6 Душманов С.Х., Гражданов А.К. Здравоохранение Западного Казахстана в годы становления Советской власти Советское здравоохранение- 1987.-№11.-с.62-65.
- 7 БҚОММ, Қор П-37, тізім-1, 282-іс, 1 парақ.
- 8 Кенжәлиев И. Мәншөк батыр. Орал, 2005. -104 б.
- 9 Самарин Р. И. Организация советского здравоохранения в Казахстане// Здравоохранение в Казахстане. №10-11, 1957.
- 10 XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басында қазақ ұлт зиялыларының қалыптасуы. Мына кітапта: Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық, 3-том. Алматы: «Атамұра», 2002. -768 бет. -718-726 бб.

Түйін

Мақалада XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы мемлекет және қоғам қайраткерлері туралы тың мағлұматтар берілген. Соның ішінде дәрігерлік қызметтегі қазақ ұлттық зиялыларының, Алашорда мүшелерінің халықты сақтап қалудағы өлшеусіз еңбегі, олардың өмір жолының белгісіз тұстары жаңа мұрағат деректерін қолдана отырып, баяндалған.

Резюме

В статье представлены новые сведения о государственных и общественных деятелях Казахстана начала XX века. В том числе, неоценимый труд Казахской национальной интеллигенции, членов Алашорды в сохранении народа, неизвестные моменты их жизненного пути изложены с использованием новых архивных данных.

Resume

The article presents new information about state and public figures of Kazakhstan at the beginning of the XX century. In particular, the invaluable work of the Kazakh national intelligentsia, members of the Alashorda in preserving the people, unknown moments of their life path are described using new archival data.

АҚСАҚ ТЕМІР ЖӘНЕ ТҮРКІ ӘЛЕМІ

Ж.А. Асан - ф.ғ.д.,
С. Бәйішев атындағы Ақтөбе
университетінің профессоры

Ақсақ Темірдің біздің орта ғасырдағы мемлекетіміз Алтын Орданы 1398, 1391, 1395 жылдары үш рет шапқаны көпке мәлім. 1395 жылы Алтын Ордаға басып кіріп, жеңіске жеткен Темір оның астанасы Сарайды, Хажы Тарханды тонап, қиратып, халқын қырады.

Мұның растығын М.Сафарғалиев былайша дәлелдейді: «Данные археологических раскопок А.В.Терещенко в Новом Сарае полностью подтвердили следы невероятных зверств, совершенных Тимуром в этом городе. В развалинах города были найдены одни обрубки человеческих тел, ноги лежали поперек туловища, кости были изрублены в мелкие куски, в разных местах валялись остатки человеческих тел, иные без черепов, другие без рук и ног. Такому же разграблению подверглись и другие города Золотой Орды: Старый Сарай, Бальджимен, Маджар, Азак (Тана), Солхат, Деяков и др. На этот раз Тимур проявил исключительную жестокость в отношении Золотой Орды и особенно к ее городским центрам... Разрушая города, кровожадный завоеватель сознательно стремился к максимальному подрыву старой караванной торговли через Крым и Хорезм» дейді [1, 170 б.].

Бәрін көзімен көрген Ақсақ Темірдің жеке жылнамашысы Шараф-аддин Әли Жезді: «Сахибкиран вошел в Хаджи Тархан, собрал с народа налог пощады. Собрав налог пощады, город обобрали. Царевичи и беки прошли реку Итиль по льду, а Мухаммади пустили под лед. Победоносные войска достигли Сарая, взяли его, город сожгли, а жители ограбили, схватили и привели», – деп таңбалаған [2, 204 б.].

Тарихшының жазуы бойынша, Ақсақ Темір тек қалаларды ғана осындай күйге түсіріп қоймайды, оның айналасындағы өзінің ат тұяғы жеткен жерлердің бәрін қырып, өртеп, тып-типыл қылады. Сол жылы қыс қатты болып, ел аштыққа ұшырайды [2, 204 б.].

Ақсақ Темірдің Алтын Ордаға басып кіруі «Едіге» тарихи-қаһармандық эпосының қарақалпақ, татар версияларында көрсетілген. Мәселен, қарақалпақтардағы Қияс нұсқасында:

Әскерлерін талдырмай,
Қыйратып жолда қалдырмай,
Сатемірдей ұлы хан,
Үш ай он күн толғанда,
Әскеріне бас болып,
Ноғайға араласады.
Ғәзебин тигип айдады,
Қарыу-жарағын сайлады,
Бітті мақсат-мұраты.
Қара құрттай толысып,
Еділдің қара суына
Алды келіп құлады, – делінген [3, 312 б.].

Ақсақ Темірдің Алтын Орданы қайта оңалмастай етіп тұралатқанын Ибн Арабшах былайша таңбалайды: «Енді бұл жерлерде, Хорезмнен Қырымға дейін бұрынғы халықтар мен адамдардың ешбірі өмір сүрмейді және қозғалыс жоқ, енді онда қара құйрықтар мен түйелер қауымдарынан басқа ештеңе де жоқ. Дештінің астанасы – Сарай. Бұл қала мұсылманша салынған, керемет қамалы бар. Сарай ғылымның орталығына айналды. Қысқа мерзім ішінде мұнда ғалымдар мен атақтылардың, шешендер мен шеберлердің, тіптен барлық лайық адамдардың тамаша зиялы үлесі жиналды. Мұндай белгілі кісілер тіптен көп адам екен дейтін Египеттің бөліктерінде де, елді мекендерінде де жинақталған жоқ еді» [4, 280 б.]. Осы оқиға, Темірдің Алтын Орданы тұралатып тонауы турасында татарлардың жиынтық нұсқасында:

Шаһ Темірдей ұлы хан,
Алтын ағаш, тоты құс,
Ал тағына алдырып,
Ақ піліне міндіріп,
Ішіне өзін ендіріп,
Бар қазнаны алдырып,
Алды толы малменен,
Арты толы шаңменен,
Айдарлы құлдарменен,
Тұлымды күңдерменен,

Самарқандқа жөнелді, – деп көрсетілген [5, 171 б.]. Яғни, бар қазынаны, малды ғана емес, қаншама адамды «айдарлы құл, тұлымды күң» ретінде Самарқандқа алып кеткен.

Ақсақ Темір астана Сарайды тып-типыл қылмастан бұрын Тоқтамыс әскерінің қалдығын қуалап, Ресей шекарасына өткен. Мәскеу іргесіне дейін барып, ол жерде 15 күн аялдаған. Төніп келген қауіптен бүкіл қаладағылар қалтыраған. Алайда, Мәскеуді шаппаған. Бұл жағдайға қатысты тарихшы Л. Лянглэ былай дейді: «Великая Россия выдержала ожесточение этих варваров, которые все предали огню и мечу. Тимур пошел прямо на Москву. Его приближение распространило ужас в этой столице, но он не взял ее, как говорит его историограф Шерифэддин. Он остановился на границе Рязанского княжества и вдруг вернулся назад. Причина перемены его намерений неизвестна» [6, 195 б.]. Мұның себебін кейінгі тарихшылар саралай салыстыра отырып, айқындап берді, олардың айтуларына, Ақсақ Темір – мұсылман қауымына қарсы күрескен қолбасы.

Ибн Арабшахтың жазуына, Темір әскерінің құрамында шағатайлар көп болған, олар пұтқа табынған. Темірдің құрығына түспеген дін басылар оны өз құқығын шарифаттан жоғары қояды деп кінәлаған. Бұл мәселені зерттеген сириялық діндарлар бір қорытындыға келген. Қорытынды бойынша Темірдің әскеріндегі шағатайлар да, Темір де мұсылман емес. Хорезмдіктер де осылай деп білді. 1372 жылы Хорезмге келген Темірдің елшісіне Құсайын сопы «Сіздердің патшалығыңыз соғыс өлкесі (дар әл-харыб), сондықтан сендермен шайқасу – мұсылманға парыз» деп жауап берген [7, 300 б.]. Көптеген деректерге сүйенген В.В. Бартольд: «Чаще, однако, для Тимура религия была орудием для достижения политических целей, чем причиной, определявшей его поступки. Тот же Тимур, который в Сирии выступил защитником Али и его потомков, вследствие чего сирийцы считали его ревностным шиитом, в Хорасане восстановил суннитское правоверие, в Мазандеране наказывал шиитских дервишей за оскорбление памяти спутников пророка», – деп жазады [7, 296-б.].

Ақсақ Темірдің 1398 жылғы Индияға жорығын қорытындылаған Рене Груссе былай дейді: «Фактически, как это было всегда, разгромив индо-мусульманскую империю Дели, он покинул ее, оставив страну в полной анархии, разрушив все и ничего не сделав взамен. Он явился как бы с целью бороться против брахманизма, а на самом деле нанес сокрушительный удар по индийскому мусульманству. В какой-то степени образованный человек, поклонник персидской литературы и иранского искусства, тяготевший к одной из наиболее утонченных цивилизаций мира, он вел себя как главарь орды, которая грабила, чтобы грабить, уничтожая и разрушая по причине невежества культурные ценности. Этот своеобразный поборник ислама оказался на территории Индии, нанеся удар в спину передовым отрядам ислама. То же самое он осуществил в борьбе с Османской империей на подступах к Румынии» [8, 195-б.]. Темірді пір тұтқан ағылшын тарихшысы

Хилда Хук Хэн Ақсақ Темірдің жоғарыдағы Египетке қарсы жорығы туралы былай дейді: «Когда Тимур осенью 1399 г. двигался на запад в свой семилетний поход, одной из его главных целей было поставить Египет на колени и захватить богатство и торговлю этого мощного государства, которое в течение длительного времени было главным столпом Ислама.

Ақсақ Темір шектен асқан аса қатал адам болған. Шектен шыққан қаталдық, мұсылмандыққа шет екені тағы белгілі. 1398 жылы исламдық Үндістанға жорық кезінде тұтқынға алынған 100 мың адамды жарлық беріп, бір сағаттың ішінде түгел қырып тастайды [6, 112-б.]. Ақсақ Темір 1383 жылы Ғират қаласын алғанда адам басынан мұнара тұрғызады. 1387 жылы Иранның ежелгі қалаларының бірі Исфаганда жеңіске жеткеннен кейін қаланы жазаға кеседі. Мұндағы 70 мың әскеріне бір-бірден бас кесіп әкелу міндеттеледі [8, 180 б.]; [9, 216 б.]. Қолына бас тимей қалғандар басқалардан ақшаға сатып алады. Әуелде біреуі 20 динар тұрғанымен, уақыт өте келе арзандайды. Ең соңында өтпей тегін қалады. Бұған қарап шабылған бастың саны 70 мыңнан асып кеткенін пайымдауға болады. Осы 70 мың бастан Исфаганның ең көрнекі жерлерінде 120 мұнара тұрғызылады [8, 200-б.]. Құдіретті әмірші Хорасандағы Исфизар қаласын алған кезде 2000 жауынгер қаруын тастап, тұтқынға беріледі. Бұл 2000 адамның қол-аяғын байлап, балшық, кірпіш араластырып, бірінің үстіне бірін қалап, тірі мұнара орнатады [8, 177 б.]; [10, 118 б.]; [11, 305 б.]. 1400 жылы Анадолдағы Сиваста түрік әскерлері қаруын тастап бағынған кезде 4 мың адамның қол-аяғын матап, белін бүгіп, қазылған орға салып, тірілей көміп тастайды [12, 198 б.]; [11, 305 б.]. 1401 жылы 10 шілдеде Бағдатты қайта шапқанда 90 мың бастан мұнара тұрғызады [8, 184 б.].

«Едіге» тарихи-қаһармандық эпосының ұлттық версияларында Ақсақ Темірдің аты аталып, түсі түстеліп, оның тұрған аймағы, қаласы, шыққан руы айқын көрсетілген.

Ол дария да бұ дария,
Ол дариядан Сырдария,
Сырдариядан – Самарқанд,
Самарқандта отырған
Әмір Барлас Шаһ Темір [5, 12 б.].
Ал оның қорқаулығы турасында:
Ей, Шах Темір, Шах Темір,
Тісің жетсе, тас кемір!
Сегіз жұртқа сыймадың,
Тоғыз жұртты қоймадың, –
дейді халық эпосы [5, 14 б.].

1398-99 жылдары Индияға тонаушылық соғыс жүргізгеннен кейін Ақсақ Темір Самарқандқа келді. Түрік сұлтаны Баязитпен соғысуға қамданды. Оған үлкен әзірлік жасады. Бір жылдан кейін Темір Грузияға барды, оны қайта шауып, өзінің күшін көбейтті. 1402 жылы қарамағында 800

мың әскері болды. Бұл 800 мың адамды Индиядан, Грузиядан тонаған байлығымен асырап бақты.

Баязитке қарсы соғысты бірден бастап кетпей, әуелі саяси ойындар жүргізді. Себебі күллі мұсылман халқына қарсы аттанған крестшілер жорығын талқандаған Баязитпен бірден соғысқа кірісуге болмайтын еді. Кіші Азия туралы деректер жинап, Баязиттің қол астындағы Сивас қорғанын алды. Одан соң Шамға аттанды. Себебі Шамның сұлтаны Баязитпен тығыз байланыста еді. Дамаскіні алған Темір Мысыр сұлтанын қашырып, елін тонады, одан Бағдатқа аттанды. Бағдатты күйретіп, тонауға салды. Сөйтіп негізгі мақсатына, Баязитпен соғысқа осылайша кірісіп кетті.

Ал күллі мұсылман халқының қорғаны болған Баязит қысқа мерзім ішінде Батыс және Орталық Анадолыны өз билігіне бағындырған кісі еді. 1396 жылы Шығыстағы Сивасты қосып алды. Сол жылы Дунайдың оң жағасындағы Никополь түбінде Баязит крестшілердің біріккен әскерінің тас-талқанын шығарып, Аттика мен Пелопонеске кірді. 1400 жылы Балқанның негізгі бөлігін бағындырып, Константинопольді қоршауға алды. Осындай шапшаң жорықтарына байланысты «Баязит Илдири́м» деген атақ алды. Бұл «жасын» деген сөзді білдіреді. Еуропадағы бірсыпыра жерлерді жаулап алды. Баязит сұлтанның екпінінен бүкіл Еуропа қалтырады десе де болғандай. Ол Еуропада Фракияны алды. Македония мен Болгарияны өзіне қаратты. Сербияны ықпалында ұстады. Венгрияға қауіп төндірді. Крестшілер жорығын ұйымдастыруда аса белсенді рөл атқарған атақты Венгр королі Сигизмунд қорқыныш үстінде отырды.

Өз одақтастары Мысыр сұлтаны мен Шамның жеңілгенін естіген Баязит Темірмен соғыспауға тырысты. Бұл аралықтарда Ақсақ Темір түпкі қарсыласының күшін, әскерінің құрамын, соғыс өткізу тәсілін тыңғылықты зерттеді. Жер жағдайына да айрықша назар аударды. Үздіксіз хат жазып, Баязиттің қытығына тиіп отырды. Баязит туралы бұзылған, арақ ішеді деген сияқты хабар таратып, өзінің қарамағындағыларды соған сендірді. Мұсылман дінін дұрыс тұтынбайды деген жала жапты. Ол жөнінде М.Ивани: «Тамерлану не для чего было стесняться, объявляя войну Баязету, о котором говорили, что он известен распутством и склонностью к пьянству и что эти пороки отвлекли от него большое число правоверных», – дейді [6, 270-б.]. «Дүние кезек», кейін орыс және Еуропа ғалымдары Темірді мақтай отырып, арақтан өлген деп кінә тақты. Бірнеше ғасыр өткеннен соң ол жөнінде академик А.Якубовский: «Тимур умер во время последнего, неоконченного похода в Китай 18 февраля 1405г., в холодную зимнюю ночь, выпив чересчур много вина» деп аққа қарамен таңбалады [10, 121 б.]. Темір мұсылманға қорған болған Баязитке қарсы жасаған жорығын ақтау үшін, Мекке мен Мединаға бара жатқан керуенді тонаған Қара Жүсіпті Баязит жасырып отыр деген де айып тақты. Саясатқа жүйрік Темір қол астындағы қисапсыз әскерін де, айналасындағыларды да осыған *сендіріп*, өзінің қанқұйлы соғысқұмарлығын бүркемеледі. Сөйтіп, Кіші Азияға шеру тартты. Мұны

естіген Баязит те етек-жеңін жинақтап, ұрысқа дайындалды. Баязит бір орында тұрып қалмай, соғысатын жерді таңдап, Бағдатқа қарай жылжыды. Ондағы ойы Египет сұлтаны жәрдемдесер, Бағдат көтерілер дегені еді. Мұны сезген Темір майдан алаңын өзгертуге ұмтылды. Ақсақ Темір жорық алдында өз әскерін сапқа тұрғызып, тексеруден өткізді. Бұл жөнінде тарихшы М.Ивани былай деп жазады: «Во время смотра начальники частей войск, изъясляя Тамерлану готовность жертвовать для него всем, посвятить труды свои и жизнь на его службу, клялись не оставить ни одного кустарника, ни растения в землях его врагов, разграбить Анатолию и нисыровергнуть до основания владычество оттоманов» [6, 271 б.]. Екі ортадағы соғыстың қалайша болғаны, кескілескен қанқұйлы майданның өту шежіресі, Баязиттің қасындағыларды тастап кетпей, жанкештілікпен арыстанша арпалысқаны тарихшылар еңбегінде кеңінен баяндалған.

Жоғарыда айттық, 1402 жылы Темірдің қол астында 800 мың әскер бар еді деп. Қазіргі заман тарихшысы Т.Сұлтанов: «Темір Кіші Азияға әскерімен өзі келді, сөйтіп олар бір-бірімен Анкара түбіндегі шешуші шайқаста кездесті. Шайқастың нақты қай күні болғаны беймәлім, түркінің үздік екі қолбасшысының шайқасы, тегінде, 1402 жылдың шілдесінің соңғы күндерінде болған болуы керек. Бұл сол замандағы ең ірі шайқас болғанға ұқсайды: екі жақтың әрқайсысында 200 мыңға тарта жауынгері бар армиясы шайқасқан болатын» деп жазады өзінің «Темір және оның империясы» атты еңбегінде [13,112 б.]. Бұл – жаңсақ сөз. Шындығында, Темір 200 мың емес, кемі одан екі есе артық әскермен майданға кірген еді. Осы мәселені зерттеген Л. Лянглэ: «Оставляя зимнюю стоянку, Тимур сделал смотр своим войскам в присутствии посланников, которых Баязет только что отправил к нему. Эти османы затрепетали при виде 800 000 воинов, глаза которых блистали на смуглых лицах и которые переносили одинаковым терпением и суровые холода полюсов, и невыносимую жару тропиков.

Когда послы были отпущены, татары направились к Анкире, которую они осадили; но приближение османского государя, который расположился с лагерем у них на виду, заставило их подумать о собственной безопасности. Тимур отступал некоторое время и затем решился дать битву. Вот каким образом он расположил свои войска. Оба крыла, и центр войска были вверены трем его сыновьям, а сам он командовал резервом, составленным из 40 отборных полков, и усилил свой отряд слонами, нагруженными башнями, полными воинов, предназначенных бросать греческий огонь», – дейді [6, 201 б.].

Тарихшылардың жазуынша, Баязит майданға 200 мың ғана адаммен кірген [13, 112 б.]; [14, б.122,244;]. Қарсыласы Ақсақ Темірде төрт есе көп. Тарихшы М. Лянглэнің дерегіне күмән келтірейік. Соның өзінде 600 мың болса керек. Бұған да тоқтамай, 400 мың дегеннің өзінде күш екі есе басым. Осы майданға қанша адам қатысқанын егжей-тегжейлі зерттеген ағылшын тарихшысы Хилда Хукхэм өзінің «Тамерлан повелитель тюрков» деп

аталатын Ақсақ Темірді дәріптеп, көкке көтерген кітабында былай дейді: «Обе стороны имели орудия для использования греческого огня. Число войск, находившихся в распоряжении каждой армии, оценивалось по-разному. Многие греческие и латинские летописцы, чье воображение позже было поражено величием победы, упоминают число татар порядка от 600 до 800 тысяч. Изумленным глазам бедного Шильтбергера татарские войска представлялись около 1 млн. 400 тысяч. По-разному оценивалась так же численность оттоманской армии, от 200 тысяч до полумиллиона. На самом же деле, принимая во внимание численность армии Баязида при Никополи – в пределах 100 тысяч – и дополнительных рекрутов набранных против Тимура из провинций Анатоли и с Балкан, количество солдат Баязида приближалось к 200 тысячам» [14, 244 б.]. Бұған қарағанда, тез қамдануына тура келген Баязит соғысқа дұрыс дайындықпен келе алмаған. Жолшыбай жинаған адамдарының саны төмен жатыр. Жәрдем береді деп үміттенген одақтастарынан ешбір қайыр болмаған.

Ал сол майданды жүргізген Ақсақ Темір өз мемуарында хатшысына аққа қарамен былай деп таңбалатады: «Я отрядил различные части моей армии, одну в поход на царство Рума, другие – охранят посты, воду и провиант. Сам я двинулся по дороге в Анкурнах (Ансир). Баязет во главе *100 тысяч воинов, наполовину всадников, наполовину пехоты*, вышел мне на встречу. Завязалось сражение, и я его выиграл» [6, 80 б.].

Не болғанда да соңғы крестшілер жорығы кезінде мұсылман баласын қан жалдап, от кешіп қорғаған Баязит 1402 жылғы шілдеде тұтқындалып, Темір қолынан қаза тапты. «Эта победа случилась в пятницу девятнадцатого зульхиджи восемьсот четвертого года (20.07.1402)» [2, 299 б.].

Анатолия елі шапқыншылыққа ұшырап, тонауға түсіп, тоз-тозы шықты. Бұл қанқұйлы ісін мұсылмандардан бүркемелеу үшін Ақсақ Темір 1402 жылы 2 желтоқсанда рыцарь Родусқа қарасты Смир қаласын қоршады. Ол жөнінде Европа тарихшысы Рене Груссе былай деп жазады: «Несмотря на уничтожение Смирны, победа Тамерлана над Баязетом фактически *спасла христианский мир*. После победы Баязета над крестоносцами в Никополисе Византия, окруженная Османской армией, была обречена. Падение Византии было вопросом времени. Неожиданное поражение турков близ Анкары обеспечило Византийской империи долгожданную передышку на целых полвека (1402-1453 гг.). Таким образом, непредвиденная развязка происходящих событий привела к тому, что основную выгоду от побед трансоксианского завоевателя в Передней Азии извлекла Византия, так же, как и Московия оказалось в выгодном положении после побед Тамерлана над Золотой Ордой» дейді [8, 201 б.].

Қорытып айтқанда, *Ақсақ Темірдің Алтын Орда мен Түркияны талқандауы күллі түркі қауымының бағын байлады.*

Әдебиеттер тізімі.

- 1 Сафарғалиев М.Г. Распад Золотой Орды. – Саранск, 1960. – 276 с.
- 2 Шараф-ад-дин Әли Жезді. Зафар-наме.–Ташкент: SANAT,2008. –486 б.
- 3 Едиге. – Нөкіс: Қарақалпақстан, 1990. – 400 б.
- 4 Прошлое Казахстана в письменных источниках V в до н.э. – XV в. – Алматы: Өлке. 1997. – 370 с.
- 5 Идәгә. – Казан: Татарстан китап нәшрияты, 1988. – 254 б.
- 6 Властелин Евразии. – Алматы: Кочевники, 2003.
- 7 Бартольд В. Царствование Тимура // Властелин Евразии. – Алматы: Кочевники, 2003.
- 8 Рене Груссе. Империя степей // История Казахстана в западных источниках. XII – XX в.в. – Алматы: Санат, – 2005. – Т.2 – 336 с.
- 9 Мизун Ю.В., Мизун Ю.Г. Ханы и князья. –Москва: Вега, 2005. – 336 с.
- 10 Якубовский А. Тимур // Властелин Евразии. – Алматы: Кочевники, 2003. – 366 с.
11. Мағауин М. Келде-мұнара // Жұлдыз.– 2005. – № 8.
- 12 Лянглә Л. Жизнь Тимура // Властелин Евразии. – Алматы: Кочевники, 2003. – 366 с.
- 13 Сұлтанов Т. Темір және оның империясы. – Алматы: Мектеп, 2004. – 152 б.
- 14 Хилда Хукхэм. Тамерлан. – Алматы: Кочевники, 2002. – 288 с. источниках. XII – XX в.в. – Алматы: Санат, – 2005. – Т.2 – 336 с.

АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕ ДАМЫҒАН ЖАЗБА МӘДЕНИЕТІ.

Д.С. Арынова - тарих магистрі, ғылыми қызметкер
«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік
тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК
Түркістан қаласы

А.Ж. Уркинбаева - ғылыми қызметкер,
«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік
Тарихи-мәдени қорық-музейі РМҚК
Түркістан қаласы

Ұлан ғайыр жерді алып жатқан қазақ даласы сонау сақ ғұн тайпалы Түрік қағаты дәуірінен ұлы империя болған. Одан бергін келе X-XVІІІ ғасырлар аралығында салтанат құрған тәуелсіз Қарахан қағанаты, Алтын Орда, Ақ Орда, Қазақ хандығы тарихы осындай рухани және саяси-қоғамдық мықты мемлекет бола білген. Қазақ халқының арғы тамыры орталық Азияны мекендеген көне тайпалар шежіресінен сырт тартса төрт, бес мың жылдыққа

кетеді. Ол ежелгі Түрікі дәуірінен Алтын Орда заманына ұласқан шежірелерге жалғасады

XII-XIX ғасырларда ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің дамуы сөз өнерінің көркемдігін, бейнелілігін, тәрбиелік мәніндегі қажеттілігін түсінуге деген алғашқы түсініктерді қалыптастыра бастады. Осылайша мәдениеті мен ғылымы, өнер-білімі, тілі мен әдебиеті даму жолына бет алған түркі халықтарына XIII ғасырдада басталған моңғол шапқыншылығы аса зор зардаптар әкелгені анық. Маңғол басқыншылығының апатты зардаптарымен бірге, кейбір жағымды жақтары да болған. Маңғол үкіметері сауда-саттық пен халықаралық байланыстың дамуына жағдай жасайды, жер жердің бәріне көлік қатынасы қызметінің тұтас жүйесін енгізеді. Бұл алыс қиянда жатқан халықтар арасында сауда және мәдени байланыстар орнатылады [1, 107 б.]. Сондай-ақ, түркі халықтары ғасырлар бойы қалыптасқан фольклоры мен әдебиетін, өнері мен мәдениетін жоғалтқан жоқ. XIII-XV ғасырлар арасында жасалып, Алтын Орда дәуірінен қалған мәдени, әдеби, тарихи мұралар, жазба ескерткіштер, қолжазбалар, көркем шығармалар, сөздіктер мен аудармалар, шежірелер бізге мұра болып қалды. Бүкіл түркі қауымын әлемге танытқан Әбу Наср Әл-Фараби, Әбу Әли ибн Сина, Әбу Райхан Әл-Бируни, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Ахмед Йүгінеки, Қожа Ахмет Ясауи, Сүлеймен Бақырғани, т.б. осы қайта өркендеу дәуірінде тарих сахнасына шықты. Бұған Әл-Фарабидің “Риторика”, “Поэзия өнері туралы”, ибн-Синаның “Даныш-намесі” (“Білім кітабы”), Әл-Бирунидің “Хикметтері” (“Даналық сөздері”), Махмұт Қашқаридің “Диуани лұғат ат-түрік” (“Түркі сөздерінің жинағы”), Баласағұнидің “Құтты білігі”, Ясауидің “Диуани хикметі” (“Ақыл кітабы”), Бақырғанидың “Бақырғани кітабы”, т.б. Аталған жоғарыдағы еңбектердің барлығы да әлі де терең зерттеулерді қажет етеді. Сонымен қатар, Алтын Орда дәуірінде Асан Қайғының да аты аталады.

Алтын Орда мемлекеті тарихи әдебиеттерде «Қыпшақ ұлысы» деп аталады. Алтын Орда халқының қоғамдық және мәдени даму дәрежесі әрқелкі еді. Алтын Орда тек қанаушылықпен, жаугершілікпен белгілі болған ел ретінде көрінеді. Бірақ, шын мәнінде сол кезеңде сәулет өнері мен ғылымға айтарлықтай көңіл бөлінген. Сол заманның әдебиетінің, мәдениетінің, өнерінің жоғары деңгейде болғанына зерттеулер, тарихи жазба деректер арқылы көз жеткізуге болады.

Ғылым-білім кеңінен жайылып, әдебиет пен мәдениет көтеріле түскен, өркениетті қоғамның негізі осы дәуірде қалана бастады. Ілияс Есенберлиннің «Алтын Орда» тарихи роман-трилогиясын оқыған адам сол кездің келбетін, замана сипатын, дәуір бағдарын түсіне алады. Көшпелі ғұмыр салтынан жартылай отырықшы қалыпқа бейімделу қала мәдениетін қалыптастырып, дала өркениетін өсіре түсті. Сәні мен салтанаты келіскен Сарай-Берке, Сарай-Бату сынды астаналардың қалануы, Ұлытауда Жошы ханның кесенесінің салынуы, шығыстық шайырлардың қалдырған әдеби мұралары – бәрі де Алтын Орда дәуіріне тән. Сауда-саттық байланыстармен мәдени өркендеу

катар жүргені белгілі. Бұл турасында Ұлы Жібек Жолы туралы айтпасақ та түсінікті. Ал Алтын Орданың сыртқы саясаттағы үстемдігі мен сауда байланыстары қалаларды мәдени орталыққа айналдырды. Әсіресе, Сарай-Бату, Сарай-Берке, Үргеніш, Хорезм, Сығанақ сияқты қала-кенттерде сауда мен қолөнер өркендеп, ғылым, мәдениет, әдебиет, көркемөнер дамыды. Мысалы, 1357 жылы Махмұт Әлиұлы Кердері Алтын Орданың астанасы Сарай қаласында өзінің прозалық көркем әдеби шығармасы «Наһжи ұл фарадис» кітабын жазды. Деректерге қарасақ, әдебиетте Хорезмидің «Мұхаббатнамесі», Құтба ақынның «Хұсрау мен Шырын» поэмасы, Сайф Сарайидің «Гүлстан бит түркіі» («Түркіше Гүлстан»), Рабғузидің «Қисса сул әнбиясы» («Пайғамбарлар туралы қысқа әңгімелер»), көне қыпшақ тілінде «Кодекс Куманикус» («Құман тілінің сөздігі») сынды шығармалар Алтын Орда дәуірінде дүниеге келген. Әдеби жәдігерлердің бірінің мән-мазмұн тереңіне көз жіберсек, «Хұсрау мен Шырын» поэмасында шынайы махаббаттан бөлек, арамдық пен зұлымдықты, қастандық пен сатқындықты, өсек пен өтірікті әділдік пен адалдық жеңіп шығатыны жазылған.

Тағы бір деректе былай делінеді. «Алтын Орда – Қыпшақ дәуіріндегі қазақ әдебиетінің көрнекті мұраларын арнайы зерттеудің маңызы зор. Қазақ әдебиетінің жазбаша дәстүрлі дамуындағы исламдық-ағартушылық сипатын айқындаған осы кезең шығармаларын дәстүрлік және көркемдік тұрғыдан қарастырудың зәрулігі айқын. Сондықтан Рабғузидің “Қисас-ул анбийа” ескерткішін зерттеу әдебиеттану ғылымның қазіргі көкейкесті талаптарынан туындайды. Қазақ әдебиетінің көптеген ғасырлар бойы қалыптасқан тарихындағы рухани құндылықтарымызды іргелі зерттеу еңбектері арқылы ғылыми айналымға енгізу жұмыстары жаңаша қарқынмен жалғасуда. Бұл орайда, Алтын Орда-Қыпшақ дәуіріндегі көрнекті шығармаларды тарихи поэтика, тіл тарихы, методологиясы бағдарымен қарастырған зерттеулердің үздіксіз жүргізіліп келе жатқанын айтамыз. Аталған еңбектерде осы кезеңдегі туындылар, оның ішінде Рабғузидің “Қисас-ул анбийа” жазба ескерткішіндегі шығармалар әртүрлі қырларынан зерттелді. Тарихшы, тілші ғалымдар бұл кезеңдегі туындыларды түркі халықтарының тарихына, тілдік аспектілеріне қатысты мәселелермен байланыстыра қарастырады» делінген [1, 113 б.].

XIV ғасырдың бірінші жартысында Алтын Орда мемлекетінің Еділ бойындағы астанасы Сарай қаласы және мәшһүр мәдени ірі орталықтың біріне айналды. Бұл кезде өмірге келген көркем туындылардан ақын Хорумидің «Мухаббат нами» әдеби поэмасы, С. Сарайидің «Түркі тіліндегі Гүлстан» дастаны, Құтбтың «Хусрау уа Шырыны» мен Дүрбектің «Жүсіп - Зылиқа» дастандары, Рабғузидің «Қисса - сул - әнбиясы» ерекше мәшһүр болды.«Қисса - сул - әнбия» сюжеттік жағдай алып қарағанда, негізінен Әулие - Әмбиемр, өздарін құдайдың жердегі өкілдері санайтын пайғамбар жайында қисса-хикаялар, аңыз-ертегілер жинағы болып келеді. «Қисса - сул - әнбия» 1914 ж. Қазан, ал одан кейінірек Ташкент қаласында басылып шықты.

XIII-XIV ғғ. Қыпшақ тілінде көптеген әдеби ескерткіштер жасалды. Халықтың ауыз әдебиеті дамыды. Қыпшақтар мен басқа да түркі тайпаларының өзіндік суырып салма поэзиясы болды. Ауыз әдебиетінің жұмбақ, мақал-мәтел, тұрмыс-салт жырлары сияқты түрлері қыпшақ тілінің ескерткішінде сақталған. Халықтың бірлік – ынтымағы мен Отанына махаббатын отты жырларына өзек еткен Сыпыра жырау мен Қодана-тайшы, Асан қайғы мен қазтуған сынды дарынды жыраулар есімі кеңнен белгілі [1, 122-123 б.].

Асан Қайғы атанып кеткен Хасан Сәбитұлы 1361-70 жылдары шамасында Еділ бойында дүниеге келсе керек. Тарихи аңыздар Асанның әкесі саятшы екен дейді. Оның өмір сүрген тұсы Алтын орда және қазақ халқының қалыптасу кезеңіне сай келеді. Асанқайғы шығармашылығында негізгі орын алатын қазақ тұрмысының өзекті мәселелерін арқау еткен философиялық-нақылдық жанрлар: толғау, терме, шешендік сөздер болып табылады [3, 344 б.]. Сонымен қатар бір деректерде Асан Алтын Орда ханы Ұлығ-Мұхамедтің ықпалды билерінің бірі болды. XV ғасырдың 20 жылдарында Ұлығ-Мұхамед Ордадан қуылғанда Асан өз әміршісімен бірге кетеді. Көп ұзамай қазанда билік құрған Ұлығ-Мұхамедтің ақылгөйлері қатарында болған ақын, хан өлген соң Дешті Қыпшаққа қайтып оралады. 1450 жылдарда Әбілқайыр ұлысындағы тартыс кезінде Қерей, Жәнібек сұлтандарды жақтайды. 1456 жылы Шу алқабында Қазақ Ордасы құрылған кезде Асан жаңа мемлекеттің ұраншысына айналады. Сірә, Асан қазақтардың бұрынғы Көк Орда жеріндегі үкімі артып, қазіргі Қазақстанның орталық және солтүстік-батыс алқабын қайтадан иеленген уақыты – 1465 жылы әлі тірі болса керек. Аңыздың айтуынша, ақын Сарыарқада – Ұлытауда дүние салыпты» - делінеді [2, 22 б.].

Асан Қайғы Сәбитұлы Алтын Орда, қазақтың данышпан ақылгөй жырауы, өз дәуірінің абызы, бас биі, Шоқан Уәлихановтың айтуы бойынша, қазақ халқының қамын, болашағын ойлаған "дала философы", осындай ойшыл, ел қамын жеп, қайғы-қасірет кешкен Асан атына кейін "қайғы" сөзі қосылып аңыздалып кеткен.

I.Есенберлиннің Алтын Орда кітабында «Ордаға Асан қайғы келді деп Жәнібек ханға айтқаны жазылады» [4, 262-266 бб.]. Өз Жәнібек (туған жылы 1342) Бүкіл Алаш жұртын билеген, Алтын Орда ханы Асан жырау сол Әз Жәнібекпен бірге талай-талай мәселелерді басқаруға, шешуге араласады. Әз Жәнібек өлген соң Асан би Дешті Қыпшаққа қайта оралады. Алайда ордадан бөлінген рулар Шу, Сарысу бойына орналасқан соң, ел іргесі берік, ағайын арасы тату болуы жолында күреседі. Асанқайғы ең алдымен хандық үкіметті күшейту, елдің қорғаныс қабілетін арттыру қажет деп санайды.

Жәнібек ханның тұсы – осы түркі тілдес көне жұрттардың Шығыс елдерінің мәдениетіне, әсіресе араб, парсы мәдениетіне ең жақындай түскен кезі еді. Кешегі көшпелі елдердің бекзадалары, тұрғын елдің ақсүйектері тәрізді, құр хат танып қоймайды, алдыңғы қатарлы Шығыс елдері тудырған

ғылымдармен шұғылдана бастады. Көптеген мешіт, медреселер тұрғызылды. Бұл медресе мешіттерге, балаларды оқытуға, көшпелілерге мұсылман дінін кеңінен таратуға енді Дешті Қыпшаққа, Еділ-Жайық жағасына Мысыр, Шам, Жезира, Диярбекер, Рум, Фарсы, Бағдаттардан қожа молдалар мен оқымыстылар жиналды. Осы кезеңде Дешті қыпшақ жұрты да өз балаларын ғылым-білім алуға өз балаларын жіберген. Сол кездегі халық өзге жұртпен тек қана жауынгерлік ғана емес, мәдениеті де қатар дамып, ағарту, өнер білімге еліктеу саясатын кең жүргізгені үшін халық Жәнібек ханды Әз Жәнібек, Данышпан Жәнібек деп атаған.

Батыс пен Шығыс арасындағы көне Жібек жолының сауда-саттығы Қыдайдан Иранға тек жібек, Үндістаннан Жағропаға меруерт, маржан, асыл тастар, орыс жерінен құндыз, түлкі, бұлғын, ақ тиын терілері ғана жеткізіліп қоймаған, асыл тастармен қатар, Фердаусидің «Шахнамасы», «аристотель логикасының комментариясын» жазған Абу Насыр әл Фарабидің еңбектері, әл-Бирунидің шығыстың ұлы ғалымдары ра-Рази, Али-ибн Аббастың дәрігерлік ғылымдарын жалғастырған Ибн Синаның дәрігерлік канондары осы Жібек жолы арқылы Батысқа келген. Ал ол жақтан Шығысқа, Демокрит, Сакрат, Платон, Аристотель, Птолемейлердің философиялық және ғылыми трактатары, Архимедтің, Эвклидтің геометриялары жеткен [4, 197 б.]. осылайша Алтын Орда дәуірі кезінде де Жібек жолы адам баласының мәдени рухани өркендеуіне үлесін қоса берген. Он жеті жыл Құбылай ханның Ордасында қызмет еткен Венеция куеці Марко Поло осы жібек жолымен жүріп Шығыс елдеріне жеткен. Ол «Кітәбі» бойынша 1247 жылы М.Санудо жасаған дүние жүзілік картаға Грузия, Дербент, Қытай түсірілген.

Алтын Орда ыдырағаннан кейін ол бірнеше хандыққа бөлшектеніп кетеді. Олар - Қасым хандығы, Қазан хандығы, Астархан хандығы, Қазақ хандығы, Өзбек хандығы және Қырым хандығы. Осы тұста қазақ хадығының дәуірі басталады. Қалай қарасақ та Алтын Орда қазақ тарихының бір бөлшегі болып саналады. Ұлы тарихы деп атасақ та болады.

Қай жағынан болса да Президентіміз атап өткендей Жошы ханның мазарын жөндеп туристерді тартуымыз керек. Ол сол дәуірдің әдеби шығармалары болсын, немесе тарихи ескерткіштерге болсын. Сонымен бірге, Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Біз Алтын Орда негізін қалаушы Жошы ханға міндетті түрде құрмет көрсетуіміз керек. Аса маңызды миссия: бүкіл әлемнің назарын осындай тарихи тұлғаға аудару және оның кесенесін мәдени туризм нысанына айналдыру» керектігіне баса назар аударды. Жошының Батый ханның кезінде Орда Алтай тауынан Дунай өзеніне дейінгі ұлан-ғайыр жерді алып жатқан үлкен мемлекеттің орталығы алғашында Еділ бойындағы Сарай-Батуда болса, кейін Сарай-Беркеге көшірілген. 1227-1502 жылдар аралығында, үш жүз жылға жуық салтанат құрған сәулетті-сәулеті қағанат тарих көшінде Қазақ хандығының билігіне ұласа отырып, табиғи-тарихи тұрғыда мұрагерлік құқығын иемденген.

Әдебиеттер тізімі.

- 1 Қазақстан тарихы. Очерктер. Алматы: «Дәуір», 1994. – 446 б.
- 2 Ай заман-ай, заман-ай (Бес ғасыр жырлайды). 1 том.- Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1991.- 384 б.
- 3 Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. - 344 б.
- 4 І.Есенберлин. Алтын Орда. Алматы. - 1999 ж. 262-266 б.

Түйін

Мақалада Алтын Орда дәуірі кезеңінде қазақ жерінде дамыған жазба мәдениеті мен оның таралу жолдары және ғылым-білім кеңінен жайылып, әдебиет пен мәдениет көтеріле түскен, өркениетті қоғамның негізі осы дәуірде қалана бастағаны жайлы жазылды.

Резюме

В статье рассказывается о развитии письменной культуры на казахской земле в период Золотой Орды и путях ее распространения, распространении науки и образования, подъеме литературы и культуры, зарождении цивилизованного общества.

Summary


The article tells about the development of written culture in the Kazakh land during the Golden Horde and its ways of spreading, the spread of science and education, the rise of literature and culture, the beginning of a civilized society.

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ЖЕТІСУДЫҢ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚОЙЛЫҚ ҚАЛАСЫ (VIII-XIV) ҒҒ.

Д.Ә. Касенов - экскурсия жүргізушісі
«М.Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану музейі»
МКҚК

Жетісудың Іле бойындағы ірі ортағасырлық қалалардың бірі Антоновка (Қойлық) қаласы Ащыбұлақ өзенінің жағасында Антоновка селосының шығыс бөлігінде орналасқан. Көлемі жағынан оңтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 1,2км, солтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай 1 км қашықтықта созылып жатыр. Қала қабырғасының солтүстік-шығыс жақтарында 20-25 м-де бір мұнарасы жақсы сақталған. Қаялық қаласы туралы монах Вильгельм Рубруктың 1253-1256жж. Моңғолияға жасаған сапары кезінде жазба деректерінде Жетісудың жаңданған сауда байланыстары туралы жазба деректер кездескен. В.Рубрук Эквиус және

Қойлық қалаларын сипаттай келе, бұнда сарацин халқының тұратындығын және сауда торабы болғандығын айтады. Оның жазуынша: «Қайлақ – үлкен қала, мұнда базар болған және көптеген көпестер келген» - деп жазып кетеді [1]. Осы кезеңде Жетісуда ислам діні, араб тілінің әліпбиі мен жазуы кең таралады. Қаладағы халықтың сауаттылығы жайлы қарапайым қыш ыдыстағы арабша жазулардың табылуымен құжатталады. Жазба деректерде Қиялық, Қойлық, Қаялық ортағасырлық қаласы Солтүстік-Шығыс Жетісудың, Талдықорған қаласының солтүстік-шығысына қарай 190 шақырымда, қазіргі Қойлық ауылының шығыс жағында орналасқан. Қойлық қаласына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде үйлердің орындары, монша, будда храмы, табылды. Будда храмы тік төртбұрышты және дөңгелек пішінді төбешіктер түрінде келген. Қала қабырғасының сыртында солтүстік жақта іргесінен бастап өлшегенде 30-35м, биіктігі 5м болатын текше түрінде төбесі бар. Храм XIғ. соңы мен XIIIғ. жатады. XI-XIIIғғ. буддизм Жетісу жеріне Тибет және Таңғұт империяларынан таралған. Ғибадатханың жобасы 60х60 м текше түріндегі құрылыс. Ортасында көлемі 4,5х4,6 м болатын құлшылық қылатын залы орналасқан. Төрт қабырғасын айналдыра дәліздер салынған. Дәліздердің кеңдігі 2,5м-2,8м-ге дейін жетеді. Құрылыс қабырғаларына өлшемі 36х36х18 см сабан кірпіштер қолданылған. Сақталған қалдықтарына қарағанда ғибадатхананың едені күйдірілген кірпіштен төселген. Ғимаратқа кіретін қақпа оңтүстік-батыс қабырғада. Басты кіреберіс тас блоктардың үстіне орнатылған екі кең колонналармен өрнектелген. Олар жуан, діңі түзу, лаймен сыланып, тігінен қосылған бөренелер. Сыртқы есіктің ені 2,8, ішкі есік 3,5м. Қазба барысында храмның салынуының екі кезеңі анықталды. Алғашқы ғимарат құлап қалған. Қабырғаларын тегістеп қалдырып, оның үстінен екінші құрылыс жүргізген. Бұрынғы қабырғалары төменгі бөлігіне екі қатар күйдірілген кірпіш қалап, қабырғаларын қайтадан тұрғызған. Құрылыс жобасы өзгермеген. Солтүстік-шығыс, солтүстік-батыс дәліздердің едендері малта тастармен толтырылып, топырақ, ұсақ тастар төсеу арқылы биіктетілген. Оңтүстік-батыстағы дәліздің едені кірер есіктен бастап жоғарылай белбеу көтеріле түсуі дәлел бола алады. Соңғы ғибадатхана қабырғасының биіктігі 3м-ге жететін, сабан кірпіштерден салынған. Тек сыртқа қарай көлбеу салынған. Төбенің кейбір белағаштарын ішкі қабырғаны бойлата жерге қазылып орнатылған тіреу бағаналар ұстап тұр. Бағаналар еден деңгейіне дейін тереңдетіліп орнықтырылған кеспелтек ағаштардың үстіне қйыюлған. Төбенің жапқан белағаштарының үстіне балшықпен қалың етіп сыланған қамыс бекітілді. Белағаштар темірден соғылған әр түрлі өлшемдегі шегелермен бекітілген. Олардың арасында 25 см-ге жететін ұзын-қысқа 5-7см болатын төрт бұрыш шегелер кездеседі.



Сурет №1. Ұлы Жібек жолы бойындағы Жетісудың ортағасырлық қалалардың тарихи-мәдени ескерткіштері.

2001 жылы археологтардың зерттеуі нәтижесінде қазіргі Антоновка орнында ортағасырлық қала Қаялықта хаммам-монша аршылып алынып, зерттелді. Моншаның сырт көрінісі төртбұрышты 11,36x8,9 м құрылысты аңғартады. Орталық зал және шығыс жақтан шығарылған есікті айналдыра салған сегіз бөлмеден тұрады. Оның құрылысына крест түріндегі жоба қолданылған. Моншаның солтүстік жағында үйге жапсыра шағын айбан салынған. Осы жерде табылған төменгі бөлігінде тесігі бар хумдар айбанның моншадан шығып дем алатын орын екені дәлелденді. Моншаның негізгі немесе орталық қақпасы тамбур тәріздес дәліз түрінде жасалынған. Дәліз арқылы №1 бөлмеге кіруге болады. Бөлменің солтүстік жағында кішірек астауша бар көлемі 100x50, тереңдігі 40 см-ден жоғары. Бөлменің батыс жақ бұрышынан шығатын тар дәліз орталық залға апарды. Орталық залдан моншаның кез келген бөлмеге шығуға болады. Моншаның әр бөлмесінің неге арналғанын анықтауға болған. Көшеннің бірінші бөлмесі шешінуге және жуынуға арналған. Жуынатын бөлмелер бірінші және екінші деп аталған. Монша кешенінің ішінен жуынуға келген адамдарды қажетінше ыстық сумен қамтамасыз ету үшін арнайы «шаруажай» бөлінген. Мұнда су ысытатын ыдыстар қойылған.

Ортағасырлық қаланың құрылысына тоқталсақ, аумағы биіктігі 3,5-4 метр биіктіктегі қабырғамен қоршалған, қаланың жобасы төрт жағына қаратылған сопақша төртбұрышты пішінді болып келеді. Солтүстік-шығыс қабырғасының ұзындығы 1200 метр, оңтүстік-шығыс жағы 750 метр, ал қаланың оңтүстік-батыс жағы тау жаққа қарай тіреледі. Жуықтап алғанда, әрбір 30-40 метр сайын қабырғаға дөңгелек пішінді мұнара орнатылған. Батыс жақ бұрышында жақын жерде көлемі 70x80 метр және биіктігі 4,5 метр пішінде шаршы дөң болып келеді. Қалаға кірер қақпа солтүстік-батыс, солтүстік-шығыс және оңтүстік-шығыс жақтарда орналасқан. Ішкі қаланың

аумағы көптеген дөң төбешік, ойпат секілді бұрынғы құрылыстардың ізімен жабылған. Ортағасырлық Қойлық қаласы XI ғасыр мен XIII ғасыр бас кезінде қарлұқ жабғуының мемлекетінің, қарахан қағандығы тұсында түркі қарлұқтарының дербес иелігінің астанасы ретінде белгілі, ал XIII ғасырдың ортасында моңғол империясының қаласы болды. Қарлұқ жабғуы Арслан хан моңғолдардың билігін мойындап, моңғол жасағының құрамында батысқа қарай жорық жасаған. Археологиялық зерттеулер қала ескерткішінің IX-XIV ғасырларға жататындығын анықтауға мүмкіндік береді. Қаланың іргесі VIII ғасырда қаланды. Қалаға археологиялық зерттеу 1964 жылы басталып, бірқатар шурфтар түсіріліп, қаланың негізгі жоспары анықталған болатын. 1998 жылы Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы шеңберінде қайта қолға алынып, зерттеу барысында «Будда храмы» айқындалған нысаны қазылды, сонымен қатар қаланың қамалындағы тұрғын үй-жайлар зерттелді. 1999-2000 жылдары «ауқатты адам үй-жайына» жұмыстар жүргізілді. 2001 жылы күйдірілген кірпіштен қаланған «хаммам» типінде монша аршылды, құлдырау кезінде салынған қала аумағына тұрғызылған кесене де зерттелді. 2002-2003 жылдарында ескерткіштің стратиграфиясын зерттеу, сандық екі өлшемді топографиясы негізін құру жүзеге асырылды.



Сурет №2. Қойлық қаласы.



Сурет №3. Жұма мешіті. Аэрофото.

2004-2005 жылдарында қазба жұмыстары жүргізіліп жұма мешітінің құрылысын, «манихей» храмының, кесенелер құрылысының ашылуымен маңызды, олардың қасбеті ойылған терракотамен безендірілген, кесенелерге жақын орналасқан ханака зерттелді. 2006 жылы қаланың шахристаны оңтүстік-батыс бөлігінің аумағында үй-жайы қазылды, монша-хаммамға келіп тірелетін аумақ зерттеліп, шахристан төрткүлін қазу басталды. 2007-2009 жылдары қаланы бірқатар бөліктерін қазу кезінде көптеген мәліметтер жинақталды.

2006-2007 жылдары қазба жұмыстары кезінде құрылыс құрылымдары анықталып, көлемі 400 шаршы метрге жетті. Зерттелген телімдерде әртүрлі мақсатқа арналып салынған бірнеше бөлме-жайлар аршылды.

Қаланың солтүстік жағын XI-XII ғасырларға жататын кесенелер қазылды. Қабырғалары кірпіштермен оймышталған геометриялық, өсімдік түрінде келген. Қалада орналасқан мешіт мөлшері 34x28м, шикі кірпіштен тұрғызылған. Оңтүстік-батыс қабырғасында михраб болған [2, 290 б.].

Зерттеу барысында анықталғандай, қаланың солтүстік-шығыс қақпасы жанында XII ғасыр мен XIII ғасырдың бас кезінде салынған мазарлар кешені табылды. Археологиялық қазба барысында толықтай қиратылған күйде болған. Қабырғаларының бір бөліктері, күйдірілген төрт қырлы кірпіштен қаланған. Бұрыштағы бағаналардың төменгі тұғырлары мен кірпіштен қаланған еден ғана сақталып, қазба жұмыстары кезінде сол еден астынан төрт сағана табылды, оның екеуі ер адамдікі, бір-бірден әйел мен бала мұсылмандық дәстүрмен жерленген. Ислам қағидалары бойынша жерленген адамдардың дүние мүліктері солармен бірге көмілмейді. Жерленген әйел мәйітінің қаңқасының үстінен екі алтын жүзік пен домалақ шар ішіне орнатылған алтын салпыншақ табылды. Сонымен қатар қазу кезінде мазар тұрған жерден негізінен алғанда бар болғаны күйдірілген кірпіштің үйінділері ғана табылды. Зооморфті өсімдікке ұқсас оюлар араб әліпбиіндегі

жазулардан құрастырылған. Уақыты келгенде ою-өрнектердің біршама әсемдігін қалпына келтіруге, сынықтарды жинап, жазуларды оқуға, сөйтіп осы жерде кімдердің жерленгенін анықтауға мүмкіндік береді. Археологиялық жұмыстар кезінде мазардың тек төрт бұрышты күйдірілген кірпіштен 26x26x5 см тұрғызылған қабырғаларының іргесі ғана сақталған. Археологтардың айтуы бойынша соңғы оң жылдықта дәл ғимараттың үстінен ауыл аралық жол өткен.

Қойлықтың оңтүстік бөлігінде Ащысай өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан ауқатты адамның үй-жайы зерттелініп жатқан маңызды нысан болып отыр. Басқа үй-жайлармен салыстырғанда зерттелгендердің ішіндегі ірі үй-жайы болып табылады. Қазбаның жалпы көлемі 540 шаршы мертді құрайды. Зерттеулердің нәтижесінде аталмыш құрылыстың сыртқы қабырғалары мен ішкі бөлмелерінің салынуы бір мезгілде жүргізілгендігі анықталды. Үй-жай 15 бөлмеден тұрады. Үйдің құрылыс жобасы XIII ғасырдың ортасына жатқызылады. Ауқатты үй-жайдың бір ерекшелігі күрделі жылыту жүйесінің болуында. Құрылыс үй-жайдың ішіндегі пештер мен тандырлардан еденге ендіріле орналасқан жылыту құбырлары (кандар) арқылы жылытылған. Кандар қабырғалар мен суфалардың бойына орналасқан. Кейбір жағдайда кандардың өзі бөлмелерді бөліп тұратын бөлгіш қабырғалардың рөлін атқарған. Мұндағы 15-ші бөлменің бір ерекшелігі – жобалау мен әсемдеуде отқа табынуға Зороастризм байланысты діни ғұрыптарға тән белгілердің табылуы. Бұл бөлме еденінен екі қола қалып пен қыш ыдыстар табылды. Археологтар зерттеген «ауқатты адамның үй-жайы» кезінде жер сілкінуден бұзылған деп болжануда [3, 13,19 бб.]. Қойлық аумағындағы археологиялық зерттеулер барысында будда ғибадатханасының қалдықтары табылды. Қазба жұмыстары нәтижесінде құрылыстың будда храмымен ұқсастығы байқалды. Сақталған қалдықтарына қарағанда ғибадатхананың едені күйдірілген кірпішпен төселген. Ғимаратқа кіретін қақпа оңтүстік-батыс қабырғада. Басты кіреберіс тас блоктардың үстіне орнатылған екі кең колонналармен өрнектелген. Олар жуан, діңі түзу, лаймен сыланып, тігінен қойылған бөренелер. Сыртқы есіктің ені 2,8м, ішкі есіктігі – 3,5 м [1, 94 б.]. Зерттелу барысында храмның салынуының екі кезеңі анықталды. Алғашқы ғимарат құлап қалған, шамасы жер сілкінісінен болуы мүмкін. Ғибадатхананың орталық залынан және дәліздердің еденінен XII-XIII ғғ. тән хумдар мен құмыралардың көптеген сынықтары, тостағандардың жарықшықтары табылды. 2004 жылы жүргізілген қазба жұмыстары кезінде ғимараттың шығыс сыртқы жағының архитектуралық элементтері анықталды. Тастан жасалған төрт қырлы тағанға орнатылған екі күйген ағаш кесінділері табылды. Бұл элементтер айванның сыртқы жағынан орналасуы туралы болжам жасауға жетелейді [4, 23 б.].

Қорытындылай келе, моңғол шапқыншылығы кезінде Жетісу жерінде отырықшылық мәдениеттің дамуына кері әсерін тигізген болатын. Іле алқабындағы отырықшы мәдениет пен қалалардың жойылуы туралы Гильом

Рубруктың жазба деректерінде былай делінген: “*Жоғарғы Іле мен Қаратал жазықтарында көптеген қалашықтар, жайылымдық жерлер бола тұғын, бірақ татарлардың шапқыншылығы нәтижесінде көптеген қалалар қирады*” – деп жазған. Солтүстік-шығыс Жетісу қалалары жайлы Плато Карпини деректер келтірмеседе, мұнда Алакөлдің шығыс жағында қарақытайлардың қиранды қалалары туралы жазып кеткен. Плато Карпини жазбасында: “*Қарақытайлардың жерінде татарлар жаңадан Омыл қаласын тұрғызды*” – деп атаған. XIII ғ. II жартысында Плато Карпини және Гильом Рубрук, I Гетум жазба деректерінде Екіоғыз (Эквиус), Қойлық (Кайлак), «облыс астанасы» - Көктума қалашығы, Алматы – Алматы 1 қалашығы, Талхир (Талғар) – Талғар қалашығы, Ілебалық ірі қалалар мен сауда орталықтары ретінде айтылады. Моңғол шапқыншылығы салдарынан Жетісудың Іле алқабы бойындағы қарлұқтар астанасы Антоновка-Қойлық қалашығы құлдырап, ортағасырлық қала XIV ғасырда өмір сүруін тоқтатады.

Әдебиеттер тізімі.

1. Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.Қ., Жұмағанбетов Т. Қазақстан археологиясы: Оқу құралы/Жалпы ред. басқ. Д.С.Байгунаков.- Алматы:Қазақ университеті, 2006.-294 б.
2. Қазақстан тарихы(көне заманнан бүгінгі дейін). Бес томдық 1-том. – Алматы: Атамұра, 2010. -544 б.
3. Алматы: Мың жылдық тарих. 2 бас. Орта ғасырлардағы Жетісу өлкесінің астаналары. – Алматы: «Credos», 2009. – 320 б.
4. Байпақов К.М., Савальева Т.В., Чанг К Средневековые города и поселение северо-восточного Жетысу. Алматы, 2005г.

Түйін

Мақалада Ұлы Жібек жолы бойындағы Жетісудың ортағасырлық Қойлық қаласына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған жұма мешіті, будда және манихей храмдары туралы қарастырылады. Еуразия даласына үлкен өзгерістер алып келген моңғол шапқыншылығы, француз королі ІХ Людовиктің Моңғолияға жіберген елшілігі, Рубруктың деректерінде Эквиус қаласы деп аталуы, мұсылман ғұрпы бойынша жерленген ер және әйел адамның табылған қаңқалары жайлы баяндалады.

Резюме

В статье рассматривается о пятничной мечети, буддийском и манихейском храмах найденных в ходе археологических раскопок средневекового города Койлык. А также монгольском нашествии, повлекшем за собой большие изменения в степях Евразии, посольстве французского короля Людовика ІХ в Монголию, упоминании в источниках Рубрука

город Эквиуса, находка скелета мужчины и женщины которые захоронены по исламским обычаям.

Summary

The article deals with the Friday mosque, Buddhist and Manichean temples found during the archaeological excavations of the medieval city of Koylyk. As well as the Mongol invasion, which led to great changes in the steppes of Eurasia, the embassy of the French King Louis IX to Mongolia, the mention in the sources of Rubruk of the city of Equius, the discovery of the skeleton of a man and a woman who were buried according to Islamic customs.

ТУҒАН ӨЛКЕ ТАРИХЫ БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРДЫ ҒЫЛЫМИ ЖОБА ЖҰМЫСЫНА БАУЛУ

С.Ж. Қойшекен – тарих пәнінің мұғалімі,
Жалпы білім беретін Аққыстау орта мектебі
Атырау облысы, Исатай ауданы

Бүгінгі ХХІ ғасыр – білім мен ғылым ғасыры екені дау тудырмайтыны анық. Қазіргі таңда қай ел, қай мемлекет болмасын, оның даму деңгейі білім деңгейімен өлшенеді. Білім, ғылымы дамыған ел ғана әлемдік ең озық инновацияларды терең меңгеріп, өркениет биігіне қол соза алатыны айдан анық. Сондықтан біздің еліміз тәуелсіздік алған кезден бастап білім мен ғылым саласына айрықша көңіл бөліп келеді. Осы жылдар ішінде саланы дамытуға арналған бірнеше мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, жүзеге асырылды. Қазақстан – бүгінде әлемдік білім кеңістігіне, халықаралық білім стандарттарына ұмтылып отырған мемлекет. Президент Қ.К.Тоқаев: «Қазір әлем күн сайын емес, сағат сайын өзгеруде. Барлық салада жаңа міндеттер мен тың талаптар қойылуда. Ғылымдағы жаңалықтар адамды алға жетелейді. Ақыл-оймен ғана озатын кезең келді. Заман көшіне ілесіп, ілгері жылжу үшін біз сананың ашықтығын қамтамасыз етуіміз керек. Бұл қадам өркениеттің озық тұстарын ұлттық мүддемен үйлестіре білуді талап етеді» деп жазады.

Қоғам өзгерістеріне байланысты қазіргі кезеңдегі мектеп әрбір балаға жеке адам ретінде қарап, өзіне тән ой-өрісі, еркі, әрекет жасайтын қабілеті бар, батыл пікір айта алатын тұлға екендігін ескере отырып тәрбиелеуге бет бұрды. Демек, мектептегі оқу үрдісі оқушылардың ізденімпаздығын, танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілетін дамытуға жол ашуы керек.

Келешек ұрпақтың бойына отансүйгіштік қасиетті қалыптастыру, өз халқының тұрмыс-тіршілігіне, тарихына көңіл аударудан басталады. Отан – отбасынан басталады. Ендеше өз өлкеміздің, туған жеріміздің тарихын жас

ұрпақтарға ұғындыру, оның маңызын түсіндіру ұстаздың шәкірт алдындағы парыздарының бірі.

Өлкетану – бұл туған өлкенің тарихы, табиғаты мен экологиясы, экономикалық, әлеуметтік-құқықтық дамуы, рухани шыққан тегі, әдебиеті және көркемөнері. Ресейлік өлкетанушы ғалым, тарихшы, академик С.О.Шмидт «өлкетанушылық білім-кешенді білім: географиялық, экологиялық, тарихи және кең түрде – тарихи-мәдени, өлкетану әдісі пәнаралық ғылыми байланыстарға сүйенеді және ғылыми теориялар мен қарапайым күнделікті тұрмыс тәжірибесінің қорытындыларын есепке алады, өлкетану ғылыми, ғылыми-ағартушылық және қоғамдық іс-әрекетті біріктіреді, онымен ғылыми мамандар да, жергілікті халық та қатынаса алады» деп атап көрсеткен еді. «Туған жер» деген кезде әрбір азаматтың, әрбір адамның жүрегіне тулаған шабыт пен сезім ұялайтыны анық. Себебі, адам – өзінің туған жерінің төлі. Сол даланың, сол жердің, сол мекеннің меншігі. Туған жерге деген сезім мен махаббаттың өлшемі шектеулі болмайды. Ол шексіз. Осы бір ерекше шексіз патриоттық сезімді әрбір азамат пен жастардың бойына етене сіңіріп, қандарына дарыту үшін, сөздің ұғымын кең мағынасында түсіну үшін, Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында орындалу керек міндеттердің ішіне «Туған жер» бағдарламасын ұсынды. «Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналады. Батырлар мен ақындар бірі найзамен, бірі жырмен қорғап қалған ұлан байтақ даланың қазіргі иесі ретінде, әрбір Қазақстан азаматы өзіне жүктелген міндетті абыроймен атқару керек. «Туған жер» бағдарламасының жаппай халық арасында үлкен күшке ие болуы, жастардың бойына патриоттық тәрбие ұялату үлкен міндет. Берілген тапсырманың үдесінен шығу ғана емес, оны бүгінгі күнмен өлшемей, ертеңгі ұрпаққа жету үшін еңбек ету - парыз [1].

Қазіргі таңдағы оқу процесінде қолданылатын кез келген оқыту технологиясы өскелең ұрпақ бойында ұлттық рухты қалыптастыруға бағытталуы тиіс деп ойлаймын. Ұлттық рух – халықтың өзін-өзі танумен айқындалатын, өскелең ұрпақтың арман – мұраттарымен сипатталатын, елдің тұтастық идеясымен негізделетін өміршеңдік күш-қуаты. Қай халықтың болсын бойында өз табиғатына тән өзге де қайталанбас қасиеттері, мінезі, тілі болуы ұлттық рухпен тікелей байланысты. Сондықтан да ұлттық рухтықалыптастырудың негізі өлке тарихын танудан, оқып білуден басталатынына еш күмән жоқ. «Жалпақ жұртыңды, Алашыңды құрметтеу алдымен өзің тұрған өлкенің тарихын, табиғатын танудан, адамдарын ардақтаудан басталады», - деп Елбасы айтқандай, әркім өзінің туып өскен мекенінің тарихын, жер-су аттарын, олардың аталу себептерін, сол топырақта дүниеге келген батырлардың ерліктерін, ұлы адамдардың өмір жолын біліп өссе, туған жерге деген жанашырлықтары да жастайынан қалыптасады [2].

Өлке тарихы – ол біздің ата-бабаларымыздың ұзақ жылғы еңбегі мен маңдай терінің жемісі. Өлке тарихын зерттеу отан тарихының мазмұнын

байытады, тарихи санамызды қалыптастырады. Ғылыми жоба жұмысын өлке тарихынан ала отырып алдыма мынадай мақсат қойдым: өлкетану материалдарын оқыту арқылы оқушылардың бойына елдің тарихын оқып меңгерген тарихи сананы қалыптастыру, өлке тарихы туралы материалдарды жинақтай отырып, оны ғылыми тұрғыда зерттеп, шығармашылықпен қолдана білу іскерліктерін дамыту, мемлекетімізді іргелі ел етіп, айбынын асқақтатудың және оны әлемге паш етудің бірден-бір жолы өлке тарихын зерттеп, ата-бабаларымыздың ерлік істерін үлгі етіп отыру екендігін түсіндіру.

2014 жылы 10-сынып оқушысы Қамалова Парасат «Гурьев-Астрахан теміржолын салудағы тыл еңбеккерлерінің тағылымды еңбегін насихаттау» деген тақырыпта ғылыми жоба жұмысын қорғады. Өткенсіз бүгін жоқ, өткен күндердің тарих бетіне қалдырған өрнегі бар. Сол тарихтың бір кезеңі Ұлы Отан соғысы жылдары болса, 1942-1943 жылдардағы Гурьев-Астрахан темір жолының құрылысы – соның бір парағы. Зерттеу мақсаты Ұлы Отан соғысы жылдарында Гурьев-Астрахан темір жолын салуға қатысқан, маңдай терін аямай төккен тыл еңбеккерлерінің ерен еңбектері мен көрген қиыншылықтарын, теміржол саласында еңбек еткен теміржолшылардың еңбегін насихаттау болды. Зерттеу міндеттері Ұлы Отан соғысы кезіндегі Гурьев-Астрахан темір жолын салу кезіндегі Еділ-Жайық тұрғындарының бастан кешкен қиындықтары мен ерен еңбектерінің жанқиярлық көріністерін айта отырып, достары мен замандастарын адами қасиеттерге, өзін-өзі тануға тәрбиелеу; аудан еңбекшілерінің, теміржолшылардың өнегелі еңбек жолын, ел экономикасын өркендетуге қосқан үлестерін дәріптеу; тарихи мұраны сақтауға шақыра отырып, тарих беттерінде жазылған бабалар ерлігі мен еңбегін бағалау мақсатында кітапша құрастыру, замандастарын патриотизмге, ұлттық құндылықтарды қастерлеуге шақыру. 2015 жылы оқушым Парасат осы ғылыми жобаны одан әрі толықтырып «Новобогат ауданы еңбекшілерінің Ұлы Жеңіс күнін жақындатуға қосқан үлестері» деген тақырыпта қорғап, облыстық ғылыми жобалар сайысында жүлделі ІІІ орынды алды. Парасаттың ғылыми жобаны жазу барысында алдына қойған мақсаты – Ұлы Отан соғысы сияқты орасан зор оқиғаның бір көрінісін бейнелеу арқылы сол ұлы дүбірден хабар бере білу, оның ауыр шындығына елдің көзін жеткізу, майданға араласқан азаматтармен тылдағы өмірдің арақатынасын айқындау, Новобогат ауданы тыл еңбеккерлерінің өнегелі еңбек жолын, Ұлы Жеңісті жақындатуға қосқан үлесі мен өшпес өнегесін дәріптеу, кейінгі ұрпаққа жан-жақты насихаттау.

2015 жылы шәкіртім Қаржауова Жадыра «Махмиден Шұғайыпұлының рухани-адамгершілік қағидалары» деген тақырыпта ғылыми жоба байқауына қатысып, ауданнан жүлделі ІІІ орын иеленді. Бұл жоба жұмысында оқушы халықтың замандар бойында екшелген, саф алтындай таза, өміршең дана көркемсөз қазынасын жетілдіруде, ұлы мұра жырды дәріптеп, әлеумет тілегіне орай насихаттауда майда қоңыр даусымен, туа біткен қабілетімен,

жігерімен, айтулы ақын-жыраулардың асыл сөздерін қажымай-талмай жинастырып, бүгінгі ұрпаққа жеткізуде игілікті қызметімен танылған, Атырау өңірінде ислам діні қайта жаңғырған күндерден-ақ дінге бет бұрған, өз парасат ықыласымен дінге қызмет еткен азаматтардың бірі – Махмиден Шұғайыпұлының өмір жолы, ұрпақтары туралы зерттеу жұмыстарын жүргізді. «Отанды сүю - иманнан» деген хазірет Мұхаммед пайғамбарымыздың мағынасы терең хадисі бар, өйткені иманды адам Отанның қадір-қасиетін біледі, үлкенге құрмет көрсетеді, ата-ананы сыйлау, туған елге деген құрмет сезімдері имандылыққа бет бұрған ізгі ниетті мұсылманның адамгершілік қасиеті болып табылады. Махмиден Шұғайыпұлының өткен өмір жолы – біздің баға жетпес асылымыз. Оған дақ түсірмей, болашақ ұрпаққа жеткізу – абзал борышымыз. Осындай жұмыстар оқушылардың ғылыми жоба жұмыстарына қатысуларына септігін тигізеді.

2017 жылы шәкіртім 11-сынып оқушысы Абзалова Жайнардың «Тарихи тұлға, аруақты ер Құттығай Сатыбалдыұлының ерлік жолына тағзым» деген ғылыми жоба жұмысы аудандық, облыстық ғылыми жобалар сайысында жүлделі орындар алды. Осы ғылыми жоба жазу барысында оқушы жоңғар шапқыншылығы кезінде Нарын өңірінде еліне қамқор, жеріне қорған болған батыр Құттығай Сатыбалдыұлының өмірі, ерлігі, өнегелі қасиеттерін зерттеуді мақсат етті. Халқымыздың тәуелсіздік үшін күресіп, қаһарман ерлік көрсеткен батырды дәріптеу арқылы жас ұрпақты елін сыртқы жаулардан қорғауға шақыруға, Отанын сүйуге, қорғауға дәріптеді.

2018 жылы 11-сынып оқушысы Набидоллаева Айгерім «Өнеге тұнған ғибратты ғұмыр» (Маштахов Ғатих Садикұлының өнегелі өмір жолы туралы) тақырыбындағы ғылыми жоба жұмысын жазу барысында Атыраудың абызы атанған, Атырау облысының және Исатай, Индер аудандарының Құрметті азаматы, еңбек ардагері Маштахов Ғатих Садықұлының өнегелі өмір жолдары, өнегелі қасиеттерін дәріптеп құндылықтарға дәріптеу, адам жолын ізгілендіру мақсаты көзделді. Айгерім бұл ғылыми жобаны жазу барысында жастар тәрбиесіне жанашыр болғандығын, адам тәрбиелеген ұлағатты ұстаз, ұзақ жылдар партия басшылығында болған саясаткер, ауылшаруашылық өндірісінің қабілетті ұйымдастырушысы болғандығын, ұлағатты сөздерін дәріптеу міндетін қойды.

Санамызға айрықша сілкініс берген, рухани қайта түлеуге тікелей жол ашқан «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Әрбір өлкенің... есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар», - деп көрсеткен болатын. Біздің өлкеміздегі сондай біртуар тарихи перзенттердің бірі және бірегейі Атырау облысының және Исатай, Индер аудандарының Құрметті азаматы, еңбек ардагері Маштахов Ғатих Садықұлының өнегелі өмір жолдары екендігі күмәнсіз.

Түптеп келгенде, өмірдің мәні де, сәні де ұрпақтар сабақтастығында, өзара байланыста жатыр. Қоғамның саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани ахуалы

жеке тұлғалар болмысы арқылы көрініс табады. Халқымыздың шежірелік зердесінде адам – тарихтың басты тұлғасы, ал адам сапасы – тарихтың негізгі қозғаушы күші. Тарихымызда болмыс-бітімі алуан түрлі тұлғалардың болғаны және олардың қоғамдық-саяси қызметтері сан түрлі болғандығы шындық. Сондықтан жеке тұлғаның еңбегін тарихымызда айрықша көрсете білуіміз керек. Бұл ғылыми жоба жұмысы облыстық, республикалық ғылыми жобалар сайысында қорғалды [3].

2019 жылы 6-сынып оқушысы Саламатқызы Ару «Исатай ауданындағы жер- су атауларының топономикасы» деген тақырыпта қорғаған ғылыми жобасы Шымкент қаласында өткен «Дарынды жастың рухани келбеті» атты ІІ республикалық үздік ғылыми жоба байқауына қатысып, ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. Ару ғылыми жобаны зерттеу барысында алдына мынадай мақсат қойды: деректерде кездесетін туған жерге қатысы бар қызықты оқиғалармен танысып, жер аттарының аталу ерекшелігін тану, туып-өскен жердің қадірін білу, Атырау өңіріндегі және Исатай ауданындағы жер-су атауларын зерттеу. Зерттеу міндеті өңірдегі тарихи тұлғалардың ықпалымен пайда болған жер-су атауларын зерттеу; жер-су атауларының мән-мағынасын ашу. Зерттеу аумағында кең қолданыста жүрген, географиялық атаулар құрамында жиі кездесетін халықтық географиялық терминдер мағынасын талдап, таралуы мен қарқындылығын анықтап, бірізділікке келтіру. Тақырыптың өзектілігі жер, су атаулары- біздің тарихымыздың айғағы. Өткеннің ізі сайрап жатқан жеріміз талай заманның жаңғырығын осы атаулар арқылы бізге жеткізгені анық. Бүгінде егемен ел болып, қабырғамыз қатайған кезде сол жоғымызды іздей бастадық. Дәлірек айтқанда, ел болып ата-бабамыздан қалған тарихи топономикамызды қайта қалпына келтіру ісіне кірістік. Зерттеу тақырыбының өзектілігі жер-су аттарына деген үлкен қоғамдық сұраныс.

Тарих сабағында жергілікті материалдарды тиімді пайдалану жас ұрпақтың бойында туған жерге, елге деген сүйіспеншілікті, патриоттық сезімді арттырады. «Дүниеде туған еліңнен артық ел де, жер де жоқ» - деп Ғ.Мүсірепов айтқандай, баланы туған өлке тарихымен сусындату, тарих пәнінің негізгі міндеті. Осыны басшылыққа ала отырып, ұрпақты ел тарихын білуге, құрметтеуге тәрбиелеймін. Ол жүйелі зерттеу нәтижесінде ықпалдырақ болады. Өлке тарихы бойынша оқушыларды ғылыми жұмысқа баулу арқылы мынадай нәтижеге қол жеткіздім:

-Оқушылардың туған жерге деген құрмет сезімімен бірге өлке тарихын зерттеуге құлшынысы артты;

-Шығармашылыққа бет бұрды, өзіндік ой-тұжырымын еркін білдіре алды;

-Өзінің шығармашыл тұлға екендігін дәлелдеуіне мүмкіндік туды, құнды зерттеулерін басылымдарда жариялай алды;

-Өзіндік көзқарасы, ұстанымы, қағидасы қалыптасты;

-Архив деректерімен, тарихи әдебиеттермен, құнды құжаттармен таныса отырып, өз пікірін еркін айта алатын жан-жақты тұлға ретінде қалыптасты;

-Тарихи оқиғаларды тарихи тілмен жеткізетін дағдысы қалыптасты;

-Көнекөз қариялардан ауызекі деректер жинау арқылы сөйлеу мәдениеті қалыптасты.

Мұражайлар, архив, баспасөз материалдары, кітапханалармен жұмыс жас жеткіншекті аға ұрпақтың ерлік істерінен хабардар етіп, сол арқылы азаматтық рухты бойына сіңіртеді деп ойлаймын.

Әдебиеттер тізімі.

1 Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», атты халыққа арнаған жолдауы. «Егемен Қазақстан» газеті, 2014 жыл, 17 қаңтар

2 Сатай Сыздықов. «Мәңгілік Ел» Бұл көне тарихтан тін тартқан идеяның жаңа дәуірмен ұштасуы», Егемен Қазақстан.

3 Амангелді Айталы. «Мәңгілік Ел» идеясының тарихи тамыры», «Егемен Қазақстан», 2014 ж 26 ақпан

ОСЫ «ҮШ ҚИЯН» НҮСҚАСЫНЫҢ АВТОРЫ МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ» (АҚБҰЛАҚ ШАЙҚАСЫ МЫСАЛЫНДА)

Н.Ж. Тулепов- өлкетанушы,
Жәңгір хан атындағы тарихи-
этнографиялық музей меңгерушісі,
Орал қаласы

2018 ж. ақпан айында «Рухани жаңғыру» бағдарлама аясында Шыңғырлау ауданы Ақтау ауылдық округіне іссапар кезінде бір қария: «Исатай бізге күйеу болып келеді. Өйткені, оның бір әйелі Табынның кызы еді. Сондықтан Табын руының игі жақсылары шайқаста мерт болған Исатай батырдың сүйегін жаудың қолына бермей, жерлеген екен» демесі бар ма. Нақты қай жерде екенің білесіз бе?! – деген сұраққа: «Ол кезде мен сегіз жасар баламын ғой. Есімде қалмапты, бірақ Исатай мерт болған соңғы шайқас қазіргі Шыңғырлау ауданы территориясында болғаның және осы жерде жерлегені жөніндегі көне көз қариялардың сөзі есімде қалыпты». Ал керек болса!

Зерттейін деп іздендім. Күндердің-күнінде іздегенге сұраған дегендей, ақын Дариға Мұштанова фейбуктегі жариялымында, Хамза Есенжановтың «Ақжайық» трилогиясындағы толғаудың үзіндісін берген екен:

«Биден пәтуа таба алмай,

Ханнан кегін ала алмай,
Ақ ордасын бұзып шаба алмай,
Тайманның батыр баласы.
«Торы ат басы тауында
Сүйтіп бір
Міне, уай, сол заман
Қаза тауып, уай,

Қалған жер» - деп, роман кейіпкері Нұрым жырлаған толғау жолдары аңыз сияқты болғанмен, түбінде бір ақиқат жатырғандай көрінді. Ең маңыздысы, ауызша да жазбаша да деректе Исатай мерт болған соңғы шайқас Шыңғырлау өңірінде болғаны баяндалуда. Ал ресми тарихта, ол шайқас Қиыл өзеніне құятын Ақбұлақ өзені басында болды деп хатталған. Сонда бізді сусанинше адастырған кім екен?! Олар Александр Рязанов пен оның картографы А.Извозчиков. Ол А.Рязановтың мына дерегіне сүйенген болу керек: «Алға қойған жоспарын жүзеге асыру мақсатында Исатай 500 таңдаулы жігіттерімен шілде айының басында Қиыл өзенінен сұлтанның Ставкасына қарай аттанады» [1]. Расында, «Исатай Гекенің шыққанын естуден бұрын, Есімовтен бөлініп, тұтқыйылдан барып тиісу үшін, Илек қалашығынан 60 верст қашықтықта Суықбұлақ өзені бойындағы сұлтан Ставкасына қарай жөнелген еді. Ол бүгінгі Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы, патша заманында Қарашығанақ болысы жерінде ағып жатқан Суықбұлақ өзені сағасына дәл келіп тұр. Бірақ картограф Извозчиков Шыңғырлау өзенінің қалтарысы Суықбұлақ пен Ақбұлақ атты қос өзенді ескермей, Қиыл өзені қалтарысы Қарағанды өзеніне құятын Суықбұлақ және Ақбұлақ атты қос өзенді алған. Екі жерде орналасқан аттас қос өзенді шатастырып алған болу керек. Бірақ Александр Рязановтың беделі, оның туындысын сыни тұрғыда сараптауға жол бермеген болар. Ол да түсінікті, өйткені жаппай құпия белен алған заманда қолға алып зерттейтін картада табалмайсын. Сондықтан алдымен полковник Гекенің 1838 жылдың 13 шілдесінде Орынбор әскери-губернаторы Перовскийге жазған есебінің түпнұсқа фотокошірмесін алып зерттедім. Себебі, барлық тарихи құжат пен ғылыми еңбектерде және өлкетанушылар жазбаларында, осы құжатқа сілтеме жасайды.

2019 ж. қыркүйек айында Орал қаласында Исатай мен Махамбеттің ескерткіші ашылуына орай өткен салтанатты конференциясында хабарлама жасадым. Сөйтіп, белгілі және тың деректі зерделеу нәтижесі «Ақбұлақ шайқасы: жаңа жорамалдар мен болжамдар» атты баяндамама 2019 ж. 23 қараша айында Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ғылыми-практикалық конференциясының пленарлық отырысында тыңдалды [2]. Одан кейін, 2019 ж. 23 желтоқсан күні Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті тарихшыларының ұйымдастыруымен Ғабдол Сланов атындағы Атырау облыстық ғылыми әмбебап кітапханасында өткен дөңгелек үстелінде талқыланды. Осылай ғылыми сараптамадан өтіп

тарихшы-ғалымдардың тарапынан қолдау тапты. 2020 ж. қантар айында Лев Гумилев атындағы Евразия Ұлттық университетінің ғылыми-практикалық конференциясына сырттай қатысып, «Тарихи жыр - маңызды дерек көзі /Ақбұлақ шайқасы мысалында/» атты мақалам электронды жинақта жарық көрді. Сонымен қатар, «Үш қоңыр», «Орал өңірі» және «Серпер» газеттерінде жарияланды [3]. Сондықтан, Исатай-Мақамбет бастаған көтерілісшілердің соңғы шайқасы Шыңғырлау ауданындағы Ақбұлақ өзені бойында болғанына бұлтартпас дәлелдер айтылып, жан-жақты дәлелденді деп есептеймін. Ғылыми тұрғыдан дәлелденген осы тарихи деректің маңыздылығы, белгілі болса да еленбей келген толғаудың авторын анықтауға жол ашады.

Ендігі мәселе, Хамза Есенжановтың «Ақжайық» трилогиясында: «Тайманның батыр баласы Торы ат басы тауында қаза тауып, қалған жер» деген толғаудың авторы кім деген сұраққа жауап іздейік. Ол үшін Мақамбетке жүгінейік. Дауылпаз ақын Мақамбет «сенімді серігі Исатайды, өлеңдеріне қосып, сөзбен бейнелеп, санамызға өшпестей етіп құйып кетті. Әсіресе, Исатай туралы «Исатай деген ағам бар», «Исатай сөзі», «Арғымаққа оқ тиді», «Тарланым», «Соғыс», т.б. өлеңдерінде Исатай батырдың әр қадамы мен ой-арманы жан-жақты бейнеленген. Исатай батырдың да, батыр-билердің де тұлғасы шынайы сомдалып, азаттық күресі жолындағы әр қадамы әсерлі суреттелген. Осы жерде, мынадай ой келеді Исатайдың өзіне және мінген атына оқ тигеніне дейін: «Арғымаққа оқ тиді, Қыл мықынның түбінен. Ер жігітке оқ тиді, Ауыз омыртқаның түбінен» деп әсерлі сөзбен өрнектеген Мақамбет, достық символына айналған көшбасшы Исатайдың қаза тапқан жері мен сүйегі қалған жерді неге аманат етпеді ұрпаққа?! Ол, ешқандай логикаға сыймайды. Мүмкін емес! Нонсенс! Әрине, Мақамбет Исатай батырдың сүйегі қорланбасын деп күпияны өлеңдеріне жасырып кеткені сөзсіз. Тек талмастай іздену керек. Сондықтан, осы бағытта Мақамбеттің болашақ ұрпаққа арнаған аманатының бірі, ол Хамза Есенжановтың «Ақжайық» трилогиясындағы: «Тайманның батыр баласы Торы ат басы тауында қаза тауып, қалған жер» деген толғау жолдары Мақамбеттің тарихи толғауы деп есептеймін. Дәлелдеп көрейін. Алдымен жырдың толық мәтінің берейік:

Жайықтың бойы жайлы қиян,
Еділдің бойы елді қиян.
Маңғыстаудың бойы малды қиян –
Адыра қалғыр үш қиян!
Үш қиянның мына бойынан
Талай жұрт босып жол салған,
Көшудің жолын мол салған!
Түндігін түнде түсіріп,
Іңірде сүтін пісіріп,

Жас балаға ішіріп,
Түні бойы дүрлігіп,
Теңдеп буып мүлігін,
Төртке бөліп түлігін,
Таң ата иесіз жұрт қалған,
Өреде жайған құрт қалған
Қаңғыған жалғыз ит қалған.
Жеті жұрттың кеткен жер,
Адыра қалсын неткен жер!

Ердің соңы Исатай,
Ерліктің туын тіккен жер.
Жауды басқа тепкен жер,
Мақамбетін ертіп ап
Жәңгірге шеп құрған жер.
Жасқұстың арғы тұмсығы
Қамал етіп тұрған жер,
Уа, дүние-ай, қапыда
Санын батыр ұрған жер.
Ханнан бермен ығысып,
Шатыр тігіп жатқан жер
Көпірі жоқ Ақ Жайық,
Атын жалдап өткен жер.
Мұз үстінде от жағып
Ала қыстай кезген жер.
Жылы төсек, ақ орда
Жар қойнынан безген жер,
Қара қазан, сар бала
Қамы үшін қайғы татқан жер,
Өкінішке батқан жер,
Уа-а-а, батқан жер!

Семсерін сермеп айқайлап
Бір жол жүзін кескен жер.
Көк сүңгісін оң сілтеп,
Жау кеудесін тескен жер.
Ақ табан ақ жануар
Сүрінбес тұяқ бола ма,
Қапыда орға түскен жер.
Биден пәтуа таба алмай,
Ханнан кегін ала алмай.
Ақ ордасын бұзып шаба алмай,
Тайманның батыр баласы.

«Торы ат басы тауында
Сүйтіп бір
Міне, уай, сол заман
Қаза тауып, уай,
Қалған жер [4].

Осы тарихи толғауды «ҮШ ҚИЯН» деп атауға, оның алғашқы шумағы сұранып тұр.

Жайықтың бойы жайлы қиян,
Еділдің бойы елді қиян.
Маңғыстаудың бойы малды қиян –
Адыра қалғыр үш қиян!

Олай болса, осы «ҮШ ҚИЯН» нұсқасының авторы Мақамбет деп одан әрі дәлелдейік. Осы «ҮШ ҚИЯН» нұсқасы Мұрат Мөңкеұлының «ҮШ ҚИЯН» атты тарихи жырына қарағанда өзгеше және Мақамбеттен қалған мұра. Расында, бұл азаттық жолындағы күрестің тарихнамасы, ұлы жорықтың шежіресі. Тарихи толғауда көтерілістің мақсаты, ерлік рухы, азаттықты аңсаған ел арманы, ел тағдырын өз тағдыры санаған Исатайдың болмысы жан-жақты сипатталған. Алдымен, осы толғауда Мақамбетке тән жауынгерлік стилі бояуы анық байқалып тұр. Мысалы:

Ердің соңы Исатай,
Ерліктің туын тіккен жер.
Жауды басқа тепкен жер.

Ал, «Ханнан бермен ығысып, Шатыр тігіп жатқан жер» - дегені, Исатай бастаған көтеріліс Сырым Датұлының көтерілісінің заңды жалғасы екенің, тайға таңба басқандай атап отыр. Себебі, шатыр тігу түгел жан сақтау уайым болған жөнінде Ығылман Шөрекұлы «Исатай-Махамбет» дастанында былай суреттейді:

«Исатай мен Мақамбет
Жаудан аман құтылып,
Қалмаған қолда тұтылып.
Ішкі Ордаға сыйғызбай,
Тарылды дүние қысылып,
Исатайлық болғандар
Таланды қолға тұтылып.
Ақырда қалған қырық кісі
Жұлдыз жедді туғанша
Тар қоныста жан сақтап,
Алдырмай жүрді күтініп.
Құралайдың күнінде
Жайықтан жарып бері өтіп,
Алды-артында қамаудан
Аман да кетті сытылып».

Сондықтан «Шатыр тігіп жатқан жер» деп Мақамбет 1796 жылдың 2 мамыр күні Сырым Датұлының талабы бойынша Жайықтың сол жағалауында ресей муфтийі Мұхамеджан Хусаинов арнайы тіккен шатыр туралы айтып отыр. Келіссөз аяқталғаннан кейін Сырым Датов сол шатырды алып қалып, қайтармайды. Ел аузында да, ресми құжатта да ол жер 1917 ж. дейін «Шатыр тіккен жер» аталып келген. Осының өзі тарихи жырдың авторы Мақамбет өз заманының көрнекті ойшылы болғанын көрсетеді. Ол жөнінде орыс саяхатшысы, жазушы, дипломат, шығыстанушы, Санкт-Петербург Ғылым академиясының құрметті мүшесі, әдеби қордың алғашқы төрағасы Егор Петрович Ковалевский Мақамбетпен кездескеннен кейін былай мінездеме береді: «В это тяжелое время Ковалевский встретил в аулах казаха, «чрезвычайно замечательного в кругу своего народа». Это был выдающийся казахский поэт XIX в. Махамбет Утемисов, который вместе с Исатаем Таймановым руководил восстанием казахов в 1836-1837 гг. против хана Букеевской орды Джангира. Ковалевский писал, что во время короткой беседы Утемисов обнаружил весь свой ум и красноречие. Он приводил для своих доводов подлинные «тексты Корана и толковал их не теми софизмами и общими местами, которые избиты в медресе Бухары и Самарканде, но сообразно собственным понятиям, высказывавшим глубокое изучение предмета. . .» [5].

«Мақамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі» мен «ҮШ ҚИЯН» толғауын салыстырсақ екі толғауда Мақамбеттің тілі анық байқалады. Мысалы: «Мақамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі» атты толғауында Мақамбет ақын, Исатайдың барында, шабытымыз келгенде: «Қара қазан, сары бала қамы үшін қылыш сермедік» десе, «ҮШ ҚИЯН» толғауында Исатайдан айырылғаннан кейін: «Қара қазан, сар бала қамы үшін қайғы татқан жер» деп өкініші мен қайғысын жасырмайды.

Келесі, «Биден пәтуа таба алмай,

Ханнан кегін ала алмай

Ақ ордасын бұзып шаба алмай,» - деп Исатай туралы айтса, «Мақамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі» атты жырында:

«Ханнан кегім ала алмай» деп, Мақамбет өзін мензейді.

Сол жырында Мақамбет:

«Ханның кірген ақ орда,

Бұзуын ойлап кеңестік» - десе, «ҮШ ҚИЯН» толғауында, «Ақ ордасын бұзып шаба алмай» - деп, сол жоспары жүзеге аспай қалғанын айтады. Осы жолдардың өзі екі туындының авторы Мақамбет екенің дәлелдей түседі.

«ҮШ ҚИЯН» авторы Мақамбет әсіресе, қару-жараққа қатысты тіркестері: ерліктің туы, семсер, ақ болат, семсерін сермеп, көк сүңгі:

Семсерін сермеп айқайлап

Бір жол жүзін кескен жер.

Көк сүңгісін оң сілтеп,

Жау кеудесін тескен жер.

Міне, барлық жолдарында күреске, тартысқа қатысты етістіктер зат есім сөздермен осылай өрнектелуі, Мақамбет тіліне тән өзіндік ерекшелік екені әдебиеттану ғылымы жан-жақты дәлелдеген аксиома.

«ҮШ ҚИЯН» толғаудың авторы Мақамбет

«Ақ табан ақ жануар

Сүрінбес тұяқ бола ма,

Қапыда орға түскен жер» - деп, Исатайдың Ақтабан торы атын мензеп отыр. Ал, «скачущего на рыжей лошади Исатая Тайманова» деген дерекке сүйеніп, кейінгі зерттеуші ғалымдар оны «Жирен» деп аударған. Сонда кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс. Бірақта Исатай Таймановтың жирен аты болған жөнінде ешбір дерек кездеспейді. Ол туралы Ығылман Шөрекұлы «Исатай-Махамбет» атты дастанында Исатай батырға сыйлаған аттардын түсін түстеп кеткенде, былай дейді [6]:

«Аттанарда коштасып

Шығанақ батыр жостасып,

Исатайға қосарға

Ат беруге ойлады.

Жанына шыбын теңеген,

Жамандық жері тап келсе

Жауға тастар демеген

Шабағаншыл торы атты

Тарту қылып батырға,

Тек достықпен қоймады».

Содан кейін:

«Сәмембеттен шыққансын

Торы атқа ерін салдырып,

Төл атын алды жетелеп.

Арыған екен Ақтабан

Көптен бір мінген төпелеп». - дей келе, тағы бір атты сыйламақшы болған қолы мырза батыр Бабат туралы:

«Тұрмастан бұрын осылар

Жылқыдан бір ат алдырып,

Белдеуге қойған байланып.

Аттың түсі қан-жирен,

Айт пен тойда шабылып,

Жол бермеген бәйге алып.

Сол жылы жазға ұсталмай,

Қалған екен майланып.

Батырға Бабат тағы айтты:

-Алсаң бізден – қолың бос,

Керекті затты ойланып. –

Рахмет! – деп, коштасып,

Тайсойғанды маңдайлап,

Жүріп те кетті сайланып» .

Қан жирен атты Исатай батыр алмағанға ұқсайды. Қалай болғанда да соңғы шайқасына аттанбастан бұрын біраз шаруа тындырып, екі елді бітімге келдіргенен кейін ғана Исатай батыр:

«Әсеттің айы туғанда,
Үш мыңдай кісі қол болып,
Бір алты күн жол қонып,
Қиылдан әскер төгілді.
Зардабынан әскердің
Қара қалмай сөгілді.
Он екінші әсетте
Алдында әскер қол бар деп,
Кейінге әскер шегінді.
Қиылда жатып баршы алып,
Өткізбек болды со күнді».

Сөйтіп соңғы шайқасына аттанған Исатай батыр:

«Салығын тастап бұл жерге,
Баршыға батыр жөнелді,
Бір жүздей кісі қасқа алып,
Жау болар демей жасқанып.
Төл атын қолда қалдырып,
Құдайберген батырдың
Күрен атын мінеді
Тамырлықпенен босқа алып» .

Міне, Ығылман Шөрекұлы «Исатай-Махамбет» атты дастанында, Исатай батыр «Он екінші әсетте» соңғы шайқасқа аттанған сәтте «Құдайберген батырдың, Күрен атын мінеді» деп анық көрсете келе, күрен аттын тағдыры жөнінде былай дейді:

«Жортуылға мінеп деп,
Таңдап алған жүйріктер
Бір кісіге жетпеген,
Жолын тәңірі етпеген, -
О да бір қырсық сүрең-ді.
-Жетпедің, - деп, - қашқанға, -
Басқа-көзге сабалап,
Ат та болса табалап,
Қинады батыр күренді» .

Сөйтіп, Исатай батыр қайтадан өзінің ақтабан торы атына мінсе керек. Оған қосымша дәлел Никита Савичевтің: «Дорогой конь его был подстрелян казаком и стал скоро ослабевать» деген дерегіне көңіл аударсақ, әрине Исатайға құнды да асыл ол өзінің ақтабан торы аты екені айдай анық. 1838 ж. 13 шілдесінде жазған полковник Гекенің рапортында, Исатай-Махамбеттің замандасы Никита Савичевтың мақаласында, 1928 ж. шыққан А.Рязановтың

зерттеуінде және 1949 ж. жарық көрген «Қазақ ССР тарихы» I томында да Исатай мінген аттың түсі туралы айтылмайды. Бізді осы жолы адастырған В.Ф.Шахматов болуы мүмкін, Ол, 1946ж. «Внутренняя Орда и восстание Исатая Тайманова» атты еңбегінде: «Во время погони Балта показал скачущего на РЫЖЕЙ лошади Исатая Тайманова» - деген екен [7]. Сондықтан кезекті қарама-қайшылық түйіні тарқалғаннан кейін, «ҮШ ҚИЯН» атты тарихи толғаудың авторы Мақамбеттің деуге болады.

1974 жылы тарихшы ғалым Исатай Кенжалиев «Арыстан еді Исатай» атты мақаласында ел аузынан Мақамбеттің бұрын жарияланбаған, Ақтөбе облысының оңтүстігінде Атай мен Матай деген екі таудың ішінде қашып жүріп айтқан «Уа, күндер-ай» деген толғауын жазып алғанның айтады [8]. Сол толғаудың бір жерінде Мақамбет 1838 жылғы соғысты қысқаша баяндай келіп, мынадай шумақтарды айтқан.

Уа - заман-ай!

Сай құралдың жоғынан,

Жауыз жаудың оғынан

Есіл ер өмір тапсырды-ай,

Тап қырық бір жасында-ай,

Қапыда өткен дүние-ай!

Бір арманым сол болды-

Асыл тәні ерімнің

Қалмады-ау баба қасында-ай!

Осы шумақтың желісі мен «Уа-заман-ай», «дүние-ай!» сөздері де Хамза Есенжановтың «Ақжайық» трилогиясындағы толғаудың жалғасы екенің, Мақамбеттің жыры екенің дәлелдей түседі. Мақамбеттің белгілі жырларда жиі кездесетін «Дүние-ай» сөзі, осы зерттеуге арқау болған толғауда да қайталаанады. Бұ сөз Исатай Кенжалиев тапқан толғауда да кездеседі. Мысалы, «Бір кем дүние-ай» дегенді оқығанда біз міндетті түрде Шерхан Мұртазаның қолтаңбасын танысақ, «Дүние-ай» сөзі мен әсіресе «Қапыда өткен дүние-ай!» дегенде Мақамбетті тануымыз керек. Осы қағидамен «дүние-ай» сөзі бар үзінді шумақтарды топтастырсақ Мақамбет жазған «ҮШ ҚИЯН» толғауының толық нұсқасы шығып қалар. Әрине, ол әдебиеттанушы мен филологтардың еңшісіндегі іс. Біздің қолымыздан келгені жол ашу.

Айдай аңық факт, «ҮШ ҚИЯН» атты толғаудың алғашқы нұсқасының авторы Мақамбет. Мақамбет бірінші болып Үш қиянға, яғни Жайық, Еділ және Маңғыстау бойына: жайлы қиян, елді қиян, малды қиян деп сипаттама берсе, Мұрат Мөңкеұлы майлы қиян, қанды қиян және шаңды қиян, адыра қалғыр үш қиян! - деп ел мен жерде қалыптасқан қал-жағдайдан хабар беріп, болашаққа аландап өз заманында соққан дабылы. Осы зерттеуіме арқау болған толғауды болашаққа аманат еткен Хамза Есенжановқа мың да бір алғыс! Сайып келгенде, Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясындағы «ҮШ ҚИЯН» толғаудың авторы Мақамбет Өтемісұлы деп есептеймін.

Дегенмен де, алдымен ғылыми саратапмадан өтіп Сіздің қолдауыңызды табу қажет. Сонда ғана Мақамбеттің «ҮШ ҚИЯН» атты тарихи толғауын насихаттауға жол ашылары сөзсіз. Осы пікір тарих және филолог ғалымдарының қолдауын тапса ғана, тарих майталманы Исатай Кенжалиевтың «Ал Исатай бейіті туралы әңгімеге оралсақ, бізге сол бейітпен қатар шайқастың қай жерде басталып, қайда аяқталғаны қажет» деген аманаты да орындалар еді. Тәуелсіз елдің тарих ғылымының алдында тұрған ең маңызды міндеттердің бірі де бірегейді осы деп ойлаймын!

Қорыта келе баяндамамды, тарих ғылымдарының докторы, профессор Көшім Есмағамбетовтың «Исатай батыр бейіті: аңыз бен ақиқат» атты мақаласындағы сөзімен түйіндейін: «Мәңгүрттіктен арылатын уақыт жетті. Бостандық жолында өмірін қиған Исатай бабамыздың бейітін анықтап, басына тағзым ету бүгінгі ұрпақтың парызы екендігін еске салған артық болмас» [9]. Әрине, бүгін менің қолымда Исатай батыр жерленген жер туралы да болжау бар, бірақ ол келесі мақала және экспедиция еңшісінде. Алдымен, Ақбұлақ шайқасы қай жерде болғанын анықтап алып, тарих ғалымдарының қолдауын таптым. Ол-бір. Екіншіден, осы «Үш қиян» атты тарихи толғаудың авторы Мақамбет Өтемісұлы деп дәлелдеуге тырысып келемін. Зерттеудің нәтижесі туралы ең бірінші кезекте Сіздерге баяндау үшін бүгінгі ғылыми-тәжірибелік конференцияға арнайы келіп отырмын. Ғылыми мақаламды қабыл алып, шақыру жіберген ұйымдастыру алқасына үлкен рақмет!

Әдебиеттер тізімі.

1 А.Ф.Рязанов. Восстание Исатая Тайманова (1836-1838г.) очерки по истории национального движения Казакского народа. (С приложением карты и схемы). (По материалам ЦК Архива Казакстана). Издание Общества изучения Казакстана. Кзыл-Орда. 1927г. Т.VIII. вып.4. 103 с.

2 «Ресей империясының Орталық Азиядағы саясаты және рухани өмірі» халықаралық ғылыми теориялық конференция материалдары. 23 қараша 2019 ж. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 320 б.

3 «Үш қоңыр» республикалық әдебиет және өнер газеті. №2 (469) 10.01.2020 ж.

«Орал өңірі» Батыс Қазақстан облысының қоғамдық-саяси газеті 12 сәуір 2020ж.

4 Хамза Есенжанов «Ақ Жайық» трилогиясы. «Жазушы» баспасы. Алматы – 1968. Екінші кітап. Роман «Шындалу». 340 б.

5 «Страны и народы Востока». Вып. 22. «Средняя и Центральная Азия. География, Этнография». Сборник статей. Под общ. ред. Д.А. Ольдерроге. — Москва: ГРВЛ изд. Наука, 1980. — 277 с.

6 Махамбет Өтемісұлы. Шығармаларының төрт томдық академиялық жинағы. I том. Өлендері мен күйлері. Алматы. «Ғылым» ғылыми баспа орталығы. 2003. 448 б.

7 В.Ф. Шахматов. «Внутренняя Орда и восстание Исатая Тайманова». Издательство Академии наук Казахской ССР. Алма-Ата-1946. – 255 с.

8 Коммунизм жолы,- Ақтобе облыстық газеті. 05.09. 1974ж. №176.

9 Көшім Есмағамбетов «Исатай батыр бейіті: аңыз бен ақиқат» «Орал өңірі» 16.02.2012ж.

Түйін

Отандық тарихта алғаш рет Хамза Есенжановтың "Ақ Жайық" трилогиясында жарияланған "ҮШ ҚИЯН" атты тарихи толғаудың авторы Махамбет Өтемісұлы деген болжамды жан-жақты дәлелдеуге әрекет жасалған.

Резюме

Впервые в отечественной истории Казахстана предпринята попытка всестороннего обоснования гипотезы, что Махамбет Утемисов является автором исторического размышления «ТРИ ДАЛИ» («ҮШ ҚИЯН»), опубликованного в трилогии Хамза Есенжанова «Яик – светлая река».

Resume

For the first time the national history of Kazakhstan, an attempt has been made to comprehensively substantiate the hypothesis that Makhambet Utemisov is the author of the historical reflection "YSH KIYAN", published in the trilogy of Hamza Yesenzhanov "Ak Zhaiyk".

САРАЙШЫҚТАҒЫ 2020 ЖЫЛҒЫ «ХАН МОЛАСЫ» ҚАЗБАСЫ

А. Тұрарұлы - ғылыми қызметкер
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени
музей-қорығы» РМҚК

«Сарайшық» тарихи-мәдени музей-қорығы 2020 жылы археологиялық қазба жұмыстарын маусым айынан бастады. Қазба орнына көне зират ортасындағы «Хан моласы» деп аталатын жер таңдап алынды. Бұл жерді таңдап алуға бірнеше себептер болды. Соның бірі 2017 жылы Мәскеудегі Ресей мемлекеттік әскери-тарихи архивінен атыраулық тарихшылар тапқан Сарайшықтың 1861 жылы әскери топограф Алексей Ермолаевич Алексеев сызған сызба картасы. Бұл сызбаға зер салсақ, қазіргі зират орналасқан аумақты цитадель деп белгілеген. Сызбадағы цитадель пішіні осы жердің қазіргі әуе фототүсірілімінен қарағанда анық байқалып тұр. Сызбада цитаделдің орталық бөлігінде «Аулие-склеп» деген жазумен бір орын белгіленген. Әуе фототүсірілімімен салыстыра отырып осы орынды музей-қорық археологтары 2019 жылы белгілеп қойған болатын.

Бұдан басқа, зерттеушілерге бұрыннан белгілі «Уральские войсковые ведомости» газетінің 1867 жылы №30 санында жарияланған «О развалинах татарского города Сарайль-Джадита» атты мақалада А.Алексеевтің Сарайшықтағы жұмыс барысы туралы естеліктері жазылған. Мұнда А.Алексеев цитадель орнында екі жерде ағаш қоршаулар бар екенін, олар кесенелерді қоршап тұрғанын айтады. Бұл қоршауларды Жәңгір ханның жарлығымен саудагер татарлар 1846 жылы орнатқан екен. Жергілікті орыс казактардың айтуынша, мұның астында ізбеспен бекітіліп, кірпіштен соғылған қабірханалар бар дейді. А.Алексеев жұмысқа жалдаған жергілікті қазақтар цитадель орнын киелі санайтын болған, әсіресе Жәңгір хан қоршатқан бөлікті қасиетті санағаны мақалада келтірілген [1].

Әрі қарай, А.Алексеевтің жолжазбасынан мәлімет келтірейік: «Из склепов сохранился только одинъ, которого называют **ханской могилой**. Внутренность его похожа на кибитку, имеет одну дверь с восточной стороны, и три окна в сводах: на северной, западной и южной сторонах. Внутри есть гробница, сделанные из кирпича, и имеющие шесть вместилищ, два больших и четыре маленьких, так что можно полагать тут похороненным целое семейство» [2]. Көріп отырғандай, «Хан моласы» аталған кесене болғаны, оның ішінде қабірхана бар екені анық жазылған. Осы сипаттауларды ескере отырып алдымен бақылау шурфтарын қазып байқап көруді жөн көрдік.

Таңдаған жеріміз айналамен салыстырғанда 1-1,5 м биік келген төбелі аумақ. Төбе үстінде өткен ғасырда тұрғызылған бірнеше бейіттер орналасқан. Соның дәл үстінен көлемі 2x2 м болатын шурф қазылып, 60 см-ге дейін тереңдетілді. Шурф жиегінің кескініне қарасақ, жер бетінің құнарлы өсімдік жамылғысы қабаты 5 см қалыңдықта. Одан төмен қалыптасқан 45 см қабат құрылыс қалдықтарынан тұрады. Мұнда топырақ қызыл қыш кірпіш үгіндісі мен ганч кесектерімен араласып, қызғылт түске боялған. Осы қабатта қызыл қыш кірпіш сынықтары мен бор кесектері жинақталған. Кейбір кірпіш сынықтары пішініне қарасақ бір шеті дөңес, радиалды келгені байқалады. Бұлар гүлдесте, колонна тәріздес құрылысқа пайдаланылса керек. Ал, ең төменгі қабат қара түсті сазды топырақты келген, 10 см қалыңдықта қазылды. Мұнда құрылыс қалдықтары жоқ, бірен-саран мал, балық сүйектері мен қыш ыдыс сынықтары кездеседі. Демек, құрылыс құландысының қалдықтары жер бетінен 50 см тереңдікте орналасқан. Құрылыс қалдықтары қабаты солтүстікке қарай қалыңдау келген. Осы қазбаның солтүстік бағытынан құрылыс орнын іздестіруді жалғастырдық. Келесі секторды қазу кезінде ғимарат іргетасын қалауға тереңдетіп қазылған траншея тәріздес шұңқыр анықталды. Оның түбі жер бетінен 1 м төмен. Ол оңтүстік-солтүстік және батыс-шығыс бағытта созылған. Іргетас орнынан екі қыш кірпіш бөлшегі сақталған. Бұл ғимараттың оңтүстік-шығыс бұрышы болып саналады. Қабырға кірпіштерін соңғы қатарға дейін бұзып алған. Кірпіш қаландысы астына қамыс сабан қалдығы төселгені анықталды. Шығыс

қабырғаның ұзындығы іргетасына қазылған шұңқыры бойынша есептегенде 8,2 м, ені шамамен 1,1-0,9 м. Оңтүстік қабырға солтүстік-батыс бағытқа 2,6 м-ге созылып қазба жиегіне тірелді. Солтүстік қабырға ұзындығы қазбада солтүстік жиекке дейін 1,6 м-ге созылған. Оның орта тұстарында қыш кірпішті қабырғаның қаландылары сақталып қалған. Ғимарат құландысы үстіне кейіннен 6 жеке жерленімдер түскен, екен. Қабырғаның ішкі батыс жағында үлкен шұңқыр орны анықталды. Шұңқыр іші құрылыс құландысына толы. Қабірхана орны да бұзылып алынғаны байқалды. Шұңқырды тазалау барысында жер бетінен 2 м тереңдікте гипс (ганч) ерітіндімен қаланып қыш кірпіштен салынған күмбезді қабірхананың бір бұрышы анықталды. Әзірге 54 см биіктікте ашылды, қабырғалар тереңге қарай әлі де кете берген. Оның үстінің күмбезін бұзып, бүтін кірпіштерін пайдалану үшін жинап алғаны байқалады. Тек төменгі жағында кірер ауыз қуысы мен қабырғасы сақталған. Қабырғаның ішкі жағы гипс сылақпен сыланған. Ауыз қуысы оңтүстік-батыс бағытқа қаратылған. Алдына қарай ұзынша дәліз түрінде жасалған. Ауыз қуысынан батыс бұрышқа дейін 1,6 м. Мұны беделді адам жерленген қабірхана деп есептеуге болады. Өйткені Сарайшықта мұндай толықтай гипс ерітіндісімен бекітіле қаланған жерлеу нысандары көп кездеспейді.

Қазбаның солтүстік, батыс және шығыс жағында орналасқан 3 бейіт кең көлемді қазба жүргізуге кедергі келтірді. Сондықтан ол жақтағы қазба бейіттердің арасымен және оларды айнала қуалай отырып жүргізілді. Батыс жағындағы бейіттің араб эпиграфикасымен жазылған құлпытасын оқу арқылы бұл Мырзағали Қаржауұлының бейіті екені анықталды. Басқа екі бейіт оның әйелі Бадиғұл мен баласы Нығметтің бейіттері. Халық арасында Қасым ханның жерлеу орнына байланысты ауызекі әңгімеде Мырзағали Қаржауұлының бейіті хан моласының үстіне жерленгені айтылады. Этнограф Ахмет Тоқтабайдың «Егемен Қазақстан» газетінің 1998 жылғы 21 наурыздағы санында жарияланған «Сарайшықтың аққу көлі» мақаласында: «Бұл туралы 1913 жылы туған, кезінде Атырау облысында басшылық қызметте болған Шоқан Қаржауов: «Әкем Мырзағали 1937 жылы қайтыс боларда мені хан бейітіне, Қасым ханның жанына жерлендер. Бейіттің жанында мешіт болуға тиіс деп өсиет етті. Әкемнің өсиетін орындайын деп мәйітін Гурьевтен Сарайшыққа әкелдім. Сұрастыра жүріп 90-ға келіп қалған бір ноғай шалына кездестім. Ол Қасым хан бейітінің баспалдақпен түсетін жартылай жер асты мешітінде екендігін айтты. Мешіттің бір қабырғасы түгелдей шымылдықпен жабулы тұр, ары қарай қазсаң хан бейітінің үстінен шығасың. Әкемді сол жерге жерлеп, моласын соқтық» деп еске алады [3].

Қасым ханның Сарайшықпен байланысы жөнінде көптеген ортағасырлық деректер бар. Қазіргі кезде Ноғай Ордасын зерттеуші ғалым В.В.Трепавлов былай деп жазған: «Қасым хан қалған ноғайлармен достық қатынасқа енген. Атадан балаға жеткен әңгімелер бойынша Қасым хан бір қызын жоғары текті маңғыт Мұсаның ұлы Шейх Мамайға берген. Ноғай Ордасының астанасы Қасым ханның резиденциясына айналды. Ол Сарайшық

қаласын қайтарып сонда біраз уақыт тұрған әкесі Жәнібек, немере ағасы Бұрындық хандардың эстафетасын жалғастырады. Қасым хан 1521 жылы Сарайшықта қайтыс болып, сонда жерленді» дейді [4].


А.Алексеевтің сызбасында белгіленген «Аулие-склеп» орны мен зираттың көне бөлігінде жерленген Мырзағали Қаржауовтың бейіті тұспа-тұс келіп тұр. «Хан моласының» ғылыми түрде зерттеліп, онда жерленген тарихи тұлғаларды анықтау алдағы жылдардың еншісіне қалдырылды. Өйткені бұл осы маңдағы бейіттерде жерленген сүйектерді басқа жерге көшіруді қажет етеді және зерттеу жұмысын жеткілікті қаржыландыру маңызды.

Ғылыми айналымға енгізілер жаңа деректер Сарайшықтың Ұлы Дала тарихындағы рөлін жаңаша қарастыруға мүмкіндік береді. «Хан моласы» қазбасының тарих ғылымына әкелер өзіндік жаңалығы боларына сенім білдіремін. Ол үшін архивтік, археологиялық, этнографиялық, және антропологиялық зерттеулер өзара байланыста жүзеге асқаны жөн.

Бұл атқарылар істер Алтын Орда, Ноғай Ордасы және Қазақ Хандығы астанасына келер туристер мен зиярат етушілер ағынын арттырары сөзсіз. Ал, бұл өз кезегінде өңірде жаңа жұмыс орындарын ашуға әсер етеді.



Қазбаның әуеден көрінісі



Анықталған қабірхананың бір бұрышы



Қабірхананың үстінен түсірілген көрінісі

Әдебиеттер тізімі.

1 О развалинах татарского города Сарайль-Джадита // Уральские войсковые ведомости. -18678. -№30. -С. 2-7

2 Сарайшық – бабалар мұрасы. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дереккөздер / Құр. Ж.К.Жұмабаева, М.Қ.Кипиев // Ғыл. Ред. Ж.К.Жұмабаева. –Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. -224 б.

3 Тоқтабай. А. Сарайшықтың аққу көлі. Егемен Қазақстан. 21.03.1998 ж.

4 Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. –М., 2002. –С.73

Түйін

Мақалада ортағасырлық Сарайшық қаласы орнында 2020 жылы жүргізілген қазба жұмысының нәтижелері баяндалған. «Хан моласы» қазбасында археологтар ерекше қабірхананың бар екенін анықтады. Көне және жаңа деректер бұл жерде беделді тұлға жерленгенін көрсетіп тұр. Қазба нысаны толық аяқталмады. Болашақта қазба жалғасқан кезде жақсы нәтижелерге қол жеткізіледі деп болжауға болады.

Резюме

В статье описаны результаты раскопок на месте средневекового городище Сарайшык в 2020 году. Археологи обнаружили в раскопке «Ханская могила» уникальное склеп. В старых и новых источниках рассказывают, что на этом месте была захоронение авторитетный личность. Раскопки не завершены из-за некоторых обстоятельств. Ожидается, что в будущем по мере продолжения раскопок будут достигнуты хорошие результаты.

Summary

The article describes the results of excavations at the site of the medieval settlement of Saraishyk in 2020. Archaeologists have discovered a unique crypt in the excavation "Khan's Grave". Old and new sources say that this place was the burial place of an authoritative person. The excavation has not been completed due to some circumstances. Good results are expected to be achieved in the future as excavations continue.

СЕКЦИЯЛАР БОЙЫНША БАЯНДАМАЛАР

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІНДЕГІ ИСАТАЙ-МАХАМБЕТ ЕСКЕРТКІШНІҢ МАҢЫЗЫ

Н.Ж. Абатова - қазақ тілі мен
әдебиеті мұғалімі,
Жалпы білім беретін №20 орта
мектеп, Орал қаласы

Тарихи-мәдени ескерткіштер – ұлттық мәдениетіміз бен тарихымыздың құнды жәдігерлері болып табылады.

Орал – ірі ғылыми және мәдени орталықтар қаласы. Батыс Қазақстан облысы территориясында алты мыңнан астам археологиялық ескерткіштер және 500-ден астам тарих, сәулет және монументтік өнер ескерткіштері бар. Қазіргі кезде жергілікті маңызға ие 2153 және республикалық маңызы бар 14 ескерткіш мемлекет қорғауына алынған. Жергілікті маңызды 2153 ескерткіштің ішінде 173-і тарих, сәулет және монументтік өнер ескерткіші болса, 1966-сы археология ескерткіші саналады. Республикалық маңызы бар тарихи ескерткіштер ҚР-ның ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген. Бұл ескерткіштер 1992 ж. 2 шілдедегі ҚР «Тарихи-мәдени мұраларды қорғау мен пайдалану» заңына сәйкес қорғалады. Қазіргі Орал Қазақстанда қайталанбас өзіндік сәулет мәнері бар қала. Орал – мемлекетіміздің батыс қақпасы, көрші Ресей аймақтарымен халықаралық экономикалық және іскери байланыс орталығы [1].

Исатай мен Махамбет қазақ халқы үшін еркіндік, патриоттық және азат рухтың белгісі. Олардың құрметіне ескерткіштер орнатылған, көшелер мен саябақтардың атаулары берілген. Ол екеуі де патшалық Ресей әскерлеріне, сондай-ақ, Жәңгір ханның әскерлеріне қарсы шайқасқан бүлікші жасақтарды басқарған [2].

Елі үшін ер болып туған қос арыс – Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бабаларымызға арналған еңселі ескерткіш Ақ Жайық өңірінде, облыс орталығы – Оралда бой көтерді. Еңселі ескерткіш шаһарға кірер тұста, Шаған өзенінен өтетін көпірдің алдында бой көтерді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қолға алынған композицияның биіктігі – 13 метр, 5,5 метрлік мүсіндер қоладан құйылса, 7,5 метрлік тұғыры граниттен жасалған. Композиция авторлары – Нұр-Сұлтан қаласының мүсіншілері Серік Рүстембеков, Ринат Әбенев және Ербол Зиябеков.

Біз үшін еркіндіктің, отансүйгіштіктің және азат рухтың сайып қыраны Исатай мен Махамбет қандай құрметке де лайық. Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы өшкеніміздің қайта жануына, бардың қадірін білуге көп үлесін қосуда. Осынау жаңғыру кезеңінде ұлыларымызды қастерлеу – қасиетті борышымыз. Таяуда ғана өткен «Ұлытау – 2019» халықаралық

туристік форумында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Тарихтың, тарихи тұлғалардың қадір-қасиетін бағалай білу – баршамыздың ортақ парызымыз» екенін атап өтті. Заманымыздың заңғар жазушысы болған Әбіш Кекілбаев ағамыздың: «Дүниеде Махамбеттей адамдардың болғаны өзіңнің адам деген нәсілдің төлі екендігінің заңды мақтанышын туғызады» деген сөзі өміршең екені рас [3].

Халқымыздың екі қара баласының есімі – Исатай, Махамбет ғасырлар бойы өлмей, әр жүректе жазылды. Осылар айтқан еркіндікті аңсаған халық балаларына Исатай, Махамбет деп ат қойып, үміттенді. Ұлтының, ұрпағының, туған даласының тағдыры үшін, еркіндігі үшін, бүгінгі болашақтың бақыты үшін біреуі жанын қиды, біреуі басын кескізді. Яғни, туған елге, Отанға, өз ұлтына қалай қызмет етудің үлгісін көрсеткен қос батырды тарихтың да, ұлттың да, халықтың да ұмытуға хақы жоқ.

Исатай батырмен тізе қосып, оның сенімді серігі, ту ұстаушы, әрі батыр, әрі ел ағасы болған Махамбет бабамыздың ерлігі мен қара қылды қақ жарған әділдігін бүгінгі ұрпақ мақтанышпен еске алады. Махамбетке дейін де, одан кейін де елі үшін еңіреп, халқы үшін қан жұтқан талай батырлар болған, бірақ Махамбетке деңгейіне, Махамбет дәрежесіне жете алмаған.

Ақын Мұхтар Шахановтың:

«Байқаймысың, байқаймысың мына ғажап тамашаны,
Бір адамға байланысты, бір адамның болашағы,
Байыппенен көз жіберсең асау жылдар өрісіне,
Бір адамға байланысты, бір адамның жеңісі де,
Исатайды жеңбесе жау. Махамбетті жеңер ме еді.

Қайран ақын тағдырының соққысына көнер ме еді?»,- деп келетін өлеңі бар. Осы жырда айтылғандай, шынында қос тұлғаның жеткен биіктері мен шыққан шыңы екінші бір тұлғаға байланысты болғанына көзіңіз жетеді.

Исатай, Махамбет көтерілісі-шет-шегі жоқ мұхит тәрізді мол дүние. Оның түбіне жету бір адамның қолынан келмейді. Ол бүкіл халық болып жұмылып жазатын қастерлі тарихымыз. Кейде, Махамбет пен Исатай ескерткішінің тұсынан өте бергенде:

«Қарандаршы, мынау біздің тарихымыз ғой, ескеріп, елеп, қастерлеп жүріңдерші, халайық!» - деп ескерткіштерді қапсыра құшақтағым келеді. Ескерткіштер жөнінде ғалымдар, тарихшылар, жазушылар, журналистер бұрында талай рет жазғаны белгілі.

Алайда, бұрын-соңды жасалған ерліктерді, оны жасаған адамдарды шығарма, жырға қосу, ертегіге бергісіз ерліктерін бүгінгі, болашақ ұрпаққа жеткізіп, насихаттау бір күннің, бір жылдың ғана ісі емес, ерлік туралы жыр-дастандар ешқашан аяқталмай, жалғасын тауып, айтыла беруге тиіс.

Еліміз егемендігін алып, көк туымызды желбіретіп әлемге паш еткен тұста жалынды жыршы, азаттықтың жолында күрескен Махамбет пен Исатайдың қасында жүріп, ерлігі мен күш-жігерін бостандық үшін сарп еткен

қасындағы батырларын, батырларға көтеріліс кезінде күні-түні қару-жарак соққан ұсталардың рухына басымызды иіп, олардың ерлігін ұмытпағанымыз абзал.

Әдебиеттер тізімі.

1 «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ж.

2 Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы (Избранное).- Алматы: Ана тілі, 1998.- 384 б.

3 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ұлытау – 2019» халықаралық туристік форумында сөйлеген сөзі // https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulytau-2019-halykaralyk-turistik-forumynda-soilegen-sozi Пайд. уақыты: 20.03.2021 ж.

Түйін

Тарихи мәдени ескерткіштер – ұлттық тарихымыз бен мәдениетіміздің құнды жәдігерлері. Ескерткіштер – қоғам үшін маңызды тарихи дерек. Ол - өмірдің құндылыққа айналған бір бөлігі.

Резюме

Исторические памятники культуры -ценные реликвии нашей национальной истории и культуры. Памятники-важный исторический источник для общества. Это часть жизни, которая стала ценностью.

Summary

Historical cultural monuments are valuable relics of our national history and culture. Monuments are an important historical source for society. It is a part of life that has become a value.

ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ОТАРШЫЛДЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСІНІҢ ТАРИХИ АСТАРЛАРЫ ЖӘНЕ ҰЛТШЫЛДЫҚ ИДЕЯСЫ

Б. Абдрасилов- ғылыми қызметкер
«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік
тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК
Түркістан қаласы

XIX ғасыр мен XX ғасыр басында Қазақ даласына ұлт зиялыларының бір топ легінің қалыптасуы тарихи заңдылық еді. Бұл заңдылықтың алғышарттары мен себептерін, қажеттіліктерін былайша жинақтап

көрсетуімізге болады. Бұл біріншіден, Еуропалық өркениеттен артта қалған таза аграрлық елді индустриялы елге айналдыру үшін қажет болды.

Қазақ хандығы, әсіресе Тәуке, Есім, Қасым хандар тұсындағы Қазақ елінің беделі, ішкі саяси тәртібі, мемлекеттік жүйесі, экономикасы, әскери құрылысы кемелденген, басқа елдермен, Ресеймен де терезесі тең тұрған мемлекет неліктен отаршылдық күйге түсті деген сауал тастасақ, ол алдымен, Еуропалық өркениет көшінен қол ұзу болатын. Ондағы ғылыми-техникалық төңкерістің нәтижелерін, ілім мен білімді, техника дамуы мен соғыс құралдарын игере алмауымыздың бір көрінісі.

Сондықтан, да ештен кеш жақсы дегендей, XIX ғасырдағы қазақ ағартушылары елді батыстық, оның ішінде Еуропалық өркениетке қарай бұру маңызды қадамдардың бір болуы тиіс еді. Ол үшін «Ресей Еуропаға ашылған терезе» екендігі де тарихи шындық. Олай болса, қазақ даласында еуропаша білім алған зиялылар тобы құрылуы тиіс еді. Әрине, Шоқан, Ыбырай, Абай сынды бірлі жарым емес, ел дамуының келешегінің жоспарларын бір ауыздан мақұлдайтын тұтас зиялы топ өкілдері құрылуы тиіс болды. Тарихқа көз салсақ, IX-XII ғасырларда түркі даласында, қазіргі қазақ даласының оңтүстік өңірінде араб-мұсылмандық ренессанс дәуірінде бір топ ойшылдар легі қалыптасып, халқымызды өркениетке, ғылым мен білімге қарай бағыттағандығы белгілі. Сондықтан, XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының идеяларының алғышарты XIX ғасыр соңында дүниеге келген, білімге бет бұрған қазақ жастары болатын. Олар жастайынан алғыр, білімге құмар, орыс және басқа да тілдерді еркін меңгерген, өздерінің интеллектуалды қабілетін көрсете білетін тұлғалар еді.

Екіншіден, қазақ даласында ағарту жұмыстарын, яғни, жаппай білім алуды өркендету заңдылығынан туғындаған тәрізді. XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басында білім беру біздің елімізде мүлде іске асырылған жоқ деп айтуға болмайды. Бірнеше медреселер, мектептер, тіпті, кәсіптік білім беру орындары да болды. Дегенмен, мәселе, жаппай сауаттандыру қажеттігінде еді. Оның үстіне білім беру үдерісін, зайырлы бағытқа бұрып, қазіргі академиялық ғылымдарды да оқытуға маңыз беру керек болды. Ол үшін білім беру жүйесін Ресейдің үлгісі бойынша таңдау мүмкіндігі табылды. Бірақ, әрине, христиан діні сабақтары мен орыс тілі пәндерін күштеп оқыту арқылы емес, ең бастысы еуропалық білімге деген терезені ашу болды.

XX ғасырдың орта шенінде өмір сүрген, халқының қиын жағдайын өз көзімен көрген Ш. Уәлихановтың өзі «Ең алдымен білім керек» деп кесіп айтқан болатын [1, 99-100 б.].

Үшіншіден, 200 жыл бойғы Ресейдің отаршылдық саясатынан ажырап, тәуелсіз мемлекет болу үшін білікті де, білімді саяси қайраткерлерді қазақ даласы өздігінен-ақ сұранып тұрған еді. 150 жылға жуық Ресей отаршылдығымен күрестің әр түрлі формалары болды. XIX ғасырға назар аударсақ, оның бір бағыты идеологиялық күрес, бірақ, пессимистік

сарындағы зар заман ақындарының туындыларынан анық байқалатын қазақ рухының жойылып бара жатқандығы туралы сарындар.

Келесі бір бағыты таза ағартушылық арқылы: Ыбырай, Шоқан сынды ойшылдардың идеологиясы. Шоқанның Патша үкіметіне өз халқының тағдыры туралы баяндағандығы тарихтан белгілі.

Келесі бір бағыт, төңкерістік, жауынгерлік, яғни, соғыс пен бүлік шығару арқылы. Сырым, Махамбет, Амангелді батырлардың ұлт-азаттық көтерілістері түркілік жауынгерлік рухтың әлі де сабақтасып келе жатқандығының куәсі іспетті.

Ендеше, ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялылары орта ғасырлық соғыс қаруларымен жасақталған әскермен, тәуелсіздікке қол жеткізе алмайтындығын терең түйсінді. Бұндай көтерілістерді ұйымдастыру қазақ халқын Ресей армиясының қол астын салып беріп, қырып тастау екендігін олар жіті пайымдады. Дегенмен, бұл кезеңде де жасырын, астыртын, партизандық көтерілістер кездесіп тұрды. Бірақ қазақ зиялылары халықты сақтап қалу үшін, мәселені бейбіт, конституциялық жолмен шешуге талпынды. Шындығында, халқы емес, өздері ғана өз идеяларының құрбандары болды.

Төртіншіден, бірнеше жылдарға созылған елдегі алуыздық, руаралық қақтығыс, болыстыққа, хандық пен билікке талас, Ресей патшалығымен ауыз жаласу т.б. ел ішіндегі бейберекетсіздіктерді алдымен жойып алып, ауызбіршілік идеясын ұсыну қажет болды. Сондықтан, да ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялылары, кейбірі ғалымдар, кейбірі саяси қайраткерлер, кейбірі заңгерлер, кейбірі шет елдермен байланыс орнататын елдің беделді азаматтарынан құралды. Демек, ел ішіндегі ұлттық тәртіпті орнату үшін, олар ағарту жұмыстарын жүргізіп, халықтың рухын оятып, ұлттық идеяны халықтың санасына сіңіріп, отаршылдықпен бірігіп күресу идеясын ашық және жабық түрде де насихаттаумен айналысты.

ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларының дүниеге келуінің тарихи қажеттіліктері осылар болумен қатар, бұл олардың тағдыр тағайындаған міндеттері де болғандығы рас.

Ербол Тілешов: «Алаш қозғалысының – қазақтың Жаңғыру дәуірі болғандығын, оның «елім» деген, «жұртым» деген азаматтардың басын қосқандығымен де дәлелдеуге болады. Алаш қозғалысының қазақ ренессансы болғандығына бұл құбылыстың мәнінен бейхабар адам ғана келіспейді. Алаш қозғалысын Ренессанс ету – біздің қалауымыз бен еркіміз емес [2].

ХХ ғасыр басындағы Қазақ зиялылары отаршылдыққа қарсы күрес мәселесінде ұлтшылдық идеясын басты назарға қойды. Бізге жеткен тарихи мәліметтер көп емес, мүмкін олар өздерінің оңаша, жасырын бас қосуларында тәуелсіздікке қол жеткізудің тұжырымдамасын, жаңа пакеттерін жасап шығарған да болар.

Отаршылдыққа қарсы күрес бұл зиялылардың жастайынан көріп өскен қасіреті екендігі даусыз. Бірақ олар найза мен шоқпар алып, Ресей

отаршылдығына қарсы төңкеріс жасауға асықпады. Ол үшін Ресейдегі, әлемдегі болып жатқан оқиғаларды, бүкіл қазақ даласының әлеуметтік жағдайын, психологиялық климатын зерттеп алу қажет болды. Ол үшін білім алу керек екендігі түсінікті жайт. Қазақ зиялылары әр жерде, білім алса да, бірін-бірі танып, іштей күш біріктіре білді, олар сатқындарды емес, мүдделестер мен ұлт жанашырларын топтастырды. Отаршылдыққа қарсы күресуге өздерінің мақсат мүдделерін арнағандармен және өмір бойы күресуге бет бұрғандармен бірікті.

Бірақ қалай күресу керек деген сауал оларды үнемі мазалады. Себебі, ол дәуір де Ресей үшін де аумалы-төкпелі, әр түрлі саяси оқиғалардың қиылысқан тұсы болатын. Дегенмен, 1905-1907 жылдардағы төңкерістер қазақ зиялыларын ойлантты және одан әрі шыңдай түсті. Олардың көкейінде бастапқыда: «Кімдермен одақтас болу керек?» деген сауал да тұрған сыңайлы: елге реформалар жүргізуді қалайтын көтерілісші шаруалармен бе, әлде елді түбегейлі өзгерістерге жетелейтін революцияшыл коммунистік идеологиямен қарулған большевиктік партиялармен бе, әлде шет елдік буржуазиялық мемлекеттермен бе, әлде іштей қазақ халқын бөлек топтастыру қажет пе?...

Бұған тарихшылардың кейбірі мынадай тоқтам бойынша жауап берді: «Қазақстандағы революциялық қозғалыс Ресейдегі бірінші халықтық революцияның құрамдас бөлігі» болды, екіншіден, бүкіл империя көлеміндегідей «мұнда да бұл қозғалыстың гигемоны большевиктік партия бастаған орыс пролетарияты» еді және үшіншіден, «революциялық қозғалыстың даму барысында қазақ еңбекшілерінің орыс жұмысшыларымен және қоныс аударған шаруалармен интернационалдық ынтымақтастығы нығайды» [3, 416-417 б.].

Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы Ресейдегі большевиктер партиясы бастаған пролетарлық қозғалыспен де байланыс орнатты, бірақ ұлттық таптық сипатты жоғары қоймады немесе оған көңіл аудармады.

1905-1907 жылдардағы революцияға байланысты С.Брайнин мен Ш.Шафиро былай деп тұжырымдады: «Қазақ бұқарасының ұлттық-революциялық қозғалысы жалпыресейлік қозғалыспен тікелей өте тығыз байланыста дамыды, 1905 жылдың қуатты ықпалында болды, большевиктер партиясы басқарған жұмысшы қозғалысының аясында қалыптасып, жетілді... Бұл ықпал біз әлі мүлдем зерттеп білмеген жолдар арқылы бұқараға жетіп, оны революцияландырған болатын» [4]. Шындығында, 1905 жылғы төңкерістің Қазақ жерін де қамтуы, біріншіден, олардың ауыр халі мен отаршылдық күйіне байланысты болғандықтан, қазақтар олармен де бірлесе қимылдау қамында қолды. Дегенмен, шаруалар алдымен, өздерінің жағдайы туралы толғанса, екіншіден, азаттық аңсау рухы да болғандығы жасырын емес еді. Патша үкіметінің монархиялық саяса екі елдің шаруалары мен жұмысшыларын біріктірді. Дегенмен, бұл екеуін ортақ бір арнаға толықтай

түйістіруге де болмайды. Себебе, Ресейдегі шаруалар толқуында қазақ елінің азаттығы туралы ниет те жоқ екендігі түсінікті жайт.

Бірақ Патша үкіметінің Қазақ халқына тәуелсіздік алып бермейтіндігі белгілі болған шақта, монархия мен деспотияны әлсірету, ойланту үшін уақытша болса да күш бііктіруге қажет еді. Тіпті көтерілісшілер жеңілістапқан жағдайда да, шаруалар өздерінің сәл де болса жағдайларын жақсартуға үміт артқан сыңайлы. Бірақ бұл жерде, орыс шаруалары мен қазақ шаруалары арасында қақтығыстардың да болуы мүмкін емес еді.

Себебі, отаршыл үкімет пен орыс шаруалары бір субектілер емес, екеуі бір халық болғанмен, мүдде айырмашылықтары бар. Осыны қазақ халқының көтерілісшілері де түйсінді.

Сондықтан, қазақ зиялылары бұл тұста таптық күресті мақсат ете қоймаған сияқты. Себебі, олар Ресей қоғамындағы әліптің артын бағумен болған сыңайлы. Олар Ресейде қалыптасып келе жатқан большевистік рухты да түсінді, сонымен қатар, буржуазиялық төңкерістерде де блотжай алған жоқ деп айта аламыз. Себебі, XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының көпшілігі ауқатты отбасынан шыққандар. Бірақ большевизмге де қарсы идеологиялық күрес жүргізуге болайтын кезек еді. Кей сәтерде оларды қолдап отырды, Кеңес үкіметі орнаған тұста да, оған қарсы шыққан жоқ, тек елдің азаттығы идеясынан олар айырылмады. Қазақ зиялылары қай кезе, қандай діуір, қандай қоғам болмасын елдің тәуелсіздігін аңсады және оған жетудің жолдарын қарастырды.

Мәселен, I және II Мемлекеттік Думаға сайланғандар Ресей патшалығы тарапынан үміт күткенмен, оны қолдап отырды деп айта алмаймыз. Бейбіт жолмен бітте-бірте тәуелсіздікке қол жеткізудің қадамдарын жасап отырды. Олар мүдделері бір болғандықтарн, большевик-меньшевиктерге, монархия мен буржуазияға бөлінбеді. Әрине, азхаттық жолында пікір қайшылықтары болды. Бірақ олар бір-біріне деген достық қарым-қатынасын сақтап, өзара бірлікте болу идеясын қолдады, барлығы да Алаш ұраны туы астына бірікті. Қазақ съездерінде талқыланған мәселелердің негізгі де Жер, Ел, Қоғам дамуы; ағартушылық еді. Ұлттық идеяны жүзеге асырудың алғышарты ұлттық сана, ұлттық сананың нығаюы бірлік екендігі түсінікті жайт.

«Қазақ ССР тарихының» көп томдығында: «Еңбекші бұқараны революциялық күрестен қайткен күнде де аулақтауға тырысып, феодалдық – бай жоғарғы топ пен мұсылман дін басылары «петиция» науқанын ұйымдастырды. 1905 жылы 25 июльде Қоянды жәрмеңкесінде (Қарқаралы қаласының жанында) байлардың съезі болып, онда патшаға петиция әзірленді».

Қазақ зиялылары ру аралық тартыс пен билікке таласқан халқымыздың өткен тарихының қателігін қайталамау үшін, билік орындарына еркін сайлауға түсіп, бір-біріне қолдау көрсетті, билікке талас болған жоқ. Себебі, тап күресі мәселесімен олар келісе қоймады.

Г.Сафаро өз еңбегінде: «1917 жылғы революцияға дейін Түркістандағы жағдайды есепке алған ешқандай да революциялық идеология, орыс жұртының арасында революциялық қозғалыста бірлікке ұмтылушылықты аңғартатын кішкене де ыңғай, ешқандай да бұқараны революциялық ұйымдастыру, ешқандай да революциялық дәстүр болған емес, Қанаудағы ұлттар мен қоныс аударып келген орыс жұртының арасында ұлттық теңсіздіктен бастау алатын өзара түсініспеушіліктің қалың қабырғасы тұрды» деп жазды [5, С.54]. Қазақ зиялыларының ең басты сіңірген еңбегі мынада: олар бүкілресейлік даму кезеңінің басталуын дер кезінде аңғарды, қазақ қоғамын ілгері бастырудың амалдарын іздестірумен айналысып, бұл үшін бірінші орыс революциясы берген әлеуметтік және саяси бостандықтарды пайдаланды, халықты патриархаттық-рулық мешеуліктен арылтуға, патшалық езгіден азат етуге, оған білім мен прогрестің, мемлекеттік тәуелсіздік алудың жолдарын көрсетуге ұмтылды. Мұның қиын күрес, күрделі тартыстар мен ізденістер жолы болтаны күмәнсіз. Бұл қазақ зиялылары жүргізген ұлтшылдық идеяның негізгі бағдарлары еді. Сонымен ұлтшылдық идея дегеніміз не деген сауалға қысқаша тоқталып өтуді жөн көрдік. Қазіргі таңдағы отандық ғалымдардың көпшілігі осы ұлтшылдық идея деген сөзді қолданудан бас тартып, оның орнына ұлттық идея деген тіркесті қолданып жүр. Ал кейбірі, бұл екеуі туыстас ұғым десе, кейбірі екеуінің ара жігін ажыратады: Ұлтшылдық шовинистік деген жуықтайты, ұлттық отандық, ұлтжандылық деген ұғымдармен парапар дейді. Бірақ біз үшін мәселе онда емес, ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларына шовинист деп кәна тағып, ұлттық идеяларына қарсы шыққандығы анық еді. Осыған байланысты, мәселе атауда емес, ең бастыс ұлттық идея туралы болып отыр. Ұлттық идеяны зерттеушілер, оған әр түрлі түсініктемелер береді: «Анығында, ұлттық идея дегеніміз – тарихтың жоғалтқанын бүгіннен іздеу, бүгінгінің талабын тарихта кеткен қателіктерден арыла отырып қанағаттандыру, келешекке халық тарихының философиясы арқылы үңілу» Философ Б. Нұржанов ұлттық идеяға мифтік символдарды, тарихи сананы, тіл мен дәстүрді, ұлттық мемлекетті және т.б. жатқызуға болатындығын көрсетеді [6, 142 с.].

А. Сейдімбековтің пікірінше: «Қазақ идеясы, яғни, сол мәндегі қазақстандық немесе ұлттық идея өзара шендескен екі бастаудан нәр алуға тиіс. Біріншісі – қазақ халқының тарихи тағдыры қалыптастырған мейірім, шапағат, парасат, жарасым, бақыт туралы арман-аңсары (идеалы). Яғни, кең мағынасында, ондай идеалдың мәдениет пен өнер, тіл мен діл, салт пен дәстүр түріндегі өмірлік көріністері. Екіншісі – бүгінгі тарихи кезең аясындағы нақты бастан кешіп отырған ахуал» Ғ.Есім ұлттық идеяны жалпы концептуалды ұғым ретінде байыптап, сезімдік аспектіде ұғынылатын, шабыт пен қуаттылыққа үндейтін тұғыр ретінде байыптайды: «...ұлттың жаңғыруы – Қазақ Ренессансы, Қазақ елінің мәңгілігі» [7]. Ұлттық идея жөніндегі Дәуренбек Әубәкірдің пікіріне сүйенсек, ол ұлттық құндылықтар

мен ұғымдарды жіктеп, оларды топтап көрсетіп, ұлттық идеяның күрделірек құрылым ретінде байыптағандығын аңғарамыз: «өркениетті даму тағаны – нарық, индустрия, ғылым, техника, инновациялық жаңғырған тәсіл, айла, технология, кластер, байыпты-орнықты даму мәдениеті; адами-ізгілік тағаны – рух, тіл, дін, жан-тән тазалығы, тіл, білім, тәрбие, өнер, әдет-ғұрып, Ата Заң мәдениеті; саяси-идеологиялық тағаны – ұлттық мемлекет, егемендік, тәуелсіздік, идеология парасаты, ұлтаралық, дінаралық татулыққа кепілдік, бәсекелестік, ұпай, түгендеу, халықаралық саясат жүргізу мәдениеті»[8].

Х. Әбжановтың пікірсайыстар алаңындағы ұстанымын байыптасақ, ол өзіндік ойын былайша түйіндейді: «Нысаналы пайым мен тұжырымдамалар ұлттық идея қызметін атқарады. XX ғасыр басындағы Алаш зиялылары ұлттық идеяны анықтаудың тамаша үлгісін көрсете алды. Бастапқыда оның мәнін, мақсат-міндеттерін «Оян, қазақ» формуласымен дәйектесе, империя күйрей бастағанда «Қазақ автономиясы» ұлттық идеясын дүниеге әкелді. Түптеп келгенде, 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің жариялануы – «Қазақ автономиясы» ұлттық идеясының салтанаты» М. Таңжаров пен Б.М. Аташ XX ғасыр басындағы ұлттық идеяны былайша тиянақтап береді: «Түп қазықтық пафос: Оян, қазақ – нәтижесі: Қазақ автономиясының идеалы – бүгінгі таңдағы көрінісі: Қазақстан тәуелсіздігі» деп, оның ой тұжырымының логикалық тізбегін айқындасақ, алғашқысы – қозғаушы ұлттық рухтың нышаны, ал «Қазақ автономиясы идеалы» – ұлттық идеяның тарихи сабақтастығының айшықты көрінісі, тәуелсіздік – нәтиже, мүмкіндіктің шындыққа айналған реалды мақсаты іспетті. Яғни, бұл идея – тәуелсіздік рухының идеясының эволюциясы тәрізді» [9, 22 б.]. Осы тұста, XX ғасыр басында да ұлттық идея арнайы тұжырымдама, теориялық-әдіснамалық негіздері құрылған тұтас жүйе болмаса да, негізгі бағдарлары айқын болғандығын көтуімізге болады. Мәселен, М. Дулатов өзінің «Қазағым менің, елім менің» деген мақаласында «Ресейге тәуелді қазақ халқының «ешқандай правосының жоқтығы ыза мен кекті тудырады», «чиновниктер, урядниктер кедей қазақтарды ұрып-соғып, малдарын тартып алып, ойына не келсе, соны істейді». «Енді олар біздің дінімізге, атадан мұра болып келе жатқан әдет-ғұрпымызға ауыз салуда. Жер ауып келген мыңдаған мұжықтар қазақтардың суы мен шұрайлы жерлерін тартып алуда. Чиновниктерді арқаланған олар «сорлы қазақтарды ұрып-соғып, бар мүлкін тартып алып кетуде», -деп түсініктеме берген болатын [10, 29 б.]. Демек, оның ұлтшылдық идеясы, қазақ халқының басқалармен де тең құқықтығын сақтау, өзге ұлттар тарапынан қысымшылықтың болмауы, әдет-ғұрып пен салт-дәстүр.

XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары ұлттық идеяны халықтың бойынша сіңіруде де идеологиялық жұмыстар атқарды. Ол үшін БАҚ құралдары мен ұлттық рухта жазылған әдеби шығармалар мен өлеңдерді жазу және оны халыққа тарату басты мақсат етіп қойылды.

1907 жылы 27 наурызда Санкт-Петербургта Шахмарждан Қосшығұлов, Ибрагимов Абдурашидтің басшылығымен тұңғыш қазақ тіліндегі жарық көретін «Серке» газеті татардың «Улфат» атты газетінің жанынан баспадан шығарылды. 1907 жылы 9 маусымда ол Патшаның жарлығымен жабылып қалды. Шығарылған газеттің саны мен онда жарияланған мақалалар жөнінде мағлұматтар жоқтың қасы. Дегенмен, бұл газет алғашқы қазақ газеті ретінде ұлттық мәселелерді көтеретін, азаттық рухын жырлайтын, діни бірлестікті қалайтын терең мақсаттарды көздеген болса керек.

Онда М. Дулатовтың «Жастарға» деген өлеңі мен «Біздің мақсатымыз» деген мақаласы жарияланды. 1909 жылы оның «Оян, Қазақ» деп аталатын кітабы Уфада жарыққа шыққанмен, өзі осы еңбегі үшін қудалауға ұшырап кітап көпшілікке еркін таратылмай қалды. Дегенмен, оның ұлттық идеясы, «Оян, Қазақ» ұранынан бастау алады. Халқымыз ел шетіне жау келсе, «Аттан» деп шабатын болса, М. Дулатов оларды әуелі оятып алуды мақсат етеді. Өлең жолдарындағы ұлтшылдық идея поэзия тілімен көркемделген және қысқаша мынадай мазмұнды қамтиды: «Көзіңді аш! Оян қазақ! Көтер басты! Өткізбей қараңғыда бекер жасты, Жер кепті, дін нашарлап, хал харам боп, Қазағым енді жату жарамасты. Найзаменен түртсе де, Жатырмын, қазақ, оянбай. Мұнша қалың ұйқыны Бердің бізге, ой, Алла-ай!... Қараңғыда жетектеп. Терең судан өтер ме, Мың қойды серке бастамай?» [11]. Өлеңнің соңғы жолдарынан газеттің неліктен «Серке» деп аталғандығын ұғынуға болады. Бұл өлең де ұлттық идеологияның бір көрінісі ретінде патша үкіметіне үрей туғызды, бұл қазақтардың азаттық рухын оятатын туынды деп түсініп, М. Дулатовты қудалауға ұшыратты.

XX ғасыр басында қазақ зиялылары, әсіресе, ақындар мен жазушылар өздерінің азаттық идеясын көркемдік түрде халыққа жеткізіп отырды.

Ұлтшылдық идеяның әдебиеттегі көрінісін Ө. Әбдиманұлы былайша сипаттаған еді: «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі үшінші бағытты біз, ұлт-азаттық бағыт деп атады. Осы атау бізге орынды көрінеді. Өткен ғасырдың бас кезінде отаршылдық езгінің қыспағында қазақ халқы ауыр қоғамдық дағдарысқа ұшырады. Міне, осы тұста, қазақ зиялыларының өзгеше бір тобы отаршылдық құрсауынан шығудың жолын іздеп, жүйеге түскен бағдарламалық іс-әрекетке көшті. Бұл қазақ халқының ғасырдан астам азапты тарихындағы нұрлы сәулеге бет бұрған кезеңі еді» [12].

Шындығында, азаттық үшін күрестің өзі әртарапты және әриқилы болып келеді. Осы орайда, әдебиет саласы өз қиялы мен өз шығармашылығымен ғана емес, сол заманның талабы мен халқының зары мен мұңын да көркемдік тілмен жеткізіп отыруды мақсат етті.

«Міржақып шығармашылығын зерттеген ғалым М. Әпсембетовтың деректері бойынша романға негізінен Көкшетау даласында болған оқиға себеп болған. 1908 жылы Міржақыптың ізіне түскен патша тыңшыларынан бой тасалау үшін, торғайды тастап, Көкшетауға келеді. Көкшетауда Саумал көл деген жерде ауыл мектебінде мұғалім болып істеп жүрген кезінде, ол

Жамал атты Қазақ қызының тауқыметті тағдырына куә болады. Бақытсыз Жамал романындағы оқиға осылайша өмірден алынған еді», - деп пайымдалған пікірлер осының айғағы.

А. Байтұрсынов өзінің «Қарқаралы қаласына» өлеңін айдауға кетіп бара жатқанда жазған екен: «Бар қаймағын қуып біттің, Кім қалады елінде, Доңыздармен сиыспасын бірге тұрып бұл Елде» деген жорлдар тек өзінің жеке басының ғана мұңы емес, Қазақ елінің «қаймағын», яғни, зиялыларына жасалған шабуыл екендігін паш етукі еді. 1907 жылы Қарқаралы абақтысында 6 жыл отырып, тағы да айдалып бара жатқанда, А. Байтұрсынов былай деп толғаған екен: «Қош сау бол, Қарқаралы жуылмаған, Айдай бер қалса адамың қуылмаған». Немесе, 1905-1907 жылдардағы заман туралы, өздерінің қан төгу емес, мақсаттары ұлттық азаттық екендігін, тым болмаса, өз үндеремізді білдіруіміз керек екендігін ол былайша толғаған екен: «Бапйқасақ, жезде, Бауыздар кезде, Үн шығу бар емес пе? Үндемей өлсек, Сүйекпен көмсек, Кейінгілер демес пе?! Лақ құрлы бақырмай, Өлген екен апырмай!»

Оның 1909 жылы жазылған «Анама хат» деген толғауында да сол дәуірдің өмір шындығы мен өзінің ел азаттығы үшін күресуін міндетке айналдырға өмір сүру мәнері туралы былайша толғайды: «Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп, Бітпеген жүрегімде бар бір жарам... Адамнан туып, адам ісін етпей, Ұялмай не бетіммен көрге барам?!».

Сондай-ақ ұлттық идея жаршысы болған М. Сералин де 1900 жылы «Топжарған», 1903 жылы «Гүлкәшима» атты поэмаларын жариялап, онда да ұлттық идея туралы жырлайды, халқына үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, астартын иделогтар секілді қызмет етеді.

Ал Мәшһүр Жүсіп 1907 жылы жарық көрген үш кітабы, атап айтқанда, «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» үшін қудаланады. Бұл кітаптарда да ұлттық идея көріністері анық байқалады, көптеген мәселелер астарлап жеткізіледі. Өйткені, өнердің, бір ерекшелігі – шындықты тура айтпай, астарлап жеткізіп, образды түрде бейнелеп, халыққа жеткізу мәнерін пайдалана алатындығында.

Ол 1905 жылы «дала уәлаяты» газетінде «Қанды жексенбі», «Сарыарқа кімдікі» атты өлеңдерін жариялаған үшін қудалауға ұшыраған екен. М. Қалтайұлының 1910 жылы жарияланған «Қазақтың айнасы», 1910 жылы шыққан «Біраз ғибрат сөз» атты туындысында, 1911 жылғы «Насихат казахия» т.б. шығармаларында да негізгі тақырыптың өзегі – ұлттық идея болатын.

Әдебиеттер тізімі.

- 1 Уәлиханов Ш. Шығармаларжинағы.-1 Т.-Алматы, 1961ж.
- 2 Тілешов Е. Алаштың жолы//Алаш-таным.- 213 б.

3 Қазақ ССР тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін 5 томдық. - Алматы, 1982 - 3 т. - 560 б.

4 Брайнин С., Шафино Ш. Очерки по истории Алаш-Орды / Под ред. Н.Н. Ванаг. Алма-Ата; Москва: Казахстанское краевое издательство, 1935. - 148 с.

5 Сафаров Г. Колониальная революция: (Опыт Туркестана). — М.: Государственное издательство, 1921. - 148 с.

6 Нуржанов Б. О национальной идее. К постановке проблемы//ҚАЗҰУ хабаршысы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. -Алматы, 2009. - №1 (32). 142-145с.

7 Есім Ғ. Қазақ Ренессансы. Алматы: Қазақ университеті, 2006.- 98 б.

8 Дәуренбек Ә. Жаһандану және ұлттық идея (үштағанды философиялық тұғырнама// Тіл және қоғам. -2005. -№2. - 54б.

9 Таңжаров М, Аташ Б. Қазақ спортындағы ұлттық идея.-Алматы: Сагауидтинов, 2013.- 185 б.

10 Дулатов М. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1991. - 384 б.

11 Дулатов М. Оян, Қазақ өлеңі. //https://surak.baribar.kz/286115/ Пайд. уақыты: 12.03.2021 ж.

12 Әбдиманұлы Ә. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Оқулық.- Алматы, 2012.-408 б.

БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ – ЖӘНГІР ХАН ТАРИХИ КЕШЕНІ

А.Х. Амангалиева - тарих, құқық пәндерінің оқытушысы
БҚО әкімдігінің білім басқармасы
«Теректі колледжі» МКҚК

Біздің батыс өлкеміз тарихи оқиғалар мен тұлғаларға өте бай. Соның ішінде XIX ғасырда қазақ даласында өзінің жан-жақты дамуымен зор маңызға ие болған Жәңгір ханның орны ерекше болды. Әсіресе Жәңгір хан билік құрған тұста Бөкей ордасының даңқы артып, алыс-жақын шет елдер зерттеушілерінің қызығушылығын туғызды, назарын аударды.

Кеңес дәуірінде Жәңгірді тек халықты қанаушы, озбыр, қанішер ретінде көрсетті. Тәуелсіздік алғаннан соң Жәңгірдің көлеңке тұста қалған еңбектері жарыққа шыға бастағанмен, ол туралы айтылмай жатқан ақиқат әлі де көп.

2009 жылы Бөкей Ордасындағы Жәңгір хан кесенесіне барып, одан алған әсерім ғылыми ізденісімнің осы тақырыпта өрбуіне себепші болды. Бұл тұрғыда өзім Батыс Қазақстан облыстық тарихи өлкетану мұражайынан және Жәңгір туралы қалам тербетіп жүрген зерттеушілердің еңбегіне сүйеніп, осы тақырыпта қажетті қосымша мәліметтер жинақтадым.

Жалпы Жәңгір хан тарихы халқымыздың қауышу, ел болу тарихы, қазіргі қоғам дамуында жаңа ғасырда тағы бір таразылауды қажет етеді.

Егер Бөкей көшпесе, жүрер едік біз қайда,

Шекараны өзге жұрт басқа жерден сызбай ма?!... [1, 6-8 б.].

Бөкей сұлтанның жанұясында 1801 жылы Каспий маңындағы Ақтұба өзенінің іргесінде Жиһангер (Жәңгір) атты ұл бала дүниеге келді. Бөкей киіз үйде көшпелі өмір сүреді, көбіне Каспий теңізі жағалауына қоныстанатынын есептесек, Жәңгір сол өңірде дүниеге келді деп есептеуімізге болады. Хан Жәңгір Шыңғыстың ұрпағы Әбілқайыр ханның шөбересі.

1823 жылы 22 маусымда биік мәртебелі патшаның жарлығы бойынша Жәңгір Бөкейұлы Бөкей ордасының ханы болып тағайындалды. Ақ киізге отырғызып хан көтеру рәсімі 1824 жылы 26 маусымда Орал қаласында Хан тоғайында өтті. Жәңгір ел басқарған уақытта Орданың жергілікті басқару ісі негізінен өзінің билігінде болды. Ханның жанында Хан Кеңесі жұмыс істеді, оған халық ру старшындары мен билерінен кеңес мүшесін сайлады. Әр рудың, көбінесе, сұлтандардан сайланған ру басылары басқарды. Ал, күрделі істерге хан депутаттардан басқа белгілі адамдардан осы істің шешілуінің басы-қасында болатын адам тағайындады.

Жәңгір хан 1826 жылы жазда жұбайы Фатимамен бірге Николай I патшаның таққа отыру салтанатына барғанда, патша ағзамның отбасы зор ризашылықпен қабылдап, көптеген сыйлықтар берді. Мәскеуден қайтар жолда Жәңгір хан Қазан қаласына соғып, онда профессор Фукспен кездесті. Қазан университетімен, оның кітапханасымен танысып, өзінің қол астындағы қазақ балаларын осы оқу орнында оқыту жөнінде әңгіме қозғайды. Фукстың айтуынша Жәңгір хан орысша дұрыс, таза сөйлейді, араб, парсы тілдерінде оқып және осы тілдерді жаза да біледі [2, 21-24 б.].

1839 жылы Жәңгір хан жоғарғы оқу орындарына қазақ балаларын қабылдау жөнінде Жоғарғы мәртебелі рұқсат сұрады. Сәйкес әзірліктен кейін қазақ балаларына гимназияға байланыс жолдары корпусына, Неплюев кадет корпусына, азаматтық инженерлер училищесіне және Қазан университетіне түсіп оқуға рұқсат етілді [3. 45-47 б.].

1841 жылы 6 желтоқсанда Хан ордасында Жәңгір өз қаражатына қазақ балалары үшін орыс тілінде оқытатын Жәңгір училищесін ашты. Онда ислам діні оқуынан басқа негізгі пәндер ретінде орыс тілі, арифметика, география және Ресей тарихының қысқаша курсы, кейіннен, орыс балаларын осы мектепте қабылдаумен байланысты құдай заңы жүргізілді. Содан кейін арнайы курс ретінде шешекке қарсы егу ережелері, кітап түптеу, үш жыл іссапарға келген орыс офицерінің басшылығымен 6 бала оқыған жер өлшеу бөлімі ашылды. Жәңгір хан осы училище үшін әдейі үй салдырып, оған оқытушыларды өзі таңдап алып, тағайындады және өле-өлгенше училище мен оқытушыларға кететін шығындарды өзі төлеп отырды. Ханның таңдауы бойынша училищенің меңгерушісі және оқытушысы болып, осы Ордада мал дәрігері болып жұмыс істейтін Константин Петрович Ольдекоп

тағайындалды. Оған орыс тілін, арифметика және географияны оқыту және – оқушылардың тәртібін, тәрбиесін қадағалау жүктелді [4, 5-6 б.].

Училище 6 желтоқсанда патша ағзам Николай Павловичтің таққа отыру құрметіне ашылды. Училище оқу жылын, әдетте 6 желтоқсанда, оқушылардың өткен жылғы алған білімдерінен сынақ қабылдаумен бастаған. Жылына үш рет мектеп оқушыларының тізімі, олардың бағалары ханға көрсетіліп, оқушылардан сынақ алынып, содан кейін оқушылар мен оқытушыларға, шәкірттердің ата-аналарына, сұлтан, билерге мерекелік қонақасы берілген. Училищеде істеген еңбегі үшін К.П.Ольдекоп, тікелей хан қолынан сыйақы алып отырды. Ол оқыту жұмысына бар күш-жігерін аямай жұмсап, 10 жылдай еңбек етіп, өзі туралы ізгі белгі қалдырды.

Бүгінгі күнге дейін Жәңгір училищесі - Орда орта мектебінен танымал атақты түлектер қанаттанып, өмірге жолдама алды. Олардың ішінен оқымыстылар, батырлар, композиторлар, еңбек ерлері, генералдар мен мемлекет қайраткерлері, спортшылар мен оқытушы, дәрігерлер, әртүрлі мамандықтың иелері шықты [2, 5-6 б.].

Олар танымал ғалымдар: М.Қ.Бабажанов, М.Ш.Бекмұхамбетов, Қ.Н.Бөкейханов, Ғ.З.Быяшев және т.б. Жәңгір хан тағына отырғанына екі жыл толмай яғни 1826 жылдан бастап Нарын құмының шетінен хандықтың орталығын - Хан Ордасы қаласын салдыра бастады. Оның жанында Хан дәрігерінің үйі, әртүрлі қызмет жайлары, үлкен бағы, оның ортасында ханның өз сызбасы негізінде 1835 жылы мешіт салынған. 1838 жылдан бастап Саратовтан 130 шақырымдай жерде Тарғын өзені бойында Хан жазғы Ордасын салдырған.

Хан Ордасында басқа да үйлер салғыза отырып, би, сұлтандардың, байлардың, саудагерлердің де үй салуына ұсыныс жасап, көмек көрсетіп отырған. 1846 жылғы дерекке қарағанда Ордада 89 үй салынған [4, 351 б].

Хан сарайында ханның кеңсесі, қонақ қабылдайтын бөлме, үлкен асхана, кішкене музей- қару – жарақ палатасы болған. Хан үйі бөлмелеріндегі жиһаздардың үлкен талғампаздықпен жиналғанын айта келіп, Сабанчиков пен Евреиновтар европа мен азиаттық талғамның үндестігін табады. Хан Жәңгірдің кітапханасы өте бай болған, сол кезде хан баспадан «Северная пчела», «Отечественные записки», «Современник», журнал Министерства народного просвещения, «Посредник», «Русский инвалид», «Сенатские ведомости» атты мерзімді басылымдарды алдырып тұрған. Сонымен бірге 1843 жылы Шинкельдің «Архитектура столетия», Максимовичтің «Атлас и собрание карт земного шара», Проскураков пен Семеновтың «Подробный учебный атлас Российской империй», Михайловский - Данилевскийдің «Описание отечеств войны» кітабының екінші басылымы, Баршевтің «Основания уголовного права», Гогольдің «Мертвые души» сияқты жеке шығармаларын жаздырып алдырған.

Ол кездегі халық арасындағы көп тараған аурудың бірі – шешек болса, оны жою жолында Жәңгір қызмет атқарған. 1825 жылы хан Орынборға

Сырлыбай Жәнібековты шешекке қарсы алдын-алу егуді үйренуге жібереді. Ол оқуын бітіріп келгеннен кейін 1826 жылдан бастап Бөкей хандығында шешек жауруына қарсы алдын алу шаралары істелінді. Ал, 1825 жылғы сәуір айында Орынбор генерал-губернаторына жолдаған қатынас қағазда халықтың көшпелі тұрмысын айта келіп, ауруларға көмектесетін дәрігерлер мал басын аман сақтау және мал тұқымын асылдандыру үшін білікті мамандар бөлуін сұрайды. Осы бағытта 1838 жылы Хан Ордасында медициналық дәріхана ашылды. 1832 жылы Хан жәрмеңкесі ашылып, жазғытұрым және күзде 15 күннен онда әртүрлі сауда-саттық жүргізілген. Деректерге қарағанда, жәрмеңкеге ішкі Ресейден көптеген саудагерлер келіп, ал, ақша айналымы миллион сомға дейін барған [5, 56 б.].

1845 жылы 11 тамызда Торғын өзенінің жағасындағы жайлауында қазақтың ең ақырғы ханы Жәңгір Бөкейұлы 44 жасында дүние салды. Жәңгір хан кемеліне келген ақыл- парасаты толысқан шағында жұмбақ өліммен көз жұмды. Жәңгір хандық құрған 22 жылдың ішінде қазақ хандарының бір де бірі істемеген істерді қазақ тарихында өшпес игіліктерді, мұраларды өмірге келтірді [6, 23-27 б.].

Халықтың тарихын, мұрасын ұрпаққа жеткізу – музей қызметінің басты міндеті. Бұл дегенің өткенді таныту арқылы рух пен руханиятты байланыстыру.

Еліміздің ең шалғай аймағы Орда ауылына барсаңыз сол ескі үйлер, көне ғимараттар ХІХ ғасырдың жәдігеріндей. Керек десеңіз, Орда ауылы мұражай-қалаға сұранып тұрғандай. Әр көшесінде тарихтың ізі сайрап жатыр. Кең байтақ Қазақстандағы өткені бай, шежірелі мекеннің бірі Бөкей ордасы ауданындағы Хан ордасы ауылы. Ауылдың кереметі саналатын Бөкей Ордасы тарихи мұражай кешеніндегі ғимараттардың әрбірінің тарихы бар. Бөкей Ордасы кезіндегі тарихи-мәдени ескерткіштер Батыс Қазақстан облысының аумағында сақталған. Туған жер тарихын түгендеп, ел шежіресін бүтіндеуде, әрине, музейдің маңызы зор. Бөкей ордасы тарихи-мұражай кешенінің құрылғанына да жарты ғасыр болды. Әуел баста Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, азамат соғысын бастан кешкен Ленин орденді ұстаз Ахметфайыз Тажетдинов қоғамдық негізде небәрі 55 экспонатымен ашқан музей кейін мемлекет қамқорлығына көшіп, іргелі орынға айналды. Сегіз жыл музейге Шарап Сиранов басшылық етсе, 1978 жылдан мұражай тізгінін қолына алған Темірболат Мақымов өмірінің соңғы күндеріне дейін тарих деп тыным таппады. Бүгінгі таңда оның ісін ұлы Ғайса жалғастыруда. Ұзақ жылғы жұмыстар нәтижесінде кезінде құм басқан қазынашылық ғимаратында Бөкей ордасының тарихы хатталса, қыздар училищесінде халыққа білім беру музейі ашылды. Жәңгір ханның сарайы толығымен қалпына келтіріліп, қару-жарақ палатасы қайта түледі. Хан мешітіне Тәуелсіздік музейі орын тепсе, дәрігер А.Сергачевтің үйі, Тарғын мектебі бой көтерді. Жәңгір хан, қазақтың тұңғыш ғалымдарының бірі Мұхамед-Салық Бабажанов, күйші Дәулеткерей кесенелері көпшілік тәу етер орынға айналды.

Қазақтың тұңғыш баспаханасы осы Хан ордасында ірге көтергені белгілі. Биыл шыға бастағанына 95 жыл толатын қазіргі облыстық «Орал өңірі» және «Приуралье» газеттерінің алғашқы саны осында басылды. Баспахана ғимараты күні бүгінге дейін сақталған, дегенмен оны қалпына келтіруден гөрі көшірмесі ретінде жаңасын салу әлдеқайда тиімді болған. Осы мақсатқа өткен жылы «Мәдени мұра» бағдарламасына сәйкес 18 млн. теңге бөлініп, игерілген. Қазір ғимаратта бұрынғы баспа, қағаз кесу, әріп теру машиналары қойылған, енді басқа жәдігерлермен толықтырып, баспахана музейін ашу ғана қалып тұр. Сөйтіп төрт музейден тұратын кешенге тағы біреуі қосылмақ. Сондай-ақ жаңадан ауылдық емдеу орны салынуына байланысты 1852 жылы ірге көтерген бұрынғы ғимараттар негізінде аурухана музейін жасақтау қолға алынбақшы. Болашақта мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан орталық атқару комитетінің тұңғыш төрағасы Сейітқали Меңдешевтің, А.Тажетдинов пен тағы бір қадірменді ұстаз Ғұмар Зариповтың мемориалдық музейлерін, табиғат мұражайын ашу жоспарда тұр. Табиғат демекші, қарағайы аспанмен астасып, көркем тоғаймен көмкерілген Хан ордасын тұтас музейге айналдырса да артық емес. Кешенге қосымша жер алып, этномузей ашып, оны тарихи-мәдени қорыққа ұластырса, қазақ үшін қасиетті мекеннің бағы ашыла түсер еді. Кешен директорының сөзіне қарағанда, қазіргі кезде мемлекет қорғауына алынған 25 үй болса, соның 12-сі музейдің қарауында. Қалғандарында адамдар тұрып жатыр немесе бос тұр, бірақ тұрғындар оларды өздігінен бұза алмайды. Оған қоса 1840-1880 жылдар аралығында салынған тағы 45 үй бар. Міне, осылардың тағдыры қыл үстінде тұр деуге болады. Өйткені әркімнің меншігі болғандықтан, оны не істеймін десе де өзі біледі [7. 95-97 б.].

Күні бүгін мұражай кешені қорында 15 мың жәдігер болса, соның 9 мыңы негізгі қор болып есептеледі. Кешен қорын толықтыру мақсатында музей қызметкерлері Астана, Алматы барып, жұмыстануда. Алматыдан «Қазақстан» газетінің көшірмелерін ақын, журналист Сатыбалды Дауымовтың жары Асылханымнан қаламгерге қатысты құжаттар әкелінген. Айта кетелік, саналы ғұмырын Бөкей ордасы тарихи мұражай кешенін көркейтуге арнаған, ауданның құрметті азаматы Темірболат Махимовтың ісін бүгінде ұлы Ғайса жалғастырып отыр. Тарих бетіндегі ақтандақтарды анықтау мақсатында кешен қызметкерлері 2009-2010 жылдары Ресейдің Астрахан, Орынбор және Санкт-Петербург қалаларында болып, музей қорын бөкейліктер, Хан ордасындағы жер қатынастары, экономикалық, әлеуметтік жағдайлар, білім беру, мал шаруашылығы мен сот қызметі туралы деректермен толықтырыпты [2, 21-24 б.].

Бөкей хандығының тарихымен терең танысып, белгілі тұлғалардың басына тәу ету мақсатында Бөкей ордасы ауданы Хан ордасы ауылына алыс-жақыннан арнайы ат арытып келушілердің қатары еш толастаған емес. Әсіресе, көненің көзін қастерлеу жұмыстары басталған 2002 жылдан бастап,

күнды жәдігерлерге бай мұражай тек оқымысты-ғалымдардың ғана емес, туристердің де зор қызығушылығын тудыра бастады [8, 1-3 б].

1990 жылы Орда жеріне алғаш аяқ басқан кезінде Нұрсұлтан Назарбаев: «Орданың тарихи музейінен зор әсер алдым. Өз жерінің, өз елінің тарихын, атақты азаматтарын құрметтей білу деген халық сана-сезімінің өсуіне себеп болмақ. Орда жұртшылығына, музей қызметкерлеріне зор бақыт, табыс тілеймін», деп қолтаңба қалдырған екен. Ендеше, Елбасымыз атап өткеніндей, халықтың сана-сезімі өсіп, жарқын болашаққа сенімді қадам басуы үшін еліміздің өткені мен тарихи тұлғаларын таныту ісін жалғастыру қажет-ақ [9].

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың осындай тарихы бар Бөкей ордасына деген ықыласы ерекше. Тәуелсіздік жылдарында екі мәрте арнайы ат басын бұрған Президент 1997 жылы Жәңгір хан кесенесін ашты. 2000 жылы Елбасы Жарлығымен Орда ауданы Бөкей ордасы ауданы болып қайта аталды. Яғни, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана Бөкей хан ресми түрде мойындалды [10, 11 б.].

Тарихта Бөкей ордасының орны бөлек. Ғұмырында шөлі қанып көрмеген қалың құмға кезінде әлдеқайдан су келіп, көл пайда болған. Айдында аққу ұшып, қаз қонған. Жапан түзге қалың ел ірге теуіп, қатар – қатар қарағай үйлер салынған. Кейін тарихта тұңғыш рет қазақ балаларына қазақша – орысша білім беретін Жәңгір мектебі ашылған. Мектептегі оқу – ағарту ісінің өрбуін хан тікелей өз қамқорлығына алған. Бұл арада бұрын – соңды болып көрмеген кітапхана, клуб, мұражай орнаған. Бұларды аз десеңіз, патшалы Ресей астанасы Санкт – Петербург үлгісіндегі қару – жарак палатасы жасақталған. Тарихи деректер оны жоққа шығармайды. Ханы бар – орманы бар, батыры бар- қорғаны бар Ордада осындай тарихтың іздері сайрап жатыр.

Тарих қойнауында ашылмай жатқан сыр аз болмаса керек. Әр өлкенің өмірі- кішігірім тарих. Сол өлкеміздің отын сөндірмей, әрі қарай жандандырып, жалғастыра ұрпақ азаймасын.

Әдебиеттер тізімі.

1 Сейтақ Ғайса- Ғали. «Нарынның нар ұлдары» Алматы «Жазушы» баспасы, 1998 ж.

2 Шарафутдинов З.Ғ. «Бөкей орда». Орал.- 2000. - 48 б.

3 «Бөкей ордасы тарихынан» Ақпараттық-биографиялық бөлім, 5-6 б.

4 Сабырұлы С.«Жәңгір хан ордасы туралы» Қазақ елі. 1998 ж. 14 тамыз, 5-6 б.

5 «Жәңгір -Бөкей ордасының ханы» Қаз.сов. энциклопедиясы: 12 т.- Алматы, 1974.-351 б.

6 Боранғалиұлы Т. Жәңгір хан: «Сүрер салтанат – уақыт бір сағат».Егемен Қазақстан-2000 ж.24 қараша, 45-47 б.

- 7 Иманғалиев Р. Нарын-шежіре. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2006.-244 б.
- 8 Самығоллаұлы Ғ. «Құрметті Жәңгір ханнан бастасақ» Орал өңірі.- 1996ж. 1 маусым, 56 б.
- 9 Шарафутдинов З.Ғ. «Жәңгір хан». Орал, 2001 жыл, 1-3 б.
- 10 Сариева Р. «Бөкей хан мен Жәңгір хан» Егемен Қазақстан-2001 ж. 13 шілде, 11 б.

Түйін

Мақалада автор өзі тұратын Батыс өлкесіндегі тарихи-мәдени орын туралы жан-жақты зерттеген. Өлкенің өткен тарихын студенттермен жастарға ұғындыруда баяндаманың маңызы зор. Бөкей ордасындағы тарихи кешен жәдігерлері болашақ ұрпақтың тарихын білуге насихаттайтын зерттеу жұмысы болып табылады.

Резюме

В статье автор разносторонне исследует историко-культурные места своего родного Западного края. Доклад посвящен изучению истории краеведения и имеет огромное значение для молодежи и студентов. Исследовательская работа посвящена экспонатам Бокейординского комплекса и пропагандирует развитию духовных ценностей будущего поколения.

Summary

In the article, the author carefully explores the historical and cultural places of his native land. The report is of great importance for explaining to youth and students the history of the region. This report is research through the exhibits found in the historical complex artifacts of Bokey orda, which promotes spiritual values.

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ САРАЙШЫҚТЫҢ СҮЙЕК БҰЙЫМДАРЫ

У.Т. Ахметова - т.ғ.д., қауым. профессор
Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті КеАҚ
Ж.Р. Байғалиев - ғылыми қызметкер,
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау
университетінің магистранты,
«Сарайшық» мемлекеттік
тарихи-мәдени
музей-қорығы» РМҚК

Бірнеше мыңдаған ғасыр аралығын қамтыған тарих ғылымы дамуы және қалыптасуы барысында алғашқы адамдар немесе ежелгі халықтардың қай-қайсысы болса да негізгі күн көріс кәсібін аңшылық пен мал өсіруден бастаған. Сондықтан қолға түскен жан-жануарлардың етін, майын, терісін, жүнін, тарамысын, сүйегін пайдаға асыра білген. Мақалада сүйектен жасалған бұйымдар туралы, түрлі деңгейде адам қажетіне жарата алғандығы, мысалы, мал мүйізінен көптеген мүліктер мен қару-жабдықтар жасайтын. Алғашқыда сойылған малдың қабырғаларын пышақ орнына, жіліктерін шоқпар орнына, бас сүйектің ми қаптарын ыдыс орнына, жауырындарды қалақ орнына пайдаланған. Келе-келе адам баласы сүйекті сүйекпен жону, таспен егеу, отқа күйдіру сынды әдістерін меңгерген. Одан әрі сүйек шеберлері сүйектен, мүйізден әртүрлі қолөнер туындыларын жасап, тұрмыстық қолданысқа да, зергерлік және декорлық бұйымдар жасаудың тәсілдеріне қол жеткізді.

Басты мақсат ортағасырлық Сарайшық археологиялық қазба жұмыстары негізінде табылған сүйек бұйымдары туралы зерттеулерге тоқталу.

Зерттеу әдістері мен материалдары методологиялық басты зерттеу мәселесі диалектикалық өзара байланыс тарихылық, жүйелілік, объективтілік маңызды роль атқарады. Тарихи зерттеудің бастапқы әдіснамалық ғылыми принципі деректік материалдардың алдымен археологиялық қазба нәтижесінде табылған материалдық бұйымдарды талдауға маңыз берілді.

Ағаш өңдеуді кәсіп еткен қолөнершілер мен шеберлерді, халық олардың жасайтын бұйымдарына қарай «үйші», «ерші», «арбаша», «ұста», «зергерші» деп бөліп атаған. Ал, бұл олардың әр бірі өзінің негізгі кәсібінен өзге де уақ-түйек бұйым түрлерін де жасай білгендігін білдірсе керек. Әсіресе, «ұста» атанған шеберлер үй бұйымдарының көптеген түрлерін жасаумен бірге, әртүрлі металл және сүйек пен мүйіз өңдеу ісімен де айналысып отырды. Ә.Тәжімұратов «Шебердің қолы ортақ» атты еңбегінде қазақтың сүйек өңдеу өнері туралы мәлімет келтіреді: «Айта кетер болсақ, сүйек пен мүйіз өңдеу ісі жеке кәсіп ретінде өз алдына бөлінбеген. Ертеректе сүйектен кейбір еңбек құралдары мен қару-жарақ бөлшектерін жасаған. Сонымен қатар, ағаштан жасалған үй жиһаздары мен ыдыс-аяқтарын көркемдеу үшін мал сүйегін кеңінен пайдаланған», деп ойын білдірген [1, 25 б.].

Сүйек оюшы шебердің ағаш және күміс шеберлерімен бірдей құралдарға ие болған. «Сүйекші» сүйек пен мүйізден қажетті заттар жасады: қару-жарақ, түймелер, сырғалар, қасықтар, музыкалық аспаптар және өзге де тұрмыста қолданылатын сүйек бұйымдарын санамалап атай беруге әбден болады. Материал өте көп болды: иық пышақтары, барабан таяқшалары, жылқылардың, түйелердің, ірі қара мен қойлардың қабырғалары мен жақтары. Үй және жабайы жануарлардың мүйіздері мен тұяқтары сүйек оюда да кеңінен қолданылған. Сүйек өңдеу кәсібіне байланысты Ә.Х. Марғұлан

кейінгі қола дәуірінде Орталық Қазақстан аймағында сүйек өңдеу қолөнершілігі жоғары дәрежеде дамығандығын ғылыми зерттеуінде бірнеше дәйектер келтіреді. Бұл қолөнер түрінің тұрмыстық шаруашылықта маңызды орын алғандығын атайды [2, С.231].

Сонымен қатар, қазақ халқы үшін жылқы жануарының орны өте ерекше екені баршамызға мәлім. Оның дәлелі халық арасында ер-тұрман жасайтын шеберлердің қалыптасуы болды. Нәтижесінде Қазақстан аймағында сан түрлі ер-тұрмандар пайда болды. Оларды жасау кезінде сүйек бұйымдарын безендіру мақсатында қолданды. Бұл жөнінде Х.Арғынбаевтың «Қазақтың ер-тұрман жабдықтары» атты арнайы ер-тұрман жабдықтарын өндіру тәсілдері қазақтардың күнделікті өмірде пайдалану жолдарын этнографиялық жағынан зерттеп, оның жасалу жолдарына ғылыми маңыз берген еңбегінен көреміз [3]. Этнограф еңбегінде Қазақстанның батыс өңіріндегі ершілердің ер-тұрманды әшекейлеуде мүйіз және сүйектерді пайдаланғаны туралы дерек келтіреді. Атасақ, адай руынан шыққан ерші Шырынның қозықұйрық ер-тұрманының артықшылығы сыртындағы қайталанбас сүйек әшекейлерінде екендігін, ал Гурьев, Ақтөбе ершілері ер басын әшекейлеуде түйе және жылқы сүйектерін пайдаланғандығын жазады. Бұған малдың жақ, жаурын, және қабырға сүйектерін пайдаланған [4, 190б.]. Ғалым негізінен үй бұйымдарын әсемдеуге жылқы мен түйе сүйектері ғана жарағандығын жазады. Оның өзінде, ең алдымен, олардың жауырын сүйектері мен қабырғалары қолданылса, кейде әсемдеу үшін жіліктің қақ сүйегі іске асқан. Әдетте, қыстыгүні соғымға сойылатын ірі жылқы мен түйе сүйектерінің жарамдыларын тастамай жинаған, соның ішінде шикі сүйектен гөрі асылған еттің сүйегі өңдеуге қолайлы болған. Семіз соғымның сүйектері тым майлы болған жағдайда, оларды артық майдан арылту мақсатымен өңдеу алдында тағы да бірнеше сағат суға қайнатып алған [4, 191б.].

Бүгінде «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы қорында 4000-нан астам жәдігерлер сақтаулы. Олардың арасында сүйектен жасалған жәдігерлер де молынан кездеседі.

Сарайшық қаласын зерттеу жұмыстары екі бағытта жүрді. Біріншісі қала қирандыларын өз көздерімен көріп, естеліктерде жазып қалдырған авторлардың деректері болса, екіншісі кешенді археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Археологиялық зерттеулер нәтижесінде Алтын Орда тұсында Сарайшықта сүйек өңдеу ісі жоғары дамығандығын байқадық. Сүйектен әртүрлі технологияларды қолданып, олар өңдеп, сүйектерді кесіп, бұйымдарға дөңгелек ою-өрнек салып, нақыштады және жылтыратты. Сүйек бұйымдарын жасайтын шеберханалар Алтын Ордадың көптеген ірі орталықтарынан табылды. Сонымен қатар, ортағасырлық Сарайшық қаласында жүргізілген археологиялық зерттеулер барысында бұл жерден де сүйектен әртүрлі бұйымдар жасайтын шеберханалардың орны анықталған [5, С.22].

Бүгінде Сарайшық музей-қорығы қорында сүйектен жасалған шүмектер, жүн иіруге арналған ұршықтың басы, түймелер және т.б. сүйектен жасалған құралдар орын алған. Д.У. Пальцев өзінің «Костяные изделия Самосдельского городища» атты мақаласында сүйектен жасалған бұйымдарды олардың типологиялық құрылысы жайлы баяндайды. Ол археологиялық қазба нәтижесінде табылған сүйек бұйымдарының шикізаттық маңыздылығын ерекше атап өтеді. Осыған орай, сүйек бұйымдарын төмендегідей топтарға бөліп көрсетеді. Олар:

1. Жануарлар сүйектері;
2. Тығыз мүйізділер – сайғақ сияқты жануар мүйіздері
3. Қуыс мүйізділер – ірі қара және қой мүйіздері
4. Жануарлар тістері.

Сүйектен жасалған тұрмыстық бұйымдар ішінен көп кездескені XIII-XIV ғасырларға тиісті ұл және қыз балаларға арналған шүмектер. Сүйек шүмекті балаларды бесікке бөлегенде гигиеналық тазалықты сақтау мақсатында пайдаланған. Шүмектер қойдың жіліншік сүйегінен жасалған, оның бір ұшында ішкі қуысқа енетін арнайы тесік бар, ал бүйірінде тағы да кең тесік болып ол сұйықтың сыртқа шығуына мүмкіндік берген. Ол нәрестенің тазалығы сақталуына септігін тигізген. Осы сынды жәдігерлер тек қана Сарайшықтан ғана емес, Еділ, Қырым, Солтүстік Кавказ, Саркела, Тува аймақтарынан да табылған. В.Е. Флеров сүйектен жасалған бұйымдарды тұрмыстық жағдайда да қолданылғанын жазады [6].

Ежелгі және ортағасырларда жануар сүйектерінен тұрмыстық бұйымдар жасап қана қоймай, ер-тұрман, қамшы және сол секілді әскерлердің құрал-саймандар безендіруде сүйектерді пайдаланған. Мысалы, В.Н. Чхаидзенің «Костяные навершия плетей с отростком в погребениях средневековых кочевников восточноевропейских степей» атты мақаласында маңызды деректер келтіреді. Яғни мақалада автор ортағасырдағы атты жауынгер қолындағы қамшы тұтқасы жайлы мынадай: «Известны разнообразные навершия рукоятей из рога или кости и, реже, из бронзы...» деп дерек келтіреді. Мұнда қамшы тұтқасының төменгі бөлігінде арнайы сүйектен жасалған фрагмент орнатылады. Оларды жасауда жылқы омыртқаларын қолданған [7]. (1-сурет)



Рис. 1. Костяные навершия плетей с отростком.

Сонымен қатар, Алтын Орда қалаларында жануар сүйектерінен жазу тақталары ретінде де пайдаланғаны туралы деректер кездеседі. Мысалы, Е.Е. Антипина, Л.В. Яворская «Трасологический анализ и интерпретация инструментально обработанных бараньих лопаток из городов Золотой орды» атты мақаласында қойдың иығын өңдеу арқылы дайындалған сүйек жәдігерлері туралы деректер келтіреді. Бұндай түрдегі жәдігерлер Сарайшық қаласы орнынан да әр жылдары табылған болатын. Ғалымдар мақалада бұл жәдігерді жазуға арналғандығы туралы жазады. Бұл жәдігерлер XIII-XIV ғғ. жатады [8, С.12].



Рис.2. Золотоордынский Болгар (вторая половина XIII – первое десятилетие XIV в.): инструментально обработанные лопаточные кости овец из раскопа № СХСVI

Жоғарыда аталған сүйек бұйымдар арасында ерекше қызығушылық тудыратын жәдігерлердің ішінде археологиялық әдебиетте «коньки» деп аталатын жәдігер еді. Бұл түрдегі жәдігерлер Сарайшықта жүргізілген соңғы 2017 – 2019 жылдардағы археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған. Д.У. Пальцев мақаласында сүйек бұйымдарды олардың сыртқы көрінісі мен олардығы морфологиялық ерекшеліктеріне сәйкес арнайы 5 топқа бөліп қарастырады.

1. Бір саңылауы бар «Коньки»
2. Екі саңылауы бар «Коньки»
3. Үш және одан да көп саңылаулары бар (бүйір саңылаулары) «Коньки»
4. Тегістеу және илеу іздері бар тесіктері жоқ «Коньки»
5. Диафизді ойықтары бар «Коньки»

Ортағасырлық Сарайшық қаласы орнынан табылған сүйектердің дерлік көпшілігі екі саңылауы бар «конькилер» еді. Сонымен қатар, қалашық аймағынан бірнеше типтегі сүйектен жасалған «конькилердің» сынықтар және фрагменттері кездеседі. Сүйектен жасалған осы типтегі бұйымдарды кейбір деректерде көрсетілген саңылаулары арқылы өткізілген арқандардың көмегімен, олар тікелей аяқ киімге бекітіліп, мұзда серуендеу немесе сырғанақ тебу кезінде көмекші құрал ретінде қызмет еткен болса, енді бірде оларды тұрмыстық құрал ретінде пайдаланылған сүйектен жасалған арқан есуге, тері өңдеуге пайдаланылған болуы да мүмкін екендігін жазады [6, С.130]. Осы сияқты жәдігерлер бүгінгі таңда музей-қорық көрме залынан

орын алған негізгі экспонаттардың бірі болып табылады. Бұндай сүйек бұйымдар 2017, 2019 жылғы археологиялық қазба кезінде көптеп табылуы, Жайық өзені бойында орналасқан халықтың балық аулауда диі пайдаланғанын көрсетеді. (3-сурет)



Одан өзге кейбір сүйектің бетіне арнайы ою-өрнектер байқалады. Ондай бұйымдар қала орнынан оншалықты көп табылмады. Дегенмен музей-қорық қорында ою-өрнекті ерекше бұйымдар орын алған. Оның не мақсатта қолданылғаны белгісіз. Өңделген сүйек бетіне ою-өрнек салудың да бірнеше түрі қалыптасып, олар өзара тығыз байланыста өрілген [6, С.134]. Мысалы:

1. Оюлы сызық сызу
2. Дөңгелек формалы
3. Бедерлі

Сүйектердің бетіне сызылған жоғарыда көрсетілген ою-өрнектеудің түрлері бірізділігін әрқашан сақтап, кезең-кезеңімен сүйек бетіне сызылған.

Өз кезегінде Атырау қаласы аймағында жүргізілген көпжылдық археологиялық қазба жұмыстары кезінде сүйектен жасалған бұйымдар табылды. Ал бұл қала аймағында ежелгі замандардан аңшылықтың қаншалықты жоғары дамығандығын көрсетеді. Бүгінде Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі қорынан көптеген сүйектен жасалған жәдігерлер орын алған. Борсық, Аралтөбе қорғандары және Сарайшық қаласынан табылған сүйектен жасалынған бұйымдар коллекциясын кездестіреміз[9]. Онда ортағасырлық Сарайшық қаласы орнына 1999 жылы жүргізілген археологиялық қазба нәтижесінде табылған XIII-XIV ғасырларға жататын жан-жақты өңделген, ойылған, жылтыратылған ұзындығы – 2,6 см, ал қалыңдығы – 0,4 см болған ілгек кездеседі. Сарғыш түсті сүйектен жасалған ілгектің бұрышы үшбұрыш пішінді және бетінде үш тесігі бар[7, 250-251б.]. Одан өзге осы жылғы қазбада XIII-XV ғасырларға жататын шүмектер, көнектер коллекциясын да байқауға болады. Келесі 2017 жылғы Сарайшықтағы кезекті қазба кезінде табылған сүйектен жасалынған тұрмыстық бұйымдардың бірнеше түрі қазірде белгілі. Олар XIII-XV ғасырларға тиесілі ұзындығы 12 см, ені 1,5 см сарғыш түсті, пішіні жіңішке келген ұзын, сабы жұмырланған сүйектен жасалған пышақ [9, 256-257 б.]. Пышақтың жүзі бір жақ қыры өткірленіп қайралған іздері сақталған. Келесі сүйектен жасалынған сарғыш түсті, ұзынша келген түтікше. Оның сырты

қырлы, бедерлі, жылтыратылған болып, сүйектің екі жақ қырын кесу арқылы жіңішкеленген [9, 258-259б.]. Бұл түтікшенің қолдану мақсаты анықталмаған.

1996 жылғы Сарайшықтағы қазба кезінде табылған сүйек бұйымдарының өзі ерекше. Онда ұзындығы бсм, диаметрі 1-2,3см. Болатын сырт түрі түтікше тәрізді, жылтыратылған, бедерленген сүйек бұйым. Бұйымның әр жерінің қалыңдығы әр түрлі, сырт белдеулі сызықтармен сәнделген, сүйек бұйым іші қуысталып, түбінің тесігі жіңішкеріп жасалынған [9, 260-261 б.]. Осы жылғы қазбадан табылған тағы бір құнды сүйектен жасалынған бұйым – ысқырық. Ысқырық сүйектен жасалынған XIII-XV ғасырларға тиесілі музыкалық аспап. Аспап үш дыбыс ойықтары салынып, іші демді-тыныстың көмегімен орындалатын іші қуысты ысқырық. Осы жылғы табылған сүйекті бұйымның бірі сырты бедерлене жылтырата жасалынған пішіні түтікше тәрізді және бетінің бедері оймышталған материалдық жәдігерді кездестіреміз[9, 264-265б.].

Екі жылдық үзілістен кейін 2003 жылы ортағасырлық Сарайшықта авариялық-құтқару археологиялық қазба жұмыстары жалғасын тапқан болатын. Қазба жұмыстары шамамен 3600 шаршы метр қашықтықта жүргізілді [10, С.4]. Археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде көптеген жәдігерлер анықталып, музей-қорық қорын байытты. Нақтырақ айтқанда қазба аймағынан нумизматикалық, керамикалық, темір және сүйектен жасалған жәдігерлер табылды. №2 алу-беру актісі бойынша қазба жұмыстары аяқталған соң Сарайшық музей-қорығы қорына жалпы 789 дана артефакт табысталды. Сонымен қатар, салмағы 180 кг болған керамика сынықтары, 1 кг тары тұқымы және 638 дана мыс тиындар болды. Бұл жәдігерлер арасында сүйектен жасалған бұйымдар саны біреу ғана. Оның орта тұсында тесікшесі сақталған. Қалыңдығы 0,5 см. Сонымен қатар қазба аймағынан Өлшемі 170x29x25 мм болған жануардың құбырлы сүйегінен жасалған тұтқа. Кесек тәрізді сүйектен жасалған бұйым, онда жүзінде өңдеудің іздері байқалады. Осы сияқты жәдігердің 4 данасы табылған [10, С.176-178.]. Ал 2003 жылғы археологиялық қазба жұмыстары барысында анықталған табылмалардың жалпы саны – 1341 жәдігер [8, С.189].

Онымен қоса 2019 жылы археологиялық қазба жұмыстары кезінде де бірқанша сүйектен жасалған жәдігерлер табылды. Зерттеудің мақсаты 2017 жылғы қазба жұмыстарын жалғастыру, музейтану үшін жаңа алаңдар ашу, туристік инфрақұрылым үшін негіз болып табылатын объектілерді іздеу болды. Бұл жылы табылған сүйек бұйымдардың басым бөлігі жылтыртылған екі жағында тесіктері сақталған сүйек заттар, түймелер және шүмектер болды [11, С.4]. Мысалы жылтыратылған екі жағында арнайы тесік қалдырылған, жәдігердің ұзындығы 23 см, ені 1,8 см ал тесіктің диаметрі 0,6 см-ге тең. Сүйектен жасалған ілгектердің диаметрі 4 см болса, ортадағы тесіктің диаметрі 0,57 см болды [11, С.10].

Әрине, бұл табылған сүйек бұйымдарының ортағасырлық қала тұрғындарының тұрмыстық қоданылу мақсаты толық күйінде зерттеліп, өз шешімін табу болашақ зерттеушілер үлесінде деп есептейміз.

Қорыта айтқанда, Сарайшық археологиялық зерттеулерінің әр жылдары жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары, оның ішінде сүйектен жасалған тұрмыстық құралдары және басқа да бұйымдардың тарихы туралы мәліметтер келтірілді. Археологиялық зерттеулердің өлке тарихын қалыптастыруда атқарар маңызы зор.

Әдебиеттер тізімі.

1 Тәжімұратов Ә. «Шебердің қолы ортақ». – Алматы: «Қазақстан», 1977. – 255 б.

2 Маргулан А.Х. Бегазы - Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. – Наука, 1979. – 334 б.

3 Арғынбаев Х. Қазақтың ер-тұрман жабдықтары.- Алматы: Ғылым, 1969.- 202 б.

4 Казахстан в XV-XVIII веках (Вопросы социально-политической истории) Сборник статей/ Отв.ред. д.и.н. Б.С. Сулейменов. –Алма-Ата: «Наука», 1969. -203с.

5 Тасмагамбетов И., Самашев З. Сарайчик. – Алматы: ОФ «Берел», 2001. – 320 с.

6 Пальцева Д.У. Костяные изделия Самосдельского городища // Самосдельское городище: вопросы изучения и интерпретации. Сборник научных статей. Астрахань: Из-во «Астраханская цифровая типография», 2011. -С. 119-136

7 Чхайдзе В.Н. Костяные навершия плетей с отростком в погребениях средневековых кочевников восточноевропейских степей // Степи Восточной Европы в средние века. Сборник памяти Светланы Александровны Плетнёвой. М.: «Авторская книга». 2016. с. 353-382.

8 Е.Е. Антипина, Л.В. Яворская. «Трасологический анализ и интерпретация инструментально обработанных бараньих лопаток из городов Золотой орды». // Краткие сообщения Института археологии. Вып.248 / Инт-т археологии РАН; Гл.ред. Н.А. Макаров. – М.:Издательский Дом ЯСК: Языки славянской культуры, - 2017. – 360 с., ил.

9 Археологиялық коллекция. Ғылыми каталог. – Алматы: «Балауса», 2020. -416 бет.

10 Отчет по договору с РГКП «Хан Ордалы Сарайшык» по теме «Археологические раскопки аварийно-спасательного характера на городище Сарайчик» в 2003 году. Алматы: 2004. – Т.1 - 189 с

11 Отчет об археологических работах по теме: «Исследование средневекового городища Сарайчик (Ортағасырлық Сарайшық қаласының зерттелуі)». Атырау, 2019. – 206 с.

Түйін

Мақалада өлкеміздегі ортағасырлық Сарайшықта мекен еткен адамдардың материалдық және рухани мәдениетінің белгісі ретінде археологиялық қазба кезінде табылған қазірде музей қорында сақтаулы сүйектен жасалынған жәдігерлер туралы баяндалады. Табылған жәдігерлер туралы ақпараттар музей қорындағы археологиялық қазба есептерінде берілген. Табылған жәдігерлердің зерттелуі, ерекшеліктері тағы өзге де мәселелері талданады.

Резюме

В статье рассказывается о костяных экспонатах, хранящихся в фондах, найденных в период археологических раскопок, как символа материальной и духовной культуры людей, населявших средневековый Сарайшык. Информация о найденных экспонатах представлена в археологических раскопках в фондах музея. Вновь анализируются вопросы изучения, особенностей найденных экспонатов.

Summary

The article tells about the bone exhibits stored in the museum's collections in the treasures found during the archaeological excavations, as a symbol of the material and spiritual culture of the people who inhabited the medieval Saraishyk in the region. Information about the found exhibits is presented in the archaeological excavations in the museum's funds. The questions of studying the features of the found exhibits are analyzed again.

ХАЛЫҚ ЕМШІЛЕРІ

А.Қ. Ахмет - т.ғ.д.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры

Рухани жаңғыру аясында жалпыұлттық қасиетті орындарға ерекше көңіл бөлінуде. Туған өлкеміздің қасиетті жерлері – бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтайтын және де ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы болып қала бермек. Аудан аумағында халық киелі, қасиетті санайтын зират, мазар, бейіт, қорымдар баршылық.

Адам баласы Алла Тағала берген ғұмырында жақсылығы мен зұлымдығын, адалдығы мен жамандығын, ар алдындағы әділдігі мен ғайбатын таразылап, өмір сүреді. Кеңестік қызыл империяның заманында мұсылманмын деп айтудың өзі бір қылмыс болғандығы баршаға аян. Діншіл адамдар қуғынға ұшырап, мешіттер мен киелі орындар қиратылды, діни әдет-ғұрыптар мен парыздарын өтеуге тыйым салды. Атеизм, әсіресе кеңестік

дәуірде Одаққа бағынған халықтар арасында, соның ішінде Қазақстанда да, мейлінше күшейген еді. Ол халқымызды рухани тоқырауға ұшыратты.

Ежелден қазақ халқы арасында ерте кезден шипагерлерлік қызмет атқарған емшілер болғаны белгілі. Халық емшісі – өзінің табиғи қабілеті мен тәжірибесіне сүйеніп, әр түрлі ауруларды емдеумен айналысты.

Сонау XV ғасырда Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы «Шипагерлік баян» атты еңбегінде: «Емшіні шипагер деп атаған жөн, шипа жазады, қонады, дариды, айықтырады деген сенімділіктен туады. Бұл науқас пендеге қуат беру», - деп жазды.

Халық арасында емші, шипагер атанған, көненің соңғы көздерін көре қалған, олардан тәлім-тәрбие алған асылдардың соңғы тұяқтарының бірі – Мұхамбет ата. Бүгінде ата зиратына ақ жалау байланып, адамдар зиратқа және қайтыс болған жеріндегі түнек үйіне барып ата рухына құран бағыштап, өз беттерінше емделуде. Ол жерлер жылдар жылжып өткен сайын халық санасы мен жадысына киелі жерлер болып сіңгені де ақиқат.

Мұхамбет Ұлықпанұлы Әжәйіпов 1886 жылы дүниеге келген. Ата-тегіне тоқталсақ, Беріш бегіс, шабанқара бөлімінен. Атасы Әжәйіп Нарын құмында мешіт ұстаған діндарлардың бірі. Уақытында бұл мешіттен сол маңайды жайлаған ауыл балалары сауат ашқан. Діни сауаты ұлы Ұлықпан әкесі мешітінде дәріс берген. Әжәйіп бейіті Жасқайрат ауылынан жиырма шақырым жердегі қауымда. Ата-бабасының сауапты ісін одан әрі жалғастырған ұрпақтың өкілі – Мұхамбет Ұлықпанұлы. Ата тегін таратсақ Әжәйіптен – Ұлықпан, Мұқаш. Ұлықпаннан – Мұхамбет, Қаммат (балалары, физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор Қатап Қамматов, ғалым-ұстаз Қазым Қамматов. Екеуі де Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде ұзақ жылдар бойы еңбек етті. Ағым,), Сабал, Қапан, Дияр (баласы Атырауға белгілі ғалым, академик Муфтах Дияров), Қабдол, Мәжит. Мұхамбет ата кезінде ел арасында «құмалақшы, көріпкел» атанған кісі.

Мұхамбет ата жүрек тазалығының белгісі – ислами тәрбие негіздеріне сусындап өскен ұрпақтың өкілі деуге толық негіз бар. Оның негізі атасы мен әкесінің ислам дінінің қағидаларын жетік білетіндігі, олардың берген тәлім-тәрбиесі мен үлгі-өнегісі. Олардың берген тәрбиесінің негізгі ұстыны – жүрек тазалығы. Ал жүрек тазалығы дегеніміз – өзіңнен гөрі өзгелердің бақытын көбірек ойлау, мұсылман үмбеті үшін аянбай қызмет ету. Емші ата өзіне Алла Тағаланың берген тиесілі ғибадаттарды орындай жүріп, ішкі жан дүниесін кемелдендіре түсуге тырысты, дін үшін тер төгіп, емшілік қасиетімен халыққа қызмет етіп жүрек тазалығына қол жеткізді.

Емші атамыздың иманды, тақуалық, ықыласты, әдепті, турашыл, сенімді, жылы жүзді, кішіпейілділік, табандылық, жомарттық сияқты адами болмысына азды-көпті тоқталып өтсек.

Иманды болу – иманның талаптарын орындау. Кеңес өкіметі тұсында намаз оқуға, емшілікпен айналысуға, ораза ұстауға, діни көзқарастағы әдет-

ғұрыптарды жасауға тыйым салып, қудалауға ұшыратса да, халық арасында емін жүргізіп, мұсылмандық парыздарын қал-қадірінше өтеді. Тақуа мінезімен ата-баба аманатына берік қасиетімен және ешкімге зиянын тигізбеумен ерекшеленді. Ол кісі бір қызығы көлік атаулыға мінбей ылғи баратын жеріне жаяу барған. Бұл да тақуалықтың бір белгісі деп білеміз. Әйтпесе ел ішінде ол кісіні алып барып, әкеліп тастайтын көлік табылар-ау.

Ата ауру-сырқаттарға, соның ішінде сәбиелерге ерекше ықыласын төкті. «Амал жасағанда әрдайым ықыласты болындар, өйткені Аллаһ ықыласпен жасалғандарын ғана қабыл етеді», - деген қағидаға берік сүйеніп, істеген ем-домына ешқандай дүниелік немесе пендешілік пиғыл араластырмады. Ол кісі әдепті болды. Жақсы тәрбие алып, бойына жақсы қасиеттерді сіңіріп, арлы-ұяты болуымен ерекшеленді. Ал әдептілік – адам баласының рухани қорғанышы.

Емші атамьздың туралығы сөз болса, өзінің қараған ауру өтіп кеткен ауыр науқас сәбилердің ем қомбай шетінейтіндігін ата-анасына қанша қиын болса да туралықпен шындығын айтқан екен. Ол туралы да мысалдар келтіруге болады. Емші ел ішінде «бала дәрігері» атанған сенімді кісі болды. Қалың жұртшылық шын ниеттерімен оның емі мен шипасына сене білді және оған өзі де сендіре білді. Талай сәбиді кеселден құлан-таза жазып, болашақта дені сау азамат болып өсуіне шипасы тигені туралы бүгінде ел ішінде әңгімелейтіндер баршылық.

Халық емшісі «Аллаһ барлық нәрседе жұмсақтық танытқанды ұнатады», - деген қағиданы еске ала отырып жұртшылықпен қарым-қатынаста үнемі жылы шырай таныта білген діндар адам. Табандылығы сол ата жолынан аттамай, олардан оқып-үйренген шарифат, ем-дом амалдарды адамдардың қайырлы да пайдалы істеріне жұмсады. Ол әрдайым ауру-сырқаулы мұң-мұқтаждарға қарайласып жақсылық жасауға дайын тұрған жүрегі жомарт жан болатын. Мұхамбет атамьз адал еңбегімен күнелтіп халыққа қызмет етуші емші, шипагер, көріпкел, қасиетті, елге сыйлы қадірлі адам болды. Сондықтан да елі емшіні әулие тұтып, әлі күнге дейін сыйынады.

Мұхамбет атамьздың жұбайы Балқия әжеміз Күлкеш руының етжемес бөлімінен. Атамьздың кіндігінен Ғабдісалам, Шараф, Қабиба, Мүгілсім және Камила есімді ұл-қыз өрбіді. Бүгінгі күндері атамьздың ұрым-бұтағы Махамбет ауылында тұрып жатыр.

Атамьздың Танзила есімді қарындасы ауданға белгілі соғыс, еңбек ардагері, бақсайлық Мұхит Иманбаевтың анасы. Балалық шағымызда атамьз Көздіқара ауылындағы Мұхит жиенінің үйіне жиі келіп жүретіндігін көре қалдық. Ауылдағы ауырған сәбилер мен балаларға көп шипасы тигендігі. Алдына барған баланы бір қарағаннан жазылатындығын және болашағында дөп басып айтатындығын емші атамьзбен талай дәмдес, ағайын болып араласып, әңгімесін тыңдаған әкеміз ерекше ықыласпен айтып отырушы еді.

Мұхамбет атаның қатты науқастанып, өзінің көмегіне зәру болған адамдарды алдын-ала сезіп, өзі іздеп баратын қасиеті де болған екен.

Атамыз ел жадында емшілігімен, соның ішінде сәбилердің сауабын алған ерекше жан ретінде қалды. Ауызша деректерге қарағанда Астрахан қаласында медреседе қосымша білім алған. Мұхамбет ата ең алдымен балалар емшісі. Болашақ ұрпақты кесапат-қатерден ада, дені сау болып өсіп үшін Жаратушы Иенің Жайық бойы мен Нарын құмы халқына жіберген емшісі ме дерсің.

Мұхамбет ата 1975 жылы 8 маусым күні 89 жасында Топайлы ауылының тұсындағы Атырау – Орал тас жолының Жайық өзеніне қарай 3 шақырымдай «Қарамұрын» деген жерде фәниден бақиға аттанған. Атаның көзі тірісіндегі аманаты – дәм-тұзы қай жерде таусылса, сол жер мәңгі мекені екендігін айтып кеткен екен. Оның басты себебі емшілік қасиеті өзінің шыбын жаны шыққан жерде сақталатындығын да тапсырған. Бірақ өкінішке орай «қызыл» саясаттың әсерінен емшінің аманаты орындалмай Махамбет пен Сарытоғай ауылдарының аралығындағы «Өтеміс» қауымына жерленген.

Бүгінгі күні атамыздың бұл фәнидегі өмір соқпағында сүрініп кетіп жан тапсырған жеріне түнек үйі тұрғызылған. Ол түнек үйі атаның қасиетті емі даритын мекен болып, дертіне шипа іздеушілерге қызмет етуде.

Қазіргі кезде ауру-сырқауларына шипа тілген адамдар Топайлы ауылы маңындағы түнек басына барып қонып, арнайы малын сойып, дұға бағыштап, тілектерін тілейді.


Киелі жер – Мұхамбет атаның түнек үйінің басына әр жыл сайын ағайын-туыстары, жиендері Сапуановтар, Иманбаевтар әулеттері ас беріп, өлі аруақтарды еске алып, дұға бағыштап мұсылмандық парыздарын өтуі ата-бабаларымыздың салып кеткен ата-дәстүріміздің жалғасы деп білеміз. Бұл дегеніміз рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі.

Атырау облысы, Индер аудандық «Дендер» газетінің 2019 жылғы №№35 (8238), 36 (8239) сандарында Батысқазақстандық Жәнібек Әбілпейісовтың «Арыстан әулие» атты мақаласы жарияланған екен. Арыстан әулие туралы алғаш рет әкемнен естіген едім.

Сонау XX ғасырдың 60-жылдары «Бақсай» совхозының шопандары жаз жайлауға көшкенде көрші облыстың Тайпақ ауданы малшыларымен қоңсы отырды әрі өз совхоздарынан кеткен ағайын-туыс, таныс шопандарымен кездесіп мәре-сәре болып жатушы еді деп еске алушы еді әкем. Оның жәйі мынадай еді. 1930 жылы республикада алғаш құрылған 5 совхоздың бірі «Бақсай» совхозының малшылары Батыс Қазақстанның Тайпақ ауданы малшыларымен төскейде малы, төсекте бас қосылған көрші-қоңсы қонып отырған болатын. Әрі бұл ел азаматтары бірін-бірін өте жақсы танытын да еді. Оған себеп сонау 1949 жылдың КСРО Совхоздар министрлігі қой совхоздары Бас басқармасының 30-тамыздағы № 320/229 бұйрығына сәйкес, Батыс Қазақстан облысындағы «Гурьевкаракульсовхоз» тресіне

қарасты «Тайпақ» қаракөл совхозына осы Бас басқарма бойынша алдыңғы қатарлы «Бақсай» қаракөл совхозынан 5368 ірі қой, 942 ісек, 668 тоқты, 4660 қозы барлығы 11 638 бас қой шопан, мамандармен берілген болатын. Осы жылдың қыркүйек айында осы совхоздан тағы да 2336 тоқты, 681 еркек қозы берілді. Сонымен қатар совхоз директоры М.Шариповтың бұйрығымен тағы 18 адам «Тайпақ» совхозына жіберілді.

... Сонымен әкей Арыстан қартпен жайлауда отырған малшыларды аралап, Тайпақ ауданының орталығы Калмыковоға күнделікті қажетті өндірістік заттарды алуға келгенде танысқан. Кейін жайлаудағы шопандар арасына арнайы шақырумен не қонаққа, қуанышты той-топырға, өлім-жетімге келген әулие қартты көріп, дастархандас болып, әңгіме-дүкен құрған.



Мұхамбет Ұлықпанұлы Әжәйіпов (1886-1975)

Ол кісі жайлауда отырған бақсайлық шопандар Әубекер, Үмбетәлі, Мұхамбет, Өтепқали, Орынғали сияқты құрдас қарттарының үйіне келіп, қонақ болып жатушы еді дейді әкей. Құрдасы Әубекер қартқа айтқан бір әңгімесінде «бұлт торлайды, бұл бұлт ыдырай ма, ыдырамай ма сол белгісіз болып тұрғаны» деп бір қайырыпты. Кейін сол айтқаны келген екен.

Бұл туралы дастархан басындағы бір әңгімесінде әкей өткенді еске алып, әулие қарт туралы бірер сөзді былайша өрбетті. Бірінде жол үстінде кездесіп, әңгіме барысында Арыстан әулие: «Балам биыл елінде ел есінде

калатындай екі оқиға болады екен», - деп еді. Айтқанындай 1961 жылдың жазында жайлауда отырған «Бақсай» совхозы №2 фермасының Ленин орденді аға шопаны Қуан Әубекеровтың (кұрдасы Әубекер қарттың баласы) зайыбы Разияны толғақ қысады. Толғақ қысқан анаға алыс жайлауда отырған шопан үйіне шақыра қоятын жақын маңда дәрігерде, медпунктте жоқ кезең. Мен санитарлық көлік шақыруға Есбол ауданының орталығы Андрейге (қазіргі Есбол) суыт жүріспен атпен жетіп, хабарладым. Көлік барып, Есболға алып келгенімен уақыт өтіп кеткендіктен дәрігерлер анасы мен сәбиін құтқара алмады. Жайлауда отырған бізге марқұмның қайтыс болғандығы жөніндегі суық хабар жетіп үлгерген болатын. Екіншісі, аға шопан Орынғали Құбаевтің 3 жасар Бурабай есімді баласы құдыққа кеткен анасының артынан шығып, шағыл ішінде адасып кетіп, шөлден өлді. Жайлауда отырған бүкіл шопандар аттылысы бар жаяуы бар жабылып іздегенмен 3-ші күні дегенде үйден 25 шақырым жердегі құм шетіндегі қияқтың түбін көлеңке қылып жан тапсырған сәбидің өлі денесін тапқан болатынбыз. Марқұм әкей сол оқиғаларды әулие қарттың қалай, қайдан біліп айтқаны көпке дейін есімнен шықпай жүрді деп айтып отырушы еді.

Елдегі бір азамат тұқым қуалайтын психикалық аурумен ауырып Арыстан емшіге барып, қаралып, тәуір болып қайтқан. Бірақ емші қарт айтқан екен мен тірі тұрғанша саған да ұрпағына да бұл аурудан қауіп-қатер болмас, ал мен о дүниелік болған соң қиындау болады деген. Жарықтық әулиенің айтқаны келді. Кейінгі жылдары ол кісінің 3 бірдей азамат ұлдары сол аурудан көз жұмды. Оны біздің көзіміз көре қалды. Сонымен бірге ол кісі алда небір заман болады, «қатын би болатын, сиыр пұл болатын», «құзғын құзғынмен соғысады, бірақ «адам адаммен соғыспайды» деген сөзді сол Әубекер қарттың дастарханының басында айтқанын көпшілік естіп отырды. Біз ол сөзге мән бермедік пе, әлде түсінбедік пе білмейміз. Ал үлкендер жағы «..е..е.. небір заман болады десеңші» деп отырды деп еске алады. Әкейдің тағы бір айтқаны сынық салғанына да куә болып, көп естідік, Арыстан қарт үнемі тарантас арбамен жүруші еді деп отыратын.

Әкеміздің айтқан әңгімесінен түйген ойымыз. Халық емшілері негізінен өзінің туа біткен табиғи қабілеті мен өмірлік үйренген тәжірибесіне сүйеніп, әр түрлі ауруларды емдеумен айналысқан.

Ол кісі бір қызығы көлік атаулыға мінбей ылғи баратын жеріне жаяу барған. Бұл да тақуалықтың бір белгісі деп білеміз. Әйтпесе ел ішінде ол кісіні алып барып, әкеліп тастайтын көлік табылар-ау. Арыстан Жұмалыұлы халық арасында сыйлы да қадірлі адам болды.

Сондықтан да ел іші емшілерді әулие тұтып, әлі күнге дейін аңыз қылып айтып жүреді.

Резюме

В данной статье рассматриваются жизненные важные и проведенные лечебные работы известных народных целителей Мухамбет Ажайпова и Арыстан Жумалиева.

Resume

This article examines the vital and carried out medical work of the famous folk healers Mukhambet Azhappova and Arystan Zhumaliev.

2019 ЖЫЛҒЫ САРАЙШЫҚ ҚАЛАСЫНДАҒЫ III-А ҚАЗБА ОРНЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ

М. Әбдіғалиев- археолог,
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени
музей-қорығы» РМҚК

Соңғы қазба жұмыстары 2017 және 2019 жылдары өткізілді. Қазба жұмыстарын қаржыландырған Атырау облысының әкімдігі. Ал қазбаны жүргізген Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі болатын.

2019 жылы археологиялық қазба жұмыстарында 4 отряд жұмыс жасады. Ғылыми жетекшілік еткен «Сарайшық» музей-қорығының директоры профессор Әбілсейіт Мұқтар Қапизұлы. Қазба жұмыстарының басты мақсаты, 2017 жылғы қазба жұмыстарын жалғастыру, туристік инфрақұрылым үшін негіз болып табылатын нысандарды іздестіру болып табылды. Археологиялық қазба жұмыстары шілде айында басталып, қазан айының соңына дейін жүргізілді. Соның ішінде IIIа қазба орнының жұмысына тоқталғым келеді [1].

III-А қазба орны №3 пен №4ші қазба орнының арасынан басталды. Қазба жұмысы 5x5 өлшемдегі секцияларға бөлініп қазылды.

Негізінен IIIа қазбасының жоғарғы учаскелерінен отбасылық жерлеу орындары анықталды. Олар ертерек уақытқа жататын тұрғын және басқа құрылыстардың едәуір бөлігін бұзып жіберген. Негізінен, барлық көрханалар әртүрлі қалыптағы қайталама кірпіштің күйдірілген фрагменттерінен тұрады. Тұтас сақталған кірпіштердің өлшемдері 23x23x5 см және 20x21x5 см. Кірпіштің сынықтары негізінен қызғылт түсті келген. Кірпіш арасы қалыңдығы 1,5 см болатын борат қоспасыз сазды балшықпен сыланған. Көрхананың қабырғаларын қалауы 8-13 қатарға дейін сақталған. Барлық көрханаларда басы батысқа бағытталған 3-4 адам сүйектері шығып отырды. Өйткені отбасылық жерлеу орны болғандықтан, мында 1 немесе 2 ер, кейбір жерлеу орындарында 1 немесе 2 әйел және балалар сүйегі жерленген. 2019 жылғы қазба жұмысының басқа жылдардағы жүргізілген қазба жұмысынан айырмашылығы бұл жылы қазбаға Нұрсұлтан қаласынан Еуразия Ұлттық

университетінің антрополог маманы, Дарем университетінің антропология департаментінің ассистенті, PhD студент Райсова Айкүміс шақырылды. Антрополог маманымыз осы уақытқа дейін Сарайшық қалашығы қазба жұмысында жасалмаған адам сүйектеріне талдау жасады. Нәтижесінде жерленген адамдардың нәсілі, жынысы, жасы тіпті тірі кезінде қандай аурумен ауырғанына дейін анықтап берді. Міне сөйтіп 2019 жылғы қазба жұмысы сарайшық археологиясына тың деректер мен материалдар берді.

№6 көрханада басы батысқа бағытталған 4 адам жерленген. Көрхана нашар күйдірілген қызыл кірпіштен қаланған. Кірпіш өлшемі 21x21x8 см. Борат қоспасы қосылмаған саз балшықтан сыланған. Қабырғаның биіктігі 8 қатарға дейін сақталған. Көрханада жастары 30-40 жас аралығындағы 3 ер адам және шамамен 45 жастардағы бір әйел адам жерленген.

№7 көрхана нашар күйдірілген қызыл түсті өлшемі 22x22x5 болатын қыш кірпіштен қаланған. Көрхананың астыңғы 5 қабаты жарты кірпішпен қаланып келіп, жоғарғы 6 қабаттан бастап бүтін кірпішпен қаланған. Оңтүстік-батыс бөлігі 11 қатарға дейін сақталған. Бірінші жерленім 35 жас шамасындағы әйел адамға тиесілі екен. Одан кейінгі жерленген сүйектер араласып кеткен. Бұл сүйектерді зерттей келе 4 адамның сүйегі екені анықталды. Нақтырақ айтсақ 25 жас шамасындағы ер адам, 80 жастардағы әйел адам, 60 жас шамасындағы ер адам және 1 жас шамасындағы сәби сүйегі анықталды. Бұдан басқа 35 жас шамасындағы ер адаммен 14-15 жас шамасындағы қыз бала сүйегі жерленген.

№8 көрхана әртүрлі өлшемдегі бұрын пайдаланылған кірпіштен қаланған. Кіреберіс аузы оңтүстік бағытта салынған. Солтүстік бөлігінде 3ші қатарға дейін сақталса, солтүстік-батысындағы кірпіші 13 қатарға дейін сақталған. №1қаңқа көрхана қабырғасының солтүстік бөлігінен 45 см қашықтықта орналасқан. Жасы 45 жас шамасындағы әйел адамға тиесілі. Екінші қаңқа 70 жас шамасындағы ер адамға тиесілі екен. Үшінші жерленім 13 жастардағы қыз баланың сүйегі болып шықты. 4ші сүйек 50-55 жастар шамасындағы әйел адам екен. Бас сүйегі жерленген орнынан қозғалған.

Жерлеу орнының төменгі бөлігінде жас шамасы қырық бестегі ер адам сүйегі анықталды.

№9 көрхана бұған дейін де пайдаланылған әртүрлі түстегі, әртүрлі көлемдегі кірпіштерден қаланған, кірпіш өлшемі 22x22x5 см. Кірпіш арасына борат қоспасын қоспай, сазды балшықпен қалаған. Жерлеу орны 8 бұрышты боп қаланған, ішкі көлемі 280x280 см. Оңтүстік қабырғаның орта тұсында өлшемі 80 см шамасында ішке кірер есік қалдырған. Төменнен жоғары қарай 5 ші қатарға дейін жарты кірпіштен қаланған. Оңтүстік шығыс қабырғасы 13 қатарға дейін сақталған. Көрханада басы батысқа бағытталған 3 адам сүйегі жерленген. 1-ші сүйек жас шамасы 45 жастағы әйел адам екен. Бас сүйегі оң жаққа қарай қозғалған. Омыртқа сүйегінде остеохондроз ауруының белгілері бар. 2-ші жерленім 35 жастағы ер адамға тиесілі. Бас сүйегі мен кеуде тұсы орнынан қозғалтылған. 3-ші адам сүйегі 2-ші жерленімнен 70 см

арақашықтықта орналасқан. Жас шамасы 30 жас деп болжалды. Бас сүйегі қозғалған, шүйдесімен жатқызылған. Кеуде тұсы ішінара араласып кеткен. Сақталған кеуде тұсына қарап, қазу кезінде бұзылмай ашылғаны байқалады.

Сондай-ақ қазба жұмыстары барысында 4 тандыр және кан жүйелері ашылды. Тандыр диаметрі жоғарғы жағы 50-55 см, төменгі жағы 60-70 см, қабырғасының қалыңдығы 2-2,5 см. Іштері күлмен толған. Кан жүйелері батысқа қарай тандырдың ортасына дейін созылады. Барлық кан жүйелері мен тандырлардың арасын, ғимарат қабырғаларын көрханалар қиып откен.

Осы қазба жұмыстары барысында қыштан жасалған іші қуыс ядро, биіктігі 80 см орташа хум, әртүрлі тереңдіктен екі күмістен соғылған тиын және көптеген мыс тиындар сондай-ақ көптеген әртүрлі формадағы қыш ыдыстар сынықтары табылды. Сонымен қатар әртүрлі тереңдіктен, басқа да секциялардан мал сүйектері, темірден жасалған еңбек құралдары, қару-жарақтар табылды. Енді осы қазбадан табылған жәдігерлерге тоқтала кетсек:

Хумша – биіктігі 80 см, бүйірі 70 см, ернеуі 35 см, ернеу биіктігі 10 см. Ақшыл қызыл түстес қыш ыдыс. Әу баста сұйықтық сақтауға болмаса дәнді дақыл сақтауға арналған болуы мүмкін, кейін түбі сынғаннан соң жуыну құралы ташнау астына қойылған секілді. Өйткені қазып, топырақтан аршу кезінде, ішінен топырағы өте қатты ылғал қар түсті болып шықты. Және ішінара ұсақ балықтың қылқандары шықты. Қазіргі уақытта хумшаға қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, Сарайшық музей-қорық экспозициясынан орын алды.

Ядро – дөңгелек шар тәрізді, іші қуыс. Астрахандық әріптес археологтарымыздың айтуынша ішіне дәрілік қоспалар сақтаған болуы да мүмкін. Қару ретінде де қолданылуы мүмкін. Әртүрлі болжам бар.

Моншақтар – кара түсті, ақ жолақтары бар. Диаметрі – 0,8 см. Кара түсті моншақ көк ою-өрнекпен көмкерілген. Диаметрі – 1 см шамасында.

Жебе ұштары – 1. Темірден жасалған жебе ұшы. Өлшемі: ұзындығы 7 см, қалыңдығы 1,5 см. 2. Жебе темірден соғылған, өлшемі 8см, қалыңдығы 0,5 см. Сақталу жағдайлары орташа.

Күміс тиын – шамамен Жәнібек хан тұсындағы тиын. Күмістен соғылған. Диаметрі 1,5 см [2, 30 б.].

Пышақ бастары – 1. Темір материалынан соғылған пышақ. Тот басқан. Сақталуы орташа. Өлшемі - ұзындығы-11 см, қалыңдығы-0,5см.

2.Темірден соғылған пышақ басы. Тот басқан. Сақталу жағдайы орташа. Өлшемі – ұзындығы 13,5 см. Қалыңдығы-0,8 см.

Қазба орнындағы бұл анықталған құрылыстарды сақтау мақсатымен олар топырақпен қайта жабылды. Ал табылған жәдігерлер Сарайшық музей-қорығы экспозициялық залынан орын алды. Алдағы уақытта қазбадағы болашақ зерттеу жұмыстары Сарайшық қаласын сақтау, қалпына келтіру және ашық аспан асты музейлендіру жобасы аясында жүргізіледі.

Әдебиеттер тізімі.

1 Отчет об археологических работах по теме: «Исследование средневекового городища Сарайчик (Ортағасырлық Сарайшық қаласының зерттелуі)». Атырау, 2019. – 206 с.

2 Сарайшық тиындары / З. Самашев, Р. Бурнашева, Н. Базылхан, В. Плахов. Алматы, 2006. - 186 б.

Түйін

Мақалада 2019 жылғы Сарайшық қаласындағы III-A қазба орнында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесі талданады.

Резюме

В статье анализируются результаты археологических раскопок 2019 года на месте раскопок III-A в городе Сарайшык.

Resume

The article analyzes the results of archaeological excavations in 2019 at the site of excavations III-A in the city of Saraishyk.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНА КӨШУДЕГІ КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

А.С.Байбулсинова -М.Өтемісов
атындағы БҚУ, ҚР тарихы
кафедрасы меңгерушісі, т.ғ.к, доцент
Т.О. Жүніс -М.Өтемісов атындағы
БҚУ магистранты, Орал қаласы.

Тәуелсіздік жылдарында еліміз екі процесті – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қатар жүргізіп, белгілі бір нәтижеге жетті, қазіргі уақытта жаңа тарихи кезеңге – Рухани жаңғыру кезеңіне аяқ басты. Рухани жаңғыру бізден ұлттық санамызды қалыптап, бәсекеге қабілетті болып, кез-келген мәселеге прагматистік тұрғыдан келуді, жалпы алғанда ұлттық бірегейлігімізді сақтай отырып дамуымызды талап етеді. Рухани жаңғырудың ең басты шарты – «білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу». Өйткені, ҚР Тұңғыш Президенті, Ұлт Көшбасшысы Н.Назарбаевтің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында атап көрсеткендей, «табысты болудың ең іргелі басты факторы білім екенін әрқайсысымыз терең түсінуіміз керек. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» [1]. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында көрсетілген

міндеттер бойынша: «Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды игеріп, ғылым мен практика жетістіктеріне негізделген білім алулары керек» [2].

Қазақстан Республикасының тәуелсіздікке ие болуы, соның арқасында әлемдік-экономикалық геосаясатқа дербес араласу елімізге көптеген адамдардың келуіне, сол сияқты біздің азаматтардың басқа елдерде жұмыс жасауына, оқуына әсер етіп отыр. Осыған байланысты, еліміздің мектептерінде берілетін білім деңгейі өркенниетті елдердегі оның мөлшері мен деңгейінен төмен болмау қажет.

Кеңестік дәуірдегі білім беру бағытынан оқшаулана отырып, Тәуелсіздік жылдары өмірге Қазақстандық төл жаңа буын оқулықтарымен қатар жаңа оқыту әдістемесіде жаңғырып, 12 жылдық жалпы білім беруге кезең-кезеңмен көшу, бейіндік оқыту, бастауыш кластардан ағылшын тілін оқыту т.б жаңа қадамдар жасалды. Еліміздегі білім берудің бүтіндей жүйесінің, оның ішінде жалпы орта білім беру де дүниежүзілік білім кеңістігіне бағытталған жаңа білім беру жүйесі орнату қолға алынды.

Бұл үдеріс оқу-тәрбие процесіндегі педагогикалық теория мен практикасындағы елеулі өзгерістермен қатар жүруде. Жаңа буынның оқу материалдарын дайындау инновациялық қадамдар, олардың функциясы мен білім беру практикасында қолдану тәсілдерін өзгерту білім беруді жаңғыртудың бір бөлігі болып отыр.

Елбасы, Қ.Р Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев Жолдауында «Жаңартылған білім мазмұны бұл – мүлде жаңа бағдарлама, оқулықтар, стандарттар және кадрлар» . деп атап өтті. Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 76,79,89 тармақтарын және Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған білім және ғылымды дамыту бағдарламасын жүзеге асыру аясында жаңартылған білім беру жүйесі кезең –кезеңмен 2016 жылдың оқу жылынан бастап еліміздің барлық мектептеріне Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесі бойынша енгізілді [3].

Бүгінгі таңда білім беру саласында оқытудың жаңа технологияларын, білім беруді ақпараттандырып, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу арқылы оқытуды сауатты, сапалы жеткізуде жаңа әдістемелік әдістерді тиімді енгізіп келеді. Білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етуде. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді

(бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдану болып табылады. Бұл үдеріс оқу-тәрбие процесіндегі педагогикалық теория мен практикасындағы елеулі өзгерістермен қатар жүреді. Жаңа буынның оқу материалдарын дайындаудағы инновациялық қадамдар, олардың функциясы мен білім беру практикасында қолданылу тәсілдерін өзгерту білім беруді жаңғыртудың бір бөлігі болып табылады [4].

2000 жылдары Қазақстандағы білім саласын реформалаудағы жаңартылған білім беру жүйесіне көшу барысында Батыс Қазақстанда да елеулі өзгерістер орын алды. Алдымен бұл үрдістердің көш басында Назарбаев зияткерлік мектептері тартылды. 2015 жылдың 1 қыркүйегінен бастап еліміздің 30 мектебінде Назарбаев зияткерлік мектебінің тәжірибесін тарату мақсатында 12 жылдық білім берудің жаңа бағдарламасы апробациядан өтті, оның ішінде екі мектеп Батыс Қазақстан облысында (Орал қаласының М.Ықсанов атындағы №36 ЖОББМ және Теректі ауданының Шаған ЖОББМ).

Батыс Қазақстан обласы бойынша аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің мәліметі бойынша 2019 жылы 1 қыркүйекте 6-7 жастағы 11467 оқушы бірінші сыныпқа келсе, ал 2011 жылы-9161 оқушы келіп отыр [5].

Жаңартылған білім беру мазмұнына көшуге байланысты бастауыш сынып мұғалімдері мен пән мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курстары ұйымдастырылды, жаңа бағдарламаға сәйкес оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер сатып алуға баспаларға сұраныс жасалды. Апробациядан өтіп жатқан облыс мектеп базаларында өз іс-тәжірибелерімен бөлісу мақсатында тақырыпты тәжірибе алмасу мақсатында семинарлар ұйымдастырылды. Атап айтсақ, 2015 жылы Орал қаласының М.Ықсанов атындағы №36 ЖОББМ –де «Жаңартылған білім беру мазмұнын енгізудің әдістемелік және практикалық ерекшеліктері» тақырыбында әдіскерлер, директордың орынбасарлары, бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған семинар – практикум.

Семинар барысында мұғалімдерге жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша математика, әдебиеттік оқу, дүниетану, дене шынықтыру, бейнелеу өнері, музыка пәндерінен кіріктірілген дәстүрден тыс сабақтар көрсетіліп, мектеп пен ата-ананың қарым-қатынасын қалыптастыруда оқушылар үшін ата-ана ролінің маңыздылығы туралы мәселелер талқыланды. Сондай-ақ, Теректі ауданының Шаған ЖОББМ базасында «Жаңартылған білім беру мазмұнына көшуде әріптестердің өзара байланысы-сапалы қызметтің кепілі» атты тақырыптағы облыстық семинарда қатысушылары критериалды бағалаудың ерекшеліктерімен, «Мұғалім+ата-ана», «Мұғалім+оқушы», «Мұғалім+әріптес» байланысының ерекшеліктерімен танысты.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің бұйрықтары негізінде, 2016 жылы оқулықтар және оқу-әдістемелік кешендермен камтамасыз ету мақсатында жергілікті бюджеттен 775 млн теңге, оның

ішінде 1 сыныптар үшін 221,6 млн теңге қарастырылған. 2017 жылы 1 сыныптар үшін жаңа басылып шығарылатын оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер, 8 сыныптар үшін қайта басылып шығарылатын оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер, 4 сыныптар үшін «Ағылшын тілі», 9 сыныптар үшін «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің оқулықтары сатып алынып, мектептерге таратылған [5].

Жаңартылған білім мазмұны жағдайындағы ерекшелігі – оқудағы жетістіктер нәтижелі сипатқа ие, ал оқу үрдісі оқушылардың әрбір сабақта білімді «табудағы» белсенді қызметімен сипатталады. Бұл жағдайларда оқушы – таным субъектісі, ал мұғалім оқушылардың танымдық әрекетінің ұйымдастырушысы қызметін атқарады. Әрбір оқушыны жасына да, мүмкіндігіне да қарамастан тұлға ретінде қабылдауға қол жеткізуге ұмтылуымыз қажет. Оқыту мақсаты оқушы және мұғалім үшін ортақ болады, міне, білім мазмұнын жаңартудың педагогикалық аспектісінің мәні осында.

Мемлекеттік білім стандартына сәйкес жасақталған типтік оқу жоспарында оқу пәндерін үйрету көрсетілген. "Жаратылыстану" /жаратылыстану ғылымының негізінде/, /1-4- классы/, "Дүниетану"/қоғамдық-гуманитарлық бағыт негізінде/, /1-4- сынып/, АҚТ/3-4 - сынып/, тілдерді деңгейлік оқыту "Қазақ тілі"/Т2/, "Орыс тілі" /Я2/, "Ағылшын тілі"/1-4-сынып/, "Өнер". Өнер технология мен бейнелеуді біріктіріп оқытуды қарастырады. Білім беру мазмұнын жаңартудағы жаңашыл бастамалар "Жаратылыстану" сабағында ерекше байқалады. Жаңартылған білім беру бағдарламасы кестеге сәйкес кезең-кезеңмен енгізілді. Мысалы: 1 қыркүйек 2016 ж. - 1 сыныптар, 1 қыркүйек 2017 ж. - 2, 5, 7 сыныптар; 1 қыркүйек 2018 ж. - 3, 6, 8, 10 сыныптар, 1 қыркүйек 2019 ж. - 4, 9, 11, 12 сыныптарға [5].

2017 жылғы 13 қаңтардағы Елбасы Н.Ә Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Бірінші. Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет. Сонымен бірге, IT-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керек. Қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алшақтығын азайту қажет. Үкіметке тиісті ұсыныстар беруді тапсырамын. Атап айтқанда, үш тілді оқуға кезең-кезеңмен көшу мәселесі бойынша ұсыныстар әзірленсін. Қазақ тілінің басымдығы сақталады. Оның әрі қарай дамуына зор көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, бүгінде ағылшын тілі – жаңа технология, жаңа индустрия, жаңа экономика тілі. Қазіргі кезде 90% ақпарат ағылшын тілінде жарияланады. Әрбір екі жыл сайын олардың көлемі 2 есе ұлғайып отырады. Ағылшын тілін меңгермей, Қазақстан жалпы ұлттық прогреске жете алмайды» - деп атап көрсетілген болатын [6].

Мемлекеттік идеология мен білім беру саласындағы алға қойылған

маңызды мақсаттарға сәйкес бүгінгі таңда жаңартылған білім беру мазмұнының ерекшелігі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын жаңарту «өмірлік білім алу» тұжырымдамасынан «өмір бойы білім алу» тұжырымдамасына қарай өтуге және білімді үнсіз тыңдаудан ынталылыққа, білімнен құзіреттілікке бағыттау болып табылады.

Елордадағы №69 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі Алтынбек Мұқышев пікірі бойынша «Бұрын оқушыны мұғалім ғана бағаласа, жаңартылған білім мазмұны бойынша оқушы өзін өзі бағалайды. Бағалау жүйесінің артықшылығы баланың ойлау қабілетін арттырып, ғылыммен айналысуға ынтасын туғызады. Ал пән мазмұны спираль түрінде беріледі, бұл қарапайымнан күрделіге қарай жүру деген сөз. Ескі бағдарлама бойынша оқушы бір тақырыпты бірнеше рет қайталап оқиды, ал мұнда бір тақырып әртүрлі деңгейде қайталанатын: кейде бір тоқсан аясында, кейде әр тоқсанда. Әр қайталанған сайын күрделілігі арта түсіп, тереңдетіле оқытылады. Жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланыста болады. Жаңартылған білім бағдарламасының тағы бір ерекшелігі – ортақ тақырыппен оқытылатынында. Мәселен, әдебиет сабағында «Өзім туралы» ортақ тақырыбы болса, сол тақырып төңірегіндегі тапсырмалар математикада, қазақ тілінде, ағылшын тілінде де болады. Бағдарламада оқушылардың сын тұрғысынан ойлау, өз бетінше тұжырым жасау, қорытынды ойын айту, мәселесін өзі шешу, пікірталас жүргізу, көзқарасын білдіру, басқалармен қарым-қатынас орната білу, тәжірибелік жұмыспен айналысу, топтық және жеке жұмыс істеу дағдылары қалыптасады. «Бұдан бөлек, бізде жаратылыстану деген жаңа пән болды. Бұрын бұл бастауыш сыныптарға енгізілмеген, тек дүниетанумен шектелді. Жаратылыстану балаларды қатты қызықтырады, себебі олар өздері тәжірибе жасайды. Оқушылар осы арқылы айналадағы заттарды қолмен ұстап, қасиеттерін біліп, құпиясын ашады», дейді бастауыш сынып мұғалімі [7].

Елордадағы НЗМ-де химия пәнінен сабақ беретін Қарлығаш Оралбаеваның ойынша «Еліміздегі жалпы білім беретін мектептерге ішінара бейімделе енгізіліп жатқан НЗМ-нің оқыту жүйесі әу баста Кембридж бағдарламасына негізделіп, біздің мемлекеттік бағдарламаға сүйеніп әзірленген. Бұл бойынша білім алатын оқушы 10 жыл ішінде мектеп бағдарламасын тауысады, 11, 12 сыныптарда таңдаған мамандығы бойынша оқиды. Таңдаулы пәндер аптасына 6 сағат ағылшын тілінде оқытылады. Былтыр енгізілген бір жаңалық, бұл жүйе бойынша білім алған мектеп түлектері соңғы емтиханнан Кембридж сертификатын алса, отандық университеттердің бірден 2-ші курсына қабылдана алады. Себебі бұл жүйе халықаралық стандарттарға сай». Елбасымыздың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында да бұл мәселе назардан тыс қалған жоқ. «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі

өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз — білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын оқушылардың сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет», - деген болатын [7]. Қазіргі таңда білім алып жатқан балаларымызды бәсекеге қабілетті болып шығуы білім беру жүйесіндегі іске асырылып жатқан жаңа қадамдар баға жетпес нәтижесі болары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі.

1. ҚР Тұңғыш Президенті, Ұлт Көшбасшысы Н. Назарбаевтің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
2. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы <https://egi.edu.kz/wp-content/uploads/2020/12/2007.27.07-319-III-R-ZA-Y.pdf>
3. Мемлекет басшысының «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» мақаласынан // https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-ult-zhospary-kazakstandyk-armanga-bastaityn-zhol-makalasy
4. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <http://adilet.zan.kz/rus>
5. БҚО білім басқармасының жылдық есебі. (2010-2019 жж.) <https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-bilim?lang=kk>
6. Елбасы Н.Ә Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 31 қаңтар 2017 ж. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1700002017>
7. egemen.kz: <https://egemen.kz/article/207788-zhanhartylghan-bilim-mazmuny-sapagha-yqpал-ete-ala-ma>.

Түйін

Мақалада Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғаннан кейінгі білім саласындағы маңызды реформалары талданады. Оның ішінде жалпы білім беретін орта мектептерінде берілетін білім деңгейін өркениетті елдердегі мөлшерге сай болуы үшін төл жаңа буын оқулықтарымен қатар жаңа оқыту әдістемесіде жаңғырып, 12 жылдық жалпы білім беруге кезең-кезеңмен көшу, бейіндік оқыту, бастауыш кластардан ағылшын тілін оқыту т.б жаңа қадамдар жасалу жолдарын ашып көрсетеді. Батыс Қазақстан облысы мысалында жалпы орта білім беру де дүниежүзілік білім кеңістігіне бағытталған жаңа білім беру жүйесі орнатудағы қолға алынған іс-шараларды баяндайды.

Резюме

В статье анализируются важнейшие реформы Республики Казахстан в сфере образования после обретения независимости. В частности, для того, чтобы уровень образования, предоставляемого в общеобразовательных школах, соответствовал размерам цивилизованных стран, наряду с учебниками нового поколения будут модернизированы новые методики обучения, намечены новые шаги по поэтапному переходу на 12-летнее общее образование, профильное обучение, Обучение английскому языку с начальных классов и др. На примере Западно-Казахстанской области также отражает проводимые мероприятия по созданию новой системы образования, ориентированной на мировое образовательное пространство.

Resume

The article analyzes the most important reforms of the Republic of Kazakhstan in the field of education after independence. In particular, in order to ensure that the level of education provided in general education schools corresponds to the size of civilized countries, along with new-generation textbooks, new teaching methods will be modernized, new steps will be planned for a phased transition to 12-year general education, specialized training, English language training from primary classes, etc. On the example of the West Kazakhstan region, it also reflects the ongoing measures to create a new education system focused on the global educational space.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ

А.С. Байбулсинова - т.ғ.к.,
М.Өтемісов атындағы БҚУ доценті
К.А. Хожамуратова – магистрант,
М.Өтемісов атындағы БҚУ
Орал қаласы

Қазақстанда жыл сайын 31 мамыр күні Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні аталып өтеді. Алайда, бұл күнді тек саяси-қуғын сүргін құрбандарын еске алу күні ретінде емес, сонымен бірге Қазақстандықтар XX ғасырдың 20-30 жылдары қазақ халқына жасалған генцид ретінде қабылдайтын сұрапыл ашаршылық құрбандарын Еске алу күні ретінде де атап өтеді. Қазақ зиялыларына, Алаш-Орда көсемдеріне жасалған саяси қастандық Кеңес өкіметіне қарсыларға ғана емес, тікелей халықтың ар-ожданы мен парасатын жоюға бағытталған саяси шара болатын.

XX ғасырдың 20-жылдарының бірінші жартысындағы Қазақстан халқының этнодемографиялық дамуына 1921-1922 жылдардағы ашаршылық кері әсер етті. Ашаршылық әсіресе Қазақстанның батыс губернияларын қамтып, он мыңдаған адамның шығын болуына және өзге аймақтарға

көшуіне, шаруашылықтың құлдырауына әкеліп соқтырды. Сондықтан Қазақстандағы ашаршылықтың орын алуы, себептері мен салдарлары туралы нақты зерттеулер жүргізіп, деректерді жан-жақты қарастырып, тарихи шындықты жазу өте өзекті мәселе деп санаймыз. Соның ішінде зерттеу жұмысы Ақтөбе өңірі бойынша алынып отыр.

Қазақстанда ашаршылық жылдары аман қалғандардың санасында тереі жарақаттың ізі қалды. Аман қалған қазақтардың Кеңес өкіметі кезіндегі Қазақстандағы мәртебесі екіұдай жағдайда болған еді: бір жағынан мемлекет құрушы ұлт, екінші жағынан этникалық азшылық болып есептелді. Ашаршылықтан кейінгі ондаған жылдар ішінде Мәскеудің қоныстандыру саясаты республикаға қоныс аударушылардың толқынын арттырып, бұдан былай қазақтың аз ұлт мәртебесіне өз үлесін қосып отырды. Тек қана 1989 жылғы санақ қазақтардың саны орыстардың санынан артқанын көрсеткен еді (39,7-37,8 %). 1999 жылғы халық санағы бойынша, яғни Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін сегіз жыл өткен соң ғана, қазақтар тәуелсіз елгі айналған Қазақстан халқының 50% астамын құрады [1, 2-3 бб.].

Ашаршылық әсіресе Қазақстанның батыс губернияларын қамтып, он мыңдаған адамның шығын болуына және өзге аймақтарға көшуіне, шаруашылықтың құлдырауына әкеліп соқтырды. Аштықтың басты себебі соғыс салдарынан өндіргіш күштердің әлсіреуі, экономиканың құлдырауы және азық-түлік қорының жоқтығы болатын. Орал губерниясындағы ашыққандарға көмектесетін губерниялық комиссияның мәліметтері ашаршылықтың негізгі себептерін нақты көрсетеді. «Құрғақшылық, егін шықпау, онсыз да ұзақ жылғы империалистік соғыс пен ең бастысы азамат соғысы нәтижесінде дағдарысқа ұшыраған шаруашылықты одан әрі түбегейлі құлдыратты. 1918-1920 жылдарды қамтыған азамат соғысы барысында губернияда елді – мекендер өртеліп, барлық шаруашылық құрал-жабдықтар бүліншілікке ұшырап, мал басы саны азайды. Азамат соғысының қорытындысы губерния аймағындағы шаруашылық өмірдің құлдырауы болды», - деп көрсетілді [2, 40 п.].

Азамат соғысы аяқталғаннан кейін Кеңестер елін тағы бір ауыр сынақ күтіп тұрды. 1901-1922 жылдардағы ұзаққа созылған қарсыз жазға ұласты. Қыста қардың көктем мен жазда жауынның болмауы қатты құрғақшылықты, оның салдары ашаршылық нәубетін әкелді. Етек алған ашаршылыққа байланысты РК(б)П Орталық Комитеті 1921жылғы 17 шілдеде партияның барлық мүшелеріне арнайы үндеу жолдады. «Ашаршылық» — делінді үндеуде, — тек құрғақшылықтың нәтижесі емес, оның себебі аграрлық сектордың артта қалуында, ауыл шаруашылық білімі денгейінің төмендігінде, ауыспалы егіс нысандарының ескілігінде, бұл және соғыс пен әскери қоршаудың, сондай-ақ помещиктер мен капиталистердің және олардың итаршыларының бізге қарсы күресінің бәсеңсімей отырғанының да салдары». Партия құжаттарында көрсетілген себептермен бірге жаппай ашаршылық, халық шаруашылығына, әсіресе ауыл шаруашылығы саласына

қатты соққы болып тиген «әскери коммунизм» саясатының нәтижесіндегі төтенше экономикалық жағдайларға да байланысты туындады [3,184-185 бб]. Ашаршылықтың адамды ауруға, індетке ұрындырады, қырғынға ұшыратады. Ашаршылық - бұл жеке адамның, жеке отбасының қорексіз қалуы емес, ол бір аймақтың, халықтың, мемлекеттің нәубетке түсуі.

1919-1922 жылдардағы аштық. Қазақстандағы 1919-1922 жылдардағы аштықтың бір себебі елдің бірнеше аймақтарында орын алған егіннің шықпай қалуы болды. Осы жағдайға байланысты кеңес үкіметі 1919 жылдың қаңтар айынан бастап «азық-түлікті тәркілеу» саясатын бастады. Бұл саясат кеңес үкіметінің 1918 жылдың 13 мамырынан бастап жүргізе бастаған азық-түлік диктатурасына сайма-сай дәл келген еді. Қазақстанда егіншілікпен айналысушылардың аз деңгейде дамуына байланысты большевиктер қазақтың малын кәмпескелеп алуды басты мақсат етіп қойды. 1919-1922 жылдардағы Ақтөбе облысындағы аштықтың көрнісі туралы мұрағат құжаттары нені аңғартады. Сақталған құжаттарда Губатқару комитетінің төрағалары Ряхов, Назаров, Сердюковтардың ашаршылыққа қатысты Ленинге жазған хатында мынадай мәліметтер бар. Егіншілікті губерния қолға енді алып жатқанын, ал мал шаруашылығы мықты қиындықтарға кезігіп отырғанын көрсетеді. Малдардың ауруға ұшырап қырылып жатқанына мал дәрігерлердің жоқтығын басты мәселе етіп көрсеткен (Ақтөбе облыстық Губкомиссияның Орталық комиссияға баяндамасында) [3, 186 б.].

Губкомиссияның орталыққа жіберген тағы бір баяндамасында «Ақтөбе губерниясы 2 жыл қатарынан астық пен жалпы шөптің шықпауынан зардап шегіп келеді. 1920 жылдары Темір, Ойыл аудандарында жалпы Ақтөбе губерниясының оңтүстік аудандарында астық пен шөп жәндіктердің зиянынан түгелдей жойылды. Сондықтан малдардың жаппай шығынына ұшырап, жергілікті халық нан өнімдерін мемлекет тарапынан көмек ретінде алды. 1921 жылы тағы егін егіліп, бірақ олда нәтиже бермеді, сол жылдың шілде айында елде тіпті нан өнімдері қалмағандықтан, болашақта қуаңшылықтың салдарынан ашаршылықтың болатынын білген жергілікті тұрғындардың кейбірі көшуге мәжбүр болды. Қазақтар (құжатта қырғыздар деп көрсетілген) Өзбекстанға (сол кездегі Хорезм республикасына), Түркістанға, орыстар Украинаға, өздерінің келген жақтарына қоныс аударды. Губернияда 23 пайыз халық көшіп кетті. Оның ішінде тек Қарабұтақ ауданында 75 пайыз тұрғын көшіп кеткен. 1921 жылы Ақтөбе губерниясында ашаршылыққа душар болған, көмекке зәру адамдардың нақты санын білу қиын болғанмен, губкомиссияның есептік мәліметі бойынша Ақтөбе губерниясында 15-27 қазан аралығында 116679 адамға жеткен. Олардың ішінде 26661 ересек адам, 89991 бала ашыққан. Оның 22077-сі қазақ ұлтынан, 94602 адам орыс ұлтынан [4, 106 бб]. Олардың барлығы көмекке зәру жандар» делінген.

Осындай жағдайға байланысты арнайы Губкомиссия құрылып, ашаршылықта көмекке зәру жандарды есепке алып, оларға көмек қоры

барысында жоспар құрылды, сонымен қатар, аудандардағы аш адамдарға қажетті азықты жеткізу жолдары қарастырылды. Губкомиссия 1921 жылдың қазан айында 300 бала мен 120 мүгедек адамды астықты губернияға көшірді. Сонымен қатар күніне 400 адам тамақтанатын балалар асханасы ашылды. Ақтөбе қаласында барлығы 500 орындық тамақтану орындары 1200-ге көбейтілді [4, 108 бб].

Шалқар мен Ырғыз аудандарына 1 вагон картоп жіберілді. Ырғызда екінші 500 адамдық тамақтану орны ашылды. Сонымен қатар ауданда балық аулауға бейімдеу күрделі насихатталды. Темір ауданында 700 адамдық тамақтану асханасы ашылды. Ауданмен байланыс тым нашарлықтан нақты қанша адамның азықсыз екенін тап басып айту қиын болды. Ал, Шалқар ауданында аштыққа деген шағымнан басқа ешқандай мәлімет алу мүмкін болмағандығы құжаттарда көрсетілген. Ойыл ауданында 400 адамдық асхана ашылып, онда аш адамдар қатары 24754-ке жеткендігі көрсетілген. Аштықтағы адамдарды балық аулаушылыққа бейімдеу насихаты күрделі жүрді. Қарабұтақ ауданында 320 бас сиыры бар азамат 1 сиырды салық ретінде аштыққа ұшыраған халыққа көмек ретінде сойып беріп, ел басына түскен қиыншылықты бірігіп жеңуге тырысқан [4, 110 бб].

Орталық төтенше жағдай комитетінен 315 миллион рубль қаржы бөлініп, аш адамдарға көмек көрсетіледі. Аталған қаржы Ақтөбе қаласына, Темір, Шалқар, Ырғыз, Ойыл, Қарабұтақ, Ақбұлақ аудандарына бөлініп берілді. Сонымен қатар осы қаржыға Ақтөбе қаласында 100 адам түнейтін үй салынды. Мәскеуден 2 вагон бидай және Ташкенттен 1 вагон ұн, 1 вагон жеміс-жидектер, 2 цистерна мұнай жеткізіліп, губерния тұрғындарына таратылды.

1921 жылы 46 тамақтану асханасы ашылып, губерния бойынша 15043 адам осы асханалардан тамақтанған. Сонымен қатар Түркістанға 12785 ересек, 4209 бала, 1102 мүгедек жандар көшірілді. Барлығы 18096 адамға жетті [5, 13-14 бб].

Губерния тұрғындарының жағдайының аса қиын болғандығы соншалық, тұрғындар құстардың киелісі саналатын аққу, қайың ағашының дінгегін тамақ қылып, тіпті саз балшықтың кейбір түрлерін азыққа айналдырды делінген құжатта. Адам өлімі күн өткен сайын өсіп, Ақтөбе қаласында 1921 жылдың қараша айында 469 ересек адам, 320 бала қайтыс болды. Сонымен қатар ауруханада аштықтан 294 адам қаза тапқан. Жергілікті жерлерде аштықтан қаза болағандардың нақты санын белгілеу әрине мүмкін болмады. 1921 жылдың қараша айына дейін малдың 55 пайызы қырылды. Малсыз қалған тұрғындардың саны 75 пайызға өсті. Бұл дерек әрине ашатықтан бұратылған қазақ халқының санын өсуіне мүмкіндік беретіні сөзсіз.

1921 жылдың қараша айына дейін 87725 балалар, оның ішінде 28649 ересек адам аштықтың зардабын шеккен. Ал, 1921 жылдың шілде айында Қырғыз Орталық атқару комитетінің Мәскеуге жолдаған жеделхатында 5

губернияда ашаршылық белең алып бара жатқанын хабарлайды. Олар Ақтөбе, Орынбор, Орал, Бөкей және Адай губерниялары.

Нәубет жылдарының басында Ақтөбе губерниясының халқы саны 525249 адамды құрады. Олардың ішінде 291547 ересек адамдар, 233702 балалар болатын. Ашаршылыққа душар адамдардың 1920 ж. маусым айына нақты саны белгісіз, бірақ 1921 жылдың қаңтар айында шамамен 361051 адамға жетсе, олардың 97309 ересек адамдар, 263743 балалар болды. Аштықтағы азаматтарға көмек ретінде губернияның басқару бөлімі 640000 рубль қаржы бөлген. Сонымен қатар басқада азықтай және тұрмыстық көмектерін бөлді. Негізгі аштықтағы азаматтарға көмек көрсету губерния бойынша 1921 жылдың қараша айынан бастау алған болатын. Қараша айына дейін 21800 ересек адам, 6348 бала егінді алқаптарға көшірілді [6,45 б].

Олардың ішінде өз еркімен қоныс аударғандар да кездесіп, бірақ олар эвакуация санағына енбей қалған. Жергілікті тұрғындардың ішінде өлім мен науқастанудың басты мәселесі ашаршылық болды. Ақтөбе губерниясы бойынша 1922 жылы халықтың 50 пайызы өлімге, 28 пайызы ауруға ұшыраған.

1921 жылдың 1 желтоқсанына дейін Ақтөбе губерниясы бойынша 37140 адам үнемі азықпен қамтамасыз етілді. 1921 жылдың тамыз айы мен 1922 жылдың қаңтар айлары арасында Ақтөбе губерниясынан Түркістанға 10 мың адам, Орынборға 1000 адам эвакуацияланды. Сонымен қатар Ақбұлақ және Жұрыннан 3907 адам Түркістан өлкесіне көшірілді. 1921 жылдың қараша айынан бастап Американдық балаларға көмек көрсету администрациясының (АРА) көмегі сұралып, қызметін Ақтөбе губерниясына ұсынды. 1921 жылдың 26 желтоқсанынан бастап Америкалық ұйым балаларды тамақтандыруға кірісті. 1922 жылдың ақпан айында 25 мың құрғақ азық (паёк) бөлінді. Олар Ақтөбе қаласы бойынша -3000 құрғақ азық, Ақтөбе ауданына-6000, Ақбұлақ ауданына-7500, Темір ауданына-6500, Қосестек ауданына-2000 құрғақ азық бөлінді [6,59 б]. Басқа аймақтардағы балаларға көмек көрсетуден Американдық ұйым мемлекет аралық қашықтыққа байланысты бас тартты.

Ақтөбе губерниясы Ойыл уездік атқару комитетінің 1921 жылғы 16 шілдедегі шешіміне сәйкес, ауқатты және күйлі адамдар ашыққандардың белгілі бір бөлігін жатын жаймен, тегін тамақпен қамтамасыз етуге міндеттелді.

1922 жылдың қазан айында Ақтөбе губерниясының халық саны 57000 адам болды. Олардың көбін қырғыз яғни қазақ халқы құрады. Ақтөбе, Темір қалаларында аш адамдарға арналған 700 адамдық қонатын үй ашылды. 1922 жылы аш адамдар қатары 13000 дейін өсті. Қазан айы мен қараша айының ортасында адам өлімі 2 есеге көбейген. Аталмыш айларда Ақтөбе қаласында коммунбөлімде 496 адам мүрдесі, ауруханада-294, балалар үйінде -125 адам мәйіті шықты. Бұл тек арнайы мекемелердегі сандар. Ал қарапайым тұрғындардың өлім санағын жүргізу мүмкін болмады. 1922 жылдың

көктемінде губерния халқының 50 пайызы эпидемияға, 28 пайызы өлімге душар болған. Аштықтың салдарынан эпидемиялық ауруға ұшыраған адамдар күн өткен сайын көбейген. Осыған орай губерния денсаулық сақтау бөлімі шағын бөлімшелерді көбейте бастаған.

Аштықтың әртүрлі себептерінен ата-анасыз қалған балалар саны өсті. Оларға арнайы губкомиссия балалар үйі мен асханаларды ашуды ұйғарды. Сонымен қатар балаларды егінді өлкелерге көшіру мәселесі қаралды [6,81 б].

1922 жылдың ақпан айында 30 мың 14 жасқа дейінгі бала мен 18 мың ересектер азықпен көмекке зәру жандар болды. Бұл жандарға Мемлекет тарапынан толықтай көмек көрсету мүмкін болмай отырғанын губкомиссияның баяндамасында көрсетілген және бұл азғантай көрсетілген көмек көптеген адам өмірінің шығындарынан құтқармайды. Губернияда аштықтан эпидемиялық ауруға шалдыққандар қатарына көмек көрсету мүмкін емес, оларға дәрі-дәрмектің жетіспеуінен ауру адамдардың жаппай қаза табуына соқтырып отыр. Ақбұлақ ауданында ақпан айының өзінде халықтың 12 пайызы аштықтан қаза болса, Түйетөбе уезінің 50 пайызы аштықтан қырылды. Ақбұлақ ауданында күніне орташа 300 адам аштықтан қырылғаны құжатта тіркелген. Аталмыш ауданның ауылдарында адам мәйіттері сарай, үйлерде бұзылып жатқаны құжаттарда баяндалады. Басты себеп оларды жерлейтін адамдардың жоқтығына байланысты. Тамды, Қобда, Жиренқопа болыстарының кейбір ауылдарында тырысқақ (холера) және оба (чума) аурулары белең алған. Олар 48 сағат ауырып, кейін қаза табатыны медицинада белгілі. Шалқар ауданында тұрғындардың 50 пайызы аштықтан ауруға ұшырап, 20 пайызы қаза тапты делінген құжаттарда [7, 53-54 бб].

Бұл нәубетпен күресу жергілікті атқарушыларға аса қиынға соғып отыр. 1922 жылдың алғашқы айларынан түрлі ауруларға шалдыққан тұрғындардың саны күн өткен сайын қарқынмен өседі. Сонымен қатар көктемде су тасқыны қарсаңында шалғай ауылдарға 2 ай бойы қатынас азаяды. Сол себепті сырқат тұрғындарға қандайда көмек көрсетіп олардың ішінде опат болғандардың сандарын білу мүмкін болмады.

Ақтөбеде күн өткен сайын ашығып, жағдайы тым төмен ауруға шалдыққан адамдар қатары көбейген. Олар тек Ақтөбе губерниясы емес, көршілес жатқан губерниялардан, мысалға 1922 жылы 300 адам Орынбор губерниясының Орск ауданынан келіп түскен.

1922 жылдың қаңтар айында барлығы 361051 адамға жетті. Бұл дегеніңіз барлық губерния бойынша 65 пайыз халықты құрайды. Әрине бұл тек ресми деректер бойынша санақ. Осы аштыққа душар болған жандардың 20 мыңы ғана мемлекет тарапынан бір мезгілдік құрғақ азықпен қамтамасыз етілді.

Қыс мезгілінде болыстар мен ауылдарға азық-түлік жеткізу тым ауырға соқты. Ақтөбе, Ақбұлақ, Мартөк, Жұрын және Шалқарда азық-түлік қоймаларынан азық ауылдарға жіберіліп тұрды. Дегенменде бұл қоймаларға

айына 2 рет азық түлік жеткізілетін, бірақ 1922 жылдың алғашқы айында азық-түлік 3 аптада бір жеткізілген, олда өте аз мөлшерде болған.

1922 жылы Ақтөбеде – 359326, Адай уезінде – 75 мың адам аштан бұратылды. Мүрделер өзен бойында, ауыл арасында, елді мекендердің көшелерінде тарыдай шашылып жатты. Бұл жан түршігетін құбыжық көрініс еді [7, 55 б].

Елді мекендердегі мешіт, шіркеулердің бұйымдары жиналып, оларды Мәскеуге мемлекеттік қоймаға жіберілді. Бұл бұйрық губерния төрағасы Ряховқа 1922 жылдың 24 сәуірінде келген бұйрық болатын.

Ақтөбенің Ырғыз, Шалқар және Ойыл аудандарынан аштық азабынан құтқарылу үшін жаппай көшу белең алды. Әрине ол жаппай көшуді санаққа алу мүмкін болмады. Олардың көбі жаяулап көршілес мемлекеттерге аттанды.

1922 жылдың қараша айында Ақтөбе халықының 50 пайызы аштыққа ұшырады, ол шамамен 285000 адамды құраған. Бұл дерек губтөрағаның баяндамасында берілген болжам. Бұған дейінгі халық шығынымен қоса бұл дерек тұрғындардың 70 пайызы аштықтан бұратылатыны белгілі болған.

1923 жылдың маусым айындағы есеп бойынша аштыққа 14 жасқа дейінгі балалар саны 18049, ал ересектер қатары 21429-ды құрады. Маусым айында Ақтөбе қаласы бойынша 13480 адамды тамақтандыруға мүмкіншілік болды. Республиканың Денсаулық сақтау халық комиссариатының деректері бойынша Орынбор, Орал, Ақмола және Ақтөбе губернияларында 1921 жылдың 1 қарашасы мен 1922 жылдың 1 шілдесі арасында 37 657 адам ашаршылық құрбаны болды [7, 57-71 бб].

Ұжымдастыру, тәркілеудің соңы алапат аштыққа ұласып, балапан басымен, тұрымтай тұсымен деген заман болғаны тарихтан мәлім. Сол жылдары ашыққан халық жылы орнын тастап, басы ауған жаққа босып кетті, ауылдан қалаға, одан басқа елдерге ауды. Көшпенді жұрттың дәулеттілерін тәркілеп, ұжымдастыру деген желеумен тігерге тұяқ қалдырмай тентіреткен Кеңес үкіметінің солақай саясаты осыған алып келді. 1930 жылы 1 миллион 12 мың 500 адамы болған Ақтөбе облысының халқы 725800 мың адамға дейін азайған. Мал саны күрт кеміп кетті.

Қазақ өлкесін басқарған Ф.И.Голощекин (1925-1933) елді индустрияландыру және ұжымдастыру саясатын тездетті. Соның салдарынан қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығы күйзелді, қазақ зиялыларының мәліметтері бойынша, сол кезде 40,5 млн.-дай мал басы 4,5 млн-ға қысқарғаны белгілі. Оның үстіне ауа райының қолайсыздығы мен аштықтан босқан халықтың 24 пайызы, яғни әрбір төртінші адам қазаға ұшыраған.

1928-1932 ж.ж. бірінші бесжылдық тұсында қазақ байларын тәркілеу саясаты күшіне еніп, кеңестік билікке қарсы «әлеуметтік қауіпті элементтерді» іздестіруге, оларды күштеп жер аударуға ұласты. Әсіресе, қазақ байлары, қазіргі меценаттары қудаланды. Ақтөбе облысы бойынша да байлар мен қазақтың зиялы азаматтарын қудалау көптеп кездесті. Алдындағы

малын тартып алған жұрт жұтқа ұшырап, ел үдере көшіп нәубетті кезеңді бастан кешірді.

Облыс бойынша аштықтан бұратылып өлген адамдар саны күн өткен сайын артты. Аудандық милиция басқармасы (РУМ) 14 іс көтеріп, олардың ішінде 4373 аштан қырылған адамның мәйітін көмілгені көрсетілген.

Күнделікті адам өлімі ата анасының қарауынсыз қалған балалардың санын көтеріп отыр, облыста 1933 жылдың шілде айында 44 балар үйі жұмыс жасады. Онда ата-анасы аштықта қаза болған өздері мемлекет тарапынан көмекке зәру жас балалардың саны 8237 жанға жеткен. Сонымен қатар қараусыз туысқанына берілген 545 жас балаларда кездеседі.

1933 жылдың шілде айындағы жағдай бойынша облыста 4373 адамның мәйіті жерленген. Бұл әрине тек милицияның 6 айлық ресми деректері.

Аштықтың қиындығынан айла тауып шығудың амалын іздеп тұрғындар көне былғарыларды қайнаған суға жібітіп, оны азық ретінде қайнатып сорпа әзірлеуге де қолданған.

Адам төзгісіз ашаршылық азабы халықты өзін өзіне қол жұмсауға және адам өлтіріп, адам етімен тамақтануға мұқтаж етті. Ойыл ауданы бойынша 3 және Темір ауданы бойынша 1 адам жеу фактісі тіркелді.

Ақтөбе облысының Қостанай ауданының Зуев ауылында 34 жасар ер адам 2 жасар қызды балтамен өлтіріп, оның етін азық еткен. (сол жылдары Қостанай ауданы Ақтөбе облысының қарамағында болды)

Ақтөбеде кедей азаматша және оның 36 жастағы жолдасы тамақтану пунктінен 2 қыз баланы алдап алып шығып, өзен жағасындағы қалың бұтақтар арасына апарып мойыздап, етін жейді. Етінің бір бөлігін базарға сату үшін апарған кезінде ұсталып, екінші қыз бала жауыздықтан құтқарылады. (Специальные записки, политдонесения о политике в районах области «Спецзаписка» 20.07.1933 год).

Ойыл ауданы бойынша бір айда 520 адам аштан бұратылып өлген. Аудан бойынша 876 отбасы азыққа мұқтаж. №7 ауылдың тұрғындары жан сақтау үшін адам мәйітін азық ретінде қолданғанын жасырмайды. Ауданда 3 адам мәйітін жегені тіркелген.

Темір ауданының 6 ауылы бойынша 10 отбасы түгелімен қырылған. Олардың ішінде 28 адам, аудан бойынша 147 отбасы аса қауіпті жағдайда. Осындай қасірет адам жеуге дейін жеткізіп отыр. Ақпан, наурыз айының қасіретінен аудан бойынша 13 адамды жеу оқиғасы тіркелген.

Міне, жиырмамыншы, отызыншы жылдардағы ұлы ашаршылық келбеті мұрағат құжаттарында осындай! Мұндай зұлмат жылдардағы ел қасіретін алаштың арысы- Бейімбет Майлин келер ұрпаққа «Күлпаш» повесімен жеткізген болатын. Қазақтың айрандай ұйып отқан талай отбасы түгелдей ашаршылық қасіретінде аштан бұратылып ізсіз ғайып болды. Мұндай қасіретті тарихты, 31-мамырда ашаршылық құрбандарын әрқашан еске алып отыру бүгінгі және кейінгі ұрпақтың әруақтар алдындағы басты борышы.

1921-1928 жылдары Ақтөбе губернияның орталығы болды. Осы кездегі қаланың тыныс-тірлігі туралы Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану мұражайында бірқатар құжаттар сақталған. Жоғарыда көрсетілген мағлұматтар осы мекемеден Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану мұражайы қорынан алынған [8].

1921 ж. 8 – 16 наурызда Ресей большевиктер партиясының 10 съезі өтті. Онда жаңа экономикалық саясатқа (ЖЭС) көшу туралы шешім қабылданды. Азық-түлік салғырты салықпен алмастырылды, жаппай еңбек міндеткерлігі жойылды, еркін саудаға рұқсат берілді, жалдамалы еңбек, жерді жалға алу, кооп. дамуына қолдау көрсетілді. ЖЭС-тің нәтижесі 20-жылдардың ортасында көрінді. 1925 жылға қарай халық ш. қалпына келтірілді. Өнеркәсіптің 60%-н, көлік қатарға қосылды. Мал басы 1922 жылмен салыстырғанда екі есе өсіп, 26 млн. басқа жетті. Ойыл, Қоянды, Темір жәрмеңкелері қайта жанданды. Сөйтіп, халықтың әл-ауқаты көтеріле бастады. 1927 ж. желтоқсанда өткен БПК(б) 15 съезі ауылдарды ұжымдық шаруашылықтар құру туралы шешім қабылдады. Ұжымдастыруды 1932 ж. аяқтау көзделді. Ол күштеу тәсілімен жүрді, жергілікті халықтың тұрмыс дәстүрі назарға алынбады. Осы кезеңде кулактар мен байларды тап ретінде жою науқаны басталды (қ. Кәмпескелеу). 1928 ж. 27 тамызда Қазақ АКСР-інің ОАК мен ХКК қабылдаған «Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу және жер аудару» туралы декретке сәйкес 657 жеке шаруашылық тәркіленіп, иелері жер аударылды. Олардан 145 мың бас мал, ауылшаруашылық құралдары тартып алынды. Отырықшыландыру ісі күштеп ұжымдастырумен астасты, соның салдарынан шаруалар мал өрісінен, су мен жайылым ауыстыру мүмкіндігінен айрылды. Мұның бәрі ашаршылыққа, мал шаруашылығының құлдырауына әкеліп соқтырды, егіс көлемі төмендеді (қ. Ашаршылық). Халық наразылығы күшейді. 1929 – 31 ж. Қазақстанда 372 көтеріліс болып өтті [4, 82 б].

1920 жылы Ақтөбе қаласында 4 коммуналдық диірмен болды. Олардың әрқайсысынан тәулігіне 1200-ден 1400 пұтқа дейін ұн тартылған. Сонымен қатар осы кезде қалада 2 тері өңдеу зауыты жұмыс істеді. Дегенмен жұмысшы мамандар болмағандықтан бір зауыттың ісі тоқтап қалды. Сондай-ақ, сол кезде қалада қой терісін өңдейтін зауыт та болған. Онда айына 800 тері өңделген.

Тағы бір айта кететін жайт, Ақтөбеде 20-жылдары сабын зауыты ашылды. Мұнда ай сайын 1200 пұтқа дейін сабын өндірілді.

Сонымен қатар, Алматының әр жерлерінде: Кіші станицада, Ботаника бағында, Түркісіб демалыс үйінде, Медеуде жүргізілген құрылыс жұмыстары кезінде қола дәуіріне қатысты көп заттар табылды. Қазба жұмыстары кезінде неғұрлым көп кездесетін ол қыштан жасалған табандары жалпақ құмыра тәрізді және қабырғалары тік банкіге ұқсайтын ыдыстар. Оңтүстік Қазақстаннан және Жетісудағы Түрген, Асы, Талаптыдан қазба барысында көптеп кездесетін қыштан жасалған бірқатар ыдыстардың өрнектері тырнақпен басып салынған ыдыстар [4, С.118.]. Ал қаланың солтүстік-батысындағы Боралдай қорғанын б.з.д VIII-III ғғ.-да сақ тайпалары, б.з.д. III ғ.- б.з. III ғ. кезеңінде үйсіндер, сондай-ақ қазақтардың басқа да ата бабалары тұрғызған. Сақ қорғанының биіктігі 10-14 м. ал диаметрі 80-100 м жетеді. Оның маңайында айнала сақина тәрізді қоршау, діни мейрамдар өткізу мен құрбан шалатын арнайы орындар бар. 2006 ж. «Боралдай сақ қорғандары»

мұражайын ұйымдастыру үшін қалалық жер қорынан 430 га аумақты бөлу туралы қаулы қабылданды. Оның 430 га созылған аумағында тізбектелген 47 сақ және 200-ге жуық үйсін обалары бар [5, 20 б.]. Археологиялық паркті ұйымдастыру және туристік инфрақұрылымды дамыту қаланың жан-жақты дамуына мүмкіндік береді.

Алматы облысында табылған Есік қорғанында бірыңғай алтын жапсырма киім кигізілген сақ жауынгерінің мүрдесі қойылған. Бас киімнің өзінде 150-ге жуық әшекей тағылған. Оның ішінде барыс, тау теке, жылқы, құсбейнелері, арқардың мүсіндері бар. Бас киімнің алдыңғы бөлігі таутеке мүйізді қанаты бар 2 жылқының мүсіндік бейнелерімен сондай-ақ 2 ұзын құс қанаты және 4 жебемен безендірілген [6]. Оның киімі, бас киімі мен аяқ киімі алтыннан жасалған 4000-ға жуық қаптырма мен қалақшамен әшекейленген, олардың көпшілігі скиф-сақ кезіндегі «аң» стилінде орындалған. Есік қорғаны б.д.д. V-VI ғғ жатады. Алматы аумағы мен төңірегінде, бұдан да басқа археологиялық ескерткіштер баршылық болғанымен біз тек осы ескерткіштердің бірнешеуіне тоқталдық.

Ал үйсін тайпалары мекендеген кезеннен қалған қорғандар қатарына Есік және Шаңырақ, Ұлжан қорымдары жатады [7]. Шаңырақ қорымынан жерленген мәйіт және жұқа жапырықты алтыннан жасалған ромбы тәрізді 18 дана жапсырмалар, қоладан жасалып алтын жалатылған шашқа тағатын ұзындығы 10-16 см бас жағы шар тәрізді бунақталған жұмыр білігі бар. Мұнда зерттелген қорғандар ортақ белгілерінің сипаттамалары бойынша б.з.д. III-II ғғ. кезеңіне жатады және үйсін дәуіріне қатысты. Камен қорған қорымы, Қыстақ-Ақтас-2 қонысы, Түзусай қонысы. Камен қорған қорымын зерттеу барысында 11 мола, сүйек және тас құралдарының коллекциясы және 500-ден астам қыш сынықтары табылды. Бұл қорымға тән нәрсе қорған үйіндісінің астында екі және одан да көп адам қатар жерленгенін айтуға болады. Үсіндердің байырғы қоныстарының бірі б.з. I-III ғғ. жататын «Таулы қырат» кеңшары аумағынан 1936 ж. табылған тұрақ. 1994-2001 жж. Іле Алатауының солтүстік бетінде жатқан тау етегі, далалық аймақтарда, Алматы маңында, Талғар, Цыганка, Талдыбұлақ өзендерінің аңғарында үйсін кезеңінің 40-қа жуық қоныстары табылды. Бұлар алдымен сақтардың, кейін үйсіндердің қонысы болған. Орта ғасырларда сақ, үйсін қоныстары жиі орналасқан жерлерде ірі қалалар пайда болған. Ал Алматы облысы Қарғалы шатқалынан 1939 ж. табылған Қарғалы көмбесінен диадемадан басқа 300-ден астам алтын әшекей: диадема, қос өркешті түйе мүсіні бейнеленген 2 жүзік, таутеке түріндегі 10 қаңылтыр белгі, адамды кеміріп тұрған тышқан бейнеленген сырға, жапырақ сияқты пластинкалар т.б. табылған. Қарғалыда табылған алтыннан жасалған заттардың барлығын алғаш зерттеуші ғалым А.Н. Бернштам есептегендей бақсылық киім –кешекке жатады. Бақсылар табиғаттан тыс қабілетке және білімге ие. Олар қоғамда жер мен аспан арасындағы делдалдың, құдай хабаршыларының рөлін орындады.

Алматы қаласы мен оның аймағында ғалым, археологтар ерте дәуірде (тас, қола, темір) және ерте ортағасырларда - үйсін кезеңінде жүргізілген қазба жұмысының бірнешеуіне түсінік беріліп, талдау жасалды. Нәтижесінде қала аумағы маңында және оның төңірегіндегі мекендерде сонау ежелгі дәуірдің өзінде тіршілік мекені болғандығын байқадық.

Ортағасырлық Алматының мәдени дамуына Ұлы Жібек жолы үлкен үлес қосты. Жазба дереккөздерінде Жетісудың бірнеше ірі қалалары туралы хабарлайды. Олардың арасында «Алмату», «Алмалық», «Алматы» деген қала да бар. Алматы қаласының орта ғасырларда болғандығы туралы бірнеше тарихи деректер бар. Ш.Уәлиханов XIX ғ. «Жоңғария очеректері» атты еңбегінде: «Орта ғасырларда бұл жерде (Жетісуда) отырықшылық кеңінен тарады, әсіресе Іле алқабында, Алмалық қаласы (қазіргі Түркістан ауылы), Ханакай мен Қайнақ, Алматы (бүгінде Верный бекінісі) саудамен атағы шыққан және генуэз көпестері Қытайға, қыпшақ елшілері ұлы ханға жүретін үлкен жолда станса ретінде қызмет атқарған».

1995 жылы қаланың үш ірі құрылысы аяқталды: Республика Призидентінің Резиденциясы, «Рахат паллас». «Анкара» қонақ үйлері. АҚШ-та 70 ж. пайда болған архитектор Де Портман салған отельдер Артиумы 90-шы ж. Алматы қаласына да жетіп, шетел (Австрия және Түркия) фирмалары жобалап салған көпқабатты бесжұлдызды «Рахат Палас» және «Анкара» қонақ үйлерінің композициялық шешімдерінің негізін құрады. Бұл отельдерде қазіргі заманғы әрлеу құрылыс материалдары қолданылған әрі жұмыс сапасы өте жоғары, сондықтан ерекше әсер береді.

Тәуелсіздік жылдарындағы Алматы қаласы мен оның архитектуралық ескерткіштері тарауында, кезінде орыстандыру саясаты салдарынан қала көшелеріне берілген басқа ұлт өкілдерінің аты - қазақтың мемлекет, қоғам қайраткерлері атымен өзгертілді. Қаланың XXI ғ. жаңа архитектуралық бейнесі заман талабына сай салынғандығы туралы архитектор Қапанов А.К., Баймағамбетов т.б. еңбектеріне сүйене отырып, талдау жасалды. Қала архитектурасында ұлттық ерекшелік элементтері, табиғат сұлулығы және құрылыс саласындағы ғылым мен техниканың жетістіктерінің орынды қолданылғандығынан мәлімет келтірілген. Қалада салынған ірі және бірегей архитектуралық және қоғамдық ғимараттарды зерттеу негізінде, Алматы сәулетшілері отандық және дүниежүзілік архитектураның барлық жетістіктерін пайдалана білген.

Әдебиеттер тізімі.

1 Самашев З.С., Оңғарұлы А. Алматы археологиялық ескерткіштерін сақтау мен қорғау мәселелерінде//Алматы история тысячелетия.-Алматы: «С», -2008. – 240 с., ил.

2 Аяган Б.Г. Свод памятников истории и культуры города Алматы.– Алматы: ТОО «Қазақ энциклопедиясы», 2006. – 360С.

3 Baipakov K.M. Archaeological Cultural Heritage of Almaty. A.Ch. Margulan Institute of Archaeology Archaeological Expertise LLC. –Almaty.-2010.– 139. -126.

4 Марьяшев А.Н., Горячев А.А. Поселение эпохи бронзы в верховьях ущелья Тургень и на плато Асы.// История и археология Семьиречья.– Алматы.-2001.- с.112-123

5 Алматы жолсерігі. – Алматы: «Gredos» ,-2009. -320 б.

6 Акишев К.А. Курган «Иссык». Искусство саков Казахстана. М., 1978.

7 Савельева Т.В.Археологические исследования средневековых памятников на территории Алматы.// Алматы история тысячелетия.- Алматы: «Credo»,- 2008.-240 с.

Түйін

Мақалада Алматы қаласы мен оның маңындағы тарихи-мәдени ескерткіштердің тарихы мен дамуын 4 кезеңге бөліп қарастырған. Археолог-ғалымдардың қазба жұмыстары барысында табылған заттай деректер, нумизматикалық мәліметтер және жазба деректер негізінде пікір талас тудырып жүрген қала жасының анықталуына талдау жасалған.

Резюме

В статье история и развитие памятников истории и культуры города Алматы и его окрестностей делятся на 4 этапа. Археологи проанализировали возраст спорного города на основе природных, нумизматических и письменных данных, найденных во время раскопок.

Summary

The article divides the history and development of historical and cultural monuments of Almaty and its environs into 4 stages. Archaeologists have analyzed the age of the disputed city on the basis of natural, numismatic and written data found during the excavations.

СЫР БОЙЫНДАҒЫ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕР

Қ. Дәрмен - әдіскер

Жаңақорған аудандық тарихи-өлкетану

музейі филиалы КМҚК

Қызылорда қ.

Өткен тарихымызға көз жүгіртіп зерттеп, зерделеп білмей, қазіргі өмірдің тыныс тіршілігін, қадыр-қасиетін бағалау қиын.

Қарт Қаратау қапталында сырын ішіне бүгіп жатқан үңгірлер, жартастағы таңбалар мен бейнелер, Сыр бойындағы құм астында қалған

қалалар мен қорғандар, биік-биік төбелер мен қамалдардың, обалар мен каналдардың тұнып тұрған шежіресін, қатпар-қатпар тарихи құпияларын ішінде сақтаған сұлу Сыр мен қарт Қаратау қапталын қатар алып жатқан Жаңақорған өңірі.

Ежелгі Сыр бойы, оның ішінде Жаңақорған өңірінде 43 ескерткіш мемлекеттік тізімге алынған, оның ішінде 5-еуі республикалық, 16-сы жергілікті, 22-сі алдын-ала есепке алынған ескерткіштер бар.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қазақстанның киелі жерлері географиясы» негізінде 3 жалпыұлттық қасиетті нысандар тізіміне: Сығанақ қалашығы, Хорасан Ата кесенесі, Төлегетай-Қылышты Ата кешені енгізілсе,

7 өңірлік қасиетті нысандар тізіміне: Қарасопы кесенесі, Ақтас мешіті, Айқожа ишан кесенесі, Сунақ Ата кесенесі, Қатынқамал үңгірі, Көккесене, Бақсайыс ата кесенесі енгізілді.

Ортағасырлық қалалардың ішінде Сырдарияның орта ағысындағы атақты қалалардың бірі ол - Сығанақ. Бұл қала Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан.

Сығанақ қалашығы - республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші. Жазба деректер бойынша XI-XIII ғасырларда Қыпшақ хандығының, XIV ғасырда Ақ Орданың, XV-XVII ғасырларда Қазақ хандығының орталығы болған. Сыр бойының саудасы мен қолөнер кәсібі осы қалада дамыған, 15 мұнаралы қорғаны болған. Қалашықта айнала түрлі көлемдегі құрылыс орындары мен үйінділер кездеседі [2, 101 б].

2003 жылдан бері республикалық бюджеттен қаржы бөлініп, қалашыққа археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді.

2004 жылы қаланың шығыс қақпасының алдынан ғалым, ислам дінінің көрнекті өкілі Хиссамидин (XIV ғ) салғызған мешіт-медресе табылып археологиялық қазба жұмыстары жасалды. Мешіт-медресе топырақтан тазартылып, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында қайта қалпына келтіру жұмыстары басталды. Бүгінгі таңда «Қазқайтажаңарту» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қызылорда филиалы Сығанақ қалашығы маңындағы орталық мешіт-медресені қайта қалпына келтірді.

Қазба барысында көптеген археологиялық заттар табылып, зерттелді. Сығанақ қалашығының топографиялық сызбасы жасалынды [4. 20 б.].

Бұл құрылыс жүйесі туралы алғаш рет қаланың жобасын сызып қалдырған П.И.Лерхтан кейін В.А.Каллаур болды. Алайда Каллаур ғимараттың екі үлкен бөлмеден тұратынын жазған. Ал, екінші бөлменің астында мүрде бар дейді. Ол таспен жабылған. Әр бөлменің төбесі күмбезделген. Бірақ олардың құлап қалғандығын жазады. Каллаур екі бөлменің төрт бұрыштарынан қосымша төрт бөлме тұрғызылғандығын жазады.

Зерттеу нәтижесінде ортағасырларға жататын тарихи құндылықтар табылды. Атап айтқанда үлкен құмыралар, көптеген керамика сынықтары,

эртүрлі қабаттан ошақтар мен тұрмыстық шұңқырлардың орны және ташнауға пайдаланылған күйдірілген кесектер анықталды.

Сығанақ қалашығының оңтүстік-шығыс қақпасы ашылды. Осыған сәйкес қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде.

Жыл сайынғы қазба барысында 3 құрылыс кезеңі анықталды. Алдыңғы кезеңде пайдаланған күйдірілген қыш, қыш жапсырмаларды кейінгі құрылыс жұмыстарына пайдаланған. Жалпы қазба жұмыстарынан қыш құмыралар мен хумдар, өрнектелген қыш жапсырмалар, диірмен, сонымен қатар керамикалық бұйымдардың сынықтары, ірі қараның, ұсақ малдың сүйектері табылды [4, 94 б.].

Сығанақ қалашығын ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар тізіміне енгізудің 1 кезеңі бойынша ғылыми құжаттамалары әзірленіп, енгізілді.

Жаңақорған ауданының батыс беткейінде Төлегетай – Қылышты Ата кесенелі кешені орналасқан. Шежіре деректеріне қарағанда Қылышты атаның әкесі Сайд Камалидин Меккеден келіп Қыр Өзгент шаһарының патшасының қызына үйленеді. Үйленген соң Мекке-Мадинаға қажылыққа барғанда дүние салады. Артында қалған Ілкі Мағзұмның жүкті қызы ұл туып, оның есімін Саид-Бурханидин қояды. Бала ата қолында тәрбие алады. Ілкі Мағзұм қартайып дүниеден өткенде орнына таққа отырып, кейіннен өз еркімен ислам дінін насихаттауды мақсат етеді. Ол өте қатал, аруақты кісі болады. Жиналған жұртқа екі жүзді қылышын жалтылдатып жоғары көтерген кезде қоңыз-шыбындар өздері келіп қақ бөлініп қала берген. «Кімде кім адал болмаса, жаулық көрсетсе осылай жазаланады» деп ескерткен. Содан бері Бурханиддин «Қылышты ата» атанып кетеді [2, 59 б.].

Төлегетай Баба – XIII ғасырдың басындағы Күшілік ханның ұрпағы. Наймандарды жер жерге бөлген кезде Төлегетай ежелгі Өзгент-Түркістан өңіріне жіберіледі [1, 203 б.].

Қылышты ата Төлегетайға қызын беріп күйеу бала етеді. Міне осы Төлек атадан 4 ата найман тарайды. Төлек атадан тараған төрт түлек найман Қылышты ата ұрпағына жиен болады. Қылышты ата дүниеден өтерде менің қабатыма Төлекті қойындар зияратқа келген адам бірінші Төлекке барып дұға оқып сәлем берсін, сосын маған келсін деген екен. Шындыққа жүгінгенде бүкіл найман ұрпағының түп атасы Төлек ата екені негізделуде.

Бұл күнде қатар жатқан қос әулие Қылышты ата мен Төлегетай бабаның басына жаңадан келісті қос кесене тұрғызылған.

2005 жылдан бастап баба ұрпақтары кесенені қайта салып 2008 жылы қазан айында үлкен ас берді, бұған бүкіл Қазақстандағы баба ұрпақтары атсалысты. Кесене екі күмбезді, төрт мұнаралы, сегіз сынтасты керемет ансамбль болып қайта жаңғырды. Оның авторы Сыр бойының перзенті, сәулетші Бек Ибраимов болса, құрылысын ұйымдастырушы Төлегетай бабаның ұрпағы Қонысбек Ақжасаров деген азамат [2, 63 б.].

Хорасан ата кесенесі жергілікті маңызы бар ескерткіш. VIII ғасырларда Әубәкір Сыдық ұрпақтарынан кейін Ысқақ баб, Әбдіжәліл баб, Арыстан баб

пен Әбдірейім бабтар келген. Бұлардың тобы Иран, Түркия, Кавказ бойын, Орта Азияны оның ішінде Қазақстан жерлерін өзіне қаратып ислам дінін таратқан.

Әбдіжәліл баб Иран патшалықтарын алып өзі патша болған. Ондағы Хорасан қаласын орталық етіп жергілікті халық оны «Хорасан ата» деп кеткен. Хорасан ата – Сырдарияның төменгі ағысына келген алғашқы ислам миссионерлерінің бірі. Қазақ ескерткіштерінің білгір маманы И.А. Кастанье айтпақшы, ол – шешек («хорасан») ауруын емдеген [1, 201 б].

Хорасан атаның мазары Жаңақорған ауданының «Сыр бойы» жағында «Тоты құс» деген жерде орналасқан. Бұл кісі күшті әулие болған. Қазірдің өзінде халықтар лег-легімен зиярат етіп қайтады. Ол кісінің үш түрлі қасиеті болған деседі.

Біріншіден: денесінен оқ өтпеген, қылыш дарымаған. Бірақ таңғы бамдат намазын оқып тұрған кезде денесі қорғасындай еріп тұратын болған.

Екіншіден: жүйке, қояншық, шешек ауруларын емдеп жазған.

Үшіншіден: Өзі өлсе де рухы өлмей, мазар басына түнеп перзент сұрағандарға ұл сұраса ұл, қыз сұраса қыз берген. Мұнысы түс арқылы аян берген. Қазір «Хорасан ата» кесенесі жөндеуден өтіп, зияратқа барған адам түнейтін орын әрі мешіт бар. Бабаның басына әр түрлі жеміс ағаштары егіліп жайнап тұр. Ауруына шипа іздеп барғандарға баба басындағы құдықтың суы бірден-бір ем. XIX ғасырдың аяғында Хорасан ата кесенесі тікбұрышты күйдірілген кірпіштерден (7 x 14 x 28 см) тұрғызылған [2. 36 б].

1995 жылы «Хорасан атаның» 1100 жылдығы атап өтілді. Туған жердің тарихын, табиғатын, тылсым сырларын келешек ұрпаққа жеткізу маңызды. Киелі мекенге айналған Жаңақорған өңірінің құм басып, төбе болған көне орындары талай шежірелі-құпиялы сырларды жасырып жатқаны анық.

Әдебиеттер тізімі.

1. «Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары» А.Кемелбаева, О.Жанайдаров, Ұ.Биғожин, Ш.Оразбаева, С.Уралова. Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі. - 2017ж.
2. «Жаңақорған (Тарихнама)». Адырбек Сопыбеков. Шымкент. - 2008 ж.
3. «Жаңақорған» Б. Кәрібозұлы. Х.Тұрсын. С. Тайман. Астана.- 2015 ж.
4. «Сығанақ жәдігерлері» С. Жолдасбаев, К. Жетібаев, М. Бақтыбаев, С. Мургабаев. Түркістан . - 2016 ж.

АЛТЫН ОРДАНЫҢ 750 ЖЫЛДЫҒЫ

А.Д. Джугунысова - тарих пәні мұғалімі
№30 қазақ орта мектебі
Ақтөбе қаласы

Алтын Орда мемлекеті - Қазақстан тарихының орта ғасырлар кезеңінде мәдениеті мен қала өркениетінің дамуына, мұсылман өркениетінің дамуына ықпал еткен ұлы держава. Олар туралы деректер Плато Карпинидің, Марко Полоның, Моңғол жазбаларында, Рашид-ад Дин деректерінде кездеседі. Моңғол-татарларды жаулап алушы деп жазғанымен, Алтын Орданың сыртқы саясаты Ресей мемлекетінің қалыптасуына оң әсер берді. Бұл көзқарасты қалыптастырушы тарихшы Н.М.Карамзин еді. Алтын Орда хандарының жүргізген саясаты кейінгі Қазақ хандарының тәжірибесінен де көрініс табады. Әсіресе, сыртқы саясаттағы басқа елдермен жүргізген шебер дипломатиялық қатынастары мемлекеттің тұтастығын сақтауда маңызды роль атқарады. Еуропалық авторлар Алтын Орда хандарының Құлағуға қарсы соғыстарын тек жаулап алушылық сипатта көрсетуге тырысса, шығыс авторлары крестшілерге қарсы мұсылмандардың жүргізген күресі ретінде баға береді. Батый ханның мемлекет негізін салуы, Берке ханның мемлекеттің исламдық сипат алуына қосқан үлесі, Алтын Орданың кемелденуіне апарған Өзбек ханның билік еткен алтын ғасырындағы мемлекеттегі өзгерістер, Алтын Орданың біріккен кезі Тоқтамыс хан билігі тұсындағы хандардың сыртқы және ішкі саясаты, жорықтары, дипломатиялық қарым-қатынастары, елдегі өзгерістерге әкелді. Алтын Орда тарихында хандар көп болғанымен мемлекеттің дамуына ерекше ықпал еткен ұлы хандардың сыртқы және ішкі саясаты, жасаған ерліктері ерен. Алтын Орда дәуірі - түркі тілдес тайпалар мен халықтардың, соның ішінде қазақтардың қалыптасуы мен дамуындағы маңызды белестердің бірі.

Биыл Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында Алтын Орданың 750 жылдығын біздің тарихымызға, мәдениетіміз бен табиғатымызға туристердің назарын аудару тұрғысынан атап өту керектігін, Алтын Орданың негізін қалаған Жошы ханның саяси қайраткер ретіндегі мемлекеттік идеологияның қалыптасуындағы маңызды тарихи өзектілігін ұмытпауымыз керектігін атап өтті.

Батыйдың ел билеу кезінде Жошының артында он төрт ұлы қалды. Олардың ішінен Орда Ежен мен Батудан басқасы жас күндерінде өмірден озған. Әкелерін жерлеген соң, Ұлыс басшысы кім болады деген мәселе үлкен ұлдарының арасында дау тудырды. Жошы ұлдарының ешқайсысы билікті қолдарына алғысы келмейді. Олар бір келісімге келе алмай, ақыры ақыл сұрауға Шыңғыс ханға жол тартады. Немерелерінің келгенін естіп, Ұлы хан аталары оларға арнап үш үй тіктіреді: алтын босағалы ақ ордаға Батуды, күміс босағалы көк ордаға Орда Еженді, темір босағалы сұр босағаға

Шайбаниды түсіреді, ал Тоқа-Темірге жай күйме де қойдырмайды. Осылайша Шыңғыс хан немерелерін жайғастырады [1, 26-29 б.]. Осы оқиғаны ортағасырлық автор Әбілғазы Баһадүр хан дәл осылай баяндайды және оны XVI ғасырдағы хиуалық тарихшы Өтеміс қажы да құптайды. Бату (Батый, Сайын хан) (1208 - 1255 жж.) — Шыңғыс ханның немересі, Жошының екінші ұлы, Алтын Орда мемлекетінің негізін қалаушы. 1227 ж. Жошы өлген соң орнына ұлы Батый отырды. Ол Батыс Дешті-қыпшақ даласына, Еділ бұлқарлары жеріне, одан әрі батысқа шапқыншылық жорықтар ұйымдастарды. Ірі орыс князьдықтары талқандалды, Польша, Венгрия, Чехия және басқа көптеген елдер тонауға ұшырады. Жеті жылға созылған жорықтарының нәтижесінде Батыйдың сол астына қырымды қоса, Еділден Дунайға дейінгі жер, Солтүстік Кавказ, батыс қыпшақ (половецтер) даласы қосылды. 1241 жылы Бату Еуропаға шабуылға аттанады. Краков пен Бреславль шаһарлары отқа оранады. Лигница түбіндегі неміс-поляктармен болған шайқаста Бату сарбаздары көшпелілердің соғыс өнерінің еуропалықтардан көш ілгері екенін дәлелдеді. Осы жорық хақында Плато Карпини өз жазбасында Бату ханның Еуропаны бағындыруды он сегіз жылға жоспарлағанын жеткізеді. Моңғол дереккөздерінде Бату хан осы қанды жорығында Қаңлы, Қыпшақ, Байжігіт, Орыс, Сазау, Мажар, Кәшімір, Шеркес, Бұлғар, Келер секілді он бір елді бағындырғаны айтылады.

1241 жылдың желтоқсанында Ұлы хан Үгедей қайтыс болды деген хабар жетеді. Бату жорықты тоқтатып, Қарақорымға қайтады. Осы кезде Ұлы хан болып Үгедейдің ұлы Күйік сайланған еді. Бірақ Күйікті бұл таққа лайықсыз деп есептеген Бату бөлініп шығып, аймақта дербес мемлекет құрады. Ол кезде Батудың беделі зор еді. Батый туралы: «А этот Бату наиболее могуществен по сравнению со всеми князьями Татар, за исключением императора, которому он обязан повиноваться. Бату живет с полным великолепием, имея привратников и всех чиновников, как и император их. Он такжесидит на более возвышенном месте, как на троне. Никакой посторонний человек не смеет подойти к его палатке, кроме его семейства, иначе как по приглашению, как бы он ни был велики могуществен, если не станет случайно известным, что на то есть воля самого Бату», - деп сипаттаған [2, 44-56 б.]. Батый Еділдің төменгі ағысында Алтын Орда атты жаңа монғол мемлекетін құрды. Алтын Орда мемлекеті Шығыс және Батыс Дешті Қыпшақ жерлерін, Ресейдің Еуропа жақ бөлігін, Балтық теңізінің шығысындағы өлкелерді, Польша, Венгрия, Бұлғария, Кавказ аймақтары кіретін кең-байтақ жерлерді қамтыды. Оған дәлел, В.Г.Тизенгаузен [3, 39-43 б.]: «Под его власть подпали все земли племен Туркестана, начиная от Хорезма до пределов Рума :он покорил в этих краях все племена кипчак, канглы, ильбар, черкес, они все подчинились ему», - деп жазған еді. Батый әскерінен жеңілген орыс князьдықтары вассалды тәуелдікте болды. Орыс князьдары Алтын Ордаға тәуелділіктерін мойындап, ұлы ханның қолынан князь атағын алып, алым-салық төлеп тұрды. Бату хан ортағасырлық ең қуатты дала империясының

негізін салды. Оның қол астына шығысы Ертіс өзенінен бастап, батысы Дунай жағалауына дейінгі аралық қарады. Алып мемлекет түмен деп аталған 60 әкімшілік иелікке бөлінді. Бұлардың өзі ірі аймақтық құрылымдарға қаратылды да, ондағы билік пен дәрежелері әр түрлі аймақ басшыларына тапсырылды [4, 25-30 б.].

Батый құрған мемлекет шығыс деректерінде Жошы ұлысы деп, сондай-ақ Жошы ұрпақтары — хандардың атымен (Батый ұлысы, Берке ұлысы, т.б.) аталды. Астанасы Сарай-Бату (Астрахань маңында), кейіннен Сарай-Берке қаласында болды. Алтын Орда көп ұлтты мемлекет. Көшпелілер негізінен түркіхалықтары — ең көбі қыпшақтар, сондай-ақ қаңлылар, наймандар және т.б. болды. Отырықшылардан бұлғарлар, мордвалар, орыстар, черкестер, хорезмдіктер, т.б. кірді. Мұнда моңғолдар азшылық болды. XIII ғ. аяғы мен XIV ғасырда моңғолдар толығымен түркіленіп, Алтын Орданың халқы “татарлар” деген атау алды. Шоқан Уалиханов: "По преданиям своим киргизы почитают себя потомками татар Золотой Орды" деп көрсеткен [5, 46 б.]. Алтын Ордада мемлекетті басқару ісі Шыңғыс ханның «Жасақ» заңдар жинағына сәйкес жүзеге асырылды. Батый хан тұсында Алтын Орда нығайып, мемлекетті басқару ісіне, салық жинау жүйесіне түбегейлі өзгерістер енгізілді. Мұсылман деректерінде Батый хан әділ адам болғандығы айтылады. Батый хан мұсылмандардың ең жақын қамқоршысы деп есептелген. Орыс жылнамаларында Батый ханның Алтын Орданың экономикалық қуатын арттыруға, қалалық өмірдің жандануына ерекше көңіл бөлгендігі айтылған. Оның билігі тұсында халық санағы жүргізілді. Аймақтағы байланыс желісі қалыптастырылды. Қалалар мен бекіністер салынды. Батый ханның кезінде Алтын ордалықтар ислам дінін ұстанған, Батыйдың өзі де Аллаға сенген, мұсылман болған. Мысалы, В.Г. Тизенгаузен : он был справедливый и друг-мусульман. Под его покровительством мусульмане проводили жизнь привольно. В лагере и у племен его были устроены мечети с общиной молящихся, имамом [6, 77 б.]. Сондай-ақ, Гильем де Рубрук Батыйдың сөзін дәлме-дәл жеткізген еді. Батый : «Государь, мы молим Бога, от которого исходят все блага и который дал вам сии земные, чтобы после этого он даровал вам небесные, так как первые без последних ничтожны» [7, 87,91; 187, 188 б.]. Бірақ тарихшылардың пайымдауынша, исламды алғаш қабылдаған хан Батый хан емес, оның інісі Берке деп есептеледі. Осы істің егжей-тегжейлігіне жету керек.

Берке ханның 1258 жылы таққа отыруымен Алтын Орда империясының жаңа даму дәуірі басталды. Берке- Бату ханның үшінші ұлы. Ол туылған кезде әкесі Туши: «Менің ұлымның кіндігін мұсылманша мұсылман әйел кессін, сүт анасы мұсылман әйел болсын»- деп әмір еткен [8]. Ол жас кезінде Ходженттегі ғұламалардың бірінен білім алған, Құран үйренген. Хан 1240 жылы ислам дінін қабылдады. 1253 жылы Берке штабында болған саяхатшы Гуильям де Рубрук жазбасында Берке сарайдағыларға шошқа етін жеуге тыйым салынғанын айтады. Тағы бір

қызықты дерекке сүйенсек, 14 ғасырда аль-Нувейри былай деп жазды: «Ол (Берке) Шыңғысханның ұрпақтарының алғашқысы болып, ислам дінін қабылдады; Оның ықпалының арқасында халқының көпшілігі исламды қабылдады», - деп жазған еді [9]. Бірақ тарихшылар Алтын Орда халқының көп бөлігінің исламдануын исламды мемлекеттік дін деп жариялаған Өзбек ханның есімімен байланыстырады. Берке жас кезінен Батыйдың жанында табылып, ел билеуге көмек берген. 1246 жылғы құрылтайда Күйік хан ұлы хан сайланғанда, Берке қалған бауырларымен ханды мойындаудан бас тартқан Батуды қостайды. 1251 жылы Батый хан Төленің ұлы Мөңкенің хан сайлануын құптап, оны қолдауға Берке мен Сартақ басқарған бір түмен әскер жібереді. Жошылықтар Шағатай мен Үгедей ұрпақтарына билікке келуге жол бермей, Мөңкені таққа отырғызады. Беркенің басшылығымен сот ісі жүргізіліп, биліктегі шағатайлар мен үгедейлерді түгел жазалайды. Ал Жошы мен Төле әулеттері арасында, Рашид ад-диннің жазуынша "ынтымақ пен достықтың үзілмес жолы басталды" [10]. Берке таққа отырысымен, ол оңтүстік орыс жерлеріндегі жағдайларға баса назар аударды. Галиц-Волынь кінәзі Даниил Романов ордаға бағынбай, тым еркінсіп кеткен еді. Тіпті 1256 жылы түркі-моңғол әскерлерін қуып шыққан еді. Бұған Берке қарап отырмай, 1258 жылы Бұрындай сардар басқарған түмендерін аттандырады. Жолай басқа да кінәздіктермен күш біріктірген Бұрындай жасақтары Галиц-Волынның тас-талқанын шығарады. Кінәздің өзі алыстағы аралға қашып кетеді. Кінәздіктің астанасы Владимир-Волынь халқы өз еріктерімен беріледі [11].

Беркенің ислам дінін қабылдауына байланысты Алтын Орда мемлекеті Шыңғысхан құрған ұлы қағанаттан еншісін бөлек алып шығып, ғалам тарихында дербес саясат жүргізетін державаға айналды. Берке хан Қарақорымнан сырт айналғаннан кейін тәуелсіз мемлекет ретінде Алтын Орда мемлекетінің ішкі - сыртқы функциясына жаңа өзгерістер жасауға тиісті еді. Өйткені, оның билігі тұсында Шыңғыс ұрпақтары жаулап алған иеліктерді бөлісе алмай өзара қырқыса бастады. Берке хан ислам дінін қабылдауына байланысты, мемлекетті басқару ісінде діни мүдде негізгі рөл атқарды. Ішкі әкімшілік жүйеге өзгерістер енгізу барысында Берке хан Шыңғыс ұрпақтарының билігін мүлде шектемесе де, олардың қатаң түрде орталық билікке мойынұсынуын қолға алды. Мұсылман жылнамалары Беркені өте жоғары бағалайды. Беркенің исламды қабыл алуы да белгілі бір саяси қадам болса керек. Осы қадамға бара отырып Еділ Бұлғариясынан Орта Азияға дейінгі аумақта орын тепкен ірі-ірі сауда орталықтарының, қалалардың қолдауына ие болды. Бұған қоса ол басқару ісіне білімді мұсылмандарды алуға рұқсатын береді. Осылайша ұлыстың басқару жүйесінде дәстүрлі исламның кейбір белгілері қалыптаса бастады. Мемлекеттік басқарудағы диван қызметіне ислам орталықтарынан арнайы шақыртылған діни оқымыстылар тартылып, Алтын Орда қалаларының сипаты мұсылмандық нақышта өріле бастады. Империяның

мұсылмандар қоныстанған аймағында жаппай мешіт- медреселер салынып, исламдану үдерісі қарқынды жүрді. Мемлекеттік қызметке тегі араб және парсы мұсылман құқықтанушыларын әкелді. Ол Еділ өзенінің бойынан Сарай- Берке қаласын салдырып, Алтын Орданың астанасын ауыстыруында мұсылмандық мүдде басым болды [12, 39 б.].

Алтын Орда мен Мысыр мемлекетінің мұсылмандық саяси- діни одақ құруы қалалардың исламдық сипат алуына өз әсерін тигізді. Мысыр билеушілері Алтын Ордадағы мешіт құрылыстарына қаражат бөліп, тас қашаушы сәулетшілерді жіберіп отырды. Алтын Орда қалаларында қоғамдық монша, әжетхана, кәріз жүйесі, су құбырлары, қауыздар, бұрқақтар салынды. Бұрын жаулап алушы саналған халық бірте- бірте қала мәдениетін де игеріп, қолөнер кәсібін тиісінше жолға қойды. Берке ханның иламның шын мәніндегі жоқтаушысына айналғандығы оның сыртқы саясаттағы ұстанымынан да айқын білінді. Ол Алтын Орданың иелігі деп санаған оңтүстік Кавказдағы Әзірбайжан жері үшін өзінің немере інісі Иранды билеген Құлағумен саяси текетіреске түсті. Бірінші Кавказ соғысы: 1262-1263 жылдар Бейбарыстың елшілігі қыпшақ даласына келгенде Берке мен Құлағудың арасында Кавказда жүрген ұрыстардың бірінші кезеңі аяқталған еді. Ұрыстарды Рашид ад-Дин толық сипаттайды. Бірақ кейбір деректерге Құлағу Бағдадқа басып кіріп, Мұстасим халифті өлтіріп тастауы Беркенің Құлағуға қарсы соғысының басты себебі ретінде көрсетіледі. Берке мен Құлағудың әскерлерінің арасындағы алғашқы соғыс қимылдары қашан басталғаны туралы жазба деректерде бірізділік жоқ. Бартольд Рашид ад-Диннің деректеріне сүйене отырып, оны 1266 жылы басталды десе, сол автордың хабарлауынша 1262 жылы Берке ханға Мысырдан сұлтан Бейбарыстың бірінші елшілігі келіп жеткен уақытта соғыс қимылдары басталып кеткен деген хабар бар. Мысыр жылнамашысы Әл- Омаридің жеткізуінше Құлағудың Иранмен шектелмей, одан әрі қарай Ислам халифатын жаулап алу жоспарына ислам дініндегі Берке хан әу баста қарсы болған [4]. Сирияны бағындыруға Мысырдағы мәмлүк билеушілерінің тегеурінді қарсылығына ұшырағанымен, Құлағу аз уақыт ішінде Оңтүстік Кавказ және Иран мен Иракты жаулап алып, Елхан мемлекетін құрған еді. Берке хан Құлағудың Ислам елдеріне шапқыншылық жасауына қарсы болғандықтан, Мысыр билеушісі Бейбарыстың елшілігін жылы қабылдап, Құлағуға қарсы бірлесіп қасиетті соғысты бастауға пейілді болды. Өз кезегінде Берке де осы жылы Каирге екі рет елшілер жөнелтті.

Өзбек ханның Алтын Орда тарихында атқарған қызметі орасан зор, тіпті оның билік еткен кезеңін Жошы ұлысының « алтын ғасыры» деп атайды. Ол ең алдымен иламдымемлекеттік дін ретінде бекітті және экономикалық саясат нәтижесінде ақша реформаларын жүргізіп, ірі экономикалық маңызы бар қала орталықтарын дамытты. Сондай- ақ Еуропа мен Таяу Шығыста сыртқы саясатын аса тиімді жүргізе отырып, Алтын Орданың Батыс пен Шығыстағы саяси – дипломатиялық байланыстарын

нығайта түсті. Өзбек хан монғол және түрік тілін жетік білген. Мұсылман авторлары оның «ақылды, тұлғасы сұлу болғанын», сонымен қатар ержүрек, өжет, сұңғыла болғанын, Шыңғыс ханның заңдары мен қаулыларына құрметпен қарағанын атап көрсетеді.[4] Алтын Ордалық мұсылмандар оның билікке келуінен үлкен нәтиже күтті. Сондықтан, Өзбек таққа отыру алдында мұсылман жақтастарына Алтын Орданы ислам мемлекетіне айналдыратынына уәде берген еді. Алайда ол уәдесін тек өзінің билігі нығайған кезде, 1321 жылы ислам дінін қабылдап, мұсылманша Мұхаммед деген ат алды [13, 27-80 б.]. Сөйтіп, ислам діні Алтын Орда мемлекетінің ресми дініне айналды. Өзбек хан билік құрған уақытта хандық өкімет пен саяси орталықтандыру күшейді, жаңа қалалар салынып, олардың бірі Сарай-әл-Жәдит Алтын Орданың екінші астанасы болды. (Волгоград облысының Царев селосының маңында). Өзбек ханның билігін В.Л. Егоров былайша сипаттайды: «В правление Узбека Золотая Орда достигла пика своей военной мощи и политического авторитета среди других государств. В ее культурном развитии был сделан несомненный рывок, позволяющий говорить о зарождении и развитии собственной золотоордынской культуры, как в сфере духовной, так и материальной. Границы государства на редкость были стабильны, и его территория простиралась от Камы на севере до Кавказского хребта на юге и от Оби на востоке до Дуная на западе. Через Золотую Орду проходили безопасные и удобные пути международной караванной торговли, ведшие из Китая в Западную Европу и обратно. На всех торговых путях были устроены речные переправы и через каждые тридцать километров (дневной переход каравана) построен караван-сарай для отдыха людей и животных» [14, 112-114 б.]. Ю. Шамильоглу мен А. Кадырбековтің айтуынша: «Русская православная церковь, получившая специальные ярлыки, была освобождена от выплаты налогов и произвола светских властей в эпоху Узбек-хана» [11]. Оның сыртқы саясатының ауқымы да үлкен еді, оның негізгі бағыттары ретінде, Иран мемлекеті арасындағы талас-тартыс мәселесін шешу, италяндық сауда республикалары арасындағы экономикалық мәселелерді шешу, Мысыр мемлекетімен дипломатиялық қатынастарын жалғастыру болатын. Ең алдымен, Иранмен ұзақ уақыт бойы талас-тартыс объектісі болған Кавказ аумағын иемденуге деген талабын қою үшін және бұл мәселені бейбіт жолмен шешу мақсатында Ұлжайтуға жаңа елшілік аттандырды. Әрине, Ұлжайту хан Өзбек ханның талабын орындаудан бас тартты. Өзбек хан қысым көрсетудің қажетсіз екендігін түсініп, онымен достық қарым-қатынас орнату мақсатында екінші елшілігін аттандырды. Бұл елшілікті 1314 жылы 11 мамырда Иран билеушісі жылы қарсы алды. Бірақ Ұлжайту хан 1316 жылы қайтыс болып, орнына он екі жасар ұлы Абу Сайд таққа отырды. 1317 жылдың қысында Өзбек хан Иран территориясын басып алуға ұмтылды. 1320 ж. Қара теңіз аймағының венециандық көпестері Өзбек ханға жүгініп, осы аймақтан тұрақты сауда-саттық факториясын салу үшін жер учаскесін және сауда жеңілдіктерін беруін сұрайды. Алайда, тек 1332

жылы ғана венециандық көпестерге Азовта өз факторияларын салуға құқық беретін жарлық шығарды. Сондай- ақ, Өзбек хан Алтын Орданың Балқан елдеріндегі Тоқта- хан кезінде әлсіреген сюзерендік бақылауын қайта қалпына келтіріп, күшейтуге әрекет жасап, бірқатар шаралар қолданды. 1323 жылы хан әскері византиялықтардан жеңілген Болгария патшасы Георгий II Тертерге көмекке барды. Бірақ Өзбек хан Византия императоры II Адрионикпен, ал кейін оның мұрагері III Адрионикке қарсы соғысқан жоқ. Өйткені Өзбек ханның олармен туыстық байланысы бар еді. (Байалун- хатун атымен белгілі II Адриониктің қызына үйленген еді) [1].

1338 жылы 13 шілдедегі папа XXII Иоанның жазған хатында Өзбек ханға католик миссиясына құрметпен қарағанына өз ризашылығын білдірді. 1339 жылы Өзбек хан папа XII Бенедиктің елшісі францискандық Жан де Мариньолиді қабылдады. Ол Шағатай мемлекеті және Пекин сарайына шықпас бұрын арнайы келіп, керемет сәйгүлікті Өзбек ханға сыйға тартты. Алтын Орданың Мысыр мемлекетімен байланысы Өзбек хан тұсында күшейгенінің бір дәлелі Алтын Орданың барлық мешіттерінде сұлтан ал-Малик ан- Насирдің есімі Өзбек ханнан кейін аталып, құрмет көрсетілген [4].

Өзбек хан Ұлы Владимир князьдігі үшін болған күресте Мәскеу князьдарына қолдау көрсетті. Өзінен бұрынғы хандар сияқты Өзбек хан да Русьтегі православие дінін қудалаған жоқ, қайта олардың барлық жеңілдіктерін сақтады. В.Л. Егоров : «Узбек в корне изменил политику в отношении Руси. Если его предшественники посылали на Русь многочисленные рати, то теперь туда едут послы с четкими поручениями к конкретному князю... Узбек добился главного – получения с Руси требуемого количества дани без направления специальные военных сил для ее выбивания. Орда получила дань, но и на Руси с 1328 г., по словам летописи, установилась «тишина велика на сорок лет и пересташапоганиивоевати Русскую землю» [14, 124-125 б.].

Тоқтамыс Маңғышлақ билеушісі Түй Қожа деген білікті кісінің баласы екен. Түй Қожаны Орыс хан өлтіргеннен кейін, Тоқтамыс Бұхара жеріне қашып келеді. Бұхар билеушісі оны Әмір Темірге алып келіпті. Тоқтамыстың билікке көтерілуі осы кезден басталған. Алтын Орданың даңқы асқақтаған кезеңі Тоқтамысханның еңбегімен тікелей байланысты. Әмір Темір Тоқтамысты Сығанақтың әмірі етіп тағайындайды. Әмір Темір Тоқтамысқа қол беріп, Ақ Ордаға шабуыл жасауды бұйырады. Осы жорықта Тоқтамыс жеңіске жетіп, Сығанақ шәрінде Ақ Орданың ханы болып сайланады. Осылайша Ақ Орданы тұрақтандырған Тоқтамыс енді Алтын Орданы біріктіру мәселесін қолға ала бастайды. Сөйтіп, 1380 жылы Алтын Ордаға тұтқиылдан басып кіреді. Сол кездегі Алтын Орда ханы Мамай мен Тоқтамыс арасында ұзақ текетірес орын алады. Осышайқаста Тоқтамыс үстем түсіп, Алтын Орданың ханы болады. Тоқтамыс Алтын Орданың билігіне келген шақтан бастап, жан- жағындағы елдерге ықпалын күшейтті. Күн санап алапаты артқан Тоқтамыс енді орыс жеріне көз аларта бастайды.

Л.Н.Гумилев Тоқтамыстың Мәскеуге шабуыл жасау себебін былай түсіндіреді. Оның айтуынша Мәскеу мемлекеті өзіне православие дініндегілерді көбірек қарату үшін Киев метрополиті Киприанды шақырады. Мұны Мәскеудің күшеюін қаламайтын Суздаль князьдігі Тоқтамыс ханға Мәскеу мен Литваның және Мамайдың өзара келісімі ретінде жеткізеді. Сонымен бірге өсек тасушылар бұл одаққа Рязань князі Олегтің де тартылғанын айта кетеді. Л.Н.Гумилевтің сөзімен айтсақ, «аққөңіл және сенгіш» Тоқтамыс осындай арандатуға иланған», сөйтіп Мәскеуге қарсы жорыққа аттанған [10]. Бірақ ежелгі Никон жылнамасы Л.Гумилевті қолдай қоймайды. Өйткені, біріншіден, литвалық князьдің Мәскеуді қорғаушылар қатарында болғаны рас: “Таже потом придя к ним в град некоторый князь Литовский, именем Остей, внук Олгердов : той окрепи град и люди затвориси с ними в граде”. Ежелгі Никон жылнамасы Ольгердтің Мәскеуді Тоқтамыстан қорғаудағы ролін одан әрі былай түсіндіреді: «Князь же Остей Литовский, внук Ольгердов, со множеством народа оставшемся во граде (в Москве - Т.О.), елико снидошася от всех стран во град, укрепяхуся и подвизехусяпротиву Татар на бой...глаголюще: «не устранимся нахождения Татарского, имеем бо град камен тверд и врата железа: и не терпят Татарове стояти под градом нашим долго, понеже имеют сугуб страх: изнутри града от нас боятся: а, атгневе града об князей наших устремленна на них боятся: и се и сами тии Татарове вскоре убоятся и побежат в поле в свояси” [8, 172-175 б.]. «Тоқтамыс, – деп жазады Л.Н.Гумилев, [9] – өсектің көпе-көрнеу қисынсыздығына қарамастан түгел сенді. Ол ойлауға емес, шайқасуға әдеттенген еді» . Бұл жерде біріншіден Л.Н.Гумилев айтқандай Тоқтамыстың «өсекке сенгені” дәлелденбеген, екіншіден біздің ойымызша Тоқтамыстың Мәскеуге жорығы автор жазып отырғандай жеңіл-желпі ойдан туған жоқ. Қытай жазба деректерінде [5] «Куликово шайқасынан кейін күшейген орыс билігі Тоқтамысты еш мойындағысы келмеген еді. Сөйтіп 1382 жылы орыс жеріне жорыққа аттанған ол орыс шаһарларын шетінен қиратып, ең соңында Мәскеуді басып алды», -деп жазылған. Осыдан кейін орыс княздіктері Тоқтамыс ханның билігін мойындауға мәжбүр болады. Бұл туралы жылнамашы былай деп жазады: “...Нехто гражданин Москвитин, суконник, именем Адам с Фроловских ворот пусти стрелу из самострела и уби некоего от князей Ординьских сына, нарочита и славна суца, и велику печаль сотвори Тохтамышу царю и всем князем его...” [8, 172-175 б.].

Мәскеуді қорғаушылар «түгел мас болған, өйткені олар бал мен сыра сақталатын боярлар подвалдарын талқандаған» Л.Н.Гумилев Мәскеуді қорғауға «бір ғана нәрсе - жауынгерлік рух күші жетіспеді, өйткені Куликово даласының қаһармандары өздерінің туған деревняларында демалып жатты, ал астанада бірлі-жарым қала тұрғындары, қала маңындағы көптеген басыбайлылар және қолөнершілер тұрып жатты” — деп жазады [9].

Орта ғасырлық жазба деректерде Алтын Орда ханы Тоқтамыстың ең алғаш болып биологиялық қаруды қолданғаны жайында жазылған. Бұл

бұған дейін еш айтылмай келген дерек-тұғын. Шамамен 1384 жылдары Алтын Орда жасағының Қырымдағы генуэздіктердің Каффа қамалына шабуыл жасау кезінде, Тоқтамыстың бұйрығымен бекініс ішіне бубон обасын жұқтырған жануарлардың өліктері лақтырылған. Осының кесірінен Каффа қамалының тұрғындары қынадай қырылып қана қоймай, оба індеті бүкіл Еуропаға жайылған. Ескі дерек сол обадан 25 миллионға жуық адамның қаза тапқандығын алға тартады. Тоқтамыстың да көп сарбазы шығын болғандығы осы көне дерек беттерінде қатталып қалған екен [12, 51 б.].

Тоқтамыс хан тақ үшін болған 25 жыл бойғы қырқысуларын жойды, ақша реформасын жүргізді. Оның билігі кезінде Алтын Орда иеліктері де үлкейді. Көк Орда, Хорезм, Қырым иеліктері мен т.б. ұсақ ордaların басын қосып, қуатты Жошы ұлысының бірлігін қалпына келтіруге күш салды. 1393 жылы Тоқтамыс Алтын Ордадағы билігін қалпына келтіреді. Алтын Орда мемлекетінің ең соңғы рет бір ханның қол астында біріккен кезі Тоқтамыс ханның кезеңі болып табылады. [12] Б. Греков, А. Якубовский оны Алтын Орда дәуіріндегі ең есте қалар хан екенін мойындайды. Өз зерттеуінде «Жошы ұлысындағы қайратты төрт ханның бірі болған – Тоқтамыс хан» деп ұлт тарихының терең зерттеушісі М. Тынышбаев әділ бағасын бергендей, хан тұлғасы аса салмақты және күрделі [2].

Л.Н. Гумилевтің айтуы бойынша, есте бар адамзат тарихында Алтын Орда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бен ол кісінің төрт орынбасары (шардияр) басқарған кездегі Араб халифатынан кейінгі ең гуманистік мемлекет болды. Бізде осыны мақтаныш ету жағы әлі жетіспей жатыр. Бұны бізден ертерек аңдаған туыстас жұрттар, әсіресе, татарлар өздерін Алтын Орданың тікелей мұрагері етіп көрсетуге тырысып бағуда. Ал біз бұл мемлекеттің әуелгі астанасының өз жерімізде болғанын, соңғы ханы мен биінің (Едіге) мүрдесі бізде екенін дәйек етіп, мұрагерлік құқығымыздың артықтығын танытар мүмкіндігіміз бола тұра, оны пайдалану былай тұрсын, кеңестік езгіден сіңіп қалған таптық таным құрсауынан шыға алмай, одан қашқандай болып отырмыз. Тарихымызды шынайылыққа құрып алмай, болашақтың бұралаңсыз бағдарын жасау мүмкін емес. Тоқтамыс хан тарихы – Алтын Орда тарихына қойылған нүкте. Оның маңыздылығы да осында. Қазақ хандығы – Алтын Орданың мұрагері.

Алтын Орда хандарының бәрі Едігенің ықпалында болғаны белгілі. Демек, Едіге өзінің басты жауы Тоқтамысты өлтіруге Шәдібекке тапсырма беретіні күмәнсіз. Алайда хан тағында отырған Шәдібектің тапсырманы орындаушы емес, тапсырманы беруші кейпінде көрінетіні рас. Екіншіден, жылнамалар айтқандай, Тоқтамыстың бұл кезде Сібір жерінде болғаны сенімсіз. Өйткені ол кездегі Сібір Алтын Орда хандарының жазғы орталығы болған.

Ортағасырлардағы әлемдік тарихнаманың түркілік әлеуетін айғақтайтын атақты Жошы ұлысының – Алтын Орданың 750 жылдығын төл

тарихымызбен байланыстыра ұлықтаудың мәртебесі биік. Алтын Орда мемлекетінің дамуына үлес қосқан тұлғалардың мемлекеттің дамуындағы рөлі өте маңызды. Ел билеген хандар өзінің әділдігімен, ерлігімен, істеген жақсылықтарымен ел есінде қалады. Осыдан 750 жыл құрылған Алтын Ордаға елеулі үлес қосып, гүлдендіре түскен хандар мәңгі ел жадында. Империя тарихы Жошы – Батыйдан жалғасатын Алтын Орданың ұлы, олардың таққа таластары, дипломатиялық қарым-қатынастары, отырықшылар мен көшпенділер әлемі, үздіксіз жүріп жатқан этникалық, этносаяси үдерістер, экономикалық, рухани, мәдени, діни мәселелер тарих беттерінде жарияланған. Алтын Орданың құрылуына негіз болған Батый хан мен Алтын Ордада ислам дінін қабылдаған інісі Беркенің ерліктері, Алтын Орданың ең гүлденген тұсы Өзбек ханның ішкі саясаты мен халықты біртұтастығын сақтап, бір шаңырақ астына жинаған Тоқтамыс хан -Алтын Орданың гүлденуіне үлес қосқан хандар ретінде сипатталады. Президент Жолдауында төл тарихымыздың аса маңызды кезеңін зерделеуге мән берілген. Қазақ тарихының өзінен алысталған кезеңін, ұлттық тарихнамаға батыл енгізіп, тұрақты зерттеу тақырыптарына айналдыру уақыт еншісінде. Сонымен қатар, Тоқтамыстың қабірінің нақты қай жерде екенін зерттеу үшін кешенді жұмыстар жүргізілуі тиіс деп ойлаймын. Бұл дерек расталған жағдайда бұл туристер келетін орынға айналып, экономикалық қана емес, рухани маңызы бар орынға айналары сөзсіз.

Алтын Орда хандарына арнап ескерткіштер тұрғызылса, кейінгі ұрпақ санасына сіңіп, төл тарихымыздың құнды жәдігеріне айналуына жағдай туар еді. Бату, Берке, Өзбек хандардың қай- қайсысын алсақта мемлекетімізді гүлдендіруде, экономикасын қарыштап дамытуда үлгі тұтарлық тұлғалар екені даусыз. Солар салған сара жолдар, солар ұстанған ұстанымдар еліміздің дамуының алтын дінгегі болары хақ.

Әдебиеттер тізімі.

- 1 Сұлтанов. Т. Алтын орда. - Алматы : Мектеп, 2003. - 176 б.
- 2 Омарбеков Т. Қазақ мемлекеті: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар баяны / Т. Омарбеков.- Алматы: Хантәңірі, 2017. - 342 б.
- 3 Жолдасбайұлы С. Ежелгі және Орта ғасырлардағы Қазақстан, Оқу құралы. - Алматы: Ана тілі, 1995. - 176 б.
- 4 Батырша-ұлы, Бақытты. Мысыр Мамлук мемлекетінің Дешті-Қыпшақпен байланыстары. XIII-XV ғғ. : зерттеу / Б. Батырша-ұлы. - Алматы : Экономика, 2005. - 351 б.
- 5 История Казахстана в арабских источниках Том 1. Извлечения из арабских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем, 2015 г. -713 с.
- 6 Путешествия в восточные страны Платона Карпини и Рубрука. Редакция, вступительная статья и примечания Н.П. Шастиной.// М.: Гос. изд-во геогр. лит-ры. 1957. 272 с.

7 Рашид-ад-Дин Ф. Джами ат-таварих. Сборник летописей. Тома 1-3 — М. - Л.: Издательство АН СССР, 1946, 1952, 1960.

8 Полное собрание русских летописей- ПСРЛ, том XII. Издание 3-е. Летописный сборник, именуемый Патриаршей или Никоновской летописью. М., 2000 г. 272 с. разд. паг.

9 Экземплярский А. В. Великие и удельные князья Северной Руси в татарский период, с 1238 по 1505 г. -СПб.: Типография Императорской Академии наук, 1889. - Т. 1: Великие князья Владимирские и Владимиро-Московские. - 474 с.

10 Гумилев Л.Н. Древняя Русь и Великая степь. –М., 1992. 347-349- б.

11 С.Ж. Асфендияров«Прошлое Казахстана в источниках и материалах».-1997ж. 150-151, 203-204.

12 О.К.Жанайдаров «Тоқтамыс хан»Алматы «Аруна»- 2008ж.

13 Тизингаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т.II, М.-Л., 1941.

14 Егоров В.Л. Историческая география Золотой Орды в XIII-XIV вв. Москва: КРАСАНД, 2010. 245 с.

ӘУЛИЕЛІ ЖЕР - САРАЙШЫҚ

Ж. Диярова - экскурсия жүргізушісі
«Сарайшық» мемлекеттік
тарихи-мәдени музей-қорығы»
РМҚК

Табиғаттың бізге беймәлім құпиясы әлі де жетерлік. Соның ішінде адамның бойындағы күш-қуат қайнарының түпсіз терең құпиясы толық ашылып болған емес. Әсіресе, атадан балаға берілетін қасиеттің үзілмей келгенін де ешкім жоққа шығара алмас. Пайғамбарлар, әулиелер, атақты сынықшы-емшілер адамзат ғұмырымен бірге жасасып келеді. Олардың іздері мифтер мен аңыз-ертегілерде сайрап жатыр. Мұндай тұла бойында ерекше тылсым, жұмбақ қасиет дарыған адамдарды әрине «әулие» деп халқымыз қадір тұтқан. «Әулие» – арабша «уали», көпше түрінде «аулийа» – Алланың досы, Аллаға жақын тұрушы адам, Алланың қамқорлығындағы адам, Алланың мейірімі түскен адам, Алланың қалаулы адамы деген мағына береді [1].

Сарайшық ауылымен, соның ішінде оның көне жұртының тарихымен, тағдырымен азды-көпті таныс жұрт оны әулиелі, киелі жер деп біледі. Өйткені, арғы-бергі тарихымызды қанша қазбаласақ та алақандай бір ауылдың басында үш, ал оның төңірегінде екі – барлығы бес әулиенің жатуы, мүлдем демесек те, сирек кездесетін жай болар.

Сарайшық ауылы басында, бастарында белгілері бар, күні бүгінге дейін сақталып келген екі әулие – «Қыз әулие» мен «Ұл әулие», өте көнеден келе жатқан әулиелер екен. Бұлай деуімізге негіз болып отырған 1861 жылғы Сарайшықтың орнын зерттеп, сызбасын түсірген, Ресейден табылған А.Е.Алексеевтің картасында «Қыз әулиенің» жатқан жерін «Склепъ Аулие» деп, ал «Ұл әулиені» «Древнее кладбище (Аулие)» деп көрсеткен. Екі әулиенің орны да қазіргі жатқан жерлерімен дәл келеді. Аталып отырған карта, жоғарыда айтқанымыздай, 1861 жылы салынған болса, сол кездің өзінде «древнее кладбище (Аулие)», яғни ежелгі, көне деп, әрі «Әулие» деп жазылуы оның көнеден келе жатқан қасиетті орын екенін айғақтап тұр.

Бүгінде осы Әулилер жөнінде, солардың арасында көпшілік біле бермейтін ақпараттар жазылған.

Асау әулие туралы аңыз. Жайық өзені бойында, Сарайшық ауылы маңында ертеде Асау әулие тұрған екен. Ол бүгінгі ортағасырлық Сарайшық қалашығының цитаделінің солтүстік Жайық жағалауындағы жар қабақта, яғни биіктікте, ақ шеңгел көптеп өсіп тұрған жерде орналасқан. Ауыл адамдарының айтуынша әулие Жайық суының тасыған тұсында оны кері қайтару күшімен ерекшеленген екен. Оны тағы да халық арасында «Ақ тікен әулие» деп атайды. Себебі сол әулие жерленген маңында ақ тікен көптеп өседі. «Ақ шеңгел (тікен) адам сүйегі жатқан жерге өседі, сондықтан оны әулие көреді, оны шауып тастауға болмайды» деген ел арасындағы аңызға сүйенуге болады [2].

Тарихи-деректер, аңыз-әңгімелер: Әулиенің Жайық жағасында орналасуы, «Асау әулие» Жайықтың суы жарды құлатқанда, сол жардың үстінде болып, суға кеткен екен. Кейін сол жердің қасынан әулиені елемей өткен адамдардың сағын сындырғанын, сол жердің тегін емес екенін білген ауыл тұрғындары сол жерден құрандарын оқып өтіп жүрген. Сол әулиенің мінезіне байланысты ел арасында «Асау әулие» деп аталған болуы да мүмкін деседі. Ауылдың үлкені Танзила апайдың айтуынша «Айгүл есімді қызды, бір кездері аруақ қысып, ұстай алмай жүрген кезі екен. Күндердің күнінде аяқ астынан сөйлей алмай қалады. Кейін оған аян беріп, осы Сарайшыққа, Жайықтың жағасына «Асау әулие» орнына келген. Сол кезде ол қыз сөйлеп кеткен» дейді. Сонда бұл жерде адам аяғын баспайтындай Ақ тікен өсіп тұрған. Ауылдың тұрғыны Н. Құрмашевтің жазбасы бойынша: «Асау әулиенің басына белгі қойғысы келген екен, «аруақ рұқсат етпей тұр» - деп Айгүл басын шайқапты». Бірақта «Асау Әулие» жоғарыда аталып кеткен А.Е. Алексеевтің картасына түспеген. Сондықтан ол А.Е. Алексеевтің жұмысынан кейін жерленген болуы керек» деп пайымдайды [3, 1 п.]. Бір

қызығы әулие орналасқан ескі Сарайшық ауылы ешқашан су шаю астында қалмаған.

Қыз әулие туралы аңыз. Жайық өзені бойында, Сарайшық ауылы маңында ертеде Қыз әулие тұрған екен. Ол бүгінгі ортағасырлық Сарайшық қалашығының цитаделінің солтүстік Жайық жағалауындағы жар қабақта орналасқан. Ол жер ақ темір шарбақпен қоршалған. «Қыз әулие» деп темірге жазылған белгісі қойылған

Тарихи-деректер, аңыз-әңгімелер: ескі Сарайшық ауылындағы Маскура әжейдың әңгімесі: «100-ге жақындап өмірден озған енемнің айтуынша, кезінде қыздар топтасып, дөңгелек жасап билеп жүрген кезде қыздарды жаудың солдаттары келіп қуған. Қыз қашып, бұлардан қалай құтыламын, жаудың қолына түскенше, өлгенім артық деп Жаратқанға жалбарынған дейді. Сол кезде жер ортасынан ашылып, қыз сол жерге түсіп кетіпті. Қыз шын ниетімен Құдайдан сұрап, тілегі қабыл болып, осы жерде жерленген екен деседі. Осы жерге «Қыз әулиенің» белгісін қойған». Қыз әулие жатқан жер қызыл топырақпен, ерекшеленіп дөңгелек тәріздес көмкеріліп жатыр. «Қыз әулие кезінде қасиетті адам болған. Соның қолы тиген жер жазылатын болған» деген ел аузында әңгіме бар.

Ал ауыл тұрғыны Н. Құрмашевтың жазбасында: «Қыз әулиенің» қабірінде апалы-сіңлілі екі қыз жатқан көрінеді. Жоғарыда сөз еткен А.Е. Алексеевтің картасында «Склепь Аулие» деп көрсеткен екен. Склепь сөзінің түсіндірмесі – қабірхана (жер астындағы бөлме іспеттес орын болар) ішіндегі мүрде сақтайтын орын болуы тиіс. А.Е.Алексеев оны магила, захоронение немесе кладбище демей неге «склепь» деп көрсеткен? Мүмкін сол кезде қабірдің ішіне кіретін есік болған шығар? Әйтпесе ол неге сүйеніп «склепь» деп жазған? Ал енді ел сол жерді бағзы заманнан бері «әулие» деп басына зиярат етеді, түнейді, нияздарын байлайды. Аруаққа сиынып, шапағат тілеп барғандардың тілектері орындалады екен деген түсінік бар. Сондай адамдардың бірі осы ауылдың тұрғындары Асқар Суханқұлов мен оның жұбайы Тыныштық Бляшева екен. Оларды «Қыз әулиеге» сілтеген Атыраудағы проезд б көшесінде тұрған Қапура есімді емші көрінеді. Сол кісі «Қыз әулиенің» басы топырақтары шашылып қараусыз қалған екен, басын түзеп белгі қойындар, тілектеріңді айтып түнеңдер, шапағаты тиер» деген екен. Сол айтумен бұлар Әулиенің айналасын реттеп, басына шағын шарбақ орнатыпты. Кейіннен ауыл тұрғыны Қойшығали Құспанғалиев ол шарбақтың орнына үлкен шарбақ орнатып, ал бұрынғы Асқар Суханқұлов қойған шарбақты Сарайшықтың көк мешітінің орнына апарып қойыпты. Сол шарбақ Сарайшықтың соңғы мешітінің орнын күзеткендей болып әлі тұр сол жерде» деп жазады [3, 3 п.].

Зейнел Ғабит әулие Сарайшықта дүниеден озған. Оны «Әз әулие» деп те атаған. Басында ақ шүберек ораулы, айшығы бар белгі қойылған. Ауыл тұрғыны Н. Құрмашев жазбасында: «Кезінде Алмалы ауылында тұрған, Алматыдағы халық шаруашылығы институтында оқып жүріп 1986 жылдағы

қанды оқиғалардың куәсі болған Айгүл Құсаиыноваға кейіннен аруақ қонып, кісі қарап, өткен-кеткенді айтып жүретін болған. Сол кісі 1990 жылдардың басында Сарайшыққа келіп ауыл басындағы Әулиелерге барып, тәу етіп, онда кімдер жатқанын айтып берген екен. Әулиенің қабірі қасында тағы бір адам жатқанын айтқан. Кейін сол екі жерді шарбақпен қоршаған. Ауыл тұрғыны, кәсіпкер Балтабай Берниязов демеушілік танытып, Әулиенің басын қоршап, түнек үй тұрғызып, құлпытастан белгі қойған».

Тарихи-деректер, аңыз-әңгімелер: ескі Сарайшық ауылының тұрғыны Құбаш зайыбы, Маскура әжейдың әңгімесі: «Зейнел Ғабит әулие 1938 жылы Орпа құмында болған. Ағайындар арасында жерге талас болып, кейін Жайық бойымен ығысып, 17-ауыл, қазіргі Алға ауылына келіп тұрақтаған. Кейін осы Сарайшыққа келіп, өмірден озған. Енемнің әңгімесі бойынша 1930 жылдары ол кісі емдеп, әулие атанған екен.

Зейнел Ғабит қасында тағы да бір адам жерленген. Ол осы әулиенің жолдасы болуы мүмкін. Есімі Бәтима. Бұл әулиенің киесі қара жылан болып, көлденең жатқан бейнесінде көрінетін болған».

Қазіргі таңда Әз әулиенің түнек үйін қарап жүрген Райхан емшінің айтуынша: «Зейнел Ғабит әулие ата заманында өте керемет бақсылық қасиет ұстанған, көптеген көтерілген адамдарды құранмен емдеген, сонымен қатар сынықшылық қасиеті болып, ауырып, сырқап келе жатқан адамдарды сезетін болған. Ел ішінде қадір қасиеті жоғары деңгейде болған. Ел әулиені қадір тұтып, ерекше бағалаған».

Тағы бір айтылып жүрген дерек бойынша, Н. Құрмашевтың жазбасында: «Осы жерде «Ұл әулиеге» байланысты үлкендердің есінде жүрген мына бір жайт тілге оралады. Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары ауыл белсенділерінің бірі Сисенғали Жұмашбаев деген кісі «халық әлі күнге дейін дінге сенеді, әулиеге дұға оқып, тәу етеді, басына түнеп құрбандық шалады, ел болып садақалар береді» - деп аудан басшылығына хабар берген екен. «Олай болса бұл мәселемен өзіңіз айналысыңыз» деп хабар берушінің өзіне тапсырма беріледі. Екінші дүниежүзілік соғыста Ұлы Жеңіске жетіп, бүкіл әлем алдында абыройы асқақтап тұрған, дін дегенде «аллергиясы» ұстайтын қызыл партияның айтқаны екі етілмейді. Ауданнан сондай «жауапты» тапсырма алған сол кісі «Ұл әулиенің» басындағы, жоғарғы басында темірден соғылған айшығы бар, ұзын сырықты жұлып алып Досақ көліне сүйреп апарып тастайды. Содан көп ұзамай әлгі кісі ауыр дертке ұшырап қатты ауырыпты. Қалай емделсе де ем қонбай, ақырында Аллаға сиынып, әулиенің басына барып аруаққа жалбарынып, кешірім сұрап құрбандық шалып, түнепті. Ал, бұрынғы алып кеткен сырықты қайта әкеліп, соған дейін сығандар алып кеткен айшықты ұста Қажига қайта соқтырып, сырықтың басына бекітіп, қайтадан бұрынғы жеріне орнатқан екен. Содан көп ұзамай дертінен құлан-таза айығып кеткен дейді. Сол әулиенің аты Зейнел Ғабит екенін ертеректе басындағы құлпытасты оқыған деген кісі анықтаған болатын. «Ал ол жерде жатқан мүрде қырық жастардағы ер адам

екенін және оның қасында бір жас баланың сүйегі жатыр» деп Құснеден Пазыловтың немересі Айгүл есімді көріпкел айтқан» [3].

Атырау – Орал тас жолының бойында, Сарайшықтың өкпе тұсында, тағы бір әулие, қаракемпір шеркеш Сатыбалдыұлы Тәжібай ата жатыр. 1877 жылы дүниеге келіп 1943 жылы дүниеден озған. Жалпы бұл әулиені ел «Шойтас әулие» деп айтады. Әрлі-берлі өткен жұрт дұғасын оқымай, беттерін сипамай өтпейді, әдетте тоқтап басына дұға оқып, нияздарын байлап жатады. Бұрындары бұл жерге балуан күресінде ауыр жарақат алып, содан қазаға ұшыраған Шойтас деген кісі жерленген екен. Ол қабір Атырау – Орал күре жолын төсеген кезде сүріліп жолдың астында қалған сыңайлы. Ал жер сол кісінің атымен Шойтас аталып кеткен. Кейіннен сол жерге Тәжібай ата жерленген. Жер атауы ел жадында Шойтас болып қалғандықтан көпшілік оны Шойтас әулие деп түсінетінге ұқсайды. Қазіргі таңда оның басы ақ темір қоршаумен қоршалған. Тәжібай ата деген жазуы бар құлпытас қойылған.

Тарихи-деректер, аңыз-әңгімелер: Сарайшық ауылының байырғы тұрғыны, зейнеткер Н. Құрмашев: «Бұл жер, Тәжібай әулие, көпке дейін елеусіз жатқан еді. Қазір Атырау қаласында тұратын, сол атаның Құмар Тәжібаев деген баласынан туған, Дәмеш атты немересіне жас кезінде «Мен елеусіз, ескерусіз қалып жатырмын ғой, шырағым» деп аян берген екен. Сол түсін Дәмеш апай анасы Кәримаға айтып, содан 1965 жылы атасының басына белгі орнатқан көрінеді.

Бір жылдары сол төңіректе жол апаты жиі болып, кісі өлімдері көбейіп кетіп жүрді. Сол кездерден бастап әулиеге жұрт назары ауа бастады. Оның үстіне ертеректе жоғарыда аты аталған Қапура емші алдына Сарайшықтан барған бір адамға «Тәжібай әулие менің түсіме еніп, «басым қараусыз қалды» деп жатқызбай жүр. Сол ауылда атаның ұрпақтарының бірі ауырады екен, басына барып түнесін, қабірін күтімге алсын, шапағаты тиер» деп айтып жіберген екен. Сол айтқан адамы, қатты науқастанып оншақты жыл үйден шықпай жатқан, атаның Жоламан Қайреденов атты туған жиені екен. Айтқандай Жоламан сол дерттен айығып, нағашы атасының басына жиі барып тұратын болды. Сол сияқты әулиенің аруағына сенуші және сиынушы, Жалғансай ауылының тұрғыны, Бақтығали Құспанов деген адам басына түнек үйін тұрғызып, оның төбесін Атыраулық кәсіпкер Құрманғали Қағазов жауыпты» деп жазады [3, 4 п.].

Сарайшықтағы Аққу (Секер) көлі, алтын қайық, көмілген мол қазына туралы халық аузында аңыздар көп айтылады. Аңыз дегеніміздің өзі сол кезгі өмірден алынғандай.

Сарайшықтың өркендеу кезеңі Алтын Орданың ханы Өзбектің ұлы Жәнібек ханның (1342-1357 жж.) тұсына сәйкес келсе керек. Шоқанның, өзге де тарихшылардың деректерінде Жәнібек хан өз жанына ел сыйлаған билерді, шешендер мен жырауларды, халық қамын ойлаған жақсылар мен жайсаңдарды жинаған дейді. Сол Жәнібек хан керуеннен толассыз түсіп

жатқан байлықты халықтың игілігіне, қаланы көркейтуге жұмсапты. Талайды тамсандырған «Аққу көлін» Жәнібек хан сол кезде салдырған екен.

Жәнібек хан бұл істі ақыл-парасатпен істеген. Көл суына керуенмен келген қап-қап қант төктіріп, аққу мен қаз қондырған. Жәнібек хан көл жағасына көп етіп мия (солодка) ектірген. Көл суының тәтті болуына мия тамырының да әсері болған сияқты. Ескі заманда көл табанын суға толтыру, оны үнемі жаңартып отыру әлденеше қосақ өгіздермен, сандаған шығыр құрылғыларын күндіз-түні айналдырумен іске асқан [4, 82 б.].

Жәнібек ханның балалары ішіндегі ең сүйікті қызы табиғатты тамашалауды өте жақсы көреді екен. Көбінесе су жағасына барып, балықтың ойнағанын, құстардың топ-тобымен суға қонғанын қызықтап, жағалауға өскен әдемі теректерді аралауды қатты ұнатқан. Хан бұл орынды халық қызығатындай жұмаққа айналдырмақ ниетте көлге серуендеуіне мүмкін болсын деп қызына аққу пішіндес қайық жасатып берген.

Аққулар қонып жатты дара суға,
Қимады Секер көлден әрі асуға.
Табысқан табиғаттың тамашасы – ай
Көлге аққу, аққу көлге жарасуда.
Көк жиек көлдің шетін көмкереді,
Осы ма ед сұлулыққа ең керегі.
Мөлдір көл, аққу менен алтын қайық
Көзіңе елестетпей ме ертегі елді.

Судың тәттілігінен, көлге қонған аққудың көптігінен бұл көл «секер көл» немесе «аққу көл» атанған.

Хан қызы өзінің құрбыларымен бірге, әкесі жасатып берген аққу мүсініндегі алтын қайығымен құстарға дән беріп, бірте-бірте қолға үйреткен. Көл маңында өзіне қауіптің жоқтығына көзі жеткен құс атаулы Сарайшық аруларының алақанын қытықтап, бидайын жеп, жаз бойы «Секер көлде» еркін сайрандап, керуенмен келген шет жерліктер алдында қаланың сән-салтанатын арттырады. Сарайшықтың Аққу көлі туралы хабар ел-елге тарайды.

Жәнібек хан онымен де шектелмей, оңтүстіктің бал татыған жеміс ағаштарының түр-түрін алдырып, көл жағалай отырғыздырады. Балғын шыбықтарды отырғызып, жерсіндіріп жібергенше, сол жақтың бағбандарын да жалдап алады. Осы ғажайыпты көзімен көріп, куәгер болған италияндық саяхатшылардың бірі Франческо Пегалотти «сол ғасырларда бау-бақша отаны сақталған Парсы елінде кездеспеген жүзім мен жеміс ағаштарының ерекше түрлері Сарайшықта өседі екен» - деген естелік қалдырғанын Ә. Кекілбаев жазған.

Халықтың сүйіктісіне айналған хан қызы он беске қараған жасында кенеттен қайтыс болған. Хан сүйікті қызының жасауын байлығын аямастан жұмсап жасақтап, жазға салым ұзатқалы жүрген екен. Ханшайымның

казасына тек өз туыстары ғана емес, күллі халық қайғырыпты. Хан халқына қызын бір айдан соң жерлейтінін айтыпты. Бұған халқы қызын өте жақсы көретін болған соң, құрметін көрсеткені деп бағалапты. Алайда, хан сол күні өзі сенетін жеті адамды шақырып, қызын бүгін түнде жерлеуді тапсырады. Қызын алтын табытқа салдырып, алтын қайығы мен қайыры жоқ алтын жасауларын бірге жерлеуді, жерленген орынды ұшқан құс, жүгірген аң, екі аяқты жан білмейтіндей құпия ұстауды, ал сенімінен шықса, әрқайсысына алтын қайықтың құнындай алтын беретінін айтады. Жалданған жетеу түнде қызды жерлеп, сол орынның үстінен ерсілі-қарсылы айдалған жылқының шұрқыраған дыбысы естіліп тұрыпты. Ертеңгісін сарайға тапсырманың орындалғанын айтуға келген жетеудің сөзін тыңдасымен хан олардың басын шапқыздырады. Содан бері қарай «Сарайшықта алтын табыт, алтын қайық, алтыннан жасалған қыз жасауы көмулі жатыр» деген аңыз қалыпты. 1580 жылы казактар қаланы қиратқан кезде бірнеше жыл қатарынан қаланы қазып іздеген, бірақ тапты ма, таппады ма белгісіз [4, 83 б.].

Бүгінгі материалдық дүниенің көзімен қарағанда, «әулие» дегеніміз – көбіне-көп көзге түсе бермейтін жалғыз құлпытас, ағаш түрінде мола ғана. Сондықтан мұндай орындар ресми тарихи-сәулет ескерткіштерінің қатарына қосылмай, ресми ескерткіш-тер тізіміне енгізілмей қалып жатады. Өйткені әулиелерді құрметтеу бүгінгі діни оқулықтарда қарастырылмаған, қайта керісінше – жоққа шығаруға деген бейімділік байқалады.

Сондықтан олардың басын қарайтып, күніміз түскенде ғана бірдеңе дәмәтіп түнеумен шектелмей, олар туралы ақпарат жинап, олардың рухани болмысын тануға да әрекеттену керек. Өйткені олар жөніндегі түсініктердің басым көпшілігі бүгінде естен шығарылған, білетініміз – азын-аулақ аңыздар ғана. Ал шындығында, қай әулиенің болмасын, аңызының астарында ғасырлардың ғана емес, мыңжылдықтардың сыры жасырулы жатыр. «Аңыз түбі-ақиқат» деп бекер айтпаған дана халқымыз.

Әдебиеттер тізімі.

- 1 Сманов Б. Қазақ жерінің әулиелері // <http://aqiqat.kazgazeta.kz/news/10472> Пайд. уақыты: 19.03.2021 ж.
- 2 Саматұлы Н. Шеңгелдің гүдеуі мен Ешкінің есі кетуі // <https://qazaqadabiet.kz/20877/she-geldi-g-ldeui-men-eshkini-esi-ketui> Пайд. уақыты: 19.03.2021 ж.
- 3 Сарайшық музей-қорығы қоры // Н. Құрмашев жазбасы, 4 п.
- 4 Ғизатов Ж. Ұлы Даланың қасиетті күмбезі// Алматы. 2009. - 287 б.

Түйін

Көне Сарайшық қаласы туралы көптеген аңыздар бар. Әсіресе көпшілікке мәлім Сарайшықтағы Аққу көлі, Жәнібек ханның қызының алтын қайығы туралы аңыздарымен қатар, жұртшылыққа беймәлім ел аузындағы Асау, Қыз, Зейнел-Ғабит, Тәжібай атты әулиелер туралы аңыздары айтылған.

Әулиелер туралы ақпараттар Нығметолла Құрмашевтың жазбаларындағы Атырау қаласының тұрғыны Дәмеш Құмарова, ауыл тұрғындары Жұмабай Естұрғанов, Любовь Қайреденова, Қарылғаш Құспанғалиева, Орынша Мұқашева, Асқар Суханқұлов, Тыныштық Бляшеваның мәліметтерімен толықтырылған.

Резюме

О древнем городе Сарайшык ходят много легенд. В частности, наряду с легендами о Лебедином озере в Сарайшыке, о золотой лодке дочери Жанибек хана, в устах звучат легенды о святых Асау, Кыз-Аулие, Зейнел-Габит, Тажибай.

Информация о святых в записях Ныгметуллы Курмашева дополнена сведениями Дамеш Кумаровой, Жумабая Естурганова, Любви Кайреденовой, Карылгаша Куспанғалиевой, Орынши Мукашевой, Аскара Суханкулова, Тыныша Бляшевой, жителей города Атырау и односельчан.

Summary

There are many legends about the ancient city of Saraishyq. In particular, along with the legends about the Swan Lake in Saraishyq, about the golden boat of the daughter of Janibek Khan, the legends about the saints Asau, Kyz-Aulie, Zeynel-Gabit, Tazhibai are heard in the mouth.

Information about the saints in the records of Nygmetuly Kurmashev is supplemented with information from Damesh Kumarova, Zhumabay Esturganov, Lyubov Kairedenova, Karylgash Kuspangalieva, Orynsha Mukasheva, Askar Sukhankulov, Tynysh Blyasheva, residents of Atyrau and fellow villagers.

«БАТЫРЛАР ЖЫРЫ» - ШЫНАЙЫ ДЕРЕК КӨЗІ

М.Н. Дюсенбаева – тарих магистрі,
ғылыми қызметкер
Жаңақорған аудандық тарихи-
өлкетану музей филиалы
Қызылорда қ.

Қазақ халқының тарихы көбінесе ел жадында сақталып келеді. Ол аңыз, әңгіме, хикая, жыр түрінде тарады. Сондықтан бізде жазбалардан гөрі, ауызша айтылып жүрген аңыз-жырлар мол. Қазақ тарихының бірқатар мәселелері сол аңыз, жырлардан шығады. Профессор Б.Кенжебаев: «Тарих пен ауыз әдебиеті бір-біріне жәрдемші, бірін-бірі толықтырушы. Халықтың ауыз әдебиетін дұрыс, терең ұғыну үшін оның тарихы қандай қажет болса, тарихын дұрыс, жете, толық білу үшін ауыз әдебиеті де сондай қажет» — деп жазды. Бірақ, ғалымның айтуынша, тарих пен фольклор бірдеи емес.

Тарихшы оқиғаны нақты, ешбір қоспасыз жазады. Ал, ақын әрбір тарихи оқиғаны өз тұрғысынан алып, әрлеп, әсірелеп жырға қосады.

Өз тарихын телтума деректерінің негізінде зерттеу мүмкіндігіне енді ғана ие болған қазақ тарихшылары үшін тарихымыздың дерек көздері ретінде фольклордың маңызы ерекше. Ғалым Р.Бердібаев: «Тарихтың хатқа түспеген кезеңдеріне келгенде, кейде фольклор мұрасы бірден-бір құжатты тіректің орнына жүретіні оның мәнін еселеп арттырады»,—деп, фольклор деректерінің маңызын жоғары бағалайды .

Дегенмен, ауыз әдебиетінің мәліметтері басқа да деректер сияқты өздерін деректанулық талдаудан өткізуді, яғни ондағы ақпараттардың шынайылық деңгейін анықтауды қажет етеді. Ол туралы, әдебиеттанушы ғалым Т.Сыдықов: «Әдебиет - тарих емес, тарихи күрес, оқиғалардың айнасы, сәулесі ғана. Сондықтан тарихи мәліметтерді алып, сонымен түп-тура шығуын одан талап етуге болмайды, Кейде дәл келсе, кейде тарихшы шындықтан аулақтап кетуі мүмкін. Олай болуы заңды. Өйткені оқиғаны өзінше түсініп, өзінше баяндауы — ауыз әдебиетінің өкілдеріне жалпы тән нәрсе», — десе , Мәлік Ғабдуллин кезінде; «Ауыз әдебиеті тарихи фактілерді негізге ала отырып, оны ақындық қиял арқылы құбылтып жырлайды, суреттеп көрсетеді, Кейде асырып, кейде өзгертіп елестетеді. Сондықтан ауыз әдебиетін тарихтың өзі, оның документі деуге болмайды», — деген ой айтқан. Ауыз әдебиеті туындыларының осындай ерекшеліктерінен шыға отырып, оларды ғылыми талдау мақсатында біраз жұмыстар атқарылды. Ол ең алдымен фольклорды халқымыздың асыл мұрасы ретінде жинау, жүйелеу және жариялау жұмыстарынан басталған еді. Бұл іспен өз кездерінде Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, В.Радлов, Г.Потанин, Ә.Диваев, т.б. айналысты. Фольклор жинау ісі кеңестік кезеңде де жалғастырылды. Қорытындысында ҚР ҰҒА Орталық Ғылыми кітапханасының қолжазба қоры мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының текстология және қолжазба бөлімінде фольклордың мол қоры жинақталды. Соған байланысты аталған институт жанынан 1989 жылы Қазақ қолжазбаларының ғылыми орталығы құрылды. Қазір бұл Орталықта қазақ фольклорының ірілі-ұсақты 200 мыңдай нұсқасы сақталуда. Олардың ішінде батырлар жырының - 92 (вариантымен 300) үлгісі жинақталған.

Қазақ фольклорын ғылыми талдау ісі де Ш.Уәлихановтан басталды деуге болады. Ол ғасырлар қойнауында дүниеге келген ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаумен қатар, оларға талдау жасап, ғылыми құндылықтарын да көрсете білді. Мысалы, «Қазақ шежіресі» деген еңбегіндегі қазақ халқының даму ерекшелігіне сай, ел арасына кең тараған тарихи деректер тобына жататын аңыз-дастандар туралы осыны айтуға болады. «Дала жыр-дастандары өзінің қарапайым ұғымды шынайылығымен, нақтылы өмірден алшақтамайтынымен құнды. Онда ертегідей сенімсіз сиқырлы қимыл-әрекеттер кездеспейді. Сондықтан болар, халық тарихи жыр-дастандарды өте жоғары бағалайды»-деп, жыр-дастандардың тарихи дерек ретіндегі

ерекшелігін көрсетсе, «Аңыз-дастандардағы тарихи оқиғалар, тегі қазаққа жақын Әбілғазы жазған «Түрік шежіресі» атты және сондай-ақ, әсіресе (Жами ат-тауарих), шежіредегі деректерден алшақтамайды»— деп, бір деректі екінші дерекпен салыстыру арқылы оның ғылыми маңыздылығын, ондағы айтылған мәліметтердің шынайылығын айқындаудың жолын ұсынады.

Ш.Уәлиханов жыр-дастандардың тарихи дерек ретіндегі сақталуы, өмір сүру формасын, олардың ғасырдан ғасырға, атадан балаға жету құпиясы мен жолдарын, түрлік ерекшелігі мен қазақ қоғамындағы алатын орнын, халықтың өз дерегіне деген көзқарасын да көрсетіп берді.

Мысалы, қазақ халқының жыр-дастандарға деген сүйіспеншілігін олардың дерек ретіндегі сақталуы мен ел арасына таралуы туралы «Қазақ шежіресінде»: «Ата-бабаларының ерлігі туралы тарихи жыр-дастандарға дегенде халықтың сүйіспеншілігінде шек жоқ. Соншалықты мол мұраны ауыздан-ауызға, жазбасыз, баспасыз алып даланың бір шетінен екінші шетіне жеткізіп, ғасырлар бойы ойда сақтау, олардың суырып салма (импровизаторлық) ғажап қабілетінің көрінісі болса керек», — деп, өз халқының қабілетіне ризашылық білдіре отырып, сол деректердегі тарихи оқиғалардың бейнелену дәрежесі туралы: «Көне жыр-дастандардың сол бәз қалпында, ұшы-қиыры жоқ даланың бір шетінен айтылатын шығарманың оқиғасы баздаланың екінші бір шетіне айна-қатесіз қайталануы таңдандырмай қоймайды. Көне түркі салт-сана, әдет-ғұрыптардың қай-мағы бұзылмаған қазақтарда, өмірдің бір саласын қамтитын оқиғалармен байланысты адам аттары, жер-су аттары, т.б. есте сақталып, атадан балаға жалғасып жатады» — дейді.

Деректану ғылымы үшін Шоқан Уәлиханов жыр-дастандардың тарихи тәрбиелік мәнімен қатар, олардың нақты өмір сүру формасын, ұрпақтан-ұрпаққа жетуінің жолдарын айқын көрсетіп берді. Ол: «Осы тарихи мәні бар мол мұраны біреулер домбырамен сүйемелдеп әндетсе, енді біреулер мынау сонау замандарда жасаған пәленше деген күйшінің аты, өшпес күйі еді деп, сыбызғыда ойнап, қобызда тартып, өнерлі адамдардың аты ел-жұрттың есінде мәңгі қалып қоюына себепші болады, Қазақтардың әрбір ру басылары өз ру-тайпаларының шежіресін шыққан тегін, елдің әдет-ғұрып заңдарын, ескі жарлықтарын, халықтардың басынан өткен тарихи жайларды көп жасаған ақсақалдардан ыждаһатпен үйреніп, өзінің шешендік өнерін шыңдап, көптеген аңыз-әңгімелерді, мақал-мәтелдерді, маңызды оқиғаларға қатысты ұлағатты асыл сөздерді ұзақ уақыт жаттайды. Сондай дайындығы бар билердің ауызынан шыққан сөздерді толық ұйып тыңдайды. Ол нақыл сөздердің мәні өмірдің бар саласын қамтитындай өсиет-өнеге, тәлім-тәрбиелік патриоттық мазмұнда болып келеді», — дейді [1.203 б].

Сонымен қатар, ғалым өткен ғасырдың орта кезінде халық арасында бой көрсете бастаған келеңсіз жағдайларға көңіл аудара келе, «Өкінішке орай, енді бір он жылдан соң. бұрын осылай болып еді, содан не қалды дейтін де

уақыт алыс емес сияқты, біздің халық қалай тез өзгеріп, құбылады десеңші!» — дейді, Көп ұзамай-ақ бабамыздың бұл қаупі өмір шындығына айналды.

Фольклорға жүйелі деректанулық талдау жасамаған-дарымен, халық ауыз әдебиетінің туындыларына қатысты, егер қазіргі тілмен айтсақ, деректанулық көзқарастарын білдірген келесі қазақ ғалымдары Ә.Бөкейхан және А.Байтұрсынұлы болды. Ә.Бөкейхан Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресіне» және «Қара Қыпшақ Қобыландыға» жазған рецензияларында шежіре мен батырлар жырына қатысты өз ойларын айтса [2.43б] А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышында» шежіренің дерек көздері ретінде маңызы мен ерекшеліктері туралы айтқан. Алаш көсемдерінің өткен ғасырдың басында айтқан деректанулық ойларының бүгінге дейін ғылыми маңызын жоғалтпауы — осы тұжырымдардың дұрыстығының дәлелі.

Кеңес өкіметі жылдарында С.Сейфуллин, М.Әуезов, Л.Соболев, Ә.Марғұлан, С.Мұқанов, В.Жирмунский, Қ.Жұмалиев, Н.Смирнова, Е.Ысмайылов, М.Ғабдуллин, Б.Кенжебаев, Е.Тұрсынов, Р.Бердібаев, С.Қасқабасов, Б.Уахатов, т.б. өз еңбектерінде фольклорды дерек көздері ретінде қарастыруға және пайдалануға мүмкіндік беретін әр түрлі деректанулық ойлар айтты. Аталған авторлар еңбектерінің бірінде фольклордың түрлік, жанрлық ерекшеліктері, сақталу формасы туралы айтылса, екінші бір еңбектерде олардың пайда болуының алғышарттары, деректік маңызы, объективтілігі мен субъективтілігі, т.б. туралы айтылған.

Мысалы, М.Әуезов «Уақыт және әдебиет» атты еңбегінде: «Халық арасында әлде бір батырдың қоштасуы және соны жоқтауға байланысты таралған өлең-жырларды алғашқыда бір ақын жинап, басын құрауы, сөйтіп тұңғыш эпостық дастанның тууына негіз қалануы ықтимал», — деп, эпостық дастандардың тұрмыс-салт жырларының негізінде пайда болуы мүмкін екендігі туралы болжам айтады. Ұлы әдебиетші өзінің бұл ойының негізсіз емес екендігі туралы «Батыр жорыққа аттанарда айтылатын қоштасу жыры, ол қалыңдық әкелгенде айтылатын үйлену салт жыры, ол өлгенде жанкүйерлері жылап-сықтап айтатын жоқтау жыры сол батыр жаиындағы эпостық жырдың негізін құрамауы мүмкін емес», — деп, оған «Ер Сайын» жырынан нақты дәлелдер келтірген .

Белгілі әдебиеттанушы ғалым Қ.Жұмалиев: «Тарихи оқиғаның ізі, сәулесі болып әдеби мұралар туып отырады. Олардың кейбіреулері оқиғаның жалпы, ұлы сорабын сақтаса... кейбіреулері күні кеше ғана болып өткен, ізі сұымаған тарихи оқиғаның негізінде туды. Бұлардың ішінде айтылатын оқиға да, қатысушы адамдардың іс-әрекеттері де тарихи шындыққа жақын, қиял-ғажайып оқиғалар мейлінше аз. Осы жағынан қарап, алдыңғы әдеби нұсқаларды эпостық жырлар деп атасақ, соңғысын тарихи жырлар деп атаймыз, Бұл екеуінің негізі бір, екеуінің де түбінде тарихи оқиға жатады», — деп , әдеби мұралардың ерекшелігін, эпос пен тарихи жырлардың ортақ белгілері мен айырмашылығын көрсеткен.

Батырлар жыры мен тарихи жырларды зерттеу ісімен ұзақ жылдар бойы Е.Ысмайылов айналысты, Ол батырлар жырын: «XIV ғасырға дейінгі болған Қаңлы-Қыпшақ заманының батырлар жыры ... XIV-XVI ғасырлардағы ноғайлы заманының батырлар жыры... XVII-XVIII ғасырдағы қазақ-қалмақ арасының қарым-қатынасына байланысты батырлар жыры... XIX ғасырдағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысына байланысты батырлар жыры...», — деп, қазақтың жалпы батырлар жырларын шыққан уақыты мен заманының ерекшелігіне қарай бірнеше топқа бөлген.

Тарих ғылымының негіздерінің бірі болып табылатын деректанудың зерттеу объектісіне жататын осы сияқты әр түрлі дәрежедегі проблемалар туралы құнды пікірлер басқа да аталған авторлардың еңбектерінде көптеп кездеседі. Оларды жан-жақты зерттеп, жинақтап, бір жүйеге келтіру, біріншіден, фольклортану мен деректану ғылымдарын жақындастыруға, сол арқылы біртұтас, жүйелі деректану ғылымын қалыптастыруға мүмкіндік жасаса, екіншіден, тарихшыларға фольклор мәліметтерін деректану талаптарына сай талдау арқылы өздерінің зерттеу объектілерін тереңірек аша түсуге көмектесер еді. [3.28 б]

Халқымыздың ауызша тарих айту дәстүрінің негізінде пайда болған туындыларының тарихилық проблемасын зерттеуде 1993 жылы жарық көрген «Қазақ фольклорының тарихилығы» атты монографияның алар орны ерекше. Еңбекке елімізге кеңінен танымал фольклортанушы ғалымдар: Р.Бердібаев, С.Қасқабасов, Т.Сыдықов, З.Сейтжанов, Б.Абылқасымов, т.б. зерттеу жұмыстары енген. Оларда орыс және қазақ ғалымдарының фольклорды зерттеу тәжірибесі талданып, жеткен нәтижелері жинақталған. Фольклор-тану ісінің қиындықтары мен проблемалары көрсетіліп, оларды одан ары зерттеу жолдары айтылған, Мысалы, Р. Бердібаев ғылыми дәстүрі бұрыннан қалыптасқан орыс фольклортану ғылымында эпос зерттеуге арналған күрделі монографияларға шолу жасай отырып, қазақ эпостарының шынайылық деңгейін анықтау ісінің қиындықтары мен проблемаларына тоқталса, С.Қасқабасов ауыз әдебиетінің үлкен бір тобын құрайтын миф пен эпсананың түрлік ерекшеліктерін анықтап, олардың пайда болуы мен дамуы туралы ғылыми негізделген пікір айтқан, Ал, Т.Сыдықов болса, өзінің «Қазақтың тарихи жырлары және бүгінгі ғылым» атты еңбегінде қазақтың тарихи жырларының тарихнамасына талдау жасап, олардың зерттелу деңгейін анықтай келе: «Қазақ фольклорында тарихи жыр жанрының туу, қалыптасу, даму жолдары мен кезең-дері, оның тұрмыс-салт, батырлық эпос жырларымен генетикалық байланыстары мен айырмашылықтары сөз болып, тарихи жырдың мазмұны, кейіпкерлері, тақы-рыптары талданған», — деп, қорытынды жасаған. Осындай фольклорды дерек көзі ретінде зерттеуге көмектесетін құнды пікірлер басқа да монография авторларының еңбектерінде кездеседі. Оларды жете меңгерудің тарихшыларға нақты құбылыс тарихын зерттеуде өз көмектерін тигізері даусыз.

Әдебиеттер тізімі.

- 1 Уәлиханов Ш. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: 2010. II т 462 б.
- 2 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз һәм хандар шежіресі. - Алматы: 1991. - 80 б.
- 3 Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның айтушылары. – Алматы: 1975. 40 б.

Түйін

Қазақтың жалпы ауызша шығармашылығы - фольклорынан тарихи дерек көздерін бөліп алу. Еңбекте елімізге белгілі фольклортанушы ғалымдардың фольклорды дерек көзі ретінде қарастыруға көмектесетін құнды пікірлері арқылы талдау жасалынған.

Резюме

Фольклор - устное народное творчество казахов, как исторический источник. В работе проанализированы мнения известных в стране ученых-фольклористов, которые помогают рассматривать фольклор как источник.

Summary

Folklore is a traditional folk art of the Kazakhs, as a historical source. The work analyzes the views of well-known scholars and folklorists who help to consider folklore as a source

АРАЛ ТАБАНЫНДАҒЫ СЫРЫ АШЫЛМАҒАН ҚАЛА МЕН КЕСЕНЕ

Д.Б. Есенов - тарих пәнінің мұғалімі
№ 122 жалпы білім беретін мектеп
Алматы қаласы

Небәрі жарты ғасыр бұрын қазақ жерінің інжу-маржаны Арал теңізі әлем бойынша 4–ші орында тұрған еді. Бірақ 1960 жылдары су деңгейі шамадан тыс жоғала бастады. Арал апаты шекарасының тарылуы, жағалаудың ұзап кетуіне байланысты археологтар көптеген құнды дүниелер тапты. 2001 жылы теңіздің кеуіп кеткен табанынан тастан және күйдірілген кірпіштен тұрғызылған мавзолей табылды. Бұл мавзолей XIV ғасырда салынған деген жорамал да бар. 2004 жылы табылған Арал түбіндегі өзге де археологиялық ескерткіштер – ортағасырлық қалалар мен кесенелер зерттеушілер назарын аудара бастады. 2001-2009 жж. Қорқыт Ата атындағы ҚМУ және Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының біріккен археологиялық экспедициясы аталған ескерткіштерде қазба жұмыстарын жүргізді. Ескерткіштерден табылған керамикалық бұйымдар оларды Алтын

Орда дәуірімен (XIII-XIV ғғ.) мерзімдеуге мүмкіндік берді. Арал теңізін тарихи-ғылыми деректерде оны көлемі бірде үлкейіп, бірде кішірейіп отырғаны байқалады. Жалпы Арал деген атауының өзі теңіздің о баста шағын көлдерден құралғанын, олардың ара-арасында елді мекендердің көп болғанын байқатады. Сонау біржылдары іргелі қазба жұмыстарын жүргізген С.П.Толстов экспедициясы Аралдың оңтүстік-батыс жағында Алан қала, шайтан қала секілді аралдардың болғандығын жазған болатын. Бұл сөз Барсакелместің маңындағы аралдар. Осындағы Алан қалада біз сөз етіп отырған жәдігерлерден табылған жалпақ тастар көптеп кездеседі. Оны С.Толстов ежелгі аландар мәдениетінің қалдығы деп білген [1, 22-23 б.].

Орыс деректері бойынша, Арал өңірі ескерткіштері жайлы алғашқы мәлімет XVII-XVIII ғасырларда жарық көрген «Үлкен сызба кітабы» мен Семен Ремезов құрастырған «Сібірдің сызба кітабы» еңбектерінде кездеседі. Арал өңірі мен Оңтүстік Қазақстан аймағын археологиялық ескерткіштердің зерттеле бастауын 1867 жылы Ресей Археологиялық комиссиясының тапсырмасы бойынша осы өңірге шығыстанушы П.И.Лерх келіп, өз жұмысын бастады. Ол жолында кездескен ортағасырлық Жанкент, Сауран, Сығанақ қалаларының орналасуын картаға түсіреді. Ол орыс ғалымдары арасында жан-жақты зерттеушілігін көрсетіп, алғашқы археологиялық барлау негіздерін қалады [1, 33 б.].


XIII ғасырдың басындағы моңғол шапқыншылығы кезінде Хорезімнің күйреуге ұшырауына орай Әмудария өз арнасын Сары қамыс ойпатына бұрып, сол жерді суға толтырды. Әмударияның Сары қамысқа қарай кезекті бұрылуы мынандай тарихи оқиға байланысты болуы ықтимал. Ақсақ Темірдің Хорезімді басып алу кезінде оның әскерлері көптеген қалалар мен суландыру жерлерін толық қиратты. Соның салдарынан Әмударияның суы Сары қамыс ойпатына құйылып, бұрынғы арнасы бойымен Каспийге жетті. Осыдан барып, XIV ғасырдың соңында Арал теңізі деңгейі күрт төмендеді. Алайда соңғы ғасырларда Арал теңізі өз деңгейін сақтап тұрды. Оның өзгеруі әртүрлі ауа райына байланысты болды. Кейінірек, яғни XIII ғасырда және XIV ғасырдың соңында Әмудария суы Аралға мүлде жетпей қалған тұста теңіз құрғап кетті де, соның кеуіп қалған табанында жаңадан қалалар салынды. В.В.Бартольдтың осыған қатысты келтірген тұжырымдары шындығында да көңіл аударлықтай. Моңғолдар Әмудариядағы «Гурганджа» бөгетін күйреткеннен кейін оның суы Сары қамыс ойпатына қарай ағып, бұрынғы арнасы бойымен Каспий теңізіне құйыла бастады. Осы ғалымның жазбасында Сырдария суының да басқа арнамен аға бастандығы туралы деректер келтіріледі. В.В.Бартольд сарай маңындағы тарихшы әрі географ Шахрух Хафиз-и-Абрудың 1417 жылы жазған «Хорезм өзені» (Арал) туралы айтылған мынандай мәліметтерді келтіреді: «Қазір бұл көл жоқ, Жейхунның суы қазір басқа арнамен ағып, Хазар (Каспий) теңізіне құяды. Хорезмнен асқан соң өзен суының көпшілік бөлігі сарқырап далаға ағады да, айналып келіп, Хазар теңізіне құяды.» Сырдарияға қатысты мынандай пікір келтіріпті:

Ол Хорезм даласыен аға отырып, Жейхунға қосылады да, Хазар теңізіне барып құяды [2, 6-8 б.].



(Арал-Асар қалашығының 3d реконструкциясы)

Енді Арал-Асар қалашығы мен Кердері кесенесіндегі далалық зерттеулерге тоқталсақ. Шартты түрде Арал-Асар деп аталған қалашық, Қызылорда қаласының солтүстік-батысында 370 км жерде қазіргі Қаратерең ауылынан 65,2 км жерде орналасқан. Бұл ауыл бұрын Аралдың жағасында тұрған, қазір теңіз одан 320 км-ге алыстап кеткен. Қалажұрттың жалпы ауданы шамамен 6 га. Бетінен көптеген шаруашылық заттар: диірмен тастары, керамикалық ыдыстар мен сынықтары, темір және қола бұйымдар сынықтары табылды. Құрылыс конструкцияларын қазір жер бетінде байқау қиын. Олар Аралдың суымен шайылған. Елді мекеннің тұрғындары егіншілікпен айналысқан, астық өсірген. 14 диірмен тасы мен қасында орналасқан астық сақтайтын қоймалар – құмдандар табылды. Мұнда ұн тарту қыш ыдыстарын жасау, темір мен қоладан әртүрлі әшекейлер қолөнердің дамығандығын байқайтады. Жинап алынған көк, қою-көк және қара түсті сырлы керамика қалажұрттың XIV ғ. Аяғында өмір сүргендігінің дәлелі 30 см тереңдіктен қиюластыра қаланған күйдірілген кірпіш сынықтары арасынан ауқымды хум ыдысы табылды. Оның төрттен бірі жерге көмілген жоғары беті күйдірілген кірпішпен жабылған. Қазба жұмыстары кезінде бұл қалашықтың аз уақыт бар жоғы бірнеше ондаған жылдар бойы өмір сүргендігі анықталды. 2005 жылғы күзде қалашық орнын қазу кезінде бұл тұжырымдама тағы да дәлелдене түсті. Осы кезде Алтын Ордада құйылған және XIV ғасырдан ортасында жасалғандығы көрсетілген күміс тиын табылды [4].



(Арал-Асар қалашығынан табылған жәдігерлер)

Кердері кесенесі Қаратереңнің оңтүстік батысында орналасқан. Табылған ғимараттың биіктігі 1,5 метр, аумағы 50 метрді алып жатқан төбешік. Ұзындығы 23,5, ені 9,5 метр келетін жәдігерлердің іргетасы аршылды. Құрылыста 19x5x19см, 10x5x10 см, бұдан кіші көлемдегі қыштар кездеседі. Сонымен бірге, керамикалық заттар, қыштар мен адам мүрделері табылды. Кесене (мавзолей) бірнеше ғасыр Арал теңізі су астында қалғандықтан, біраз жерлері бүлінген. Деректерге сүйенсек, ғимарат XIII-XIV ғасырларда салынған және бұл өңір елді-мекен болған дегенге саяды [5]. Кердері 2 кесенесінде оңтүстік-шығыс қабырғасы нысанның құлаған бөлігінің жағдайын анықтау мен безендіру материалын жинау мақсатында аршылды. Жұмыс нәтижесінде 10 шаршы м. аумақ 20 см тереңдікте аршылды. Қабырғаның аршылған бөлігі қиранды түрінде, өте нашар жағдайда екені анықталды. Қирандыларды аршу барысында трапеция пішінді сырлы қаптама тақталарының сынықтары табылды [6, 61-63 б.]. Кесене Орта Азияда көп таралған бір камералы, күмбезді, орталық ості композициялы типке жатады. Сонымен, XIII ғасырда және XIV ғасырдың басында пайда болған Аралдың тарихи дағдарысының негізгі себептері, осылар болса керек.



Әлі де толығымен ашылмаған құпиялардың айтар сыры мол. Осы өлкеге кем дегенде он-жиырма жыл қазба жұмыстарымен айналысып, зерттеу жүргізсе үлкен нәтижеге қол жеткізер еді. Өркениетті елдер мәдени мұралаларын сақтап, тиімді пайдалануға мән береді. Яғни, сол мемлекетте туризмнің дамып, қалыптасуына үлкен ықпалын тигізеді. Арал-Асар қалашығы мен Кердері кесенесін қалпына келтіру және кесенені халықаралық туризм маршруттарына қосу, ескерткіштер мен көмбелерге саяхат жасап, табылған дүние-мүліктерді қорғап-сақтау арқылы сол заманның тыныс-тіршілігін халыққа сездіре аламыз. Бұл экономикалық тұрғыдан ғана емес, есіл еңбекті насихаттау мен тарихи жәдігерлерді таңдаудағы маңызды жұмыс болмақ.

Алдағы уақытта жоғарыда бейнеленген макет бойынша Кердері кесенесінің іргетасы қаланса деген ойымыз бар. Бұл өз кезегінде тарих қойнауына елеулі жаңалық болып еңбек.

Әдебиеттер тізімі.

1. Мәмиев Т. Кейінгі ортағасырдағы Арал өңірінің қалалары (XIII-XVIII ғғ.). Қызылорда, 2007
2. Байпақов К.М., Воякин Д.А. Арал түбіндегі көне ескерткіштер. // Парасат. 2004 №1.
3. Байпақов К.М., Воякин Д.А. Поселение Арал-асар // Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Алматы, 2007.
4. Байпақов К. М., Айдосов А. Х., Воякин Д. А., Бермагамбетов А., Шишков А., Антонов М. Исследования золотоордынских памятников на дне Аральского моря, поселение Араласар, мавзоль Кердери 2. «Культурное наследие» в 2006 году. Алматы, 2007.
5. Мәмиев Т. Кердері мавзольі. Алматы, 2002.
6. Байпақов К.М., Воякин Д.А., Бермаганбетов А.Ж. Некрополь Кердери // Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Алматы, 2007.

Түйін

Арал теңізі табанынан табылған көне қалашық пен кесенеге археологиялық тұрғыдан арнайы зерттеулерге сүйеніп, зерттеу барысында табылған тарихи жәдігерлер мен өңірдің тарихи орнына тың мәліметтер ізденіп жазылған. Бұл Кердері кесенесі мен Арал-Асар қалашығы XIII-XIV ғасырда салынған деген жорамал бар. 2004 жылы табылған Арал түбіндегі өзге де археологиялық ескерткіштер – ортағасырлық қалалар мен кесенелер зерттеушілер назарын аудара бастады.

Резюме

Тема научного проекта мавзолея, это исследования древнего города Аральского моря и специальные археологические исследований, также опираясь на исторические исследования и находки обнаруженные в ходе изучения новых данных и изложения место района. Есть предположения что Мавзолей Кердери Арал-Асар был построен XIII-XIV веках. Археологические памятники обнаруженные в 2004 году на дне Аральского моря и иных средневековых городов и также мавзолеи.

Summary

Theme of scientific project of mausoleum, it is researches of ancient city of the aral Sea sea and special archaeological researches, also leaning against historical researches and finds discovered during the study of new data and exposition place of district. There are suppositions that Mausoleum of Кердери Арал-Асар was built XIII - XIV eyelids. Archaeological monuments found out in 2004 on the day of the aral Sea sea and another medieval cities and also mausoleums.

ҚАРАШЫҒАНАҚ КЕН ОРНЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

А. Жексенов – магистрант,
М. Өтемісов атындағы БҚУ
Орал қаласы

ҚР Конституциясына сәйкес Қазақстан халқының меншігінде, әлемдегі ең бай жер қойнауы бар. Мұнай, газ, сирек кездесетін қымбат рудалар мен минералдар, орман, құстар, балық т.б. – бүкіл қоғамға және әрбір адамға жұмыс істеу тиіс. Қазіргі Қазақстан экономикасының негізі және еліміздің экспорттық түсірілімдерінің бастысы мұнай мен газ болып табылады. Соңғы жылдары Қазақстанның мұнай өндірісіне бес миллиард доллардан астам ақша аударылды, бұл республикамызға түскен тікелей инвестицияның үлкен бөлігін құрайды [1, 229 б.].

Қазақстанда дамыған өндірістік, әскери-өнеркәсіптік және әлеуметтік дамудың көрсеткіштері жаман болмады. Өндіріс факторларының құрлымында қор факторларының үлесі едәуір асып түсті. Өнеркәсіптік әлеуетті сақтап, дамытуға бағытталған тиісті құрылымдық саясат Қазақстанның тек шикізаттың әлемдік және өңірлік нарықтардан ғана емес, сонымен біре бәсекеге қабілетті бірқатар жоғары технологиялық өнімнің қатары бойынша да өз «орнын» табуға мүмкіндік берді. Өйткені, оның жоғары аграрлық-өнеркәсіптік әлеуеті, бүкіл халықтың жалпы оқу білімдік деңгейі, бай ресурстар қоры бар еді. Ал 1992 жылдан Қазақстанда нарықтық қайта өзгерістер жүргізіле бастады, олар өнеркәсіптің жай-күйін түбірімен өзгертуге тиіс болды. Жекешелендіру белестерін, кезеңдерін, нәтижелерін

түрліше бағалауға болады. Бірақ бір нәрсені мойындау керек, жекешелендіру отандық өнеркәсіптің аса маңызды кәсіпорындарының меншік нысанын түгелдей өзгертті [1, 235 б.].

Экономикалық қайта өзгерістер сөзсіз қажет болды, оларсыз ұлттық экономиканы жасау мүмкін емес еді. Алайда экономиканың салдары әр қилы болды. Олардың арасында өндірістің құлдырауын, кәсіпорындардың тоқтап қалуын, оған қоса әлеуметтік шығындар өте көп болды. Тек 1996 жылдан бастап ғана Қазақстан бұл дағдарыстан шыға бастады. Республика 1992 жылы Халықаралық валюта қорының, Халықаралық даму және жаңғырту банкінің, Қазақстанда нарықтық қайта өзгерістерді қолдаған басқа да халықаралық қаржылық мекемелердің құрамына кірді. Қайта құрулар кезеңінде мұнай-газ секторында бірқатар компаниялар да құрылды [1, 237 б.].

ҚР мұнай мен газда геологиялық барлау жұмыстарының 1992-1995 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған кешенді бағдарламасы Қаз КСР-інің Геология және жер қойнауын қорғау жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1991 жылғы 3 шілдедегі №5 директивалық хатын орындау үшін әзірленді. Бағдарламаның негізінде Қаз ГБЗҒЗИ-ның, «Гурьевмұнайгазгеология», «Оралмұнайгазгеология», «Ақтөбемұнайгазгеология», «Қазгеофизика», «Оңтүстікқазгеология» ӨГБ-лерінің талдамалары негізге алынды. Кешенді бағдарламаны әзірлеуге Геологиямемком төрағасының бірінші орынбасары С.М.Камаловтың басшылығымен, мұнай және газ бөлімінің бастығы Б.М.Қуандықовтың тікелей қатысуымен О.М.Марченко, З.Е.Бөлекбаев, К.С.Шудабаев, Р.У.Бердіғожин, С.Қ.Құрманов, С.Ө.Өтеғалиев, Э.С.Воцалевский т.б. қатысты. 1986-1990 жылдары «Жолдыбай-Серверный», «Комсомольское», «Құмкөл», «Қарашығанақ», «Урихтау (Рухтау)», «Қожасай», «Қаратұрын», «Арман», «Кенбай», «Арыскұм» кеніштері бойынша қорлар КСРО-ның ҚМК-нда таныстырылып, жоғары бағамен қорғалды. Осы жылдары 2093,5 мың метр терең ұңғымалар бұрғыланды, 1201,1 миллион сом күрделі қаржы игерілді [1, 241-242 б.].

Осы жылдары Батыс Қазақстан облысында: Қарашығанақ, Степной леопард ЛТД, Қазтүркмұнай, Қазфен калибр бірлескен кәсіпорындары жұмыс жасады. Оның ішінде ең ірісі – Қарашығанақ кен орны болатын [1, 243 б.].

Қарашығанақ кен орнының тарихи ертерек уақтан басталады. 1927 жылы Қазақстан мұнай кәсіпшілігінде еңбек еткен, қазақ жастарына арналған алғашқы «Мұнай» атты оқулығында С.Шарипов: «Орал-Жем аймағындағы мұнай 40-50 жылдан бері ізделген. Одан арғы жерде де, сондағы тұрғын қазақтар мұнайдың бар екендігін білген, керегінше пайдаланған. Құдық қазып, не болмаса жердің не судың үстіне шығып жатқан мұнайды алып жұмсаған. Ол мұнаймен қазақ кәсіп қылмаған. Түйенің қотырына, адамның іші ауырғанда, болмаса қотыр болғанда ем қылып, сондайға ғана жұмсаған.

Оның отын орнына жарайтынын білмеген, жағып пайдаланбаған. Сол қазақтар мұнайдың атын «мұнай» деп қойған», – деп анықтаған-ды. Мұрағат қорларынан табылған құжатта «Орал облысындағы ең алғашқы белгілі болған мұнайлы мекен Мәтен Қожа Май болатын. Ол Ойыл өзеніне жақын, Бүйрек, Тайсойған құмдарының ортасында, Калмыковск станциясынан 100 шақырым жерде. Мекен ХІХ ғасыр басында өмір сүрген молда Мәтен атымен аталған. Мәтен молда осы кезеңде қазақтарға мұнайдың емдік қасиеттерін пайдалануды үйреткен» [2, 25 б.].

Батыс Қазақстан экономикалық ауданы мемлекеттің ең перспективалы аймақтарына жатады. Қазақстанның барлық ашылған, зерттелген және өндірілетін мұнай, газ және конденсат кен орындарының 92,5 % -ы осы аймаққа тиесілі.

Қарашығанақ кен орны – 1979 жылы мамырда ашылған. Ал 1984 жылы 20 қазаннан өндірістік эксплуатацияға берілген [3, 47 б]. Бұл кен орны ҚР Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының аумағында орналасқан. Қарашығанақ солтүстік ендіктің 51 параллелінен және шығыс бойлықтың 50 меридианынан солтүстік шығыста, Ақсай қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 16 км немесе Орал қаласынан 150 км қашықтықта мұхит деңгейінен 80-130 м биіктікті орналасқан.

Қарашығанақ кен орнына жүргізілген бірнеше зерттеу жұмыстарының қорытындысы бойынша геолог барлаушылар бұл мекеннің жер асты байлығының мол екендігіне көздері жетті. Осыдан кейінгі зерттеулер Каспий маңы ойпатының солтүстік бөлігі қабаттарына жүргізілді. Нәтижесінде Қарашығанақ газ-кен орны, Одақ тарпынан бірдей жоғары бағаланды. Кен орнының географиялық орналасқан аумағы аудан орталығы Ақсайда -25 км. Қарашығанақ кеніші КСРО газ-өнеркәсібі министрлігінің бүкілодақтық Ленин Орденді «Орынборгаз өнеркәсіп» бірлестігі негізінде құрылды. Бірақ кенішті толығымен игеру жұмыстары тек 1984 жылы 26 қазандағы Одақтың ГӨМ-нің №440 бұйрығымен іске асты. Қарашығанаққа осы жылы Одақ бюджетінен 1,7 млрд сом бөлінді. Бұл қаржы кенді барлау, іздеу, әр түрлі техникалар алуға шеттен мамандар әкелуге жұмсалды. Негізгі қорға да 1,2 млрд сомға тең ауқымды қаржы бөлінді. Алғашқы игеру жұмыстарына барлаушылар 100 ұңғыны пайдаланды. Бірақ оның барлығы толық іске қосылған жоқ. Кеніш тек өнеркәсіптік тәжірибе лаңы ретінде пайдаланыла бастады. Кеніш басынан 3 млн тонна қуаты бар мұнай өңдеу зауыты құрылысын салу жобасы жасалды. Алайда ол жобаны іске асыру қаржы тапшылығы салдарынан кейінгі қалдырыла берді.

1986 жылы 25 ақпан -6 наурыз аралығында КОКП ның ХХҮІІІ съезі болып өтті. Онда негізгі басты алты мәселе қаралды. Соның ішінен ең маңыздысы ретінде Кеңестер Одағының отын энергетика кешенін дамыту ісі болды. Осы мақсатта батыс аймақтағы кеніштерді көптеген жұмыстары жүргізілді. Қарашығанақ кен орнының тәжірибе өнеркәсіптік пайдалану кешенінің бірінші кезеңі іске қосылды. 1985 жылдан бастап жалпы ұзындығы

150 шақырым құрайтын Қарашығанақтан Орынборға дейін 2 газ және конденсат құбыры тартылған еді. Осы құбырлар арқылы кеніштегі терең өндірілген, терең өңделген газ, газ конденсаттары Орынбордан өңдеуден өткізіп, Одақтың ірі ошақтарына жөнелтілді. 1990 жылға дейін Қарашығанақта 242 ұңғы бұрғыланып, оның 140-қа жуығы іске қосылды [4, 53б].

1986 жылдан бастап Қазақ КСР ГМ-нің мұнай-газ барлау бөлімі өз карамағындағы кен орындарының құрылыс нысандарын түгелдей іске уақытанан бұрын қосты. Кен орнында ғылыми-техникалық прогресстер, автоматика және электронды есептеу құралдары, шет елдік іздестіру техникасы қолданылды [5, 19-20 бб].

1986 жылы қарашада Д.Қонаев Мәскеуге келіп, М.Горбачевтың қабылдауында болады. Қабылдау барысында басты әңгіме Батыс Қазақстандағы енді игеріліп жатқан мұнай-газға бай Қарашығанақ кен орнын Ресейге қосу туралы сөз болады. М.С.Горбачев Д.Қонаевқа «осы мәселеге қатысты КСРО Жоғары Кеңесінің қаулысын шығартып беруін» сұрайды. Ал, Д.Қонаев бұл өтінішіті орныдай алмайтынын айтып, бас тартады. Кенішті игеруге 1984-1987 жылдары Одақ тарапынан жалпы 90 млрд сом қаржы бөлінген. Содан кейін, КСРО Министрлер кеңесінің төрағасы, саяси бюро мүшесі Н.И.Рыжов Қарашығанаққа екі рет сапармен келіп кетеді. Ондағы негізгі мақсат та осы мәселе төңірегінде болады.

Сол кездегі Батыс Қазақстан облысындағы басшылықта 1975-1986 жылдары М.Б.Ықсанов қызмет жасаған. Ол Орал өңірінде геологиялық-барлау жұмыстарына қомақты қаржы бөліп қана қоймай, кен орнының құрылысына да үлкен қолдау көрсеткен. Сонымен қатар, бұл басшылардың ұлтжанды бірбеткейлігі де осы мәселені үкімет алдына қоюға септігін тигізген. Облыс басшылығы қызметіне 1986 жылы келген Н.Есқалиев те жоғарыда айтылған идеяның маңыздылығын ескеріп, Қарашығанақ мұнай-газ өңдеу зауытын салуға барынша күш салады. Оның тапсырмасымен Қазақ газ кәсіпшілігі басқармасы мұнай-газ өңдеу зауыты құрылысын жаспарлауды қолға алады. Осы шешімінен кейін жедел іске кіріскен басқарма зауыттың бой көтеретін орнында белгілеп қояды (Приуральный селосының оңтүстігінен 10 шақырым қашықтықта). Зауыттың құрылысына шетелдік фирмаларды тарту, бірлескен кәсіпорындарды ашу мәселелері де зерттеле бастайды. Сол уақыттың өзінде біріккен кәсіпорын құруға Италия, ФРГ, Чехославакия және оңтстік Корея мемлекеттерінің фирмалары қызығушылық танытқан. Алайда осындай үлкен жұмыстар әрі қарай жалғасын таппай қалады. Өйткені, бұл кезең Кеңестер Одағының құлауымен тұспа-тұс келеді. 1986-1987 жылдары Қарашығанақ кен орнын одан әрі дамыту бойынша шаралар жалғастырылады.

1986 жылы мамырда «Қазақ газпром» мекемесі құрылады. Бұл мекеменің басты мақсаты – Қарашығанақ кен орнын игеруге ат салысу, жергілікті мамандарды осы салаға жұмылдыру деп белгіленеді.

1986-1989 жылдары Қарашығанақта барлығы 1500 ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілген. Жұмыстарды негізінен КСРО газ өнеркәсібі министрлігі жанындағы И.М.Губкин атындағы ғылыми-зерттеу институты және Еділ-Орал, Нижеволжск, Украинажәне тағы да басқа ірі ғылыми орталықтар атқарып, белгілі мамандар аталмыш кен орнына өте жоғары баға береді. Қарашығанақ кен орнын зерттеген ғалымдар қатарында М.М.Иванов, С.М.Қаратаев, Г.В.Рассохин, С.С.Степанов және тағыда басқаларын атауға болады. Жүргізілген зерттеу жұмыстары негізінен ауа қысымын, тереңдікті, сұйық көмірсутектің құрамын, өнім сапасын, өнім мөлшерін анықтауға бағытталып, 1988 жылы толығымен аяқталады [5, 22-23 бб].

Жылы	Жылдық өнім		Алғашқы өңдеуден бергі өңдеу	
	Газ, млрд*м ³	Конденсат, млн*т	Млрд *м ³	Млн*т конденсат
1984	0,226	0,104	0,226	0,104
1985	2,231	1,346	2,457	1,450
1986	2,806	1,993	5,263	3,443
1987	3,328	2,547	8,591	5,990
1988	4,088	3,183	12,679	9,173
1989	3,665	3,353	16,334	12,526
1990	4,064	4,058	20,398	16,584

Қазіргі кезде Қарашығанақ кен орны ірі мұнайгазконденсат өндіретін орталықтардың бірі болып табылады, оны кейде супергигант деп те атайды. Қарашығанақ дүние жүзіндегі 25 ірі кен орын қатарына кіреді. Осында Қазақстанда өндірілетін газдың 34%-ын өндіреді, алайда оның көп бөлігін жағуға жұмсайды. Жалпы мұнай мен конденсат қоры 200 млн т (9,5 млн баррель), ал табиғи газ қоры 1 350 млрд м³ (48 триллион куб фут). Орташа күндік өндірілу дебиті газ үшін 51,526 млрд м³, мұнай үшін 46,63 млн т. Кеннің игерілуі 1984 жылы басталды, ал газ бен конденсатты Ресейдегі Орынбор өңдеу зауытына экспорттап отырды. Жалпы кен орнының бастапқы қоры 1 млрд тоннадан артық мұнай мен газконденсатын құрайды [4, 57-58 б].

1997 жылы құрамына Karachaganak Integrated Organization мен НКК «Казахойл» кіретін консорциум мен Қазақстан Республикасы арасында 40 жыл мерзімімен кен орнында эксплуатациялау мен өндіру жұмыстары туралы келісімшарт жасалды. Қарашығанақ Интегралданған Ұйымы өз жұмысын Қазақстанда Карачаганак Петролиум Оперейтинг деген атпен жүргізеді. Оның құрамына мынандай компаниялар кіреді: British Gas – 32,5%, Agip – 32,5%, Техасо – 20%, «Лукойл» – 15%. Келісімшарттың негізгі бөлімдері төмендегідей: Келісімшарт мерзімі 40 жыл, 1998 жылдан 2037 жылға дейін;

- Жобаның әр кезеңіндегі әр жақтың өздерінің міндеттері орындалуы тиіс.

- Әлеуметтік жобаларға жыл сайын 10 млн доллар инвестиция бөлу;
- Қоршаған ортаны қорғау, жұмыс тауып беру және оқыту туралы міндеттерді орындау [5, 53-58 б].

2005 жылы газ 3,75 млрд м³, ал конденсат 3,98 млн т өндірілді. Кенорынның барлық мүмкіндігін іске асыру үшін өндірістік нысандарды, ұңғымаларды, мұнай құбырларын және тағы басқа мұнайгазконденсат өндіруге қатысты инфрақұрылымды дамытуға байланысты. КПО консорциумы жобадағы Қазақстанның ролін және қазақстандық кәсіпкерлердің қатысуында үлкен жетістіктерге қол жеткізді. 2006 жылғы жаңа келісімшарттардың пайыздық құрамын қарастырсақ, Қазақстандық үлес 63%-ды құрайды. КПО-ның қазақстандық жабдықтаушыларды көбейту туралы бағдарламасының екінші кезеңі үкімет осы жылдың басында бекітіліп, мұнайгаз секторында үлгі ретінде қолданылып жүр [6].

Әдебиеттер тізімі.

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 5-том. – Алматы: Атамұра, 2010. 688 б., суретті, карталы.
2. Мұқтар Ә. Қазақ мұнайының тарихы. – Алматы, Өлке, 2006. – 224 б.
3. Кобенова Г.И. Политика Советского государства в Казахстане по развитию нефтяной промышленности (1917-1990 гг). – Ақтобе, 2008. 104 с.
4. Логинов А.Н. Проблемы и перспективы нефтегазового комплекса Республики Казахстан // Казахстан: реалии и перспективы независимого развития. – Москва, 1995. С.73-58.
5. Серикова Л.С. Қазақстанның мұнай-газ кешендерінің даму тарихы (1985-2010 жж). Монография. – Орал, М.Өтемісов атындағы БҚМУ баспа орталығы, 2016. 152 б.
6. Мұқтар Ә.Қ. Алғашқы қазақ мұнайшылары және ағайынды Нобельдер <https://egemen.kz/article/15933-alghashqy-qazaq-munayshylary-dgane-aghayyundy-nobelder>. Пайд. уақыты: 15.03.2021 ж.

Түйін

Мақалада Қарашығанақ кен орнының қалыптасуы мен даму тарихы қарастырылады.

Резюме

В статье рассматривается история формирования и разработки Карачаганакского месторождения.

Resume

The article discusses the history of the formation and development of the Karachaganak field.

ТҮРКІСТАН ӨЦІРІНІҢ КИЕЛІ НЫСАНДАРЫН ДӘРІШТЕУ

Г.Н. Жүзбаева - экскурсия жүргізушісі
«Өзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени
қорық-музейі РМҚК
Түркістан қаласы.

Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ, осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген. Елбасымыз атап өткендей Ата-бабаларымыздан мұра болып қалған кең байтақ жерімізді, тарихи-мәдени құндылықтарымызды, тарихымызды қайта жаңғырту киелі орындарамызды көптеп насихаттауымыз керек. Жалпы исі қазақ топырағы киелі орандарға өте бай. Сонау ата баба мекендеген кең байтақ жерімізде тас дәуірінің мол мұрасы сақталған. Бертін келе ерте орта ғасыр, орта ғасыр және қазақ тарихының жаңа кезеңдерінде де қала орындары мен мұндалап тұр. Бұл тарихымыздың тереңде жатқанын аңғартады.

Елбасымыз өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында ...«Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды.

Ғылыми әдебиетте Жаңғыру (modernization; modern – заманауи) қоғамдық-әлеуметтік эволюциясына, оның құрылым және функционалдық жіктелуінің заманауи қоғамның қалыптасуы бағытына қарай өсуіне алып келетін саясаттағы, экономикадағы және мәдениеттегі инновациялардың тарихи ұзақ процесі ретінде белгіленеді. Сондай-ақ, жаңғыруды мемлекетті қарқынды дамыту мақсатында жүйені ауыстырмайтын, бірақ қолда бар әлеуетті жұмылдыратын іргелі өзгерістер процесі ретінде анықтайды.

Өлкемізде тарихи-мәдени ескерткіштерге өте бай. Түркістан - түркі әлемінің мәдени астанасы. Түркістан-шығысында Отырар, батысында Жаңақорған ауданымен (Қызылорда), солтүстігінде Созақ, Кентау қаласымен шектесіп жатқан киелі жер. Еуразия кіндігінде орналасқан, Ұлы Жібек жолының дархан даласына айналған өлке де ертеден қалалар бой көтерілді, мәдени ошақтар салынды. Ғажайыбы сырға толы өзен-көлдер мен тау-тастар, ормандар мен шөлейттер массиві тарихи кезеңдердің куәсі болды. Осы орайда Елбасымыз Н. Назарбаев: «Әрбір халық, әрбір тәуелсіз мемлекет өзінің рухани орталығын нақтылап алуы керек. Қазақстанның рухани орталығы-Түркістан», - деген болатын. Түркістан – Орта Азия мен Қазақстан халықтарының материалдық және рухани өмірінде маңызды орын алған Шығыстың көне қалаларының бірі. Оныншы ғасыр жазбаларында "Шауғар",

"Иасы" деген атпен белгілі болып кеткен қаламыз кейіннен "Түркістан" деп аталды. "Түрік" сөзі түпкі мағынасы-"батылды", "ер жүректі" деген ұғымды білдіреді. Ал "стан"- ел, халықтық атаулары жалғасып келетін парсы тілінен енген сөз. Сонда "Түркістан" атауы - "Батырлар елі" ұғымын айғақтайды. Тарихи деректерге жүгінсек, сонау сегізінші ғасырға дейін Түркі және Батыс Қағанатының, одан Түргеш Қағанатының құрамына енген Шауғар немесе Иасы жаугершілік заманда бірде арабтардың, бірде қарлұқтардың, енді бірде оғыздардың билігінде орталығы (астанасы) болып келген. Мәселен, Есім хан (1598-1628жж) Түркістан қаласын Қазақ хандығының астанасы етіп бекітіп, өз билігінің тәуелсіз екендігін көрсету үшін ақша соқтырған. Міне, сол уақыттан XIX ғасырға дейін Түркістан Қазақ хандығының экономикалық орталықтарының бірі және ресми әкімшілік орыны ретінде қызмет етті. Әсіресе XVI-XVII ғасырларда Түркістан Қазақ хандығының аса әйгілі қаласына айналып, көршілес жатқан Орыс мемлекетімен саяси қарым-қатынастар орната бастайды. Сол кезден бастап, Түркістан туралы деректер орыс жазбаларында да жиі жазылып отырған. 1598 жылы Қазақ хандығының қолына өткен Түркістанды 1815 жылы Қоқан хандығы жаулап алады. Елу жылдан кейін, 1864 жылы Ресейдің қол астына өтеді. Ал 1872 жылы қала Түркістан уезінің орталығы болады. Кеңес Одағы кезінде, 1928 жылдан аудан орталығы саналады [2.176.].

Еліміздің оңтүстігінде де киелі орындар жетерлік. Оның бірегейі Түркістан қаласында орналасқан Мұсылман жұртының рухани ұстазына арналған кесене, әлемге аты мәшһүр қолбасшы, Әмір-Темір Көрегеннің бұйрығымен салынған Қожа Ахмет Ясауи кесенесі болып табылады.

Құл Қожа Ахмед Ясауи XI-XII ғғ. өмір сүрген. Исфиджаб қаласында, қазіргі Сайрамда туылған. Әкесінің есімі – Ибрагим. Анасы – Қарашаш. Ол кісілердің мазары қазіргі Сайрам ауданында. Ата-бабаларының барлығы дін таратушы Ислам шейхтары болған. Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың ұстазы Арыстан (Арыслан) баб болған. Қазақта «Отырарда отыз баб, Түркістанда түмен баб, Сайрамда бар сансыз баб, бабтың бабы – Арыстан баб» деген сөз бар. Яғни, халықтың ұғымында баб барлық түркі халықтарына дін жайған шейхтардың пірі болған Арыстан баб кесенесінде қазақымның оңтүстігінен орын алған. Сондай ақ Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың қызы Гаухар ана мен күйеу баласы Әлқожа ата кесенесі де Түркістан жерінде орналасқан.

Түркістан өңірінде Қожа Ахмет Ясауи кесене-кешені (Рабия Сұлтан Бегім кесенесі XV ғ., Үлкен Қылуат XII ғ., Шығыс моншасы, Күлтөбе (Ясы) қалашығы, Гаухар ана кесенесі, Үкаш ата мазары Сауран қалашығы (XIII-XVIII ғғ.), Жалаулы ата мазары (XI-XIIғғ.), Меңдуана баба мазары, Шаш ана бейігі, Қарақан ата зираты, Жылаған-ата бұлағы және үңгірі, Құрышхан ата мазары сынды айта берсең ұшы қиыры жетпейтін киелі өлкелерімізде тарихи орындарымыз баршылық. Бұл өлкелердің тарихи аңыздары өз алдына бір бөлек дүние. Зерттеуді қажет ететіні қаншама.

Рәбия Сұлтан Бегім кесенесі Қазақстан жеріндегі сирек кездесетін тарихи нақты кісінің ескерткіштерінің бірі. Ол Түркістан қаласының ортағасырлық некропілінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің оңтүстік беткейінен 60 м аралықта орналасқан. Ескерткіш 1989 жылы бастап «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайының құрамына алынған сәулет ғимараты – мәдени-рухани мұрасы.

Рәбия Сұлтан Бегім бейіті туралы деректер өткен ғасырда өмір сүрген тарихшылардың, археологтардың, сәулет өнері мамандарының зерттеу жазбаларында көптеп кездеседі. Мысалы, Түркістан уезінің бастығы Греймердің Түркістан генерал-губернаторына жолдаған рапортында және инженер Абромовичтің хабарламасында кесене жайлы мағұлматтар бар. (ОМА., №553 іс). 1879 жылдың 18 шілдесінде жазылған бұл рапортта биіктігі-105 фут, жалпы көлемі-25 құлаш келетін ескерткіштің сол кездегі мүшкіл халі туралы баяндалады және онда тез арада қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу қажеттілігі аталып өтеді.

Мавзолей құрылысының ауыр жағдайда тұрғандығын 1866-72 жылдары белгілі этнограф-ғалым А.Л.Кунның басшылығымен жасалған «Түркістан альбомындағы» фотосуреттерден де байқауға болады. Сонымен бірге ескерткіш туралы П.Лерхтың (1879.), Пашиноның (1866.), М.С. Бекчуриннің (1879.) және XX ғасырдың зерттеушілері Семеновтың (1922.), М.Е.Массон (1930.), В.В. Бартольдтың жазбаларында да мәліметтер берілген.

Кеңес дәуірінде XV ғасырдың сәулеттік өнер туындысын алғаш рет толық зерттеуге Б.Засыпкин ғылыми жетекшілік етті және де оған археолог К.Шахурин, сәулетші Карумидзе қатысты. 1952-57. жылдары жүргізілген бұл жұмыстарының нәтижесінде негізгі ғимаратпен жапсарлас бөлмелердің де бар екендігі анықталды. Кейіннен К.Шахуриннің (1958.) жүргізген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде кесененің іргетасы мен қабырғаларының құрылысы туралы мәліметтер жинақталды. Бізге дейін жеткен және бір деректерге қарағанда Рәбия Сұлтан Бегім кесенесі 1495-1510 жылдары баласы Көшкінші ханның пәрменімен салынған болуы керек. 1895-96 жылдары жергілікті көнекөз қариялар мен тұрғындардың айтуы бойынша, күтімсіз кесененің күмбезі бір тунде құлап қалғанға ұқсайды, ал қираған құрылыс қыштары 1930-40 жылдары қаладағы май зауытын салу үшін пайдаланғандығын айтылады.

Рәбия Сұлтан Бегім кесенесі өзінің құрылыс ерекшелігіне қарай Орта Азия мен Қазақстандағы ортағасырлық сәулет өнерінің тамаша үлгісі болып саналады. Ол екі қабатты күмбезбен көмкерілген сегіз қырлы порталды-күмбезді құрылыс, биіктігі – 20м 60 см. Кесене бес бөлмеден тұрады: құрылыстың ортасында орналасқан сегіз қырлы негізгі бөлме, қалғандарының екеуі төртбұрышты және екеуі тік төртбұрышты болып келеді.

Рәбия Сұлтан Бегімнің өзі кім, ол туралы қандай тарихи деректер бар, деген сұрақтарға жауап беріп көрейік. Рәбия Сұлтан Бегім - Әмір Темірдің

шөбересі, белгілі астроном Ұлықбектің қызы, «көшпенді тайпалардың» ханы Әбілхайырдың әйелі болған. Ұлықбек билеген кезде Самарқан қаласы бүкіл ортаазиялық ғылымының дамуына және әдебиеттің өркендеуіне үлкен әсер еткені тарихтан белгілі. Сол кезеңде шығыстың белгілі ғалымдары, әдебиетшілері мен ақындары Самарқан қаласында өмір сүріп, өз шығармаларын осында дүниеге келтірді.

Ұкаш-ата мазары — Түркістан қаласына қарасты Бабай-Қорған ауылдық округының солтүстігінде, Қаратаудың етегінде орналасқан. Алғашқыда тек қабір орны ғана болған, 1989-1990 жылдары қазіргі мазарды жергілікті халық тұрғызған. 1996 жылы Облыстық Мәдениет басқармасының бұйрығы негізінде "Әзірет Сұлтан» мемлекеттік қорық мұражайының қарамағына берілді.

Мазар 2 бөлмеден тұрады, кіре берісі кішігірім, екінші бөлмесі ұзынша келген. Ішкі жағынан ұзындығы 22,2 метр, биіктігі 4 метр, ені 4,6 метр. Жеті кішігірім ойық терезелері бар.

Ұкаш-ата діни дастандарда және халық арасындағы аңыз-әфсаналарда хз. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың сенімді сахабасы, мұсылмандардың әскери қолбасшысы ретінде белгілі. Мазар маңында Ұкаша-ата есімімен байланысты құдық орналасқан. Укаша ата құдығының басында қазақ киіз үйі тәріздес кішігірім құрылыс тұрғызылған, оның диаметрі 4,5 метр, биіктігі 3,5 метр. Ал құдықтың тереңдігі 22-25 м құрайды. Халық арасында құдық суы жер асты арқылы Меккедегі Зәм-зәм бұлағымен байланысады деген түсінік бар.

Гаухар-ана бейіті — тарихи, діни-рухани тұрғыдан құнды ескерткіштің орны. Түркістан қаласының оңтүстік-шығысында Түркістан-Шәуілдір автокөлік жолынан солға қарай 400-500 метр қашықтықта орналасқан. Бейіт кейінгі үлгідегі шатыры жоқ, төрт құлақты дуалдан қаланған. Жанынан зияратшыларға арналған үш бөлмелі құрылыс тұрғызылған. Гаухар-ана бейітінің қорғау аймағында құдығы бар.

Көне көз қариялардың айтуынша бұрын мұнда кіші-гірім күмбезді кесене болған, ол 1930 жылдарға дейін сақталып келген. 1989 жылдан «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайы қарамағына енгізіліп, қорғауға алынған.

Шаш ана бейіті — Түркістан қаласы, Сауран ауыл округына қарасты Қаражон ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 4,5-5 км жерде көне қорымда орналасқан. Көнекөз қариялардың әңгімесінде мұнда бұрынғы кезде кішігірім күмбезді мазар болғандығы айтылады. Дегенмен, ол күмбезді мазар сақталмаған. Қазіргі кезде Шаш ана қабірінің үстіне жергілікті тұрғындардың қолдауымен арнайы зияратхана салынған, іргетасы тастан қаланып, күйген кірпіштен тұрғызылған. Төбесі шифермен жабылып, ортасына жылтыр қаңылтырдан күмбез орнатылған. Мазар басында бұлағы бар, көне қыштардың қалдықтары жатыр. Бір бөлмелі. Іші-сырты сыланып әктелген. Ұзындығы 8,8 метр, ені 4,8 метр, биіктігі күмбезімен қоса есептегенде 5 метр

шамасында болады. Қабірі саздан қаланып, ұзындығы 8 метр шамасында құлпытас орнатылған. Арнайы зерттеуді қажет етеді.

Шаш ана туралы айтылатын аңыз желісі Жылаған ата хикаясымен тығыз байланысты болып келеді. Хикаяда Шаш ана Жылаған атаның анасы болғандығы айтылады. Шаш ананың өмір сүрген уақыты және ол кісінің мазары туралы халық аузында әр түрлі пікір бар. Бірі ислам діні келгенге дейінгі IV-V ғ.ғ. десе, бірі XVIII ғасырда үлкен дінбасы болған кісінің әйелі деген жорамал айтады.

Қарахан ата зираты — XIV-XVIII ғасырларға жататын бірнеше ортағасырлық моланың орын. Зират көне археологиялық Сауран қаласының шығыс жағында 200-300 метр қашықтықта орналасқан. Мұнда күйдірілген қыштан салынған зираттардың қиранды қалдықтары мен құрылыссыз молалардың онрындары сақталған. Зират пақса дуалдарымен қоршалып, жалпы ауданы 40-60x4080 метрлік тіктөртбұрышты жерді алып жатыр. Қазіргі таңда пақсадан қаланған зираттың қорғандарынан тек айнала қоршалған үйінділер ғана қалған.

Жергілікті халық осы зиратең ең үлкенінде Қарақан ата жерленгендігін айтады. Ол туралы аңыз-эпсаналардың бірінде: көне замандарда Сауран халқының малы қарақан ауруына шалдығады. Кеселден бақташылардың бірі малдардың Қарақан ата мазарының маңына түнетіп, аурудан аман алып қалады. Кейіннен бұл орын қасиетті саналып, зират онына айналады. Жергілікті халық бұл зиратты «Қарақан ата», «Қарақан әулие» деп те атайды.

Діни-рухани тұрғыдан құды болып табылатын ескерткіш арнайы зерттеулерді қажет етеді.

Жылаған-ата бұлағы және үңгірі — Түркістан қаласынан солтүстік батысқа қарай Бабайқорған ауыл округы аумағында, Қаратау бөктерінің жатасты шатқалда орналасқан. Шатқалдан төмен түскенде өзеннің сол жағалауында биіктігі 10 – 12 м жартаста диаметрі 15 – 18 см болатын бұлақ көзі көрінеді. Осы бұлақтан белгілі бір уақыт аралығында сарқырап су ағады. Үңгірі де өзеннің сол жағалауында бұлақ көзінен 45-50 метр қашықтықта орналасқан. Үңгір аузының биіктігі 3 – 4 м, ені 8 – 9 м, тереңдігі 50 – 60 м шамасында. Ғылыми тұрғыда зерттелмеген, нақты қай ғасырға жататындығы да анық емес. Тарих пен мәдениет туындысы болмасада, табиғаты көркем бұл мекенді халық қасиетті, киелі санайды. Жылаған ата есімімен байланысты бұл табиғи орынды жергілікті халық ислам діні келгенге дейін болған деп те топшылады.

Жылаған ата жайында халық арасында айтылатын аңыз бар. Ол аңызда: Қаражон ауылында орналасқан Шаш ана әулие мен Абай ауылында орналасқан Құрышхан әулие ерлі зайыпты, Жылаған ата солардың ұлдары деп айтылады. Құрышхан ата мен Шаш ана еліне сыйлы құрметті адамдар болыпты, бірақ-та қатал тағдыр оларға нәресте көруді бұйыртпапты. Уақыт өте келе ол кісілер Алла тағаладан бала тілейді. Күндердің күнінде

түстерінде аян беріп, сендерге месімен бірге туылатын ұл беремін, тек сендер ол баланы қолдарыңнан түсірмей месті жарып шыққанша бағасыңдар, ол періште болып месті жарып шығады дейді. Күні жетіп бала месімен бірге дүние есігін ашады. Аңыз желісіндегі баланың меспен дуылған жеріндегі ауыл қазір «Мес» деп аталады.

Құрышхан ата мазары — Түркістан қаласының солтүстігінде 55 шақырым жердегі Абай ауылының орталығында көне зиратта орналасқан. Мұнда бұрынғы кездері күмбезді кесене болғандығы жергілікті халық арасында айтылады. Қазіргі мазар саз балшықтан тұрғызылып, төбесі жабылмаған. Ұзындығы 10,7 метр, ені 5,1 метр, биіктігі-2 метр. Іргесі кейінгі үлгіде бетоннан құйылып, қабырғалары әктелген. Зират ауласы темір шарбақпен қоршалған. Жергілікті тұрғындар зират ауласының ішіне Құрышхан ата мазарының жанына мешіт, зияратхана және төбесі жабылған бастырма тұрғызған. Арнайы ғылыми зеттеу жұмыстары жүргізілмеген.

Халық арасында Құрышхан ата «Гүрісхан ата», «Уғызхан ата» деп те аталады. Құрышхан атаның өмір сүрген уақытына қатысты екі түрлі болжам айтылады. Бірінде исламға дейінгі кезеңде өмір сүрген. Ал екінші тұжырымда XVIII ғаырда өмір сүрген, дін басы болғандығы айтылады. [4, 114-129 бб.]

Жастардың өз өлкесін танып-білу мен оған құрметпен қарау, көз қарашығындай сақтау, жастардың өзіндік санасынан туындайды. Сондықтан, Қазақстанның байтақ бай даласы мен киелі де қасиетті жерлерін зерттеп, зерделеп жаңа танымдық мұраларын айқындау, жастардың қолында.

Оңтүстік өңірінде киелі жерлер өте көп орналасқан. Елбасы мақаласы да осы мәселені реттеп, киелі жерлердің картасын қалыптастыруды міндеттейді. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мәдени-рухани мұралар, тастағы жазбалардағы өсиет, тәлім тәрбиені жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік, ерлік сезімді ұялатып, олардың туған жерге, өскен елге, ұлт мәдениетіне деген сүйіспеншілігін арттыру болашақ ұрпақ алдындағы міндетіміз.

Өлкеміздегі тарихи орындардың аз ғана бөлігін қысқаша баяндауға тырыстым. Бүгінгі жас ұрпақ өз елінің, жерінің тарихын, ата-бабаларының тарихын білуі және оның жақсысынан үйреніп, жаманынан жиреніп қорытынды жасауы, сабақ алуы тиіс. Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ, осынау рухани географиялық белдеуді мекен – еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген.

Әдебиеттер тізімі.

1 Ақпараттық-түсіндіру жұмысы бойынша әдістемелік құрал. Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру. Астана-2017, 106 бет.

2 Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005ж

3 Ақпараттық-түсіндіру жұмысы бойынша әдістемелік құрал. Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру. Астана-2017, 106 бет.

4.Түркістан өңіріндегі тарихи-мәдени ескерткіштер. А.2016 114-129 бб

Түйін

Мақалада Түркістан өңіріндегі киелі орындар және олардың қысқаша тарихы жайлы баяндалады. Соның ішінде Қожа Ахмет Яссауи кесене-кешені (Рабия Сұлтан Бегім кесенесі XV ғ., Үлкен Қылует XII ғ., Шығыс моншасы, Күлтөбе (Ясы) қалашығы, Гауһар ана кесенесі, Үкаш ата мазары Сауран қалашығы (XIII-XVIII ғғ.), Жалаулы ата мазары (XI-XIIғғ.), Меңдуана баба мазары, Шаш ана бейіті, Қарақан ата зираты, Жылаған-ата бұлағы және үңгірі, Құрышхан ата жайлы айтылады.

Резюме

В статье рассказывается о святых местах Туркестанской области и их краткой истории. Среди них мавзолеев-комплекс Ходжи Ахмеда Яссави (мавзолей Рабия Султан Бегим XV век, Большой Кылует XII века, Восточная баня, поселение Култобе (Ясы), мавзолей Гаухар ана, мавзолей Укаш Ата, поселение Сауран (XIII-XVIII вв.), Жалалы.Мавзолей Ата (XI-XII вв.), Мавзолей Мендуана Баба, Могила Шаш-Ана, кладбище Каракан-Ата, источник и пещера Жилаган-Ата, Курышхан-Ата.

Summary

The article tells about the sacred places in the Turkestan region and their brief history. Among them are the mausoleum-complex of Hodja Ahmed Yassawi (mausoleum of Rabia Sultan Begim XV century, Bolshoi Kyluet XII century, Eastern bath, Kultobe (Yasy) settlement, Gaukhar ana mausoleum, Ukash Ata mausoleum Sauran settlement (XIII-XVIII centuries), Zhalaly. Ata Mausoleum (XI-XII centuries), Menduana Baba Mausoleum, Shash Ana Tomb, Karakan Ata Cemetery, Zhylagan-Ata Spring and Cave, Kuryshkhan Ata.

САРАЙШЫҚ ҚЫШ ӨНЕРІНІҢ АЛҒАШҚЫ ЗЕРТТЕУШІСІ - ЕВГЕНИЯ АГЕЕВА

А. Жумабаев - магистр, ғалым хатшы
«Сарайшық» мемлекеттік
тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК

Қазба жұмыстары кезінде табылған қыш ыдыстар археологиялық дерек ретінде адамзат қоғамының әр түрлі кырлары жөнінде мол ақпарат береді. Қыш арқылы қоғамның әлеуметтік-экономикалық, отбасылық, этномәдени қарым-қатынастары жөнінде мәліметтерге қол жеткізе аламыз. Қыш ыдыс

қоғамда орын алған түрлі өзгерістердің ықпалына тез түседі де, сол өзгерістерді заттық тұрғыда бейнелей алады. Ежелден осы күнге дейін келе жатқан және өте кең көлемді тараған өнердің бірі қыштан әртүрлі күнделікті тұрмысқа қажетті бұйымдар жасау болып табылады. Қыш өнері балшықтан басқа аса көп шикі заттарды талап етпейді, өндіріске қолайлы әрі тиімді.

Сарайшықтың қыш бұйымдар кешенінде, әлбетте пішіндері әртүрлі сырланбаған қызыл балшықты қыш ыдыстардың саны басым, олардан соң - сырланған қызыл балшықты және кашиндік балшықтан жасалған асханалық ыдыстар, сондай-ақ, шет өңірлерден тасымалданған үлгілер кездеседі. Сәулеттік өрнек те бұл кешеннің ажырамас бөлігін құрайды. Қазіргі таңда зерттеушілер тарапынан әр жылдары Сарайшықтың қыш бұйымдарын жүйеге келтіру мақсатында ғылыми есептер, мақалалар, еңбектер жарияланған [1, 2, 3, 4].

Ортағасырлық Сарайшық қаласына іргелі археологиялық зерттеулер кеңестік заманда басталды. Кеңестік кезеңде 1937 жылы қыркүйек айында Сарайшықта кәсіби археолог Николай Константинович Арзютов 14 күндей жұмыс жасаған. Н.К. Арзютов 1937 жылғы Сарайшық қазбасынан табылған 40-қа жуық жәдігерлердің тізімдемесін жасаған [5, 9 п.]Тізімдемедегі жәдігерлерге тоқталсақ: мойны жоқ құмыра, шеттері сынған мескей, сфероконусты ыдыс, саздан жасалған тиын жинағыш сауыт, саз балшықтан жасалған шам, саздан жасалған құмыра қақпақтарының сынықтары, шырақтар, араб тілінде алтын жалатылған жазуы бар сырлы ыдыстың бір бөлігі, сырлы ыдыстан жасалған қайықтың сынығы, ірі көлемді тұтқасы бар құмыраның мойны т.б.

Мақалада археолог, тарих ғылымдарының кандидаты Евгения Агееваның (1916-1964 жж.) «Керамика Сарайчик» атты есеп беру жұмысындағы Ортағасырлық Сарайшық қаласынан табылған қыш өнері бұйымдарының зерттелуі туралы қамтылады. Аталған есеп 2019 жылы Алматы қаласында Ә.Марғұлан атындағы Археология институтында болған ғылыми-зерттеу іс-сапары барысында кездесіп, фотосуретке түсірілді. Бір айтатын кететін жәйт, бүгінге дейін, жарияланбай мұрағатта сақталған есеп Ә.Х. Марғұланның 1950 жылғы Сарайшықта жүргізген қазбаларының нәтижесінде табылған қыш бұйымдар коллекциясын талдауға арналған [6].

Агеева Евгения Ивановна (2(19).10(9).1916, Семей қаласы - 1964, Алматы қаласы) - археолог, ғалым, тарих ғылымдарының кандидаты (1954). 1941 жылы Ленинград (Санкт-Петербург) мемлекеттік университетін бітірген. Қазақстан мен Қырғызстанның байырғы өркениеттерін зерттеген бес Археологиялық экспедициялар жұмысына, Александр Натанович Бернштам жетекшілік еткен Оңтүстік Қазақстан Археологиялық экспедицияның жұмыстарына қатысқан, кейіннен осы экспедицияны басқарған. Баба Ата қала жұртында нәтижелі қазба жұмыстарын жүргізген. Отырар, т.б. көне қалалар мөдениетін, Сырдария мен Қаратаудағы қыш ыдыстар ерекшеліктерін зерттеген. Оңтүстік Қазақстан жерінен бірнеше

ежелгі қала орындарын анықтаған. 40 шақты ғылыми және ғылымдық-танымдық еңбектердің авторы [7].

Е.И. Агеева «Керамика Сарайчик» атты қолжазбасында Сарайшықта №1,2,3,4,5 қазба орындарында археологиялық жұмыстар жүргізілгені, қазба барысында табылған сырлы және сырланбаған қыш бұйымдарға талдау жасаған [6, 48 п.].



Әлкей Марғұлан мектеп оқушыларымен.1950 ж.

Сурет 1. Археолог Әлкей Марғұлан бастаған Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы Сарайшықта. 1950 жыл. Суретте Ә. Марғұлан, А.Максимова, Е. Агеева [8].

Есепте алдымен сырлы қыш бұйымдарға тоқталған. №1 кестеде тұрғандай: ең көп табылғаны - жартылай фаянсты бедерлі өрнегі бар сырлы ыдыс - 212 дана; қара сырлы өрнегі бар мөлдір түсті ыдыс - 87 дана; жасыл түсті тегіс келген сырлы ыдыс - 37 дана; кобальт өрнекті ақ түсті сырлы ыдыс - 4 дана; ішкі беті көгілдір сырлы ыдыс - 42 дана; т.б. Сырлы қыш бұйымдар - №1 қазбадан - 56 дана, №3 қазбадан - 255 дана; №4 қазбадан - 34 дана; №5 қазбадан - 151 дана; Барлығы - 496 дана.

Кесте-1

Наименование групп.	Раскоп №1	Раскоп №2	Раскоп №3	Раскоп №4	Раскоп №5	Всего
Полуфаянс рельефным орнаментом	34	-	98	24	56	212

Бирюзовая с черным кистевым рисунком	-	-	42	-	45	87
Зеленая гладкая	15	-	11	3	3	32
Зеленая с подглазурн. прорезн. орн.	4	-	18	-	12	34
Белая с рисунком кобальтом	-	-	4	-	-	4
Двусторонняя синяя	-	-	11	-	-	11
Внутренняя бирюзов.	-	-	35	3	4	42
Внутренняя цвета электрик.	-	-	7	-	-	7
Фисташковая двуст.	-	-	1	2	1	4
Полуфаянс с кистевым рисунком.	3	-	10	2	-	15
Желто-белая с подглаз. прорез. рисун.и зеленой и корич. расцветкой.	-	-	8	-	-	8
Серое тесто, орнамент штампом, расцветка глазурью	-	-	3	-	-	3
Прочая.	-	-	7	-	30	37
Всего	56	-	255	34	151	496

Келесі №2 кестеде көрсетілген, Сырланбаған қыш бұйымдарға келсек, жалпы есепте 341 жәдігер есепке алынған. Оның ішінде: кесе тәріздес - 51 дана, тік бұрышты тұтқасы бар ыдыстар -55 дана, тостаған тәріздес ыдыстар - 15 дана, қазандар - 20 дана, хұмдар - 15 дана, құмғандар - 5 дана, қыш ыдыстың бүйірлері - 108 дана т.б.

Кесте-2

Наименование групп.	Раскоп №1	Раскоп №2	Раскоп №3	Раскоп №4	Раскоп №5	Всего
Кесообразные	26	-	17	4	4	51
Кувшины с вертикал. угловым ручками.	29	1	12	5	8	55

Котлообразные	9	-	4	-	7	20
Крышкообразные	14	-	1	-	-	15
Хумы	2	-	11	1	-	14
Кумганы	-	-	2	-	3	5
Большие чашеобразные	-	-	2	3	2	7
Кувшины с вертик. полосчатым лощением	4	-	-	-	-	4
Кувшины с гориз. рифлением горловин.	3	-	-	-	1	4
Вертик ручки	19	1	5	-	7	32
Боковины	53	3	18	3	31	108
Сосуды с красным ангобом	3	-	4	-	-	7
Прочие	7	1	5	1	5	19
Всего	169	6	81	17	68	341

Жоғарыда көрсетілгендей, сырлы қыш бұйымдардың негізгі бөлігі жартылай фаянсты бедерлі өрнегі бар сырлы ыдыс болып табылады. Ғалым қазба жұмыстары кезінде табылған осы типтегі барлық ыдыстар Алтын Орда керамикалық шеберлігінің тарихын зерттеу үшін ерекше қызығушылық тудырғанын айта келе, Сарайшықтан табылған осы формадағы ыдыстардың сипаттамаларына тоқталған. Мысал ретінде зерттеуші есепте ең жақсы сақталған екі жәдігерге: шағын көзе және кесе тәрізді ыдыстарға толық түсініктеме береді.

Есепте Сарайшық қаласынан табылған сырлы қыш бұйымдарды төмендегіше хронологиялық топтарға бөлген. Алғашқысы, бірінші топ жасыл түсті тегіс келген және өсімдік, геометриялық бедерлі ою өрнегі бар сырлы ыдыстардан тұрады. Алғашқы топ Еділ, Закавказье маңы, Орта Азия аумағында XII ғасырда пайда болады, бірақ аталған өндіріс XIII ғасырға жатады.

Екінші топ 13-14 ғасырларға тиісті жартылай фаянсты бедерлі өрнегі бар сырлы ыдыстан құралады. Бұл ыдыстардың Еділ бойындағы және Кавказдағы Алтын орда қалаларының қазбаларындағы материалдарға, дәлірек айтсақ, Сарай Берке, Уектен қазба материалдарымен ұқсастықтарға ие. Сондай-ақ, Н.Калинин Татарстанның Орталық музейінің Алтын Орда қыш бұйымдары коллекцияларын сұрыптап, ыдыстарды осы түрге жатқызады, Папа-Афанасопуло да аталған пікірді қолдап, Самарқанд мұражайынан №А-46-618 және Белореченская бекетінен табылған тостаған Сарайшықтан табылған тостағандарға жақын болғанын келтіреді. Ең соңғы үшінші топты 14-15 ғасырларға жатқызады.

Сырланбаған ыдыс-аяқтардың арасында араб жазуы жетекші орын алатын бай ою-өрнектері бар сұр қыштан жасалған құмыра тәрізді ыдыстар ерекше орын алған.

Есепте Сарайшықта табылған сырланбаған қыш ыдыстардың уақытын анықтау қиынырақ екендігі, өйткені ыдыстың бұл түрі ғасырлар бойы өмір сүріп келе жатқан өте тұрақты түрлерімен сипатталғанын айтады. Бұл көбінесе үй ыдыстары. Шығу тегі жағынан жергілікті тұрғындарда татарлар пайда болғанға дейін қыш бұйымдарды жасаудың түрлері мен тәсілдері болған, бірақ қыш бұйымдардың алғашқы түрлері (бөлшектері айқын бөлінген құмыралар, сақина негізі жоқ кеселер, кішкене көзе тәрізді ыдыстар және басқалары) біздің заманымыздың 11-12 ғасырларына жатады. Шамамен барлық сырланбаған керамика 13-15 ғасырларға тән. Қыш бұйымдарды егжей-тегжейлі талдауды үлкен аумақта қазба жұмыстарын ұйымдастырғаннан кейін жасауға болатынын келтірген.



Сурет.2 Қазба барысында табылған керамика сынықтары. 1950 жыл. [8].

Сарайшық қаласынан табылған барлық сырланбаған қыш бұйымдардың ұқсастықтарды ең алдымен Еділ бойы мен ішінара Закавказьедегі қазба жұмыстарының материалдарынан кездеседі.

Ғалым Орта Азияны (Хорезм, Үргеніш, Отырар) Оңтүстік Ресей даласымен байланыстыратын керуен жолында Сарайшықтың орналасуы оның материалдық мәдениетінің ерекшелігін тудырғанын, Сарайшық негізгі өткізу пункттерінің бірі болғанын, бұл сауда жолы (мұнда Жайық өзені арқылы көпір салынды, мұнда жылқылардан түйелерге ауыстырылды) моңғол жаулап алудан бұрын осы аймақта жүргенін, Сарайшық қаласындағы өте ертедегі қабаттарды ашу болашақ жұмыстардың ісі екенін жазады. Қаланың бұлай орналасуы оның Орта Азия мен Еділ бойындағы мәдениетті сіңіруіне әкелді. Үргеніш пен Хорезм қыш өнерінің Сарайшықтың сырлы қыш бұйымдарымен ұқсастықтары, моңғолдардың қолөнерші -қыш

бұйымдар жасаушыларға қатысты арнайы саясатымен түсіндіріледі. Алтын Орда қалаларының керамикалық қолөнеріндегі осы Үргеніш шеберлерінің рөлін А.Ю. Якубовский "Берке сарайының қолөнер өнеркәсібі" мақаласында егжей-тегжейлі талдағанында келтіреді [9].

Есепте Сарайшық қаласында моңғолдар келгенге дейін халықтардың өмір сүргендігі және Еділ бойындағы халықтармен тығыз байланысты және олармен ортақ тарихи, экономикалық және мәдени өмір сүргені туралы қорытынды жасаған.

Қорытындылай келгенде, Сарайшықтағы қыш бұйымдардың салыстырмалы сараптамасы көрсеткендей мұндағы қыш бұйым өндірісіне транзиттік керуендер арқылы келіп отырған ыдыстар мен тасымал бұйымдарының да ықпалы болған. Сарайшықтың Жошы ұлысындағы басқа қалалармен сауда-саттық байланысының жиі болғандығы, әрине байқалып тұрады. Қыш бұйымдар туралы жинақталған мәліметтер империяның полиэтникалық құрамына байланысты мәселелерді қарастыру барысында кәдеге жарайды.

Әдебиеттер тізімі.

1 Афанасьев В.К. Описание Сарайчиковский керамики, сданной краеведом В.К. Афанасьевым в областной историко-краеведческий музей Гурьева. Дата сбора: 1958-1976 гг. Гурьев, 1977// ҚР БҒМ Археология институтының архиві, 2 тізімдеме, 1484 іс.

2 Самашев З., Кузнецова О.В. Поливная керамика Сарайчика // Известия МОН РК, НАН РК. Серия общественных наук. 2000. №1

3 Самашев З., Кузнецова О.В. Новые данные о керамике Сарайчика // Известия МОН РК, НАН РК. Серия общественных наук. 2004. №1

4 Самашев З., Кузнецова О., Плахов В. Сарайшықтың қыш бұйымдары. - Алматы, 2008. - 264 б.

5 Арзютов Н. Отчет о раскопках, произведенных в 1937 г. на месте развалин золотоордынского города Сарайчик // Известия АН КазССР. Серии археологическая, Алма-ата, 1949. Вып.2

6 Агеева Е.И. Керамика Сарайчика //Отчет об археологических исследованиях за 1950-1952 гг. ҚР БҒМ Археология институтының архиві, 2 тізімдеме, 241 іс. 47-65 пп.

7 Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005

8 Сарайшық – бабалар мұрасы. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дереккөздер / Құр. Ж.К.Жұмабаева, М.Қ.Кипиев // Ғыл. Ред. Ж.К.Жұмабаева. –Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. -224 б.

9 Якубовский, К вопросу о ремесленной промышленности Сарая Берке, ИГАИМК, VIII. Вып. 2-3, 1931 г.

Түйін

Мақалада археолог, тарих ғылымдарының кандидаты Евгения Агееваның (1916-1964 жж.) «Керамика Сарайчик» атты есеп беру жұмысындағы Орғасырлық Сарайшық қаласынан табылған қыш өнері бұйымдарының зерттелуі туралы қамтылады. Аталған есеп 2019 жылы Алматы қаласында Ә.Марғұлан атындағы Археология институтында болған ғылыми-зерттеу іс-сапары барысында кездесіп, фотосуретке түсірілді. Бір айтатын кететін жәйт, бүгінге дейін, жарияланбай мұрағатта сақталған есеп Ә.Х. Марғұланның 1950 жылғы Сарайшықта жүргізген қазбаларының нәтижесінде табылған қыш бұйымдар коллекциясын талдауға арналған.

Резюме

Статья посвящена исследованию керамики, найденной в древнем городе Сарайчик, в докладе археолога, кандидата исторических наук Евгении Агеевой (1916-1964) «Сарайчикская керамика». Этот отчет был встречен и сфотографирован во время исследовательской поездки в Институт археологии имени А. Маргулана в Алматы в 2019 году. Следует отметить, что на сегодняшний день в архивах находится неопубликованный отчет предназначен для анализа коллекции керамики, найденной при раскопках А.Х. Маргулана в Сарайшыке в 1950 году.

Resume

The article is devoted to the study of ceramics found in the ancient city of Saraishyk, in the report of the archaeologist, candidate of historical sciences Evgenia Ageeva (1916-1964) "Saraishyk ceramics". This report was met and photographed during a research trip to the A. Margulan Institute of Archeology in Almaty in 2019. It should be noted that the currently unpublished report is intended to analyze the collection of ceramics found during the excavations of A.Margulan in Saraishyk in 1950.

ПРОРВА-АСТРАХАНЬ ЛАГЕРЛЕРІ: БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КӘСІБІ

А.Жумабаев-магистр, бас инспектор
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени
музей-қорығы РМҚК

XX ғасырдың 20-50-жылдарындағы саяси қуғын-сүргін зобалаңы – қазақ тарихындағы қасіретті кезең. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылдың 30 мамырындағы Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай үндеуінде: «Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін осы нәубеттің құрбандарын мәңгі есте қалдыру үшін мемлекеттік деңгейдегі тиісті шараларды жүзеге асыра бастады. Кеңес заманында өмір сүрген халықтарға «үлкен террордың» орасан зор қасірет

әкелгені есімізде. Зұлмат жылдарда Қазақстанға КСРО-ның түкпір-түкпірінен бес миллионнан астам адам жер аударылды. 100 мыңға жуық азаматымыз қуғын-сүргінге ұшырап, соның 20 мыңнан астамы атылды, - деген болатын [1]. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 10 қарашада №748 қаулысымен Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды [2]. Мемлекеттік комиссияның «Қазақстан Республикасы Президентінің, Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, прокуратура органдарының және басқа да мемлекеттік мекемелердің архивтеріндегі жабық қорлардың саяси қуғын-сүргін жөніндегі материалдарының комиссия мүшелеріне, зерттеушілерге және ұрпақтарға қолжетімді болуын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстарды тұжырымдау және енгізу» атты функциясы архивтердің жабық қорларында сақталған саяси-қуғын құрбандарын жарыққа шығару мақсатында атқаратын қызметі орасан екені белгілі.

Жалпы алып КСРО тарихында еңбекпен түзету лагерлерін құру бастамасы 1929 жылы салынады. Зерттеуші С.Д. Дильмановтың анықтауынша КСРО Халық Комиссарлар кеңесінің 1929 жылғы 11 шілдедегі қаулысы бойынша КСРО-ның шет аймақтарын және елдің табиғи байлықтарын игеру мақсатында ұсталғандардың еңбегін пайдалану шешімі қабылданды. Содан 1930 жылы Қазақстан территориясында Қазақстан еңбекпен түзету лагері (Казлаг) құрылады. Лагерде ұсталғандар Түркісіб үшін ағаш, кірпіш тастар дайындаумен шұғылданады. Кейін Қазақстандағы еңбекпен түзету лагерлері басқармасы Қарағанды көмір бассейнін игеруге назар аударады. Осылайша 1931 жылы 17 қыркүйекте ОГПУ-дың №527/285 бұйрығы бойынша Гигант совхозы орнында еңбекпен түзету лагері (Қарағанды лагері) құрылады.

1932 жылдың 5 қыркүйекте КСРО Біріккен мемлекеттік саяси басқармасы №858/с бұйрығымен Каспий теңізіндегі Прорва аралында Прорва еңбекпен түзету лагерін құру туралы шешімін қабылдайды (Дильманов, 2012, с.67-69). 1932 жылдың 29 қарашасынан бастап Прорва лагерінің басқарма басшысы болып Н.В. Теплов қызметке кіріскен. Еңбекпен түзету лагері бастапқы кезде құрамының жартысы тұтқындардан тұратын 33 штаттық бірліктен (бөлімдердің басшылары, ихтиолог, экономист-жоспарлаушы, есепшілер, тіркеушілер, экспедиторлар, радисттер, курьерлер, хатшылар) құралды. Басқармаға қарасты өндірістік-жоспарлау, жабдықтау, қаржы, балық кәсіпшілігі бойынша жабдықтау бөлімдері, кеме жөндеу шеберханасы, көкөніс қоймалары болған [3, с.1-2].

Прорвлагта ихтиолог қызметін Клыков Андрей Алексеевич есімді тұтқын атқарған. Ихтиологтар балық құрылымын, даму эволюциясын, олардың мекендеу орындарын зерттеп қана қоймай, олардың мінез-құлқын зерделеп қана қоймай, табиғи ортада және жасанды су қоймаларында балықты көбейтудің ерекшеліктерін зерттеумен айналысады. Қазіргі уақытта бұл өте сирек кездесетін мамандық. Аталған мамандықтың Прорвлагта

алатын орны ерекше, себебі лагерьдің ең басты мамандырылған кәсібі - балық аулау еді. Ғаламтор желісінен Клыков Андрей Алексеевич дегеніміз кім, қандай қызметтер атқарған, не себепті тұтқында болды деген сұрақтарға жауап іздедік.

Клыков Андрей Алексеевич (31.08.1884-1974 гг.)- Ученый-ихтиолог, писатель. Родился в селе Арбузов Баран Спасского уезда Казанской губернии, в 1882 году в семье народного учителя (по другим данным - в семье инспектора учебных заведений Казани). Окончил гимназию и естественное отделение физико-математического факультета Казанского университета. Кандидат биологических наук. Работал в НИИ рыбного хозяйства в Москве. В 1924 году дебютировал как прозаик в детских журналах. Автор книг: «Рыба. Рыбные товары» (М., 1927), «У берегов Туркмении» (М., 1929), «По берегам Каспия. От Апшерона до Терека» (М., 1930), «Ловля рыбы. Указания юному рыболову» (М.-Л., 1943), «Приключения Карпика» (М., 1962, 1969), «Спутник ружейного охотника» (М., 1947), «Беседы о животных» (М., 1958, 1960), «Краткий словарь рыбацких промысловых слов» (М., 1968) и др. Был составителем и редактором нескольких книг о природе (в частности, «Охотнику о зверях» — М., Воениздат, 1953), входил в состав редколлегии альманаха «Рыболов-спортсмен». Арестован в 1930 году, в 1931 году сослан на каторгу на десять лет. 10 лет провел в лагерях [4].

1940 жылы наурыздағы ГУЛАГ бастығының орынбасары Лепиловтың Берия, Круглов, Чернышов және Кобуловтың атына ГУЛАГ жұмысы туралы баяндамасында ГУЛАГ балық өнеркәсібі екі мамандандырылған лагерьде - Владивосток пен Прорвада (Солтүстік Каспий ауданы) және 6 аймақтың, облыстардың және АССР-нің түзету-еңбек колонияларында (Краснодар өлкесі, Дағыстан АССР, Сталинград облысы, Иркутск облысы, Бурят-Моңғол АССР, Хабаровск өлкесі) шоғырланғаны келтіріледі [5].

Лагерьдің балық аулау қызметі және қандай құрал-жабдықтармен жабдықталғаны жөніндегі деректерді түпнұсқа ретінде келтірсек: План вылова по лагерю утверждена 1940 год в 150 тыс. центнеров рыбы, из которых:

- а) сельдевых (включая сардины) — 75 тыс. центн.
- б) воблы — 65 —"
- в) крупного частика — 7 —"
- г) мелочи — 3 —"

Из этого количества рыбы-сырца должно быть выпущено рыбопродукции 111 тыс. тонн. На сумму — 24 млн руб.

Вылов рыбы производится различными орудиями лова, первое место среди которых по количеству добываемой рыбы занимают ставные жаберные сети, второе — ставные морские невода, третье — сейнерные невода и, наконец, береговые закидные невода.

Прорвлаг обладает значительными паромоторным и безмоторным флотами в количестве 1420 единиц.

Паромоторный флот состоит из 107 единиц, в т.ч.:

моторорыбниц и кавасаки — 89, пароходов — 3, теплоход — 1, катеров — 12, плавучих мехмастерских — 2;

безмоторный флот — 1313 единиц, в т.ч.: плавучих рыбозаводов 4, рыбниц — 100, подчалков — 568, прочих — 641.

Весь рыбопромысловый флот и орудия лова распределены закреплены за лагпунктами Прорвлага:

к Астраханскому лагпункту прикреплен кавасачный флот в составе 52-х кавасаки со 104-мя подчалками; вооружение кавасачного флота составляют 17 090 концов ставных сетей и 72 сейнеров невода; лагпункт ведет речной лов, имея для этого 12 закидных неводов;

к Гурьевскому лагпункту прикреплены фыркковые колонны со 102 стойкими реюшками с 204 подчалками, вооруженные ставными сетями в количестве 51 295 концов;

к Мумранскому лагпункту прикреплены 4 колонны, имеющие 100 стойких рыбниц и 300 подчалков, оснащенные ставными сетями в количестве около 90 000 концов;

к Бургунчукскому лагпункту прикреплен флот, работающих исключительно ставными неводами, в количестве 12 и состоящих из паузков и кунгасов.

Обработка рыбы производится Прорвлагом на береговых стационарных и плавучих рыбозаводах.

Береговых рыбозаводов — 2, с общей разовой емкостью в 22,5 тыс. цент., плавучих рыбозаводов — 4, с общей разовой емкостью в 12 тыс. цент.

Кроме рыбозаводов, на отдаленных лагпунктах имеются подсобные и обслуживающие предприятия: 2 цеха постройки орудий лова, 2 бондарных цеха, 3 судостроительные базы, 2 мехмастерские, 2 литейные мастерские, 2 электростанции, теплосиловое хозяйство и огородное хозяйство.

На 1940 г. лагерю разрешены капитальные вложения в сумме 1300 тыс. руб [5].

Қорытындылай келгенде, Прорва-Астрахань лагерінің ГУЛАГ балық шаруашылығында алатын орыны орасан зор. Алдағы уақытта мұрағат қорларымен зерттеу жұмыстары жалғасып, тың деректер табылады деп сенеміз.

Әдебиеттер тізімі.

1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай үндеуі// <https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyin-sayasi-kugyn-surgin-zhane-asharshylyk-kurbandaryn-eske-alu-kunine-orai-undeui>

2 Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 10 қарашадағы № 748 қаулысы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000748>

3 Ф.87, Опись 1, Дело 1; Лист 1-2; Книга проектов приказов по управлению Прорвлага с 1932 по 1933 г.

4 Клыков Андрей Алексеевич
//<https://treef.ru/default.aspx?PersonaID=6320> Пайд. уақыты: 10.01.2021 ж. сағ: 14:05

5 Доклад заместителя начальника ГУЛАГа Лепилова на имя Берии, Круглова, Чернышова и Кобулова о работе ГУЛАГа//<https://www.alexanderyakovlev.org/fond/issues-doc/1010442> Пайд. уақыты: 10.01.2021 ж. сағ: 14:05

Түйін

Мақала бүгінге дейін арнайы зерттелмеген, тарихи құжаттары ғылыми айналысқа енбеген КСРО көлемінде ГУЛАГ жүйесіне енген Прорва-Астрахань еңбекпен түзету лагерлерінің тарихына (1932-1950 жж.) арналған. Прорва-Астрахань еңбекпен түзету лагерлерінің ГУЛАГ балық шаруашылығында алатын орыны, қызметі талданады.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі аясындағы № АР 08856940 «ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва және Астрахань лагерлері: «тарих, естелік, тағылым (1932-1950 жж.)» жобасын орындау үшін даярланды.

Резюме

Статья посвящена истории Прорва-Астраханских исправительно-трудовых лагерей (1932-1950 гг.), вошедших в систему ГУЛАГа в масштабах СССР, исторические документы которых не вошли в научный оборот. Анализируется значение, деятельность Прорва-Астраханских исправительно-трудовых лагерей в рыбном хозяйстве ГУЛАГа.

Статья подготовлена для проекта Министерства образования и науки Республики Казахстан № АР 08856940 «Прорвинский и Астраханский лагеря в системе ГУЛАГа (1932–1950 гг.): история, память, уроки».

Resume

The article is devoted to the history of the Prorva-Astrakhan correctional labor camps (1932-1950), which were included in the GULAG system on the scale of the USSR, the historical documents of which were not included in scientific circulation. The article analyzes the significance and activity of the Prorva-Astrakhan correctional labor camps in the GULAG fisheries.

The article was prepared for the project of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan № АР 08856940 «Prorva and Astrakhan camps in the Gulag system: history, memory, heritage (1932-1950)».

САРАЙШЫҚ АУЫЛЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІ: ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

А.О. Жұмағұлова - география пәні мұғалімі
Қ.Қарашаұлы атындағы Сарайшық
орта мектебі
Атырау облысы, Махамбет ауданы

Туған ел шежіресі, кешегі өткен бабалар сөзі - үлкен даналық бастауы болса керек. Өткенді білмей болашақты болжау мүмкін емес. Сондықтан, мен өзім тұрып жатқан жерім - Сарайшық ауылының шежіресін біліп, ұғынып, оны өзгелерге ұғындыру мақсатым болды. Соның ішінде, оқушыларыма туған жерді зерттеу арқылы жинаған материалдарымды сабақтарымда қолдануды, сарамандық жұмыстарда, серуен кезінде көзбен көрсету арқылы, ал әріптестер арасында конференция, түрлі коучингтер өткізу арқылы мағлұматтарды жеткізіп отыруды мақсат еттім. Сол себепті мен осы тақырыпты таңдап, тереңнен меңгеруге бел шештім. Тарих дегеніміз, сайып келгенде - адамдар, сол адамдардың өз заманы мен өз дәуіріндегі арман-мұраттары, іс-қимылдары, ықылас-ниеттері арқылы қалдырған материалдық, рухани іздері.

Алтай мен Атырау арасындағы ұлан-ғайыр қазақ жерінің өзіндік сыр-сипаты, ерекшеліктері және атаулары бар. Мұны бірі білсе, бірі біле бермейді. Кейбірі тіпті туған жерінің атауының қайдан шыққанынан бейхабар. Туған жердің тарихын, мәдениетін білу әр өскелең ұрпақ үшін таптырмас құндылық.

Туған ауылының өткенін білу, оны зерттеп, оқушыларға, қарапайым адамдарға жеткізу мен үшін зор мақтаныш. Мен бұл ауылға 2001 жылы келін боп түстім. Ескі қаланың орнын көрген кезден бастап, Сарайшық ауылының өткені мені қатты қызықтыра бастады. Мектеп бағдарламасы бойынша география сабағында 8 сыныпта өтетін «Ұлы Жібек жолы» тақырыбында айтылатын көне Сарайшық қаласы туралы мәліметтерді бұрыннан білетінмін. Алайда өз көзіңмен көргеннен кейін және көне көз қария адамдардың Сарайшықтың өткені туралы айтып отырғанын естігенде, бейне бір ертегі әлеміне тап болғандай боласың. Ендігі мақсатым - ауылымыздың қазіргіден ерте кезде қандай мақсатпен құрылып, қандай шаруашылықпен айналысқанын, атауы, тарихы, т.б. мәселелерді зерттеп білу, оқушыларды өз туған өлкесінің тарихымен таныстыра отырып елінің патриотын тәрбиелеу болды.

1928 жылы Сарайшық ауылында ауыл шаруашылығында тәжірибелер жүргізу мақсатында «Бақсай тәжірибе-мелиорациялық алаңы» құрылған. Сонымен қатар, сол кездерде ауылымызда «III Интернациональ» колхозы да ұжымдастырылады. Одан кейін, тәжірибе шаруашылығы 1956 жылы

кеңейтіліп, Гурьев мемлекеттік ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы боп қайта құрылды. Мақсаты: ауыл шаруашылығында селекциялық жолымен жаңадан мал тұқымдарын шығару және лимандарда шөп өсірумен айналысу.

Сонымен қатар, Тәжірибе станциясына жоңышқа, жүгері, құмай, құмай-судан шөбі сияқты жем-шөптік дақылдар қоспасынан, егістік алқаптарында дәстүрлі емес дақылдар өсіру арқылы берік жем-шөп қорын жасақтау, алма ағаштарының сорттарын зерттеу, жеміс-жидек дақылдарын өсірудің агротехникасын жасау, еділбай қойы, адай жылқысы, жабы тектес жылқы тұқымын асылдандыру, етті-сүтті бағыттағы өнімді мол беретін сиыр малының тұқымын жақсарту секілді міндеттер қойылған [1]. Тәжірибе станциясын өз тарихында көптеген ғалым басшылар басқарған. Олардың барлығы өз деңгейінде ғылымды дамытуға тырысты.

Тәжірибе мекемесін алғаш басқарған М.А. Кульбацкий бидайық пен ажырықты көлтабандарға егіп, тәжірибе жасаған. Ауыл шаруашылығы өндірісіне біраз ұсыныстар берген. Бидайық пен ажырық басқа шөптерге қарағанда тұзға шыдамды, суды аз ішетін өсімдіктер қатарына жатады. Содан М.А. Кульбацкий тұзды жуып-шаймай, яғни гидротехникалық мелиорация жасамай, тек қана биологиялық әдіспен жерді пайдалануға болатынын дәлелдеген екен. Өнімділігі 40 ц/га құрғақ шөп алуға қол жеткізді. Жем-шөп дақылдарынан жоңышқаның (люцерн) 5-6 сорты зерттеліп, техникалық дақылдардан: соя, күнбағыс, сафлор өсімдіктерінен май алынды.

Тәжірибе станциясын 1958 жылдан бастап басқарған биология ғылымдарының докторы, академик Аймақ Жанғалиев 30 га-ға дейін жеміс бағын отырғызып, оның ішінде алма, алмұрт, жүзім, шие, өрік, қара өрік (алхоры), айва жеміс ағаштарының санын 10800-ге дейін жеткізді. Бертін келе жеміс өсімдіктерінің көлемі 60 га-ға дейін жеткізілді. Алма өсімдігінің 153 сорты, алмұрттың 12 сорты, шиенің 14 сорты, өріктің 8, қараөріктің 6 сорты және жүзімнің 10 сорты өсіріліп, ғылыми-зерттеу жұмыстары одан әрі қарай жалғасты. Осы жемістерді зерттеу нәтижесінде алманың 11 жаздық, күздік, қысқы сорттарын, алмұрттың 5 сортын, шиенің 4 сортын, өріктің 3 сортын, қараөріктің 5 сортын, жүзімнің 4 сортын біздің қолайсыз климат жағдайына төзімді, өнімді мол беретін, дәмділігі жағынан басқа сорттарға қарағанда дәмдірек екендігін дәлелдеп өндіріске енгізді.

Тәжірибе станциясы директоры Айтжан Иманғалиев жылқы шаруашылығымен табысты айналысып, Адай жылқысының авторы (қазақтың жабы жылқысымен қазақтың қарапайым жылқысын будандастырған) атанған. Бұл жылқылар еті де салмақты, қысқа да төзімді тұқым болып саналады, дөнен кезінде 400-600 кг салмақ алынды. Мал шаруашылығынан ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, жылқыдан көшім, черский, жабы, ақалтеке, орыстың ауыр салмақты жылқыларын алып келіп, осыларды жергілікті жылқылармен будандастырып, олардан түрлі төзімді тұқым алып, шаруашылықтарға айғырларын сатып, табыс көзін молайтып отырды.

1979-1985 жылдары ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Кенцин Шаухат Ахатұлы суданка, сорго өсімдіктерін егіп, жүздеген тонна тұқым алып, бұл тәжірибе облыс, республика көлеміне таратылды.

Ауылға кіре беріс жолдың екі жағында жайқалған егіс алқабы болған. Қазір ол жерлерді жыңғыл өсімдігі басып қаптап кеткен. Биология ғылымының кандидаты Жанай Беркалиев 1986-1990 жылдары Тәжірибе станциясын басқарған кезінде егін көлемін молайтып, қарбыз, қауын, пияз, сәбіз екті. Осы жылы көкөністерден екі есе мол өнім алынды. Көкөніспен бүкіл облысты қамтамасыз етіп отырды.

Тұрғындардың басты кәсіпшілігі өсімдік және мал шаруашылығы болған. Тәжірибе станциясында өсімдік шаруашылығында 4 бөлім болған. Атап айтқанда, жем-шөп бөлімі, жеміс-жидек, көкөніс және өсімдіктерді зиянкестерден қорғау бөлімі. Мал шаруашылығында түйе-жылқы бөлімі, ірі қара бөлімі және қой бөлімі болып, осы барлығы 7 бөлімде 56-60-қа дейін ғылыми қызметкерлер жұмыс жасады. Шаруашылықта 200-ден астам жұмысшылар болды.

Тәжірибе шаруашылығы 1993 жылға дейін өздігімен жұмыс жасады. 1991-1994 жылдары жекешелендіру кезінде ауыл шаруашылығы мекемелеріне мемлекеттік қолдау көрсетілген жоқ, олар өз қаржыларына өздерін қамтамасыз ете алмады. 1995 жылдың соңында Қазақстан Республикасы Министрлер Кеңесінің қаулысымен және Атырау облыстық жекешелендіру комитетінің шешімімен тәжірибе шаруашылығы таратылып, осы шаруашылықтың ізімен Атырау қаласынан ғылыми-зерттеу институты ашылды [2].

Патшалық Ресей кезеңінде, XX ғасырдың басында көптеген жеміс бақтары болған. Оның дәлелі атақты орыс саяхатшысы П.П. Семенов-Тянь-Шаньский мен Г.С. Карелин 1898-1900 жылдар арасында Гурьев қаласы маңындағы алма ағашының хош иісі мен олардың сапасы Астрахань алмаларымен тепе-тең деп жазып кеткен.

Ескі Сарайшықта «Байлардың бақтары» деп аталған жеміс бақтары болған. Ол бақты тұрғындар «Есен тал» деп атап кеткен. Өйткені Есенжан деген кісі күтіп, баптаған екен. Бақ соғыс кезінде күтімсіз қалған. 1947 жылы қатты су тасқынында суға кеткен дейді. Дәлел ретінде 1948 жылы 54 түп аман қалған алманың «анис» сортының ағаштары күні бүгінге дейін бар.

Түйелер де өсіріліп, тұрғындарды шұбатпен қамтамасыз етіп отырды. Түйелердің ақ боталарын Мәскеу цирктеріне дейін алып кеткен кез болды. Мүйізді ірі қарадан қазақтың ақбас етті сиырлары зерттелді. Қызыл тұқымды сүтті сиырлар герфорд бұқаларымен шағылыстырылып, сиырдың сүтті-етті тұқымдарды шығарылды. Сүтті сиырлар ұсталды.

Іздестіру жұмыстары кезінде менің қолыма 1968 жылдың 3 тамызында жарық көрген аудандық «Малды өңір» газеті түсті. Сол газетте ауылымыздың тұрғыны сауыншы Рахила Сариева деген апамыз туралы мақала жазылған екен. Сол мақалада Рахила апамыз «қарамағына берілген 15

сауын сиырдан бір жылда әрқайсысынан 2440 литр сүт саудым» деп сұхбат берген. Бертін келе одан да көп мөлшерде сүт сауылған екен.

Шамамен, 1980 жылдары ауылымызда сиыр сауатын сүт цехы ашылды. Онда 200-дей сауын сиырлары, 150-ге жуық бұзау, баспақтар болған. Күніне екі рет сиыр сауылып, әр сиырдан 20-25 литр сүт сауылып алынған. Осыншама өнім алу үшін мүйізді ірі қараларды қажетті мөлшерде азықтандыру қажет болды. Мысалы, 1 сиырға күніне 20-25 кг табиғи шөп, 5-5,5 кг құрама жем, 10-15 кг силос беру қажет болған. Силос дегеніміз - жүгеріні арнайы өзінің комбайнында уатып, үстін ауыр тракторлармен нығыздап басып, бетін ауа өтпейтіндей етіп, жауып тастайды. Сосын шетінен алып, сиырларға құнарлы азық ретінде берген. Силосты сақтайтын өзінің арнайы терең шұңқырлары болады. Ол шұңқырлар әлі күнге дейін сақталған. 1 жылда 100 мың тоннадай силос жұмсалған екен. Сиырларды бордақылау үшін жылына 20-25 мың тонна жем берілген екен.

Сонымен қатар, ауылымызда бойдақ мүйізді ірі қараны бордақылайтын сиыр қоралар болған. Мұнда 6-9 ай болған бұзауларды енелерінен бөліп алып өсірген екен. Сиырлар қолдан ұрықтандырылған. Етті-сүтті Симменталь сиыры өсірілді. 1992-1993 жылдары жекешелендіру кезінде сиыр қоралары да өз жұмысын тоқтатты. Қазіргі кезде цех, қора нысандары сақталмаған. Қой малынан еділбай және қаракөл қойларының тұқымдары зерттеліп, олардан сапалы елтірі, салмақты да етті қойлар тұқымы алынды. Ғалымдар еділбай қойының жаңа «ақ қарабас» деген түрін шығарды.

1945 жылдың 1 қаңтарында «Сарайшық мүгедектер үйі» ашылған [3]. Ол кезде елімізде Екінші дүниежүзілік соғыстан мүгедек боп оралғандар көп болып, мемлекет қамқорлығын қажет ететін болған. Қазіргі күні ол «№1 арнаулы әлеуметтік орталық» деп аталады.

1950 жылдардың соңына қарай жаңа ауыл салына бастады, оған Финляндиядан әкелінген ағаш құрастырмалы үйлер тұрғызылды. Ол үйлер қазіргі кезде де сақталған. Жаңа ауылдың атауы Опытное болды. Тәжірибе станциясы мен ауылдық кеңестің әкімшілігі 1970 жылдары салынған 3 этажды еңселі кеңседе орналасты.

1957-1958 оқу жылында Сарайшық сегіз жылдық мектебі ашылды. Мектеп ғимараты ауыл орталығындағы бір қабатты үйлерде орналасты. 1979 жылы мектеп қазіргі екі қабатты ғимаратқа көшірілді.

Осы 1957 жылдан бері ауылда учаскелік дәрігерлік пункт болған. Қазіргі кезде кең, еңселі ғимараттағы күндізгі стационарлық ем қабылдайтын емханаға айналған.

Одан басқа, ауылда 1958 жылы ашылған «Сарайшық ауылшаруашылығын механикаландыру» училищесі болды. Әр жылдары атауы СПТУ-91, №10 орта кәсіптік-техникалық училище, №7 кәсіптік техникалық мектеп, №7 кәсіптік мектеп болып атауы өзгеріп отырды.

Балабақша 1963 жылы 1 шілдеде ашылған, сол балабақша ғимараты әлі күнге дейін сақталған. Оған қазір Сарайшық ауылдық округінің әкімдігі орналасқан.

1967 жылы Гурьев аймақтық агрохимиялау лабораториясы құрылды. Агрохимиялау лабораториясы жердің картограммаларын жасады. Өсімдіктерге керекті азот, фосфор, калийдің мөлшерін анықтап, шаруашылықтарға қай жерде қандай тыңайтқыш беруге ұсыныс жасады. Топырақтың құрамындағы өсімдіктерге қажетті элементтерді анықтаумен айналысты. 1975 жылдан бастап мекеме облыстық лаборатория болып ұайта құрылды. Ал, 1984 жылдан бастап Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен облыстық ауылшаруашылығын жобалау станциясы болып құрылды. Кейіннен, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, Қазақстанда ауыл шаруашылығы салаларының қайта құрылуына байланысты 1995 жылы жабылды.

Ауылдық кітапхана болса 1972 жылдан бері жұмыс жасап келеді. Ал, Мәдениет үйі 1975 жылы салынған екен. Бір кездері концерттік бағдарламамен ауылдан тысқары жердегі малшыларға бір мезгіл демалыс ұйымдастырып, қызмет көрсетіп отырған.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кеңесінің қаулысымен және Атырау облыстық жекешелендіру комитетінің шешімімен 1995 жылы Тәжірибе станциясы таратылды, осы шаруашылықтың ізімен Атырау қаласынан ғылыми-зерттеу институты ашылды. Опытное ауылы 1995 жылдан бастап Сарайшық ауылы деген тарихи атауына ие болды.

Ауылымызда 460 үй, 2 940 адам тұрып жатыр. Қазіргі кезде ауылда бірнеше мекемелер жұмыс жасайды. Айта кетер болсақ, Қ.Қарашаұлы атындағы Сарайшық орта мектебі, Махамбет аудандық көпбейінді ауылшаруашылық колледжі, «Бүлдіршін» бөбекжайы, Сарайшық ауылдық емханасы, «Сарайшық» музей-қорығы, «№1 арнаулы әлеуметтік орталық», Мәдениет үйі жұмыс жасап жатыр. Жаңадан салынған «Қазпошта» байланыс бөлімшесінде газет-журналдарымызды жеткізіп, зейнеткерлердің зейнетақыларын береді. Сонымен бірге, округ аумағында жеміс-жидек өсіру, ешкі сүтінен өнімдер өндірумен айналысатын «Атырау Агро Өнімдері» жеке шаруа қожалығы сияқты кәсіпкерлер жұмыс жасайды. Еліміздің әр өңірінен, шетелдерден туристер келіп, археологиялық қазба орындарын, музейді тамашалап, ауыл тарихымен танысады. «Ортағасырлық Сарайшық қаласы» тарихи-мәдени мұра нысаны республикалық деңгейде қорғалатын ескерткіш санатында. Болашақта туристерге кешенді қызмет көрсететін «Сапар орталығы» салынып, ауылдың сәулетін асыратын Қасым хан ескерткіші тұрғызылатыны туралы жаңалықтар көңіл қуантады.

Осы ауылымыздың тарихын зерттеу кезінде біліммен, еңбекпен өркендеген елді көрдім. Сарайшықта атақты ғалымдар еңбек етіп, ғылымға тың жаңалықтар енгізгенін білдім. Олай болса, тұғыры мықты ауылдың болашағы - жастарда туған ауылын өркендетіп, ауыл шаруашылығын

жаңғыртып, халықтың әл-қуатын арттыра беретініне сенім мол. Осы мақсатты іске асыратын шәкірттер тәрбиелеу арқылы Сарайшықтың өркендеуіне өз үлесімді қосқым келеді.

Ізденіс жұмыстары кезінде ауылымыздың тұрғындары: ауыл шаруашығы ғылымдарының кандидаты, агроном Асанов Сағидолла (жеміс-жидек саласы бойынша), бұрынғы сауын цехының меңгерушісі Искаков Ерболат, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы Мұханбетов Болат (жем-шөп өндірісі саласы бойынша) ағаларымыз көп көмек берді.

Әдебиеттер тізімі.

1 Атырау энциклопедиясы. Алматы, «Атамұра». 2000. -100-102 бб.

2 Атырау облысы, Махамбет ауданының энциклопедиясы. Алматы, «Жібек жолы-2005», 57 б.

3 Өнегелі өңір. Шежіре. Махамбет ауданына 80 жыл. Энциклопедия Атырау, «Ағатай» баспасы. 2008. 216-223 бб.

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ТАРАЗ ҚАЛАСЫ

М.М. Ибадильдаева – магистр, тарихшы
«Ежелгі Тараз ескерткіштері»
тарихи-мәдени қорық-музейі

Тараз Қазақстан қалаларының ішіндегі ең ежелгілерінің бірі.

ҮІІ ғасырда Тараз - Ұлы Жібек Жолы трассасында маңызды роль атқаратын ірі қалаға айналады.

Макдиси, Х ғ. географы, былай деп жазған: «Тараз бау-бақшалы, қалың елді, оры, төрт қақпасы және қонысталған рабады бар үлкен бекітілген қала. Медина қақпасының түбінде үлкен өзен аққан, оның арғы жағында қаланың бір бөлігі жатыр, үстінде өткелі бар. Алқалы мешіті базарлардың арасында».

Қазіргі кезде Тараз қалдықтарының үстіне басқа үйлер салынып, оның бұрынғы көрінісін тек ХІХ ғ. 30-жылдарының басындағы мағлұматтар бойынша елестуге болады. Ол жерде бір кездерде көптеген бөлек-бөлек төбешіктер-ҮІ-ХІІ ғғ. Жеке қоныс айналары мен ғимарат – сарайларының қалдықтары жатқан. Мысалы, ХІХ ғ. аяқ шенінде жасалған схемалардың біреуінде көне қаланың жалпы территориясында 48 төбешік белгіленген. [1, 33 б.]

ҮІ-ҮІІІ ғғ. қабаттары назар аударарлық, олар барлық стратиграфиялық қазбалардан табылған. Олардың қалыңдығы 1,5-2,5 м.

Қабаттан алынған керамика әртүрлілігімен және өзгеше сәнділігімен ерекшеленеді. Едендері күйдірілген кірпіштен жасалған ғимарат қалдықтары (кірпіштің өлшемдері – 0,22x0,22x,0,05 м), жұмыр тас төсеніштердің қолданылуы құрылыс техникасының өзгергендігін көрсетеді.

Керамиканың екі түрлі тобы табылған: глазурь жалатпаған және глазурь жалатқан. Жалатпағанының ішінде көбінесе қызылжылтыр сапытаяқтар кездеседі. Ал екінші тобында-ақ, мөлдір, жасыл және қоңыр глазурь жалатқан ыдыс. Оюлары өсімдік әуендерінде жасалған өрнектерден құралған.

Тараз моншасы Каср-ал Хайр ал-Гарбидағы таяу шығыс моншасын еске түсіреді. Зерттеушілердің пікірі бойынша, моншалар Орта Азия қалаларында ҮІІІ ғ. пайда болған, олар Жерорта теңізі алқабынан шығып, Таяу және Орта Шығыс арқылы Орта Азияға жеткенге ұқсайды.

Монша салынатын кезеңге қазбалау кезінде табылған қала жарау-жабдықтарының қалдықтары да жатады. Ең алдымен ол – қаланың сутартқыш жебелері. Ол 12,8 м ұзындықта байқалған. Оның құрылыс техникасы зерттеліп, қалпына келтірілді.

Қала территориясындағы қазбалаулармен үй – жайлар және қорғаныс қабырғасын ішінен бір-біріне жапсыра салу принципіне негізделген құрылыс-салымдар ашылған. Олардың сипаттамасы мынандай: «Бірінші бөлме жобасында квадрат тәріздес, өлшемдері 4x3,4 м. Солтүстік – шығыс қабырғасы қорғаныс қабырға болып келген. Бөлменің оңтүстік – шығыс қабырғасының ортасына тіркеп биіктігі 0,4м пеш салынған. Оның өлшемдері 0,25 тереңдігі – 0,36. Іші толы ақшыл – қызғылт күл, жағатын ауызы солтүстік жағында. Ошақтың алдында өлшемдері 1x0,9 тікбұрыш формалы, еденнен 8см. тереңделген жазықтық орналасқан. Бөлменің оңтүстік-шығыс қабырғасында, ошақтан оңға қарай, еден деңгейінен 2 қуыс жасалып шығарылған. Олардың биіктігі 20 см, ені 15 см, тереңдігі 15 см. Бөлменің едені тегіс емес, еденнің бетін күйіп кеткен қамыс пен ағаштың қалыңдығы 3см қабаты басып қалған. 1 бөлмесі – коридор, өлшемдері 4x0,9м. Бөлменің едені тегіс емес, саз-балшықпен сыланған. 2 бөлмесі – 2-бөлмеден ені 20 см., қысқа қабырғалармен бөлінген. Араларындағы өткелдің ені 1,8м. Оңтүстік-шығыс қабырғасының ортасында өлшемдері 80x25см, тікбұрышты жазықтық түріндегі қуысы жарты шеңбер формалы, қабырғаға тіркеле салынған ошақ табылған. Ошақтың оңтүстік-батыс маңайындағы еденде қыш құмыра табылған. Құмыра соғып жасалған, кең ауызды, тұтқалары бар, өсімдік тәріздес өрнекпен әшекейленген. Қазбалау жұмыстарының нәтижесінде табылған материалдардың көпшілігі керамика. Орындалу техникасы жағынан ол негізінде станокты. Өндеу тәсілі жағынан оны жалатқан және жалатпаған деп, ал қолдану қажетіне қарай оны ас ішетін, ас пісіретін және зат салатын деп бөлуге болады. Қазан әсіресе көп кездесетін ыдыстың түрі. Бұл топқа үнемі отқа қойылатын ыдыстар біріктірілген. Олардың формасы стандартты, жаншылған шар тәріздес, тұлғасы жалпайтылған, дөңгеленген, кей-кезде түбі қатты жуандалған. Ернеулері тіп-тік немесе сыртқа қарай қайырылған, тұтқалары құйылып жасалған немесе ілгек тәріздес.

Құмыралар әр түрлі пішінде жасалған. Корпус өлшемдері, мойындарының формасы, өрнектер бойынша олардың екі түрі ерекшеленеді.

Бірінші түрі – бір тұтқалы, жіңішке мойынды, созыңқы науа тәріздес шүмекті және жұмыртқа тәріздес тұлғалы. Ыдыстың мойындары мен иықтары көбінесе өсімдік әуендерімен безендірілген. Өрнектер тырналып жасалған [2, 40 б.]

Кейбір ыдыстардың суреттемесіне тоқталайық. Үлкен соғып жасалған құмған, биіктігі 48 см-ге жақын, мойнының ұзындығы 18см-дей, түп диаметрі 14 см. Қою балшықтан жасалған, түсі қызыл-қоңыр. Тұтқаларында жапсырма түйіншіктері бар, мойнында бірнеше сызықтар, екіден біріккен жеке сызықтар және үшеуден біріккен нүктелерден құрастырылып жасалған сопақ фигуралардың композициясы орналасқан.

Екінші түріне жұмыртқа тәріздес тұлғалы, жіңішке мойынды, бірақ құйылатын шүмегі жоқ ыдыстар жатады. Олардың көлемі ықшамды, биіктігі 30см. Олар жақсы иілген қызғылт-сазқамырдан жасалған. Ыдыстардың сыртқы-әшекейлері-қоңыр ангобтан иықтарына ағылтып жасалған жол.

Басқа табыстардың ішінде темірден және мыстан жасалған шамалы ұсақ-түйек заттарды атап кету керек: темір тоғалар, шегелер, тұтқалар, садақ ұштары. Мыстан жасалған кішкене құмған аса назар аударарлық. Біржақты формада құйылған, бедерлі, білігінен қысқан жарты сауыт тәріздес алқа. Мұндай алқалар Пенжикентқазбаларында табылған ҮШғ-мен даталанған материалдардан белгілі.

Барыстың басы бедерлендіріп салынған кашин ыдыстың қалдығы, сондай-ақ кашиннен жасалған, анық шет елдік, тамаша тостаған табылған. Оның беті мөлдір глазурьмен жағылған және өсімдік әуендері мен геометриялық формалар сипатындағы көркемсуреттермен әшекейленген.

Төрткөлдiң стандартты секциялардан құралған салыну жобасы, керуен жолы трассасында орналасуы, шет елдік заттардың табылуы оны Тараздың тура жанында орналасқан керуен-сарайдың қалдығы деп санауға мүмкіндік береді.

Тараз керуен жолдарының түйіскен жері және Талас аңғарының негізгі қаласы болған. Испиджабтан Таразға жүретін жібек жолы Шараб, Будухкет, Тамтадж, Абарджадж және Джувикат арқылы өткен. Соңғысы Тараздан батысқа қарай 2 фарсах кейін орналасқан. Джувикаттың орналасқан жері дәл тауып көрсетілген: ол-ежелгі Тараз қалдықтарынан 17 шақырым шығыстау орналасқан Бектөбе атты көне қала, яғни екі қала аралығы деректерде аталған екі фарсахқа тең болып отыр [2, 45 б.].

Атлах Тараздан 12 шақырым оңтүстіктеу жерде орналасқан Жуан-төбе атты ескі қала қалдығымен тепе-теңдестірілген. Соңғы жылдардың археологиялық зерттеулері бұл пікірге дәлел болатын жаңа материалдар берді. Жуан-төбе Талас алқабының ең ірі қала қалдықтарының бірі деп табылған. Ол VI-XII ғғ. даталанады [3, 53 б.].

Тараздан солтүстікке қарай жүретін жолдың ең ыңғайлысы Талас жағалауларымен өткен. Сондықтан Кевакиб жерін, екі қаласымен бірге,

Талас аңғарынан іздеу орынды. Тараздан солтүстікке қарай тұрған Орта ғасырлық көне қалалардың ішіндегі ең ірілері Тоймакент пен Оххум.

Тараз бен көне қала қалдықтарының арасындағы қашықтық 50-55 шақырым, ал бұл деректерге сәйкес келеді.

Таразға жақынырақ тұрған Адахкент қаласын Тоймакентпен, ал дех Нуджикесті – Оххум қаласымен, тепе—теңдестіру керек. Бірақ жаңа археологиялық материалдарға негізделген басқа да пікір бар. Адахкент пен Дех Нуджикестің қоныстанылған жері Жамбылдан 30 шақырым солтүстік-шығысқа қарай орналасқан Асса аңғарындағы Қаракемір көне қала қалдығының орнында болуы мүмкін. Аэрофотосуреттер мен көз көрерлік зерттеулердің нәтижелерін үйлестіре талдау Қаракемір-1 және Қаракемір-2 қалдықтарының айналасында бүкіл ауылшаруашылық аймақты қоршап тұрған ұзын қабырға бар екендігін анықтауға мүмкіндік береді. Сонда бүкіл бұл ерекше Кевакиб жерімен тепе-теңестірілуіне болады, ал сонда қалалар сол жердегі екі қала қалдықтарына сәйкес келеді.

Жібек жолы трассасында шығыс бағыттағы келесі қала ретінде деректер Төменгі Барсханды атайды. Ибн Хордадбех пен Құдаманың жол бағдарламалары бойынша Төменгі Барсхан Тараздан 3фарсах жерде орналасқан. Ол туралы былай делінген: «Барсхан – Тараздан шығысқа қарай екі адам дауыс қашықтықтағы қала, оның айналасында қабырға, ол қирап та қалыпты. Алқалы мешіт базарлардың ішінде».

Қаладан шығыстау жерде бөлек-бөлек төбешік болып қалған құрылыс іздері байқалады. Бұл қаланың ауыл шаруашылық аймағына кіретін жеке қоныс қалдықтары. Үлкен масштабты кварталдың аэрофотосуреттерінің мәнін ашып талдау бізге орталық қауырықтардың айналасынан олардан 1,5-2км. Қашықтықтағы территорияны қоршап тұрған ұзын қабырғаның қалдықтарын табуға мүмкіндік береді.

Ішкі қамалда жасалған қазбалардың нәтижесінде жобасында тікбұрыш және шаршы болып келген бөлмелер тобы ашылды. Едендеріндегі жер-ошақтар мен олардың жанындағы тас төселген орындар тазартылды. Бөлмелердің бірінде күлгін қырдан жасалған өлшемдері 2,5х3,7 м. кішкене алаң болған. Оның жанында жерге қазып орнатылған биіктігі 1м., тұлғасының диаметрі 70см., хум табылған. Бұл құрылыс шарап жасайтын жердің қалдықтары болып шықты.

Ішкі қамалдың жоғарғы құрылыс қабаты Х-ХІІ ғасырлармен даталанған. Шахристанда жасалған қазбалар ошақтары мен тандырлары бар бірнеше үй-жай қора-қопсы құрылыстарды ашқан. Олар VIII-IX ғасырлармен даталанады [4, 84 б.].

Әдебиеттер тізімі.

1. Ф.Назаров Записки о некоторых народах и землях средней части Азии М.1968г. с.33

2. Лаврентьев В. Әулиеата қаласының шеңберінде жатқан төбелердің қысқаша тізімі. Ташкент, 1900ж. 40-45 бб.

3. Каллаур В.Әулие атадан батысқа қарай Шымкент уезінің шекарасына жүрген ескі Керуен жолындағы Әулие-ата уезінің ежелгі қоныстары. ПТКЛА ІҮ том, 1899, 53 б.

4. Волин С.Л. Талас өзені аңғары мен оған жанама алқаптар туралы араб деректерінен мағлұматтар, 84 б.

Түйін

Мақалада ежелгі Тараз қаласы жайлы жазылады. Тараз – тарихымыздың алтын діңгегі. Осынау тарихы тасқа, шежіресі құмға сіңген киелі өлкеде ежелгі дәуірлерден, орта ғасырлардан жеткен ұзын-саны 1000-нан асып жығылатын тарихи-мәдени мұралар бар. Бұл қасиетті мұралар тек бір елдің, бір ұлттың мүддесі үшін емес, бүкіл Жер шарын мекен ететін адамзат үшін қызмет етіп келеді.

Резюме

В статье рассказывается о древнем городе Тараз. Тараз - золотой столп нашей истории. Эта священная земля, история которой высечена на камне, насчитывает более 1000 исторических и культурных наследий древнейших времен и средневековья. Это священное наследие служит интересам не только одной страны и одной нации, но и всего человечества.

Summary

The article tells about the ancient city of Taraz. Taraz is the golden pillar of our history. This sacred land, whose history is carved in stone, has more than 1000 historical and cultural heritage of ancient times and the Middle Ages. This sacred heritage serves the interests not only of one country and one nation, but of all mankind.

ТАРИХҚА ТОЛЫ - ТАҚСАЙ ХАНШАЙЫМЫ

Г.Р. Кайыржанова - әлеуметтік-гуманитарлық пәндер ПЦҚ оқытушысы
Жоғары аграрлық-техникалық колледжі

А.М. Сариева - әлеуметтік-гуманитарлық пәндер ПЦҚ оқытушысы
Жоғары аграрлық-техникалық колледжі

Кез-келген халықтың тағдыры тамыры терең тарихтан бастау алатыны шындық. Қазақтың арғы-бергі тарихында бүгінгі ұрпақ ұялатын ұятты оқиға болған емес. Ұшқан құстың қанаты талатын кең байтақ Ұлы дала төсінде батыр бабалар тұлпардың тұяғын тоздырып жасаған ерліктері бізге аңыз

болып жетті. Көкірегі кеніш, сөзі пейіш ақберен ақындарымыздың халықтың намысын оятып, жігерін жаныған өлеңдері ауыз әдебиеті арқылы бізге жетті. Қауырсын қаламын жанына серік етіп, халқына даналықтың сәулесін шашқан данышпан ғалымдардың даңғайыр еңбегі ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып бізге жетті. Біздің осындай тамаша тарихымыз өскелең ұрпақтың рухын оятып асқақ армандарға бастай береді [1].

Өлкетану арқылы өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тербиелеудің бір жолы туған аймақтың археологиялық ескерткіштерімен таныстыру болып табылады. Даладан табылған көлемі үлкен, ауыр салмақты заттай ескерткіштерді мұражайға әкеліп қоя алмайтынымыз белгілі. Оларды сол орналасқан жерлерге барып қана көре аламыз. Әрбір жас өзінің кіші Отаны - туған аймағында тарихтан қандай жәдігерлер барын, олардың мән маңызын білгенде ғана туған өлке тарихын білуге, құрметтеуге деген сезімі оянады. Өлкенің кез келген оқушыларына тиісті білім беріп қана қоймай, олардың Ел мен Жердің қасиетін бағалайтын, туған топырақтың қадірін біліп, өңірін қадірлейтін және сол өңірдің зиялысына айналатын тұлға ретінде қалыптастыру. Бүгінгі өңір зиялыларын қалыптастыру ісі – ел іргесінің тірегін нығайту үшін жасалып жатқан қадам екенін айтып кетуге болады. Өлкетануды меңгеру барысында: өлкетанудың тарихи материалдары әртүрлі пәндер бойынша кеңінен қолданылады. Өлкетанулық білім беру барысында туған өңір жайлы білім алып қана қоймайды, өлкетанулық құзіреттілік те қалыптасады; жергілікті білім беру үрдісінде тек туған жер туралы білімді ғана емес, сонымен қатар, өлке тарихынан біліктілігін қалыптастыру үдерісі де жүреді. Білім беру жүйесінде өңір жайлы білім, құзіреттілік, дағдылар, қоғамның тәжірибесімен жалпы білім беру саласындағы білімді кешенді түрде меңгеруі қалыптасады. Оқушыларды білім беру үрдісінде меңгерген білімге, дағдыға, тәжірибеге және дүниеге эмоционалды-құндылықты көзқарас танытқан әлеуметтік тәжірибе, болашақ тұлға болуы және жеке дамуына және өзін-өзі дамытуына, материалдық және рухани мәдениетін дамытудың маңызды факторына негіз болып табылады.

Елбасымыздың Н.Ә.Назарбаев ұлтты, елді рухани жұтаңдаудан аман сақтаудың амалы деп Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында Қазақстанның киелі жерлерінің географиясын бір картаға топтастыру туралы тапсырма берді. Осыған орай елдің әр аймағынан тарихы таңғажайып, ұлт мақтанышы, бабаның аманаты, өткеннің мұрасы болған ескерткіштер кешенінің киелі жерлер картасы жасалды. Сондай киелі жерлердің бірі де бірегейі Қазақстанның киелі жерлер географиясы картасына енген ескерткіш БҚО Теректі ауданы Долинное ауылында ашылған «Тақсай ханшайымы» кесенесі.

XX ғ 70 жылдарынан бастап сармат мәдениеті зерттеле бастады. Тарих және археология орталығы құрылған күннен бастап, 10 жыл бойы 50-ден астам сармат ескерткіштері зерттелді. Олар Сегізсай, Қырықоба, Бұлдырты, Облавка. 2012 жылы облыстық тарих және археология орталығының директоры М.Н.Сдыков пен ғылыми қызметкері Яна Лукпанованың

жетекшілігімен қорғаннан ежелгі сармат дәуіріне жататын ақсүйек бай әйел адамның жерлеу орнын тапты. Жерлеу орнынан табылған жәдігерлер облысымыздың Сегізсай кешенінен табылған «алтын әйел» мен Атырау облысынан табылған сармат алтын жауынгері жерленімдерінен ақпараттық жаңалығы және жасалу ерекшеліктері жағынан алға шықты.

1967 жылы ауылымыздың тұрғыны Долматов деген тракторист жер жырту кезінде бірнеше кейдейсоқ жәдігерлерге тап болады. Оны облысымыздағы тарихи өлкетану мұражайына тапсырады. Олар күміс ритон, алтын жүзік, ағаш ыдыстың ернеуіндегі жиектеме. Арада бірнеше жылдар өткеннен кейін 2012 жылы кездейсоқ жәдігерлер табылған жерге археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, 4 оба кешені зерттелді. Олар Тақсай I,II,III,IV. Қорғаннан табылған барлық заттар савромат-сармат кезеңінің тарихы мен мәдениеті туралы көп ақпарат алуға болады. Ең бастысы бұл ескерткіш тоналмай сол күйінде сақталған. Бұл қорғаннан табылған материалдар Еділ мен Жайық бойындағы өмір сүрген билеуші таптың жерлеу дәстүрінен мол мағлұмат береді.

Әйел мүрдесінің басы күнбатысқа қарай бағыттталып жатқызылған. Себебі, ежелгі сармат дәуірінде адамдар Күн құдайы Гелиосқа табынған. Адам өлген кезде оның жаны батып бара жатқан күнмен бірге күнбатыс көкжиегіне кетеді деген сенім болған. Қорымның оңтүстік және батыс қабырғасында жарты күнмен оның сәулелері ағаштан қабырғаға қағып жасалынған. Және сол қабырғады алтын айылбастар мен ат сүйектері кездеседі. Алтын айылбастар киімінде өте көп, денесінде діни сипаттағы күн қозғалысын бейнелейтін кескіндемелер бар. Бұған қарап, Күн құдайының қызметшісі немесе құдайдан адамдар үшін тілек тілеп, діни ырымдар жасағаны болуы мүмкін деген болжам бар. Ағаш пен сүйекке жасалған радиокөміртегі сапаптамасы қабірді б.д.д. VI ғ соңы мен V ғ басына жатады деп анықтады. Ғылыми зерттеу нәтижесі жерленген адамның әйел екендігін, өз қоғамында биік дәрежеде болғанын көрсетеді. Мүрде өртенгендіктен ДНҚ анықтау мүмкін болмаған. Ресейден келген кремерлеу жөніндегі маман Добровольская әйелдің көз жұмғандағы жасы 28-де, және аяғында кемістігі бар екендігі анықталды. Әйелдің бас сүйегі нашар сақталған. Сондықтан бет-бейнесін қалпына келтіру мүмкін болмаған. Сүйегі шалқасынан жатқызылып жерленген, беті солтүстікке қаратылған, жақ сүйегі сол иығында жатыр, екі қолы созылған, аяқтары бөлшектенген, табан және табан алды башпай сүйектері жоқ.

Әйелдің мойны мен қолында көптеген алтын әшекей бұйымдар болған. Әсіресе киімі мен бас киімі ерекше сәнделген. Бас киімі екіге бүктеліп, екі жіңішке пластинамен жалғасқан конус түрінде болған. Бас киімнің төбесінде тауешкінің басы бейнеленген. Ал киімінде сопақша және шаршы пішінде түйінделген қарама-қарсы самұрық-қойдың басы бейнеленген композициялы және самұрық қойдың 4 басы бейнеленген свастик түріндегі жапсырмалар көптеп кездеседі. Қолында биконустық пішінде алтын моншақтар табылған.

Әйелдің білегінен жыртқыш мүйізді жануардың шөппен қоректенетін жануарға шабуыл жасап жатқан бейнесі бейнеленген омега пішіндес алтын білезік табылды. Ондағы бейне жылдың аяқталып, жаңа жылдың келгенін, күн мен түннің теңелгенін білдіреді. Шолпысына келер болсақ, шолпы үш бөліктен құралған. 1 бөлігі конус тәрізді. Оған ұсақ шарикті дәндер, жүзім шоқтары түріндегі салпыншақтар бекітілген. 2 бөлігінде бидайдың дән түйірі түріндегі салпыншақтар, ал 3 бөлігінде тамшы түріндегі салпыншақтармен бекітілген. Яна Лукпанованың айтуынша үнді елімен байланыстың болғанын білдіреді [2].

Қабірдің солт-батысында салт-жоралық кешен табылды. Онда қойылған рәсімдік бұйымдар әйелдің бақсы-балгер болғанын көрсетеді. Сол кезеңдегі сенімге сәйкес бақсы әйелге қызмет етуі үшін аяқ жағына екі әйелді өлтіріп бірге көмген. Олардың біреуінің 20 жас, екіншісі 40 жас шамасында. Оларды құрбандыққа шалғаны анық. Себебі екі қызметші әйелдің бастары шабылған. Ежелгі көшпелілерле құрбандық шалу рәсімі көптеп кездеседі.

Кешеннің басты жаңалығы – Тақсай тарағы. Оның ортасында тікбұрышты көріністегі арбада әскери соғыстың бейнесі көрінеді. Мұндай екі жақты тарақтар Шығыс пен Римде кездеседі. Сонымен бірге қабы жаңғақтан жасалған ағаш қорапшада дөңгелек тұтқалы айна болған. Тұтқасында самұрық құстың басы бейнеленген [3].

Жерлеу орнында екі ілмекті, екі тұтқалы, ернеуі сыртқа қарай майысқан, ішкі беті тегіс, сұйық ағатын түтігі мойнын созып тұрған түйенің бейнесінде жасалған қола қазан мен сопақша пішіндегі 24 тесіктен тұратын түгін қоятын қола ыдыс табылған. Тақсай кешенінен табылған жәдігерлердің құндылығы өте жоғары. Скиф-сақ тайпалары жөніндегі мәліметтер көне парсы – иран жазбаларынан белгілі болса, батыс өлкесін мекендеген көшпелілер туралы материалдар жоқтың қасы. Сондықтан алынған барлық жәдігерлер ұлттық тарихымыздың өткенін зерделеп, қайта қалпына келтіруде үлкен мәнге ие. Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында өлкемізде бірнеше елеулі істер атқарылды. Осы өңірді мекен еткен көне халықтың ұрпақтары байырғы баба тарихын қастерлеп, 25 ғасырдан кейін киесін қайта тапқан қасиетті мекенде еліміздің жалпыұлттық қасиетті нысанының тізіміне кірген сармат кезеңіне жататын алтын адамға арнап, Орал-Ақсай күре жолының бойында 7 метрлі Тақсай кешенесі аудан меценаттарының қолдауымен бой көтерді.

Елбасымыздың 2018 жылдың 21 қарашасындағы «Ұлы даланың жеті қыры» деп аталатын мақаласында, төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор делінген. Аталған ескерткіштің әліде зерттелмеген тұстары баршылық. Бұл, әрине, жастардың еншісінде, зерттеушілердің зердесінде [4].

Мемлекет басшысы «Туған жер» бағдарламасының мәнін түсіндіре келіп білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізудің маңыздылығына тоқталды. Орта мектепте туған жердің тарихын оқыту ісіне

назар аударады. Нәтижеге бағытталған бұл жобалар арқылы таяу жылдары жалпыхалықтық қоғамдық сананы жаңғырту – оқу-тәрбие жұмыстарының басты бағдарына айналды. Мақсат – жаһандану үдерісіне жұтылып кетпейтін, ұлттық бірегейлік пен дәстүрімізді сақтаған, бәсекеге қабілетті саналы азамат тәрбиелеу болып табылады. Өлкетану белгілі бір өңірдің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын, мәдениетін зерттеумен шұғылданатын ғылым мен мәдениет саласы; шағын аумақтың табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын және мәдениетін, елді мекендерін олардың таяу төңірегімен қоса зерттейтін ғылым мен мәдениет саласы.

Әдебиеттер тізімі.

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы 12 сәуір 2017. <http://online.zakon.kz/>
2. Сдыков М.Н. Лукпанова Я.А. Ранние кочевники Западного Казахстана (на примере комплекса Таксай I) – Полиграфсервис, Уральск, 2013.
3. Батыс Қазақстанның Ежелгі Көшпенділері (Таксай I кешені мысалында) The Early Nomads of west Kazakhstan (by the example of the Taksai I mound complex
4. К.Алтынбеков. «Возрожденные сокровища Казахстана». (Алматы, 2014)

Түйін

Мақалада Киелі жерлердің бірі де бірегейі Қазақстанның киелі жерлер географиясы картасына енген ескерткіш БҚО Теректі ауданы Долинное ауылында ашылған «Таксай ханшайымы» жайлы.

Резюме

Статья посвящена памятнику географии Святой Земли Казахстана «Таксайской принцессе», открытому в селе Долинное Теректинского района ЗКО.

Summary

The article is devoted to the monument of geography of the Holy Land of Kazakhstan "Taksai princess", opened in the village of Dolinnoye, Terpektinsky district, WKO.

ЯДРО КЕРАМИЧЕСКОЕ

М.С. Касенов – к.и.н.,
Атырауский университет
им. Х. Досмухамедова

Средневековый город Актобе–Лаэти Золотой Орды, расположенный на окраине современного города Атырау на площади Актобе к востоку от села Томарлы (Казахстан). Ремесленные поселения и остатки означают, что это археологический памятник. Город был разрушен в начале XIV века в результате поднятия уровня Каспия, а также подтопления реки Урал.

Город Сарайшык Золотой Орды расположен на правом берегу реки Урал, в районе села Сарайшык Махамбетского района Атырауской области (Казахстан). Расположен в 50 км к северу от современного города Атырау. В 1242-1280 гг. город Золотой Орды, затем город Ногайской Орды, а с 1511 г. – город Казахского ханства при Касым-Хане.

В 1989 году в городке Актобе–Лаэти был обнаружен первый фрагмент керамики «ядро» с отверстием. Затем 1991, 2019 годах на верхних слоях города были обнаружены еще 2 целых керамических «ядра».

В 2019 году в кварталах городища Сарайшык раскопано керамическое «ядро». Этот шар был признан самым большим из найденных на территории Золотой Орды. Внешняя сторона керамического ядра гладкая и красного цвета.

В городах Золотой Орды встречаются керамические артефакты в форме шара. О том, для каких целей они использовались в связи с их формой и созданием, в науке нет единого мнения. Керамический экспонат имеет разные названия: ядро, шар или химический сосуд.

Чтобы ответить на эти вопросы, проанализировав имеющиеся на данный момент экспонаты, я решил выяснить причину их создания и представить публике.

Первым, кто нашел и исследовал город Актобе - Лаэти, был краевед В.К. Афанасьев. Он исследовал город в 1950 году и обнаружил, что это средневековый Город Золотой Орды [1, 51 с.].

Археологи были уверены, что Золото Ордынский Актобе - Лаэти был городом торговым и ремесленным. Городе были мастерские, обеспечивавшие всем необходимым не только горожан, но и кочевников – здесь была развита металлургия: от выплавки металлов до ювелирной обработки, работали кожевенные, косторезные, камнерезные, гончарные, хлебопекарные производства [2, 52 с.].

1989 году *первый* фрагмент керамической «ядро» найдено в помещении №3. На расстоянии 2,6 метров от южной стены, 1 метра от восточной обнаружен фрагмент красно глиняной шарообразной «ядро» с отверстием в диаметр – 1 см. Наружный стороны керамического ядры ровный и красно лощеный. Диаметр керамических ядро 13 см., толщина стенок от 1 см до 2 см. Рисунок 1. [3. 42 с.].

Найдено **второе** ядро в верхних слоях. Юго - восточной части раскопа в городище Актобе - Лаэти 1991 годах. Диаметр ядро 13 см. Наружный стороны керамического ядры ровный и красно лощеный. На поверхности ядра расположены 4 отверстий - сквозных. Отверстия расположены на

расстояниях от 5 до 7 см диаметр отверстий в пределах - 0,5 см и металлический шариком «погремушкой» внутри, пустотелое изделия. Рис. 2. [4, 82 с.].

2019 году **третье** керамическая «ядро» найдено в верхних слоях. Северной части раскопа городище Актобе-Лаэти. Диаметр ядро колеблется от 12 до 14 см. Поверхность выровнена со слегка заметными плоскостями. Поверхность имеет различный окрас: зеленовато сырцовый, коричневый, цвет красной обожжённой глины и частично покрыта чёрным цветом от пребывания в слоях со следами огня. На середине расширенной части диаметра ядра заметно горизонтально расположенное углубление (возможно-следствие усадки глины при соединении верхней и нижней части). Рис. 3.

На поверхности ядра расположены 5 отверстий - сквозных, при толщине стенок ядра в пределах 3 см и металлический шариком «погремушкой» внутри, пустотелое изделия. Отверстия расположены на расстояниях от 5 до 7 см между собой на условно разной высоте от нижней (или верхней) «полюсной» точки. Две пары отверстие условны расположены друг против друга. Диаметр отверстий в пределах - 0,5 см. [5, 81 с.].

2019 году керамическая «ядро» найдено в 1,30 м глубинах слоях городище Сарайшык. Диаметр ядро – 17,5 см и металлический шариком «погремушкой» внутри. Этот шар был признан самым крупным из найденных, на бывшей территории Золотой Орды. Наружный стороны керамического ядры ровный и красный. На поверхности ядра расположены 3 отверстий - сквозных. Отверстия расположены на расстояниях от 5 до 7 см диаметр отверстий в пределах -0,5 см. Рис. 4. [6, 71 с.].

Аналоги такое ядро найдена в городе Азова (Российская Федерация), во дворе частного дома, где вскоре должно начаться строительство, они раскопали керамический шар диаметром - 12 сантиметров с отверстиями. Азова находится на территории некогда процветавшего золотоордынского торгового города Азака, в котором проживало порядка 20 тысяч человек. Через него проходил «великий торговый путь» между Европой и Китаем. Здесь жили торговцы, рыбаки, ремесленники.

На раскопках в центральной части города археологи сделали очередную находку, это тоже был керамический шар, но его диаметр, в отличие от аналогичных находок, составлял 16 сантиметров. По мнению заведующего отделом археологии Азовского музея-заповедника Андрея Масловского, он был изготовлен не в Азаке, поскольку отличается от местной керамики по составу глины и технологии обжига. Рис. 5.

Такие предметы изредка, но устойчиво встречаются в ордынских городах в т.ч. в обломках. Описание есть во втором томе Фёдоров-Давыдов «Золотоордынские города Поволжья. Керамика. Торговля. Быт. М., 2001».

О назначении есть две версии:

а) Химический ремесленный сосуд;

б) Метательный снаряд. [7].

Такие шары использовали для проведения реакций, где требовался длительный подогрев в закрытой емкости. Археологи считают, что окончательной целью древних ученых, работы с различными веществами, были лекарства или дорогостоящий парфюм.



Рис. 1. Ядро керамическое 1. г. Актобе–Лаэти. (РК).



Рис. 2. Ядро керамическое 2. г. Актобе – Лаэти. (РК).



Рис. 3. Ядро керамическое 3. г. Актобе – Лаэти. (РК).



Рис. 4. Ядро керамическое. г. Сарайшик. (РК).



Рис. 5. Ядро керамическое. г. Азак. (РФ).

Но нет полной информации о том, для чего использовались керамические ядра. Как их использовали. Остается загадкой, каким образом он выполнен в виде шара, какова функция его отверстий, какая жидкость залита и металлический «шариком» внутри.

На эти вопросы мы надеемся найти ответы в будущем. Керамические шары, которые до сих пор встречаются в городах Золотой Орды, свидетельствуют о том, что средневековые рукодельники изготавливали не только глиняную посуду, но и различные предметы быта.

Список литературы.

1. Афанасьев В.К. К истории северо-восточного Прикаспия. Реестр археологических памятников области. ЗО НАН РК. Атырау, 1996. 60 стр.
2. Галкин Л.Л., Касенов М.С., Афанасьев В.К. Средневековое городище Актоб - Лаэти (XIII-XV вв.). – Атырау: Типография АГУ им. Х. Досмухамедова, 2013. – 100 стр.; Галкин Л.Л. Отчет СВАЭ - 1975 г. 30 стр.
3. Самашев З. Отчет ЗКАЭ - 1989-1991 г. 40 стр.
4. Галкин Л.Л., Касенов М.С., Афанасьев В.К. Средневековое городище Актоб - Лаэти (XIII-XV вв.). – Атырау: Типография АГУ им. Х. Досмухамедова, 2013. –100 стр.
5. Отчет по археологическому исследованию средневекового городища Актобе - Лаэти, расположенной на территории Атырауской области, в 2019 год. 88 стр. / Состав.: Харипова Р., Касенов М.С.
6. Отчет об археологических работах по теме: Исследование средневекового городища Сарайчик. / (Ортағасырлық Сарайшық қаласының зерттелуі). Атырау, 2019 г. 205 стр. / Состав.: Харипова Р., Муктар А., Плахов В. В. и др.
7. Федоров-Давыдов Г.А. Золотоордынские города Поволжья. Керамика. Торговля. Быт. М.: Издательство МГУ, 2001. - 256 стр.

Түйін

Мақалада Алтын Орда қалалары Ақтөбе–Лаэти мен Сарайшықтан табылған қыш шарлардың, жасалуы және оның пайдалануы талқыланады. Қыш шарлар орта ғасырда екі мақсатқа қолданылған, химиялық ертінділер жасауға және соғыста оты шарлар дайындауға.

Резюме

В статье обсуждается создание и использование керамических шаров, найденных в городах Золотой Орды Актобе – Лаэти и Сарайшык. Керамические шары использовались для двух целей в средние века, для изготовления химических растворов и для приготовления огненных шаров в войне.

Summary

The article will focus on the creation and use of ceramic balls found in Aktobe-Laeti and Saraishyk cities of the Golden Horde. Ceramic balls were used for two purposes in the Middle Ages, for making chemical solutions and for making fireballs in war.

ҚАЗАҚСТАНДА КЕҢЕСТЕР БИЛІГІНІҢ ОРНАУЫ ЖӘНЕ Ә. ӘЙТИЕВТІҢ РӨЛІ

М.М. Куанышева – магистрант,
М.Өтемісов атындағы БҚУ
Орал қаласы

2021 жыл қазақ тарихында бірқатар маңызды оқиғалар мен тарихи даталар атап өтілетін ерекше жылдардың бірі. Соның ішінде 2021 жылы мемлекет және қоғам қайраткері Әбдірахман Әйтиевтің өмірге келгеніне 135 жыл толып отыр.

Мемлекет қайраткері Әйтиев Әбдірахман 1886 жылы Орал облысы Орал уезі Қараоба болысы Сүгірбай ауылында (қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы) дүниеге келген. Әкесі Әйтей Құлмағамбетұлы кедей шаруа болсада, өте кішіпейіл, ауылға сыйлы адам болған. Тұрмыс жағдайының ауыртпалығынан күні-түні шаруашылықпен айналысып, өз еңбегімен күнелткен [1]. Тегі – Жетіруға жататын Кердері руы. 1901 жылы Қараоба болыстық бір кластық орыс-қазақ мектебін бітірген. Ол 1904-1909 жылдары Орал уезінің 1-учаскесі төбе биінің жалдамбалы шабарманы және от жағушысы, Орал уездік Податтық инспекторының тілмәші, Орал уезі 6-учаскесі төбе биінің тілмәші, іс жүргізуші қызметтерінде болды.

Ә.Әйтиев біршама сауатын ашып, Орал қаласының мировой судьясының жанындағы аудармашы, кейін аға іс жүргізуші болып қызмет етеді. Қараоба болыстық басқармасында писарь болып жүріп, кітапхана көп отырады, көп оқиды. Осындай ынтасын байқаған губернатор Әбдірахманға «Очерки истории киргиз» кітабын сыйға тартады [2, 12 б].

Ә.Әйтиев еңбек адамдарының қандай қиын жағдайда өмір сүргенін көріп, түсіне бастайды. Айнала қаптаған заңсыздық, жемқорлық, пара алу, ұрлық-қорлық, шенеуніктер мен байлардың дөрекілігі. Сонымен бірге оның келешекке сенімі, бостандық пен жарқын өмірге жетуге деген үміті арта түседі. Енді оның өз халқыда, бақаларда Ресей халықтары сияқты жие көтеріліске шыға бастайды. Кешегі тып-тыныш Орал кңіріде анда-санда ртқа оранып, жергілікті тұрғындар мен семерген казактар, кулактар және байлармен қарулы шайқастарға барады.

Бір мақаласында былай деп жазады: «Как-то я прочитал что великий Ленардо да Винчи советовал художникам наблюдать за игрой света, чаще смотреть на облака. Оны помогают развивать воображение. Действительно сколько различных картин можно увидеть в поднебесье. Одна сменяется другой. Но чаще всего мне виделся серебрянный конь с всадником. И когда над степью громыхала гроза, мне чудился бой Зергера с Карабатыром. Казалось, навечно свет заврывался с черными тучам. Но утихал ливень, открывалось солнце, и снова появилось голубое небо ... » [3, 162 б].

1905 жылдың жазынды Орал қаласында РСДРП ұйымының қалыптасуы аяқталады. Оның қатарына теміржол депосы баспаханасының жұмысшылары және жергілікті интеллигенция, яғни бірқатар зиялы қауым өкілдері кіреді. 1906 жылы Орал қаласында маңызды оқиға болады. Ол көпшілік болып өткізілген «маевка». Бірінші мамырдың түніне қарай большевиктер «Жұмысшыларға үндеу», «Патшалық өкіметке сенбендер!» деген үндеу-хаттар таратады. Бірінші мамыр күнін демалыс деп жариялап, шеруге 800 теміржолшы мен қалалық жұмысшылар шығады. Оған Әюдірахман Әйтевте белсенді қатысады. Шілде де Орал қаласының диірмен және баспахана жұмысшылары ереуілдері басталады. Олардың талаптары – жұмыс күнін қысқарту және жалақыны өсіру болды [2, 14 б].

Осы жылдары Ә.Әйтиев 1910-1913 жылдары Орал қаласында төбе бидің аға іс жүргізушісі әскер аттары учаскесінің меңгерушісі, аң-құс құтқару қоғамының және әуе әскери флотын күшейту қоғамының мүшесі, жалданба ауыл хатшысы, болыстық писарь жұмыстарын атқарды [4, 89 б].

С.Д.Арганчеев өзінің естелігінде былай деп жазады: «В Уральске после встреч и бесед, были привлечены к активной революционной деятельности Абдрахман Айтиев, Губайдулла Алибеков, Бисен Джаникешев, Габит Сабаев, Хайдар Ирмуратов, Габбас Саубеков, Жалау Мынбаев, Амиргали Ипмагамбетов, Нугман Манаев, Шукур Чагров, Хамид Чурин, Хусаин Ишанов, Гусман Азарбаев, Нурсултан и Зинекен Бекетовы и другие. После знакомства с программой социал-демократов оны прониклись революционными идеями, стали их пропандировать, и с тех пор «нелегальная литература», в особенность листовки, переводились на казахский язык и в рукописном виде пересылались из аула в аул... Скромный казахский учитель Губайдулла Алибеков и юный переводчик Абдрахман Айтиев часто увозили в аулы нелегальные большевистские листовки...» [2, 14 б.].

Бірінші орыс төңкерісі жылдарында жас Ә.Әйтиевтің саяси көзқарасы толық нығая түседі. Енді оның патшалықтың құдіретті үстемдігіне қарсы күресу үшін төңкеріс жолында бүкіл еңбекшілердің бірігіп, бостандық пен тәуелсіздікке жетуге болатындығына көзі жетті.

Полицияның қадағауына қарамай Ә.Әйтиевке және оның пікірлестері төңкеріс идеяларын ашық тарату жолдарын іздеуге жалықпады. Орал

қаласында 1911 жылы прогрессивтік жастар тобы (оның ішінде Ә.Әйтиев, Ғ.Тоқай, Н.Смуров, Н.Ульянов т.б. бар) жалпыдемократиялық мазмұнды «За свободу» газетін шығара бастады. Оның беттерінде күрделі мәселелер, оның ішінде халықтың қоғамдық және экономикалық өмір, көшпенді өмірден тұрақтылық жағдайға ауысу, халық білімінің өсуі, әйелдердің тұрмыстық жағдайы, феодалдық-рушылдық қатынастары т.б. жазылады. Осы газет 1912 жылдың Лена оқиғаларын ең алғашқы болып хабарлады. Өзінің іс қимылымен «За свободу» газеті еңбекшілердің саяси сана-сезімін оятып, өсіруге себепші болды [2, 14 б].

Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс Әбдірахманның ауылдың кедейлері арасынан шыққан нағыз революционер болып қалыптасуына негізгі себеп болды. Езушіліктен әбден шаршаған көпшілік қауым жаңа өмір үшін, өзінің құқығын қорғауға үшін күресуге оянып, дайын болғанына Абдірахманның көзі жеткендей болды.

1917 жылы қаңтарда болыс Бекше Қисықовпен бірге сайлауға түсіп, Қараоба болысының управительдігіне сайланды. 7-наурыздан меньшевиктер мен эсерлер құрған Жайық сырты бөлігі Революциялық комитетінің кооптациялық негіздегі төралқа мүшесі. 1917 жылы 20-наурызда комитет құрамынан шығып, Б.Қаратаев, Д.Күсепқалиев, Ы.Тоқберлинов, Ғ.Әлібековпен бірге Жайық сырты бөлігі азаматтық комитетіне төралқа мүшесі және ұйымдық хатшы болып сайланады. 1917 жылы сәуірде өткен 1-Қазақ Орал облыстық, съезін ұйымдастырушылардың бірі болды.

1917 жылы жазда Қараоба болыстық земство управасының мүшесі және управа милициясының бастығы қызметін атқарып, Жайық өңірінде астықпен алыпсатарлық жасаушыларға қарсы күрес ісін ұйымдастырды.

1918 жылы тамыз-желтоқсан аралығында Орал ревкомы мен Қызыл армия командованияесі құрған Богдановка астыртын ұйымының жеті адамнан тұратын жауынгерлік барлау тобының, мүшесі, астыртын атқару комитетінің төралқа мүшесі болды [1].

Ә.Әйтиев 1918 жылдан бастап Орал ревкомының тағайындауымен Жайық сырты бөлігінде Кеңестер ұйымдастыру ісімен айналысады. Орал қаласындағы төңкерістен кейін Орал әскери үкіметінің әскери-дала соты тарапынан ату жазасына кесіледі, осыған байланысты Қараоба болысындағы Федоровка, Богдановка селоларында, Жымпиты ауылының түбіндегі Хакім Бекебасовтың үйінде жасырынып жүреді. Осы жылы 1918 жылы шілдеде Жымпитыдан Темір уезіне өтеді. Осында Ташкенттен келе жатқан Мұстафа Шоқаймен кездеседі [1].

1919-1920 жылдары Батыс Қазақстандағы Қазақ төңкерісі оқиғаларына және азамат соғысы кезінде қызылдарды қолдады [4, 92 б].

25-Чапаев дивизиясының 3-бригадасының саяси бөлімінде, Орал ревкомы үгіт-ұйымдастыру қосалқы бөлімінің және әскер қатарына тарту бөлігінің меңгерушісі, Орал ревкомы Ұлттар коллегиясының мүшесі және Қазақ атты әскер бригадасын ұйымдастырушылардың бірі болды. Қызыл

армия құрамында атты барлау жорықтары сынды тағы басқа да жауапты қызметтерді атқарды.

1920-1921 жж. Кеңестердің бүкілқазақстандық құрылтай съезін өткізуге, Қазақ автономиясының солтүстік шекарасын белгілеуге белсене араласты. Ақмола губревкомының төрағасы болды. ҚАКСР Ішкі істер халық комиссары, ОАК төралқа мүшесі, 1921-1925 жылдары Орталық әкімшілік комиссиясының төрағасы, ҚАКСР Еңбек халық комиссарының орынбасары және еңбек қорғау бөлімінің меңгерушісі, өлкелік кеңес-партия мектебінің Батыс Қазақстандағы революциялық қозғалыс жөніндегі лекторы, “Сырье” акционерлік қоғамының Қазақ бөлімінің басқарушысы (1926); РКФСР Мемлекеттік сауда басқармасының Қазақстан және Батыс Қытай бойынша уәкілетті өкілінің орынбасары, оперативті бөлім меңгерушісі (1927); “Казторг” қоғамы басқармасының төрағасы (1928), Қазақ зооветеринарлық институтына әкімшілік-шаруашылық бөлім проректоры (1930); ҚАКСР Орталық музейінің директоры (1931); ҚАКСР Осоавиахим Орталық кеңесінің төрағасы (1932); ҚАКСР Халық комиссарлары кеңесінде консультант (1933); Алматы Мемлекеттік қорығының директоры, “Ақкөл” курортының директоры (1934); Әулие-ата теміржол бөлімшесінің фабрика-завод мектебінде мұғалім (1935) қызметтерін атқарды.

Әбдірахман Әйтиев Қазақстанның Батыс аймағындағы революциялық қозғалыс және азамат соғысы тарихын алғаш зерделеген авторлардың бірі. Оның қаламынан 1920 жылы туған “Революционное движение в Уральской области”, “Октябрьская революция в Уральской области” мақалалары осы тақырыптағы толымды еңбектердің қатарында саналады [5, 161-163 б.].

Әбдірахман Әйтиев 1936 жылы 16-қарашада Жамбыл қаласында ұзаққа созылған науқастан қайтыс болды. Алматы, Орал қалаларында Әбдірахман Әйтиевтің атына көше берілген, 1992 жылы Орал қаласындағы Әбдірахман Әйтиев атындағы көше алаңына мүсінші Ю.Д.Баймұқашевтің авторлығымен ескерткіш бюсті орнатылған.



Әбдірахман Әйтиев (1886-1936)

Әдебиеттер тізімі.

1. Көлбаев Т. Ерлік пен қасіретке толы өмір. // <http://urker.kazgazeta.kz/news/5626>
2. Көлбаев Т., Әйтиева Р. Әбдірахман Әйтиев – ерлік пен қасіреткер толы өмір. – Алматы: Арыс баспасы, 2006. -324 б.
3. Установление Советской власти в областях Казахстана (1917-1918). Сб. Статей. –Алма-Ата, 1957.
4. Әйтиев Әбдірахман // Тілешов Е., Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Сардар» баспасы, 2014. – Б.89-92.
5. Әйтиев Әбдірахман // Батыс Қазақстан облысы: энциклопедия / бас ред. Ғ.Әнес. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2002. – Б.161-163.

ДӘУЛЕСКЕР КҮЙШІ ҚАРШЫҒА АХМЕДИЯРОВ: ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

С. Купашев – магистр, тарих пәні мұғалімі
Д. Төленов атындағы

Кең байтақ қазақ даласы домбыра шанағынан күй сауылдатқан дарынды таланттарға кемдік етпеген. Қазақ өлкесінің күйшілік өнері күй атасы Құрманғазы, дәулескер күйші Дәулеткерей, күй анасы Дина, батыр күйші Махамбет, батыс күйшілік мектебінің өкілдері Абыл, Есір, Құлшар, Өскенбай, Мұрат, Ерғали, арқаның атақтысы Тәттімбеттен бастау алатыны тарихтан белгілі.

Елімізде күйшілік мектеп қаншалықты көп болса, соған сай қағыстары да сан алуан. Осындай шеберлікті біршама меңгергендердің бірегейі Қаршыға Ахмедияров болатын. Қ. Ахмедияров 1946 жылы 25 наурызда Атырау облысы, Махамбет ауданы, Таңдай ауылында күйші, қиссашы, саятшы бір басына алуан түрлі өнер қонған Ахмедияр Көшәліұлы отбасында дүниеге келген [1, 20 б.].

Қаршыға Ахмедиярұлының орындаушылық үрдісте дара шығуының табиғат үйлестірген, тәңірден берілген заңдылықтары көп-ақ. Бұл біріншіден – ана сүтімен келген дарқан дарыны. Екіншіден – небір шідер үзген дүлдүлдер Құрманғазы, Дина, Махамбет, Исатай, Шернияз, Бала Ораз, Мұрат, Қиса, Аухат шабыты шалқыған асқақ Атырау өлкесінде дүниеге келуі. Үшіншіден – әкесі Ахмедиярдың тәрбиелік мектебінен өтуі. Таңды ән-күймен атырып, терме түстендіріп, жыр жоралғы болған жанұяда төрт жасар бала Қаршығаның ермегі де, ойыны да кішкентай домбыра болды. Бұл төртінші заңдылық. Әрі өтіп, бері кеткен емес, әйгілі өнер адамдары әдейі ат басын тіреп, шабыт сусындатқан шаңырақ. Осы дәстүрлі жолдан Қаршыға Ахмедиярұлы бір табан тайдырмаған. Қазақстандағы күйші, әнші атаулының бәрін өз отауына шақырып, қонақ етіп, дәм татқызып, кешті күймен ашып, таңды әнмен талмай атырған өнер жарыстары – бесінші заңдылық [2, 7 б.].

Мектептен кейін Атырау музыка колледжісінің хор дирижері мамандығына қабылданады. Тамағын салқын ұстап, даусы ауырып оқуын жалғастыра алмайды. 1964 жылы Алматы малдәрігерлік институтында оқып жүрген кезінде көркемөнерпаздар үйірмесін басқаратын домбырашы, сыбызғышы Н. Жорабеков және атыраулық күйші Б. Құбайжанов жас жігіттің күйшілік талантын байқап, Қ. Ахмедияровты, Құрманғазы атындағы академиялық оркестрдің бас дирижері, КСРО халық артисі, Мемлекетті сыйлық иегері Ш. Қажғалиевке тыңдатқызады [3, 9 б.]. Қаршыға Ахмедияров 1965 жылы консерваторияға дайындық курсына және Құрманғазы атындағы оркестрге жұмысқа қабылданып, 1972 жылы консерваторияны бітіреді. 1973 жылы домбырашылар тобының концертмейстері, 1977 жылдан консерватория ұстазы қызметін атқарады [4, 6 б.].

Шамғон Сағадинұлы Қаршыға туралы «Қаршыға консерваторияға түспей тұрғанда дүлдүл домбырашы болатын. Бірақ кәсіби білім алу, жан-жақты музыка маманы болу – биік мақсат деген ақыл-кеңесімді қабыл алған,

ол осылайша кәсіби өнерге, малдәрігерлік институтынан оқып жүрген кезінен бет бұрды. Мен Қаршығаға дирижер мамандығы бойынша 5 жыл дәріс беріп, Мәскеуге 2 жыл дирижерлық курсқа жіберіп, бұл қырын ұштауына да себепші болдым. Жақсы дирижер болу үшін керекті қадір-қасиеттің бәрі Қаршығада бар. Ол біріншіден, дәулескер күйшілігі, екіншіден, оркестрде ұзақ жылдар бойы қалыптасқан машығы, үшіншіден, репертуарының ауқымдылығы, төртіншіден, табиғаттан берілген дирижерлық қасиеті, бесіншіден, жан-жақты кәсіби білімі. Міне, сол кезде Қаршығаны дәл танығаныммен қазақ өнеріне үлкен құбылыс, дара тұлға әкелдім деп айтсам мақтанғаным емес, халқымның перзенті ретінде абыройлы іс тындырдым деп есептеймін» - деген жүрек жарды ойын айтты [5, 6 б.].

Күйшінің орындаушылығы мен күй шығармашылығы арасындағы көзге көрінбейтін жұмбақ сабақтастық шеберлікпен астасып, саз әлемінде өзіндік өрнек салады. Қ. Ахмедияров дарынды домбырашы, дәулескер күйші ғана емес, композитор ретінде де жұртшылыққа кең танымал болды. Қаршыға Ахмедиярұлы – «Нарын», «Қуаныш», «Сағыныш», «Атамекен», «Атырау», «Ақ қайың», «Желдірме», «Қайраң әке», «Жырау», «Ғазиза», «Қазанғап Ақжелең», «Шамғон Ақжелең», «Раушан гүлім», «Би», «Алтын ұя», «Шабыт», «Елбасы», «Нұрғиса», «Құрдастар», тағы басқа бірнеше белгілі күйлердің авторы. Бұл күйлер қазақ халқының рухани қазынасына қосылған құнды дүниелер болып саналады.

Қ. Ахмедияровтың «Атырау» күйі – егемендік алып, өшкен жанып, жоғалған табылған кезде Гурьев қаласының Атырау болып өзгергені туралы үкімет жарлығын ұшақта естіген күйші жүрегінен күдіретті әуез көк биігінде саулады, күйдің арынды, тегеурінді болуы да сенім мен қуаныш сілемдерінің қуатты көшкінінен болуы керек. Батыс Қазақстан күй дәстүрінің озық үлгілерінде шығарылған, нағыз шаттықты, қуанышты пайымдайтын бірегей туынды. Мәнері мәнімен, құлаққа жағымды әуенімен есте қалады. Өте шапшаң, оралымды оң қол қағыстарымен, сол қолдың епті қимылы мен ашық ішектерді тез екпінде сол қолды сыпырта сырғытып әрі буын, әрі ойды жалғастырады, әрі қуанышты сәтте адам баласы есі шығып жүрегі жарыла, қанат бітіп ұшуға да дайын болады ғой, осы бір сезім жеткізуі - сәтті шыққан [5, 16 б.].

«Нарын» - Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Исатай, Махамбет сынды асылдардың кіндік қаны тамған, кешегі солақай саясаттың сойқанынан ұлы даланың атом бомбаларын жаратын аймаққа айналып, халқының азап шеккені күйші жаралы жүрегінің үні шанақтан күй боп аһ ұрды. Үнсіз жалмауыз жегі құрттай білдіртпей мүжіді. Сол ұлылардың жалғасы, елін, жерін оның бар болмысын отты өлеңдерімен өрнектеген, «Тарлан ақын» Қ. Мырзалиевке арнау күй. Күйде осындай келеңсіздіктерді қай күдіреттіңнің бетіне тіке қарап қайтатын ақын толғанысын тебіренісін діттей өрнектеген. Сондықтан автор күйге Құрманғазы «Кішкентайынан» қалған ыза-кектің

булыққан мінез-құлқын беретін әуендік жүйені алған. Мұнды, жан тебіренісінен ұлылар қасиетіне табыну арқылы, шуақты күндерге үміт арту, іштей қарсылық күй тілі қуатымен өрнектелген [5, 17 б.].

Қаршыға Ахмедияровтың біршама еңбектері жарық көрген. Солардың алғашқысы Махамбет баба шығармашылығына арналған «Шашақты найза – Шалқар күй». Бірде өнер зерттеушісі Мұстафа Ысмағұлов Қаршыға Ахмедиярұлына академик Ахмет Қуанұлы Жұбановтың таланты күйші Оразғали Сүйімбековтен Махамбет күйлерін жазып алғанын, өзінде де үн таспа және деректер бар екенін айтып, осы істі қолға алуын сұрап қолқа салады. Айтқанындай бәрі табылып: тарих ғылымының кандидаты Н. Көшекбаев (өнер зерттеуші), Мұстафа Ысмағұловтар еңбегі нәтижесінде Махамбет бабамыздың тағы бір дара қасиеті – күйшілігі барша жұртқа аян болды. Қазақ халқында батырдың ақын, ақынның әнші, күйші болғаны заңдылық. Жинақта Махамбет күйлерін толықтай хаттап, орындаушылық ерекшелігі хақында ұтымды ойлар толғаған. Батыр баба мұрасы әлі күнге ұрыс даласындағы қиқуындай құлаққа келеді. Жұмыр Қылыш, Қайран Нарын, Өкініш күйлері орындаушылық үрдісте берік орын алған шоқтығы биік шығармалар. Артынша үлкен күйтабақ та өмірге келді [2, 21 б.].

Қ. Ахмедияров Москвада оқып жүріп, ондағы Ленин кітапханасының музыка бөлімінен Динаның 23 төл күйін анықтап, кейін елге келгесін «Әсем қоңыр» деген атпен кітап етіп шығарды. Сондай –ақ «Сарыарқа» деген атпен Құрманғазының, «Жігер» атауымен Дәулеткерейдің, «Атырау», «Шынар», «Табыну» деген атпен өз күйлерін жинақтап, кітап етті.

Әйгілі күйшінің өнеріне АҚШ, Жапония, Франция, Куба, Швеция, Италия, Финляндия, Үндістан, Швейцария, Норвегия, Польша, Португалия, Чехия, Венгрия, Йемен, Ангола және басқа да көптеген елдердің көрермендері ықылыстана қол соқты. Белгілі музыка мамандары оның өнерін өте жоғары бағалады. Қ. Ахмедияровтың репертуарында халық композиторларының және кәсіби композиторлардың күйлері, сондай-ақ шетел композиторларының шығармаларының шығармалары бар. Ол өндеген халық композиторларының және қазіргі композиторларының шығармалары түрлі концерттерде тұрақты түрде орындалып жүр. Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрінің мәртебелі сахналарда өнер көрсетіп, беделінің биіктей түсуіне Қаршыға Ахмедияров үлкен үлес қосты [4, 302 б.].

Қазақ музыка мәдениетіне сіңірген еңбегі үшін Қаршыға Ахмедиярұлына 1981 жылы «Қазақстанға еңбек сіңірген әртісі» атағы, 1982 жылы Әдебиет, өнер және архитектура саласындағы ҚазақССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, 1985 жылы домбыра кафедрасының доценті, 1991 жылы «Қазақстанның халық әртісі» атағы берілді. 1993 жылы профессор ғылыми жоғары атағына ие болды. 1998 жылы «Парасат» орденінің иегері атанды. Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің 2006 жылы құрметті профессоры атағын иеленді. 2006 жылы Атырау облысы, Махамбет ауданының Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасы

Мәдениет және ақпарат министрінің 2007 жылдың 26 маусымындағы №178 бұйрығымен «Жыл мезгілдері» күйлер топтамасын жасауға мемлекеттік грант, 2010 жылы 7 желтоқсанда Атырау облысының Құрметті азаматы атағы беріледі [6].

Талантты күйшіге өзі туып-өскен Атырау облысы, Махамбет ауданы, Таңдай ауылында мектеп аты берілген, сонымен қатар күйші атандағы мектепте Қазақстан Республикасының халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың және Парасат орденінің иегері, профессор Қаршыға Ахмедиярұлының атындағы домбырашылар сыныбы бар. Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Өлке мәдениеті мен әдебиеті» залында профессор Қ.Ахмедиярұлына арналған көрме бар. Көрмеге күйшінің өнер сапасындағы еңбектерінің сыр шертетін жеке домбырасы, күй жинақтары, шетелдердегі гастрольдік сапарларда түскен фотосуреттері қойылған. Қорытындылай келгенде, Қаршыға Ахмедияров – қазақтың екі ішекті домбырасын әлем халқынан паш еткен, күймен өмірін өрнектеген ұлағатты ұстаз, дарынды композитор, тірі кезінде өзіне өшпестей ескерткіш қойып кеткен тұлға.

Әдебиеттер тізімі.

1 Күй – керуен (Атырау күйшілері).- Астана: «Ақ Жайық kz», 2015. – 352 б.

2 Ахмедияров Қ. Табыну. – Алматы: Дайк-Пресс, 2000. – 471 б.

3 Тлепбергенов А.Ж. «Күйші Қаршыға Ахмедияровтың шығармашылығындағы дәстүр және жаңашылдық»/Домбыра мамандығы бойынша өнер магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация/ Алматы, 2017. – 48 б.

4 Ахмедияров Қ. Күй ғұмыр.- Алматы, «Нұр Әлем Шыңы», 2011. – 408 б.+32 б.

5 Ахмедияров Қ. Күй-ұран. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 336 б.

6 Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Өлке мәдениеті мен әдебиеті» залынан алынған мәліметтер.

Түйін

Мақалада еліміздің батысында орналасқан Атырау өлкесінде күйшілік мектептің іргетасын қалаушы күй атасы Құрманғазы, Дәулеткерей, Диналардің ізін жалғастырушы бірегей тұлға - Қаршыға Ахмедияровтың өмірі мен шығармашылығы қарастырылады.

Резюме

В статье рассматривается жизнь и творчество Каршыги Ахмедиярова, основателя школы кюйшы на западе Атырауской области, уникального человека, последовавшего по стопам великих Курмангазы, Даулеткерей и Дины.

Summary

The article examines the life and work of Karshyga Akhmediyarov, the founder of the Kuishi school in the west of Atyrau region, a unique person who followed in the footsteps of the great Kurmangazy, Dauletkerey and Dina.

«ГУРЬЕВ-АСТРАХАНЬ» ТЕМІРЖОЛЫН САЛУДАҒЫ ТЫЛ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ ТАҒЫЛЫМДЫ ЕҢБЕГІН НАСИХАТТАУ

Г. Қайырғалиева - т.ғ.к.

қауымдастырылған профессор

П. Қамалова – тарихшы-педагог

мамандығы магистрі

Х. Досмұхамедов

атындағы Атырау университеті

Тәуелсіздік алғаннан кейін өз тарихымызды қайта қарап, барымызды түгендеп бұрын жазылған мұрамызды қайта саралап, тарихымызды жаңа көзқараспен, яғни тәуелсіз көзқараспен жазуға мүмкіндік алдық. 2004 жылы Қазақстан темір жолына 100 жыл толуына байланысты темір жолдың Қазақстан тарихына өзіндік ықпал жасағандығын біз тарихтан білеміз. Темір жол Қазақстанның әлеуметтік-саяси және экономикалық дамуына үлкен ықпал жасады. Темір жолдың мемлекетіміз үшін маңыздылығын Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан темір жолының ерекшелігі оның үлкен транзиттік мүмкіндіктерінде ол Еуропа мен Азия елдерін жалғастырады және біз осы артықшылықтарды пайдалануымыз керек,» - деп атап өтті. Сонымен қатар елбасымыз ұсынған «Қазақстан-2030» бағдарламасындағы 7 басымдықтардың бірі транзиттік жолдарды дамыту керек делінсе, соның ішінде осы темір жолды дамыту ерекше аталып өтіледі. Темір жол - жолаушылар, жүк, почта тағы басқа тасуға арналған техникалық жүйесі бар комплексті транспорттық кәсіпорын. Оның негізгі техникалық жүйесіне жылжымалы құрам (локомотив пен вагон), рельс жол, жасанды құрылыстар (көпір,эстакада,виадук), темір жол тораптары мен станциялар, автоматика және телемеханика құрамдары, жөндеу пунктері (депо, шеберхана, техникалық бақылау орындары) , әр түрлі әкімшілік үйлер(вокзал,қоймалар, платформа тағы басқалар) жатады. Өткенсіз бүгін жоқ, Өткен күндердің тарих бетіне қалдырған өрнегі бар. Тарих дегеніміз сол өткеннің бүгінге шертілер шежіресі. Сол тарихтың - бір кезеңі Ұлы Отан соғысы жылдары болса, осы ғылыми жоба жұмысына негіз болып отырған 1942-1943 жылдардағы Гурьев-Астрахань темір жолының құрылысы - соның бір парағындай.

"Астрахань - Гурьев" теміржолының құрылысы Мемлекеттік қорғаныс комитетінің 1942 жылғы 7 қыркүйектегі № 2257 шешімі мен Жол байланысы

Халық Комиссариатының 14 қыркүйектегі № С-943Ц бұйрығы негізінде басталған. Басты жолдың ұзындығы - 335 шақырым. Жер жұмыстарының мөлшерлі көлемі - 35 миллион текше метр. Желіде 25 аялдама пункті, 8 станция, 17 разъезд болады деп жобаланған. Ганюшкино, Новобогатинск және Забурында сумен қамтамасыз етіп отыратын 3 пункт салу көзделінген. 53 кіші, 12 орта құрылыс, 7 үлкен көпір - барлығы 72 құрылысты қолдан жасау жоспарланған. Олардың 1-еуі Жайық өзені арқылы өтетін көпір болады деп жобаланған. Оны аяқтау 1942 жылдың 10 қазаны болып белгіленген. Ұзындығы 335 шақырым, жер жұмыстарының көлемі 35 млн. текше метрді құрайтын ауқымды шаруаны тындыру елде қалған 14-17 жастағы балалардан, 40-50 - ден асқан аналар мен үлкендердің мойнына жүктелді.

Теміржолды салу - облыстағы ең маңызды қорғаныс құрылысы болып белгіленді. Жобаның бір мақсаты - Қызыл Армияға мұнай өнімдерін, азық-түлікті, басқа да қажетті заттарды үздіксіз тасымалдау болған. Құрылысқа өз облысымыздан басқа Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қостанай облыстарынан мыңдаған адамдар жұмылдырылған. 1942 жылдың 16 қарашадағы құжатта мынадай деректер келтіріледі: Теңіз ауданынан 2234 жұмысшы, 82 жылқы, 57 түйе; Новобогат ауданынан 2046 жұмысшы, 258 түйе; Бақсай ауданынан 1060 жұмысшы, 10 жылқы, 39 түйе; Есбол ауданынан 659 жұмысшы, 48 жылқы, 168 түйе; Жылыой ауданынан 481 жұмысшы, 13 түйе алынған.

Құжаттарды оқи отыра, құрылыстың өте бір күрделі жағдайда жүргізілгендігін көруге болады. Техника, материалдар, арнайы киімдер, жұмыс құралдары, көлік-арба транспорты, азық-түлік - барлығы да тапшы болған. Мынадай үзінділер келтіруге болады: "Только в декабре месяце получили 150 платок, в которых можно разместит 4000 человек". "Во избежание невыходов на работу с наступлениемраспутицы из-за отсутствие обуви просить Каз-Наркомторг выделить Строительству 3000 пар рабочей обуви. Бытовые условия рабочих строительства далеко неудовлетворительны. Лишь незначительная часть рабочих обеспечена матрацными и подушечными наволочками и простынями. Рабочие спят на земляном полу, кипяченой водой обеспечиваются с перебоями".

Жоба бойынша өндірістік норма әрбір жұмысшыға күніне 3,25 текше метрді құраған. Техника жетіспегендіктен де, бұл жұмыс негізінен қол күшімен атқарылған. Қатаң табиғат жағдайында атқарылған құрылыстың негізгі салмағы аналар иығына түскені анық. Ер азаматтардың көпшілігі майданға аттанғандықтан да, осылай болған. Ғажайып техникалары бар қазіргі заманда бұл салыстырып айтуға келмейтін норма, жұмыс шығар. Бірақ, темір жолды қол күшімен салу, соның ішінде әйелдер қолымен салу - ерлік емей немене?!

Соғыс уақытында Қазақстан теміржолшылары 8 бөлімшеге қараған еді. 1941 жылдың 24 маусымнан бастап Теміржол транспорты соғыс талабына сай жаңа кестемен жұмыс істей бастады. Майданды тылмен

байланыстыратын кестемен жұмыс істей бастады. Соғыс уақытындағы барлық тасымал жүктің 83 пайызы теміржол арқылы тасылды. "Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін" деген ұранмен - шаруашылық, әскери, саяси ұйымдастыру ісі жеңіс жолына бағындырылды. Отанымыздың соғыс экономикасын дамытуда Қазақстан жанар-жағар май өндіруде ерекше роль атқарды. Қарағандының көмірі мен Ембі мұнайы соғыс мұқтаждығына шығарылды. Жаппай бүкіл одақтық жарысқа теміржолшылардың 85 пайызы қатысты. Тылдағы теміржол құрылысшылары: Хатима Дайырова, Смағұл Асанов, Мүсілім Сабыров, Бәткен Мұсағалиева, Айман Кемелқызы, Қажиденә Қайлаш, Төлепов Дүйсенбай, Исмағұлова Сақыш, Күмісбаева Зұлқарима, Х.Ерғалиев ауылынан Сүйінішалиева Лиза, Шакесова Мақпал, Зинеден селосынан Утешқалиева Жамиған, Серғазиева Ұштап, Мұқанбетов Жұмағұл, Биханова Күлаш, Исатай селосынан Мұсаева Қазима сынды ата-әжелерімізді айта аламыз. Теміржолды салуға қатысқандардың барлығының да тағдыры, тіршілігі бір-біріне ұқсас. Бегайдар ауылдық кеңесінде туып-өскен Бәткен Салыққызының да көрген қиындығы талай жылдарға жалғасыпты. Бұл кісі 1941 жылы Құлсары-Бекбике аралығында салынған автожолдың ауыр жұмыстарына қатысқан. Одан 1942 жылы теміржол табанын төсеуге 17 -бекет орнында істеген. Күні-түні носилкамен топырақ тасып, аяз бен желге аяқ-қолдары жарылып, азып-тозып азап шеккен қыздардың бірі екен.

Ақыры қантөгіс жағдайында жасалған еңбек зая кеткен жоқ. Ол кезде Сталинград қаласы неміс басқыншыларынан тазартылуына орай аталған теміржол құрылысы уақытша тоқтатылды. Арада ширек ғасыр өткенде (1942-1967 жылдар) Атырау-Ақсарай теміржолының құрылысы қайта басталғанда, бұрынғы төсеген жол табаны сол қалпында пайдаланылды.

Ауырлығына, қиындықтарға қарамастан мыңдаған адамдардың жанкешті еңбегінің арқасында жұмыстар қарқынды жүріп жатты. Қыстың суығында, жаздың аптабында, шыжыған күн мен тоқтаусыз жаңбыр астында екпінді еңбек етілді, көптеген адамдар норманы бір жарым - екі есе артық орындады. Сақталған құжаттарда мынадай есімдер аталады:

Амирова Батима: 1914 жылы туылған, Гурьев облысы Новобогат ауданы Айбас ауылдық кеңесінің колхозшысы. № 108 құрылыста 194 % 1942 жылдың қазан айынан жер қазушы болып жұмыс жасайды, норманы 180 % орындайды.

Абдикаликов Абдулла. 1867 жылы дүниеге келген. Гурьев облысы Новобогат ауданы Айбас ауылдық кеңесінің колхозшысы. 1943 жылдың қазанынан № 108 құрылыста жер қазушы болып жұмыс жасайды, норманы 160 % орындайды.

Соғыс ауыртпалығы қашанда өлшеусіз. Тылдағы елдің тартқан азабы мен тауқыметі майдандағыдан аз болды дей алмаймыз. Еңбектеген баладан бастап, еңкейген кәріге дейін еңбек етті. Ер азаматтар қан майданда от кешкенде, тылда олардың орнын жоқтатпай күндіз-түні маңдай терлерін

сыпыра еңбек етіп, сол қажырлы еңбектерімен жеңісті жақындатуға өлшеусіз үлес қосқан аналарымыз қандай құрметке де лайық. Әрине, бұл - біріншіден, үкімет бұйрығы. Бірақ, ешқандай бұйрық адамдар бойына құлшыныс, ынта тудыра алмайды. Одан да үлкен күш бар болатын. Ол - қан майданда жүрген отандастар алдындағы борыш, идеяға берілгендік. Отанға деген махаббат, жауды талқандауға үлес қоссақ деген құлшыныс..."Бәрі де майдан үшін, Бәрі де жеңіс үшін" деген ұранмен рухтанған еді.

Бүгінгі және болашақ ұрпақ аға буынның ерлік істерін еске сақтауы керек деп білемін. Бұл-жастарды патриотизмге, ұлттық құндылықтарды қастерлеуге тәрбиелеудің бір жолы, туған ел тарихы алдындағы борыш. Бұл тек қатары сиреп бара жатқан соғысқа қатысқандар мен тылда еңбектің эпопеясын шерткен жандарға, олардың майдандастары мен замандастарына ғана емес, ол бізге, бүгінгі ұрпаққа, болашақ үшін керек. Тарихи мұраны

сақтау дегеніміз де тарих беттеріне жазылған бабалар ерлігі мен еңбегін бағалау. Тылдағы жанқиярлық еңбек майдандағы жауынгерлерге азық-түлік пен киім-кешек және мұнай өнімдерін жөнелтудің төте жолын салуға, жеңісті жақындатуға арналған болатын. Тарих тағылымын бүгінгі ұрпақ жадынан шығармай, Ұлы Жеңіске үлес қосқан ата-әжелерінің жасампаз істерін білуге тиісті.

Әдебиеттер тізімі.

1 "Атырау". 3 наурыз.2009 ж Ешекеева Алмагүл "Тау қозғалса да тарих шайқалмайды"

2 "Атырау" 26 ақпан, 2009 ж, Рахмет Иманғалиев "Адамның қанымен салынған жол еді" Атырау-Ақсарай темір жолының тарихынан бір сыр

3 "Атырау" 2004 ж, Ғинаятolla Нығмет, "Теміржолшылар соғыс жылдарында"

4 "Атырау". 7 қаңтар, 2014 ж № 1, Дүйсен Мырзағалиев. "Тылдағы еңбек тасқыны немесе Гурьев-Астрахан темір жолы қалай салынды? "

Түйін

Мақалада Ұлы Отан соғысы жылдарында Гурьев-Астрахань темір жолын салуға қатысқан, маңдай терін аямай төккен тыл еңбеккерлерінің ерен еңбектері мен көрген қиыншылықтарын, теміржол саласында еңбек еткен теміржолшылардың еңбегін насихаттау туралы айтылады.

Резюме

В статье рассказывается о пропаганде героического труда железнодорожников-тылови́ков, не жалевших своих сил в строительстве железной дороги по маршруту «Гурьев-Астрахань» в годы Великой Отечественной войны.

Summary

The article tells about the to agitate the rear workers' and the railwaymen's heroic labour in the construction of «Guriev-Astrakhan» railway during the Great Patriotic War.

СҰЛТАНӘЛІ ҚОРЫМЫНЫҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЭПИГРАФИКАЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Р.А. Қатарова – тарих магистрі
Атырау облысы Тарихи-мәдени
мұраны зерттеу орталығы

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында «Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс» [1] деп басты айтқанындай, туған өлке тарихын танып-білу, келер ұрпаққа жеткізу аға буынның қасиетті борышы.

Көкжиекпен астасқан Атырау облысының Дендер даласына сапарға шықсаңыз, төсі мен төбесінде, қыры мен қырқасында менмұндалаған қорымдардағы бейіттер мен құлпытастарды көзіңіз шалады. Солардың бірі – Индер ауданы, Жарсуат ауылынан солтүстікке қарай 41,5 км, Индер-Қарабау тас жолының 30 км-нен солтүстікке қарай 2,5 км жерде орналасқан Сұлтанәлі қорымы. Қорымның Сұлтанәлі аталуының да үлкен сыры бар. Сұлтанәлі Оразалыұлы – Беріш тайпасының Есенғұл, Өтеген бөлімінің тумасы. Халық арасында бай-қуатты адам болуымен қатар, болашақты бағдарлайтын қасиетке ие көреген адам болған. Атам Сапар Жетпісқалиевтің күнделігінен жазылып алынған деректер бойынша және ауыл ақсақалы, Есенғұл, Өтеген руының үлкендерінің бірі Жеңіс Азанұлының айтуына қарағанда, Сұлтанәлі атаның өзге сиыр, түйе, қой, ешкіні санамағанда, он мың жылқысы болған екен. Жылқының басы Көктауда болса, соңы Ақтөбе, Қаракөл аумағына дейін созылып жатқан. Сұлтанәлі ата көзі тірісінде ағайын-тума, ауылдастарына үнемі көмек көрсеткен [2]. Мүмкін «Кең болсаң, кем болмайсың» деген даналық сөз осыған айғақ болар.

Халық аузында «қазанына қара су ұйыған Сұлтанәлі» деген аңыз-әңгіме бар. Оның өзі үлкен тарих, тылсым дүние. Бір күні Сұлтанәлі атаның бәйбішесі кешкілік тамақ пісірген қазанына бір бақыраш су құйып, бетін жауып кетеді. Таңда қазанды ашып қараса, су айран секілді іркілдеп ұйып қалған. Бәйбішесі бұл жағдайды Сұлтанәлі атаға айтқан кезде, Сұлтанәлі ата «Ұлдарды тұрғызып, қазандағы судан ішкіз» деп айтқан. Сұлтанәлінің бәйбішесінен Еспай, Есенбек, Бақыр, Бақыраш деген ұл-қыздары болған.

Бәйбіше Еспай мен Есенбекті оятса, екінші ұлы Есенбек тентектеу бала болса керек, қазандағы суды ішуге бармай қалады. Еспай қазандағы суды ішуге кеткен кезде, екі қыздың біреуі (үлкендердің айтуына қарағанда Бақыр атты қызы) орнынан тұрып, қазандағы суды ішкен. Болған жағдайды бәйбішесі Сұлтанәлі атаға айтқан кезде «Әй, ырысымның жартысы қызға кеткен екен» деп айтыпты. Содан Еспайға Сұлтанәлі атаның бес мың жылқысы бітсе, Есенбек қарапайым орта шаруа болған. Бақыр атты қызы Есен руына тұрмысқа шықса, Бақырашы Беріш, Себектердің келіні болған. Сұлтанәлі атаның тағы бір әйелінен Қортан, Нұрмағанбет, Қулыш деген ұлдары бар. Сұлтанәлі ата Ойыл бекінісіндегі (қазіргі Ақтөбе облысы) Көкжар жәрмеңкесіне барған сапарында дүниеден өткен. Кейіннен мазарға бәйбішесіде бірге жерленген [3]. Ғасырға созылған осы оқиғаның астарында қаншама тылсым дүние жасырынып жатыр. Қазанға қара судың ұйып қалуы ғылымның әлі зерттемеген құбылысы.

Бүгінде Сұлтанәлі қорымы – Атырау облысындағы жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің бірі. Қорым екі бөліктен құралған. Бір бөлігінде Сұлтанәлі атаның мазары және бірнеше құлпытастар болса, екінші бөлігі қазіргі заман мазары мен сағанатамдары орналасқан. Аумағы 1 га.

1980 жылы танымал этнограф, археолог С.Әжіғали бастаған Батыс Қазақстан экспедициясы Солтүстік Каспийдегі дәстүрлі мемориалды-мәдени ескерткіштерге мақсатты түрде зерттеу жұмыстарын жүргізген. С.Әжіғали «Жаңа далалық зерттеулердегі мәліметтерді ескере отырып, ескерткіштерді 3 топқа бөледі. Ол атырау ескерткіштері, «бөкей-ордалық» ескерткіштер, Жайық маңы ескерткіштері. Атырау ескерткіштер тобы Ембі және Еділдің төменгі аймақтарын қамтиды. Сондай-ақ, атырау ескерткіштер тобы жоғарыда аталған топтармен салыстырғанда кейбір топографиялық ерекшеліктерге ие. Яғни, олардың көпшілігі ХІХ ғ. ІІ жартысы – ХХ ғ. басындағы шашыраңқы орналасқан шағын зираттар» деп көрсетілген. Жоғарыда көрсетілген ескерткіш топтарының ішінен Сұлтанәлі қорымы Жайық маңы ескерткіштер тобына жатады. Сонымен қатар, «Сұлтанәлі қорымындағы дөңгелек пішінді құлпытас 1930 жылмен байланысты екенін жаза отырып, мұндай дөңгелек пішінді құлпытастар Арал-Каспийдің басқа аймақтарында белгісіз (танымал емес) екенін» атап өткен [4]. Осындай далалық зерттеулердің нәтижесінде жинақталған ақпараттар күні бүгінге дейін маңызын жоймай, өткен тарихтың дәлелді дереккөзі ретінде пайдаланылуда. Себебі эпиграфикалық ескерткіштер арқылы сол өңірді мекендеген халықтардың тарихы мен мәдениетін, саяси-әлеуметтік және экономикалық жағдайын көруге болады.

Осы орайда бірнеше ғасырларға созылған Сұлтанәлі қорымындағы эпиграфикалық ескерткіштердегі араб харпімен жазылған жазуларда қандай мәтін жазылғаны қызығушылық тудырады анық. Бұл бағытта Атырау облысы Тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығы қызметкерлерінің арнайы

зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жарық көрген «Атырау қазақтарының эпиграфикалық ескерткіштері» атты сериялық кітап-альбомның 2-томының маңызы зор. Қорымдағы құлпытасты оқу барысында Сұлтанәлі атаның бәйбішесінің есімі мен қай жылы дүниеден өткендігі туралы мәлімет анықталды. Кітап-альбомды негізге ала отырып, Сұлтанәлі қорымындағы ескі құлпытастардағы жазулардың аудармасына тоқталсақ:

1- Құлпытаста:

«Беріш руғы
Есенғұл тайпасы
Үсен бөлімі
Өтеген аймағы Мұқит
Тасығанғали ұлы опат 11
жасында 1930 жылда алып
қойды әкесі

2- Құлпытаста:

Беріш руғы, Есенғұл тайпасы,
Сұлтанәлі халалы Тоқеші опат 93
жасында 1886 жылда

3- Құлпытаста:

Адай руғы, Дүбас тайпасы,
Тоқабай бөлімі, Қосай Қабылан
ұлы 35 жасында 1878-нші жылда бұл тасты
қойды інісі Келімберді

4- Құлпытаста:

Әл-марқұм әл-мағфур, Беріш
руғы, Есенғұл тайпасы, Үсен
бөлімі Қаратай Айнбек ұлы
опат 39 жасында 1882-
нші жылда бұл тасты алыб
қойды ағасы Мұрат мырза

5- Құлпытаста:

Беріш руғы Есенғұл тайпасы...
Нұралы... опат болды 62 жасында
1871-нші жылда алыб қойды

6- Құлпытаста:

Беріш руғы, Есенғұл тайпасы
Үсен бөлімі
фа...

Тілен қызы
опат 34 жасында
1881-нші жылда

7- Құлпытаста:

Беріш руғы, Есенғұл

тайпасы Бір ма...

халалы... опат

33 жасында 1881 жылда [5].

Қорытындылай келе, ұлы дала тарихы, ұлт тарихы – өлке тарихынан бастау алатыны бәрімізге белгілі. Сондықтан туған өлкенің тарихын танып-білу, кейінгі ұрпаққа насихаттау әр азаматтың қасиетті борышы деп білемін.

Әдебиеттер тізімі.

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Айқын. 19 сәуір 2017 ж.
2. Сапар Жетпісқалиевтің жеке күнделігінен.
3. Қатарова Р. Қазанда ұйыған қара су немесе Сұлтанәлі ата туралы // Дендер, №17, 26 сәуір 2018 жыл.
4. Ажигали С.Е. Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало-Каспийского региона). – Алматы: Ғылым, 2002. -654 с.
5. Атырау қазақтарының эпиграфикалық ескерткіштері: Атан, Жаналы, Кетебай, Көпмола, Қабдуәлі, Қарабала-Қантемір, Қосай, Мыңбай, Сағатай, Сұлтанәлі, Тайлан, Шелекмола, Шошақмола қорымдары. Т.ІІ. – Атырау: Ағатай ЖК, 2018. – 153 б.

Түйін

Мақалада Атырау облысының Индер ауданында орналасқан Сұлтанәлі қорымының тарихы мен қорымдағы эпиграфикалық ескерткіштердің мәліметтері туралы жазылған.

Резюме

В статье рассказывается об истории некрополь Султанали, который расположен в Индерском районе Атырауской области, и об этих эпиграфических памятниках на некрополи.

Summary

The article tells about the history of the Sultanali necropolis, which is located in the Inder district of the Atyrau region, and about the epigraphic monuments at the necropolis.

МҰРАЖАЙ - ТАРИХ АЙНАСЫ

С.Ж. Құлбалиева - оқытушы
Қ.Дүтбаева атындағы Атырау
гуманитарлық колледжі

«Білімді ұрпақ – болашақтың кепілі», - деп дана халқымыз айтқандай, жас ұрпақты заманына сай лайықты жеке тұлға ретінде қалыптастыруда сапалы біліммен қатар саналы тәрбие беру -бүгінгі күннің басты талабы болып табылады.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы»- деген шығыстың ғұламасы Әл-Фарабидің сөзімен айтсақ , ХХІ ғасырдағы тасқындаған толассыз ақпараттар, қоғамдағы күрделі өзгерістер мен даму қарқыны ағымында өмір сүріп жатқан жас ұрпақты тәрбиелеу оңай шаруа емес.

Оларға ұлттық тәрбиені дарыту, халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған ұлы мұрасын оқу-тәрбие ісінде пайдалану — кезек күттірмейтін мәселе.

Жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеуде, өңіріміздегі өлкетану мұражайларының алатын ролі зор. Себебі, «өзгені тану үшін, алдымен өзіңді тани біл!» -деген жалпыадамзаттық қағиданы басшылыққа ала отырып, жастарымызды туған өлке тарихын білуге баулу, Отан тарихын өлке тарихы арқылы тануға негіз қалайды.

Соның ішінде мектептердегі ашылған өлкетану мұражайлары өз туған ауылының тарихын біліп ,өткенді бағалап, зерделей алатын үлкен дүние.

Өзім ширек ғасырдан аса ұстаздық қызмет еткен Құрманғазы орта мектебінде «Өлкетану» мұражайының ашылуы , балалардың бойына ұлттық құндылықтарымызды дарытуға өз әсерін тигізді деп ойлаймын.

Сол кездегі мектеп директоры марқұм Ажмуханов Шарифолла ағамыздың қолдауымен жаңадан салынған мектептің бір кабинеті «Өлкетану» мұражайына арналды.

Ашылған мұражай негізінен бес бөлімнен тұрады. Онда сирек кездесетін жәдігерлер, құрал-жабдықтар, зергерлік бұйымдар, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің құжаттары т.б. жинақталған.

Ең құнды жәдігер, Таубұйрат құмынан табылған қанжар. Жүз жылдық тарихы бар ағаш сандық,құмнан табылған жебенің оқтары да осы мұражайдан орын алған.

Ауылдың азаматы, Ұлы Отан соғысының ардагері Шамшиденов Тілекқабыл өте сауатты адам болған. Әсіресе Бөкей хандығының тарихы ,Нарын атауы, рулық шежіре, Махамбет өлеңдерінің нұсқалары, осы Тілекқабыл Шамшиденовтен алынып, көпшілік зиялы қауымға жария етілді.




Қазіргі уақытта «Өлкетану» мұражайында 200-ден аса тарихи жәдігерлер бар. «Туған жер» бағдарламасы аясында құрастырылған 5-7 сыныптарға арналған «Өлкетану» оқулығынан оқушылар Атырау өлкесінің тарихы, географиясы, музыкасы және әдебиетімен танысса, туған ауылының тарихын «Өлкетану» мұражайы арқылы біледі.

Бүгінгі күні, ғасырға жуық тарихы бар білім ордасында қызмет етемін. Жас мамандарды даярлауда өлкетану мұражайларымен байланыс жасап, шәкірттерімді ғылыми конференцияларға қатыстырып отырамын.

«Мектеп» бөлімінің жоспарына сәйкес, «Киелі жерлер-ұлттық бірлік пен жаңғыру нышаны» тақырыбымен ZOOM платформасы арқылы өткен «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени мұражай-қорығына арналған танымдық шарада өз тобым белсенділік танытса, Бөкей Ордасының 220 жылдығына арналған «Құм Нарынның төсіне, дара қонған - Бұл Орда» атты сабағымда, Бөкей Ордасы тарихи-мұражай кешеніне ZOOM платформасы арқылы танымжорық ұйымдастырылды.





Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты баяндамасында, «Кезінде «Мәдени мұра» бағдарламасы ұлт шежіресін түгендеуге жол ашты. Отандық тарих ғылымы тың серпінмен дамып, түрлі бағыттар бойынша көптеген зерттеу жүргізілді. Бұрын беймәлім болған қаншама тарихи деректер, археологиялық қазыналар табылды. Дегенмен, сол қажырлы еңбектің жемісін көпшілік көріп отыр ма?»- деп орынды сауал қояды.

Колледж, жоғары сынып оқушыларынан экспедиция жасақтау жұмыстары да шәкірттеріміздің туған өлке тарихына деген қызығушылықтарын арттырып, туған жеріндегі мәдени құндылықтардың жоғалып кетпеуіне жағдай жасайды. Тарихи ескерткіштер, мұражайлар арқылы өскелең ұрпағымыз туған өлке тарихы, мәдениеті, табиғаты, түрлі жәдігерлер, құжаттардың түпнұсқасын табумен және деректерді іздестіру-жинақтау жұмыстарымен, зерттеу істерімен айналысады.

Өз Отанын сүйетін, оның тарихын, тілін, әдет-ғұрпын құрметтейтін тұлға тәрбиеленеді. Ендеше өз өлкеміздің, туған жеріміздің тарихын жас ұрпаққа ұғындыру, оның маңызын түсіндіру ұстаздың шәкірт алдындағы басты парыздарының бірі деп есептеймін.

Әдебиеттер тізімі.

1 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 2 том. //Бас ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 1999. – 720 б.

2 Қ.К.Тоқаев Тәуелсіздік бәрінен қымбат //https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat Пайд. уақыты: 10.03.2021 ж.

3 Қазақстан тарихы: әдістемелік журналы. № 9.2013ж.

4 Қазақстан тарихы: әдістемелік журналы. № 11.2013ж.

Түйін

Мақалада Отансүйгіш ұрпақ тәрбиелеудегі «Өлкетану» мұражайларының маңызы мен автордың іс-тәжірибесі баяндалған.

Резюме

В статье передается опыт автора и сотрудников Краеведческого музея в воспитании патриотического поколения.

Summary

The article described the role of local history museums in the education of the patriotic generation and the author's experience.

СТАВКА ЕСКЕРТКІШНІҢ ТАРИХЫ: ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ (ХАЛЕЛДІҢ ІЗІМЕН)

С.А. Миращ – магистрант,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік университеті
Атырау облысы тарихи-мәдени
мұраны зерттеу орталығы

Алаш қозғалысының аса көрнекті қайраткерлерінің бірі, дәрігер, ұстаз, ғалым Халел Досмұхамедов мамандығы дәрігер болатұрса да, қоғамөмірінің сан салалы мәселелеріне араласқан көп қырлы дарын. Ол – саяси және қоғам қайраткері, тарихшы, табиғаттанушы, тілтанушы, әдебиетші, ауыз әдебиетінің сирек үлгілерін жинап, насихаттаушы, шебер аудармашы.

1883 жылғы 24 сәуірде бұрынғы Орал облысы Гурьев уезіне қарасты Тайсойған болысының №4 ауылында (Тайсойған құмындағы Сорқуыс мекені) дүниеге келіп, ауыл молдасынан хат таныған ғұлама Халел Досмұхамедұлы Ойылдағы мектеп пен Текедегі Орал әскери-реалды училищесінің 1895-1902 жылдары аралығында 7 сыныбын оқып, жоғары оқу орнына дайындалу үшін тағы бір жылға қосымша сыныпқа қалып, училищені 1903 жылы 5 маусымда тауысады. 1903-1909 жылдары Санкт-Петербургтегі

Императорлық әскери-медицина Академиясын «үздік емші» («лекарь с отличием») дәрежесі бойынша Алтын медальмен оқып шығады. 1909 жылғы 29 қараша мен 1913 жылдың 5 наурызы аралығында әуелі офицер-дәрігер ретінде Пермь губерниясында, сосын II Түркістан атқыштар батальонында кіші дәрігер, кейін Орал казак әскерлері Патқыштар батальоны орналасқан Ілбішін және Калмыков бекіністерінде кіші дәрігер, артынан аға дәрігер лауазымдарында әскери міндетін өтеп, азаматтық жұмысқа босатылыпты. Содан кейін ол Орал облысының вице-губернаторы қол қойған №6618 куәлікпен Темір уезіне барып, учаскелік дәрігер болып жұмысқа кіріскен. Бұл кезде қазақ даласында, әсіресе батыс өңірде сапалы медициналық көмек беретін маман жоқ. Оның үстіне сүзек пен суық тигеннен, мерез бен обадан, тырысқақ пен қарасан, қызылша, безгек, құрт аурудан шипа таппай халық қынадай қырылып жатқан шақта Халелдің ісі қарлығаштың қанатымен су сепкендей ғана әлсіз әрекет-тұғын. Соның өзі көп адамның өмірін арашалап, Ойыл мен Тайсойған өңіріндегі індеттің бетін қайтарған.

Х.Досмұхамедов мерзімді басылымдарда қарапайым қалың бұқараға түсінікті тілмен құрт ауруы (туберкулез), безгек (малярия), тырысқақ (холера), шешек (оспа) жайлы санитарлық ағарту тақырыбында «Тамыр дәрі хақында», «Сары кезік – сүзек», «Жұқпалы ауру хақында», басқа да мақалаларын жарыққа шығарады, мұндай мақалалардың көбірек жариялануына да күш салыпты. 1916 жылы шыққан 48 тараудан тұратын «Как бороться с чумой среди киргизского народа» деген кітабында ғалым-ағартушы өз дәуіріндегі оба індетінің алдын алу және оған қарсы күрестің әдістерін түгел қамтып көрсеткен. Осы нұсқаулық ережелері әлі күнге дейін аталмыш ауру тараған кезде қолданылып келе жатқанын мамандар да растайды. Осындай белсенді қажыр-қайратын лайықты бағалаған патша ағзам оны «Императорлық қола медальмен» марапаттаған.

Алаштың күрескер ұлы, ғалым Халел Досмұхамедовтің ғұмырнамасы мен қызметіне байланысты құнды деректер соңғы жылдары тағы да табылып жатыр. Қызылқоға жерінде тұрған үйі, жұмыс жасаған лазареті болғаны жөніндегі мәліметтер белгілі болып «Халел ставкасы», лазареті, Алашорда кеңсесі деген сияқты әр түрлі атауға ие бола бастады. Алайда, архивтерден табылған ескі карталарда «Зимнее ханское жилище», «Ставка хана Есима», «летний Ставка» деп белгіленген мекен-тұрақтар жазылған [1, 138-139 б].

Бұл туралы XIX ғасырдың басында белгілі Ресей этнографы А.И. Левшин былай деп жазады: - «Возвышение Ишима не уменьшило его преданности к власти, даровавшей ему новый титул. Будучи ханом, он не переставал по возможности исполнять требования России вопреки желаниям большей части своего народа, в котором чрез то приобрел множество врагов. В отвращение опасности, навлеченной благонамеренною его взыскательностью за преступления и козни Сырыма с сообщниками, [277] императрица Екатерина решила послать ему военный отряд, который бы охранял его и вместе служил для исполнения приговоров над виновными.

Сверх того положено было учредить при Ишиме для удобнейшего управления Меньшею ордою диван, или совет ханский. Члены оного, избранные народом из отличнейших султанов и старейшин, должны были исполнять волю хана, помогать ему, делать представления и вместе с ним жить в домах, которые велено было построить им в степи на урочище Тайсугане.

Предположения сии не исполнились, потому что в ноябре 1797 года Сырым-батыр напал на Ишима под форпостом Красноярским и, злодейски умертвив его, разграбил потом все имущество, ему принадлежавшее» [2, 316 б].

Бұл жерде Ишим, ол Есім хан, ал «Диван» (диван, дуван) – атауы мемлекетік кеңес, атқарушы билік ұйым мағанасын береді. «Хан ордасы» деген ұғымда айтылады. Бірақ 1797 жылы Сырым батырдың көтерілісі Есім ханың өлімімен аяқталып, бұл «құрылыс» салынбай қалған. Бірақ бір қызығы, бұл ставка орны сол кездегі картаға белгіленіп салынған. Ол «Ставка» деп белгіленген. Ол сол кезеңдегі картограф Я.П.Гавердовскийдің 1803-1804 жылдардағы зерттеуіне сүйене отырып А.Левшиннің 1816 жылдағы картасында «*Зимнее ханское жилище*» деп белгіленіп кеткен. *Сурет 1,2.*

Ол жер атауы қазіргі Атырау облысы, Қызылқоға ауданы жеріндегі Тайсойған құмының теріскей бетіндегі жиегінде, солтүстік - батыс жағында Сорқуыс деген жерде жатыр. Бұл жерлерде Халелдің ағасы Дәулетүмбеттің, аталары Машақ пен Байнақтың жерленген орны бар [3, 2 б].

Ханың қысқы тұрғын үйі туралы, алғаш Қазақстандық археолог, этнолог ғалым С.Е. Әжіғалида өзінің Арал-Каспий аймағына жасаған экспедициясында кеңінен атап өтеді.

Картадағы салынбаған құрылыс орны Ресей өкіметінің құпия жоспары болуы мүмкін. Бұл ауданға форпост (әскери бекініс) салу жоспарланған секілді. Дейтұрғанмен 1941 жылдан бастап шыққан КСРО Қорғаныс күштерінің топографиялық карталарында бұл жер атауы «Ставка» деп берілген [4].

Халел Досмұхамедов шамамен тура бір ғасыр уақыт өткеннен соң өз үйін (медициналық оқшаулау орталығы) Кіші Жүз ханы тарихи тұлға Есім хан Нұралыұлының ордасының орнына салуы кездейсоқтық емес. Ерекше атап көрсету керек, аудан жеріндегі осы іспеттес ескерткіштертер жүйелі зерттелген емес. Сондықтан, бірнеше атауға ие ескерткіш бірнеше тұлғаға телінді, әр түрлі мәліметтер берілді. Ақырында бұқара «аңыз» дегенді осыдан шығарды. Ал, бұдан ақиқатты ажырату үшін жүйелі зерттеу қажет.

1993 жылы Ойыл суының қатты тасып, ауданда төтенше жағдай қалыптастыруына байланысты, келесі жылы аталып өткен Х.Досмұхамедовтің туғанына 110 жыл толу тойы қарсаңында ауданның сол кездегі әкімі Есенгелді Нұршаевтың басшылығымен Сорқуыс мекенінде

«Халел ставкасы» деген жазумен тас белгі орнатты. Содан бері «бұл жерде Халел Досмұхамедовтің ставкасы болды» деген ұғым қалыптасты.

Арада талай жыл өтіп, 2007 жылы этнограф, тарихшы ғалым Серік Әжіғалиевтің жетекшілігімен Қызылқоға ауданының аумағында жүргізген Халел ставкасын іздеу экспедициясы біраз жайтқа қатысты тың дәйектерді анықтады. Мысалы, «Халел ставкасы» маңындағы шикі кірпіштен қаланған үй орнына археологиялық қазба жұмысы 2017 жылы Атырау облыстық тарих-өлкетану мұражайы мамандарының күшімен жүргізілді. Анықталғаны, үйдің қасынан ортасын пешпен бөлген пәтер салып, бір бөлмесін науқастарды емдейтін орын, келесісін жуынатын бөлме, яғни монша ретінде пайдаланған[5].

Бүгінде Қызылқоға ауылдық округінің орталығы Қарабау ауылынан шығысқа қарай 8 шақырым жердегі үйінді – өз дәуірінің кемел ескерткішіне нақты дәлел. Мұның 1916-1919 жылдары Батыс Алашорда үкіметінің негізгі ғимараттарының бірі, 1918-1919 жылдары Батыс Алашорда үкіметінің төрағасы Жанша Досмұхамедовтің бас кеңсесі болғанын тарих парақтары растайды. Атырау облысы тарихи-мәден мұраны зерттеу орталығының басшысы, тарихшы М.Қипиев облыстық архив қорына ізденіс жүргізу барысында Кермеқас Қызыл үйінің Азамат соғысы жылдары Алашорда үкіметінің лазареті болғандығы жөнінде құжат көргенін айтады. Сондай-ақ осы Қызыл үйге «Халықтық милиция» (жауынгерлік армия) кеңсесі десыйып отырған. Тек XX ғасырдың 30-ыншы жылдарының басында бүліншілікке ұшырай бастаған ғимарат 1951 жылы аудан орталығы түбегейлі Қарабау ауылына көшкен соң түгелдей қиратылды. Ал, жергілікті тұрғындар ғимараттың кірпіші мен пайдаға асар материалдарын алған кезде сақталып қалған жертөледен (подвал) көп кітаптар тапқан.

Кермеқас Қызыл үйінің орнындағы құландыға қарағанда төрткүл пішіндес кешен болған. Әрқайсысы бірнеше бөлмеден тұратын үш бөлек ғимараттан тұрады. Үлкен ауланың ортасы ашық алаң, оңтүстігінде дарбаза қақпасы бар. Үсті қыш кірпіш құландыларына толы. Кейбір деректерде «казак әскерлерінің әскери гарнизоны үшін салынған» делінетін Қызыл үйлердің соңғысы 2003 жылы толық бұзылды. *Сурет 4.*

Ақиқаты сол, дәруі қиын ауыр кесел түрлері ол дәуірде көбірек болған. Өзі ідәрігерлік етіп, бастан кешкеннен кейін Х.Досмұхамедов Алашорда үкіметінде Земствоға басшылық еткен жылдары бұған ерекше ден қойса керек. Әсіресе, жұқпалы індеттердің алдын алу мақсатында ел ішіндегі көзі ашық, сауаты ортадан жоғары азаматтарды санитар қызметіне оқытуға қол жеткізген. Оған ғалымның қолдауын көріп, шапағатына ие болған Қойшыбай Есембаев айғақ. Әкенің құжаттарына мұқият Ақжай Қойшыбайқызының айтуынша, 1916 жылдың 25 маусымындағы Орал әскери губернаторлығы дәрігер-инспекторының қолы қойылып, мөрі басылған №15848 куәлікке сәйкес Қ.Есембаев тек орденді ұстаз емес, дәрігерлік сауаты бар емші де болған. Куәліктің көшірмесінде «Орал облысының Әскери губернаторының

өкіміне сәйкес, Орал облыстық басқармасының жанынан ашылған дәрігерлік бөлімшеде Орал облысы Гурьев уезінің Кермақас болысы №2 ауылының киргизи, 28 жасар Қойшыбай Есембаев 1916 жылғы 20 мамыр мен 20 маусым аралығында дәрігерлік дәреже бермейтін арнаулы курсты тындады және тиісті сынақ-талаптарды ойдағыдай тапсырды. Үкіметтік немесе қоғамдық қызметте тұрған дәрігерлердің қатаң қадағалауымен жергілікті жерлерде шешекке қарсы екпе жасауға хұқы бар» деп жазылған. Демек қалыптасқан ахуалға байланысты дәрігерлік емес дәрежесі бар адамдарды екпе жасауға оқытуды Халел ұйымдастырған. Әкесінің «Х.Досмұхамедовпен бірге ставкада екпе салып жұмыс жасағанын» Ақжай апай өз анасынан естіпті.

Ғұлама ғалым, көрнекті қайраткердің ескі Қызылқоғада тұрғанына тағы бір дәлел бар. Түркістан автономиясының жетекшісі, алаш қайраткері Мұстафа Шоқайдың жұбайы Мария Горина-Шоқай өз естелігінде (М.Шоқай. Таңдамалы. 1999 ж. Алматы. Қайнар баспасы. 221-224 б.б.) былай деп жазған: «Біз Темір асып Қызылқұрт (Қызылқоға) деген жерге келдік. Бұл жерде Мұстафаның досы Халил Доспамметтің (Халел Досмұхамедов) үйі болатын. Халил бізді шын ниетімен қабылдап қарсы алса да, оның дәрігер деген атағы болмаса, үйінің көрер сиқы жоқ еді...» Одан әрі: «...дүниенің шыбын-шіркейін осы жерге жинап қойғанба? - деп, мазасы болмағанын байқатады. Олар кейін Ойыл өзеніндегі Сырым бөгетінен өтіп, Жымпиты арқылы Орынборға бағыт алады. Бұл 1918 жылдың маусымы болатын...»[6, 221-224 б.б.]

Демек 1918 жылы Халел Қызылқоғада тұрған. Кермеқас Қызыл үйі бұл жерден 2-3 шақырым шамасында орналасқан. Ал, Сорқуыстағы Ставка оның 1912-1913 жылдары қауіпті оба індеттінің таралуын болдырмау мақсатындағы салынған, уақытша оқшаулау медициналық пункті еді. Дейтұрғанмен, Қ.Есембаевқа берілген куәлік Кермеқас Қызыл үйінде де лазарет болғанына куә беріп тұр. Өйткені, сол шақта Кермеқастан басқаудан көлемінде медициналық көмек көрсететін қолайлы ғимарат-тұрақ болған жоқ.

Халелдің мұнда табан тіреуіне тағы бір дәлел келтірейік. Қызылқоғада өз дәуірінің ірі жәрмеңкелерінің бірі – «Жұма базар» жұмыс жасаған. Бұл осы өңірдің сауда-экономикалық мәселелерінің оң шешімін табуына, сондай-ақ Батыс Алашорда үкіметінің саясатын халыққа кеңінен насихаттауға оң ықпал етті.

Тайсойған құмындағы Ойыл өзенінің оңтүстік бөлігінде Жыңғылды (орыс тілінде жазылған деректерде речка Жангильды немесе Жангильдино деп берілген, ел аузында «Жарыпшыққан» атауымен белгілі) өзені ағады. Оның бойында Жұма-Базар деп аталатын шағын қоныс жатыр. Жұма-Базар 1895 жылы құрылған және жұма күндері базар болып, саудагерлердің уақытша бөлмелері болатын пункт болып қызмет еткен. Қазіргі уақытта ол кең, тік бұрышпен иілген көшеден тұрады. Орыстар мен татарлар сауда жасайтын дүкендерде барлық қажетті заттарды және қазақ халқының арнайы

ұлттық шапандары, ішіктері және т.б. көптеген тауарларын алуға болады. Соңғы жылдары бұл жерде сапасы бойынша Ойылдан кем емес қарбыз егіле бастады. Ауылдың жанында Қызыл үй атауымен белгілі қазақтардың қыстағы мен фельдшерлік пункті орналасқан. Ол жерде халыққа медициналық көмек көрсетіледі [7, 316-317 б].

Демек Тайсойған мен Ойыл өңірінде халықтың денсаулығы үшін сауаттыларды «емшілікке» (лекарь) оқытуға күш салған Х.Досмұхамедов ертеректе Сорқуыстан қалыптастырған лазаретін кейін Кермақастан ашып, кешенді жұмыстар жүргізуі сол дәуірдің өлшемімен алсақ аса ауқымды іс. Қазір де мұның маңызы төмендеген жоқ.


Тарих - құнды жәдігерден құралатынын ескерсек, осындай келешекте жоғарыда аталған Халел Досмұхамедовтің салған ізіне жүйелі түрде этноархеологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу ертеңді күттірмейтін іс, сондай-ақ бұл тарихи орындардан біраз бағалы жәдігерлер мен деректер табылары даусыз.



1 сурет. Есім ханның ордасы (Зимнее ханское жилище, Я.П.Гавердовский)



2 сурет. Есім ханның ордасы орналасқан жердің картасының үлкейтілген түрі (Фр. карты с зимнее ханское жилище-Я.П.Гавердовский)



3 сурет. Қазақстан Республикасы Қорғанис Министрлігі Штаб бастықтары комитетінің картасы (Составлено карте масштаба 1:100 000, с данной по материалам съёмки 1941-62,64,75 г.г. обновленной в 1980 г.)



4-сурет. Кермеқас қызыл үйінің құландысы



5-сурет. Кермеқас қызыл үйінің реконструкцияланған жобасы.

Әдебиеттер тізімі.

1 Ажигали С.Е. Из истории изучения памятников народного зодчества, «древностей и развалин» Арало-Каспийского региона в досоветский период

(в связи с подготовкой библиографического указателя по этнографии казахов). // Отан тарихы. 2016. № 2. С. 138–139.

2 Алексея Левшина. ОПИСАНИЕ Киргизь - Казачьих, или Киргизь Кайсацкихъ ордъ и степей. Часть II. С. Петербургъ, «Въ типографіи Карл Крайл». 1832. 316 стр.

3 История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. XIII том. Часть 2. Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығы архиві. Ы.Шөрековтің жерленген жеріндегі жүргізілген эпиграфикалық экспедиция. 2020 жыл.

4 С.Мираш, М.Касенов, «Сорқуыстағы Есім ханның қыстауы», «Qyzylqoga», №16 (7168), 16.04.2020)

5 Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің ұйымдастыруымен 2018 жылы Ставка ескерткішінің орнына жүргізген этноархеологиялық барлау жұмысының ғылыми есебі. Ғылыми кеңесші С.Е.Әжіғали.

6 М.Шоқай. Таңдамалы. 1999 ж. Алматы. Қайнар баспасы. 221-224 б.б.

7 Полное географическое описание нашего Отечества. Киргизский край. Подъ редакции В. П. Семенова-Тянь-Шаньский . Санкт-Петербургъ. Издание Д. Ф. Девреенд. 1903 жыл. 316-317 бет.)

Түйін

Бұл мақала Алаш қозғалысының аса көрнекті қайраткерлерінің бірі, ұлы тұлға Халел Досмұхамедовтың ізі қалған туған жеріндегі тарихи орындар жөнінде мәліметер мен тарихи зерттеулер туралы ақпарат береді.

Мақала тарихшы, мәдениеттанушы мамандарға және өлке тарихына қызығушылық танытқа барша оқырмандарға арналған.

Резюме

Эта статья дает информацию об исторических исследованиях и сведениях об исторических местах родного края, где остались следы одного из самых выдающихся деятелей движения Алаш, великого деятеля Халела Досмухамедова. Статья адресована историкам, культурологам и всем читателям, интересующимся историей края.

Resume

This article provides information about historical research and information about the historical places of the native land, where the traces of one of the most prominent figures of the Alash movement, the great figure Khalel Dosmukhamedov, have remained. The article is addressed to historians, cultural scientists and all readers interested in the history of the region.

НАЗВАНИЯ СЕЛ ТЕРЕКТИНСКОГО РАЙОНА ЗКО С ПОЗИЦИИ ТОПОНИМИКИ

Д. Морозова - студентка I курса
Теректинского колледжа
Научный руководитель: преподаватель
русского языка и литературы
Руководитель: Хайрмуллина С.М.

*"Топонимика - это язык Земли, а Земля есть
книга, где история человеческая записывается
в географической номенклатуре"*
Н.И.Надеждин

В последнее время в нашей стране большое внимание уделяется восстановлению историко – культурного прошлого казахского народа, изучению его духовного наследия. Принятые на государственном уровне программы «Рухани жаңғыру», «Туған жер», выход программной статьи Елбасы «Семь граней великой степи» нацеливают подрастающее поколение на серьезное изучение региональной истории, историко – географических памятников своей «малой родины».

Данная работа является попыткой выяснить, что скрывается за географическими названиями сел Теректинского района.

Каждый человек постоянно встречается с географическими названиями. «Невозможно представить себе жизнь современного общества без географических названий. Они повсеместно и всегда сопровождают наше мышление с раннего детства. Всё на земле имеет свой адрес, и этот адрес начинается с места рождения человека. Родное село, улица, на которой он живёт, город, страна- всё имеет свои имена», - пишет известный специалист в области топонимики [2. С. 4].

Географические названия имеют свой смысл. Никакой народ не называл реку, озеро или селение «просто так», случайным сочетанием звуков. Отсюда напрашивается вывод: объяснить можно любое, даже самое сложное и, на первый взгляд, непонятное географическое название.

Географические названия могут рассказать о древних обычаях, о том, чем занимались и чем жили наши предки. Из названий можно узнать и о том, какова была природа той или иной местности в прошлые века, какие здесь росли деревья и травы, какие звери и птицы водились в лесу [5. С. 6].

Я задалась вопросом: «А что стоит за географическими названиями, т.е. топонимами, моего родного села и его окрестностей?» Некоторые названия этих объектов были мне неизвестны, мне стало интересно узнать их происхождение и значение. А также на практике установить, на самом ли

деле топонимы отображают характерные особенности той или иной местности?

Цели исследования: 1) Провести историко-этимологический анализ топонимов Теректинского района ЗКО; 2) Привлечь внимание к изучению топонимов родного края как средству познания истории, культуры, языка своего народа.

Объект исследования: названия населенных пунктов Теректинского района ЗКО.

Задачи исследования: 1) Провести сбор и систематизацию географических названий; 2) Провести историко-этимологический анализ топонимов; классифицировать их по мотиву, лежащему в основе возникновения наименования; 3) Выявить наиболее продуктивные типы топонимов.

Была выдвинута следующая гипотеза: наименования поселений этимологически связаны с именами, фамилиями людей, природными, водными объектами, их признаками; с историческим прошлым.

Топонимика (от греч. τόπος (*topos*) — место и νομα (*нома*) — имя, название) - наука, изучающая географические названия, их происхождение, развитие, современное состояние, написание и произношение. Топонимика является научной дисциплиной, которая находится на стыке трёх областей знаний: географии, истории и лингвистики. В понятие топонимики входит смысловое значение названия, изучение его языковой принадлежности, изменение названия при переходе из одного языка в другой, определение функции названия и содержащейся в нем информации, сбор названий и их систематизация. Развитие топонимики, топонимические исследования немыслимы без привлечения языковых, исторических и географических знаний. [2. с 5]

Топонимы могут быть как очень древними, так и довольно молодыми, они заключают в себе важную культурно-историческую информацию, связанную с духовной и материальной культурой или природой. Они могут указывать на физико-географические особенности, приметы местности, особенно те, которые в настоящее время уже исчезли: истреблены животные, сведен лес, высохла река или озеро или, наоборот, затоплены обширные территории под водохранилища, вместе с ними и уникальные археологические памятники.

Среди топонимов (по Мурзаеву Э. М.) выделяются различные классы: Ойконимы — названия населённых мест (от греч. *oikos* — жилище, обиталище).

Астионимы - названия городов (от греч. *asty* - город)

Гидронимы — названия рек (от греч. *hydros* — вода).

Оронимы — названия гор (от греч. *oros* — гора).

Урбанонимы - названия внутригородских объектов (от лат. *urbanus* - городской).

Годонимы - названия улиц (от греч. *hodos* — путь, дорога, улица, русло).

Агоронимы - названия площадей (от греч. *agora* — площадь).

Дромонимы - названия путей сообщения (от греч. *dromos* — бег, движение, путь).

Антропотопонимы - названия географических объектов, произведённых от личного имени (от греч. *antropos* — человек). [2. с 45]

Основным моментом исследования моей работы являются ойконимы Теректинского района ЗКО.

Теректинский район в составе Западно-Казахстанской области был образован в марте 1933 года. Административный центр района - село Федоровка, расположенный в 45 км к востоку от областного центра г.Уральск. Территория района 8,0 тыс.кв.км, что составляет 5,3% территории Западно-Казахстанской области. Территория района располагается на левобережье реки Урал, в северо-восточной части области. Границей района на севере является река Урал, на западе - земли г.Уральск, на востоке - земли Бурлинского района и на юге - Сырымского и Акжайыкского районов. [4. с 8]

Издrevле Теректинский район был связующим звеном между Европой и Азией, через него проходил Великий Шелковый путь. Эти традиции сохраняются и сегодня, по территории Теректинского района проходят транспортные артерии: железнодорожный путь, связывающий Европу с Азией; автомагистраль республиканского значения Самара-Шымкент; международный аэропорт «Акжол», который предоставляет возможность попасть в любую точку мира. [4. с 128]

На территории района расположена международная здравница ТОО «Акжайык санаториясы», где жители области и гости ближнего и дальнего зарубежья имеют возможность отдохнуть на берегу Урала и подлечить сердечно-сосудистую систему и другие заболевания. По заключению ученых, медиков, минеральные воды, найденные на территории санатория «Акжайык», излечивают больных с сердечно-сосудистыми заболеваниями, ишемической болезнью сердца, опорно-двигательной системы и сахарным диабетом.

Район имеет уникальные заповедные исторические места. В урочище «Братановского яра» расположена дача-музей всемирно известного писателя, лауреата Нобелевской премии М.А. Шолохова. В селе Сары Омир Шалкарского сельского округа работает музей известного на весь мир казахского просветителя, мыслителя, писателя Хамзы Есенжанова. [1. с 37]

Чудесным памятником глубокой старины, самое большое в Казахстане озеро Шалкар расположено на юго-западе района. Озеро расположено в 75 км от города Уральска. Происхождение его до сих пор вызывает спор. Наиболее вероятным является версия, что оно остаток от бывшего здесь Хвалынского моря, отступившего тысячи лет назад в пределы Каспия, поскольку, в отдаленные доисторические времена вся нынешняя

Прикаспийская низменность представляла собой сплошное вышеназванное море. Гидрографический режим озера похож режиму Каспийского моря. Озеро Шалкар расположено на высоте 16,7 метров над уровнем моря (43 метра над уровнем Каспия). Площадь озера составляет 205,8 км², ширина от 14,7 до 18,4 км. В озеро впадают маловодные реки Шолак-Анкаты и Есенанкаты. Высшие уровни озера наблюдаются в мае до 15,5 м, в течение которого вытекает пересыхающая река Солянка. Минерализация повышается весной с 3-4 г/л, зимой до 6-8 г/л. Как и многие другие солёные озёра Казахстана, Шалкар богат рыбой, в нём водится множество водоплавающей птицы [4, С.145].

Проанализировав названия населённых пунктов, путем перевода с казахского языка, беседуя с аксакалами села, работая со статьями газет, в архиве района, я нашла много объяснений названиям поселений.

Названия населённых пунктов Теректинского района с точки зрения топонимики:

Жанаталап – поселок. С казахского языка «новое стремление», переименован в поселок Аксай. Аксай с казахского языка «белый овраг». В данный момент не существует.

Аксуат – поселок. С казахского языка «белый (светлый) родник, водопой». Здесь находится Белоглинный Яр, состоящий из толщи мергеля и мела. Сверху он покрыт слоем плодородной почвы со степной травой.[7. с 8]

Акжайк – поселок. С казахского языка «Ак» - белый, светлый, «Жайк» - Яик (ныне Урал). Словосочетание «Ак» и «Жайк» имеет метафорическое значение словосочетанию реки Жайык в ласкательном значении. После так начали называть Западно – Казахстанскую область и людей, проживающих в данной местности. [7. с 8]

Алгабас – поселок. С казахского языка - «вперед!». Название поселка берет начало от названия железнодорожной станции в данной местности.

Анкаты – название произошло от небольшой реки Малая Анката, впадающей в озеро Чалкар.

Бекей – название произошло от названия рода казахов.

Алексеевка, Богдановка – поселок. Назван по имени первопереселенца.

Байкана – поселок. С каз. букв. «богатый живот».

Донецк – поселок. На лицо перенос топонима. Первые жители поселка были родом из Донецка (Украина) и назвали его по прежнему месту жительства. [6. с 16]

Долинное – село. В 1905 – 1909гг. Царское правительство, проводя реформу, переселяет крестьян из Центральных районов России на новые земли: Сибирь, Алтай, Казахстан. В эти годы и появляется село Долинное. Первое название села – Александровка, но в районе уже было село с таким названием. Так как местность низменная и ровная, располагающаяся между холмами в долине, на сходе жители решили присвоить название Долинное.

Барбастау в переводе с казахского языка дословно означает – «Есть начало»! Бар – есть, существующий, имеется. Бастау – возглавить, начинать, исток, ключ, родник. Река Барбастау – единственный приток, длиной более 111 километров, впадающий в р. Урал.

Новая жизнь – изначальное название «Зерносовхоз Чаганский»

Кабыл Тобе – поселок. С казахского языка - «везучий холм». Название от имени первопереселенца. В данный момент упразднен.

Карасу – поселок. С каз. букв. «черная вода», но значение его не черная вода, а грунтовая, из – под земли. В данный момент упразднен.

Кирово – поселок. Названо в честь С.М. Кирова. В данный момент не существует.

Кызылжар – поселок. С казахского языка - «красный яр». В данный момент не существует.

Макпал – поселок. С казахского языка - «мягкий». В данный момент не существует.

Магистральное – поселок. Поселок построен людьми, работающими на железной дороге.

Новопавловка – поселок. Основали переселенцы с Украины. Назвали в память о бывшем месте жительства.

Октябрь – поселок. Поселок основан 1 октября 1900 года. В данный момент не существует.

Подстепное – поселок. Название образовано от слова *подстепок*, которое употребляется в местной, диалектной речи в значении "ерик, побочный, глухой рукав реки или протока, идущие в сторону, в степь", "речной рукав без устья, пропадающий в песках и камышах". В основу топонима могло лечь и слово *подстепье* - это географический термин в значении "подстепная сторона, широкая окраина степи, где горы исчезают". Во время прохождения Великого Шелкового пути по данной территории, поселок стал местом отдыха и подготовки к переправе через Урал. Он стал своего рода, пограничным пунктом. С приходом каравана, эта местность преобразалась в большой базар, где местное население и купцы с других регионов обменивались своими товарами. Поэтому поселок Подстепное имел еще одно название – Меняльное.[3. С 65]

Пойма – от названия железнодорожной станции. Это местность речной долины, периодически затопляемая весенним паводком.

Покатиловка- переселенцы переехали из центральной части России – Ярославской, Черниговской, Киевской, Екатеринбургской губерний на свободные казахские земли. Место для села определил землеустроитель Покатилов, и село назвали Покатиловкой.

Приречное – село. Находится на берегу реки Караоба.

Придорожное – село. Основано как хутор при дороге. Он состоял из двух жилых домиков и заезжего двора.

Социализм – название поселка связано с социалистической идеологией.

Талпын – поселок. Талпын берет свое начало с зари 20 – го столетия. В 1923 году местные бедняки, чтобы выжить, объединились в рыболовецкую артель и назвали ее «Талпын». С казахского языка - «стремление», «порываться вперед», «стремиться». Название дали в надежде, что оно будет открыто новой жизни, новым веяниям, светлому будущему. Так, на основе артели родился колхоз Талпын.

Тонкерис – поселок. С казахского языка - «переворот». Первые жители приехали сюда на освоение целинных и залежных земель со всех концов бывшего Советского союза.

Улкен Енбек – поселок. С казахского языка - «основной труд». В данный момент не существует.

Узунколь – поселок. С казахского языка - «длинное озеро». Название поселка произошло от озера в данной местности.

Федоровка – поселок, районный центр. Название по имени одного из переселенцев, Федора Лугачева. Основано в 1928 г. крестьянами из с. Покровка.

Челкар – поселок. Название получило от озера Шалкар. Шалкар означает «озеро, блестящее как снег». Это название озеро получило от волн, бьющихся о камни. Находясь в ущелье между горами Сантас и Сасай, озеро подвержено сильным порывам ветра, быстро поднимающего высокие волны. Шум и прибой волн, особенно на южной стороне, напоминают море.

Шагатай – поселок. Название осталось после нашествия татаро – монгол в 12 веке. После существовало племя турецкого происхождения с таким названием. Далее в казахской, узбекской, туркменской литературе это слово перемешалось.

Шоптыколь – посёлок. С казахского языка - «травяное озеро». Название озера в данной местности.

Яикское – от названия железнодорожной станции.

Таким образом, ойконимы населенных пунктов Теректинского района ЗКО чаще всего произошли от названия рек, на которых они находились. Гидроним почти каждой речки, даже небольшой, имеет своего двойника – топоним села, поселка. Чем больше река, тем больше на ней географических названий населенных пунктов. Многие населенные пункты получили имена по различным местным признакам.

Большую группу названий населенных пунктов составляют топонимы по имени или фамилии человека: Алексеевка, Богдановка, Григорьевка, Тихоновка. Эти топонимы говорят о принадлежности этого населенного пункта какому-то лицу. Они возникли в народных массах стихийно, стали традиционными и привычными.

Интересное явление переноса топонима - города Донецк в Ростовской области на территории России в село Донецк Теректинского района.

Новые топонимы появились после победы Великой Октябрьской революции в 1917 году.

Численный состав населения Теректинского района растет, соответственно разрастется другой населённый пункт или появятся новые айконимы.

Исходя из полученного материала, я вывела свои критерии, по которым разделила все названия населённых пунктов на несколько групп.

Названия населённых пунктов в Теректинском районе связаны в основном: с водными объектами; с объектами рельефа местности; с известными личностями; с фитонимами; с историческим прошлым; со святыми местами; с знаменательными датами; названные переселенцами по имени Родины; с этнонимами [3, с.11].

А также я сделала выводы о причинах изменения топонимов:

- Топонимы зависят от географических объектов или их свойств (Караоба, Аксу, Долинное)

- Топонимы зависят от общественного устройства и общественного сознания (Социализм, Новая Жизнь, Пролетарка)

- Топонимы отображают те признаки, которые имеются в действительности на момент наименования (Первое Мая, Октябрь)

- Топонимы отражают жизнь и быт людей, то есть указывают на производственный профиль (Магистральное)

- Если изменяются какие – либо условия, то происходит изменение топонимов (Яик – Уральск)

- Часто, приезжая на новое место переселенцы переносили туда названия своего прежнего места жительства (Новопавловка, Донецк)

- В названиях населенных пунктов как в зеркале отражаются политические и этнокультурные процессы, имевшие место в регионе на протяжении тысячелетий.

Таким образом, названия многих населенных пунктов сформировались в результате географического расположения населенных пунктов, а также тесно связаны с событиями в жизни населения и страны в целом. Некоторые моменты происхождения названий поселений являются противоречивыми и ждут новых исследований.

Список литературы.

1 Байпаков К.М., Танабаева С.И., Сдыков М.Н. Древние сокровища Западного Казахстана. Алматы, 2001

2 Мурзаев Э.М. География в названиях. Москва, 1982

3 Рысқалиқызы Ұ. Батыс Қазақстан облысы жер – су атауларының сөздігі. Орал, 2001

4 Сдыков М.Н. Памятники природного и историко – культурного наследия Западно – Казахстанской области. Теректинский район. Уральск, 2007

5 Суперанская А.В. Что такое топонимика? Москва, 1985

6 «Приуралье» №22 от 23 февраля 2018г. Малой родины знаток.

Түйін

Мақала БҚО Теректі өңіріндегі топонимдерді тарихи-этимологиялық талдауға, топонимдердің өзгеру тарихына арналған, туған жердің топонимдер арқылы тарихты, мәдениетті, халық тілді тану құралы ретінде зерттеуге назар аударды.

Резюме

Статья посвящена историко-этимологическому анализу топонимов Теректинского района ЗКО, причинам изменения топонимов, привлечению внимания к изучению топонимов родного края как средству познания истории, культуры, языка своего народа.

Summary

The article is devoted to the historical and etymological analysis of the toponyms of the Terehta region of the WKO, the history of changes in toponyms, drawing attention to the learning of toponyms of the native land as a means of learning the history, culture, and language of your nation.

САРАЙШЫҚ МУЗЕЙ ҚОРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚАРУЛАРЫ

Т. Мұғиев – қор сақтаушы,
«Сарайшық» мемлекеттік
тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК

*Берік сауыт кигізді,
Садағын сала байланып.
Ер қаруы – бес қару
Бесеуін тамам ілгізді.
«Құбығұл» эпосы*

Қазақ ұл туса халқына қорған болады деп қуанған. Әсіресе, бұрынғы жаугершілік заманда «Аттан!» деген ұран естілсе әр азамат атқа қонуға әзір жүрген. Дегенмен ел қорғау, жер қорғау үшін батырлардың ең әуелі бес қаруы сай болу керек екені анық. Есте жоқ ықылым заманнан бері ел есінде қалған ескі жырларда да бес қару ұғымы жиі кездеседі. Бес қаруы сай қазақ әскері баса көктеп кірген басқыншыларды алдаспандай намысымен, болаттай ерік жігерінің арқасында жеңіп, шекарадан әрі асырып, түре қуып шыққан. Аттың қомында бес қаруын қолдан түсірмей, жерінің бүтіндігін, елінің амандығын қорғай білген.

Қазақтың эпостық жырында тұнып тұрған тарихты сөйлетсек, «бес қаруы бойында», «ер қаруы-бес қару» деп жатады. Мұның жай ғана айтылмағанын ұғына бермейміз. Батырға өршіл рух, асқақ айбар берген қару жайында «Қазақ қаруынан айрылғалы айбарынан айрылды», «Бес қарусыз ердің батырлығы айқындалмайды» деп те айтылады.

Қазақ аттың қомында бес қаруын қолдан түсірмей, жерінің бүтіндігін, елдің амандығын қорғай алған. Қаруды қолдануды да, одан қорғануды да жақсы меңгерген.

"Ер қаруы – бес қару" деп шайқаста ғана қолданатын қару түрлерін айтқан. Бұл қаруларды қазақ халқы XVII-XIX ғасырдың аяғына дейін пайдаланып келді. Қолдану аясына қарай бес түрге бөлген. Бірінші – шабу қаруы (балта, айбалта, шақан), екінші – түйреу қаруы (найза, сүңгі), үшінші – кесу қаруы (қылыш, семсер, сапы), төртінші – соғу қаруы (шоқпар, гүрзі), бесінші – ату қаруы (садақ, мылтық)-дейді қару-жарақ зерттеушісі тарихшы-ғалым, этнограф Қалиолла Ахметжан.

Бес қару түсінігі бүгінде түрліше тәпсірленіп жүр. Кейбір зерттеушілер бес қарудың ішіндегі айбалта мен шоқпардың орнына қалқан мен сауытты қосып жатады. Тағы бір деректерде бес қару деп тартыспақ (садақ), атыспақ (мылтық), шанышпақ (найза, сүңгі), шабыспақ (қылыш, алдаспан, селебе), салыспақ (шоқпар, айбалта) яғни негізінен жекпе-жек кезінде пайдаланылатын қару түрлері айтылады. 1899 жылы Орынборда басылып шыққан «Сборник киргизских пословиц» деп аталатын жинақта бес қарудың екі нұсқасы берілген: Бірінші нұсқада пышақ, найза, қылыш, садақ және мылтық түрлері жатқызылса (106-б.), екіншісінде пышақ, таяқ, біз, шақпақ, арқан-жіп секілді тұрмыстық заттар жиынтығы көрсетіліпті (94-б.).

Ал Шоқан Уәлихановтың «Қазақ оқ-дәрісінің құрамы» атты еңбегінде «Бес қаруға ертеректе қайқы қылыш, кейін сапылар, селебе мен жекеауыз және «үнемі әр қазақта болатын пышақ», одан әрі найза, садақ, жақ және жебелері, мылтық» деп көрсетілген. Мылтық демекші көшпелі қазақ жұрты отпен атылатын қару түрін де жетік меңгерген. Ату тәсілін жетік меңгеріп қана қоймай дала шеберлері мылтықтың кейбір түрлерін қолдан құятын дәрежеге жеткен. Бұл мылтық түрлеріне шиті, бытыралы, білтелі, шүріппелі, опырмалы, қос ауыз, жеке ауыз, көкберен секілді атаулар таңып отырған. Қазақ даласына мылтық түрлері XV-XVII ғасырларда пайда бола бастады.

Садақ – ату қаруы

Қарапайым садақты үйеңкі, басқа да қатты ағаш шыбықтарын доғаша иіп, екі ұшын қайыспен керіп жасайды. Күрделі садақтың сыртқы бетіне сіңір тартылып, ішкі жағы мүйізбен қапталады, кейде ортасы мен екі шетіне сүйек бастырма қағылады. Сарматтар, сақтар және ғұн дәуірінде садақтың осы күрделі деп аталатын түрі пайдаланылған.

Серікбол Қондыбай «Қазақтың жауынгерлік рухы» деп аталатын еңбегінде бір ғана садақ қаруының жай (йа, жақ, жа), кіш, керіс, саржа, бұқаржа, йетен (жетен), оқлұқ деген түрлеріне тоқталып өтеді:

Саржа – сүйекпен әшекейленген әдемі садақ, жақ, «сары жай» дегеннен шыққан.

Бұқаржа немесе бұқаржай – Бұқар қаласында жасалған ерекше садақ түрі.

Массаты – сауыт бұзатын, төрт қырлы алмастан жасалған жебені атуға арналған ауыр садақ түрі делінеді. Жебесі де массаты деп аталыпты.

Сонымен қатар ол өз еңбектерінде садақты әр замандарда иетен, жай, жақ, кіш, керіс, оқлұқ секілді түрлерінің болғанын жазады. Автордың пайымынша, «оқтам» (бір оқтық, оқ жетерлік), «оқтам йер» (оқ атым жер) секілді атаулар осыған байланысты шыққан.

Садақтың ағашына керілген жіптің атаулары деп «кіріс», «адырна», «қайыс» сөздерін қолданған.

Кіріс – садақтың керме бауы, қайысы.

Адырна – садақтың кермесі, яғни садаққа иіп тартылған қайыс.

Тоз – садаққа оралған орама қайыс.

Автор садақтың жебесі мен қорамсағына қатысты да қырыққа жуық атауға анықтама берген. Бұлардың түгелге жуығы – бүгінде мүлдем ұмытылған атаулар. Мәселен, жебеге қатысты қандыауыз, әндіген, сайгез оқ, кез, масақ, кіре деген атауларды естіп өткенімізбен йасыш, қалва, кесме, темүркен, тылы, шырғұй, соқым, ұлын, боры, башақ, үкі секілді атаулары болған. С. Қондыбай бұл атаулардың көбін М. Қашғаридың еңбектерінен тапқанын айтады [1].

Қандауыз – жебенің бір атауы.

Кез – садақ оғының ойыс, ашаланып келген түбі, серппеге ілінетін жері. Жебенің құйрығын да кез деп атаған.

Йасыш – жебенің басы, оқтың ұзыншақ ұшы.

Қалва – үйренушілердің оғы, темір басының орнына бір домалақ ағаш бекітілген оқ.

Сауыт бұзар оқ – тесу қуаты жоғары етіліп жасалған оқтың түрі.

Сарнама – атқанда адам жүйкесіне әсер етіп, ысқырған дыбыс шығаратын жебе. Ысқыратын жебені Мәде хан ойлап тапқан. Ол басына тесігі бар сүйек кигізілген жебелермен қаруланған жасақпен жорыққа шыққан, (сүйекті үшкірлеп тесіктер жасап жебеге кигізеді). Жүздеген ысқырған жебелер жаудың зәресін ұшырып, олардың аттарын үркітетін болған. Аты үркіген әскер бет-бетімен кететіні белгілі.

Қатұт – суарылған, қосылған, қатқан;

Қатұтлұғ оқ – заһар қатылған оқ, ұшы уға суарылған оқ

Кеме – жалпақ ұшты найза немесе оқтың ұшы.

Темүркен – жебенің темір басы.

Тылы – оқтың басына (ұшына) байланатын (кигізілетін?) қайыс.

Шырғұй – жебе басының қалың, жуантық тұсы.

Ұлын – ұшы жоқ жебе.

Кіре – жебені садақтың адырнасына салып тартқанда, кіргізетін кертік, кез.

Соқым – жебенің, оқтың ағаштан жасалған құйрығы.

Йүклетті – үкілетті, үкі тақтырды.

Башақ – оқ не найза ұшындағы темір.

Боры – оқ басының жебе ұшына енгізілетін тұсындағы ойық, кертілген айылбасы.

Масақ – садақ оғының ұшы, үшкір жағы.

Әдетте садақ пен жебені салатын ыдысты қорамсақ дейміз. Сөйтсек, жебе қапшығының қорамсақтан басқа құрман, толай, тұл, йасық, қылшан, құрман, құрұғлұқ деп аталатын түрлері де болған екен. Адамды, аңды жараламай, ұрып құлатуға арналған жебені ағаштан, сүйектен, немесе мүйізден жасаған. Оны доғал оқ деп атаған. Мысалы, "Ер Тарғын" жырында Қарт Қожақ батыр жекпе-жекте жас Тарғынды аяп, өзіне тимей, оның қорамсақтағы оқтарын доғал оқпен атып, құлпарша қылып уатып тастайды [2].

Ежелгі уақытта садақшылар ұрыс жүргізуде маңызды рөл атқарды. Олар 200-300 метр қашықтықтан-ақ жау әскеріне айтарлықтай соққы бере алды. Тосыннан шабуылдау, жебе оғынан қорғанудың мүмкіндігі жоқтығы садақшыларды ерекше әскери топқа айналдырды. Садақшылар негізгі ұрыстың алдында, екі жақтың әскері бір-біріне жақын тұрған кезде соққы жасаған. Көшпенді халықтың өкілдері ат үстінде отырып, садақ тартудың хас шеберлері болды. Ер азаматтардан садақшы қыз-келіншектер де қалыспаған. Тұмар ханымнан бастау алатын батыр қыздардың ерлігін «Ат басына күн туса, ауыздықпен су ішер, ер басына күн туса, етігімен су кешер» Қазақ хандығының құрылған сәтінде Қасымның жұбайы Жаған бегім, Айбике, Бопай, Жапалақ, Ботакөз, Сапура жалғастырды [3].

Сарайшық музей қорығында садақтың өзі болмаса жа жебе ұштарының біраз түрі қойылған.



«Музейге сый» акциясы бойынша Р.А.Сабыров тапсырған жеке коллекциясынан қола және темір жебелер. Ерте темір кезеңінің қола жебесі

екі немесе үш қанатты және жебе сабына кіргізіліп бекітілген, сармат тайпаларына тиесілі.



Сарайшық қаласының қазба орнынан табылған темірден жасалынған жебелер Алтын Орда жауынгерлеріне тиесілі. Темір жебелерді тот басқан, майысқан.



Сарайшық қаласының қазба орнынан табылған темірден жасалынған жебе. XIV ғ.

Кесу қаруы

Кесу қаруына семсер, қылыш, сапы, селебе кіреді. Көшпелі халықтың танымында қылыштың да алар орны ерекше. Әр қазақтың төрінде қылыш пен қамшының табылуы парыз саналған.

Қылыш - қайқы келген, жүзі өткір, шабуға немесе шаншуға лайықталып жасалған суық қару. Қылыш көшпелі халықтарда шамамен VIII ғасырда қолданысқа ене бастаған. Ал X ғасырда бұл қару түркілер арқылы Батыс Еуропаға тарады.


Ата-бабаларымыз қылышқа жауынгердің сенімді құралы деп қана қарамаған. Сондай-ақ, символикалық мән берген.

Тарихшы Арман Жұмаділ: «Қылыш – биліктің де символы болды. Мысалы, қазақ хандарын ақ киізге көтеріп, хан сайлаған кезде беліне алтын балдақты қылыш байлайтын. Бұл да биліктің бір символы», - дейді.

Әр батыр өзінің қылышымен ерекшеленетін болған. Бұл турасында профессор Аман Бекенұлының: «Амангелді батырдың қайқы қылышын жасаған кезде 40 атты әскерді қойып, жүзін ауаға қарсы қаратып, қолымен алып келесі адамға беріп, осылайша айналдырып шыққан. Осылайша, ауада суарған», - дейді.

Ал қайқы бас қылыштың бір ғана жүзі болады. Басының қайқылығына байланысты жатаған қылыш, наркескен, алдаспан, зұлпықар деген үлгілері болған. Наркескеннің басының қайқылығы ұзындау болғандықтан кесу мүмкіндігі де зор.

Сарайшық музей қорығында кесу құралынан қылыш, селебе, қанжар бар. Ағартушы Шоқан Уәлиханов "Қазақ қару жасауды білген бе?" деген еңбегінде пышақтың бірнеше түріне тоқталған. Онда: "Қазақтардың өздері кішкене қылыш тәрізді ұзын, түзу "селебе" мен "жеке ауыз" деген пышақтарды жасаған. Селебеден жеке ауыз сәл қысқарақ болады. Селебе мен жеке ауыз саптарының төбесінде белбеуге қыстыру үшін шығыршығы болған. Өздері соққан қанжарын я хиуа пышақтарын жанға салып жүрген. Әр қазақтың жанында, үйінде сабын киік, ешкі мүйізінен, болмаса, ырғайдан істелген бұйда пышақ болған. Бұйда пышақтың мойнына сақина салып бекіткен", – делінген.



1862 жылы Шоқан Уәлиханов өз қолымен салған. Суретте селебе, жеке ауыз, бұйда пышақ.

Жазушы Илияс Есенберлиннің "Көшпенділер" трилогиясының "Қаһар" романында: "Ол беліндегі күміс белбеуіне былғары қынды селебе таққан" деген сөйлемді кездестіреміз. Сонымен қатар, қазақы бәкінің де орны бөлек екенін айта кеткен жөн. Бәкімен ас үйдегі кез келген тағамды турауға болмайды. Көбінесе соғымбасы кезінде қолданған.





Сарайшық музей қорындағы пышақ түрлері. XIV ғ.

Қанжар б.з. дейінгі I мыңжылдықтан қолданыла бастады. Сақтар басы түзу, екі жүзді, қысқа, кесу-сұғу арқылы зақым салатын "ақинақты" қолданған. Кейін бұл қарудан ұзын, екі жүзді семсерлер пайда болды. Содан кейін қанжар мен пышақ көшпелі жауынгер үшін соғыста көмекші қаруларға, ал тұрмыста күнделікті қолданатын бұйым түріне айналды. Сондықтан орта ғасырлардағы түркілердің қанжарлары сол кездегі ұзын семсерлердің формасын кішкене түрде қайталады. Қанжар, пышақтарда батырдың жаны орналасады деп сенген.



Сарайшық музей қорындағы ақинақ - қанжар. XIV ғ.



Сарайшық музей қорындағы қылыш. XVI ғ.

Түйреу қаруы

Түйреу қаруының үш түрі бар. Бірінші найза түрін жақын қашықтықта, бетпе-бет айқаста сауыт кимеген жауға қолданған. Екіншісі – темір сауытпен жарақтанған адамға қарсы қолданатын сүңгі. Металдан соғылатын найзаның басы – жебе деп аталады. Жебесі жалпақ, екі жүзді болады.

Сүңгінің жебесі үскідей үшкір, үш-төрт қырлы болады. Сүңгінің екі басында да жебесі болады. Сүңгі мен найзаның жебелері темірден, болаттан, алмастан соғылады. Соған қарай ақ найза, ақ сүңгі ақ алмас болаттан, көк найза көк темірден жасалған.

Үшінші түрі – жыда. Ол найзаға ұқсас, бірақ сабы қысқалау болып келеді. Оны жауға қарсы лақтырып қолданады. Қазақ жыдасының жебесі найзаныкінен жалпақтау болып келеді.

Сабының түп жағында арнайы қолға ұстайтын тұтамы, қолға ілуге арналған бүлдіргісі болады. Бұл жадыны лақтыру арқылы да, қолға ұстап түйреу арқылы да қолданғанын айғақтайды.

Найза мен сүңгінің басына шашақты да әдейі таққан. Найзаның ұшынан аққан қанды сабына жібермеу үшін және қарсыласына қарудың басын байқатпау үшін қажет болған. Тіпті батырлар жырларында "қоңыраулы найза" туралы айтылады.



Сарайшық музейі қорындағы найза ұштары. XIV ғ.

Мылтық. Ату қаруы садақты отты қару, яғни мылтық алмастырды. Оны XIII ғасырда арабтар ойлап тауып, отты қару деп атаған. Тарихи деректерде XV ғ. аяғы мен XVI ғ. басында Қазақ хандығының құрылу кезеңінен бастап пайдалана бастағанын көрсетеді. Осы кезеңде өмір сүрген Шалкиіз жырау "Ер Шобан" атты жырында Қара найман Жақан батырдың мылтықпен қаруланғанын айтады.

Он екі құрсау жезайыр,
Қара мылтық жұмсаған.
Бұл жиынның ішінде,
Қара найман Жақан бар.

XVII-XVIII ғасырлардағы ақын жыраулардың туындыларында мылтық қазақ батырларының жауынгерлік қаруының бірі болғаны туралы айтылады. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде мылтық – ер жігіттің жеті қазынасының бірі болып саналады.



Сарайшық музей қорындағы мылтық. XIX ғ.



Сарайшық музей қорындағы ресейлік «Переправа» іздестіру-зерттеу жасағының арқасында сүйегі табылып, Отанына жеткізілген Ұлы Отан соғысының жауынгері Мұқалов Сапарғали Ербатырұлының мылтықпышағы(штык-нож).

Мұқалов Сапарғали Ербатырұлы 1920 жылы Сарайшық ауылында дүниеге келген. 1940 жылы Чита қаласына әскер қатарына шақырылған. 1941 жылы Сапарғали Ербатырұлы 16-шы Армия құрамында болған 5-ші механикаландырған корпусстың 13-ші танк дивизиясында жауға қарсы соғысқан. Сол жылы 21 жастағы жауынгер Смоленск үшін болған шайқаста қаза тапқан. 2020 жылы 28 қазанда Смоленск облысының Кардымовский ауданында Максимова Наталья Геннадьевна басқаратын «Переправа» іздестіру-зерттеу жасағы жауынгер сүйегін тауып, медальонындағы «ҚазақКСР Гурьев облысы, Баксай ауданы, Сарайшық ауылы Ербатырова Рахимаға жіберсін» деген анасына арналған жазба бойынша ұрпақтарын

тауып, атамыздың елге оралуына себепші болды. Батырдың ұрпақтары жауынгердің жанында болған құрал-саймандарын Атырау және Сарайшық музейлеріне сыйға тартып, құжаттарының көшірмелерін берді.

Көшпелі халық соғыста бес қаруды нәтижелі қолдану үшін найзагерлер, қылышкерлер, айбалташылар, садақшылар қосындарын құрған. Мысалы, Манас жырында қырғыз, қазақ басқа да түркілерден құрылған әскер құрамында 20 мың садақшы, 30 мың мылтықшы, 5 мың гүрзішілер, 12 мың найзагерлер және 15 мың қылышкерлер қосыны болғанын айтады. Жазба деректерде Абылай, Кенесары әскерлерінде осындай топтар болғанын көрсетеді.

Әскери тактикасы да бес қару түрін ретімен қолдануға негізделген. Көшпелілер соғысты алғашқы сәтте алыстан садақ атудан бастап, кейін шығынға ұшыраған жау әскеріне найза-сүңгімен соққы беріп, қоян-қолтық ұрыста қылыш, айбалта, гүрзі қолданған.

Қазақ хандығында әскербасылық лауазымға тағайындалған батырларға дәреже белгісі ретінде гүрзі, қылыш, тулы найза тапсырылған.

Қазақ үшін қарудың қасиеттілігін оны қыз жасауына қосып беріп, құдалықта сый ретінде ұсынғанынан да көруге болады. Бұл дәстүр ХІХ ғасырға дейін жалғасқан. Мысалы, Ертөстік ертегісінде Кенжекей қыз ұзатылып бара жатып әкесінен Ақсырмал сауытты қалап алған.

Қазіргі таңда бес қару қолдануды спорттық шара ретінде ұйымдастыруды ұсынып жүргендер аз емес. Себебі, ол ұлтымыздың ежелден келе жатқан алғашқы әскери дайындығына, ептілікке, мергендікке, нақты ойлауға үйретуге бағытталған. «Жігітке жеті өнер де аз» дегендей бұл тәрбие тек қатерлі күндерде ғана емес, бейбіт күнде де, жақсылықтарда да қажет екені белгілі. Ендеше, атадан мұра – бес қаруды меңгерген, бесаспап батырларымыздың қай елде де мерейі үстем болары анық.

Әдебиеттер тізімі.

1 Қазақтардың дәстүрлі қару-жарак түрлері (Әскери тарих)/Ахметжан Қ.//Қазақстан әйелдері. – 2004.- №1,4-6

2 Қазақтардың дәстүрлі қару-жарак түрлері (Әскери тарих)/Ахметжан Қ.//Қазақстан әйелдері. – 2005.- №3,5

3 Бес қаруға қатысты жауынгерлік атаулар. /Қондыбай С.// VIII том II бөлім. МҚ-3-32 бб.

Түйін

Жазылып отырған мақала көпшілік оқырманға және музей-қорыққа келуші туристерге Сарайшық музейі қорындағы қазақтың дәстүрлі қару-жарак түрлерін таныстырып, оларды насихаттау мақсатында жазылған.

Резюме

Статья написана с целью ознакомления широкого круга читателей и посетителей музея-заповедника с традиционными казахскими видами оружия из фондов музея Сарайшык и их пропаганды.

Summary

The article was written in order to introduce to the general public and tourists visiting the museum-reserve the traditional Kazakh weapons from the funds of the Sarayshyk museum and promote them.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Ж.Ж. Оразаева - т.ғ.к.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Тарих және дінтану

кафедрасының аға оқытушысы

Халықты әлеуметтік қорғау, бұл әрбір елдің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін жариялағаннан кейін, халықты әлеуметтік қорғау және зейнетақымен қамтамасыз ету жүйелері өте өзекті мәселелердің бірі болды. Бұл мәселе жалпы алғанда бұрынғы кеңес одағынан таралған ТМД елдерінің бәріне тән болатын. Себебі, барлық жаңа құрылған мемлекеттердің негізгі туындайтын мәселесі, ол халықтың әл ауқатын арттыру және осы үшін ұстанатын тиімді бағыттарын айқындау болып табылады. Біріншіден, өз азаматтарын әлеуметтік тұрғыда қорғау Үкіметтің негізгі міндетіне жатады. Екіншіден, нарықтық экономика үлгісін қабылдаған мемлекеттің шығындары барынша үнемді жұмсалынуы тиіс. Осыған байланысты, өткен ғасырдың соңында елімізде халықты зейнетақымен қамтамасыз етуде біршама қиындықтар пайда болды. Оның бірінші себебі елде нарықтық экономикаға көшу процестерінің басталуы болса, екіншісі әлеуметтік-демографиялық факторлар. Анықтап айтқанда, жаңа зейнетақы жүйесін қалыптастыру жағдайында инфляцияның және халықтың арасында жұмыссыздықтың аса қарқынды өсуі, ішкі жалпы өнім көлемінің төмендеуі, бюджет тапшылығы салдарынан зейнетақыны төлеу қарызы көлемінің ұлғаюы, тіпті ең төменгі деңгейдегі әлеуметтік кепілдік – халықты зейнетақымен уақытылы қамтамасыз ету мүмкін еместігіне әкелу қаупі туындады [1, 59 б].

Бүгінгі күні еліміздің барлық азаматтарын мемлекеттік зейнетақымен қамтамасыз ету мәселелері үнемі қызықтырады: зейнеткерлікке қалай дұрыс шығу керек, болжамды зейнетақы төлемдерінің мөлшерін қалай есептеуге болады және жалпы зейнетке шыққан азаматтарды мемлекеттік қолдау қалай іске асырылады. Бұл сұрақтарға жауап беру үшін Қазақстандағы зейнетақы

жүйесінің даму тарихын шолып өткен жөн. Көпшілігімізге белгілі болғандай, біздің Республикамызда ынтымақты зейнетақы жүйесімен қатар, жұмыс беруші немесе салымшының өзі ерікті негізде аударылған зейнетақы аударымдарының есебінен зейнетақы төлемдері көзделген. Елдің зейнет жасына жеткен әрбір азаматы алатын жасына байланысты зейнетақы, әр азаматқа мемлекеттен кепілдендірілген базалық зейнетақы және зейнетақы аударымдарынан, кәсіби зейнетақы жарналарынан, немесе ерікті жарналардан, сондай-ақ зиянды немесе қауіпті өндірісте жұмыс істейтін немесе экологиялық апат және т.б. орындарда тұратындарға түрлі төлемақылар төленеді. Зейнетақыны Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары, сонымен қатар шет ел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар ала алады[1, 67 б].

Қазақстан Республикасы ТМД елдерінің арасында алғашқылардың бірі болып өзінің халықты әлеуметтік қорғау бағыты бойынша жаңа зейнетақы жүйесін қалыптастыруды көздеді. Осы мақсатта елімізде, 1997 жылдың 20 маусымында Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы жаңа заң қабылданды. 1998 жылдан бастап заңды күшіне енген зейнетақы жүйесінің аталмыш бас құжаты, еліміздегі Зейнетақы реформасының жаңадан қылыптасуына жол ашқан бірден-бір нормативтік-құқықтық акт болып саналды. Осы заң Қазақстан Республикасындағы зейнетақы жүйесін реформалаудың іргетасын қалыптастырды деп айтуға толықтай негіз бар. Жаңа заң аясында елімізде жинақтаушы зейнетақы жүйесі де қалыптастырыла бастады. Бұл - зейнетақы жүйесінің мемлекеттің әлеуметтік – экономикалық жағдайында өте маңызды роль атқаратын болады деп жоспарланды. Елімізде жинақтаушы зейнетақы қорлары бірінен соң бірі көптеп ашыла бастады. Қаржы нарығында жинақтаушы зейнетақы қорлары бір-бірімен бәсекелестік тұрғыда жұмыс жасап, жинақталған салымдарды үстемелеп, көлемін арттыру мақсатты түрде жүргізілді. Қазақстанның зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесі, еліміздегі басқа қаржы нарығының сегменттерінен айырмашылығы, оның тұрақты түрде дамуы болып саналады. Жинақтаушы зейнетақы жүйесін реформалаудың қаншалықты артықшылықтары мен оңтайлы жақтары болғанымен әлі күнге дейін кейбір мәселелері өз шешімін жалпыға тиімді түрде тапқан жоқ.

Әртүрлі елдердегі зейнетақының құрылу тарихы. Алғашқы зейнетақы жинақ қоры Францияның әскери-теңіз флотының офицерлері үшін 1673 жылы құрылды. Ұлы Француз революциясы кезеңінде, 1970 жылы 30 жылдың еңбек өтілі бар, елуге келген мемлекеттік азаматтық қызметкерлердің зейнетақы алуы туралы заң қабылданды. Алғаш рет барлық жұмыскерге бірдей ортақ мемлекеттік зейнетақыны төлеуді ресми түрде Германия канцлері Отто фон Бисмарк 1889 жылы енгізді. Кейіннен, 20 жылдан соң зейнетақы жүйесінен хабардар болған басқа да елдер Ұлыбритания, Австралия, Америка Құрама Штаттары, осы жаңашылдықты өз мемлекеттеріне енгізе бастады. Яғни бұл елдер ХХ

ғасырдың 30 жылдарында зейнетақы жүйесін толық қабылдап, осы бағытта жұмыс жасайды бастады. Ал, Қазақстанға зейнетақы жүйесі Кеңес Одағы арқылы жетті. Ресейге бұл жүйені әкелген І Петр болатын. Бұрындары зейнетақы елге жасаған ерлігі үшін әскери шені бар адамдарға берілсе, кейіннен бұл заңға өзгертулер енгізіліп, 1918 жылдан бастап зейнетақы мүгедек жандарға берілетін болған. 1932 жылы зейнетақыға шығу уақыты: 55 жас әйелдерге, 60 жас еркектерге бекітілді. Зейнетақы жүйесі КСРО-да 1956 жылы «Мемлекеттік зейнетақылар туралы» заңымен бекітілді. Біздің елімізде халықты зейнетақымен қамтамасыз ету жұмыстары 1940 жылдардан бастап бастау алды. Алайда, әуелгі кезде «колхоз», «совхоз» еңбеккерлеріне әлеуметтік қамсыздандыру болмай, тек 1965-1995 жылдар арасында ғана зейнетақымен қамсыздандыру жұмыстары сол кезеңдердегі зейнетақы жүйесі бойынша жасалынып келді [1, 81-82].

Қазақстанда зейнетақы жүйесі тарихының бірінші кезеңі 1991-1998 жылдар аралығын қамтиды, бұл кезеңдерді зейнетақы реформасына дейінгі кезең деп қарастыруға болады. 1991 жылы елімізде зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң қабылданды. Посткеңестік уақытта зейнетақы жүйесі Кеңес Одағында қалыптасқан «ынтымақтастық» (солидарный) қағидаты бойынша жүзеге асырылған болатын. Бұл жүйе бойынша зейнетақы төлемдерінің негізгі көзі мемлекет болып табылады. Осы кезеңдердегі заң бойынша мемлекеттік зейнетақы түрлері мынадай болған; еңбек зейнетақысы; жасына байланысты; мүгедектігіне байланысты; асыраушысының айырылуына байланысты; еңбек сіңірген жылдар үшін; әлеуметтік зейнетақы.

Жұмысшылар зейнетке шығудың жалпы негіздеріне байланысты: ерлер 25 жылдан аз емес еңбек өтілі болғанда, 60 жасқа толуы бойынша тағайындалды; әйелдер 20 жылдан аз емес еңбек өтілі болғанда, 55 жасқа толуы бойынша тағайындалды. Зейнетақы осы заңға сәйкес: 1996 жылғы 1 шілдеден - жасы 60-тан 6 ай асқан еркектердің, жасы 55-тен 6 ай асқан әйелдердің; 1997 жылғы 1 шілдеден - жасы 61-ге толған ерлердің, 56-ға толған әйелдердің; 1998 жылғы 1 шілдеден - жасы 61-ден 6 ай асқан ерлердің, 56-ға толған әйелдердің; 1999 жылғы 1 шілдеден - жасы 62-ге толған ерлердің, 57-ге толған әйелдердің; 2000 жылғы 1 шілдеден - жасы 62-ден 6 ай асқан ерлердің, 57-ден 6 ай асқан әйелдердің; 2001 жылғы 1 шілдеден бастап және одан кейінгі жылдар 63-ке толған ерлердің, 58-ге толған әйелдердің құқығы бар болды.

Кеңестік зейнетақы жүйесінде зейнетке шығудың жеңілдік шарттары да көптеп қарастырылған. Үкіметтің арнайы шешімімен бекітілген аса қауіпті және аса ауыр еңбек жағдайларындағы қызметтердің тізімдері бойынша жұмыс істейтіндер, мал шаруашылығымен айналасатан мамандар (сауыншылар, шопандар, түйе бағушылар), тракторист-машинисттер, қалалық жолаушы көліктерінің жүргізушілері зейнетке ертерек шыққан. 1996 жылғы 1 шілдеден бастап 2001 жылғы 1 шілдеге дейін жасына байланысты

зейнеткерлікке мерзімінен бұрын шығуға құқығы бар адамдардың зейнеткерлік жасы жыл сайын 6 айға өсіп отырды.

1991-1993 жылдары үкімет әлеуметті-бағдарлы экономикалық концепцияны ұстанған. Алайда, бұл концепцияның қаржылық негізі болған жоқ. Өзінің әлеуметтік бағыттылығына қарамастан, бұл жүйе тиісінше жұмыс атқара алмады, зейнетақы төлемеу жағдайлары кең етек алды. Халықтың өмір сүру деңгейін көтеру үшін зейнетақымен қамсыздандыру саласын реформалау қажет болды.

1998 жылдан бастап зейнетақы реформасын бастау үшін қажетті заңнамалық құқықтық актілер дайындалып бекітілу қажеттілігі туындады. 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап барлық жұмыс істейтін тұлғалар міндетті түрде табыстарының 10% жинақтаушы зейнетақы қорына аударатын болды. Яғни, мемлекеттік зейнетақы жүйесі ынтымақты түрден, кезең-кезеңімен жинақтаушы жүйеге ауыстырылатын болды. Бұл - зейнетақы реформасының негізгі бағыты болып саналды.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінде әрбір азамат өз табысынан зейнетақы жарнасын, яғни еңбекақы түрінде төленуге тиіс табысының 10%-ын аударып, болашақта төленетін зейнетақысын жеке өзі дербес жинайды. Осылай, зейнетке шыққан кезде жинақталған ақша салымшыларға олардың жеке зейнетақы шоттарынан төлеу көзделді.

Жалпы алғанда зейнетақы - азаматтарға белгілі бір жасқа толғанда, мүгедектігіне байланысты, асыраушысынан айрылғанда, арнаулы қызмет атқарған жылдары үшін, заңнамада көрсетілетін талаптарға сәйкес басқа да реттерде тағайындалып төленетін тұрақты ақшалай төлемақы болып саналды. Зейнетақы төлемдері республикалық бюджеттен және жинақтаушы зейнетақы қорлары есебінен төленді.

Қазақстан Республикасында зейнетақы тағайындау және төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының Конституциясы негізінде және Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету» заңымен, басқа да заң актілерімен айқындалады [2].

Зейнетақымен қамтамасыз ету туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылдың 20 маусымындағы заңы Қазақстан Республикасында азаматтарды зейнетақымен қамтамасыз етудің құқықтық және әлеуметтік алғышарттарын белгіледі, мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың меншік нысандарына қарамастан азаматтардың Конституциялық құқығы жүзеге асырылып жаңаша үлгіде зейнетақымен қамтамасыз етілуі реттелді.

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылды: ең төменгі зейнетақы — тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген зейнетақы төлемдерінің ең төменгі мөлшері; ерікті зейнетақы жарналары – Қазақстан Республикасының заңнамасында және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта айқындалатын тәртіппен, салымшылардың өз бастамасы бойынша зейнетақы төлемдерін алушының пайдасына жинақтаушы зейнетақы

қорларына салатын ақшасы; ерікті зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі — ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта айқындалған жинақтаушы зейнетақы қорына төленетін төлемнің мөлшері; ерікті зейнетақы жарналарының салымшысы — ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа сәйкес, өзінің меншікті қаражаты есебінен зейнетақы төлемдерін алушының пайдасына ерікті зейнетақы жарналарын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға; ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары — Қазақстан Республикасының заңнамасында және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта белгіленген тәртіппен, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын кәсіптер тізбесі бойынша қызметкерлердің пайдасына салымшылардың өз бастамасы бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларына салатын ақшасы; жинақтаушы зейнетақы қоры — зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдері жөніндегі қызметті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға; жинақтаушы зейнетақы қорында бөлектеп есеп жүргізу — заңды тұлға ретінде жинақтаушы зейнетақы қорының бухгалтерлік балансына зейнетақы активтерін енгізбеу; зейнетақы – уәкілетті ұйымнан, жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақы төлемдерінің жиынтығы; зейнетақы активтері — зейнетақы төлемдері мен аударымдарын, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларынан алынатын қаражатты қамтамасыз етуге және жүзеге асыруға арналған ақша, бағалы қағаздар, өзге де қаржы құралдары; зейнетақы аннуитеті шарты — сақтандыру шарты, оған сәйкес сақтанушы (зейнетақы төлемдерін алушы) сақтандыру ұйымына зейнетақы жинақтарының сомасын беруге міндеттенеді, ал сақтандыру ұйымы сақтанушының (зейнетақы төлемдерін алушының) пайдасына өмір бойына немесе белгілі бір уақыт кезеңі ішінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға міндеттенеді; зейнетақы жинақтары — міндетті зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарын, инвестициялық кірісті, өсімпұлды, шарттарға, осы Заңға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де түсімдерді қамтитын, салымшының, зейнетақы төлемдерін алушының жеке зейнетақы шотында есептелетін ақшасы; инвестициялық портфель — зейнетақы активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдары жиынтығы; кастодиан банк — бағалы қағаздар жөніндегі құқықтарды тіркеу және есепке алу, құжаттамалық бағалы қағаздарды сақтау және клиенттің ақшасын есепке алу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын банк; уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі; уәкілетті ұйым – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын [3].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 18 маусымдағы № 841 Жарлығымен Қазақстан Республикасының Зейнетақы

жүйесін 2030 жылға дейін әрі қарай жаңғырту Концепциясы бекітілді. Концепция Қазақстан Республикасындағы зейнетақы жүйесін жаңғырту қажеттілігі зейнетақының ортақ мөлшерінің азаюымен және зейнетақы төлемдері көздерін әрі қарай әртараптандыру қажеттілігімен, ұзақ мерзімді демографиялық трендтерімен және экономикалық даму циклілігімен, мемлекет, жұмыс беруші мен жұмысшы арасындағы зейнетақымен қамтамасыз ету үшін жауапкершілікті бөлісіп артуды әрі қарай оңтайландыру қажеттілігімен қабылданды.

Концепцияны іске асыру барысында: зейнетақы төлемдерінің теңдестігі мен зейнетақымен қамсыздандырудың теңгерілген қаржылық тұрақты жүйесін құруға; 2030 жылға дейін зейнетақы жүйесінде кемінде 35 жыл қатысу өтілімен және аударым жиілігі жылына 12 рет болған жағдайда жойылған еңбекақының кем дегенде 40 % деңгейінде жиынтық зейнетақы төлемдерімен ауыстыру коэффициентін сақтауға; 2030 жылға қарай жұмыс басты халықтың 80 %-ға дейін жинақтаушы зейнетақы жүйесімен қамтылуына; зейнетақы жинақтарының сақталуына; зейнетақы жинақтарының сақталуы бойынша мемлекеттік кепілдік институтын оңтайландыруды қамтамасыз етуге жағдай жасалатын болды [3].

Қолданыстағы зейнетақы заңнамасы негізінде зейнетақылардың мөлшерін біршама қолайлы деңгейде ұстау үшін, олардың мөлшері жыл сайын инфляция деңгейінен қосымша екі пайызға индекстелетін болды. Зейнетақы реформасын жүзеге асырудың нәтижесінде зейнетақы төлемдеріне жұмсалатын шығындардың үлес салмағы біртіндеп кеміп, әлеуметтік сақтандыруға қаржылық ресурстардың жинақталуы қамтамасыз етілді. Бұл бюджеттің шығыс бөлігінің жеңілденуіне әсер етті, яғни қаржылық шығындардың көлемін азайтты, ал жинақтаушы зейнетақы қорлары мен әлеуметтік сақтандыруға тиісті қаржылар түсіп табыс өсті [4].

Өткен ғасырдың 90-жылдарының соңында, Қазақстан Республикасында халықты әлеуметтік қорғау бойынша жаңа серпін беретін тағы да басқа заңнамалық актілер шығарылды. Осы кезеңдерді еліміздегі халықты әлеуметтік қорғау саласында жаңа реформалар жасалған алғашқы кезеңдер деп баса айтуға болады. Атап айтсақ; зейнетақымен қамтамасыз ету туралы заңымен қатар, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы, арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар туралы, мемлекеттік арнайы жәрдемақылар туралы заңдар шығарылып пайдалануға берілді. Осы жаңа заңдармен жұмыс жасайтын және еліміздегі жаңа зейнетақы реформасын дамытатын жаңа құрылымдар құрыла бастады.

Солардың бірегейі, Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық» құрылды. Осыған байланысты зейнетақы жарналарына есеп жүргізуді қамтамасыз ету, тиісті орталықтандырылған деректер базасы мен зейнетақы төлеудің тиімді жүйесінің жұмыс жасауын қалыптастыру және оған қолдау көрсету мақсатында «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық»

Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 маусымдағы № 926 қаулысы шығырылған болатын. Үкіметтің осы арнайы қаулысына сәйкес жедел басқару құқығындағы Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық» құрылды. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын мемлекеттік басқару бойынша уәкілетті органы болып белгіленген.



Сурет 1. Қазақстан Республикасы зейнетақы нарығының институционалдық құрылымы.

Кәсіпорынның негізгі міндеттері: зейнетақы жарналарының, дербестендірілген есебін жүргізу; зейнетақы төлемдерінің орталықтандырылған дерекқорын калыптастыру; зейнетақыларды ыңғайлы да тиімді түрде төлеу болды. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жергілікті жерлерде кәсіпорынның филиалдарын ашуды көздеп, кәсіпорынның жарғысын бекітіп оны белгіленген тәртіппен тіркеген. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті белгіленген тәртіппен кәсіпорынды қажетті қызметтік ғимараттармен қамтамасыз еткен. Сонымен қатар Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қорынан Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жарғылық қызметі үшін бес миллион теңге бөлуді қарастырған және 1997 жылдың ішінде осы кәсіпорынға қажетті ресми трансферттерді уақытылы, толық аударуды қамтамасыз етуді тапсырған [5].

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырып, Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысына сәйкес Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесіне енгізген.

1997 жылы құрылған Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесіндегі негізгі институционалдық құрылымдардың бірі және елдің қаржылық-әлеуметтік инфрақұрылымының маңызды элементі болып табылды. Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығында банк, қаржы, әлеуметтік салаларда жұмыс тәжірибесі бар үш мыңға жуық қызметкер жұмыс жасаған.

Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан зейнетақы алу құқығына: 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін зейнетақы алғандар; әскери қызметкерлер; ішкі істер ұйымдарының; әділет министрлігінің қылмыстық атқару комитетінің және еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнетақыны алуға құқығы бар ұйымдардың қызметкерлері санатындағы азаматтар ие болады [6].

Бастапқыда 1949 жылдың 29-тамызынан 1963 жылдың 5-шілдесіне дейін ең кем дегенде 10 жыл радиациялық қаупі жоғары және төтенше аймақтарда тұрған азаматтар: жалпы еңбек өтілі 25 жылды құрайтын ерлер 50 жасында, жалпы еңбек өтілі 20 жылды құрайтын әйелдер 45 жасында зейнетке шығып, зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан зейнетақы ала бастады және бес және одан да көп балалы, әрі оларды 8 жасына дейін тәрбиеленген әйелдер жеңілдетілген жағдайда қарай зейнетақы алуына құқығы сақталды. Бүгінгі күні бұл нормаларға өзгертулер мен толықтырулар енгізілген.

Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың негізгі функцияларына мыналар кірді: республикалық бюджеттің қаражат есебінен зейнетақымен қамтамасыз етілу құқығы бар азаматтарға зейнетақы төлеуді жүзеге асыру; азаматтарға әлеуметтік жеке кодтар беру; міндетті зейнетақы жарнасының дербестендірілген есебін жүргізу; міндетті зейнетақы жарнасын жинақтаушы зейнетақы қорларына аудару және тағы да басқа әлеуметтік маңызы бар жұмыстар жүктелді [7].

Қорыта келгенде, Қазақстан Республикасында зейнетақы реформасының тәжірибесі қарқынды жүруде екендігін және еліміздің әрбір азаматының мемлекет пен өзінің келешегіне зор үмітпен және сеніммен қарайтындығына көз жеткіздік. Әрине, жоғары нәтижеге мемлекеттіміздің қаржы нарығындағы барлық құрылымдардың жұмыла іс атқаруынан кейін жететініміз анық. Сонымен бірге әрбір еңбеккер азамат зейнетақы жүйесіне аса жауапкершілікпен қарап және зейнетақы жинақтау қорына аударылатын жарналарын саналы түрде үнемі бақылаған кезінде, еліміздің әлеуметтік қорғау саласы дамиды деген сенім бар.

Әдебиеттер тізімі.

Тарихи ой жан-жақты жетіліп, дамыған сайын ол тарихи білімге ұласып, тарих ғылымы қалыптасады. Адамзат дамыған сайын оның шығармашылық мүмкіндіктері және өз тәжірибесі материалдық бейнелерде түрлі жолдармен қалады. Жаңа деректер пайда болған сайын олардың қасиеті мен түрлік құрылымдары, өзектілігі өзгеріске ұшырап отырады [1, 5 б.]. Бұл қазіргі біздің тәуелсіздік дәуіріндегі зерттеушілердің кеңестік тарихқа деген көзқарасымызды саралап береді. Яғни, еліміздің басқару формасы, бағыты, мемлекеттілігі ауысқан жағдайда бұрынғы өткенімізді (кеңестік кезеңді) сызып тастап, тарихты бұрмалаушылыққа жол бермеу керектігін көрсетеді. Керісінше, жаңа мүмкіндіктерді пайдаланып, өткен кеңестік кезең тарихын жаңаша көзқараспен саралау, деректерді жаңаша пайымдау қажеттілігін тудырады. Осындай кеңестік дәуірдің өзекті мәселелерінің біріне – қоғамдағы әйелдер белсенділігі жатады. Әсіресе, еліміздің тарихында маңызды орын алатын қоғамдағы, агроөнеркәсіптегі әйелдер белсенділігіне қазіргі кезде қызығушылық артып отыр. Өйткені сол кезеңде нәтижелі еңбек еткен әйелдер тәжірибесі мен рөлі қазіргі қоғамға керемет үлгі болып отырғанын атап өту керек.

Жоғары және орта білімді ауылшаруашылық кадрларын іріктеу, орналастыру және тәрбиелеу, сол сияқты олардың біліктілігін жаппай арттыру мемлекеттік органдарының басты міндеттерінің бірі болып табылады. Жан-жақты білікті маман жоғары сапалы, өнімді жұмысты атқаруды қамтамасыз ететін, күрделі әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шеберлікпен шеше алатын жағдайға жетуі тиіс. Кеңестік кезеңде Қазақстанның батыс облыстары үшін жаңа мамандар легінің өсуі – заңды құбылыс болып саналады. 80-жылдардың ортасына қарай

ауылшаруашылық мамандарының 51,6% тікелей аграрлық секторда жұмыс істеді. Бұлар жоғары білім алғандар еді. Орта арнаулы білімділер қатарында мамандардың 51,7% болды. Инженер-механиктердің, агрономдардың, зоотехниктердің, малдәрігерлерінің бір бөлігі басқару органдарында, басқа салаларда істеді. Дегенмен ауылшаруашылық мамандарының жартысына жуығын аграрлық сектордан тыс жерлерде пайдалануды дұрыс деуге келіңкіремейді [2, 151 б.].

Ауылшаруашылық кадрларын даярлауда жоғары мектеп көрнекті орын алады. 1985 жылы 7 жоғары оқу орны мен олардың 2 филиалында 21 мамандық бойынша 6,3 мыңнан астам студент, ал 49 орта арнаулы оқу орындарында, яғни техникумдар мен училищелерде 18,5 мың адам оқыды. Егер институттар мен техникумдар Қазақстанның ауылшаруашылығына 1960 жылы 5602 маман берсе, соңғы жиырма бес жылда олардың саны 33,8% -ға өсті. 80-жылдардың ортасына қарай республикада жоғары және орта білімді мамандар, 371 мың тракторшылар, машинистер, комбайншылар мен жүргізушілер даярланды. Біртіндеп индустриалды сипат алған ауылшаруашылығындағы еңбекті өркениетті өзгертуге ең алдымен жоғары және орта арнаулы оқу орындарының бірізді жүйесі жұмысының да ізгі әсері болды. Жастарды оқуға тартуда, олардың бойына біліктілікті сіңіріп, мамандыққа тәрбиелеуде іс-қимылдың алуан амал-тәсілдері қолданылды. Көптеген колхоздар мен совхоздар жастарды өз есебінен оқытты [2, 156 б.].

Дегенмен, экономиканың аграрлық секторында күрделі жағдай орнады. 1956 жылы (Қазақстан 1 млрд пұр астық берген) жылы астық жинау науқанына елдің түкпір-түкпірінен 12 мыңға тарта комбайншы, 20 мың жүргізуші өз техникасымен, он мыңдаған студенттер қатыстырылды [3, 573 б.]. Тың игеру кезеңде кадр мәселесі негізінен басқа республикалардың жұмыс қорларын тарту арқылы жүзеге асқанын ұмытпау керек. Айталық, 1960-1965 жылдары Солтүстік Қазақстан халқының 61%-ға өсуі республикааралық көші-қон есебінен жүзеге асты. Олар – РСФСР, Украина, Молдавия, Белоруссия және т.б. ел азаматтары [3, 575 б.] .

Батыс Қазақстан аумағында да жаңалыққа жақсылыққа қарай бет бұру әлеуметтік-экономикалық дамудан анық көрінеді. 1965-1977 жылдары Гурьев облысының ауылшаруашылығында жұмыс істейтін жоғары және орта білімді мамандар саны 865-тен 1865-ке дейін өсті, нәтижесінде 1980 жылға қарай әр шаруашылықта орта есеппен 7 жоғары, 12 орта білімді маман болды. Осы кезеңде Орал облысында мұндай мамандар саны бес есе өсті. Ақтөбе облысында ауылшаруашылығында 4600 маман, оның ішінде 578 агроном, 780 зоотехник, 700 инженер-механик 926 малдәрігері жұмыс істеді. Бұл облыстардың іс-тәжірибесі жоғары және орта білімді әрі білікті кадрларды даярлау бастықтар мен бас мамандар құрамының сапасын жақсартуға игі себебін тигізетінін көрсетеді. Агроөнеркәсіп кешенінің барлық буындары басшыларына өндіріс көлемінің ұлғаюына, ғылыми-техникалық өркениеттің өрге басуына, шаруашылық байланыстардың

жаңаруына, шаруашылықты интенсивті жүргізуге байланысты қатаң талап қойылды. Жоғары білімді, сауатты жас мамандарды инициативісі аз, жұмысты ескірген, қасаң әдіспен басқарып отырған егде басшылармен ауыстыру осының куәсі. «Пугачев», «Ащысай» Фурманов совхоздарының директорлары – Емченко, Крамаренко, Жұмашев орындарынан босатылды. Облыстық ауылшаруашылық басқармасының бас зоотехнигі И.А.Мирошник тәжірибе-сынақ шаруашылығының бас зоотехнигіне, Жаңақала аудандық ауылшаруашылық басқармасының бас зоотехнигі Төлешқалиев «Бірлік» совхозының бас зоотехнигіне, Теректі ауданындағы таңдаулы колхоз агрономдары Л.Никулин, Р.Өтеулина «Шаған» совхозына тұқым, жүгері және шөп дақылдарын өсіру жөніндегі аға агрономдар ретінде жіберілді [4, 12 п.]. Ауылшаруашылық өндірісі басшылығында орта буын кадрлары ерекше роль атқарды. Олар көбіне әйел адамдар болатын. Олар ерлермен иық тіресе отырып практикалық істің, қайнаған өмірдің қақ ортасында бригадаларға, фермаларға, звеноларға жетекшілік етті. Ауыр жұмыстың жауапкершілігін саналылықпен өз мойындарына алды. 1966-1980 жылдары Ақтөбе облысы бойынша 26 маман совхоз фермаларына, 8 маман колхоз бөлімшелерінің меңгерушілеріне жіберілді. 38 адам трактор – егіс бригадасын басқарды. Ал сол еңбекшілердің 20 пайызы әйелдердің үлесіне тиеді.

Алайда осындай оң нәтижелерге қарамастан, орта буын кадрлармен қамтамасыз етуге қарамастан ауылда шешілмеген проблемалар аз емес еді. Ауылшаруашылық өндірісі мамандарының арасында әлі де болса практиктердің үлес салмағы жоғары болды. 1978 жылдың 1 қаңтарында колхоздар мен совхоздардың фермалары мен бөлімшелерінде меңгерушілері болып 2991 адам істеді, олардың 49,1% практик еді, 7096 адам трактор-егіс бригадасын басқарды, олардың 82% практиктер қатарын құрады, малшы бригадаларында 3497 адам жұмыс істесе, олардың 76% практиктер болды. Бұл мәліметтер орта буын қызметкерлерінің сапалы құрамында оң өзгерістер байқалса да практиктердің әлі де болса үлес салмағының едәуір екенін растайды.

Кез келген елдің кадр саясатында жаңа жағдайды, өндірісті шебер де сауатты басқарып, түпкі жоғары нәтижеге қол жеткізетін мамандарды тауып, іріктеп, олардың біліктілігін одан әрі шыңдайтын қам-қаракет жасалауы тиіс. Міне бұл бағытта Қазақстанда біраз тәжірибе жинақталды. Нақтырақ айтсақ, Батыс Қазақстан облысы бойынша 1961-1971 жылдар аралығында совхоз директорларының біліктілікті арттыру жөніндегі 3 айлық курсына жыл сайын 8 директор жіберіліп оқытылды [5, 97 б.].

Алматы ауылшаруашылық институты мен Алматы зоотехникалық-мал-дәрігерлік институты жанындағы 2 айлық курстарда совхоздардың 18 маманы, оның ішінде 5 агроном, 6 бас зоотехник, 3 бас малдәрігері, 4 бас инженер білімдерін көтерді. Сонымен бірге, Батыс Қазақстан ауылшаруашылық техникумы мен Батыс Қазақстан ауылшаруашылығын

механикаландыру техникумы жанында курстардан колхоз төрағалары, совхоздардың трактор – егіс бригадаларының бригадирлері өтті. Айталық, БҚ ауыл шаруашылық техникумында 1969-1970 жылдары агроном, ветеринар, зоотехник мамандықтары бойынша күндізгі бөлімде 7766 адам, сырттай бөлімде 7896 адам оқыған. Оның 95 пайызын ауылдықтар, 64,5 пайызын жастар, 32 пайызын әйелдер құраған. Батыс Қазақстандағы Камен, Приурал, Фурманов аудандарында қысқа мерзімді курстар ұйымдастырылды. Ондада білім алған әйелдер аз болмады, олар жалпы курстың 32 пайызын құрады [6, 5 п.].

Еңбеккерлердің терең техникалық білімінсіз, жоғары біліктілік пен өрелі мәдениетсіз, ғылым мен техниканың табыстарын жан-жақты пайдаланбай ауылшаруашылық өндірісін интенсификациялау мүмкін емес. Бұл үдіріс жалпы білім, кәсіби-техникалық әзірлік, біліктілікті арттыру, озат тәжірибені өндіріске енгізу, экономикалық білім, идеялық-теориялық шындалу, бұқараның еңбек және саяси белсенділігін ояту сияқты тұтас бір проблемалар шеңберін қамтиды. Бұл міндеттерді шешу селолық кәсіби-техникалық училищелер мойнына үлкен жүк салмақ артады. Олар бұл орайда қыруар жұмыс тындырды. Ақтөбе облысында 1980 жылы 11 ауданда 4,5 мың жасөспірімге училищелер есігін айқара ашты. Бұлардың түлектері кәсіби мамандықпен қатар орта білім алып шығатын болды. Шаруашылықтарда училищелердің филиалдары, оларда механизатор, малшы кадрларын оқытатын курстар ұйымдастырылды. Тұтас алғанда 1980 жылға қарай Батыс Қазақстан аумағындағы училищелерде 20 мың механизатор, оның ішінде Ақтөбе облысы бойынша 6,2 мың Батыс Қазақстан және Гурьев облыстары бойынша 2 мыңнан астам механизатор даярланды. Батыс Қазақстан облысында №13 және №167 училищелер ұжымдарының еңбегі елеулі. Мысалы №13 училище дәстүрлі тракторшы-машинистпен қоса жүргізуші, механизатор-малшы, аспаз, трактор бригадасының бригадирі, оператор-күс өсіруші мамандарды даярлап, механизаторларды К-700 тракторында және «Колос», «Нива» комбайындарында ерлер иен бірге әйелдерде жұмыс істеуге қайта даярлаудан өтті. №167 училище даярлаған 226 кіші мал фельдшерлері, 216 ветеринарлық санитарлар, 197 жеміс-көкөніс шеберлері, ондаған жылы жайда бақша өнімдерін өсіретін шеберлер халықшаруашылығында ойдағыдай еңбек етіп жүр. Бұл түлектердің арасында да белсенді әйелдер аз емес [7, 110 б.].

70-жылдары Қостанай облысындағы «Харьков» совхозының механизаторы, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Социалистік Еңбек Ері К-700 қуатты тракторында жұмыс істеген Кәмшат Дөненбаева әйел-механизаторлар қозғалысының бастама көтерушілерінің бірі болды. Осы тұста Орал облысында 6 комсомол – жастар қыздар бригадасы ұйымдастырылды. 1980 жылдың аяғына таман ақ Жайық өңірінде – 235, Ақтөбе облысында – 900-ден астам қыз-келіншектер тракторлардың, комбайндардың рулі мен штурвалын ұстады. Олардың қатарында

тракторшылар – Р.Жұмағалиева, Б.Жанғалиева, М.Махамбетова, автомобиль жүргізушілер – З.Байтасова, Ж.Сағындықова тағы басқалары екпінді еңбегімен көзге түсті. Батыс Қазақстанның қыз-келіншектері өздеріне беркітіліп берген техниканы соншалықты ұқыпты, күтіп ұстап, көп мөлшерде жанар-жағармай үнемдеді. Бұлардан құрылған бригадалар жоғары сапалы жұмысты, ұйымдасқан өнімді еңбекті қамтамасыз етті. Ақтөбе облысындағы «Уркачев», «Хлебодар», Орал облысындағы «Мәстексай», «Красногор» совхоздарында құрылған осындай ұжымдар жоғары өндірістік көрсеткіштермен, үлгілі еңбегімен өздерін даңққа бөледі. Бұған мысал ретінде Орал облысындағы тәлімгер Қ.Темірғазиева жетекшілік еткен қыз-келіншектердің «Сәуле» бригадасын атауға болады. Бригада мүшелері тоғызыншы бесжылдық тапсырмаларын 3,5 жылда мерзімнен бұрын орындап шығып, қоғамдық мал азығын дайындауда үлкен де қомақты табысқа жетті [6, 143 б.].

Негізінен 70-жылдары Қазақстанда малшаруашылығын өнеркәсіптік негізге көшіру әрекеті басталды. Мұнда өзекті проблема қой шаруашылығына кадрлар даярлау еді. Ауылшаруашылығының маңызды бұл саласына енді ғылым мен озық тәжірибесін меңгеру үшін қарапайым шопан мен малшыдан гөрі осы заманғы техниканы меңгерген, зоотехниктік-малдәрігерлік ғылыммен қаруланған жан-жақты білімді, ісіне шын берілген адамдар қажет болды. Республиканың шаруашылық органдары осы арада комсомол-жастар қой өсірушілер бригадасына тоқтады. Олардың ойынша еңбекті осылайша ұйымдастыру келешегі бар іс болды. Бастаманы Қазақстан Компартиясы мен Республика үкіметі қолдаған Семей облысындағы Шұбартау ауданының жігіттері мен қыздары көтерді. Бастама Батыс Қазақстанда өз жалғасын тапты. 1974 жылы 69 комсомол-жастар шопандар бригадасы ұйымдастырылды. Қой өсіруге барған жастар ұжымдарына облыстық, аудандық деңгейдегі штабтар көмектесіп, малшаруашылығында жаңа қозғалыс құлаш жайды. Бригадалар колхоз, совхоздар есебінен музыкалық аспаптармен, кітап қорларымен, спорт құралдарымен жабдықталды. Жастарға еңбек және тұрмыстық қолайлы жағдай туғызуға партия, комсомол органдары, кәсіподақ және құрылыс ұйымдары барынша атсалысты. Жас шопандар үшін 98 жатақхана, 73 тұрғын үй, 44 монша, 155 киіз үй, 114 газ плиталары тұрғызылды, бұлар электр двигательдерімен, басқа да тұрмыстық техника түрлерімен қамтамасыз етілді [8, С.67-68]. Мұндай жұмыстар Батыс Қазақстанның басқа облыстарында да жалғасты. Сөйтіп, құрамы аз шопан отбасыларының орнын ірілендірілген кешенді жастар бригадалары басты. Олар жұмылып еңбек етіп, мал басын өз төлі есебінен ойдағыдай өсіре білді, сол уақыт жағдайында қой шаруашылығы өнімін арттырып, өзін ақтай білді. Қайратты, денсаулығы мықты, саналы жастар ағалары мен апаларының – тәлімгерлердің ақыл кеңесіне құлақ қойып, жастыққа тән от-жігерімен, білімімен қой шаруашылығының қыр-сырына қанықты.

Осы уақыт шамасында кейінгі толқын тауарлы – сүт фермаларына тартылды. Орал облысындағы «Красный маяк» совхозы мектеп түлектерінен «Шағала» комсомол-жастар тауарлы – сүт бригадасы шаңырақ көтерді. 4 сауыншы, 5 малшы, 2 слесарь, 1 аспаздан тұратын ұжымға 224 бас ірі қара, оның ішінде 185 сиыр беркітіліп берілді. 1974-1975 жылдың мал қыстату науқанын ойдағыдай өткізіп, ерлермен біргетынымсыз еңбек жасаған қыздар, әйел жолдастар мал басын аман сақтап қана қойған жоқ, сонымен қатар сүт тапсыру жөніндегі міндеттерін асыра орындап, биік межеден көрінді. Осындай бригада басқа жерлерде де құрылды. Гурьев облысы бойынша «Ұшқын» комсомол – жастар бригадасын құрметпен атауға болады. Бұл жылдары мұндай ұжымдардан ондаған жастар институттар мен техникумдарға жіберіліп, жоғары және орта арнаулы білім алды. Мал шаруашылығында, оның ішінде қой шаруашылығында атақты шопандар отарының тәжірибесі негізінде құрылған озат тәжірибе мектептері үлкен роль атқарды. 1966-1980 жылдары Социалистік Еңбек Ерлері К.Ержановтың, Б.Ғалымовтың, С.Дәулетқалиевтің, Е.Есімовтың озат тәжірибе мектептері жұмыс жасады[6, 328]. Олардан жас шопандар, тұтас қой өсіруші бригадалар шаруашылықтағы қиын проблемаларды жеңудің, қой малын бағып күтудің, одан өнім көзін табудың «құпияларын» үйренді, ауыл өмірінің ыстығына күйіп, суығына тоңып шындалды. Әрі бұл шара ауылшаруашылығында кадрлардың тұрақтауына да игі себебін тигізді. Тұтас алғанда Батыс Қазақстан аумағында ауылшаруашылығын кадрлармен нығайту жөнінде 60-70 жылдары мәселе кешенді шешілді. Әрине, бұл орайда кездескен қиындықтар да, жұмыста орын алған кемшіліктер де аз болмады.

Зерттеулер көрсеткеніндей, қарастырылып отырған уақыт ішінде республиканың ауылшаруашылығы үшін еңбектің механикаландырылуы, қоғамдық өндіріс дәрежесінің өсуі, ұжымдық еңбектің одан әрі дамуы және формаларының алуандығы, қызметкерлердің материалдық және моральдық ынталандырылуы ауыл-село тұрғындарының тұрмыс жағдайларының жақсаруы, олардың білім мен кәсіби-техникалық, мәдени деңгейінің өсуі тән сипат болды. Бұл өзгерістер сөз жоқ, салада еңбеккерлердің әлеуметтік жағдайы мен шығармашылық белсенділігін арттыруды талап етті. Бұл өндірістегі түпкі нәтижеге оң әсерін тигізетін еді. Ауылшаруашылығында ғалым-аграршылар атап көрсеткендей, еңбеккерлердің әлеуметтік және жұмыс белсенділігін арттырудың бес дәрежесі бар: шаруашылық ішілік ұйымдастыру, аудандық, облыстық, республикалық және бүкілодақтық ұйымдастыру.

Ауылшаруашылығындағы жұмысты барлық озық формада жүргізген Батыс Қазақстанның шаруашылықтары 1966-1980 жылдары өнімді өндіру мен мемлекетке тапсыруда жоспар мен міндеттемелерін орындап, айтарлықтай нәтижелерге жетіп отырды. Тиімділік пен сапаның артуы, әсіресе, егіншілік мәдениетін көтеруге тығыз байланысты болды. 1966 жылы Орал облысындағы «Перм» астық совхозының ұжымы әр гектардан 100 пұт

астық алу жөнінде міндеттеніп, «Егіншілік мәдениетін жақсарту және астық өнімін ұлғайту үшін социалистік жарысты өрістету туралы» ауыл еңбеккерлеріне үндеу тастады. Оны көп әріптестері қолдады. Жарысқа қосылған Орал облысы диқандары 1966 жылы - сегізінші бесжылдықтың алғашқы жылы мемлекет қоймасына 44 миллион пұт, яғни жоспардан тыс 11 миллион пұт астық құйды [9, 171-174 пп.]. Осы мезгілде Ақ Жайық өңірінде «Правда» газеті атындағы, «Березов», «Еңбек» совхоздары. Калинин атындағы, «Путь к коммунизму» колхоздары «Егіншілік мәдениеті жоғары» деген атакқа өндіріс пен тұрмыстағы қомақты табыстары арқылы ие болды.

Әлеуметтік және еңбек белсенділігі ауыл адамдарына өз дамуында жаңа мазмұнмен келді. Бұл қозғалысқа қатысушылар шеберліктің қыры мен сыры туралы, техниканы пайдаланудың бағалы да тиімді әдістері жайлы пікір алысып, тәжірибе бөлісті. «Егіншілік мәдениет» жоғары» «Елек», «Первомай» совхоздарының, «Красный колос» колхозының (Ақтөбе облысы) «Березов», «Ащысай» совхоздары мен Тельман және Ленин атындағы колхоздардың (Орал облысы) мысалы бұл айтқанымызға дәлел. Соңғысынан комбайншылар И.Н.Усенко, М.И.Богатырев 1968 және 1970 жылдары әр гектардан орташа есеппен 15-17 пұт астық бастырып, биіктен көрінді. Ал осы бригадаларды қызмет жасап марапаттауға ұсынылған бірнеше әйелдер тізімінде келтіріледі [10, 65 п.].

Еңбек бәсекесінің ең құлаш жайған және тиімді түрі ауылшаруашылығында техниканы меңгеру, еңбектің өркениетті әдістерін үйрену кәсіби шеберлікті жетілдіру жөніндегі жарысты жандандыруға, оны жаңа мағыналы мазмұнмен байытуға себепші болды. Батыс Қазақстанда жыл сайын «Таңдаулы механизатор», «Облыстың таңдаулы шопаны», «Облыстың таңдаулы сауыншысы» деген атақтарды берудің ережесі мен шарты талқыланып, бекітілді. Осы атақты алғашқылардың бірі болып, И.Богатырев, Ю.В.Труба, М.В.Щелон, Қ.Миханова, малшылар К.Ержанов, Н.Босмағамбетов, Е.Есімов, С.Дәулетқалиев және басқалар жеңіп алды. Кейін бұлар Социалистік Ері атағына ие болды. Шыңғырлаулық әйелдер тоғызыншы бесжылдықта жыл сайын әр жүз саулықтан 152 қозы алып, әр қойдан 5,2 килограмм жүн қырықты, ол жоспардан тыс 1800 қозы өсіріп, бесжылдықты 84 мың сом пайдамен аяқтады [11, 34-35 пп.]

Тұрғындардың еңбек белсенділігін тәрбиелеу ісінде еңбек әулеттері жарысының маңызы зор. Батыс Қазақстанда өз қасына туған-туысқандарын топтастырған белгілі механизаторлардың, малшылардың есімдері көпке мәлім. Мысалы М.Хұсайынов пен С.Нұрғалиевтің, Н.Сковародько мен В.Зинченконың отбасылық агрегаттарын атауға болды. 1973 жылдың егін орағына қатысқан «Междуреченск» совхозынан (Ақтөбе облысы) Зинченконың отбасы (әкесі, әйелі, екі баласы) 700 гектар алқаптың бидайын сапалы орып бастырды. Шыңғырлау поселкісінің тұрғыны (Орал облысы) Мақсот Хұсайынов екі баласымен «Қызылкөл» совхозына барып, үш комбайнды жөнделді, олар комбайн штурвалыне отырды, сөйтіп күндік

тапсырмаларын бір жарым есе асыра орындауға жетісті. Отбасылық әулеттердің ауылшаруашылық өндірісіне белсене қатысуы, әкелердің, аналардың балаларына үлгі болуы кәсіби біліктілікті жетілдіріп қана қойған жоқ, еңбек өнімділігін арттырып қана қойған жоқ, сонымен қатар кейінгі ұрпақты адамгершілік жағынан тәрбиелеуге де көмектесті. Бұл орайда тәрбиелік мәні зор кештер, кездесулер өтті. Клубтарда, мәдениет үйлері мен сарайларында ұйымдастырылған мұндай шараларға даңқты еңбек озаттары, жұртшылық өкілдері, партия, кеңес, комсомол, кәсіподақ органдарының жетекшілері келіп, кейінгі толқын алдында өз өмір жолдары туралы әңгімелеп еңбек ұжымдарының табысы туралы ой-пікірлерін ортаға салды. Жаңа еңбек озаттары құрметіне Еңбек даңқы жалауы көтерілді [8, С.219].

70-80 жылдары алдыңғы қатарлы еңбек ұжымдары арасындағы жарыс тек қана Батыс Қазақстан аумағында емес, көршілес республикалардағы әріптестер арасында өріс алды. Мысалы Ақтөбе облысы Орынбор облысымен, Гурьев облысы Астрахань облысымен, Орал облысы Саратов және Орынбор облысымен еңбек бәсекесі, өндіріс қорытындысы жөнінде жарысқа түсті [5, С.107]. Орал облысындағы Бөрлі ауданы Орынбор облысындағы Елек ауданының ұжымы 15 жыл еңбек бәсекесі көрігін қыздырып, көш басында болды. Осындай тығыз қатынас техниканы шебер меңгеруге, озық өндіріс әдісін игеруге, тәжірибе алмасуға жол ашты, жұмыста орын алған кемшіліктерді бірлесіп жоюға көмектесті.

1970 жылдан бастап Батыс Қазақстанның көптеген шаруашылықтары КСРО ордендерімен, медальдарымен наградталды. Еңбек Қызыл Ту орденіне «Оймауыт» (Ақтөбе облысы), «Правда» газеті атындағы совхоз (Орал облысы), «Сүйіндік» совхозы (Гурьев облысы), Ленин орденіне «Аңқаты» мемлекеттік мал зауыты, «Халықтар достығы» орденіне «Березов» совхозы, КСРО-ның 50 жылдығы атындағы қаракүл қой совхозы ие болды. Үш облыстан да бірқатар шаруашылықтар тоғызыншы бесжылдықтың қорытындысы бойынша өндірістегі жоғары көрсеткіштері үшін СОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің және БЛКЖО Орталық Комитетінің «Тоғызыншы бесжылдықтағы еңбектегі ерлігі үшін» және аталған органдардың Ауыспалы Қызыл Туын жеңіп алды. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Жалпы, Сталинизм, яғни Кеңестік дәуірдің құжаттары, әсіресе, әйелдер тарапына қатысты мәтіндер шектеулі. Көбіне әйелдер белсенділігінің ел арасында естеліктері сақталған, сол сияқты социалистік жарыстар мінберлерінде бірлі жарым хаттамаларда кездесіп қалады [12, 19 б.]. Әйтсе де осындай жетістіктермен бірге күн тәртібінде шешуін күтіп тұрған әйелдер белсенділігінің мәселелері жеткілікті болды. Қоғамдағы әйелдер шаруашылық басшылары мен мамандар тарапынан ғылыми негізделген, терең ойластырылған басшылықтың әлі өмір талабынан кем жатуында елеулі кемшіліктердің бар екені анық еді.

Әдебиеттер тізімі.

1. Мұхатова О.Х. Отандық тарихи ойдың қалыптасуы және дамуы: оқу құралы. –Алматы, Қазақ университеті, 2017. – 224 б.
2. Савосько В.К., Шамшатов И.Ш. Колхозное строительство в Казахстане (1946-1970). –Алма-Ата, 1974. -279 с
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4 том.-Алматы:Атамұра,2010. -752 б.
4. БҚОММ, 761 қор, 19 тізбе, 383 іс.
5. Народное хозяйство Казахстана в 1972 г. Статистический сборник// Ответственный по выпуску Г.Т.Данаев. –Алма-Ата, Казахстан, 1973. -430 с.
6. БҚО ММ 761 қор, 19 тізбе, 240 іс
7. Жетінші сайланған Қазақ КСР Жоғары Советінің депутаттары. – Алма-Ата, 1968. -278 б.
8. Абжанов Х. Сельская интеллигенция Казахстана в условиях совершенствования социализма. - А.,1988;
9. БҚО ММ 761 қор, 19 тізбе, 240 іс.
10. БҚО ММ 761 қор, 19 тізбе, 384 іс
11. БҚО ММ 761 қор, 19 тізбе, 384 іс.
12. Құндақбаева Ж. Сталинизм дәуірінің әйел нарративтері: Қазақстандағы әйел-белсенділерінің естеліктері// Әл-Фараби атындағы ҚҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. №2 (85). –Алматы, Қазақ университеті, 2017. 18-26 бб.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШЕШЕН ДИАСПОРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Рысбеков Т.З. - т.ғ.д., академик
Әділгереева Н.А. – магистрант,
М.Өтемісұлы атындағы БҚУ, Орал қаласы

Еліміздің тәуелсіздік алғанына биыл 30 жыл толғалы отыр. Осы 30 жылдық қалыптасу барысында жаңа Қазақстанның мемлекет ретінде орнығуы, дамуы және өркендеуі барысында басқа факторлармен қатар өзге ұлт өкілдеріне қатысты дұрыс саясаттың жүргізілуі аса маңызды екендігі бүгінгі күні дәлелденіп отыр. Бұл біздің тарихымыз, яғни өткені ортақ өзге ұлт өкілдерімен тәуелсіздік алғаннан кейін де татулықта өмір сүру және еліміздің ары қарай қадам басу үшін ортақ әрекеттер жасау ең саналы әрі дұрыс шешім. Әртүрлі саяси жағдайларға байланысты елімізге табан тіреген, Қазақстанды өзінің Отаны деп есептейтін өзге ұлт өкілдерін өзекке теппей, Отандасымыз деп сол Отанға жұмыла қызмет ету әр азаматтың борышы. Тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаев 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан

халқы ассамблеясын құру арқылы дәл осы ұлттар арасындағы өзара татулық пен түсіністікке үлкен жол ашты. Елімізде өмір сүріп жатырған әр ұлт өкілдерінің өткен тарихы мен бүгінгі жағдайын зерттеу және жалпы республикада болып жатқан демографиялық үрдісті толық бақылауға алу мемлекеттің ішкі саясатын нығайтуға, сондай-ақ оның ары қарай дамуы үшін аса маңызды болып табылады. Бұған Н.Ә.Назарбаевтың «Біздің әрқайсысымыз және баршамыз туған еліміздің болашағына деген жауапкершілігімізді сезінуіміз керек. Ал мұның өзі өткенді есте сақтай отырып, болашаққа ұмтылу, басқа халықтармен тату және жарасты өмір сүру, олардың мәдениетін, дәстүрлерін салттарын құрметтеу деген сөз» - деп атап өткені дәлел бола алады.

Біздің өлкеміздің, яғни Батыс Қазақстан облысының қоғамдық-саяси және мәдени өміріне белсенді араласып жүрген шешен халқының Батыс Қазақстан жеріне қоныстануын, облысымызда шешен диаспорасының қалыптасу тарихын алып зерттеуім де жоғарыда атап көрсеткен ұлтаралық татулық пен өзара түсіністікті арттыра түседі деп сенемін.

Елімізде шешен диаспорасының қалыптасу тарихы ХХ ғасырдың басынан бастау алады. 1926 жылғы санақ бойынша Қазақстанда тек үш ғана шешен ұлтының өкілі өмірн сүрген; 1939 жылы еліміздегі шешен ұлтының саны 2639 адамға дейін жетті [1]. Қазақстанға шешендердің жаппай қоныстандырылуы сталиндік депортация кезінде жүзеге асырылды. Нақтырақ айтсақ екінші дүниежүзілік соғыс барысында «сатқындық» жасады деген жалған айыппен тұтастай ұлттарды жаппай депортациялау кезінде басқа ұлт өкілдерімен қатар, шешен ұлты да елімізге күшпен қоныстандырылды. Батыс Қазақстан өңіріндегі шешен диаспорасының қалыптасу тарихы да дәл осы тарихи оқиғамен байланысты.

Солтүстік Кавказ халықтарын Орта Азия мен Қазақстанға депортациялау тақырыбы әлі күнге дейін толық зерттелген жоқ. Мұрағат қорларын құпиясыздандыру және күштеп қоныс аударуға байланысты проблемаларды зерделеудің әдіснамалық тәсілдерін жаңарту бойынша жұмыс жалғасуда. Шешендер мен ингуштарды тарихи отанынан шығару арнайы қоныс аудару режимінде жолдар мен өмір сүру жағдайларына төтеп бере алмаған ондаған мың адамдардың орны толмас шығындарымен қатар жүрді. Арнайы контингент құрамындағы шешендер мен ингуштар моральдық және әлеуметтік қысымға ұшырады, қозғалысы шектеулі, көптеген отбасылар ажыратылды. Сонымен қатар, арнайы қоныс аударылғандардың меншік құқығы және жеке мүлкінің сақталуы қамтамасыз етілмеді, бірақ ол ресми құжаттарда көрсетілген болатын.

1943 жылдың қазан айында "Жасымық" операциясы жасалды, оған сәйкес 500 мыңға жуық шешендер мен ингуштарды, оның ішінде 200 мың адамды Новосибирск облысына, 35-40 мыңнан Алтайға, Красноярск өлкесіне және Омбы облысына жер аудару жоспарланған. Алайда, кейінірек, 1943 жылы желтоқсанда Л.Берия ұсынған жоспар бойынша шешендер мен

ингуштардың орналасуы өзгерді: олар Қазақстан мен Қырғызстан облыстары арасында бөлінді . Л. Берияның жеке басшылығымен жүргізілген операцияға НКВД, НКГБ және Смерштің 19 000-ға жуық жедел қызметкерлері, шамамен 100 мың адам жұмылдырылды. НКВД әскерлерінің офицерлері мен жауынгерлері «таулы жердегі оқу-жаттығуларға» қатысу үшін елдің қарулы күштері тартылған .

1944 жылы 23 ақпанда Шешен-Ингушетияның бүкіл халқы тұтқындалып, тұтқындар эшелондарын белгісіз бағытқа жөнелту үшін тией бастады. Қалмақ мемлекеттік университетінің профессоры В.Б. Убушаев атап өткендей, «депортациялау бойынша қылмыстық акциялар өздігінен өткізілді және заңды түрде нығайтылды. ...Олардың әрқайсысы бойынша жоғары мемлекеттік билік және басқару органдарының шешімдері дайындалды, жоспарлар жасалды, қаражат бөлінді, өткізілетін іс-шаралардың құпиялылығы қамтамасыз етілді» .

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1944 жылғы 7 наурыздағы «Шешен-Ингуш автономиясын жою және оның аумағының әкімшілік құрылымы туралы» Жарлығына сәйкес, шешендер мен ингуштар саны аз халықтар ретінде «...Кавказдағы фашистік әскерлердің әрекеттері кезінде көптеген шешендер мен ингуштар Отанын сатып кетті, фашистік басқыншылардың жағына өтті, немістер Қызыл Армияның артына лақтырған диверсанттар мен барлаушылар қатарына қосылды...» деген айып тағылды. Шешен-Ингушетияда, Карачай мен Балкариядағыдай, Ұлы Отан соғысы кезінде «жаппай бандитизм мен сатқындық" болған жоқ. Шешен-Ингушетия территориясын неміс-фашистік әскерлер мүлдем басып алған жоқ, осыған байланысты республиканың байырғы тұрғындарының жаумен «жаппай ынтымақтастығы» бола алмады. Сонымен қатар, олар фашистік басқыншылармен ынтымақтаса алмады, өйткені 1942 жылдың ақпан айынан бастап Қызыл армияға алынбады, ал майданда болғандар демобилизацияланды [2].

1944 жылғы наурыздың ортасында шешендер және ингуштардың алғашқы эшелондары Қазақ және Қырғыз ССР-не әкелінді: 344 589 шешен және 75 342 ингуш (88 513 отбасы). Қалған арнайы қоныс аударушылар тәжік және Өзбек ССР-не жіберілді. Бұл Дағыстан, Әзірбайжан, Грузия, Краснодар өлкесі, Ростов және Астрахань облыстарынан келген шешендер мен ингуштар (4 146 адам) [3]. 1952 ж. Наурызда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «жазасын өтеген, отбасы мүшелері арнайы қоныс аударуда жүрген сотталғандарды арнайы қоныстандыруға жіберу туралы» Жарлығы шықты . Сонымен, Солтүстік Кавказдың байырғы халықтары қалыпты өмір салтынан, әдеттегі шаруашылықтан, кәсіби қызметтен, ұлттық тілден, тамырлы мәдени орта мен дәстүрлерден заңсыз түрде айырылды.

Қазақстанға арнайы қоныс аударушылардың көптеп келуіне байланысты шешендердің қоныстануы және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз етілуі үлкен қиындықтармен қатар жүрді. Республикалық билік

арнайы қоныс аударушыларды қарапайым өмір сүру жағдайымен қамтамасыз ете алмады. Арнайы қоныс аударушылардың жағдайы қабылдаушы облыстардағы материалдық ресурстардың жетіспеушілігімен, қатал климаттық жағдайлармен, жергілікті биліктің немқұрайлылығымен күрделене түсті. Келген арнайы қоныс аударушылар колхоздарға, совхоздарға, өнеркәсіптік кәсіпорындарға орналастырылды. Бастапқыда жергілікті халықпен байланыс орнату көптеген шешендер мен ингуштердің қазақ және орыс тілдерін білмеуімен қиындады.

Жер аударылғандар контингентінің ішінде шешендер мен ингуштар арасында өлім-жітім көрсеткіші өте жоғары болды. 1945 жылдың қазан айында арнайы елді мекендерде 405 900 шешен, яғни 1 жыл 8 ай ішінде жер аударылғандар саны 90 560 адамға азайды.

Экономиканың жұмыс күшіне деген өткір қажеттіліктері Солтүстік Кавказдан келген арнайы қоныс аударушылардың мәжбүрлі еңбегін пайдалану ауқымын одан әрі арттыруға ықпал етті.

Олардың еңбегі ауыл шаруашылығында, жаңа шахталар құрылысында, көмір өндіруде, тау-кен өндірісінде, өнеркәсіптік және азаматтық құрылыста және экономиканың басқа салаларында белсенді қолданылды. Мәселен, 1944 жылы Қарағанды көмір бассейнінің шахталарында жұмысшылардың орташа айлық контингенті 28 646 адамға жетті, 1943 жылмен салыстырғанда өсім 112,7% - ды құрады. 1944 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша бассейнде 42 955 адам немесе жұмысшылардың жалпы құрамының 85,5% еңбек етті. 1945 жылы Қарағанды көмір бассейніне 13 542 адам жұмысқа қабылданды, оның 4 000-нан астамы Солтүстік Кавказдан қоныс аударушылар болды. Шешендер басқа ұлттардың жұмысшыларымен қатар еңбек етті және жақсы еңбек нәтижелерін көрсетті.

Көршілес Ақтөбе облысында шешендер 10 ауданға қоныстанды, барлығы 4 129 отбасы, немесе 20 248 адам, оның ішінде еңбекке жарамды 7 536 адам есепке алынды, өндірісте 5 354 адам жұмыс істеді, колхоздарда – 1 254 адам, совхоздарда – 435 адам және өнеркәсіптік кәсіпорындарда – 493 адам.

Жоғарыда атап көрсетілгендей депортация барысында шешен ұлтының көп бөлігі Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қарағанды өңірлеріне орналастырылды. Яғни темір жол бойында орналасқан облыстар мен қалаларға қоныс аударылды. Батыс Қазақстан облысы сол кезеңде аталған бағыт бойынша теміржол бойында орналаспағандықтан, шешен ұлтын біздің облысымызға депортациялау жоспарда болмады. Шешен ұлтының алғашқы легінің облысымызға қоныс аударуы депортациядан кейінгі жылдарға сәйкес келеді. Республикамыздың басқа облыстарына депортацияланған шешен ұлтының өкілдері шаруашылық жағдайына байланысты, құрылысқа, оқу орнындағы жолдамаларына байланысты Батыс Қазақстан облысына ерікті түрде қоныс аудара бастаған. Бұл дерекке дәлел ретінде ҚХА Батыс Қазақстан облысы бойынша «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени

бірлестігінің жетекшісі Данильбек Саратов мырзамен сұхбат барысындағы ақпараттарды келтіруге болады. «Менің ата-анам Қостанай облысына депортацияланған, мен сол облыста дүниеге келдім. Кейін біздер Түлкібас ауданына қоныс аудардық. 1968 жылы анам Шешенстанға қоныс аударамыз деп шешті. Алайда мен ол жақта тұра алмадым, 1975 жылы Оралға құрылыс отрядында жұмыс жасау үшін келдім. Маған дейін келген шешендер оқу орындарындағы және орнындағы жолдамалар бойынша келген адамдар. Мысалы ретінде құрметті құрылысшы Гурсаев Заинди, Аблдаев Шамсуддин сияқты құрметті адамдарды айтуға болады. Гурсаев Заинди 1968 жылы құрылыс отрядына жұмысқа келген, 1969-1970 жж. Аблдаев Шамсуддин құрылыс техникумына жолдама бойынша оқуға келген.» Бұл берілген ақпараттардан Батыс Қазақстан облысында шешен диаспорасының қалыптаса бастауы, қоныстана бастауы 1960 жылдарға сәйкес келеді деп топшылауға болады. Дегенмен облысымыздағы шешен ұлтының санының көбеюі ХХ ғасырдың соңғы он жылдығына сәйкес келеді [4, 24-28 бб.]. 1994-1996 жж, 1999-2000 жылдар аралығында Шешен Республикасында соғыстың орын алғаны тарихтан белгілі. Бейбіт тұрғындарға қарсы оқ атылды, тыныштық бұзылды. Ел тұрғындары бас сауғалап басқа елдерге жаппай қашқан болатын. Бұл жолы қиындыққа тап болған шешендерді Қазақстан тағы да құшақ жая қарсы алды. Архив құжаттары бойынша Батыс Қазақстан облысына 1995 жылы 1200 адам, 1999 жылы 800 шешен баспанамен қамтылып, бейбіт жерде өмір сүруге мүмкіндік алған.

Депортация мәселесіне кері оралатын болсақ жергілікті мұрағаттардан депортацияланған халықтың нақты санын анықтау мүмкін емес, алайда сол оқиғаларды өз көзімен көрген, бүгінгі таңда Жәнібек, Казталов және облысымыздың басқа да аудандарында тұрып жатқан кейіпкерлердің әңгімелерінен көптеген мәліметтер алуға болады.

Батыс Қазақстанға көшірілгендердің жалпы санын анықтау кезінде бірде-бір құжатта күштеп көшірілген халықтардың өкілдері ескерілмеген, сондықтан мен жоғарыда айтқан эвакуацияланғандарды есепке алудың толық еместігі және үлкен дәлсіздіктер туралы қорытынды осы мысалдармен расталады. Материалдар ұзақ уақыт бойы құпия болып келді және ғылыми зерттеулерде жақында ғана қолданыла бастады. Бірақ қазір толық деректерді алу өте қиын, өйткені мұндай құжаттардың негізгі бөлігі орталық органдардың мұрағаттарында сақталады, көбінесе зерттеуші үшін қолжетімді емес [5, 51-53 б.].

Облысымызға қоныс аударған шешендердің жай-күйі мен ары қарайғы тағдыры туралы архив құжаттарында мәлімет аз болғандықтан, бүгінгі таңда облысымызда өмір сүріп жатқан шешен ұлтының өкідерінен сұхбат алу арқылы біраз мәліметтер алуға болады. Бөрлі ауданына қарасты, Жарсуат елді-мекені шешен ұлтының шоғырланған жері ретінде белгілі. Алайда бүгінгі таңда көпшілік шешендер өз тарихи отандарына немесе басқа елді-мекендерге көшіп кеткен, нәтижесінде Жарсуат елді-мекенінде 3 ғана шешен

отбасы өмір сүріп жатыр. Хажамурадов және Ибрагимовтар отбасылары арасында өз әулеттерінің қайдан депортацияланғаны, депортация барысында отбасында қанша адамның қайтыс болғандығы, қоныстандырылған жерлердегі өмір сүруге қаншалықты жағдайдың жасалғандығы жөнінде сауалдар қою арқылы, төмендегідей қорытынды жасауға болады:

Шешен ұлтының депортациясы өте қатал әрі қатыгез жолмен жүзеге асырылған, әр отбасы кем дегенде 30-50 пайыз адамын жоғалтқан. Бұл шығындар бұдан да көп болуы мүмкін еді, алайда жергілікті ұлт өкілдері үлкен адамгершілік пен мейірім көрсетіп, көп адамдарды өлімнен алып қалды. Өз кезегінде шешен ұлтының өкілдері қазақ тілін, мәдениет меңгеріп, еліміздің барлық салаларында еңбек етті [6, 18-21 б.].

Мүлдем басқа этномәдени ортада Солтүстік Кавказдан келген арнайы қоныс аударушылар өзара түсіністікке негізделген жергілікті халықпен достық қарым-қатынас орнатты. Өндіріс процесінде әртүрлі ұлт өкілдерінің қарым-қатынасы ұлттық оқшаулануды тудырды, өзара қарым-қатынас орнатуға ықпал етті, оларды өз құқықтары үшін күресте біріктірді, халықаралық ынтымақтастық пен халықтар достығының негізін қалады.

Осылайша, соғыстан кейінгі жылдары адам ресурстарының тапшылығы жағдайында арнайы контингенттің жұмысы аймақтың экономикалық әлеуетін одан әрі арттыру үшін белсенді қолданылды, әсіресе көмір, тау-кен өнеркәсібінде, шахталар, өнеркәсіптік нысандар құрылысында және т.б. Еңбек қызметі арнайы қоныстанушыларға қаржылық жағдайын жақсартуға ғана емес, сонымен қатар моральдық және психологиялық проблемалардан арылуға мүмкіндік берді.

Ел басшылығы жеткізілімді жақсартуға және одақтас республикалардың кәсіпорындарындағы адамдардың осы санатын нығайтуға ықпал ететін жағдайлар жасауға бағытталған түрлі шешімдер қабылдады. Құқықтық жағдайы шектеулі шешендер мен ингуштар арнайы қоныстанудың жаңа, өте қиын өмір сүру жағдайларына төтеп берді, не болғанын объективті бағалады, жанқиярлықпен жұмыс жасады.

Қорытындылай келе, күшпен көшіріліп, Сталиндік саясаттың құрбаны болған шешен ұлтына халқымыздың, қазақ халқының көрсеткен жанашырлығы мен адамгершілігі әлі күнге шешен ұлтының жадында. Үлкен тарих қойнауының аз ғана уақыт шеңберінде бірге өмір сүруге мәжбүр болған екі ұлт адамшылығы мен мейірімін жоғалтпады. Қиын жағдайға тап болған ұлтқа мейірім көрсете білген қазақ халқына деген шешен ұлтының бүгінгі ұрпақтарының алғысы мен махаббаттары ерекше көрінеді. Бүгінде шешен ұлтының өкілдері еліміздің әртүрлі салаларында, дәл өткен ғасырдағыдай аянбай еңбек етіп, ортақ Отанымыздың дамуына өз үлестерін қосып жүр.

Әдебиеттер тізімі.

1 Этносы Казахстана //https://assembly.kz/ru/ethnos/ru/chechentsy/ Пайд. уақыты: 14.02.2021. Сағ: 15:04.

2 Исакиева Зулай Сулимовна. К 75-летию депортации чеченцев и ингушей в среднюю азию и казахстан: о жизни спецпоселенцев, 3-4 бб.

3 От депортации к интеграции: документы и материалы, посвященные 60-летию депортации чеченцев и ингушей в Казахстан / сост.: Е.М. Грибанова, А.А. Гунашев, А.С. Зулкашева, Л.Н. Сапонова. Алматы, 2004., 25-29 бб.

4 Чеченцы в Казахстане / Гунашев, А. А., - Алматы : Дәуір, 2003 . - 151 с.

5 Н.Э.Масанов, Ж.Б.Абылхожин, И.В.Ерофеева, А.Н.Алексеевко, Г.С.Баратова. История Казахстана. Народы и культуры. -Дайк-пресс, 2000 г. 608 с.

6 Ермекбаев Ж.А. Чеченцы и ингуши в Казахстане. История и судьбы.- Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 500с.

АҚЖАЙЫҚ АУДАНЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Н.А. Сабыр – 1 курс студенті
«Батыс Қазақстан Жоғары
медициналық колледжі»

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының, Қазақ ССР Министрлер Советінің және Қазақстан КП Орталық Комитетінің қаулысымен 1957 жылдың егінін қысқа мерзімде жинап алуды қамтамасыз еткені, астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындағаны және 1958 жылдың егісіне қажетті тұқым қорын әзірлегені үшін Чапаев ауданының «Первомайский», «Чапаевский», «Аңқаты» совхоздары Қазақ ССР-ның Құрмет Кітабына жазылып, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

1957 жылы 7 наурызда Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы С.Ниязбеков Чапаев ауылында болған сапарында, тың және тыңайған жерлерді игеруде, 1956 жылы мемлекетке мол да сапалы астық тапсыруда қол жеткен табыстары үшін Ленин орденімен 12, Еңбек Қызыл Ту орденімен 13, «Құрмет белгісі» орденімен 33, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен 34, «Үздік еңбегі үшін» медалімен 14 чапайлық еңбек озаты марапатталғанның хабарлап, мемлекеттік награда иелеріне куәліктер мен белгілерді табыс етті.

Бұдан кейінгі жылдардағы оқиғалар тізбегі:

1957 жылы 25 сәуірде Чапаев автобазасы құрылды.

1961 жылдың соңғы күндері аудан орталығындағы типтік жобамен салынған орта мектеп ғимараты пайдалануға берілді.

1962 жылы наурыз айында аудан орталығында әмбебап дүкен құрылысы аяқталды. Онда аяқ киім, мата, галантерея т.б. бөлімдер ашылды.

1962 жылы желтоқсанда Қазақ ССР-і Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығымен Тайпақ ауданы таратылып, Чапаев ауданына қосылды.

1964 жылы желтоқсанда Қазақ ССР-і Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығымен Тайпақ ауданы бөлініп өз алдына құрылды.

1965 жылы аудан шаруашылықтары: Чуйков атындағы, КПСС 22 съезі атындағы, «Родник-Новый» колохоздары; «Ілбішін», «Чапаев».

«Еңбек», «Аңқаты», «Первомай», «Алғабас», «Куйбышев», «Каленый» совхоздары.

1966 жылы егін жинау мен астық дайындау жұмысын ұйымдастыруда қолжеткен табыстары үшін Қазақстан КП Орталық Комитеті, Қазақ ССР Жоғарғы Советі қаулысымен Чапаев ауданы Қазақ ССР-ның Алтын Құрмет Кітабына жазылды.

1971 жылы ауданға Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д.А.Қонаев келіп кеткеннен кейін Чапаев селосына қала мәртебесі берілді.

Осы жылы Ілбішін ойраны болған жерге биіктігі 20 метрлік титан ескерткіші орнатылды.

1977 жылы В.И.Чапаевтың мемориалдық мұражайы салтанатты түрде ашылды. Бұған дейін ол Орал мұражайында филиалы болып келді.

1990 жылы Чапаев қаласына село мәртебесі берілді.

1992 жылы Чапаев ауданы құрамынан Ақжайық ауданы бөлініп шықты.

1993 жылы 10 қыркүйекте Чапаев ауданының құрылғанына 65 жыл толу мерейтойы атап өтілді.

1997 жылы мамырда Чапаев, Тайпақ аудандарының ізінде Ақжайық ауданы құрылды.

Ақжайық ауданы - Батыс Қазақстан облысының орталық аймағындағы әкімшілік аудан. 1997 жылға дейін "Чапаев ауданы" деп аталған. Орталығы — Чапаев ауылы.

Ақжайық ауданы Батыс Қазақстан облысының орталық бөлігін алып жатыр. Аумағы - 25,2 мың шаршы км. Тұрғыны - 44332 (01.01.2008) адам. Ораташа қоныстану тығыздығы - 1 шаршы км - ге 1,7 адам. 53 елді мекеннің басым бөлігі Жайық өзенін жағалай орналасқан. Орталығы Чапаев селосы. Аудан құрамына 18 әкімшілік - аумақтық бөлініс - Ақжол, Ақсуат, Алмалы, Есенсай, Жайық, Жаңабұлақ, Мерген, Тайпақ, Чапаев ауылдық округтер кіреді.

Жері жазық, күнгей бағытта еңістей береді. Жайық өзені аудан жерін Еуропалық және Азиялық бөлікке қақ жарып ағады.

Флорасының ерекшелігіне қарай Бударин - Мерген ауылдық округтері аралығындағы белдеу кешенді далалық зонаға жатады, яғни мұнда өсімдік түрлерінің шоқ - шоқ болып, топталып өсуі айқын байқалады.

Алайда, соңғы жылдары іске қосылған суландыру жүйесі, егіншіліктің дамуы осы табиғи ландшафтыға көп әсерін тигізді.

Сол жағалаудың флорасы мен фаунасы керісінше антропогендік өзгеріске айтарлықтай ұшыраған жоқ, мұндағы қоршаған ортаның табиғи күйінде сақталу деңгейі жоғары.

Жауын – шашынның аудан бойынша орташа жылдық мөлшері 200 – 250 мм.

Өсімдіктер дүниесі: ақ жусан, қара жусан, мия, бидайық, еркек шөп, теріскен, шытыр, сүттіген, тобылғы, қоңырбас т.б. Тоғайлықтарда қарағаш, көктерек, үйінкі, емен, қайың, жыңғыл т.б.

Жануарлары: қасқыр, түлкі, сарышұнақ, қосаяқ, қоян, күзен т.б.

Құстары: боз торғай, қыстау қарлығашы, безгелдек, дуадақ, қарақұс, қырғи, тырна, аққу т.б.

Денсаулық сақтау саласында тұрғындарға 150 орындық 4 аурухана, 50 орындық дәрігерлік аурухана, 13 амбулатория, 1 фельдшерлік акушерлік пункт, 34 медпункт, 64 жоғары, 331 орта арнаулы білімді мамандар қызмет көрсетеді. Яғни аудан аумағындағы барлық елдімекен тұрғындары емдеу сыртқаттың алдын – алу мекемелері жүйесімен қамтылған. Аудан орталығында жаңа 50 орындық, өкпе ауруын емдеу ауруханасы салынып, 2007 жылы іске қосылды.

Географиялық орны, климаты: аудан Каспий маңы ойпатының солтүстік бөлігін алып жатыр. Климаты аса құбылмалы. Орташа ауа температурасы қаңтарда - 13-14°C, шілдеде 23-24°C. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 200-250 мм. Ақжайық ауданының жерін Жайық өзені жарып ағады.

Түйін

Мақалада Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданының ССР кезінен қазіргі таңға дейінгі дамуы мен тарихы мен ескерткіштері туралы қамтылды.

Резюме

В статье рассказывается об истории и памятниках развития Акжайыкского района Западно-Казахстанской области со времен СССР до наших дней.

Summary

The article tells about the history and monuments of the development of the Akzhaiksky district of the West Kazakhstan region from the time of the USSR to the present day.

АДАЛДЫҚ ПЕН ЕҢБЕКСҮЙГІШТІКТІҢ ҮЛГІСІ БОЛҒАН

О.Қ. Сағынбаева - бас қор сақтаушы
«Сарайшық» мелекеттік тарихи-мәдени
музей-қорығы» РМҚК

Мен бүгін өзімнің туған анам – Мұхитова Жонас туралы баяндамақпын.

Анам 1938 жылы 15 наурызда қазіргі Махамбет ауданының 14 ауылында дүниеге келген. Әкесі мен анасы мал шаруашылығында жұмыс істегендіктен жырақтағы фермаға ауыстырылып, анам нағашы атасы Мұхиттың қолында қалады. Бастауыш сыныптарды Жалғансайда, жоғары сыныптарды Махамбетте оқиды. «Жатақхана тисе, қуана-қуана орналасатын едік - дейді анам. - Бірақ алыстан келген малшының балалары көп болса, ауылдарың жақын деп алдымен бізді шығарып жіберетін жатақханадан».

Нағашысы Мұхит 1895 жылы туған екен. Ұлы Отан соғысы кезінде аяқ астынан көзі соқыр болып қалған. Фермада жұмыс жасайтын, еті тірі азаматқа бұл үлкен соққы болыпты. Аяқ жеткен жердегі дәрігер, бақсыға қаралғанмен, көзі ашылмапты. Анам кішкентай күнінде атасының иығына отырып алып, бағыт-бағдар сілтеп отыратынмын, «Мұхиттың көзі» болдым дейтін. Атасының қайсарлығы, жер жағдайын жақсы білуі оның өзін мұқтаж адамдай сезінбей, көзі көрмесе де емін-еркін қажет жеріне барып-келіп тұруына мүмкіндік берген.

1956 жылы мектеп бітіргеннен кейін анам еңбекке араласты. Алғашқы 1-2 жыл егіншілерге көмекші болып жүрді. Н.Хрущевтің жаппай кукуруза егуге пәрмен берген кезеңінде «1 Май» колхозының бөлімшесі болып тұрған Жалғансайға да көп жерге осы дақыл егілген. 1958 жылы алғаш комсомол-жастар звеносын құрып, кукуруза еккен жерлері қазіргі Жалғансай мен Махамбеттің ортасы, Жайық жақ беттегі «Исағали» қонақ үйінің тұсы екен. «Алдан ағай, Алма, Кенжеғыз төртеуіміз өсірген кукуруза қошқыл жасыл, тіпті қара қою болатын. Бітік шықты. Көп өнім алдық» дейтін анам. Звено жетекшісі болып Түйешиев Қожабай сайланып, ішінде анам бар 8 қыз екіге бөлініп, 20 гектардан жер алып, кукуруза өсірген. Екінші звеноны Сағындықов Қизат басқарған. Ол звенода да 8 қыз, екі звено үнемі жарысып, жас болса да еңбектің үздік тәжірибесін көрсеткен.

Жалғансайда кукуруза өсіру 1964 жылға дейін жалғасқан. Тұқымдыққа жинаудан өзге собығымен қоса жинап, мал шаруашылығының тұрақты жемшөп қорын жасақтауда да пайдаланған. Комсомол – жастар арасындағы жарыстарда анамның звеносы үздіктер қатарынан табылды. Оған дәлел – сол кезде алған марапаттары.

1965 жылы ақпанда нағашы атасы Мұхит дүниеден өтті. Анам атасы көзі жұмылғанша қасында болып, перзенттік борышын өтеп, аға-жеңгесін қимағанмен ауылға оралады. Осы жылы наурыз айында менің әкем –

Сағынбаев Қалимен отау тікті. Менің Сағынбай атам анамның отбасына күйеу болып келеді екен. Бұл енді «100 жылдық күйеулікті» артқа тастап, «1000 жылдық құдалыққа» бет алған туыстық болатын. Осы жылдан бастап анам картоп өсірушілер бригадасына қосылды.

Ең бірінші жылы 4 гектардан жер алып, сол жерге егілген картопты күтіп баптап, күзде алғашқы өнім алған. Ауызбен айтқанға оңай, анамның қолындағы бар жабдық – тек күрек пен өз ісіне деген адалдығы болатын.

1965 жылы 2 қыркүйекте жол апатынан әкем қайтыс болды. Ата – анамның отбасылық ғұмыры ұзаққа созылмады, бірақ Жаратқанның қалауы шығар, өмірге 1966 жылдың басында мен келіппін. Орны бар оңалар деп, жақсылықтан үміт еткен, тілеулес ағайын ырымдап Орындық деп қойған екен атымды. Өзі бір ұлдың тілеуін тілеп отырған енесі, әлі жарық дүние есігін ашпаған сәбиі анамның есін тез жиғызды. Сол жылы жұмысқа араласа алмаса да 1966 жылдың көктемінен бастап картоп өсірушілердің қатарына қайта қосылды. Қай жұмыста да бар жан-тәнімен беріліп жұмыс істеу сол заманның әрбір адамының басты қасиеті болатын.


1968 жылы 2 сәуірде Мұхитова Жонас «Тың жерлерді игергені үшін» медалімен марапатталды.

Жыл өткен сайын анамның еңбегі еленіп, социалистік жарыстардың жеңімпазы болды.

1970 жылы 30 наурызда «Ерен еңбегі үшін. В.И.Ленниннің 100-жылдығы қарсаңында» мерейтойлық медалімен марапатталды.



1970 жылғы еңбек көрсеткіштерінің нәтижесінде анам 1971 жылы 8 сәуірде «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды.



1971 жылы қазан айында облыстық ауылшаруашылығы көрмесіне қатынасып, сол жылғы социалистік жарыс жеңімпазы аталды.

1973 жылы 11 қыркүйекте «СССР халық шаруашылығын дамытудағы жетістіктері үшін қола медальмен марапатталды. 1981 жылы 19 ақпанда «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

1982 жылы 10 наурызда Мұхитова Жонастың есімі «Еңбек Даңқы Кітабына» енгізілді. 1984 жылы 5 қаңтарда 1983 жылғы социалистік жарыстың қортындысы бойынша Мұхитова Жонасқа «Чемпион егінші» атағы берілді.

1986 жылы 7 шілдеде «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды. 1993 жылы әжем Қанзиба өмірден өтті. Анам зейнетке шықты. Қазір 83 –ке

келген анам жанымызда. Жалғансайдағы қарашаңырақта өзі ғана деген аты. Әйтпесе інісі Избасардың отбасы қасында.

2005 жылы 8 қарашада зейнеткер егінші Мұхитова Жонасқа «Тыңға 50 жыл» мерекелік медалі табысталды.

Жыл сайын, мереке сайын анамның еңбегі еленіп, әртүрлі деңгейдегі орындардан құттықтаулар алып жатады. Бәрін бірдей тізбектеп шығу мүмкін емес.

Анам бойы кішкентай, арық адам. Жастау күнінде қасындағы жас жігіттер оның шалт қимылына ілесе алмайтын. Ешқашан ешкімге кіріптар болмаймын деп, шөпті де өзі шабатын, егінін де өзі қарайтын. Күш-қуаты барында үй тірлігі әжемнен ауыспайтын. Қолымнан келген көмегімді көрсетіп жанында жүремін ғой. Сондай кезде кіп-кішкентай анамның қайратына, қайсарлығына таң қалатынымын. Мені де еркелеткен жоқ, шаруаға ерте қосты. Сол үйреткендерінен жаман болдым демеймін.

5. Т.З. Рысбеков «Өскен өлке тарихы»
6. «Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы» XIII Авторлық ұжым. М.Н.Сдықов.

БАТЫС Өңірдегі мұсылмандық білім беру мекемелері

Э.А. Сулейменова - 1 курс магистранты
М.Өтемісов атындағы БҚУ
Орал қаласы

Патшалы Ресей қазақ жерін отарлауды бірнеше тарапта жүргізді. Соның бірі діни саясаты. Мұсылман дінін қолдаған сипатта болып, ел ішіне ылаң салу ХІХ ғасырда патшалы Ресейдің басты саясатына айналды. Ресей үкіметінің қазақ халқының діни саясатына жүргізген реформаларында татар ұлтын таңдап алуындағы басты себеп қазақ халқының бұл ұлтқа туысқандығы мен сол уақыттарда халқымыздың арасынан ислам ғұламаларының рөлінің жоғарлығында болатын. Татар молдаларынан жасақталған топ қазақ жазирасында тыңшылық қызметтерді де атқарған болатын.

Ислам дінін отарлық езгі саясатына ыңғайластыра қолдаған осы істердің бірінде патша үкіметі қазақ халқының діни саласын өз уысында ұстады. Мәселен, 1868 жылғы Ережедегі «Қазақтың құқы», «Қазақтың діни істерін басқару» бөлімдерінде: «Қазақтар дін ісі бойынша Орынбордағы дін ислам мүфтиіне қарайды. Қазақтардың жергілікті жердегі діни істерін тағайындалған молдалар жүргізеді, ол азаматтық басқармаға, сол арқылы Ішкі істер министрлігіне бағынады. Қазақтардың арасында бір болысқа бір тағайындалған молда бекітіледі. Молданың сайланғаны туралы ақпаратты уезд бастығына жолдайды, ол мұны бекіту үшін облыстық басқармаға жібереді. Молдалар Облыстық басқарма мен Әскери губернаторлардың шешімімен бекітіледі не босатылады. Мешіттер тек қана генерал-губернатордың рұқсатымен салынады. Мешіттің жанынан жергілікті балаларды оқыту үшін мектеп ашуға молда міндетті түрде уезд бастығының рұқсатын алуы керек», - деп жазылған. Сырт қарағанда мұнда дін таратушы молдалар санын көбейтіп мұсылмандыққа жол берілгендей

еркіндік танылғанымен, осы істің өзін зорлықшыл империя қасақана халық мүддесіне қарсы бағытта жүргізді. Аталмыш діни саясаттың шырмайынан Бөкей Ордасы да шет қалған емес. Бұл саясат Ордада тағайындалған молдалар арқылы жүргізіледі. Жәңгір хан Ордаға аталмыш саясаттың шеңберінде білімді татар молдаларын шақырып оларға қазақтарды дін іліміне оқытуды тапсырады. Ахунның емтиханынан лайықты болған оқығандарды молда жасады, оның белгісі ретінде ашық татар тіліндегі өзінің және ахун мөрі басылған үкімдерін берді. Сонымен қатар, Орданың молдалары үкіметтен өз міндеттері бойынша өзіндік нұсқауды алды. Бұл Жәңгірдің өз хандығын нығайтудың бір сатысы еді [1, С.24-32.].

Ал жоғарыдан тағайындалған татар дін басылары іс жүзінде мемлекеттік қызметкер болды. Орынбор губерниялық басқармасының діни мәселелердегі қызметі қазақ ақсүйектері мен ауылдарындағы татар молдаларын қанағаттандырды. Арнайы ұйғарыммен жіберілген татар молдалары Бөкей Ордасына көптеп келе бастады. Ал, Бөкей Ордасына келген татар молдаларының санын анықтау әрқашан мүмкін бола бермеді [21]. XIX ғасырға дейін Қазақ жерінде молдалар көп болмады. Патша үкіметінің қазақтар арасында татар молдаларын қоныстандыруы арқасында, сонымен қатар Хиуа және Қоқан хандықтарының Ресеймен шиеленістері және олардың халықтың діни сенімін пайдаланып антиресейлік үгіт-насихат жүргізуге тырысуы арқасында XIX ғасырдың бастап Қазақ жерінде молдалар саны артты. Қазақ хандары мен сұлтандары өздерінің саяси жағдайларының тұрақсыздығын сезіп, бірігіп уезде халықты ұстап қалу үшін дін басыларына жиі жүгінді. Аталмыш жүйе Бөкей Ордасында да өрбіген болатын. Мұны Жәңгірдің саяси бағытынан аңғаруға болады [1].

1838 жылы Сенаттың мұсылман тұрғындарына метрикалық кітаптарды енгізу жүйесін тарату туралы жарлығы жарияланды. Жарлыққа сәйкес, метрикалық кітапқа туу, өлім, неке туралы мәліметтерді енгізу жатқызылады. Хан діни салада Сенаттың жарлығын орындауға тырысты. Бөкей хандығының билеушісінде өзіне бағынышты далалықтарды өзінің қол астында жоғары діни істерді шоғырландыру арқылы ұстауға тырысу ниеті анық байқалды. Ресей үкіметінің діни саладағы Жәңгірдің өз дербестігін де аңғаруға болады. Мысалы, Жәңгір хан XIX ғасырдың 30 жылдарына дейін мешіт салу істерінде Орынбор губернаторлығынан рұқсат сұрап келсе, 30 жылдардан кейін Мешітті салуға рұқсат алудың бюрократиялық созуының қиындығынан, бұдан әрі мұндай рұқсаттарды өздігінен бере бастады. 1833 жылы хан К.Аткелтіров молдаға Бұқсақ өзенінің сол жағалауынан мешіт салуға куәлік берді. Сонымен қатар Жәңгір хан жеке өзі қазақ рулары мен бөлімдеріне молданы тағайындады. 1850 жыл 23 желтоқсандағы Орынбор шекаралық комиссиясына Ішкі орда жөніндегі уақытша басқарманың Хабарламасында 113 мұсылман дін басыларының тізімі және олардың Жәңгір хан мен бекіткен мерзімі қоса көрсетілген. Бұл құжатқа сәйкес ең алғаш бекітілген уақыт 1840 жылдың 26 мамырына жатады, ал ең соңғысы –

1845 жылдың 25 маусымы [2, 58 б.]. Ресей империясында қалыптасқан дәстүр бойынша молдаларды тағайындау үшін әкімшілік өлкенің рұқсаты қажет және үміткерлер Уфадағы ислам дін басылары жиналысында сынықтан сәтті өтуі қажет болды. Егер Орынбор және Самара генерал-губернаторы В.П. Перовский мемлекеттік мүлік министрі граф П.Д.Киселевке ордадағы жағдайды Жәңгір ханның қызметіне сыни-жағымсыз жағынан төмендегідей баяндады: «Такого рода распоряжения нисколько не сообразны с характером ревностного мулльманина, если бы даже умилия Джангера к распространению магометанство в Орде предположить проистекавшими из религиозного убеждения. Но ближайшее рассмотрение его действий по этому предмету показывает, что источником их была не бескорыстная ревность благостного человека к исповедуемой им религии, а скорее расчет. Как человек умный и дальновидный Джангир, без сомнения, рассчитывал, между прочим, и на то, что муллы, им созданные и посвященные, могли служить в руках его для укорнения в народе к особе хана уважения и покорности еще лучшим орудием, чем другая опера его владычества- состоявший при хане сотенный отряд русских казахов и русские пушки, являвшиеся в случае нужды для внушения киргизам должного повиновения к правителю». Сонымен айтылғандардан қорытынды шығара келе, бөкей қазақтарының ханы олардың арасында ислам дінінің кең етек жаюына септігін тигізді және бұл ресми үкіметтік діни саясаттың көрінісі боды. Кейбір шенеуніктер жақтаған христандыққа келетін болсақ, оны тарату жүзеге асырылмады. Оны, христиан шіркеуінің құрылысының тарихи дәлелдейді. 1842 жылы Астрахан архиепископы Енотаевский Астрахан губернаторына Жәңгір ханның Сарайында тұрақты түрде православиелік дін қызметшісінің қажеттілігі мен қазынаның есебінен шағын шіркеу салу қажеттілігі туралы баяндады. Бұл жағдай туралы мәлімет Орынбор әскери губернаторы В.А.Обручевке жіберілді. В.А.Обручевке өз кезегінде ханнан Ордада тұрақты тұратын және көктем мен күзгі жәрмеңкелерде Ордаға келетін православиелік христиандардың саны 269 адамға жетті, тұрақты келушілер – 300 адам. Бұл мәліметтер 1843жылы 16 ақпандағы В.А.Обручевтің мемлекеттік мүлік министрі граф П.Д.Киселевке қатынасында келтірілген. Жәңгір ханға төмендегідей хат жолданды: « ...я полагал бы постройку церкви при Ставке хана Джангера Букуева отложить до времени, так как это действительно могло бы показаться киргизам подозрительным и поселить в них недоверчивость к нашему правительству». 3-ші наурызда граф П.Д.Киселов Орынбор губернаторына І Николайдың бұйрығымен хан Ордасында уақытша жорық шіркеуінің құрылысы туралы қатынасты жіберді. Онда ол императордың келесідей сөздерін келтірді: « Принужденно не делать, но убедить, что всякий должен отправлять религиозны обряды по своему закону, и что если инородны сие делают без всякого вопрошения, то и православные не должны быть лишены этого права. Посему и пригласить хана Джангера избрать удобное время к

исполнению сего, хотя и не в виде постоянной, но временной меры, учреждением при Ставке его походной церкви.» Бұл қатынас хаттан кейін 23 наурыздағы генерал В.А.Обручевке хатында келесідей дәлелді негіздер келтірілді: « Таковое устройство православного храма божия, соответствуя в настоящее время местным здешним обстоятельствам и вполне удовлетворяя не тронет глубоких убеждений народа, еще дико мыслящего и дико чувствующего, ибо в нем он увидит необходимое для православных христиан и нисколько до него не касающееся введение» Бұл шіркеудің құрылысына қаражатты хан жәрмеңкелерде болатын көпестердің немесе православие дінінің басқа да сенушілерінің ерікті садақаларынан жинауды ұсынды [3, 58 б.].

1844 жылғы 7 тамыздағы губернаторға келесі хатында Жәңгір хан Ордада христиан шіркеуін салуға қаражат жинаудың басқа көзі жоқ екендігін түсіндіреді. Ол жеке өзінің қаражаттарын есебінен шіркеуді салуды қалайтындығын, бірақ бұл қадамнан екі жағдай тоқтатып тұрғандығын жазады: « 1. При глубокой преданности киргизов своей вере таковое пожертвование примется за совершенно противное ей и сильно тронет самые главные религиозные убеждения народа. 2. Покорная правительству Орда ничего не выразит открыто, но между ее войдет и воскоренится недоверие к моему управлению и к моим личным убеждениям и настояниям, которое крайне затруднит мои распоряжения и, главное, ее хозяйства» [4, 147 б.]. Бұл хаттар және істің кейінгі өрбулері дәлел болғандай, үкіметтің діни саясаты бұл бағытта сақтықпен жүргізіледі.

Ресей үкіметінің Қазақ жерінде жүргізген діни саясатында ортаазиялық хандықтардың қалпының артуына кедергі жасай білді. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап нұсқаушы молдаларды тағайындау тоқтатылды. XIX ғасырдың екінші жартысында шенеуніктердің бірі былайдеп жазды: «Қазіргі кезде біздің үкімет молдаларды тағайындау туралы, қырғыздарға мешіт салу бас қатырмайды. Кез-келген азғантай сауаты бар адам молда бола алады. Кедейлердің жаназасы мәжбүрліктен молдаларсыз өтеді, өйткені кедейлерде күнкөріс көзі жоқ» [2]. Осылайша, рухани өмір тынысын билік идеологиясына сәйкестендіріп, тікелей бақылау үшін арнайы күзеттегі әскер тобын ұстау мен «ахун» бастаған молдалар тобын жасақтау Бөкей Ордасындағы хан билігін бекітіп басқаруды орталықтандыру саясатына қызмет етті [5, 20 б.]. Бұл Ресей үкіметінің діни саясатының бір көрінісі еді.

Әдебиеттер тізімі.

1. Тасмагамбетов А.С. История конфессии Казахстана в конце ХУІІІ-начале ХХ вв. Уральск, 2010. -565 с.
2. Зиманов С. Общественный строй казахов первой половины ХІХ века и Букеевское ханство. –Алматы, Арыс, 2009. -400 с.

3. Ауелханов Р.Ф. Қазақ қоғамының саяси өміріндегі Орынбор мүфтилігінің орны мен қызметі (XVIII ғ. аяғы-XX ғ. басы): т.ғ.к. алу үшін даярл. Диссерт. –Алматы, 2010. -147 б. http://auelhanov_RF.kz
4. Нургалиева А.М. Очерки по истории ислама в Казахстане. – Алматы, 2005. -450 с.
5. Рысбеков Т.З. Бөкей Орда тарихы. –Орал, 2001. -758 б.

ЗАБЫТОЕ СЕЛО КОРДУАН. КОРДУАНОВСКАЯ ЦЕРКОВЬ.

Ж.А. Таласпаева - ученица 11 класса
Кигачская общая средняя школа

Памятники истории и культуры играют роль, так как повествуют о жизни нашему эстетическому развитию. Они различаются по своему происхождению. К ним относятся здания, которые со временем поменяли статус. Это могут быть древние рукописи, которые содержат сведения о культуре и взглядах эпохи. Есть памятники, построенные потомками в знак признательности перед заслугами предков. наших предков, их мировоззрения. Они формируют чувство любви к родине, способствуют значению любого из исторических памятников заключается в том, что они рассказывают людям о событиях прошлого, которые сыграли большую роль в жизни страны. У каждого населенного пункта, города, села, деревни, есть своя жизнь и своя история.

Наше село Кигаш располагается на границе с Россией. Здесь, почти у самой границы с Россией, находится место где раньше было село Кордуан[1.50с]. Не раз посещая это место, мне было интересно узнать про его историю происхождения, узнать историю своей малой родины. Предполагала, что архитектурное сооружение и историческое место имеет свою историю, которая тесно связана с историческими событиями, которые происходили в нашей местности.

В Казахстане можно найти много городов-призраков. Но есть много других городков-посёлков, которым очень много лет и о которых практически ничего не известно.

Одним из таких достопримечательности нашего села является особое историческое место. В селе Кигаш Курмангазинского района, у самой границы с России, расположено место где раньше существовало село Кордуан. Из источников Астраханской церкви известно что первыми поселенцами [1, 17 с.] села Кордуан были 12 семей переселенцев. Село быстро развивалось и росло. Село Кордуан впервые упоминается в списке населенных мест Российской империи в 1861 году [1, 50 с.]. До революции население работало на рыбных промыслах или у богатых скотоводов. Так как стоит село на берегу реки Кигач, прежде полноводной, судоходной и богатой рыбой, население торговало рыбой, которую либо везли в Астрахань, либо

продавали на Кордуанской ярмарке .По реке на лодках приезжали жители соседних сел и вели торговлю ,обменивались мясом , изделиями из шкур. Через село проезжали купцы делая остановку в селе.

Одним из живых свидетелей существования села Кордуан, Султанов Кажеден житель села Кигаш. Кажеден Султанов в 1960-х годах еще мальчиком лет 10 , вместе с отцом на рыбацкой лодке приплыл в село Кордуан. Он увидел село и был очень удивлен .Его поразила богатая по тем временам двухэтажные деревянные дома и улицы в три ряда. Посетил знаменитую Кордуанскую ярмарку. Где торговали местные жители и приезжие торговцы. Вели обмен товарами, перенаправляли грузы по реке. Он вместе с отцом наполнили свою лодку мешками с продовольствием. Величие села до сих пор оставил след в душе Кажеден Султанова.

На месте нахождения села местные жители находили и находят исторические предметы(старинные пуговицы, домашнюю утварь, орудия труда, фрагменты одежды, монеты, крестики, осколки колокола и т.д).

До сих пор остается загадкой , когда и как исчезло село Кордуан.

Кордуанская церковь. В революционные времена Кордуан принадлежал Красноярскому уезду [2, 61 с.]. Уже в 1922 — село Кордуан было выведено из состава Астраханской губернии. И числилось в Денгизском районе, Гурьевского округа, Казахской автономной области. Сейчас - это территория Казахстана. Единственное, что сейчас осталось от этого села — это заброшенная Кордуановская церковь. Она, брошена людьми, полуразрушенная, изо всех сил стоит... всем смертям назло. Может быть потому, что в нем когда-то служил Николай Залесский, священномученик?

Так как ,это место не исследовано и мало изучено историками России и Казахстана информация о селе Кордуан упоминается только в связи с именем священномученика Отца Николая Залесского.

Николай Данилович Залесский (1877 - 1931), священник, священномученик. Родился 3 мая 1877 года в селе Федоровском (Харбай) Астраханского уезда в семье местного псаломщика. 9 ноября 1918года рукоположен в сан священника и направлен в село Кордуан Красноярского уезда, которое вскоре оказалось в самом эпицентре боев между Белой армией и большевиками. Несмотря на возможность уйти, он, в отличие от многих священнослужителей, остался на своем приходе. Служил Николай Данилович Залесский в Кордуанской церкви до 1929года [3, 74 с.] .В 1931 году был расстрелян . 2005г. - канонизирован Определением Священного Синода РПЦ.

Жители села Кордуан были свидетелями и участниками многих исторических события тех лет. Об исторических событиях этих мест передается из уст в уста местными жителями, порой искажая факты покрываются легендами и мифами. Церковь не однократно поджигали. Вандалы до сих пор пишут надписи на стенах церкви, ломают и по частям

разбирают остатки роскошных ворот ,решетки окон. Ценные предметы которые находили и находят в этих местах не кем не описывается и не контролируется .Природные стихии разрушают с годами стены этого исторического памятника.

О былой величии села напоминает только Кордуанская церковь. Несмотря на разрушения и запущенность, она и теперь хранит остатки былой красоты. Однако восстановить разрушенные памятники истории и культуры, собрать и описать все то, как жили предки этого села - наш духовный долг.

Данный архитектурный памятник представляет собой объект непрерывной культурной и исторической связи России и Казахстана. Считаю, что мне несомненно повезло, родиться в таком исторически богатом на события месте.



Кордуанская церковь





Николай Залесский, священномученик.

Список литературы.

1. Генеалогический форум ВГД // <https://forum.vgd.ru/> Время испол.: 15.02.2021 ж.
2. Энциклопедия «Древо» // <https://drevo-info.ru/articles.html> Время испол.: 16.02.2021 ж.
3. Ахтубинской епархии // <http://www.ah-tuba-eparhia.ru/krasnoiarские-мученики> Время испол.: 17.02.2021 ж.

Түйін

Бұл мақалада Кордуан ауылының тарихы, Кордуан шіркеуінің сәулет ескерткіші туралы айтылады. Осы ауыл тұрғындарының өмірі мен тұрмысы

сипатталған. Осы аймақтағы сол кездегі оқиғаларға байланысты тарихта із қалдырған көрнекті тұлға Николай Данилович Залесский туралы айтылады.

Бұл мақаланың материалдары ауыл тұрғындарының естеліктерінің арқасында және тарихи басылымдарды зерттеу арқылы жиналды.

Резюме

В данном статье рассказывается об истории села Кордуан, об архитектурном памятнике Кордуанская церковь. Описывается жизнь и быт жителей данного села. Рассказывается о выдающемся личности Николай Даниловиче Залесском, который оставил след в истории связанных с событиями тех времен в данной местности.

Материалы данной статьи опираются на собранные воспоминания жителей сел, также изучение исторических публикаций.

Summary

This article tells about the history of the village of Korduan ,about the architectural monument Korduan Church. The life and everyday life of the inhabitants of this village is described. It tells about the outstanding personality Nikolai Danilovich Zalessky, who left a mark in the history of the events of those times in this area.

The materials of this article are based on the collected memories of the villagers, as well as the study of historical publications.

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРІНДЕГІ ИСЛАМ ДІНІНІҢ РӨЛІ

А.С. Тасмағамбетов - т.ғ.д., доцент
Ғ.Т. Жиналиев – магистрант
М.Өтемісов атындағы БҚУ
ҚР тарихы кафедрасы
Орал қаласы,

Қазақ даласына тараған мың жылдан астам тарихы бар ислам діні көшпенділердің салт – дәстүрлерімен біте қайнасып, Ұлы дала халқының ажырамас бөлігі болып кеткені тарихымыз бен мәдениетімізден анық байқалып тұр. Қазақ еліне ислам діні еніп таралғанына он екі ғасырдан астам уақыт өтті. Оның басында ислам, дін уағыздаушы дәрүіштер арқылы тарап, бірте-бірте елдің саяси әлеуметтік, мәдени өміріне кең түрде араласып, маңызды орын атқаратын болып шықты.

XIV-XV ғасырларда Қазақ елі ислам дінінің Ханафи мазһабының (діни-заңдылық мектеп) жолын ұстанушы аймақ ретінде араб елдеріне танымал болып, сонымен бірге сопылық бағытын ұстанатын болды. Жергілікті қарапайым халық көбіне сопылық бағытын ұстанған (пір, ишан, дәрүіштерге)

көбірек ілтипат танытты. Себебі дәстүрлі дінбасыларға қарағанда, сопылық бағытының өкілдері қарапайым халыққа жықынырақ болып көрінді [1, 41 б].

Жергілікті ислам орталығы Түркістан қаласындағы сопылық бағытының өкілі Хазірет Сұлтан – Қожа Ахмет Иассауи (XII ғ.) кесенесі болды. Бұл сопылық орталықта қазақ ата – бабаларымыз атақты адамдар мен хандарды жерлейтін болды. К.Рыжовтың кітабында: «Алтын Ордада мемлекеттік – құқықтық сала ислам дінінің заңдарына негізделіп, Шыңғысхан ұрпақтары (араб сөзі «сұлтан») деп аталып, діни ақсүйектер кожалар пайда болды», - деп жазылады [2, 28 б].

Қазақ хандығы дәуірінің кезінде оның халқы мұсылман елдерімен тығыз байланыс орнатып отырды. Халықтың рухани өмірінде Бұқара, Самарқан, Хиуа, Ташкент, Түркістан қалалары маңызды орын атқарып, халық арасында Йассауи сопылық бағыты кең өріс алды. Онымен қатар, рухани сахнаға Орта Азия аймағынан Нақшбандия сопылық ағымы пайда болды. Нақшбандия тариқаты (өзге сопылық тариқатынан айырмашылығы) қатты дауыстап зікір салу практикасын жойып, ритуалдық аспаптар қолдану практикасын тоқтатып, исламның дәстүрлі ортодоксалдық бағытымен шиеленісу жолдарын азайтқан болатын [3].

Қазақ Хандығында ислам діні мемлекеттік деңгейге көтерілді, - дейді зерттеуші А.Сұлтанғалиева [4, 30 б]. Ш.Құдайбердіұлы айтуы бойынша ислам діні Алтын Орда дәуірінде мемлекеттік дін болып орнықты. В.Радловтың айтқанын құптап, көптеген батыс зерттеушілері қазақтарды сунниттік бағытын ұстанған мұсылмандар деп үзілді – кесілді нақты айтқан болатын деп жазады А.Нургалиева [5, 36 б].

Исламтанушы Әшірбек Момынов қазақтардың ортағасырларда өзіндік мұсылман жамағаты қалыптасқанын айтуда. Қазақстан мен Орта Азия аймағында Ханафи мазһабы, матуриди мектебі қалыптасқаны белгілі. Бұл мазһаб бойынша, мұсылман болу үшін «Иман» - яғни «Ля илляһа илАллаһ, Мұхаммад расұлАллаһ», - деп тілмен айтып, жүрекпен бекіту жеткілікті болатын. Ал намаз оқымау күнә болғанымен иманнан айырмайды деп айтылатын, яғни иман мен амал екі бөлек ұғым.

Ғалым Ибн Рузбихан: «Бұрындық хан мен Қасым хан дәуіріндегі қазақтар өздерін мұсылман деп танитын», - деп айтуда [6].

Өлкетанушы Иван Андреев ХҮІІІ ғасырдың 80-ші жылдары найман ханы Абұлфейізбен дос болып сол уақыттағы қариялардан қазақтардың Алтын Орда дәуірінен мұсылмандықты берік ұстанып жүргенін жазып алған. Алтын Ордада мешіт қызметін атқарған киіз үйлер болғандығы да айтылуда [7].

Қожаберген жырау – жау мезгілде сарбаздарды ескертіп, «намазды қысқартып оқыңыз, оқығанда біреуіңізді күзетші етіп қойыңыз», - деп ескерткеніне қарағанда, сарбаздар намаздарын қаза қылмай оқығандарын байқауға болады [8].

Ислам қазақтың тілін байытып, ертегілер, аңыз – әфсәна, ән – жыр бүкіл фольклор тұрмыс – салт өмірге араласып, өз әсерін қалдырғаны белгілі. Қазақ тілі жаңа сөздерімен байытылып мың құбылып шықты. Ханафи мазһабы өзінің толеранттығымен қазақтардың санасына тез сіңіп, біте қайнасып кетті. Көнеден келе жатқан Наурыз мейрамы ислам дініне сіңісіп, наурыз тойында Құран оқылып, аруақтарға дұға бағышталып, діни өкілдерінің батасымен басталатын болды. Ислам келісімен наурыз мейрамында жаңа кейіпкер Қызыр баба немесе Қадыр Ата келеді, бар армандарымызды орындайды деп сенетін болды халық. Наурыз мейрамында Қыдыр Атаны көрсек, бақ қонып қыдыр дариды, деп жорыды (Қызыр – сопылық мифологиясының кейіпкері) [9].

Ертедегі бақсылардың сарындарымен емдеу тәсілі, сопылық ағымымен ұштасып, Құранмен емдеу, дұға оқу, дем салу деген ислам қағидаларымен біте қайнасып кетті.

Кеңес одағының дүркіреп тұрған кезінде ислам діні ресми сахнада көрінбей тұрса да, қазақтың өмірінде маңызды орын алғандығы көнекөз қарияларымыздың әңгімесінен байқалып тұрады. Қалалық өмір салты діннен алыстау болуы мүмкін, бірақ, ауылдықтар ислам дінінің салт – дәстүрлерімен тығыз байланыста болғандығы зерттеу нәтижесінде анық болып отыр. Олардың барлығын тізбектеп айтып шығуға тырыссақ, ең біріншісі, адам баласы шырылдап дүние есігін айқара ашқан сәттен – ақ, Ислам дінінің ең бірінші қағидасы, сол жаңа туылған нәрестеге азан шақырып ат қою болған. Жаңа туылған баланың құлағына азан шақырудың сыры, баланың ең алғаш естігені Аллаһ Тағаланы ұлықтау сөздері мен Мұхаммед Саллалаһу Ғалейһи Уәссаламның оның құлы әрі елшісі екендігін дәлелдейтін шаһада сөздері болсын деген тілек.

Сондай – ақ, Пайғамбар (С.Ғ.С.) немересі Хусайн бин Әлиден (р.а.): «Туылған баланың он құлағына азан айтып, сол құлағына қамат айтса, ол балаға жын – шайтанның зияны тимейді», - деген хадис риуаят етілген. Яғни, азан айтқанда, жын – шайтан қашады делінген. Ал, бала дүниеге келгенде, оны жын – шайтан мазалайтынын Пайғамбарымыз (С.Ғ.С.) айтқан болатын: «Мариям және оның ұлынан басқа, әрбір балаға туылған сәтте шайтан тиіседі. Шайтан тиіскен сәтте, бала шырылдай бастайды», - деген [10].

Сондықтан, сәбидің құлағына азан шақырылса, ұйықысы тыныш болады, - деп айтқан ислам ғұламалары. Сол қағиданы ұстанып, зерттелген аймақтың барлығы да 90 пайызы балаларына туылған күнінен азан шақырып ат қойған екен. Тіпті, бұл амал парыз емес сүннет амалы болса да (яғни, Құранда айтылмаған, Пайғамбарымыз (С.Ғ.С.) өсиет етіп кеткен). Бұл амалды әрбір өзін мұсылманмын деп санаған адам өзіне міндет деп қабылдаған. Негізі, ислам қағидасы бойынша, балаға туысымен азан шақырып ат қойған. Немесе нәрестеге үш күн болғанда, ең әрі бес не жеті күн толғанда азан шақырып ат қою дұрыс деп қабылдаған [8].

Ал, зерттелген аймақта, бала қырқысынан шыққанда, яғни қырық күн толғанда, шашын, тырнағын алып, кісі шақырып, бесікке салып, молданы шақыртып азан айтып ат қойған. Қариялардың айтуы бойынша, қырық күннің себебі, ол уақытта (20-шы ғасырдың 50-60-шы жылдары) Кеңес одағының ауылдық жерлерінде медициналық жағдай төмен болған екен. Ауылдағы қазақ әйелдері көбіне үйде босанып жүрген, қасында жөн білетін қартаңдау әйел болса жақсы, болмаса, далалықта – қырлықта отағасы мал бағып жүргенде, сол уақыттағы әйелдер өздері босанып, өз сәбиінің кіндігін өзі кесіп, отағасы малдан оралғанша, өзі жуынып – шайынып, сәбиін емізіп, құндақтап ұйықтатып, өзі үй жинап ас пісіріп, шай қайнатып ештеңе болмағандай, отағасын күтіп отырады екен.

Сол медициналық жағдай төмен болған себептен, сәбилер көп шетінеген көрінеді. Қырық күн өтіп халықты жинап, той жасайтын себебі: «сәби тұра ма, тұрмай ма?», - деген ой. Қырық күннен кейін, нәресте ет жинап, күле бастағасын, әрі қарай тұратын болды. Той қылып бесікке салуға болады деп тұжырымға келген. Осы жердегі көріністе ислам дінімен қазақтың салт - дәстүрінің ұштастылығы анық байқалады, ең бірінші: қырқынан шығарып, шаш – тырнағын алып, тұма – туыс, көрші – көлем, алыс – жақын халықты жинап, той жасап бесікке салу салты – бұл қазақтың салт – дәстүрі, ал екінші: осы жерде, жергілікті мешіт қызметкерін немесе бір елге сыйлы, халыққа қадірлі ақсақалды шақырып алып, сол кісіге азан шақыртып сәбиге ат қою салты – бұл исламның қағидасы. Қырқынан шығару салты – ежелден келе жатқан ғұрып. Ол ислам дінінен бұрын қазақ даласында пайда болған салттарының бірі, шариғатқа еш қайшылығы жоқ, сондықтан, Ханафи мазһабінің ғұламалары бұл салтты өткізуге рұқсатын берген.

Негізі, халық дәстүрінде, қырқынан шығару мен бесікке салу екі бөлек салт болуы мүмкін, бірақ, зерттелген аймақта, бұл екі дәстүрдің біріккені байқалады. Қырқысынан шығару салтында, халықты шақырып, сол шақырылған адамдардың алдында, азан шақырып ат қойып, бесікке салу үрдісін жасаған [6].

«Бесік алып бару» - қазақтар бір жерге келін болып түскен қызының тұңғышына, қыздың ата – анасы бесік дайындап, алып барған. Тойға жиналған халық осы жерде құдаларымен танысады. Қыздың жеңгелері халықтан бесіктің көрімдігін сұрайды. Жөргектен шығарып, иткөйлегін кигізіп, бесікке салуға әйелдер ішінен ең сыйлы, парасатты, жөн білетін, бала – шағалы болған бәйбішелердің бірі салады. Баланы бесікке саларда, бесікті отпен аластау ырымы жасалады. Бұл ырым исламнан бұрын зороастризм (отқа табынушылық), дәуірінен қалған болуы керек. Нәрестені бесікке салып, бесіктің түбек тесігінен, қолын жайып тосқандарға «тыштыма» үлестіреді. Жаңа бесікке «тыштыма» алғандары байғазыларын береді.

Ханфи мазһабінің сопылық бағыты Қазақстан жеріне тез сіңісіп кеткен бір себебі, бұл бағыт, басқа исламнан бұрынғы шариғатқа қайшы келмейтін

салт – дәстүрлерді қабылдап, жаңа деңгейге көтеріп шығарған. Сондықтан, қазақ елінде исламнан бұрынғы әдеп – ғұрыптар ислам дінімен бірігіп, біте қайнасып кеткен. Қырқысынан шығарып, азан шақырып ат қойып, бесікке салу да, осының бір айғағы [11].

Зерттелген аймақтың ерекшелігі, түрік – қыпшақ заманынан бастау алып, Алтын Орда кезеңінде, патшалық Ресей уақытында, кеңес дәуірінің дүркіреп тұрған заманының өзінде, халқымыз ата – баба салт – дәстүрлерін берік ұстанып, ислам дінінен бұрын пайда болған дәстүрлердің мұсылман дінімен біте қайнасып, осы өңірге тән Далалық ислам қалыптасқанын байқауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі.

1. Мустафина Р.М. «Бытовой Ислам в Казахстане. Обычай и обряды казахов в прошлом и настоящем». Сборник статей. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2001.
2. Рыжов К. Все монархи мира. Мусульманский Восток. XV-XX в.в. – Москва, 2004.
3. edu.e-history.kz «Ислам в Казахстане в современный период». Мустафина Р.М. профессор университета им. Л.Н.Гумилева.
4. Сұлтанғалиева А. Ислам в Казахстане. – Алматы, 1998. , с 30
5. Нургалиева А.М. «Ислам в социокультурных традициях казахского народа восприятие западно-европейских и американских авторов 18-12 в.в.»// Евразийское сообщество, №1 (57). 2007 г.
6. Ислам в Казахстане в советский период». (Информационная поддержка школьников, студентов и преподавателей) // m.kaz-ekzams.ru.
7. Islam. «Религия Казахского ханства». Н.Нуртазина д.и.н. религиовед. 19.11.2014 г.
8. Posredi.ru. «Суфизм на Южном Урале». Л.Ямаева. 18.02.2016 г.
9. el.kz. «Бата алу пір тұту». Дереккөзі: «Қазақтың балуандық өнері», Е.Әлімханов. 06.06.2013.
10. «Азан шақырып ат қою парыз ба?». «Әзірет Султан» мешітінің ресми сайты. 27.02.2014 ж.
11. Б.М.Әпенев «Қазақ Еліндегі Ислам білім беру институтының эволюциясы»// edu.e-history.kz

МАҢҒЫСТАУДЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІ: МЕШІТТЕР МЕН МЕДРЕСЕЛЕР

А.С. Тасмағамбетов - т.ғ.д., доцент
Г.Ж. Шамурдова - магистрант
М.Өтемісов атындағы БҚУ
Орал қаласы

Қазақ халқының рухани мәдениеті оның ұлттық тарихының өнімді өзегі, құрамдас бөлігі, маңызды саласы. Сондықтан оны игеру, өз алдына ғылым ретінде танып, оқып - үйрену әрбір адамның азаматтық парызы, қасиетті борышы, тұрмыс-тіршілігінің таусылмас талабы мен қажеттілігі. Қазақстан жерін мекендеген халықтар, қазақ халқы өзінің көп ғасырлық тарихында, ерте заманнан күні бүгінге дейін жүріп өткен мезгілдің ішінде адамзат қоғамының өсуіне, әлемдік өркениеттің қанатының қатаюына, мәдениеттің дамуына үздік үлес қосты, оларды өз сана - салтының игі істері мен нәрлі нәтижесімен байытты [1,15 б.]. Осы жерден талай ғұлама ғалымдар шыққан. Олардың рухани мұраларын игеру, солардан күш қуат алып қазақ халқының мәдениетін жаңа белестерге көтеру, жақсылығын жарқыратып көрсетіп, оның игі дәстүрлерін өз бойына дарыту бүгінгі ұрпақтың абзал да асқақ мақсаты. Отанымыз Қазақстанның қай түкпіріне көз салсақ да әлемнің назарын өзіне еріксіз аударатын тамаша мәдениет жауһары тарихтың небір кезеңдерін артқа тастап, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келеді. Әр кезеңдерде елімізде жарияланған «Мәдени мұра», «Халық-тарих толқынында», «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру» бағдарламалар, «Мәңгілік Ел» идеясы сияқты маңызды жобалар мемлекеттік көзқарастың соңы стратегиялық ұстанымын айқындаған маңызды қадамдар болғаны сөзсіз. Соның ішінде Маңғыстау өңірі – бағзы заманнан құпиясын ішке бүккен, көшелілердің ата-қонысы болған құтты өлке. Жерінің асты қазынаға, жерінің үсті аңызға толы қазақ қалқы үшін қасиетті мекен [2, 68 б.].

Алдымен, 2004 – 2006 жылдар аралығында еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша Маңғыстау өңірінде де біршама жұмыстар атқарылды. Адай – Ата кесенесі тұрғызылып, Ел қорғаған Ер Қосай – Атаға ас берілді. «Мәдени мұра» бағдарламасының жұмысын жалғастырып, тарихи – мәдени ескерткіштерді жөндеу, қалпына келтіру жұмыстарын жүйелі түрде қолға алынса, ғылыми – тарихи жағынан кешенді зерттеу жұмыстары жанданды [3, 19 б.].

Негізінен зерттеліп отырған киелі әулиелер қонған мекен - Маңғыстау облысы Қазақстанның батысында, Каспий теңізінің шығыс жағалауында орналасқан. Облыс ретінде 1973 жылдың 20 – наурызында құрылған. Бұған дейін бұл аймақ Атырау облысына қарады, кейін қайтадан әкімшілік межелеу барысында 1988 жылы қайтадан Атырау облысы аумағына берілген. Ал 1990 жылдан бастап Маңғыстау дербес облыс ретінде атанған. Тұрғылықты халқы қазақтар. Маңғыстау облысында қазақтармен қатар орыстар, украиндар, әзірбайжандар, армяндар, татарлар, лезгиндер т.б. көптеген ұлт өкілдері қоныс тепкен. Аймақтың зор мақтанышы, алтын қазығы Жетібай деген жерде 1961 жылы 5 маусымда мұнай фонтаны атып, Маңғыстау «Алтын сандығының» ашылған күні болды деп есептеледі. Осылайша Маңғыстау өңірі қазақ ұлтының тек рухани қазығы ғана емес, табиғи байлығыда тұнған құт мекен саналады [2, 74 б.].

Сонымен, зерттеу нысанына алынып отырған «Үш жүз алпыс екі әулиелі Маңғыстау деген сөз қайдан шыққан? Сонда Маңғыстауда соншама көп әулие жатыр ма? Ал солай болған күнде, олардың атын атап, түсін түстеп беретін адам баласы табыла ма?» деген сұрақ жұртшылық арасында жиі айтылып жүргенін құлағымыз шалып жүр. Тіпті бұл сөзді кім болса сол қазбалап, кез-келген отырыстар мен жиындарда әңгіме арқауы етіп, осы топырақта туған азаматтардың кейбірін қажағысы келгендей сыңай танытып, түртінектеп отырғанының да куәсі болдық. Сол себепті қазіргі кезде осы тақырыпқа қалам тербеп, хал-қадіріміз келгенше ой өрбіткенді жөн көрдік және өлке тарихына бейжай қарай алмайтын өрелі азаматтардың осы мәселеге байланысты ой-пікірлерін саралап көруге тырыстық. Басы ашық нәрсе – қалай десең де, бұл – қатып қалған цифр, оны ешқашан өзгерте алмайсың. Өйткені Маңғыстауда осыншама әулиенің жатқаны рас. Халық ауыз әдебиеттеріне сенсек, бұл – бар болғаны ел аузындағы тіркес, фраза ғана. Ал осыншама әулиелер болды деп санап, тізімдеп берген ел аузындағы әңгімелерден басқа деректер жоқ деуге болады. Алайда, бұл мағлұматтарды толықтыратын, аталған аймақтағы қорымдар мен кесенелерді де дерекке қосуға болатынын ескерген жөн [4, 206 б.].

Сонымен, Маңғыстау ойысында 362 әулие бар деп айтылғанымен бұл өңірде 362 әулиеден бөлек, зерттелмеген ескерткіш – қорымдар көптеп табылады. Бұл күні бүгінге дейін ғылыми жағынан зерттелмеген өзекті мәселелердің бірі. Мысалы, Ақшымырау ауылының оңтүстігінде 4-5 км жердегі Қошқартас. Қошқартастың ешқандай міні кетпеген, бетінде түсініксіз жазулар, суреттер шимайланған. Қаншама ғасыр өтсе де өз құндылығын жоғалтпаған бұл ескерткіштің астында, өз заманында қасиетті кісі болған әулиенің жерленуі және қазақ ұлтынан болмауы да әбден мүмкін. Қошқартас Ақшымырау ауылының солтүстік шығысында 4-5 км қашықтықта орналасқан. Ел ағасы Нәдіров Қондыбайдың айтуы бойынша Қошқартас – киелі орын. Қошқартастың астында белгілі әулие немесе қолбасшы кісі жерленген. Бұл оқиға қай кездері болғаны белгісіз. Жау шапқанда осы белгісіз кісі мен оның 6000-ға жуық жауынгерлері мерт болған. Қошқартастың басы Темірқазыққа қарап тұр. Жау келсе Темірқазықтан келеді, басымды Темірқазыққа қаратып қойындар деген екен. Сонымен Қошқартастың бас жағы Темірқазықта, ал арт жағы Батысқа қарап тұр. Батыс жағындағы 6000 адам жерленген орын бүгінде кесек – кесек тастар жатқан үйіндіге айналған. Қасиетті емші кісі руы Бөкен Жеменей Тасқара әкеміз емделушілерінің кейбіреулерін Қошқартас қорымына түнеуге жіберетін көрінеді. Ол кісінің айтуынша Қошқартас қорымының қасына түнеуге болмайды. Себебі мұнда адам көп жерленген және қай жерлерде жатқаны белгісіз. Құбылаға қарай 300 метр жүріп барып түнеу қажет көрінеді [4, 209 б.]. Бұл зерттелмеген киелі орындардың біреуі ғана. Маңғыстау, жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен өлке. Бұл киелі Маңғыстаудың бір ғана жеріндегі Қошқартас. Малға жайлы, маңғаз дала Маңғыстаудың ойларында мұндай

Қошқартастар, ескі қорымдар, көне ескерткіштердің әлі күнге дейін зерттелмегені қаншама. Маңғыстау өңірінде зерттеуді қажет ететін мәдени ескерткіштер, киелі орындар жетіліп артылады.

Қазіргі таңдағы тағы бір көкейкесті мәселелердің бірі – өз қазағымыздың дінін, салт – дәстүрін құрметтемейтіні. Бекет – Ата басына зиярат етіп барғанда өкінішке орай, осындай оқиғаның куәгері боласыз. Негізінен киелі Бекет – Ата басында Қазақстанның түкпір түкпірінен зиярат етушілердің саны күн санап артып келеді. Тіпті, елімізді санамағанда шекаралас Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғыз Республикаларынан да келуше көптеген туристтердің жиналатын, тәуап ететін орынына айналғанын көруге болады. Еліміздің мәдени орталығы Алматыдан келген қонақтарда жаздың күндері өте көп болады. Олар дүние жүзінің көптеген қалаларында болған білімді азаматтар. Қазіргі Қазақстандық азаматтардың санасында мұндай киелі зиярат ету орындарына келгендегі мақсаттары әр түрлі болып келеді. Бірі туристік сапармен қызықтап келеді, екіншісі әулиелерді пір тұтып оған сиынып, діни ілімін жебеу етеді, ал үшіншісі тәнінің, жанының жарасына ем сұрап ниеттеніп келушілер. Негізінен жергілікті халықтың түсінігінде Маңғыстау аймағының киелі әулиелер қорымдарына келушілерге айтатыны: Бірінші өзінді, тарихынды таны, әулиеге тағызым ет, зиярат ет. Себебі, «өлі жебемей, тірі байымайды» - деп ата – бабаларымыз бекер айтпаған. «Әулие көрсең зиярат етпей кетпейсің, кетсең дағы ұзаққа бірақ жетпейсің». Осы бір астарлы сөздің мағынасын тереңірек түсінсе ғой деген ниетті байқауға болады [5,43 б.].

Маңғыстаудағы Бекет Атаның басына барып зиярат етушілердің арасында өзге ұлттың өкілдерін, әсіресе орыстар т.б. көруге де болады. Олар мүлдем діні, салт – дәстүрі, әдет – ғұрпы басқа халықтар. Сонда да Атаның құдыретіне бас иіп, білмегенін сұрап, білгендерін қазекенмен бөлісіп отырды. Осы аталған жайттарды негізге ала отырып, қазіргі жастарға, келер ұрпаққа Қазақстандағы үш жүз алпыс екі әулие қоныстанған киелі Маңғыстау өңірінің тылсым тарихымен танысып, халық аузында таң-тамаша өнерлерімен, ілім-білімімен тәнті қылған әулиелер тарихын, оларға күні бүгінге дейін тәуап етуші халықтың нөпірінің арылмау себептерін анықтау бүгінгі күннің өзекті мәселелесі деп санауға болады [5, 47 б.].

Қазіргі кезде Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында «National Digital History» порталы жергілікті Маңғыстау облысы әкімдігінің қолдауымен «Киелі мекен - Маңғыстау» атты кешенді экспедиция жұмысын ұйымдастырған. Экспедиция жұмысының барысында облыстың тарихи-мәдени ескерткіштерінің фото-видео нұсқаларын әзірлеп, арнайы деректі фильм және ЮНЕСКО-ның әлемдік тарихи-мәдени мұраларының қатарына енуі үшін бірқатар іс-шаралар жүргізген. Сонымен қатар, Маңғыстау өңірінің мемлекет меншігіне алынған киелі нысандарының бірқатары Маңғыстау облыстық қорық

мұражайының бақылауында. Бұл мекемеде өз кезегінде өңірдің киелі орындары мен әулиелер қорымдары туралы зерттеулер, ізденіс жұмыстарын жүргізіп келеді. Бұл мекеменің басшысы – Нұрлан Құлбаев. «Маңғыстаудың мемлекеттік тарихи-мәдени қорығы» 1980 жылы құрылған. Бүгінгі таңда мемлекеттік қорғауға 500-ден астам тарихи-мәдени ескерткіш қабылданған. Оның ішінде көпшілігі археологиялық ескерткіштер тобына жатады. 200-ге жуығы сәулет ескерткіштері қатарын құрайды. Бұлардан басқа Маңғыстау облысында 13 мыңнан астам бөлек ескерткіштер есепке алынған. Қорық қызметкерлері Маңғыстау түбегі мен Үстірт жотасы, Каспий маңының археологиялық қазба жұмыстарын, ескерткіштерді қорғау, сақтау, есепке алу, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Бұдан басқа Маңғыстау өңірінің киелі жерлерін зерттеуге, немесе тарихи-танымдық мақсатты қалам тартып еңбек арнағандар көптеп табылады. Сондықтан Маңғыстаудың киелі жерлері – Қазақстан Республикасының ішкі туризм саласын дамытуда үлкен мүмкіндігі бар аймақ. Бабалардың батасы, аналардың аманатын арқалаған қасиетті құтты мекен туралы аз болса зерттеу жүргізіп, аңыз әңгімелерге жан бітіріп, тарихи және ғылыми мазмұнда ашып көрсету маңызды мәселе болмақ деп есептейміз. Өйткені, ғылыми тарихи зерттеу ғана емес, бұл – ұлттық тәрбие[6, 187 б.].

Маңғыстау өңірінің киелі жерлері мен әулиелері туралы кешенді түрде алғаш рет ҚазКСР ҒА Қ.И.Сәтбев атындағы геология институтының экспедициясы 1966-1968 жылдары зерттеген. Экспедицияның басшысы талантты жас зерттеуші А.Г.Медоев болды. Киелі жерлер, әсіресе Шақпақ ата қорымы суретке алынып, эпиграфикасы тіркелді, онда мешіт орналасқан ауданның аумағы зерттеліп, онда палеолит және неолит дәуірлерінің тұрақтары табылды. Осы зерттеудің материалдары бойынша А.Г. Медоев 1969 жылы мақала жариялады. Мақалада мешіттің суреттемесі, ғимараттың салынған датасы мен сипаттамасы беріліп, осы қайталанбас ерекше ескерткіш ғылыми айналымға енгізілді. 1973 жылы Шақпақ-ата жерасты мешітін Қазақ политехника институты мен Қазақстан Ескерткіштерді қорғау қоғамы Орталық кеңесінің архитекторы М.М.Меңдіқұлов басқарған бірлескен экспедициясы зерттеді [7, 205-б]. Экспедиция ескерткіштің өлшемдерін жүргізіп, фототіркеме жасады. Келесі экспедицияны Қазақстан Мәдениет Министрлігі 1976 жылы А. Итеновтың басшылығымен ұйымдастырды. 1979 жылы Қазақстан Мәдениет министрлігінің М.С.Нұрқабаев басқарған экспедициясы егжей-тегжейлі өлшеу жұмыстарын жүргізді және ескерткіштердің топографиялық планын суретке түсірді. Кейіннен өлшеулер негізінде бірінші кезектегі реставрациялық жұмыстардың жобасы жасалды (жобаның авторы М.С.Нұрқабаев). Бұл жоба бойынша реставрациялық жұмыстарды «Маңғыстауреставрация» Шеберханасы 1983-1984 жылдары жүргізді. Кейінгі жылдары 2004 – 2006 жылдар аралығында еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша Маңғыстау өңірінде де біршама жұмыстар

атқарылды. Адай – Ата кесенесі тұрғызылып, Ел қорғаған Ер Қосай – Атаға ас берілді. «Мәдени мұра» бағдарламасының жұмысын жалғастырып, тарихи – мәдени ескерткіштерді жөндеу, қалпына келтіру жұмыстарын жүйелі түрде қолға алынса, ғылыми – тарихи жағынан кешенді зерттеу жұмыстары жанданды [2, 118 б.]. 1982 жылы «Шақпақ ата жерасты мешіті мен қорымы» республикалық мәртебеде мемлекеттік қорғауға қабылданған. 2008 жылы «Мәдени мұра» өңірлік салалық бағдарламасы аясында Маңғыстау облысының ескерткіштері сериясын ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мәдени мұралар тізіміне енгізуге ұсынуға дайындық жұмыстарының пилотты жобасы ретінде «Шақпақ ата жерасты мешіті мен қорымы» ескерткішінің қорғалатын аумақтарында археологиялық қазбалар, топографиялық, кешенді инженерлік зерттеу, сәулет-археологиялық, этнологиялық зерттеулер және қорғау аймақтарын жобалау жұмыстарын зерттеулер өткізілді (орындаушылар – А.Е.Астафьев, Е.Х.Хорош, Л.Бисембиева және басқалар) [8, 151-157 б.]. Бұл зерттеулер мешіттің құрылысының қалыптасқан уақытын (XIV ғасырдың бірінші жартысы), өзгеру кезеңдерін дәл анықтауға, қазіргі жәй-күйін заманауи әдістермен тіркеп, құжаттандыруға мүмкіндік туғызды. 2008 жылғы қазанда Маңғыстау облысы мәдениет басқармасының қолдауымен Шақпақ – ата кешенінің араб графикалы эпиграфикасын зерттеу үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының құрамында Ә.Қ.Муминов пен А.Ш.Нұрманова бар экспедициясы ұйымдастырылды [9, 4 б.].

Маңғыстаудағы киелі жерлерді зерттеу нәтижелерінде - Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысының орталық мәдениет басқармасының статистикалық құжаттары, «Памятники народного зодчества» атты 2009 жылғы кешенді археологиялық қазба жұмыстары бойынша экспедиция жазбалары (жетекшісі З.С.Самашев), Отчет о проведении археолого-архитектурных и этнографических исследований подземной мечети Шақпақ-ата в 2008 году (жетекші А.Е.Астафьев) қолжазбалары, «Йасауи жолы және қазақ қоғамы» Ғылыми зерттеу жұмыстарының қолжазбалары (жетекші З.Жандарбек), «Ислам на территории бывшей Российской империи: Энциклопедический словарь» деректер жинақтары (авт. Абашин С.Н. Шахимардан, ДиУис Д.) жарық көрді және жергілікті халықтың ауызекі әңгімелерінде деректік мағлұматтар ретінде қолдануға болады [10, 7 б.].

Сонымен, ғылыми зерттеу жұмысын қорытындылай келе, Қазақстанның батыс аймағында орналасқан Маңғыстау өңіріндегі бірнеше киелі қорымдар мен әулиелер туралы жан жақты мағлұматтар жинақталды. Осы бір қасиетті мекенде қоныс тепкен арқалы, әулие қонған тарихи тұлғалар туралы, яғни аталған тақырыпта әліде көптеген деректерді қарастыруға болады. Өйткені, бұл өңірден шыққан әулиелер, пір саналған тұлғаларды білмейтін қазақ кемде-кем шығар. Өйткені –Маңғыстау өңірі 362әулие орын тепкен киелі өлке екендігін қазақ халқы әлдеқашан

мойындаған болатын. Тіпті биылғы жылы Маңғыстаудың тарихи-мәдени ескерткіштері Юнеско-ның әлемдік мұралары тізіміне енді.

Бұл аймақтағы Шақпақ - Ата, Қараман –Ата, Сисем –Ата, Қаңға – Баба, Көңті-Баба, Темір-Баба, Бекет –Ата, Мыңкісі әулие – қиналғанда демейтін, құлағанда қолтығыңнан сүйейтін Маңғыстау халқының сыйынынғанда аузына алымен түсетін әулиелері санатына жатады. «Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күніне орай өткізіліп отырған «Киелі мұраларымызға - тағзым» акциясы аясында енді өлкемізде «нұротандықтармен» бірлесе отырып, облыс көлемінде тарихи орындар мен қорымдарда сенбіліктер, зерттеу экспедициялары, танымдық саяхаттар өтеді. Аталған өңірде Қазақстандағы тарихи-мәдени ескерткіштердің 80 пайызы орналасқан. Олар - тарихымыздың тірегі. Оны біздің жергілікті халық қашан да қастерлеп келе жатыр [9, 4 б.].

Қазірдің өзінде Қазақстанның түпкір-түпкірінен адамдар жанына шипа іздеп келіп, түнеп кетіп жататын қасиетті әулиелердің бірі -Бекет- Ата. Бекет-Атаның құдіреттілігінің айқын дәлелі-күні кешегіге дейін тырнағын, сақал –мұртын алып тұрған. Ата мүрдесі жатқан жердің бергі жағын шымылдықпен жауып қойған. Кейіннен Ата ұрпақтарына аян беріп қабірді жабады. Ғылыми зерттеу жұмысының мазмұнында, жоғарыда Бекет Ата өмірі туралы бұдан басқа да бірнеше мысалдар келтірген болатынбыз.

Киелі десе, қазіргі кезге дейін Маңғыстау өңірінің әрбір тасының өзі шынында киелі деп қастерленеді. Оған дәлел Ұштаған өңірінің Жарма ауылынан 10км жерде орналасқан Масат-Ата көк тасы Масат–Атаның қабірі жоқ. Тек жолдың құбыла тұсындағы көк тасқа әулиелі мекен Маңғыстаудың басты киелі орындарының бірі болып табылады [10, 106-107 б.].

Қазіргі кезде Маңғыстау өңірінде тарихи ескерткіштердің интерактивті картасы жасалып жатыр. Кез-келген турист электронды нұсқадан ескерткіштің тарихы туралы дерекпен қатар, оның қай жерде орналасқандығын, қалай баруға болатынын біле алады. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасына енген 100 нысанның 15-і Маңғыстау облысында орналасқан. Осы қасиет дарыған орындарды насихаттап, халыққа жан-жақты таныстыру үшін аймақта кешенді жұмыстар қолға алынды. Оғыландыдағы Бекет ата жерасты мешіті, Тарас Шевченко музейі Отпантау тарихи-мәдени кешені сынды 15 киелі жер туралы қазақ, орыс және ағылшын тілінде бейнеролик әзірленді. Сол арқылы электронды ақпарат құралдары арқылы көптеген мағлұматтар алуға болады. «Соңғы зерттеулер бойынша «Шопан Атаның» басынан 5 мыңнан астам нысандар табылды. Олардың барлығы сонау қола дәуірінен басталатындығы белгілі болып отыр. Ендігі кезекте олардың геологиялық сипаттамасын беру керек, яғни, жерасты мешіттері қашан пайда болды, табиғи үңгірден пайда болды ма, әлде оны арнайы сол кездегі сәулетшілер тастан қашап салды ма, осындай шаралар бағытында бүгінгі күні кешенді зерттеулер жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ,

«ЮНЕСКО» бүкіләлемдік мұралар тізімі - табиғи және материалдық ескерткіштер тізімі. Қазіргі таңда Қазақстан бойынша 2 ескерткіш бүкіл әлемдік мұралар тізіміне енгізілген. Олар Қожа Ахмет Яссауи ескерткіші мен Сарыарқа табиғи қорығы. Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізу бойынша біздің облыста да жұмыстар басталды. «Шақпақ Ата» жерасты мешітінде кешенді зерттеулер өтті. Мешіттің виртуалды бейнесі жасалынды. «ЮНЕСКО»-ға ұсынылатын ескерткіштердің өзіне қойылатын арнайы талаптары бар. Алдымен ескерткіш біртұтас серия ретінде әлемдік құндылығы болуы, әуелгі келбеттерінің өзгертілмеуі, оларды қорғау-сақтау жөнінде арнайы жоспардың болуы. Ендігі кезекте өлке ескерткіштерінің сериясын «ЮНЕСКО»-ға ұсыну жұмыстары жүргізілуде [3, 110 б.].

Өкінішке орай, киелі өңірдегі көптеген әулиелердің бейіттері немесе ғимараттары қазіргі таңда қараусыз қаңырап тұр. Қазіргі кезге дейін сақталған тамаша сәулет өнері ескерткіштеріне жатқанмен, өкініштісі сол бұларға мемлекет есебінен қаржы бөлініп, қалпына келтірілмеген. «Өсер ел тарихын таспен жазады, өшер ел тарихын жаспен жазады» демекші халқымыз, тарихымыздың тамыры осында жатырғандығын әліде түсіне алмай отырған сыңайымыз бар. Қорыта келе, өз ұлтымыздың мәдени мұраларын қадағалап, қараусыз қалдырмайық, көненің көзін келер ұрпаққа аманат етіп жеткізгеніміз абзал болмақ!

Никита Федорович Савичев... Оно стало для меня открытием удивительного человека «широкого размаха и редкостной души» [10]. Никита Савичев – *писатель и этнограф внес большой вклад в сокровищницу казахской и российской культуры*. Занимался исследовательской деятельностью, сохранив и передав потомкам неизвестные факты из жизни казахов, казаков, татар, башкир и других народов, населяющих Приуралье, которые не могут оставить равнодушными современников. Он был знаком с великим казахским кюйши Курмангазы Сагырбаевым, украинским поэтом Тарасом Шевченко, одним из первых описал народное восстание под предводительством Махамбета Утемисова и Исатая Тайманова [7]. Савичев одним из первых запечатлел в своих очерках и записках быт уральских казаков и казахов, обитавших на берегах древнего Яика [1]. Благодаря его произведениям многие исторические события биографии известных людей ожили заново. Но в советские годы Савичев оказался под запретом, так как считался писателем старого режима. Поэтому его произведения широкому кругу читателей до последнего времени оставались неизвестными. С обретением Казахстаном независимости отношение к истории родного края резко изменилось. Нам предстоит познакомиться с ним, его взглядами, мыслями, прикоснуться к культуре, к искусству слова [3].

Савичев оставил нам не только портреты современников, но и живые картины жизни того времени. Как работали, как воевали, как рыбу ловили, сено косили, гуляли, женились, лечились и т.д. Настоящая энциклопедия жизни нашего края. Очерк о восстании Исатая Тайманова написан Савичевым на основе подлинных документов.

Имя Никиты Савичева – единственного из «достойных имен» уральских казаков – было увековечено в названии улицы, наверное, в

благодарность за то, что именно Никита Савичев – журналист, писатель, этнограф, художник – открыл для европейцев талант Курмангазы.

Никита Савичев был современником другого казачьего «самородка» – Иосафа Железнова. О нем он рассказал в очерке, вошедшем в сборник «Уральская старина. Рассказы из виденного и слышанного».

Все его творчество пронизано стремлением к добру и миру. В статье «Физиономия Уральска за 100 лет и в настоящее время» он пишет: «Теперь в Уральске стоят на очереди потребности: в способе лучшего снабжения жителей водою, в мостовых, еще в нескольких бульварах для освежения городского воздуха, в общественных банях и в принятии вообще гигиенических мер для здоровья жителей его» [4].

Савичев не может скрыть наивного желания заглянуть вперед, хоть краешком глаза посмотреть, каким станет Уральск через сто лет. «А интересно было бы знать, как о нас отзовутся через столетие наши потомки? Вероятно, сочтут нас дикарями», – спрашивает он в конце этого очерка. И заранее оправдывает нас, прикрываясь иронией: «От потомков только этого и жди» [4]. А потомки издали его книги, назвали его именем улицу, поставили памятник [2]. И стараются сделать Уральск таким, каким его мечтал увидеть Никита Федорович Савичев.

Әдебиеттер тізімі.

1. Картины казачьей жизни Никиты Савичева. -газ.«Казачьи ведомости», № 6 от 28.06.2014г.
2. Бюст Никите Савичеву. Газ. «Надежда» № 16 от 17.04.2014г.
3. Поэт Никита Савичев. Газ. «Пульс города» № 12 от 24.03.2005г.
4. Физиономия г. Уральска и его окрестностей за 100 лет и в настоящее время. /Подготовлена к печати Н.Щербановым/. газ. «Приуралье» от 05.12.1995г , 07.12.1995г.
5. По страницам записок архивариуса./Автор статьи Г.Мажитова/. газ. «Приуралье», 1995г.
6. ЖайсанАкбаев. Должны сдружиться навсегда. Никита Савичев и казахи. – газ. «Пульс» № 22 от 28.05.1994г.
7. Н.Щербанов. «Батыры казахского народа» - газ. «Приуралье» от 20.01.1990, 23.01.1990, 24.01.1990,25.01.1990,26.01.1990г
8. А.Гора. Трагедия одной жизни. Литературно-исторический очерк – газ. «Приуралье» от 04.01., 05.01.1990г.
9. Марина Иванова. Никита Савичев./Рубрика газеты «Их именована карте города»/ - газ. «Пульс города» № 14от 06.04.2006г.
10. Н.Щербанов. Самородок Урала. /Рубрика газеты «Культурный фонд»/ - газ. «Информбиржа» № 5 от 02.02.2006г.,стр. 22
11. Н.Савичев. Нечто из времени катастроф. / Рубрика газеты «Культурный фонд»/- газ. «Информбиржа» № 5 от 02.02.2006г. стр. 23

12. Вячеслав Афанасьев. По следам альбома Никиты Савичева. /Рубрика в газете «Уральская летопись»/ - газ. «Пульс» № 25 от 21.06.1992г, стр.4

Түйін

Мақалада Орал өлкетанушысының, әуесқой суретшінің, зерттеушінің, этнограф Никита Федорович Савичевтің өмірі мен шығармашылығы туралы айтылады, оның еңбектері Орал маңындағы өлкетануды дамыту үшін үлкен маңызға ие.

Резюме

В статье рассказывается о жизни и творчестве уральского краеведа, самодеятельного художника, исследователя, этнографа Никиты Федоровича Савичева, труды которого имеет большое значение для развития краеведения Приуралья.

Summary

The article tells about the life and work of the Ural local historian, amateur artist, researcher, ethnographer Nikita Fedorovich Savichev, whose works are of great importance for the development of local history of the Urals.

ҚОСТАНАЙ Өңірінің кейбір киелі жерлері мен нысандарының тарихынан

Ж.А. Шаукенов

А. Байтұрсынов атындағы
Қостанай өңірлік университеті

Арқайым археологиялық ескерткіші елді мекеннің оңтүстігіне қарай 4 шақырым жерде жатқан төңіректегі биік төбешектің атауы бойынша аталған. «Арқайым» атауы түркінің «жота», «арқа», «негіз» деген сөздерінен шыққан.

Ашылғанына көп болмаған ежелгі Арқайым қалашағы – бұл оңтүстік Оралдағы жеті немесе одан да көп ежелгі қалалардан тұратын тұтас кешен. «Қалалар елі» шартты түрде Ресей Арқайымы, «Арқайым-І» және Қазақстан Арқайымы – Қамысты болып бөлінеді.

Осылайша, Қамысты «Арқайым - II» әзірше ғылымда «арийлер» деп атпен белгілі ежелгі үнді-еуропалық тайпалардың отырықшылық мәдениетінің Қазақстан аумағында табылған, б.д.д. III-II мыңжылдық аралығына жатқызылатын бірден-бір белгілі ескерткіші болып табылады.

Арқайымды 1987 жылдың маусымында археологтар С.Г. Баталов пен В.С. Мосиннен, археологиялық бағытта білім алып жатқан бірнеше студент

пен осындай үйірмелерге қатысатын мектеп оқушыларынан тұрған Орал-Қазақстан археологиялық экспедициясы ашты.

Қамысты қаласында биік қабырғалардан басқа қорғаныс үшін тұрғызылған екі дуал, су кететін арық, дөңгелете салынған аралас тұрғын жайлар болды. Жайлардың тұрғызылу үлгісі бұл жерде қандай да бір ежелгі астрономиялық кешен болғандай, ал билеушілерінің, ғалымдары мен қаланың қарапайым тұрғындарының жазуды игерген, және астрономиялық білімі болғандай әсер береді (шын мәнінде көптеген ғалымдар мұны ежелгі расытхананың қирандысы деп санайды).

Қамысты – сирек кездесетін археологиялық ескерткіш, Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасы үшін бірегей құбылыс. Ол аудан орталығы Денисовкадан небары 90 шақырым жерде орналасқан.

«Арқайым - II» бүкіл әлемдік тарих ғылымы мен мәдениеті үшін зор маңызға ие. Ғалымдар Денисов ауданының Комаров және Первомай ауылдарының жанындағы «Қалалар еліне» жататын нысандардың бірін – қазақстандық Арқайымды зерттеуді бастауды жобалап отыр. Ұшақтан түсірілген суреттер біздің Арқайымның ресейлік Арқайымнан үлкен екендігін көрсетіп отыр. Қалашақтардың арасы жүздеген шақырымдардан асады. Зерттеушілер екі Арқайымның да үндіарийлік мәдениетке жататынын, ал олардың мысырлық пирамидалармен және Стоунхеджбен бір қатар жатқанын айтып отыр.

«Арқайым - II» аумағынан табылған заттардың көптігі сонша, оларға қарап ежелгі тас ғасырынан қола дәуірге және орта ғасырға дейінгі кезеңнің ежелгі тарихын зерделеуге болады.

Қамысты – Қазақстан Арқайымы да ресейлік секілді дөңгелек пішінде салынған. Мұндай қалаларды күн-қала деп атаған. 40-50-ші жылдары ұшақтан фототүсірілім жасаған кезде ресейлік Арқайым да, қазақстандық Арқайым да анықталды, Оңтүстік Оралдың қалаларын өзара байланыстырып жатқан керуен жолдары анық көрінді.

Жергілікті тұрғындар ол жерлерге ауруынан айығу үшін үздіксіз келіп жатады. Ежелгі қирандыларға түнеп шыққан адам көптеген ауруынан айығады деген сенім қалыптасқан.

Маңдай батыр ұзын қыпшақтың алтыбас тармағынан тараған (1710-1803 жж.). Қарабалық ауданының аумағы, атап айтқанда ежелгі Ұзын ауылы, оның туған жері болып табылады. Қарабалық ауданының Мағнай ауылы бұрын Маңдай деп аталған, кейінірек орыс тілінде Мағнайға бұрмаланған. Қостанай ауданының орталық аудандық мешіті Маңдай батырдың есімімен аталады. Маңдай батыр туралы көптеген аңыздар бар, әлі де айтылмаған және жазылмаған.

Маңдай батырдың ержүрек батыр болғандығы, қалмақтарды талқандауға қатысқаны туралы тарихи деректер уақыт шежіресінде жазылған. Маңдай заставалары қыпшақ ауылдарында тұрды: Тоғызақ, Шадықсай, Екеншілік, Былғашы, Талды, Қайрақ, ал оның ставкасы Маңдай

ауылында болды. Ақсақалдардың естеліктеріне сәйкес, сұр көзді, мұрты сары, Маңдай батыр өте мықты денелі, кең иықты, мықты, үлкен алақандары бар, атқа міну, қару-жарак, қоян-қолтық ұрыс өнерін жетік меңгерген.

Ол туғанда аққұба, маңдайы жоғары болған, сондықтан оны ақсақалдар «мандайлы» деп атаған. Маңдай батыр Меңдіқара ауданының Алқау ауылында, Тобыл өзенінің биік жарқабағына жерленген.

Басына салмағы 1 тонна болатын көк тас қойылып, оған фарсы тілінде жазу түсірілген. Еліміздің егемендігі, жеріміздің тәуелсіздігі үшін күрескен, ел қорғаны болған, Абылай ханның құрдасы, қолбасшы, қазақтың Қостанай өңірінен шыққан хас батыры Маңдай жерленген жер де қасиетті орын саналады. Батыр, әділ би, халық қорғаушысы Маңдай батыр қайтыс болғанан кейін, туыстары денесін Түркістанға апарып, Абылай ханның жанынан жерлеуге дайындалады. Бірақ, Тобыл тасып, асып өтуге мұрша бермейді.

Осы кезде батыр: «Мені Тобыл өзенінің биік қыратына апарып қойыңдар», - деп ауыл ақсақалдарының біріне аян береді. Айтқан жеріне барып қараса, топырағы бүлкілдеп жерлеуге дайын тұр екен дейді.

XIX ғасырда Ресей генералдары келіп Маңдай ауылын сұрағанда батырдың атын айта алмай, Алқа би өткізген жер болған соң, Алқау деп айтуға тура келген. Бұл бейіттің, қабірдің басынан бір уыс топырақ алуға болмайтын қасиеті бар. Қабірдің басына қатты ауырғандар барып түнеп, киелі бабаның әсеріне бөленіп, жылы тыныс алып, шапағатына бөленіп жатады.

Ел есінде Маңдай батыр туған жерін жоңғар шапқыншылығынан қорғай білген дарынды қолбасшы ретінде қалады.

Іргетасы 1799 жылы қаланған Свято-Никольск храмы – облысымыздағы ең көне шіркеу. Облыс орталығынан 260 шақырымдағы Ұзынкөл ауданының Пресногорьков ауылында бой көтерген нысан кесек тас күйген кірпіштен қаланған.

Алғашында шіркеу Горький көлінің жағалауындағы Қызыл орманның қарағайынан тұрғызылған, бірақ ол 1798 жылы өртеніп кеткен. Осыдан кейін 1799 жылы шіркеуді тастан тұрғызу туралы шешім қабылданды. Пресногорьковтың жергілікті тұрғындары төрт жыл бойы өздері ақша жинап тастан ауыл үшін сәулет ғимаратын тұрғызды.

Шіркеудің қасындағы зиратқа орыс патшалығына қызмет еткен бірнеше генералдар жерленген. 1831 жылы Сібір казак әскерінің қолбасшысы Федор Набоковтың, 1835 жылы облысты аралау кезінде кенеттен көз жұмған Омбы облыстық басқармасының бастығы генерал-лейтенант В.И. де Сент-Лоранның мәйіті жерленген. Сент-Лоранның бетіне қойылған мырыш жапқыш облыстық өлкетану музейіне тапсырылды. Үшінші генерал – Екінші Сібір полкінің командирі Иван Нарбут 1919 жылы дүние салған.

Герасим Радионов – шіркеудің алғашқы дін қызметкері. Ал құлшылық орны Сібір казактарының пір тұтқан жебеушісіне айналған Николай Чудотворец есімінің құрметімен аталады. Сібір даласын аралаған Ресей

патшасы II Николай осы шіркеу сыртынан өткен. Ол кезде ғибадатхананың келбеті де басқаша болған еді. Кіреберіс есігінің алдын бағандар тіреп тұрған.

Шіркеу астында жерасты өткел бар деген әңгіме бар. Оның себебі де жоқ емес. Сібір басқару әкімшілігі бекіністерді салуға бұйрық берген кезде ғибадатханалар елді мекеннің қақ ортасында бой көтерсін деген талап қояды. Дәл Пресногорьковтағы жерасты жолын табу мүмкін болмады. Себебі, кеңестік уақытта талауға түскен ескі ғибадат үйін қайта қалпына келтірген кезде еденнің төмен бөлігі көміліп қалды. Бірақ жерден жоғары көтеріліп қараған адамға орманға қарай ағараңдап апаратын топырақ сұлбасы бар. Ұзындығы шамамен бір шақырымнан асады.

XX ғ. 30-шы жылдарына дейін қызмет етіп келген ғибадат үйі Кеңес заманында ауылдың өрт сөндіру бекеті болыпты. Ал, XX ғ. 90-шы жылдардың басында қайтадан шіркеу мәртебесін беру туралы мәселе көтеріліп, бұл бастама оң нәтижесін тапты. 2005 жылы құлшылық үйі қайтадан жөнделді.

Әдебиеттер тізімі.

1. Нарымбаева А.К. Аркаим – очаг мировой цивилизации, созданный прототюрками. – Астана, 2007. – 475 с.

2. Нарымбаева А.К. Туран – колыбель древних цивилизаций. – Алматы: Поиграфкомбинат, 2009. - 688 с.

3. Байдрахман, А. Қасиетіңнен айналайын, туған жер! // Арна, 2017. 30.11. – 12 б.

4. Омарова К. Батыры Великой степи // Қостанай-АГРО. - 2017. - 7.12. - С.12.

5. Сейдахмет Қ. Өмір таразысы // Қостанай таңы, 2013. 31.07. – 3 б.

6. Смайыл А. Арқайым шаһары. Арилер және... аңыз // Егемен Қазақстан, 2004, 25.02. – 11 б.

7. Тәшенов Т. Жоғалған өркениет жұмбақтары // Айқын, 2015. – 2.04. – 7 б.

8. Хасанова Н. Республиканская этнокультурная экспедиция по сакральным объектам Казахстана в Денисовском районе // Наше время, 2017. – С.3.

9. Қиысханұлы Қ. Тарихы терең шіркеулер // Қостанай таңы, 2017. - 25.10. – 3 б.

10. Қожанов С. 265-жылдық мерейтой // Нұрлы жол, 2017. - 3.08. – 4 б.

Түйін

Мақалада Қостанай өңірдің кейбір киелі жерлері мен нысандарының тарихы қарастырылған, соның ішінде «Арқайым - II», Маңдай батыр жерленген жері және Свято-Никольск храмы.

Резюме

В статье рассматривается история некоторых сакральных мест и объектов Костанайского региона, в том числе «Аркаим – II», места захоронения Мандай батыра и Свято-Никольского храма.

Summary

The article examines the history of some sacred places and objects of the Kostanay region, including «Arkaim-II», the burial place of Mandai batyr and St. Nicholas church.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ КИЕЛІ ЖЕРЛЕР ГЕОГРАФИЯСЫ

М.Т. Шергалиева - оқытушы,
А.А. Ибагова - оқытушы
БҚОӘББ «Жоғары
аграрлық-техникалық
колледжі» МКҚК

2017 жылғы сәуірде Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жарыққа шықты, оның басым міндеттерінің бірі - «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» жобасын немесе ғалымдардың айтуынша, «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын жасау.

Қасиетті география - бұл жер бетіндегі белгілі бір объектілердің қасиетті категориялармен байланысы туралы білім жүйесі.

Орыс тіліндегі қасиетті сөз (синонимдері латинизм, қасиетті және қасиетті) бірқатар ұғымдарды білдіреді. Тар мағынада «қасиетті» діни ғибадатпен байланысты» деп аталады; сондай-ақ қасиетті"дін мүддесі үшін жүргізілетін нәрсе» деп те аталуы мүмкін. Кең мағынада бұл терминді дінге қатысы жоқ заттарға қатысты да қолдануға болады; сонымен, қасиетті: «әсіресе қымбат, құрметті. Сонымен қатар, «қасиетті» ұғымында «салттық» мағынасы да бар.

Жалпы алғанда, «қасиетті» анықтамалары ерекше құнды, маңызды нәрсені белгілеуге дейін азаяды; сонымен бірге «қасиетті» әрдайым трансцендентальды (шектен тыс), мистицизммен байланысты.

Біріншіден, қасиетті ұғым, әрине, дінге қатысты-таза мистикалық құбылыс (Құдаймен және Құдайдың саласымен байланысты) және сонымен бірге көптеген адамдар үшін ерекше мәнге ие. Алайда қасиетті тек діни практика тұрғысынан қарастыруға болмайды. Мысалы, терең мистикалық ұғым-бұл адамның өлімі, нәтижесінде қасиетті нысандар дәстүрлі түрде жерлеу, кремация орындары, өліммен байланысты оқиғаларға арналған

ескерткіштерді қамтиды (тіпті егер аталған нысандар ешқандай дінге жатпаса да).

Қазақстанның киелі жерлерінің ежелгі тарихы бар. Бұл діни сәулет құрылыстары, қалалар, қоныстар, қорғандар, қорымдар, қорымдар, жартастағы суреттер мен тарихи ландшафттар. Ерекше танымал архитектуралық ескерткіштер, әдетте, бүгінгі күнге дейін жақсы сақталған және одан да құрметті. Тарихи-мәдени мұраның негізгі көлемін Қазақстанның барлық аумағына таралған археологиялық ескерткіштер құрайды. Олар үлкен хронологиялық кезеңді қамтиды: ежелгі дәуірден бастап тас дәуіріне дейін, кейінгі орта ғасырларға дейін. Олар уақыт өте келе қорғансыз және байыпты ғылыми зерттеулерді, сақтау және қалпына келтіру жұмыстарын, сондай-ақ эксплуатацияға мұқият қарауды қажет етеді. Рухани мұраның тағы бір түрі-сакрализация ежелгі дәуірге енетін табиғат объектілері. Олардың кейбіреулері қажылық туризмінің объектілері бола отырып, қасиетті деп жарияланды, бірақ зерттеу мен ғылыми сараптаманы қажет етеді. Тарихи және археологиялық ғылымға енген әйгілі қасиетті объектілермен қатар жаңа - діни ескерткіштер мен қасиетті орындар пайда болады.

Тәуелсіздік жылдарында, аты аңызға айналған ата-бабаларымыздың ұмытылып кеткен есімдерін қайтару мүмкіндігі пайда болған кезде, қоғамдық сана өзгерді.

«Туған жерге, оның мәдениетіне, әдет – ғұрпына, дәстүріне ерекше көзқарас-патриотизмнің маңызды белгісі. Бұл-кез келген ұлтты жеке адамдар жиынтығы емес, ұлт ететін мәдени – генетикалық кодтың негізі, - деп атап өтті Мемлекет басшысы. – ... Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің жалпыұлттық сипатқа ие, осы халықтың әрбір өкіліне белгілі қасиетті орындары бар. Бұл рухани дәстүрдің негіздерінің бірі» [1].

Жаңғырту, атап айтқанда рухани жаңғыру ауқымы терең, жалпыұлттық сипатқа ие. Бұл процесс мемлекет пен қоғам тарапынан үлкен күш - жігерді талап етеді. Оның маңызды құрамдас бөлігі Қазақстанның киелі географиясын насихаттау және талқылау болып табылады.

Сонымен бірге, діни туризм сияқты құбылыстар өз орбитасына барлық жаңа аймақтарды тарта отырып, өсіп келе жатқанын атап өткен жөн. Сондықтан діни туризм мен ұлы ата-бабаларға табынумен байланысты халықтық қажылық арасындағы шекараны құру қажеттілігі туындады.

Қазақстанның киелі нысандарын анықтаудың пісіп-жетілуіне байланысты ғалымдар бүкіл ел бойынша киелі орындарды жүйелендіру жұмыстарын жүргізуде. Мұндай бөлу тарихи-мәдени мұра саласындағы шарлатанизмнің таралуына және осы негізде діни экстремизмнің көрінісіне кедергі келтіретін болады.

Белгілі бір критерийлер негізінде киелі нысандарды жүйелеу табиғи және басқа да киелі жерлерді тарихи-мәдени сараптау тетігін жасауға мүмкіндік береді. Киелі объектілер тізілімі үш ұйымның: Археология

институтының ғылыми ұжымдарының алқалы іріктеуі негізінде жасалды. Ә.х. Марғұлан атындағы Тарих және этнология институты. Ш. Ш. Уәлиханов, Мемлекет тарихы институты. Қазақстанның киелі жерлерінің алдын ала тізіміне 574 нысан кіреді, олардың 2017 жылы 279-ы сипатталған. Ғалымдар мұрағаттық-библиографиялық сипаттағы материалдарға, далалық зерттеулерге сүйене отырып, ежелгі дәуірден қазіргі уақытқа дейінгі объектілерді сипаттайтын тізілім қалыптастырды.

Үлкен Жезді, Қараүңгір, Белқарай - тас ғасыры археологиясының аса маңызды ескерткіштері. Ботай, Қожай, Құмкешу - дала өркениетінің маркерлерінің бірі, жылқы үйі бар ескерткіштер. Атасу, Мыржық, Талдысай - Орталық Қазақстан аумағындағы Жезқазған-Ұлытау өңіріндегі ежелгі әлемнің ірі металлургиялық орталықтарының бірінің бірегей ескерткіштері. Ерте көшпенділер дәуіріндегі қызықты жерлеу-еске алу және салттық Нысандар: Талды-2, Шілікті, Есік, Берел, Тақсай және басқалары бар. Отырар, Сидак, Жуантөбе, Испиджаб, Сауран ортағасырлық сәулет және құрылыс шеберлігінің көрнекті үлгілері бар сауда және қолөнер орталықтары болып табылады.

Киелі орындар халықтың ұзақ және оқиғалы өмірі мен қызметін, тәуелсіздік үшін күресті бейнелейді. Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев айтқандай: «бұл рухани дәстүрдің негіздерінің бірі. Қазақстан үшін бұл ерекше маңызды. Біз - ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Кейде біздің өлшемдеріміз тарихта әртүрлі рөл атқарды. Бірақ адамдар ешқашан рухани географиялық аймақтағы байланысты үзген емес. Алайда, бұл ретте біз тарих бойында мәдениет пен рухани мұра тұрғысынан маңызды қасиетті орындардың бірыңғай өрісін, бірыңғай тізбегін құрмадық. Мәселе ескерткіштерді, ғимараттарды, құрылыстарды қалпына келтіруде де емес. Яғни біз байланыстыру ұлттық санасында насихатталып, ескерткіштер кешені айналасында Ұлытау кесенесі мен Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Тараз қаласының ежелгі ескерткіштері және жерленген Бекет-Ата, көне кешендері мен шығыс Қазақстанның киелі орындары Жетісу және көптеген басқа да орындарды. Олардың барлығы біздің ұлттық бірегейлігіміздің тұғырын құрайды».

Жоғарыда айтылғандарға қоса, біздің Батыс Қазақстан облысы өзінің киелі ескерткіштеріне бай, ол ұзақ уақыт бойы ғылымды оқып-үйрену шегінен тыс қалған, бірақ халық арасында қызығушылық ешқашан жойылмаған және біздің қазақ халқы барлық уақытта да қастерлі орындарды қастерлеп, құрметтеген, мүмкін қазақ халқының киелі қасиетті орындары - бұл ұлттық бірегейлік негізінің бір элементі екенін түйсік арқылы сезіне отырып, оған бай болғанын атап өткім келеді.

Орал өңірінің алты Тарихи объектісі «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Қазақстанның киелі географиясы» жалпыұлттық жобасына (Қазақстанның 100 киелі жерлерінің тізілімі) кіргені кездейсоқ емес [2]. Бұлар-ортағасырлық «Жайық» қалашығы, «Бөкей Ордасы» тарихи-

музей кешені, Тақсай (б.д. д. VI-V ғғ.) кешен-қорғаны, Жұмағазы-хазірет (XIX ғ.) және Ғұмар Қараш бейіттері, Жымпитыдағы Алашорда мұражайы.

Жайық қалашығы Оралдан 12 шақырым жерде, Шаған өзенінде, Орал өзенінде орналасқан, оны археологтар 2001 жылы ашқан. Осы сәттен бастап объектіде қазба жұмыстары жүргізілуде. Қала туралы кеңес заманында белгілі болған деректер бар.

Елді мекен Батыс Қазақстан аумағы Алтын Орданың құрамына кірген XIII—XIV ғасырларға жатады [3]. Мұндағы қала өзбек және Жәнібек хандарының билігі кезінде пайда болған шығар. Батыс Қазақстандағы ежелгі қалалар мен қорғандар жалғыз немесе бытыраңқы мәдени объектілер болып табылмайды, олардың болуы Ұлы Жібек жолының орта ғасырдағы дала учаскесін бақылауға мүмкіндік береді және жаңа зерттеулерге негіз береді. Ұлы Жібек жолындағы керуендер сауда, мәдени және дипломатиялық байланыстарды дамыта отырып, қалалар мен халықтарды байланыстырды. Көпестер үнемдей тауарлар Қытай, Византия мен Иран. Бұл туралы Алтын Орда дәуіріндегі қаланы қазу кезінде табылған олжалар да айтады. Шыны және қола бұйымдар, кесенелерді безендіруге арналған Жарқын плиткалар саудагерлерден келді. Қалада Керуен-сарай болды, саяхатшылар да осында қалды, олардың жазбалары бүгінде тарих үшін баға жетпес. Қазба Жайық қазіргі уақытта "жабылған". Мұнда ашық аспан астындағы мұражай салу жоспарлануда, онда қалалық ғимараттар мен құрылымдар қалпына келтіріледі. Өңірдегі киелі картаның тағы бір ескерткіші-Тақсай қорған кешені, онда «Алтын Ханшайым» деп аталатын сармат абызының жерленген жері табылды. Мұнда көне мазардың үстіне кесененің іргетасы қаланды.

«Киелі Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі Берік Әбдіғалиұлы қатысқан БҚО Достық үйінде өткен "Рухани жаңғыру" бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі кеңесте жастар арасында патриотизмге тәрбиелеу үшін киелі орындардың маңызы туралы көп айтылды.

Кеңес облыс әкімі, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы Алтай Көлгіновтің төрағалығымен өтті. Берік Әбдіғалиұлы атап өткендей, Батыс Қазақстан облысы өзінің орналасқан жері мен тарихы бай және аты аңызға айналған киелі ескерткіштердің болуына байланысты үлкен қызығушылық тудырады.

Берік Әбдіғалиұлы атап өткендей, Батыс Қазақстан облысы өзінің орналасқан жері мен тарихы бай және аты аңызға айналған киелі ескерткіштердің болуына байланысты үлкен қызығушылық тудырады. Оның үстіне киелі Географияны ілгерілету өскелең ұрпақты қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу және руханилықты дамыту үшін маңызды.

«Экономикалық прогреске ұмтылу үшін біздің жастар батысқа көбірек қарайды, өз дәстүрлерін ұмытып кетеді. Көптеген білімді жастар шетелге кетуге тырысады. Сондықтан экономиканы дамытумен қатар руханият пен

патриотизмді жандандыру үшін жұмыс істеу керек,» – деді Б.Әбдіғалиұлы [4].

Берік Әбдіғалиұлы атап өткендей, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы өлкетануды егжей – тегжейлі зерделеу үшін және ол арқылы-Қазақстан тарихы мен географиясында жаңа фактілерді ашу үшін қуатты ынталандыру болып табылады. Елімізде республикалық өлкетанушылар ұйымы құрылды, осы жылдың соңында алғашқы өлкетану форумын өткізу жоспарлануда. Сонымен қатар, Қазақстанның тарихи орындары туризм үшін тартымды және бүкіл әлемге танымал болуы үшін брендтерді танымал ету қажет.

Біз Киелі нысандарымызды танымал етіп, оларды келушілер үшін тартымды етуіміз керек. Мұндай жұмыс жүргізілуде. Бізде адамдардың өз қаражаты есебінен мұражайлар ашатыны, өлкетану қызметін жүргізетіні, өлке жылнамасын жасаумен айналысатыны туралы фактілер бар. Мысалы, облыс орталығында «Туған жер» бағдарламасы аясында кәсіпкерлер қала орталығында «Рухани жаңғыру» мұражайын ашуға көмектесті. Бұл мұражайда тарихи экспонаттар, құндылықтар жинақталған, біздің облыстың киелі және мәдени нысандары көрсетілген. Алайда, мұражайды құру және жетілдіру жұмыстары жалғасып жатқанын атап өткен жөн.

Біздің жастар өз тарихын білуі керек. Бірақ сонымен бірге адамдар заманауи трендтерден хабардар болуы керек. Біз осы тармақтарды ескеруіміз керек. Бұл болашақ ұрпақ үшін қажет. Біздің міндетіміз-біртұтас елдің рухани мұрасы мен құндылықтарын сақтау. Алынған білімді насихаттау рухани құндылықтардың қайнар көзі болады.

«Аға буынның даңқты істерін жалғастыра отырып, біз болашақ ұрпақтың сеніммен қадам басуына жол саламыз. Бұл Тәуелсіз Қазақстанның даму, өсу және өркендеу жолы болады», - деп Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев қазақстандық қоғам алдында тұрған міндетті жан-жақты тұжырымдады.

Әдебиеттер тізімі.

1. Н. Ә. Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» (Болашаққа көзқарас: рухани жаңғыру) Ақ Орда.- 12 сәуір 2017.

2. Қоғамдық сананы жаңғырту: жағдайы және болашағы //http://24.kz/ru/news/culture/item/248167-v-proekt-sakralnaya-geografiya-kazakhstana-voshli-6-istoricheskikh-ob-ektov-priuralya Пайд. уақыты: 21.03.2021 ж.

3. Қазақстандық археологтар БҚО-дағы ежелгі Жайық қалашығының мәдени қабатын зерттеп, мыңжылдықтар тоғысында жатыр. //Uralsk.info. қаланың ақпараттық порталы. Пайд. уақыты: 20.03.2021 ж.

4. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі кеңес// Орал өңірі басылымы.- №123. 14.10.2017.

Түйін

Мақалада "киелі география" терминінің өзі түсіндіріліп, Батыс Қазақстан облысындағы киелі нысандар қысқаша сипатталған. Жаңғырту, атап айтқанда рухани жаңғыру ауқымы терең, жалпыұлттық сипатқа ие. Бұл процесс мемлекет пен қоғам тарапынан үлкен күш - жігерді талап етеді. Оның маңызды құрамдас бөлігі Қазақстанның киелі географиясын насихаттау және талқылау болып табылады, авторлар осы жұмыста жасауға тырысты.

Резюме

В статье дано пояснение самого термина «сакральная география» и кратко описаны сакральные объекты в Западно-казахстанской области. Масштаб модернизации, и в частности духовного возрождения носит глубинный, общенациональный характер. Этот процесс требует больших усилий со стороны государства и общества. Важной его составляющей является популяризация и обсуждение сакральной географии Казахстана, что авторы и попытались сделать в данной работе.

Summary

The article explains the term "sacred geography" and briefly describes the sacred objects in the West Kazakhstan region. The scale of modernization, and in particular the spiritual revival, is deep and nationwide. This process requires great efforts on the part of the state and society. An important part of it is the popularization and discussion of the sacred geography of Kazakhstan, which the authors have tried to do in this work.

АТЫРАУ ӨЛКЕСІНІҢ КИЕЛІ ОРЫНДАРЫ МЕН ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Г.Ш. Шугаева - Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті

А. Риздуанова - тарих мамандығының 2 курс студенті

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті

«Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де, бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы [1].

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында елдің киелі жерлеріне мән беріп, олардың картасын жасақтау көзделген болатын. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Қазақстанның киелі жерлері географиясы» арнайы жобасы аясында Атырау өңірінің 7 нысаны республикалық деңгейдегі киелі жерлер санатына кірді. Олар: Сарайшық қаласының орны, Махамбет Өтемісұлының кесенесі, Ақмешіт қорымы, Ұшқан ата қорымы, Иманқара кешені, Аралтөбе қорғаны, Құлшан ата жерасты мешіті.

Сарайшық қалашығы - қазіргі Атырау қаласынан солтүстік-батысқа қарай 50 шақырым жерде, Жайық өзенінің оң жағалауында орналасқан. Ортағасырлық Сарайшық қаласының ірге тасы қаланған кезі туралы, қаланы алғашқы болып кім салдырғандығы туралы нақты дерек жоқ. Сондықтан бұл мәселе туралы ғалымдардың арасында әртүрлі пікірлер бар. Әбілғазы Баһадүр ханның (XVII ғ.) пікірінше «қаланың негізін қалаған Бату хан»- дейді [2].

Алғашқы болып, яғни 1937 жылы археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген археолог-ғалым Н.Арзютов өз жазбаларында бұл орынды «Алтын орда хандарының жерленген жері» деп көрсеткен екен [3].

«Археологическая карта Казахстана» атты жинақта Қазақстан жеріндегі археологиялық ескерткіштердің жалпылама картасы жазылған болатын, осында Сарайшық қаласының өмір сүрген дәуірі туралы да жазылған екен [4].

Ал, көне қаланы 1950 жылы зерттеген археолог Г.И.Пацевич «Сарайшықта Жошы ұлысының астанасы және алғашқы Алтын Орда хандарының жерленген орны болған» деген жазба қалдырған [5]. Сол жылы академик Әлкей Марғұлан жетекшілік еткен Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы (БҚАЭ) да Сарайшықта жұмыс істеген. Белгілі ғалым сапарнамалық жазбасында: «1524 жылы Сарайшықта қазақ ханы Қасымның қаза тауып, жерленгені белгілі» деген тоқтамға келеді [6].

Атақты археолог-ғалым Зейнолла Самашовтың басшылығымен 1996-2009 жылдары ортағасырлық Сарайшық қаласында үздіксіз қазба жұмыстары жүргізіліп, көптеген құнды деректер жиналған еді.

Орта ғасыр тарихының талай оқиғаларының орталығы болған Сарайшықтың, егеменді ел болып, тәуелсіздіктің туын көтерген кезімізде өлкенің киелі орындарының бірі ретінде мемлекеттік тұрғыдан қорғалып, қолдау көруі үлкен жетістік.

Атырау өлкесіндегі киелі орындардың бірі деп танылған тарихи ескерткіш - Махамбет Өтемісұлының кесенесі. Қазақтың рухы биік, ұлы ақыны азаттық жолындағы күресте өзінің еркін ойлы өлеңдерімен халықты

бостандық үшін күреске шақырды. Қазақ елін азат және тәуелсіз көруді армандаған батырдың бейіті Атырау облысы Индер ауданы, Индер ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 40 шақырым жерде орналасқан [6].

1995 жылы Махамбет Өтемісұлы жерленген бейітінің үстіне мазар салынды. Мазар - шығыстық үлгідегі архитектуралық ескерткіш. Өлкенің киелі жеті орнының қатарында Махамбет Өтемісұлының кесенесінің болуы тәуелсіз, еркін елдегі ұрпағының батыр алдындағы міндетінің орындалғаны.

Өлкеміздің киелі орындарының қатарында - Ақмешіт қорымыда бар.

Ақмешіт қорымы - үлкен рухани маңызы бар ескерткіштердің бірі. Ақмешіт қорымы Атырау облысы Жылыой ауданында, Ақкиізтоғай ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 28 км жерде орналасқан. Ақмешіт қорымының негізгі нысаны – жерасты мешіті. Мешіт біраз уақыттар қараусыз қалып қирап-бұзылған болатын. 1998 жылы жерасты мешітін жергілікті азаматтардың көмегімен арнайы шеберлерді шақыртып қалпына келтірген еді. Бұл қорымда Бекет атаның атасы, әкесі, анасы мәңгілік тыныстаған [7].

Ақмешіт қорымы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасындағы Қазақстандағы киелі жерлер географиясының картасына енді. Бұл біздің еліміздегі осындай киелі жерлерімізді терең зерттеуге жол ашады. Енді Ақмешіттей киелі қауымдағы құлыптастар мен атаның асатаяғындағы жазуларды оқи алатын ескі арабшаны білетін ғалымдар қажет», дейді Бекет ата мұрасын жинақтаушы Ислам қажы Мырзабекұлы [8].

Қасиетті Жылой жерінің тағы бір киелі орны - Ұшқан ата қорымы.

Ұшқан ата қорымының орны Құлсары қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 50 км, бұрынғы Мұнайлы кентінің оңтүстігінен 20 шақырым жерде . «Ел аузында қорым атауының шығу тарихы жөнінде әртүрлі пікір бар. Олардың бірі өмірде болған әулие «Ұшқан ата» есімімен байланыстырса, енді бірін «ағып жатқан үш бұлақ», яғни «үш аққан» атауымен және осы маңайда XVIII ғасырдағы қазақ пен қалмақ-торғауыт арасында өткен қанды шайқасқа байланысты «үш қан» деген мағынаны білдіреді деген аңыз сақталған», - дейді Фархад Бәйдәулетов [9].

Халық осы мекеннің қасиетті орын болғандығы туралы осынау аңыздарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған. Ұшқан ата қорымы тұрған жердің табиғатының сұлулығы мен бұлақ суының қасиеті ерекше. Ортағасырда талай сауда керуендерінің дем алып, дамылдайтын мекен болған екен.

Атырау облысындағы Иманқара кешені өлкедегі маңызы зор тарихи және киелі ескерткіштердің бірі. Иманқара кешені - Құлсары қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 60 км жерде орналасқан. Таудың ұзындығы 2 км, ені 300 метр, биіктігі 200 метр. Жоғарғы үстіртте 18 қорған бар. Олардың биіктігі 0,5-1 км, диаметрі 3-15 метр. Негізі бұл кешендегі үңгірдің маңызы зор, кезінде үңгір табиғи болған сияқты. Адамдар бұл жерді сонау неолиттік кезден бастап мекен еткен екен. Одан басқа сақ- сармат кезінің

ескерткіштерінде бар. Сарматтар жерленген қорымдар белгілі болып отыр. Үңгірді адамдар бір кездері жер асты храмы ретінде де пайдаланған болуы да мүмкін [9].

«Иманқара» деген атау туралы да әртүрлі пікірлер бар. Ол адам аты болуыда мүмкін немесе «иман» сөзін арабша сөзбен де байланыстырады.

«Иманқарамен Қойқара таулары кезінде Адай көтерілісі бастау алған жер болды. Мүмкін, көтерілісті бастаған немесе ерлігімен көзге түскен батырлардың есімдерімен аталған болуы керек. Сондықтан, тарихты зерттегенде бір ғана нұсқаны алмай, жан-жақты дәлелдерді келтірген дұрыс», - дейді жергілікті өлкетанушы Өтепберген Әлімгереев.

Қалай десекте, талай тарих куәсі болған Иманқара кешені өлкедегі киелі орындардың бірі ретінде танылып, бағасының берілуі қасиетті жердің қадірін түсінгеніміз деп ойлаймын.

Аралтөбе қорғаны - Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласынан шығысқа қарай 70 км жерде орналасқан. 1999 жылдың қазан айында Зейнолла Самашев бастаған археологтар Атырау облысы, Жылой ауданы, Аралтөбе деген жерден сақ-сармат кезеңінен ескерткіштер тапқан болатын. Ол қорғаннан үш зират қазылды. Қазылған үш зиратта адам қаңқалары мен қару-жарақ, қыш ыдыстар, әшекей бұйымдар шықты. Соның ішінде үшінші зиратты қазғанда табылған «Алтын киімді адам» өлке тарихының, археологиясының үлкен олжасы болды. Моладан шыққан заттар сақ кезеңінің «аңдық стиль» үлгілерінде жасалынған екен. [10]

Аралтөбеден табылған «алтын адам» тек өлке тарихының олжасы емес еліміздің тарихының олжасы, жетістігі деп біліміз. Жеті киелі жердің қатарында Аралтөбе қорғанының болуыда тарихи заңдылық.

Құлшан ата жерасты мешіті - қасиетті Жылыойдың тағы бір ескерткіші. Ескерткіш Құлсары қаласынан шығысқа қарай 67 км жерде, аласа борлы таудың батыс жағында орналасқан. Ел ішінде атаның қасиеттілігі туралы әртүрлі аңыз-әңгімелер сақтаған. Құлшан ата Бекет ата Мырзағұлұлының жиені және оның шәкірті. Ақмешітке қажылыққа барғысы келген адам жол бойында орналасқан Құлшан ата мешітіне баруы керек. Аңыздар бойынша, Құлшан ата мұнда дұға еткен, зікір оқыған. Оның жанында шырақшыларға арналған үй және қажыларға арналған қонақ үй болған [11].

Қазақ халқы қашанда киелі орындарын және тарихи ескерткіштерін қастерлеп, олар туралы аңыз-әңгімелерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған.

Сонымен, сөзімізді қортындылайтын болсақ, өлке тарихының осынау белді ескерткіштерінің мемлекет көлемінде қабылданған «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Қазақстанның киелі жерлері географиясы» жобасының республикалық деңгейлі санатына кіруі үлкен жетістік. Әрине, өлкеміз киелі орындар мен тарихи ескерткіштерге бай өңір. Киелі орындар немесе рухани қасиетті орындар – халықтың рухани дәстүрінің тірегі. Рухани бастауларымызға ден қою болашақта әралуан мүмкіндіктерге жол ашады.

Халқымыздың әлемдік өркениеттегі, тарихтағы орнын тани білу ұлттық рухымызды биіктете түсері әбден хақ.

Әдебиеттер тізімі.

1. Нұрсұлтан Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру 12 сәуір, 2017 жыл
2. Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы, Ана тілі, 1991. – 115 б.
3. Археологическая карта Казахстана. Коллективная монография. - Алма-Ата: Издательство Академии наук Казахской ССР, 1960.
4. Сарайшық – бабалар мұрасы. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дереккөздер
5. Сарайшықта Жошы ұлысының астанасы //atr.kz. Пайд. уақыты: 16.03.2021. Сағ: 16:05
6. Бақытгүл Бабаш, «Егемен Қазақстан» 11 Тамыз, 2017жыл // egeмен.kz. Пайд. уақыты: 16.03.2021. Сағ: 16:05
7. Сакральный Казахстан.Энциклопедия.-Астана, 2018г. -С. 127-129.
8. Ақмешіт қорымы //www.inform.kz.Пайд. уақыты: 16.03.2021. Сағ: 16:05
9. Атырау облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жиынтығы: Жылой, Мақат аудандары. Т.ІІІ. - Атырау, 2013.- 180-190 б.
10. Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары. - Астана: Фолиант, 2017. 88-89 бб
11. Атырау облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жиынтығы: Жылыой Мақат аудандары.Т.ІІІ.-Атырау,2013.-219 б.

Түйін

Мақалада Атырау өңірінің киелі ескерткіштері жөнінде жазылған мәліметтерді нақтылай отырып, асыл мұрамыздай сақталған заттарын келешек ұрпаққа өнеге өсиет ретінде таныстыру.

Резюме

Уточнение информации о сакральных памятниках Атырауской области в статье, чтобы преподнести будущим поколениям то, что сохранилось как драгоценное наследие.

Summary

Clarification of information about the sacred monuments of the Atyrau region in the article in order to present to future generations what has been preserved as a precious heritage.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ

Мұқтар Ә.Қ.	3
------------------	---

ПЛЕНАРАЛЫҚ МӘЖІЛІС

Байбулсинова А.С.

Құғын-сүргінге ұшыраған Алаш қайраткерлері туралы деректер.....	4
---	---

Асан Ж.А.

Ақсақ Темір және түркі әлемі.....	19
-----------------------------------	----

Арынова Д.С., Уркинбаева А.Ж.

Алтын Орда дәуіріндегі қазақ жерінде дамыған жазба мәдениеті.....	26
---	----

Касенов Д.Э.

Ұлы Жібек жолы бойындағы Жетісудің ортағасырлық Қойлық қаласы (VIII-XIV ғғ.).....	31
---	----

Қойшекен С.Ж.

Туған өлке тарихы бойынша оқушыларды ғылыми жоба жұмысына баулу..	38
---	----

Тулесов Н.Ж.

Осы «Үш Қиян» нұсқасының авторы Махамбет Өтемісұлы (Ақбұлақ шайқасы мысалында).....	43
---	----

Тұрарұлы А.

Сарайшықтағы 2020 жылғы «Хан моласы» қазбасы.....	53
---	----

СЕКЦИЯЛАР БОЙЫНША БАЯНДАМАЛАР

Абатова Н.Ж.

Батыс Қазақстан өңіріндегі Исатай-Махамбет ескерткішінің маңызы.....	59
--	----

Абдрасилов Б.

Ұлт зиялыларының отаршылдыққа қарсы күресінің тарихи астарлары және ұлтшылдық идеясы.....	61
---	----

Амангалиева А.Х.

Бөкей ордасындағы - Жәңгір хан тарихи кешені.....	70
---	----

Ахметова У.Т., Байғалиев Ж.Р.

Ортағасырлық Сарайшықтың сүйек бұйымдары.....	76
---	----

Ахмет А.Қ.

Халық емшілері.....	84
---------------------	----

Әбдіғалиев М.Қ.

2019 жылғы Сарайшық қаласындағы III-A қазба орнының жұмысы.....	90
Байбулсинова А.С., Жүніс Т.О.	
Қазақстандағы жаңартылған білім беру мазмұнына көшудегі келелі мәселелері.....	93
Байбулсинова А.С., Хожамуратова К.А.	
Ақтөбе облысындағы ашаршылық.....	99
Баймулдина И.	
Ұлы Дала өркениетінің бірі - Теректінің «Алтын ханшайымы»	110
Бейсенбеков М.Б.	
1929-1933 жылдардағы Қуғын-сүргін саясаты салдарынан шетелге (Түркия) шыққан Жетісу қазақтарының тағдыры.....	115
Бердыгужин Л.Б., Закиева А.Р., Ислямғалиева Г.А.	
Роль видных деятелей России в развитии тяжелой промышленности Казахстана.....	120
Бердыгужин Л.Б., Сакенов Ж.Ж., Мирболатов С.М.	
Роль института нефти им. Губкина в подготовке национальных кадров промышленности Казахстана.....	124
Бралина Ф.И.	
6 сыныптарға арналған Қазақстан тарихы пәнінен факультатив бағдарламасы. «Бабалар тарихы-асыл қазына».....	128
Брімтай Л.Р.	
Алматы қаласы оның тарихи-мәдени ескерткіштері	130
Дәрмен Қ.	
Сыр бойындағы тарихи-мәдени ескерткіштер.....	134
Джугунысова А.Д.	
Алтын Орданың 750 жылдығы.....	138
Диярова Ж.К.	
Әулиелі жер - Сарайшық.....	148
Дюсенбаева М.Н.	
«Батырлар жыры» - шынайы дерек көзі.....	155
Есенов Д.Б.	
Арал табанындағы сыры ашылмаған қала мен кесене.....	160
Жексенов А.	
Қарашығанақ кен орнының қалыптасуы мен дамуы.....	165
Жүзбаева Г.Н.	
Түркістан өңірінің киелі нысандарын дәріптеу.....	171
Жумабаев А.Ж.	
Сарайшық қыш өнерінің алғашқы зерттеушісі - Евгения Агеева.....	177
Жумабаев А.Ж.	
Прорва-Астрахань лагерлері: балық шаруашылығы кәсібі.....	184
Жұмағұлова А.О.	

Сарайшық ауылының шежіресі: өткені мен бүгіні.....	189
Ибадильдаева М.М.	
Ұлы Жібек жолы бойындағы Тараз қаласы.....	194
Кайыржанова Г.Р., Сариева А.М.	
Тарихқа толы - Тақсай ханшайымы.....	198
Касенов М.С.	
Ядро керамическое.....	202
Куанышева М.М.	
Қазақстанда Кеңестер билігінің орнауы және Ә. Әйтиевтің рөлі.....	208
Купашев С.	
Дәулескер күйші Қаршыға Ахмедияров: өмірі мен шығармашылығы.....	212
Қайырғалиева Г., Қамалова П.	
«Гурьев-Астрахань» теміржолын салудағы тыл еңбеккерлерінің тағылымды еңбегін насихаттау.....	217
Қатарова Р.А.	
Сұлтанәлі қорымының тарихы және эпиграфиялық ескерткіштері.....	221
Құлбалиева С.Ж.	
Мұражай - тарих айнасы.....	224
Мираш С.А.	
Ставка ескерткіштерінің тарихы: Халел Досмұхамедов.....	228
Морозова Д.	
Название Теректинского района ЗКО с позиции топонимики.....	237
Мұғиев Т.А.	
Сарайшық музей қорындағы қазақтың дәстүрлі қарулары.....	244
Оразаева Ж.Ж.	
Қазақстан Республикасында халықты әлеуметтік қорғаудың алғышарттары.....	254
Оразов Т., Сұлтан Б.	
Алтын Орда мен Темір империясы түріктік жаһан билігі үшін күрес жүргізуі.....	263
Пигарев Е.М.	
Ханский домен Джучидов: Территория Южной части междуречья Волги и Урала.....	268
Рысбеков Т.З., Ашимова Д.Т.	
Кеңестік қоғамдағы әйелдер қызметінің маңызы.....	281
Рысбеков Т.З., Әділгереева Н.А.	
Батыс Қазақстандағы шешен диаспорасының қалыптасуы.....	289
Сабыр Н.А.	
Ақжайық ауданының тарихи мен мәдени ескерткіштері.....	295
Сағынбаева О.Қ.	
Адалдық пен еңбексүйгіштіктің үлгісі болған.....	298
Сакенов Ж.Ж., Мирболатов С.М., Закиева А.Р., Ислямғалиева Г.М.	

Роль иностранных специалистов в становлении промышленности Казахстана.....	301
Сарбаев Д.Д., Ешмуратова Б.Ж., Даулетьярова Т.Ш.	
Первые очаги образования в Актобе.....	305
Сарсенов А.С., Сагдиева К.Қ.	
Атырау облысындағы совхоз құрылысының дамуы (XX ғ. 50-90 жж.).	
Колхоздарды совхоздарға айналдыру процесі.....	311
Сдыков М.Н., Хайруллина Г.С.	
Орал қаласының пайда болуы мен дамуы.....	316
Сулейменова Э.А.	
Батыс өңірдегі мұсылмандық білім беру мекемелері.....	321
Таласпаева Ж.А.	
Забытое село Кордуан. Кордуановская церковь.....	325
Тасмағамбетов А.С., Жиналиев Ғ.Т.	
Қазақ дәстүріндегі ислам дінінің рөлі.....	329
Тасмағамбетов А.С., Шамурадова Г.Ж.	
Маңғыстаудың киелі жерлері: мешіттер мен медреселер.....	333
Тастаева Ж.К.	
Формы и методы краеведческой работы с учащимися в школе.....	341
Тауасарова Д.Т.	
Музей қорындағы Жошы ұлысының мұралары.....	345
Тулгабаева А.К.	
Иновационные методы преподавания краеведения в школе	355
Фотинцева К.М.	
Вековое наследие Уральского бытописца - Н.Ф. Сафичева.....	358
Шаукенов Ж.А.	
Қостанай өңірінің кейбір киелі жерлері мен нысандарының тарихынан.....	361
Шерғалиева М.Т., Ибатова А.А.	
Батыс Қазақстан облысындағы Киелі жерлер географиясы.....	365
Шугаева Г.Ш., Риздуанова А.	
Атырау өлкесінің Киелі орындары мен тарихи ескерткіштері.....	370